

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ**

***ӨЗГЕДЕН – ӨЗІМІЗГЕ***

*Аудармалар, хаттар*

**ҮШБУ СӘЛЕМ!**



«Тоғанай Т»

Алматы

2017

**ӘОЖ**  
**Қ**

**Қабышұлы Ғ.**  
**Қ** **Өзгеден – өзімізге. Үшбу сәлем!** Аудармалар, хаттар / Ғаббас  
Қабышұлы. – Алматы: «Тоғанай Т», 2017. 352 бет.

**ISBN**

Бұл жинаққа жазушының әр жылдардағы аудармалары мен хаттары таңдап енгізілді.

**ӘОЖ**

**ISBN**

© Қабышұлы Ғ., 2017  
© «Тоғанай Т», 2017

Бірінші бөлік.  
**АУДАРМАЛАР**



**Жюль ВЕРН,**  
француз жазушысы

**ПАТША ШАБАРМАНЫ**

*Роман*

**Аудармашыдан:**

*Атлант мұхитын бетке ала жүзіп келе жатқан кемеге ұқсас Иль-Фейда атты арал бар. Сол кемеде «туғандар» бұл өмірге симастай тынымсыз, алыс сапарға құмар, сұрапыл оқиғалар мен құбылыстарға араласып кетуге ынтығып жүретін ерекше*

*қызуқанды жандар болатын көрінеді. Арал тұрғындары сол жайында аңыздың сан түрін айызыңды қандыра айтады. Бір қызығы: олардың көбінесе атайтындары – Жюль Габриэль Верн. Әлемге әйгілі Жюль Верн! Оның кім болғанын білетіндер Иль-Фейда аралы туралы аңыздарға шәксіз сенеді деуге болар.*

*Адвокат Пьер Верннің тұңғышы Жюль 1828-жылғы ақпанның 8-і күні жарық дүниеге келіп, 11 жасында-ақ үйіне «симай», төңіректегі орманды, тау-тасты кезіп, әлдебір жайттарды іздеп, кәдімгі жанталасқа түскен. Олардан таппағандары мұхитта жатқандай-ақ, бірде бейтаныс саудагердің желкенді кемесіне жұмысқа жалданып, мұхитқа жол тартып жөнеліпті. Онысын естіген әкесі бұмен жүретін жүйрік катерге міне қуып жетіп, кемеден түсіріп алып, далабездер немеге «сыбағасын беріпті». Жюль желкенді кемеңің заманы өтіп бара жатқанын түсініпті.*

*Аласұрған ұлын ауыздықтауды ойлаған Пьер Верн оны Париж университетінің заң факультетіне оқуа беріпті. Әке әміріне құлдық етуге тиіс Жюль... заңды қоя тұрып, әдебиетке бет бұрып, Дюма шалдың шығармаларын шағып оқып, оған еліктеп жазуға кірісіпті. Сөйтіп, шалдың ұлы Дюмамен және Виктор Гюгомен достасыпты. Содан кейін үйіне: – Менен мықты адвокат шығатын емес, ал нашар адвокат болғаным сендерге ұят келтіру ғой, – деп хат жолдапты.*

Жюль екі баласы бар әйелге үйленіп, «сау басқа – сақина» дегендей, тұрмыс тауқыметін тарта бастаған. Ақжарқын мінезімен, жаңалыққа құмар әдетімен дос-жолдасты көбейтсе де, ақшаны көбейте алмаған. Пьесаны өндіртіп-ақ жазады, театрлар қуаныса қабылдап, сахнаға тез-ақ шығарады, бірақ тапқан қаламақысы тамағына бірде жетсе, бірде жетпейді. Солайша сарсылып жүргенінде Эдгар Поның әңгімелер жинағы қолына түсіп, жастана жатып оқып, енді соған еліктеп, өзінің басынан кешпеген ғажайып саяхаттар туралы роман жазуға кіріседі. Онысы жұртшылықты желіктіріп ала жөнелгенін көріп, сол кәсіпке біржола бой ұрады да, жыл сайын арман-қиял арқаулы екі роман жазады. Қалтасын қаққан қарыздарынан құтылып, байып, үй сатып алып, мәз-мәйрәм болады. Тіпті яхта сатып алып, дос-жолдастарымен мұхит кезіп, саяхаттарын құлшына, әдейі әсерлендіре сипаттап жазып, оқырмандарын тамсантады. Кейін соның бәрін есіне алғанында дүние жүзін түгел аралап шыға алмағанына және өйтуге мұршасы болмағанына өкініпті. «Мұршасы болмағаны» – 58 жастағы Жюльді бір әулекі жиені аяққа атып, омалтып тастапты. Жара жазылмай, жүруден қалған жазушы көп ұзамай екі көзінен айрылыпты. Оның өмірге құштарлығы, қиялшы-жазғыштығы сондай халде де бәсеңдемеген. Романдарын немерелеріне айтып отырып жаздырған, немесе арнаулы жазу жабдығын (трафаретті) пайдалана өзі жазған. Сондай күндерінің бірінде жаңа романының шығуымен үйіне құттықтай келген дос-жолдастарына Жюль Верн: «Үйден шықпасам да, капитан Немоны қайда апарғанымды, не істеткенімді білдіңдер ғой?!» деп әзілдепті.

Әдеби мұрасында күнделік іспетті 180 том шығармасы қалған Жюль Верн 77 жасында көз жұмды. Өзі оқып-тоқыған ғалым болмаса да, оның шығармалары талай ғалымдарға азыққа жарады. Өйткені қиял-арманшы жігіт басынан өтпеген ғаламат құбылыстарды ойдан шығарып жаза салмаған, сондай құбылыстардың болуы мүмкін деген ғылыми ой-жобалы еңбектерді тәптіштеп оқыған. Сондай ізденістің нәтижесінде, мысалы, капитан Немоны электр двигательді сұңғуір қайыққа мінгізіп, оған электр қару-жарақты пайдаландырған жылы әлемде «электр лампа» деген сөз де жоқ екен!

*Дүние жүзін аралап шығу Жюль Верннің маңдайына жазылмаса да, оның тамаша туындылары барша құрлықтарды аралап, толқын-толқын оқырмандарын әлі де тұщындыруда.*

*Жюль Верннің мына романы біздің Қасымұлы Кенесары хан хақында, оның Ресей отаршылдығына қарсы көтерілісі туралы. Орыс әдебиетінің классигі И.С.Тургеневтің ықпалымен 1900-жылы орыс тілінде «Михаил Строгов» деген атпен шыққан романды патша тараттырмай, мүлде жаптырып тастаған. Онысы көп жәйтті аңғартса керек.*

*Романда Кенесары өз аты-жөнімен аталмай, Феофар-Хан деп алынған, сірә, фантастикалық шығармалар жазумен белгілі болған автор қолында тасқа басылған жазба дерек жоқтықтан, оқиганы естіген қалпында еркін баяндауды, бас кейіпкеріне бүркеншік ат беруді жөн көрген тәрізді. Оның мән-жайын «Сөз соңы орнына» деп берілген ғылыми мақаладан оқып білесіздер.*

*«Феофар» деген сөздің нендей мағына беретіні беймәлім, ешбір сөздіктен таба алмадым, тек көне түрік тілінде оған ұқсас «фефан, фофан» деген сөздер бар, олар «жылпос», «айлакер» дегенді ұқтырады. Жюль Вернге ақпар берген орыс шенеуніктері Кенесарыны солайша сипаттаған да, ол жазбақ шығармасының түрік нәсілді бас кейіпкеріне түрікше ат қоюды ұтымды деп білген болар. Мен осы ойға жүгініп, аудармамда «Фофан (айлакер) хан» деп атадым. «Сөз соңы орнына» авторының «Бейапар» («бүлікшіл, мазасыз,, ұнамсыз, бетпақ, опасыз») дегенге тоқталғанын құп көрмедім.*

*Қазақстан Жазушылар одағының Көркем аударма және әдеби байланыс Бас редакциясында алқа төрағасы кезімде романды «Орыс тілінде алғаш рет» деген айдарымызбен жарыққа шығарғанмын (1992 ж.). Одан кейін «Жалын» журналы оқырмандарына қазақ тілінде ұсындым (1996 ж.).*

*Орыс тіліне телінген байырғы түркілік: қала, село, жер-су аттарын білгенімше қазақыландырдым.*

*«Великий князь» деген атақ тура мағынасында емес, қоғам-биліктегі орнына қарай айтылған ғой, сондықтан «ұлы кнәз» дегеннен гөрі «үлкен кнәз» деу дұрыс деп білдім.*

## **I-БӨЛІМ**

### **МӘСКЕУДЕН ИРКУТКЕ\***

*Бірінші тарау*

**Кремльдің Үлкен сарайындағы сауықкеш**

- Ұлы мәртебелі император, жаңа ғана жеделхат алдық.
- Қайдан?
- Томнан.
- Томнан арыда телеграф байланысы бар ма?
- Жоқ, кеше үзіп тастаған.
- Жаңадан тағыда ақпар келсе, маған дереу хабарландар!
- Құп, ұлы мәртебелі император, – деді генерал Кисов.

Бұл жәйт түнгі сағат екіде, Кремльдің Үлкен сарайындағы сауықкеш қызған тұста болды. Әлем-жәлем залдар бишілерге толып, әскери екі оркестр қыздырмамай сүйемелдеген вальс, мазурка, полька әуендері араласа шалқып-қалқып, өмірінде қайғы-қасіретті де көп көрген қарт Кремльдің қабырғаларына жарыса жетіп жатқан. Императордың етжақындары биге құлшына шығып, бұл кешке шақырылғандарға үлгі-өнеге көрсетісіп жүрген. Ілкіде полонез әуені құйқылжыды да, бишілер жұптаса дөңгеленіп жөнелді. Самсаған айнаға шағыла жарқырап тұрған жүздеген аспалы шамдардың сәулесі көз қарықтыра көркем киінген әйелдердің, омыраулары орденге толы мундир киіп келген әскерилер мен жоғары дәреже-шенді қызметкерлердің сәнін еселеп арттырып жібергендей. Биік шаңырағында апталған алтыны сәл-пәл көмескіленген айшықты суреттері, есік-терезелерінде бүрмелі жібек шымылдықты бар ерекше еңселі де кең зал бүгінгі осынау көріністің жарасымдылығына лайық дерсің. Қараңғы түн құшағындағы қаланың кескініне кереғар болып оттан шашақ тағынған бұл орда шығып келе жатқан күннің шапағына оранғандай. Ал қараңғылық қойнауынан шіркеу қоңырауларының әлсіз үні әлсін-әлсін естіледі де, Мәскеу өзенін бойлай зәкірде тұрған кемелерден қолшамдардың жарығы анда-санда жылт-жылт етіп көрінеді.

Сауықкештің даңқты иесі атқыштар полкы әскерінің қарапайым киімін киіп алған. Өзін қоршалаған нөкерлері мен қызметшілерінің

---

*\*/ «Ир қут» (түрік сөзі) - «Жер қут», яғни «құтты жер».*

-кавказдық ерекше әсем киімді қырағы күзет қауымының ортасында тым жұпыны болып көрінеді. Ол топтарды жағалай аралағанымен ешқайсысына көп аялдамады, билеп жүргендердің лепірме сөздеріне де, өз шенеуніктері мен шетелдік дипломаттардың саликалы әңгімелеріне де мән бермеді. Қас-қабағын баққыш жұрт оның бүгін қалайда алаңдаулы екенін аңғарған, бірақ себебін білуге дәттері бармаған. Ал ел иесі болса, көңілді сауықкешке өзінің ой көлеңкесін түсірмеуге тырысып баққан. Генерал Кисов әжелген жеделхатқа көз тастаған кезінде ғана өңі өзгеріп кетті.

– Менің бауырым үлкен князден кешеден бері ешқандай хабар болмады ма? – деді ол.

– Ұлы мәртебелі император, ешбір хабар болмады. Біз жіберген жедел-хаттар азиялық шекарадан арыға енді жетпей қалады-ау деген қауіп бар.

– Иркут, Якут, Байкал өңірі округтарындағы әскерлерге Иркут қаласына бет алу жөніндегі нұсқауым жеткізілді ме?

– Байкал арқылы өткізіп үлгірген жеделхатымызбен жеткізілген.

– Енесай, Омбы, Тобыл губернияларынан, Семей облысынан хабар бар ма?

– Бар, ұлы мәртебелі император. Бұхарлықтардың Ертіс пен Обьтан әлі өтпегендері мәлім болды.

– Опасыз Огарев қайда екен?

-Ол туралы ешқандай хабар-ошар жоқ. Оның шекарадан өткен-өтпегені әзірше белгісіз, – деді генерал Кисов.

– Пермь, Екатеринбург, Қасим, Төмен, Есіл, Ом, Колыван мен Томға, байланыс әлі үзіле қоймаған телеграф пункттеріне оны іздеуге құпия бұйрық дереу жіберілісін!

– Ұлы мәртебелі императордың бұйрығы орындалады! – деп лып етті Кисов. Ол тақсырына бас ие шегініп, көпшілікке қосылып кетті де, сәлден соң сарайдан мүлде ғайып болды. Онымен сөйлескен тақсыры біраз уақыт ойланып тұрды-тұрды да, меймандарына барып қосылды. Өңіндегі алаңдау-шылық табы өшкен-ді.

Сөз болған оқиға мұндағылардың ешқайсысына құпия емес те еді.

Жоғарғы әкімшілік қызметіндегілердің көбі оны тұспалдап білетін, тек ой-пікірлері іштерінде. Жиналғандардың екеуі ғана ол жәйтті күбірлесіп қана сөз етісті. Ол екеуінде жарқыраған мундир

де, басқа ерекшелік те жоқ-ты, бірақ екеуінің тандаулылар тобында болулары да, екеуінің анау жәйттен мол хабардар екендері де ғажап-ты. Олардың мықты құпиядан хабардар болулары көріпкелдік қасиеттері, өзге де айрықша бір түйсіктері барлықтан деуге болғандай-ды. Екеудің бірі– ағылшын, бірі– француз. Екеуінің сырттай ұқсастықтары – екеуі де бойшаң және сида. Алайда ішкі жаратылыстары бір-біріне кереғар. Біріншісі өз отандастарының көпшілігі тақілеттес сабырлы, салқынқанды, сөзге сараң, сөйлегенде бет-пішінімен, көзімен ымдауы, қолын сермелеуі жоқ, ал екіншісі керісінше: шиыршық атып тұрады, бет-ауызы ғана емес, бүкіл денесі сөйлей жөнеледі дерсің, көзі өңменіңе қадалып, сені құдды сүзгіден өткізгендей көріп тұратын тәрізденеді. Біріншісінің құймақұлақтығында мін жоқ: бүгін бір сәт сөйлескен кісінің дауысын қырық жылдан кейінде де тани қоятын шығар-ау! Әлбетте, өткір көз бен сақ құлақ екеуіне де аса қымбат еді, себебі: ағылшын «Күнделікті Телеграфта» тілші болса, француз да– тілші, бірақ ол қай гәзетке, немесе қай гәзеттерге жазып тұратынын тірі жанға айтқан емес те, қашанда бөлесімен ғана хат жазысатынын мәлімдеп жүретін. Оның аты-жөні – Альсид Жоливе, ал ағылшынның аты-жөні – Гарри Блэнт. Баспасөз өкілдері болғандықтан сарайға кіруге рұхсат алған екеуі алғаш рет осында танысты. Бірі мен бірі етене емес бұл екі кісіге ортақ кәсіп бар-ды, ол– екеуінің де өз мақсаттарын көздегіштігі. Сондықтан өзара әңгіме сәтінде бір-бірінің ішек қырындысына дейін біліп алуға тырысып бақты.

– Сауықкеш салтанатты-ақ емес пе?! Ғажап! – деді Жоливе.

– Бұл туралы хабарымды телеграфпен жібердім, – деді Гарри Блэнт, салмақтана сөйлеп:

– Ал мен... бөлеме айтып бердім, – деді серігі.

– Ол қайдағы бөлен?– деді ағылшын таңданып.

– Ә, мен бөлем Мадленамен хат жазысып жүретінімді сізге айтпаған екенмін ғой. Ол нені болсын дер кезінде және анық білгенді жақсы көреді, сондықтан императордың әлденеге алаңдаулы екенін оған тез хабарлауды жөн көрдім.

– Соншама елеулі ештеңе жоқ қой, – дей салған болды ағылшын.

– Блэнт мырза, 1812 жылы дәл осындай сауықкеште император 1-Александрға Наполеон әскерлерінің алғы шебі Неманнан өтіп



шыққаны хабарланғанда оның немқұрайды тыңдап, сауықкешін жалғай бергені есіңізде болса...

– Бүгін де сол сияқты болды, – деп ағылшын серігінің сөзін бөліп жіберді, – бағана генерал Кисов опасыздардың азиялықтар мен Иркут шекарасындағы телеграф сымдарын үзіп тастағанын мәртебелі тақсырға хабарлады.

– Естіп-білген екенсіз ғой?

– Әлбетте.

– Менің ол жақтан алған хабарым мейлінше анық, соңғы жеделхат төменгі Удинскіден келген, – деді Альсид Жоливе марқая сөйлеп.

– Маған Қызылжардан\* келді, – деді Блэнт, одан кем маңызданбай.

– Ал Николаевтағы әскерге нендей бұйрық жіберілгенін білесіз бе?

– Оны да, тобылдық казактардың қалаға еруге бұйрық алғанын да білемін.

– Бәрекелді, Блэнт мырза, дұрыс болды, мен бұл жаңалықты ертең бөлеме жеткіземін.

– Ал мен, Жоливе мырза, «Күнделікті Телеграфтың» оқырмандарына жеткіземін.

– Яғни біз әлі талай кездесеміз, небір қызық жәйттерді бірге бақылайтын боламыз, – деді француз.

Екі тілші іштей тоғайып айырылысты. Ерегесте ешқашан ешкімге есе жібермейтін, терезесі тең әріптестер екенін екеуі де сезісті. Сол минөтте көрші залдың есігі айқара ашылып, түрлі тамақ толы үстелдер көрінді. Әрқайсысы гүлмен көмкерілгендей. Жалтылдаған қымбат күміс, севр боршынысы мен нұршыныдан жасалған ыдыстар аспалы шамдардың сәулесіне бөленіп, меймандардың көзін суырып алардай қызықтырды. Шақырылғандар орын-орындарына жайғасқан тұста генерал Кисов келіп кірді.

– Не хабар бар? – деді император оны оңашалай бере жылы сөйлеп.

– Ұлы мәртебелі император, жағдай сол қалпынша, жеделхат әзірше Томға ғана жетеді.

– Маған шабарманды дереу шақырып келіңіз!

Тақсыр осылайша бұйрық берді де, көрші бөлмеге беттеді. Қарапайым емен жиһаз қойылған, бағалы бірнеше сурет ілінген ол бөлме жұмыс кабинеті еді. Ол балконға шығып, мәрмәрлі жақтауына

---

\* *Красноярск.*

сүйенді де, таза ауаны кеудесін кере жұтты. Көз алдында көсіліп Мәскеу жатыр, әнеки оның: Қытайқала, Аққала және Дөңесқала бөліктері. Айдың жарығы Кремль қабырғаларын, мұнараларды, жыпырлаған шіркеулердің күмбездері мен крестерін аймалап тұрғандай; Мәскеу-өзеннің кара суына жарық түсіргендей; балконға да қаптал жетіп, оның жақтауына сүйене ой кешіп тұрған императордың зөр денесін де зерлегендей.

### *Екінші тарау*

#### **Орыстар мен бұхарлықтар**

Ресейдің азиялық бөлігінде болып жатқан оқиғалар кімді болсын қатты алаңдатарлық еді. Мейрамының мәні артқан сәтте патшаның меймандардан бөлініп шығып кетуі тегін емес-ті. Соңғы хабарлар оның күдігін растай түскен. Ресей құзырындағы Түркістан көшпенділерінде көтеріліс бұрқ етті. Ол бесжүз алпыс мың шаршы метр жері, екі миллион халқы бар аса ірі өңірді – Сібірді жайпап кетерлік қауіп төндіре бастады. Біз әңгімелеуге кіріскен жәйт кезінде Сібір өңірін басқару ісі екі генерал-губернаторға жүктелген-ді. Олар Сібірдің шығысы мен батысындағы негізгі пункттерде: Иркут пен Тобыл қалаларында орналасқан болатын.

Темір жол жоқ кез. Жаздағы қарым-қатынас көлігі – ат-арба да, қыстағы көлік – ат-шана. Өркенділіктің қиыр өңірдегі бір ғана нышаны – телеграф. Шығыс Сібір мен еуропалық Ресей арасындағы сегіз мың шақырым бойында өзара байланыстың жалғыз құралы сол. Оның қызметі өте қымбат та тым шабан. Көтеріліс бастағандар әп дегенде Том төңірегіндегі сымдарды қиып тастады да, бірнеше сағаттан кейін Колыванның да үнін өшірді. Сөйтіп, патшада Сібірдің Шығыс жағына нұсқауларын жеткізу үшін шабарман аттандырудан өзге амал қалмаған. Генерал Кисовқа бұйрық беріп, қаумалаған күнгірт жәйтгердің құшағында оңаша тұрған оның ойын бүгінгі кезекшісінің келгені бөліп жіберді. Ол мәскеулік полицияның бастығы келгенін мәлімдеді.

– Иван Огарев туралы не білесіз, маған соны айтыңызшы,  
– деді патша келген полиция бастығына. Полиция бастығы бағыныштылықпен бас иіді де, айтуға кірісті:

– Ұлы мәртебелі император, ол – өте қауіпті кісі. Басқа

офицерлерден әлдеқайда ақылды, ерекше тікмінезді және шенқұмар. Ол полковник шенін алған болатын. Бірақ бұдан екі жыл бұрын әлгі саяси қоғамға мүше екені әшкереленіп, ұлы мәртебелі императордың, үлкен кнәздің әмірімен сотталған, әскери дәрежесі жойылып, Сібірге жераударылған. Аса мейірімділік манифесі бойынша жарты жылдан соң кешірімге ілініп, еуропалық Ресейге қайта оралуына рұхсат берілді. Кейініректе Сібірге өз еркімен қайтадан кетті. Одан тағы оралып, Пермьде біраз уақыт тұрды. Ештеңемен шұғылданған жоқ. Онда әуелде полицияның бақылауында болды да, жүріс-тұрысында күдікті ештеңе байқалмаған соң, бақылау тоқтатылды. Ал биылғы наурыз айы туа ұшты-күйді көрінбей кетті, қайда екені белгісіз.

– Онысын білемін, – деді император оның бандамасын үзіп. – Мен бірнеше домалақ хат алдым, соларда айтылғанға орай Сібірдегі оқиғаларға илана бастадым.

– Сіздің ұлы мәртебеніз ол оқиғаларға Огаревтің қатысы бар деп біле ме?

– Иә. Оған қоса білетінім: Огарев Пермьнен кетіп, Сібірге, Қырғыз даласына барып, көшпенділерді көтеріліс жасауға иландырған. Сонсоң онтүстікке, Түркістанға аттанған. Бұхара мен Қоқанда оны қолдаушылар табылып, ол жабайылар тобырын солтүстік Сібірге бағыттау, орыс ырқынан күшпен шығу мақсаттарын насихаттаған. Ол қырсық келісімдері әуелде құпия жүргізілген еді, бірақ көтеріліс бұрқ етті де, батыс және шығыс Сібір жақтағы байланыс бөгелді. Төменгі Удинге берген соңғы жеделхатында Енесайдағы, Иркуттегі, Якуттегі, Әму бойымен Байкал сыртындағы әскерлерді шоғырландыруға, Пермь мен төменгі Жаңақаладағы полктармен қосып шығысқа бет алуға бұйрық бердім. Олар бұхарлықтармен бірнеше аптадан кейін қақтығысады. Ал менің бауырым Мәскеумен байланыс жасай алмай қалып қойды сонда. Ол Иркут маңындағы қалалардан көмек болатынына сенімді, бірақ өзіне беймәлім Огаревтің оның өмірін қиюға үкім шығарып қойғанынан бейхабар. Ал сатқын неме болса, өзіне жаза қолданғаны үшін үлкен кнәзді жеккөріп жүр. Ол Иркутке бүркеншік атпен барып, қайткенде менің бауырымның қолтығына кіріп алып, қаланы бұхарлықтарға беруді көксеуде. Оның арам ойын үлкен кнәзге дереу жеткізу үшін шабарман жіберу керек деп біліп, бұйрық бердім.

– Шабарман бір минөтті де текке жібермеуі керек, – деп полиция бастығы нықтап қойды. – Сіздің ұлы мәртебеңізге мәлім етерім: Сібір көтеріліс жасауға қолайлы жер болып тұр. Саяси жераударылғандар мен толып жатқан бұзақылар көтерісшілер жағына оп-оңай қосыла салады.

Полиция бастығы шындықты айтты. Көшпенді қырғыздардың көпшілігі көтеріліске қосылды. Қырғыздардың саны екі миллионға жуық, олар: ұлы, орта және кіші делініп үш ордаға бөлінген. Кейбір тайпалары тәуелсіз, кейбірі Ресей билігіне мойын ұсынған. Бұхар мен Хиуа хандығына қарайтындары да бар. Ең көп те ең бай ордасы – Ертіс пен Ақшылкөл аралығында көшіп жүретіндері. Үлкен ордасы Омбы мен Тобыл губернияларына дейін қатынайды. Яғни, қырғыздар түгел көтеріле қалса, онда Енесайдың батысындағы алқапты тұтас иемденіп алады. Рас, қырғыз құзғындар әскери сап тәртібінен мақрұм, оларды саны аз болса да үйретіліп шыныққан, зеңбіректері бар әскеріміз тез-ақ жеңіп кетер еді, бірақ әскер мен қару-жарақты жеткізер жолды бүлікшілдер басып алды, басқа жолдар тартпа батпақты жерлерде, олармен жүру тым қиын. Әскери министрлікке келіп түскен ақпараттарға қарағанда, Омбы мен Семей аралығындағы казак бекініс шептері бірнеше жерінен бұзылған, ол Омбыға қауіпті болып тұр. Түркістан болса, әлденеше иелікке немесе хандықтарға бөленіп, ең әлдісі бұхарлықтар болды. Оның жер көлемі он мың шаршы метрге жуық, халқының саны екі жарым миллион, ал әскер саны жайшылықта алпыс мың да, соғыс кезінде үш есе көбейеді. Табиғат байлығы орасан, ірі қаласы көп қуатты мемлекет. Бұхар қаласы биік қабырғалы бекіністің ортасында. Темірланның табыты сол қалада. Шарджоу, тағы басқа қалаларының бәрінің де мықты қорғанысы бар, оның үстіне өздеріне қолайлы таулы жерлерде. Қырғыздарды өзіне қаратып алмақ ниеттегі Бұхар хандығы сол үшін Ресеймен бірнеше мәрте шекісті де. Біз үнілген кезеңде билік құрған әмір Фофан хан да сондай саясат жүргізді. Ол Огарев көтерген бүлікшілерді бастап шықты. Сібірдің күре жолын жауып тастаған әмір әскері Семей облысын өзіне қаратып, орыс әскерлерін ол жақтан ығысып кетуге мәжбүр етті. Әмір жолайғы қырғыздарды қосып ала отырып, Балхаш көлінен де өтті. Сөйтіп, қырғыздар бұхарлықтармен тіл табысты. Олары тәуелсіздікке түбегейлі жету мақсаттарымен бірге діндерінің

бір екеніне жүгінгендері еді. Шабуылшылардың дүмпі Мәскеуге жеткен күні олардың нақты қай жерде болғандарын ешкім білген жоқ, Огаревтің опасыздығын үлкен кнэзге хабарлар телеграф байланысы істен шығарылған-ды, енді оның орнын шабарман баспаса болмайды. Шабарман бүлікшілер жайлап жатқан жалпақ елді жалғыз өзі басып өте алатын ақылды, қайратты адам болуы керек. Император дәл сондай кісіні іздеп таба алатынына шүбәланған жоқ.

*Үшінші тарау*  
**Михаил Строгов**

Полиция бастығы кеткен соң бірнеше минут өткеннен кейін патшаға генерал Кисовтың келіп тұрғаны хабарланды.

– Шабарманды алып келдің бе? – деді император генералға.

– Әлбетте, ұлы мәртебелі император, сіз керек еткен кісінің тура өзі. Жаршы-шабармандар корпусында көптен бері қызмет етіп келеді, қиын тапсырмалардың талайын орындаған. Омбыда туып-өскен, Сібірді бес саусағындай біледі.

– Жасы нешеде? – деді император.

– Жасы отызда, ұлы мәртебелі император, денсаулығы балғадай, жомарт жүрек жан, қайсар, байсалды, нендей қиын істі болсын атқара алады. Мен ол үшін басымды бәйгеге тігуге бармын.

– Аты-жөні кім?

– Михаил Строгов.

– Шақыр, келсін, – деді патша.

Шабарман сұңғақ бойлы, сымбатты, мығым денелі екен. Тұла бойы тұнған күш-жігер дерлік. Өңі келісті-ақ: әдемі көк көзі нұр шашқан, көрген кісіні бірден баурап алғандай. Қалың қара шашы бұйрасындау. Омырауында Георгий кресі мен бірнеше медаль жалтылдайды. Әрбір сөзі мен әр қимылында шырғалаңда шалдырмас ширақтықтың, мақсатына жетпей тынбайтын табандылықтың нышаны бар.

Строгов тапсырмамен барар жолын, жерін жақсы білетіндігімен қатар Сібірді мекен етуші көптеген ұсақ ұлт-ұлыстардың тілін, сөйлеу мәнерін де білетін болып шықты. Балалық, бозбалалық шақтарын өзінің туған қаласы Омбыда өткізіпті, біз әңгімеге кіріскенге дейін он жыл бұрын жесір қалған кемпір-шешесі сонда жалғыз тұрып жатқан көрінеді. Петр Строгов әккі аңшы болыпты да, ұлын шынықтырып

өсіріпті. Михаил бала кезінде-ақ әкесінің жанторсығы болыпты. Аң-құс аулауға шығатын әкесіне құмарлана көмектесіп, түлкі мен қасқырға қақпан құруды үйренген, он бір жасында аю аулауға қатысқан. Қарт Строгов қанжығасы қанды аңшы болыпты, қырықтан аса аю алыпты. Ал тура қырық деген цифр, аңшылардың айтуынша, қатерлі сан екен. Михаилы он төрт жасында аюды жалғыз өзі-ақ өлтіріп, терісін сыпырып алып, пәлен шақырым жердегі үйіне алып келіпті. Бақайшағы майысар шағында аю терісін алып жету дегенің біраз күшті керек еткені сөзсіз. Қатаң тәрбие оны ыстық-суыққа, аштыққа, басқа да қиындықтарға төзе білуге үйреткен. Сондай-ақ, төңірегіндегі табиғаттың тылсым құбылыс-өзгерістерін аңғара білуге дағдыландырған. Строгов шешесін ерекше ыстық ықыласпен жақсы көріпті, шабарман-жаршы корпусына қызметке аттанарында мүмкіндік бола қалған күндері келіп тұрамын деп кәрия шешесіне серт беріпті. Оның қызметі ойындағыдай оңтайлы болды. Әсіресе Кавказға іссапарына көңілі толған. Ол кезде Кавказда Шәмілдің жақтастары көп еді, олар таулықтарды тағы көтеру қамында болатын. Сондай жағдайда алғырлық, ерлік көрсете білген Строговтың қимыл-әрекеттері лайықты бағаланып, қызмет сатысымен көтерілуіне жол ашылған.

Уәдесіне берік жігіт кезекті демалысын әрқашан шешесінің жанында өткізіп жүрді. Тек соңғы үш жыл бойы оңтүстікте тағы іссапарда болып, содан осы жаңада ғана, біздің мына әңгімеміз басталар алдында оралған болатын. Демалыс алмақшы, шешесіне аттанбақшы еді, ол ойына императорға шақырылғаны бөгет болды, міне.

Бір бұйрық аларын сезсе де, аса ауыр міндет жүктелерін ойламаған сымбатты Строговтың салқынқандылығы патшаға анық ұнады.

– Аты-жөнің кім? – деді ол.

– Михаил Строгов, ұлы мәртебелі император.

– Қай жерденсің?

– Омбыдан.

– Омбыда туған-туысқандарың бар ма?

– Бар, ұлы мәртебелі император, менің анам сонда тұрады.

Бұл сұрақты әдейі қойған патша үстел басына барып отырып, бір паракқа біраз сөз жазды да, конвертке салып, шабарманға ұсынды:

– Бұл хатты, – деді ол, – үлкен княздің өз қолына табыс ететін бол. Саған бүлікшілдер басып алған жерлермен жүруге тура келеді, ондағылар андағы хатты қолға түсіруге тырысады. Әсіресе опасыз Огаревтан сақтан, онымен жолда ұшырасып қалуың да мүмкін. Омбы арқылы өтпей болмайды ғой?

– Әлбетте, ұлы мәртебелі император.

– Сен шешеңе барушы болма, өйтсең біреулер танып қояды.

Бір минөт шамасы үндемей қалған Михаил Строгов:

– Құп болады, ұлы мәртебелі император! – деді.

– Ресейлік Азияны азат ету, менің бауырымның аман қалуы да андағы хатты тапсыра алуыңа байланысты болмақ. Тапсыра аларыңа сенімдісің бе?

– Ұлы мәртебелі император, мен үлкен князге өлсем де жетемін!

– Сен өлмей жететін бол, маған сенің өмірің қажет!

– Аман-есен жететін боламын! – деді жігіт нық сөйлеп. Оның батылдығы, өзіне сенімді екені патшаға жақсы әсер етті.

– Жолың болсын, Строгов, аттан. Қорғаушың – Құдай, жебеушің – орыс халқының мінәжәті болсын! – деді патша.

Михаил Строгов әскери қоштасу рәсімін жасап, кабинеттен шығып кетті.

– Таңдауымыз сәтті болды білем, – деді император.

– Ұлы мәртебелі император, Строгов адамның қолынан келетіннің бәрін де істей алады, мен кепілмін, – деді Кисов.

### *Төртінші тарау*

#### *Мәскеуден Төменгі Жаңақалаға*

Иркутке барар Строговтың алдында бес мың шақырым жол жатты. Телеграф пайда болмай тұрғандағы Сібірде хабар-ошар шабарман арқылы таратылатын. Патша қызметкері ретіндегі шабарман атаулыға барар жеріне тез жетуіне жеңілдік жасалып, жол ашылып отыратын, соның өзінде олар төрт-бес аптада, ең тез дегенде үш аптадан аса уақытта әрең жететін.

Сібірдің қысқы жолы жеңілдеу болатын, өйткені ат-шанамен жүру шапшаңдау. Алайда қалың тұман, боран және қасқырлар кедергі жасай беретін. Аш қасқырлар топ-топ болып жүріп, жол торитын. Сібірлік шымыр жігіт Михаил Строгов қыста жол жүруді ұнататын,

қасқырына да, аязына да қыңқ етпейтін. Ал бұл жолы сапарға шығу еркі өзінде болмады. Оған тез аттану тапсырылды. Бүлікшілдер билеп, жансыздары жанталасып жүрген жерлерден аман-есен өтіп, тез жетуі керек. Генарал Кисов оған ұстауына жетер қаржымен бірге Иркут көпесі Николай Корпанов делінген төлқұжат берді. Ол құжат бойынша еуропалық және азиялық Ресей қалаларында еркін жүріп-тұруына, өзіне екі жолсерік жалдап алуына құқылы. Бірақ, жеке өз шаруасымен жүрген бос кісі болуы себепті, бекеттерде тездетіп ат ауыстырып алуына болмайды, өйтсе бейсауат басқа жүргіншілердей тексеруге, басқа да кедергілерге ұшырауына тура келеді. Ал Мәскеуден азиялық шекараға дейін қинала қоймас: темір жолмен, кемемен, пошта жолдарымен жүре береді.

Шілденің 16-сы күнгі ертеңгі пойызға билет алды. Орта дәрежелі көпесше киінді, алайда ішкі киімдеріне алтыатары мен аңшының үлкен пышағын жасырын тығып алды. Төменгі Жаңақалаға мөлшері он сағатта жетуге тиіс.

Строгов мінген вагонда кісі көп еді. Ол қалғып отырған кісіге ұқсады да, жолсеріктерінің жүріс-тұрыстарын білдіртпей қадағалап, сөздерін жіті тыңдап отыруға тырысты. Жанындағылардың көпшілігі қала жәрмеңкесіне бара жатқан көпестер екен. Еврей, парсы, армян, қалмақ, тағы басқа ұлттардың адамдары. Олар, әрине, өзара орыс тілінде сөйлесіп отыр. Бұхарлықтардың басқыншылығы, қырғыздардың көтерілісі, орыс полициясының Азияға азық-түлік жеткізуді шектегені жайында айтуда. Бұл жәйттердің бәрі де жәрмеңке саудасына салқынын тигізеді деседі.

– Шайдың бағасы көтерілетін сияқты, – деді парсы киімді көпес.

– Шаймен сауда істейтіндерге одан келіп-кетер ештеңе жоқ, ал бұхар кілемдерін саудалайтындарға қиын болады, – деді қарт еврей, қыжылмен сөйлеп.

– Сізге Бұхарадан көлік келуші ме еді? – деді парсы.

– Самарқаннан келетін болды. Көтеріліс шығып жатқан жерлермен тауар алып жүру қайда?!

– Амал не, алайда... кілемдеріңіз әкелінбесе, үстеп сатып әуре болмайсыз, – деді үшінші жолаушы.

– Сіздің неңіз кетсін, өзіңіз сауда істемеген соң айта бересіз де, – деп еврей наразылық білдірді.



– Мен сіздің тауарыңызды сатып аламын, – деді анау күле сөйлеп,  
– бірақ көптеп емес, өзіме керектерін ғана аламын.

Парсы көршісіне күбірлей сөйлеп:

– Мынау сенімсіз біреу болып жүрмесін, абайлайық, жансызға тап болып қалмайық, – деді.

Вагонның басқа бөлімінде де әңгіме қызған, бірақ ондағылардың сөзі басқа. Пошта бекеттерінде ат ауыстыру қиын болар деседі. Таяу күндерде полиция кеме мен темір жолдың жолаушыларын да тексере бастайды екен, ал ол рас болса, онда Сібірдің шығысындағы қалаларға аяқ басу қиындамақ.

Сірә, пойыздардың бәрінде әңгіме осылайша шығар. Әйтседе, көпшілік сақтана сөйлейді, пікірлерін ашып айтпайды. Ал бір жолаушы, тегі шетелдік болар, соны аңғарып, бұл жақпен таныс емес екенін жасырмай, терезелерді ашып қарағыштай бастады. Қай жолмен келе жатқандарын, жолайғы жер аттарын, бұндағы өнеркәсіптің жағдайын, немененен сауда жасап жүргендерін сұрағыштап, жолдәптеріне жазып алады. Онысы қасындағы жолсеріктеріне ұнамай, ызаландыра да бастады. Ол жолаушы біздің танысымыз, француз тілші Альсид Жоливе еді. Оны-мұны сұрағыштау себебі– білгенін бөлесіне тезірек жеткізгісі келгендігі де. Ал ол қылығы көршілеріне жансыздың әрекеті тәрізденді. Соны байқаған тілші дәптеріне: «Сапарластарым сөзге сараң, саясат жайында жақ ашпайды, ештеңені біле алмайсың», деп жазды.

Пойызда мынау французша жолсеріктерінің аузын баққан тағы біреу бар болатын. Ол басқа вагонда отырған және әріптесінің келе жатқанынан бейхабар Гарри Блэнт еді. Ағылшын сөзге араласпай, көршілерінің әңгімелерін тыныш тыңдап отырды, ал көршілері одан күдіктенбей, ойларына келгенін айта берді. Соған іштей риза ағылшын дәптеріне: «Жолаушылар болып жатқан оқиғаларға қатты алаңдаулы. Сөздерінің көбі соғыс туралы. Үкіметтің шараларын батыл талқылайды», – деп жазып қойды.

Полиция болса, еуропалық Ресейдің шегінен әлі шығып үлгермегені мәлім болған Огаревті ұстап алу қамында. Әрбір стансада астаң-кестең тексеру. Күдікті-ау дегендерді бассалып тінтеді. Владимир стансасында Строгов отырған вагонға жаңадан бірнеше жолаушы мінді. Олардың арасынан онжеті жас шамасындағы қыз біздің кейіпкеріміздің қарсы

алдындағы орынға келіп жайғасты. Орта бойлы, сымбатты екен. Бірақ сүйкімді өңі қалайда сынық. Келешегінің күңгірт екенін сезген жандай. Алайда, жастығына қарамай, тағдыры үшін табандап күресе алатын адамдай жігерлі көрінеді. Бай әулеттен емесі де аңғарылды: бар-жоғы бір ғана қолдорбасын дізесіне қойып отыр. Киімі де өте қарапайым: қолпылдаған кең сулық, жөпшеңкілеу қара көйлек киген. Бәтіңкесі ұзақ жолға киюге тігілгендей берік пішінді. Сабан қалпағының о тұс, бү тұсынан алтын рәуішті шашы қылтиып тұр. Қызға таңырқай қараған Строговтың бүйрегі бұлк етті: қыздың өңі бұл екеуінің мінез-құлқы бірдей екенін айтып тұрғандай. Сондай сезім үйірген Строгов қызға байыптап қарай бастады. Әдейілеп танысқысы келмеді, бірақ қыздың жанындағы жігіт қалғып кетіп, қызға сүйене бергенде ол жігітті түртіп оятып, көршісінің мазасын алмауды өтінді. Жігіт қыздың бейтаныс қамқоршысына қитыға бір қарады да, оның жүзінен жылу көре алмаған соң, пәлесінен аулақ дегендей болып, қыздан алшақ отырды. Қыздың Строговқа қараған көзінде іштегі алғысының нәзік нышаны бар еді.

Қалаға онекі шақырымдай қалғандағы шұғылдау бұрылыста пойыз рельстен шығып кете жаздады. Жолаушылар шошына өре түрегеліп, пойыз тоқтай қалысымен сыртқа дүркірей ұмтылысқан. Алайда қорқынышты ештеңе болмағаны іле-шала хабарланды. Строгов уылжыған жолсерігі қызға көз тастап, оның тырп етпей отыра бергеніне іштей танданды. Қыздың өңі сәл-пәл ғана құқылданыпты. «Салы суға кететін қыз емес», деді Строгов іштей.

Жол оқиғасынан екі сағат кешеуілдеуге тура келсе де, пойыз кешкісін Төменгі Жаңақалаға аман-есен жетті. Жолаушылар вагоннан шықпай тұрып төлқұжаттарын көрсетуге тиіс болды. Тексеруші шенеунік қыздың төлқұжатын көріп тұрып:

- Сіз Иркутке Ригадан келдіңіз бе? – деді.
- Иә, – деді қыз.
- Қай жолмен?
- Пермь арқылы.

Қыздың жауабын естіген Строгов оның тым ұзақ та қауіпті жолмен жападан-жалғыз келгеніне іштей қиналып еді. Жаны ашығандықтан қасына барғысы келді, бірақ қыз вагонның есігі ашылысымен жерге лып етіп секіріп түсті де, көпшіліктің арасыны сіңіп кете барды, Строгов кідіртпін үлгірмеді.

*Бесінші тарау*  
*Тосын жарлық*

Біздің кейіпкеріміздің жолы шығысқа бағытталғаннан бастап қиындай түсті, жүрісі өнбегуге айналды, өйткені Төменгі Жаңақалада темір жол тұйықталған болатын.

Оканың Еділге құяр сағасында орналасқан Төменгі Жаңақала халқы жайшылықта үш мыңдай болады, 1817 жылдан бастап Макарьеводан осында көшірілген жыл сайынғы жәрмеңке күндерінде он есеге жуық көбейеді.

Строгов қалаға келісімен кеме айлағына барып, кемеңіз Пермьге қашан аттанатынын білді. Кеме сол күннің ертеңінде жүреді екен, ал ол біздің кейіпкерімізге өте қолайсыз болды. Қоналқыға орында табылар емес, мейманханаларлық толған. «Константинополь» мейманханасынан бір орынды әрең тапты. Кешкі тамақтан соң ұйқыға бас қойғысы келмеді де, қыдырыстауға көшеге шықты. Ымырт үйіріліп қалған екен. Жазғы түн қарабарқын болатындай. Оның ойына мана өзімен бірге келген қыз түсті. Ала-құла тірлікті қаланың қайнаған жәрмеңкесінде қандай күйге ұшырайды ол байғұс қыз? «Қорғанышы болар едім, бірақ өйтуге құқым бар ма? Оны іздеп табу мүмкін бе әуелі?.. Жағдайы мәз емес шығар. Тағы не күй кешеді? Иркутке қалай жетеді және онда неге бармақшы? Вагонда отырғанында ештеңеге таңданбады, ештеңеден үрейленбеді, сірә, ол көтерілісті біле тұра шыққан. Жолдың қауіпті екенінен хабардан болғаны сөзсіз. Демек, сапарға бел буу себебі ерекше маңызды шығар. Әй, бірақ, қаншама қажырлы болса да, мақсатына жете алар ма екен, жол азабы мен жан қажуы титықтатады ғой».

Ой құшағындағы Строгов алға қарай алаңсыз жүре берген. Бір кезде шаршағанын сезді де, сауда өткен орындағы ағаш лашық іргесінде тұрған бос орындыққа құйрық басты. Сол сәтте иығына салынған қолдан селк етті.

– Мұнда не ғып отырсыз, мырза? – деген дауысқа жалт қараған кейіпкеріміз жанында жалғанның жартысындай болып тұрған біреуді көрді.

– Дем алып отырмын.

– Мүмкін осы жерде ұйықтайтын да боларсыз? – деп дарылдай түсті бейтаныс.

– Мүмкін, – деді Строгов, жақтырмағанын жасырмай.

– Кәне, бет-жүзіңізді көрейінші, – деді анау тақымдауынан танбай.

– Әуре болмағайсыз, – деді шабарман сабырын сарықпай сөйлеп. Әлдене болады деген сақтық оймен орнынан тұрып, бірер қадам шегінді. Бейтанысына көз тастап еді, ол жәрменке атаулыда бықып жүретін сығандардың бірі екен. Олар көшіп жүретін күркелі арбасы лашықтың жанында тұр. Сол әредікте лашықтың есігі ашылып, бір әйелдің басы көрінді. Әйел сыған тілінде:

– Қайтесін оны, мүмкін ол шпион шығар, бері кел, тез, тамақ дайын, – деп айғай салды.

– Сангарра, сен дұрыс айтасың, мен мұны қайтем, ертең жолға шыққалы тұрғанымызда, – деп сыған лашыққа беттеді.

– «Ертең» дедің бе?

– Иә. Біздің қайда барарымызды, кім жұмсап отырғанын өзің де білесің ғой, – деді сыған шал, лашыққа кіре бере.

Сыған тілін білетін Строгов олардың сөздерін ұққан, бірақ мән берген жоқ, біраздан соң тіпті ұмытып та кетті.

Ол бөлмесіне оралып, төсегіне жатты да, тез ұйықтап қалды. Таңертең шөлі қана шай ішіп, жамбасақысын төледі де, сыртқа шықты. Ертеңгі асын айлаққа жақын бір жерде ішуді ойлаған. «Кавказ» кемесінің түсте кетіп қалғанын білген соң асықпай қала аралауды жөн көрді. Қаланы Еділдің сол жағасымен жалғап тұрған аспалы көпірден өтіп шыққанда түнде әлгі сығанмен ұшырасқан тұсқа жақындағанын байқады.

Жәрменке орналастырылған маң. Кең аулалы ағаш баспаналар. Әрбір заттың: ағаш, темір, ет, балық, аң терісі, тоқыманың сатылар орындары жеке-жеке белгіленіп, тәртіпке келтірілген. Керек нәрсесін іздеп тауып, сатушылармен саудаласып жүрген жұртшылық аз емес. Бұл жерде еуропалық та, азиялық та сан ұлттың кісілері бар. Тасыр-тұсыр, у-шу дыбыстар құлақ тұндырардай, өйткені айнала салынған лашықтарда акробаттар, сиқыршылар, үйретілген жабайы аңдарымен өнер көрсетушілер көп, әрқайсысы өзінше әуенге басып, әйтеуір, азан-қазан болып жатыр.

Жәрменке қызықтарын тамашалаушылардың арасында біздің көз– таныстарымыз Блэнт пен Жоливе мырзалар да жүр. Олар мұнда кездескен сәттеріне танданысқан да, шұрқырасқан да жоқ, салқын ғана сәлемдесіп өтіп кетісті. Қалада екеуінің жағдайы екі түрлі болған: тәп-

тәуір бөлмеге орналасып, жап-жақсы тамақтанған француздың көңілі көтеріңкі болса, ағылшын керісінше күйге ұшырап, мына қалада саяхатшылар далада қалады екен деген мағынада мақала жазып, өз гәзеті арқылы есе қайтармақ пиғылда.

Жәрмеңкеде қаншама ырду-дырду болып жатқанмен мұндағы жұрттың жүзінде әжептәуір алаңдаушылық бары көлденең көзге бірден байқалатын еді. Орта Азиядағы толқыныс ол жақтан әкелінген тауарлардың өтпеуге айналғанынан да аңғарылғандай.

Көзге ұратын және бір жәйт – әскерилердің көрінбеуі. Қолайсыз жағдайда кенет дабыл қағылуын күткен олар казармаларға шақырылып алынған болатын.

Бір сәтте суыт хабар тарай қалды: генерал-губернатор Мәскеуден қатынас қағаз алыпты да, полиция бастығын дереу өзіне шақыртыпты. Строгов жан-жағындағылардың «жәрмеңке жабылып тынатын шығар» деген тұспал сөздерін ести бастаған. Енді бір әредікте губернатор үйінің есігі алдында полиция бастығы пайда бола қалды да, қолына ұстай шыққан қағаздағы жазуды дауыстап оқи жөнелді.

Қала генерал-губернаторының жарлығы:

*1.Орыс азаматтарының ешбір себеп-сылтаумен қаладан шығуларына тиым салынсын.*

*2.Басқа жақтан келгендер жиырма төрт сағаттың ішінде қаладан кететін болсын.*

### *Алтыншы тарау* **Агасы мен қарындасы**

Жұртшылыққа жайсыз бұл әмірдің астарында шарасыздық жатқан: Огаревтың еуропалық Ресей шегінен шығып кетуіне қалайда тосқауыл қою және соның нәтижесінде Фофан ханның аса мығым одақтас табуына жол бермеу керек. Жарлықтың екінші тармағында Орталық Азиядан келгендердің бәрін, сыған сияқты қаңғыбастарды қоса, қаладан қуып жіберу көзделген, себебі: монгол тектес ол келімсектердің жансыздар болуы мүмкін.

Жарлықты естіген жұрт күбір-сыбырмен тынды. Қарсы бірдеңе деуге дәт жоқ. Сонымен: бақалшысы, сиқыршысы, тағы басқасы бар байғұстар қаладан қуылып кете баруға мәжбүр болды да, оны-мұныларын буып-түюге кірісті.

Алас-күлес басталған. Лашықтар бұзылып, дүңгіршектер жабылып, мүліктер ат-арбаларға тиеліп жатыр. Жарлықтың орындалуын қадағалауға тиіс полицерлер бәрін бақылап, «тез-тездің» астына алып әлек. Жәрмеңке кешке қарай жәукемделіп бітті. Арба-күймелер артынып-тартынып тайып тұрды. Таңертең ғана қалың қарбалас болға жер кеште иен алаңға айналды.

Жарлықты тыңдап тұрғанында Строговтың есіне түндегі сығанның: «Біздің қайда барарымызды, кім жұмсап отырғанын өзің де білесің ғой» деген жұмбақ сөзі оралған. Ол сөзден үкімет қолданбақ шаралардың бұл көшпенділерге мәлім және тиімді екенін түйсінуге болатын еді. Шабарман жігіттің есіне қыз жолсерігі кенеттен түсе қалды да, басқа ойдың бәрін серпіп тастап: «Байғұс бала-ай! Ол шекарадан ешқайда аттап шыға алмайтын болды-ау!» – деп іштей өкінді. Оған қайткенде қол ұшын беруді ойлады. Екеуінің саяхатқа шығу себеп-мақсаты бірдей дерлік, екеуі Пермьге бет алған жолда жолығуға тиіс те тәрізді. Қорғансыз қызға жәрдемдесуді ойлаған шабарман оның өзіне жолсерік болғанын жөн де көрді, өйткені ондай жолсерікпен жүру Корпановтың көпес екенін айғақтай түспек. Сондықтан, төлқұжаты бойынша Корпанов болған Строгов ол қызды іздеп тауып алуға бекінді. Өйтуіне кеменің жолға шығуына дейінгі екі сағат уақыты жетіп те қалар. Ол көшелердің бәрін аралады, шіркеулердің бәріне бас сұқты, бірақ ригалық бойжеткенді кездестіре алған жоқ. Әбден шаршап, қызды табудан күдерін үзіп, енді төлқұжатын тіркету үшін полиция бастығының кеңсесіне барған. Оның ешқайда соқпай, тіркелмей, қайда болсын жүре беруіне құқы бар-ды, әйтседе кедергінің кездесер-кездеспесін алдын ала барлаған да жөн. Басқа жақтан келгендер губерния шегінен тез кетер алдында жарлыққа байланысты оны-мұны талаптарды орындауға тиіс еді, сірә, сол себептен болар, полиция бастығының қабылдауын күтушілер өте көп екен. Біздің кейіпкеріміз есік көзіндегі күзетшінің бармағына бір сомды бастырып жіберді де, ішке еніп кетті. Барып кезекке тұрған сәтінде бағанадан іздеп жүргенін көзі шалды. Қыз сәл қиыстау әріректе ұзын орындықта отыр. Өңінде шарасыз қатулықтың табы бар. Тегі ол мұнда анау жарлықтан бейхабар келген де, арғы жолына рұхсат берілмеген соң, амал не, налып отырған болар. Строгов қызға қарай беттеді. Қыз да оны байқап, жүзі сәл жылыды. Көмектесер

деп үміттеніп үлгірді білем. Қыз орнынан тұрып, жігітке мұңын шағар сыңай аңғартқан. Бірақ дәл сол сәтте анау күзетші Строговты дауыстап шақырып, оны полиция бастығы іздеп отырғанын айтты. Соңғы үміті үзілгендей болған қыздың қатты абыржығаны анық байқалған. Алайда үміті үзілген жоқ. Бірнеше минуттен кейін қайтып оралған жігіт жанына келді де:

– Қарындас, жүріңіз, біздің жолымызда ешқандай кедергі болмайды, – деді. Қыз түсіне қойып, оған қолын созды да, үнсіз ілесіп кете барды.

### *Жетінші тарау*

#### *Еділді құлдау*

«Кавказ» жүзуге дайындала бастады. Буын бұрқыратып белгі берді. Жолаушылар ысқырық берілгенше, аспалы көпір ашылғанша орындарына жайғасуға ұмтылған. Аттанғысы келгендердің бәрінің жолы бола бермеді. Тексеріп, қадағалап кіргізуші полицейлер көп еді, олар жарияланған жарлықтың талабын толық орындап үлгірмегендерге рахымшылық жасаған жоқ, кемеге жібермеді.

Кеменің төскейінде тұрған жұрт арасында Михаил Строгов пен ригалық қыз да бар. Олар кідіріссіз кірген. Көпес Николай Корпановтың жолсапар құжатында Сібірге саяхат жасағанында жанына бір немесе екі кісі алып жүруіне рұхсат делінген еді, ендеше қарындасына қайдағы бөгет болсын ?!

Кеме айлақтан ақырын сырғып шықты да, өзенді құлдап жүзіп жөнелді. Төменгі Жаңақаладан Қазанға тез жетеді. Ағынның ығымен жүзу жеңіл ғой. Қазаннан біраз төмен Кама сағасына барғаннан кейін кеме ол өзенді өрлей жүзеді де, Пермьге шамасы екіжарым тәулікте барады.

Компанияның жақсы кемесі санатындағы «Кавказда» бүгін де жолаушылық толы. Төменгі Жаңақаладан апыл-ғұпыл аттанған алабажақ жолаушылар: ұлттық киімімен жүрген қытай дейсің бе, армян, еврей, үндіс, түрік, татар дейсің бе– сығылысқан азиялық саудагерлер. Бәрі де өткізіп үлгере алмаған тауарларын кеменің кез келген бос жеріне тықпалап әлек. Кеменің тұмсық жағына үшінші класты жолаушылар, басқа қалаларға баруларына тиым салынбаған шаруалар орналасқан.

«Кавказға» қарсы ұшырасқан баржалы кемелерде, ағып келе жатқан салдарда есеп жоқтай. Екі жағадан біресе егіс тақталары, біресе тоғайлар, кейде жарқабақтар көрінеді.

Строгов жолсерігі екеуіне бірінші класты каютаның екеуін алған. Өздері әзірше палубада қатар отыр. Екеуі де үнсіз. Әдепсіз көрінгісі келмеген жігіт: «Айтқысы келген шаруасы болса, өзі айтар», деп ойлаған. Қателеспепті. Біраздан кейін қыз оған қарап:

– Иркутке кетіп барасыз ба? – деді.

– Иә. Мен өткен жердің бәрінен сіз де өтесіз, тек абыржи көрмеңіз. Өйткені біз, – деді жігіт жимиып, – ағалы-қарындасты адамдармыз. Атымызды атап, «сен» деп сөйлесуге тиіспіз.

– Жарайды. Менің атым – Надя. Бүгін әңгімелеспей-ақ қоялық, өйткені мен өткен күндері көп әуре-сарсаң көрдім, қатты шаршадым, ал қайда, неге кетіп бара жатқанымды ертең сұратпай-ақ айтып беремін, – деді қыз.

– Мен жоқтан өзгеге әуес емеспін, сені сұрақпен ығыр ете қоймаспын, ал қазір каютаңа барып дем алуыңа кеңес беремін, – деді жігіт.

Қыз кеткен соң, Строгов жолаушылардың арасына барды. Оны-мұны тың мағлұмат естігісі келген. Саудасы адыра қалған азиялық көпестер тұнжыраулы. Оларды түсінуге болады: қаншама алыс жерден әдейілеп келгенде жәрмеңке кенет жарлықпен жауып тасталды, сөйтіп қыруар зиян шекті. Әйтседе, іштегі қыж-қыж ашуды сыртқа шығарғылары жоқ, жансыздардың қармағына ілініп қалудан сескенеді. Дегенмен, Строгов құр алақан қалған жоқ, бір тұста екі кісінің емін-еркін дауыстап орысша сөйлесіп тұрғандарын байқады. Екеуі де шетелдік болса керек, тілдерінде сына бар.

– О, қадірлі әріптесім! Бұл сіз бе едіңіз?! Сізді маған еріп жүреді деп тіпті ойлаған да емеспін! – деді біріншісі даурығып.

– Сізге еріп жүрген мен жоқпын, қайта кедергі жасайтын шағармын, – деді екіншісі, салқын үнмен.

– Хе, әжептәуір күшті айтылды! Біз қаздаң басып қатар жүрерміз, бірімізден біріміз оза алмаспыз.

– Ағат айтпаңыз, мен сізден озбай қоймаймын! – деді ағылшын қырыстана сөйлеп.

– Көрерміз, алдымызда ұзақ жол бар, тәжікелесер себеп те жеткілікті, – деді Жоливе.



– Жауласармыз демекшісіз бе? – деп қағытты анау.

– Мейліңіз білсін! Сіз, сүйкімді Блэнт мырза, байқауымша, тауып сөйлеуге құмар сияқтысыз, ендеше менің де солай сөйлеуіме рұхсат беріңіз.

– Сөйлеңіз.

– Сіз Пермьге кетіп барасыз, ә? Одан арыда, мүмкін, Екатеринбургға бет аларсыз?

– Мүмкін.

– Сібірдің шекарасынан өткеннен кейін әрқайсысымыз өз күнімізді өзіміз көрерміз, ал оған дейін одақтас болғанымыз жөн сияқты. Мен, міне, сізге қолымды ұсындым.

Ағылшын серігіне екі саусағын ұсынды, серігі тез алып, қатты қысты.

– Айтпақшы, мен бүгін он сағат он жеті минөтте жарлықтың мәтінін бөлеме хабарлап та қойдым, – деп Жоливе шымшып өтті.

– Мен де «Күнделікті телеграфқа» хабарладым, тек сізден жарты минут бұрын айттым.

– Соныңызбен құттықтаймын, Блэнт мырза!

– Көп-көп рахмет, – деп күбірлей салды ағылшын. Екеуі бірін бірі мазақтағандай қимылмен бас иісті.

(Келісіммен қарындасы болған қыз түскі тамаққа келмеді, қаютасында ұйықтап жатты, Строгов оны ояттырған жоқ)

Түскі аста екі жігіт ежелгі достарша дізе түйістіре отырып, жергілікті өндірістің шампанын ішісті.

Бұлардың сөздерін естіген, қылықтарын көрген Строгов сақтық сақтап, мылжың журналшылардан бойын аулақ салуды жөн көрген.

Күн өте ыстық болды да, жолаушылар аптап бәсеңдеген бесіннен кейін ғана қыбырлай бастады. Қапырық қаютадан палубаға шығысып, кештің салқындау лебіне омырау тосысты. Ал сағат онекіден асып, маңай суи бастағанда жолаушылардың көбі ұйықтауға кетті. Өлденеге өз-өзінен алаңдаған Строгов қана ішке енген жоқ. Палубаға алшақ іліп қойылған қызыл және жасыл екі шамның жарығында ары-бері аяндауға кірісті. Кеменің тұмсық жағындағы үшінші кластың жүргіншілері төсек-орын іздеп әуре болмай-ақ, ұзын орындықтарға немесе еденге оны-мұны түйіншектерін жастанып жата кеткен. Шабарман оларды оятып алмас үшін аяғын аңдап басып, жоғарғы палубаға көтеріле

бере әлдекімдердің даусын естіді де, еріксіз қалт тоқтай қалды. Қараңғыда сөйлесіп тұрғандардың бет-жүздері көрінбейді, бірақ кеменің тұрбасынан шығып тұрған от ұшқыны олардың киімдерінде жылт-жылт ететін тағынды бірденелердің бар екенін көрсетіп қалады. Сөйлесушілер сығандар сияқты, сөз мәнерлері солай. Строгов елең етті: -Мынау Төменгі Жаңақаладағы жәрмеңкеде түнде көрген сығандардың дауысы ғой?! – Строгов діндектің көлеңкесіне жасырына қалып, құлағын түрді:

– Мәскеуден Иркутке шабарман жіберіліпті деседі, – деді әйел дауысы.

– Дескендер десе берсін, меніңше, ол шабарман не кешігіп жатыр, не мүлде жете алмай қалды, – деді ер дауысы.

Строгов селт етті. Сөздерінің сұмдығын-ай! «Менің сапарымды сезіп қойған қайсысы? Кім аңдып жүр екен?!» Ол түнгі әңгімешілерден ақырын алыстап, кеменің тұмсық жағына барып отырды. Басын екі қолымен тірей еңкейіп, ұйықтап отырған кігіге ұқсады, бірақ енді ұйқы қайда?!

### *Сегізінші тарау*

#### ***Каманы өрлеу***

Ертеңінде, шілденің 18-күнінде, таңғы сағат алтыда, «Кавказ» Қазан айлағына жетіп тоқтады. Қазан қаласы бұдан жетпіс шақырым жерде, Қазан өзенінің Еділге құяр тұсында.

Қазан губерниясының халқы ала-құла. Мұнда өлкенің негізгі тұрғыны татарлармен бірге шеремістер, шуаштар, мордуалар бар.

Айлақта кісі көп екен. Бірі соңғы жаңалықтарды білуге құштар көрінсе, енді біреулері – азиялықтар – Төменгі Жаңақалада жарияланған жарлықты естіген соң одан алысқа, шығысқа тезірек алып кетер кемені тосып жүргенге ұқсайды.

«Кавказ» зәкір тастасымен кемеден түсе бастағандар да, кемеге отыра бастағандар да мұқият тексеріске ұшырады.

Строгов палубада тұр. Көпшілікке көз тастап. Жағаға шықпауды ұйғарған. Қала әлі алыс. Қарындасын қараусыз қалдырып кеткісі де келмеген. Ал анау екі журналист елден бұрын тұрып, жағаға тез түсіп кеткен болатын, тегі мұндағылардан жаңалықты білуге асыққан шығар.

Кемеге келіп жатқандардың айтуынша, Түркістандағы толқу тым қауіпті сияқты, байланыс та қиындап кетіпті.

Ұзынқұлақтың хабары алаңдатқан Строгов мән-жайды дұрысырақ білетін біреуді табу ниетімен жан-жағын шола бастағанда кемеден түсуге беттеген бір топты көріп қалды. Өзіне таныс баяғы сығандар! Олар жиырма шақты екен. Алдарында – анау жолы өзін «шпион шығар» деген сыған әйел мен шал. Шалдың кейпі абалақ-сабалақ. Қурап, оңып кеткен қалпағын көзіне баса киген. Құлды біреу-міреу танып қоймасын дегендей. Шал Сангарра деп атаған әйел қараторының әдемісі екен, екі көзі шоқтай. Ол Строговтың жанынан өте бере аяғын санап басқандай әдейі кідіріңкіреп, сенің бейненді көкейіме сурет етіп салып алайыншы дегендей-ақ үздіге қарағаны ғой. Жігіт қатты абыржыды. «Мені таныды ма? Әбден мүмкін. Қараңғыда көргенмен, бұл сығандардың көзі мысықтың көзінен де өткір емес пе?!» – деді ол ішінен.

Строговтын жағаға шыққысы, сығандардың қалай беттерін білгісі келді. Бірақ өйтпеді, сезік тудырудан сақтанды.

Сығандар мұнда түсіп, Есілге алыс та болса жақын жолмен жетпек еді. Ал Строгов Пермь, Екатеринбург, Төмен арқылы жүруге тиісті. Енді ол Сібір шекарасынан сығандардан қалайда бұрын өтіп кетуді ойлады.

Кеме Қазанға оттығын толтырып алуға ғана тоқтайтын. Сағат жетіде қайтадан аттануға қоңырау соғылды.

Біздің кейіпкеріміз жолаушылар арасынан Блэнтті көріп қалды. Жалғыз жүр, әріптесі кешігіп жатса керек.

Жоливе шынында кешігіпті. Кеме орнынан жылжи бергенде үкідей ұшып жеткен ол, көпіршенің алып тасталғанына қарамастан қарғып кеп кетіп, палубаға топ ете түсті.

– Біз сізсіз-ақ кете берерміз деп ойлап едім, – деді ағылшын, кекесінді дауыспен.

– Апшымаңыз, – деді анау. – Қанша ақы төлеу керек болса да, не қайық, не поштабайды жалдап, сіздерді бәрібір қуып жететін едім. Айлақ пен телеграфтың арасы бірталай жер екен. Кешіксем де, кеш қалмадым, әйтеуір.

– Ә, телеграфқа барып келдіңіз бе?

– Иә, – деп француз әдейі монтаны болып, сөзін жайбарақатсып

жалғады: – Фофан хан әскерін бастап Семейге жетіпті, одан ары қарай Ертісті құлдап кетпекші. Соны бөлеме жеделхатпен хабарлап келдім. Міне, сізге ықыласым ауғандықтан, естігенімді жасырмай айтып тұрмын.

Блэнт ұпай ала алмағанына қорланды білем, әріптесінен дереу теріс айналып, кеменің қарама-қарсы бетіне кете барды.

Сағат онда палубаға Надя шықты.

Строгов оның жанына барып, қолтығынан алды да, кеменің тұмсық тұсына баруды ұсынды. Ол жерден табиғат көркін тамашалауға болатын еді.

Кеме Каманың сағасына жақындап қалған. Жолаушылардың көздері екі жағада: тіп-тік жарқабақ үстінде саналуан сәнді, әдемі ағаштар жапырақ жайып, жап-жасыл болып жайнап тұр. Ұштары көк аспанға жетіп, сұғыла сіңіп бара жатқандай.

Жарасымды табиғатқа қыз ғана жайбарақат қарап тұр. Оның есі-дерті басқада – саяхатқа шығуына себепші мақсатына тезірек жетуде.

– Мәскеуден қанша жерде екенбіз? – деді ол.

– Тоғыз жүз шақырым, – деді Строгов.

– О, тәңірім! Жеті мың шақырымның тоғыз жүзін ғана өттік пе?! – деді Надя, нали таңданып.

Таңертеңгі ас мезгілі болған. Строгов серігін ертіп тамақтануға барды. Жеңіл-желпі ғана ауқаттанысты. Палубаға қайтадан көтеріліп, көпшіліктен оңашалана барып тұрғаннан кейін қыз шабарман жігітке жантартып, өзі туралы шерлі шежіре айтуды бастады.

Әкесі Василий Федоров дәрігер екен. Ригада тұрған. Білімі, білгірлігі арқасында көпшіліктің құрметтісі болған. Бірақ көреалмаушылықтың торына түсіпті. Қызғаныштан іші күйгендердің кесірінен үйі тінтіліп, шатаққа ұшырапты. Бір жақсы танысы қайтыс болғанда оның кітәптарын үйіне әкеліп, сақтап қойған екен, бірақ олардың не туралы екеніне назар аудармапты. Тінткендер соны желеу етіп, жауларының пиғылдары үстем болып, ол сотталыпты да, Иркутке жераударылыпты. Әйелі соңынан келе алмаған, қайғыдан қайысып, қатты ауырып, біржарым жылдан соң дүниеден қайтыпты. Қыз байғұс аш-жалаңаш дерлік күйде сопиып жалғыз қала берген. Ол ақырында әкесіне баруды ұйғарыпты. Бұхарлықтар дүмпүі Ригаға жетпеген екен, оны Төменгі Жаңақалаға жеткенінде ғана естіген Надя мұнда

жаңа жарлық шыққанын көріп, сапары кенеттен үзілетін болғанына қатты қынжылыпты.

Каманың көркем жағасына көз тастай тұрып шүйіркелескен екі жас түн жеткенін байқамай да қалған. Кеме баяу жылжуда, тұрбасынан шыққан ұшқын шоқ қараңғы аспанға жылт-жылт етіп сіңіп кетіп жатыр. Жағадағы орман жақтан қасқырлардың анда-санда ұлыған үндері жетіп тұр.

*Тоғызыншы тарау*  
**Күндіз-түні күймеде**

Жолаушылар ертеңінде Пермьге жетті. Пермь губерниясының экономикасы маңызды, яғни жері мәрмәрға, алтын мен платина құмына, көмір қорына бай болғанымен, біз әңгімелеген кезеңде Пермь қаласы көзге тым қораш еді. Оған Сібірден еуропалық Ресейге жол шегіп келе жатқан саяхатшылар еріксіз танданатын. Орта Азияда болып, жақсы жол, жайлы орын көре алмай қажып, шаршап-шалдығып жеткен сахатшылар қаладан тәуір әсер ала алмайтын.

Пермьнен ары шығысқа қарайғы көлік – ат-арба ғана. Саяхатшылар сол көлікті таңдап алысты. Строгов та сөйтті. Ол таңдауға кештеу кірісіп қалып, біраз абыржыды. Әйткенмен, ақырында жолы болып, көпес деген атағына сай бір күймені саудаласып жалдап алды. Көлік іздеуіне Надя ынталана көмектесті, өйткені мынау маңнан тезірек кеткісі келген.

– Қарындасым, саған бұдан жақсы күйме таба алмағаныма өкініштімін, – деді жігіт.

– Оқасы жоқ. Әкеме тез жету үшін жаяу кете беруге де әзір едім, – деді Надя.

– Сенің қажыр-қайратыңа күмәнім жоқ, алайда тым ұзақ жол саған қиын тиеді-ау.

– Ештеңе етпейді, шыдаймын! – деді қыз жігерлене сөйлеп. – Егер жол-жөнекей шаршадым деп қай жерде қыңқылдар болсам, мені сол жерде қалдырып кете бер!

Сонымен, өзара келісім жасалып, лаушы аттарын жегуге кірісті. Строговта да, жолсерік бойжеткенде де ешқандай жүк жоқ. Бірі асыққандықтан ештеңе алмаған, екіншісінде бірдеңе алар ақша болмаған. Ол халдері – не сандықтары, не шабандарының жоқтығы

– лаушыға ұнамады, шолтиған кедейлерді жолықтырғанына іштей өкінді. Ол тіпті:

– «Өзі жарымағанның сарқытын ішпе» деген, – деп күңк етті.

– Бауырым, абыржыма, бір шақырымға он тиын төлеймін, жақсылап жеткізе алсаң шайлығың да аз болмас, – деді шабарман жігіт.

Лаушының жүзі жадырап сала берді, мінберіне қарғып шығып, бишігін үйіріп-үйіріп қалды. Күйме шаң шұбалтып зырлап жөнелді. Аттар лыпып келеді: екі шеткісі желе шауып, ортадағысы саржеледі. Кедір-бұдыр жол күймені қақпақылға айналдырды. Соның кесірінен Надя бірнеше рет аударылып-теңкеріліп, қатты ауырсынып та қалды, бірақ сыр берген жоқ. «Тезірек жетсем екен» деген ой ғана болды онда.

– Егер жаңылмасам, Пермь мен Екатеринбург арасы үш жүз шақырым ғой, ә? – деді ол.

– Иә. Сонда Орал тауларына жетеміз. Олардан асуға қырық сегіз сағат кетеді. Мен өте асығыспын, беталды аялдауға уақытым жоқ, – деді Строгов.

– Қорықпай-ақ қой, мен сені бір минут те бөгемеймін, – деді қыз ренжіңкіреп.

– Ендеше Иркутке жиырма сағатта жетіп барамыз.

– Шіркін, қыс болса ғой, әлдеқайда тез жетер едік, рас қой? – деді Надя.

– Әрине, бірақ қатты аяз болса, құрыр едік. Маған Омбыға қыстыгүні үш рет баруға тура келген-ді, сонда күннің суық болғанын айтпа! Мен ішік– мішігіммен бірге қатып қала жаздадым. Аттың үстібасы аппақ қырау болып, құтымдағы суым мұз боп қалды. Әйтеуір, Сібірдің суығына бала жастан көндіккендігіммен ғана төтеп бердім, ал сен ондайда далада қалар едің.

– Омбыға неге бардың? – деді Надя, оның сөзін үзіп.

– Шешеме бардым.

– Бәсе! Ал мен Иркутке әкемді көру үшін, оған шешемнің ақтық сөзін жеткізу үшін асығып келемін, – деді қыз.

– Надя, сен – ержүрек қызсың, құдай жолыңды оңғарсын! – деді Строгов, тебірене сөйлеп.

Күйме зырлап келеді. Жолаушыларымыз лаушыларға шайлықты жомарттана бергендіктен бекеттерде бөгелген жоқ. Кейбір бекетте

бөгелгеннің өзінде екеуі жеңіл-желпі тамақтануға әрең үлгірді, ал басқа жерлерде ат ауыстыруға ғана тоқтады. Күндіз-түні жүріс. Надя күйменің төкпештегеніне қарамай ұйықтап алады, ал жігіт көз ілмейді, тегі ойқы-шойқы жолда күймеден құлап кетуге де болатынын ескерсе керек. Бекеттің бірінде олар алдарында жай арбалы екі саяхатшы кетіп бара жатқандарын, ең жақсы аттарды беріңдер деп ақшаны суша шашатындарын естіп білді. Күн қатты ысып, тұншықтырар болып тұр, сірә, соңыра бұзылып, найзағай ойнар. Біздің кейіпкерлеріміз таудың сойқан найзағайынан сақтанса, бекеттердің біріне қонса дұрыс болар еді, бірақ бөгелер емес. Шабарман егер аттарды аямай айдап, ертең аздаңда Екатеринбургға жеткізе алса, шайлықты екі есе көп беретінін айтып, лаушыны тіпті асықтыра түсті.

### *Оныншы тарау*

#### ***Орал тауларындағы найзағай***

Орал таулары Мұзды мұхиттан Каспий теңізіне дейін созылып, Ресейді европалық және азиялық етіп екіге бөліп жатыр. Біздің сахатшылар ол арқылы Пермьнен Екатеринбургға асуға тиіс. Асу оншама қиын емес, бір түнде асып түсуге болады. Олар жолдың нашарлығына назар аудармаса да, қапырық ыстық қинап, оның арты сұрапыл найзағай болып жүрер ме екен деп қауіптенулі. Күннің бұзылуынан қалайда сақтанулары керек-ақ. Күйме үстіне кенеп жабылып, жел сыдырып кетпеске жіппен таңылған. Мінбердің екі жағына екі фонарь орнатылған, ол лаушының жолды аз да болса көріп отыруына, қарсы келе жатқан ат-арбалармен соқтығып қалмасқа қажет. Жол азабын білетін лаушы жіп, шеге, балта, т. б. қажеттерді салып алды. Сөйтіп қам жасалған соң Строгов қарындасы екеуі күймеге жайғасты да, лаушыға «кеттік!» деп әмір берген. Сағат кешкі сегіз еді. Күн әлі бата қоймаса да, төңірек күнгірттен бастады. Аспанды қара бауыр бұлт торлап алған. Біраз жүргеннен кейін жолаушылар бұлттың тауды басып, жер бауырлап жатқанын да көрмек. Ауа тыныс алдырмастай. Бүкіл табиғат тылсымданып қалған. Өлі тыныштықты тастақ жолдағы арба дөңгелектерінің шикылы, ат тұяғының дүңкілі ғана бұзып келеді. Айнала жым-жырт. Не ат-арба, не жаяу біреу-міреу жолығар емес. Көміршілер, рудник жұмысшылары жағатын шам да, от та көрінбейді.

Ауа райына алаңдамай, уақыт оздырғысы келмей аттанған Строгов бір ғана жәйтті ойлап отыр: мынадай ауыр күнде алдарында жайсыз жайдақ арбамен кетіп бара жатқан саяхатшылар кімдер екен? Қайда, неге асығуда?

Сағат онбірге жақындағанда найзағай ойнап жөнелді. Ол жарқ-жұрқ еткен сайын жол жиегіндегі нән қарағайлар құлардай коқырайып, жарқабақтар жұтардай үңірейіп көрінеді. Күн күркірі еселене жаңғырығып, тау ішін астаң-кестең етеді. Жолдың өрі, ауаның қапырығы қалжыратқан аттар әрең ілбіп келеді.

– Асуға сағат нешеде жетер екенбіз? – деді Строгов.

– Түнгі сағат бірде жетерміз, егер жете алсақ, – деді лаушы.

– Уайымдама, бауырым. Сен бұл жолмен бүгін ғана жүріп келе жатпаған шығарсың?

– Рас, бірінші рет емес, алайда, мырза, сіз бекер асығыс шықтыңыз, – деді лаушы сәл қыжылмен.

– Шықпасам мүлде жаман болар еді, – деді шабарман.

Лаушы сөз жарыстырудың қажеті жоғын түсініп, аттарын айдай түсті. Кенет жалын найзағай бұлтты тіле жарқ етіп, күркірі тауды теңселтіп жібергендей болды. Аттар селк-селк етіп тоқтай қалды. Строгов қыздың қолынан ұстай алып:

– Надя, сабыр сақта, найзағай күшейе бастайды, – деді.

– Мен қорықпаймын, – деді қыз.

Аттар шапшып, жұлқынып шегіне бастаған. Лаушы мінберінен ыршып түсіп, аттарына ұмтылды. Егер ие бола алмаса, күйменің сол жақтағы жарқабақтан ұшып кетуі мүмкін. Строгов соны байқай қойды да, шошынған аттарын тоқтатуға шамасы келмей жүрген лаушыға көмектесуге ұмтылды. Ол ғажап күшті еді, аттарды лезде тоқтатты. Ал дәл сол сәтте жоғарыдан бір жойқын дауыс естілді. Бұлар жалт қараса: түйетастардың бірнешеуі және түбірімен қопарылған ағаштар сырғып келеді екен! Бұларды мылжалап кететін!

– Бұл жерден кету керек, – деді Строгов.

– Қайда кетеміз, жарқабақтан құлап кетпесек?! – деді лаушы, қорыққаннан баж-бұж етіп.

– Сен оң жақтағы атқа ие бол, мен сол жақтағыны ұстаймын, – деп бұйырды шабарман.

Ұйтқи соққан дауыл бұлардың өздерін ұшырып кете жаздады.



Күйме сырғи жөнелді де, құдай оңдағанда, әйтеуір, жолдың жиегінде жатқан қарағайға тіреліп тоқтады. Надя күймеден басын шығарып қарады. Қимылында үрейдің нышаны да жоқ.

– Таксыр, қайтсақ қайтеді? – деді лаушы.

– Қайтпаймын! Анау асудан кейін жартастар бізге қорған болады.

– Мынау аттарға не істерсің, ілгері аттамай тұрған жоқ па? – деп жақауратты лаушы.

– Бос сөзді қой, жылжуымыз керек, кешікпеуді менен патшамыздың өзі талап еткен! – деді Строгов қатқыл сөйлеп, патшаны бірінші рет аузына алып.

– Е, жануарларым, кәне, кеттік! – деп лаушы айғай салғанда аттар жүріп кетті.

Строгов пен лаушы шеткі екі атты ауыздықтарынан ұстап, жанай жүріп келеді. Ұйтқыған құтырық жел екеуіне бірнеше рет дізе бүктіре жаздады. Мықтап байланбағанда күйменің төбесін де жалаңаштан кетердей болды.

Күйме өрге қарай екі сағат жүріп, межеге жете берген кезде жолаушыларға тастан бұршақ жауып кетті. Строгов аттарды тезірек айдамақ болып еді, керісінше шықты – аттар тұрып алды. Қауіптің де құдіреті бола ма, кім білсін, Строгов дертені ұшынан шап беріп ұстай алды да, күймені ат-матымен кейін бірнеше қадамға итеріп алып барды. Сол сәтте беткейден құлаған түйетас жігіттің жаңа ғана тұрған жерін орып өте шықты.

– Аға! – деп қалды Надя, жанайқайы шығып.

– Қорықпа, құдай сақтайды, бара жерімізге аман-есен жетеміз, – деді жігіт.

– Мен өзім үшін қорықпаймын. Маған құдайдың көзі түзу шығар, жолсерігім етіп сені жіберіпті, – деді қыз толқыған үнмен.

Саяхатшылар жиырма-отыз қадамды ілбумен өткізіп, қалың жартастың қойнауына кірді. Ол жер ықтасын, қауіпсіздеу. Бірақ жоғарыда ұйтқыған тентек жел кейде түйдектеле құдиып келіп жартасты ұрғанда, тіпті бар-ау, жарып жіберердей болады. Строгов Надяға күймеден түсуді, алқын-жұлқын ауа райынан бір сәт тыныс алу үшін жартастың қуысына бара тұруды ұсынды. Жаңбыр шелектен жауып, ілгері жүруге мүмкіндік қалмаған да. Біздің кейіпкеріміз қаншалықты асықса да, мынадай аласапыранда және көзге түртсе

көргісіз қараңғылықта жол жүру тым қауіпті екенін ескеріп, аялдай тұруды жөн санады.

– Дауыл күшейіп кетті, бірақ ұзаққа созыла қоймас. Сағат үшке таман таң да белгі берер, ойға содан кейін түскеніміз дұрыс болар, – деді жас жолсерігіне.

– Шаршайды-ау, қауіпке ұшырайды-ау деп мен үшін алаңдамай-ақ қойыңдаршы! – деді Надя.

– Қарындасым, сенің неге болсын төтеп бере алатыныңды білемін. Ал мен өзім үшін қауіптенемін, себебі менің орындауға тиіс аса жауапты міндетім бар.

Надя жауап қатып үлгірмеді. Бір сұмдық сатыр-күтір дауыс естілді де, күкірт иісі бұрқ етіп, тынысты буа бастады. Күймеден жиырма кадамдай жерде тұрған самырсынға жай түсіп, зор ағаш лапылдап жана жөнеліпті. Лаушы қатты дауыстан қалпақтай ұшқан, тек дін аман қалыпты. Күркір бірте-бірте ақырындай бастады. Кенет Надя жолсерігін қолынан ұстай алып, үрейлене сөйлеп:

– Аға, мен бір айқай естідім! Біреу көмекке шақырып шыңғырып жатыр! – деді.

### *Он бірінші тарау* **Саяхатшылар азабы**

Олар шынында бір айқай естіді. Күйме тығылған тұстан сәл қиыстау жол жақтан естілді.

– Әлдебір қиыншылыққа тап болған саяхатшылар шығар! – деді Надя, ышқыныңқырап.

– Оларды қайте қоямыз, Құдай өзімізді қор қылмаса екен! – деді лаушы.

– Неге көмектеспеске? Мен байқап келейін, – деді Строгов.

– Мен де барамын, – деп қалды Надя.

– Сен, қарындасым, тырп етпе, осында бол, күймеден ұзама.

– Жарайды, – деді қыз. Строгов көрінбей кеткен кезде лаушы:

– Бойжеткен, ағаң ағаттық жасады, бекер кетті, – деді қызға қарап.

– Жоқ, ол дұрыс істеді, ондағыларға жәрдем керек болып қалған шығар, – деді қыз салмақты сөйлеп.

Шабарман жігіт аяғын жебей басқан. Қиын жағдайға ұшыраған жүргіншілерге көмектесуге асығып та, «мынадай аласапыранда

тауға саяхатқа шыққан кімдер екен?» деп іштей таңданып та келеді. Жаңбыр толастағанымен жел ұлуын қояр емес. Құтырған жел біздің кейіпкерімізді де қаңбақша дедектетіп ала жөнелердей. Іркестіркес арсаланған жартастар ешкімнің қарасын көрсетпейді, бірақ шабарманның құлағы мына бір сөздерді шалып қалды:

– Ұста деймін, ұста! Көлігінің сиқын қарашы! Осындай итаяқпен жолға шыққышың! Бұл үшін, жексұрын неме, сенің үстіңнен арыз жазса, сауап болар еді!

Осылай зіркілдеп жөнелгеннің сөзін қатты қарқылдаған күлкі бөліп жіберді. Сірә, оның сес көрсете бастағанына серігінің күлкісі келген болар. Күлген дауыс:

– Әрине, еркіңіз ғой, бірақ күлмеске болмады, – деді.

– Оның несі күлкі, түсінбедім, – деді біріншісі.

– Жаным-ау, өзің айтшы, енді не істеуіміз керек? Ал менің күлетінім: біз бұл дүниеде басқа еш жерде мұндай халге ұшырамас едік, – деді екіншісі.

– Англияда мұндайға тап болмасымызды мен де сезем, – деді біріншісі, ашулана сөйлеп.

Тұмсық жартасты айналып өткен Строгов өзінен жиырма қадамдай жердегі әлгі сөйлескендерді көрді. Найзағай ойнап өткен сәтте ол бір арбаның батпақтан соңғы жағы ғана көрініп тұрғанын байқады. «Жарты арбада» жарбыып екі ер адам отыр. Мәссаған, кемеде өзімен бірге келген шетелдік тілшілер!

Строговты көре қойған француз қулана сөйлеп:

– Әп, бәрекелді! Сәлеметсіз бе? Сізге әріптесімді таныстыруға рұхсат етіңіз, мінеки, әрі бәсекелесім Блэнт мырза, – деді.

Ағылшын маңыздана бас изеп, сонсоң серігін таныстыруға ыңғайлана бергенде Строгов одан бұрын сөйлеп:

– Әуреленбеңіз, біз таныспыз ғой, Еділді құлдай бірге жүздік емес пе? – деді.

– Е, иә, солай. Мархабат етіп, кім екеніңізді айтпас па екенсіз? – деді француз.

– Иркут көпесі Николай Корпановпын. Ал сіздер мұнда не күйге ұшырадыңыздар? Біріңіздің ашуланып, біріңіздің күлгеніңіз қалай?

– Корпанов мырза, өзіңіз айтыңызшы, міне, арбамыздың кіндігі шығып кетіп, аттар алдыңғы екі дөңгелек жақты алып кете барды,

лаушымыз қуып жетпек болып соңдарынан жөнелді, қуып жетер-жетпесі белгісіз. Арбаның артқы жартысы батпаққа батқан күйі қала берді, міне, үстінде біз отырмыз, бұл күлкілі емес пе?

– Тіпті де күлкілі емес. Енді ары қарай қайтпек керек? – деп тырсыды Блэнт.

– Оқасы жоқ. Ат орнына сізді жегеміз де, делбені мен алып, сізді кәдімгі лаушыша айдаймын. Сіз желіп ала жөнелесіз, – деп француз қалжыңдады. Ағылшын ашу шақыра сөйлеп:

– Жоливе мырза, аузыңызға ие болыңыз, мен мұндай қалжақты ұнатпаймын, – деді.

– Абыржымаңыз, әріптесім, сабыр етіңіз. Сіз болдырған кезде орныңызға мен жегілемін, сонсоң сізде де мені тілмен емес, бишікпен сыбайтын боласыз.

Екеуінің қағытпаларын тыңдаған Строгов күліп жіберіп:

– Мырзалар, – деді, – менің сіздерге тиімді мынадай бір ұсынысым бар: менің күйем анау тұста, алыс емес. Лаушымда қосалқы дөңгелек те, кіндік те болып қалар, арбаларыңа жегуге аттарымның біреуін және бергізейін, сөйтіп, ертең Екатеринбургқа бәріміз бірге барсақ деп ойлаймын. Өкінішке қарай, сіздерді өз күйеме алуыма мүмкіндігім жоқ, онда орын екеу-ақ, менімен бірге қарындасым келе жатыр, – деді.

– Сіздің камқор көңіліңізден садаға кетейін, – деді Жоливе.

Ағылшын да солай бірдене деп міңгірледі. Строгов екі журналшыны: Лаушыларың келгенше бізде болыңыздар, деп ертіп күймесіне беттеді.

Ал лаушылары сопиып жалғыз қайтып келеді.

Жоливе жол-жөнекей ауыз жаппады:

– Корпанов мырза, сіз бізге үлкен көмек бердіңіз. Егер Түркістанда тағы бір кездесе қалғандай болсақ, сіздің бұл жақсылығыңызды еселеп қайтарарымыз сөзсіз.

Саяхатының мақсатын сездіргісі жоқ Строгов өзінің Омбыға кетіп бара жатқанын айтып, олардан бүлікшілдер басын алған жерге баруға жүректері қалай дауалағанын сұрады.

– Шынымды айтсам, соңғы жаңалықтарды ести қоятын жерде болғымыз келеді-ақ, бірақ содан соң қайда баратынымызды білмейміз, сірә, Есілге бет алармыз, – деді француз. Шабарман:

– Олай болса, Есілге дейін бірге баралық, – деп ұсыныс жасады.

Әлбетте, оның жалғыз жүргісі келген, алайда өйтер болса, мыналардың күдіктенуі мүмкін. Соны ескерген шабарман: «Бұлар Есілде ат шалдыратын шығар, сол кезде оп-оңай жылыстап құтылып кетермін», деп ойлап тұрды. Әңгіме татар басқыншылығына ауысты.

– Пермьде естіген хабарым: Фофан хан баукеспелерін шұбыртып барып Семей облысын басып алыпты да, Ертісті құлдап кетіпті, сондықтан сіз Омбыға одан бұрын баруға тырысыңыз. Тағы бір естігенім: Огарев сыған болып киініп шекарадан өтіп алыпты да, Қазаннан Екатеринбургға жүріп кетіпті, – деді француз.

– Сіз соны да біліп үлгердіңіз бе?! – деді ұпайсыз қалған Блэнт баж етіп.

– Әрине. Бөлеме хабарлап та үлгірдім, – деді Жоливе.

– Қазанда қарап жүрмеңіз.

– Әрине! Біздің кеме отын іздегенде мен жаңалық іздеген болатынмын, – деп француз рахаттана күлді.

Строгов журналшылардың сөз қағыстарына мән бере қоймады. Оның ойын астан-кестең еткен жәйттер: француздың сығанға айналған Огарев туралы айтқаны; Төменгі Жаңақалада қаңғыбас қарт сығанмен кездескені; Еділде жүзгендерінде сығандар тобының Қазанда кемеден түскені болды. Кенеттен мылтық дауысы естілді. Үшеуі солай қарай ұмтылды. Найзағай өртеген самырсын жартасты қуысына дейін жарық етіп тұр екен. Надя сонда қалды емес пе?! Строгов пен екі тілші жетіп үлгіргенше мылтық екінші рет атылды. Озыңқырап барған Строгов бір үлкен аюдың жатқанын көрді. Аласапыран ауа райынан ық іздеген аю күйме тұрған қуысқа барған. Одан шошыған аттар жанталасып тұра қашқан. Лаушы аттарды тоқтатпаққа соңынан кеткен. Енді Надяға қауіп төнген. Ол болса, үрейге жеңдірмеген, күймеге жүгіріп барған да, Строговтың оқтаулы бесатарларының бірін ала салып, аюды атып қалған. Жараланған хайуан дереу қызға ұмтылған. Қорқынышқа құл болса құритынын білген қыз саспаған, қарсы келіп қалған аюды екінші рет атқан. Дәл сол сәтте жеткен Строгов теңселіп тұрған аюға аңшы пышағын дәлдеп салып, жайратып тастады.

– Қарындасым, қалай, жарақаттанып қалмадың ба? – деді шабарман жігіт, қатты алаңдаған үнмен.

Қарындасы дін аман екенін айтты. Оқиғаны көздерінен өткізген екі журналшы жақындап келіп, Надяға құрметпен бас иісті.

– Корпанов мырза, қару сілтесіңізге қарағанда, сіз жай ғана көпес емес сияқтысыз! – деді Жоливе.

– Мырзалар, сібірлік өмір осылай, бәрін де үйренуге мәжбүр боласың, – деді шабарман.

Сол әредікте екі атын жетектеп лаушы да оралды. Ол аттарды жегуге кіріскенде француз әріптесіне сыбырлап:

– Қарындасы ағасына сай екен, екеуі де тегін болмады, – деді.

Строгов екі саяхатшының жағдайын лаушысына түсіндірді де, аттардың біреуін соларға бере тұру керектігін айтты. Лаушының көңісі келмеп еді, бірақ шайлығына тағы қосымша берілетінін естіген соң келісті. Балтасын алып, кіндік жасап берді, қосалқы дөңгелегін апарып орнатты. Екінші дөңгелектерінің орнына көлбеу сүйретпе сырық орнатты. Сөйтіп, бірнеше сағаттан соң біздің жолаушылар Екатеринбург аман-есен ұшарласып жетті. Блэнт өздеріне жалға көлік берген кісіге жолда көрген қорлықтары үшін қатты-қатты сөз айтты. Оның түтіге ашуланғанына ішек-сілесі ката күлген француз күлкісін тиды да, өзінің қойын кітәпшасына: «Ресейде саяхатқа шыққанда төрт дөңгелегі болатын, саяхаттың соңында екі дөңгелегі ғана қалатын арбаны көлік деп атайды», деген сөйлемді жазды.

### *Он екінші тарау*

#### ***Шатақ***

Оралдың басқару мекемелері де, өркенді өнеркәсібі де Екатеринбург қаласында орналасқан. Әншейінде әжептәуір көп халқы бар қала біз әңгімелеген тұста Түркістаннан, қырғыз даласынан қашып келген босқындарға толып кеткен-ді. Төмен мен Есілге апарар жол осы жерден басталады, әуелде тауды аралап, Орал қыраттарымен де өтеді, одан арыда жүз жетпіс шақырымдағы Қызылжарға дейін шексіз жазық дала. Строгов жолай еш жерде тоқтамайтынын жолсеріктеріне алдын ала ескертті. Тілшілер де бөгелмейтіндерін мәлімдеді. Жоливе әріптесі екеуіне жақсы күйме жалдап алып, екі көлік түс кезінде Екатеринбург бет түзеді.

Надя жан-жағынан қызыға көз тастап, қатты толқып отыр. Ақырында Сібірге, туған жерінен сотпен жераударылған әкесі тұрған өңірге жетті ғой! Қыз жанары жап-жазық даланы аймалап келе жатқандай. Мұнша далаға ештеңе егілмегені еріксіз таңдандырған.

Бұл маңның топырақ беті құнарсыз. Оның есесіне терең қабаттары ерекше минералға бай.

Әкесін ойлап отырған қыз қасындағы серігін де көңілінен шығарған емес. Өзі үшін аса сәтті болған бұл сапарының куәгері де қамқоршысы Строговпен қалай ұшырасқанын ұмыта алмас. Жолсерік етіп осындай адамды, шын мәнінде бірге туысқан ағасындай болып кеткен сенімді жанды жолықтырған Құдайға алғыс айтып келе жатқан жайы бар. Бұл жігітпен бірге жүргенде оған ешқандай кедергі қауіпті болмақ емес, көздеген жеріне де қиналмай жете алады. Строгов та осы бір жолғасудың мәнін ойлап, Надямен танысудың қисынын келтірген тағдырға ризашылық білдіріп келе жатқан. Қызға қамқоршы болғаны адамгершілік болумен қатар өзінің жүріс-тұрысына күмән-күдік келтірмес жәйтке де айналды. Қыз шынында оның рухани қарындасы іспеттес, мінез-құлқы ұқсайды: бірбеткей адал, кеңпейіл, батыл.

Строгов өзіне еуропалық Ресейден гөрі осында қауіп көбірек екенін, әсіресе Огаревтің шекарадан өтіп кеткені қатерлі екенін түйсінді. Шабарман екені айғақталып қалар болса, онда алған тапсырмасымен қоса өзі де құриды. Ол жүктелген жауапкершіліктің аса ауыр екенін де жете ұғынып, бұдан былай барынша сақ болуды ойлады. Мұнда Строгов пен Надя әрқайсысы өз ойымен болып отырса, екінші күймедегілер де ой үстінде келе жатқан. Екі тілші жолай көріп-білгендерін қойын дәптерлеріне жазып алуда. Бірін бірі қайталаса да жазып әлек. Аялдаған жерлерде жігіттер бас қоса қалғанмен сөздері жарасып кете алған жоқ, ал Надя олар тамақ ішкен кездерде қосылады да, басқа уақытта күймеден шықпайды. Көре қалғанда бәйек болып силауға тырысқан Альсид Жоливеге жылы шырай көрсетпеді. Ал ағылшын, керісінше, қызға көз салмады, әрқашанғысынша ыздыып, шытынан жүрді. Бірде Жоливе оған:

– Корпановтың қарындасы неше жаста дей аласыз? – дегенде ол самарқау пішінмен:

– Қарындасы дейсіз бе? – деді. Ол қылығына қитығы келген Жоливе:

– Жо-ға, әжесі! – деп алды да: – Оның жасы нешеде деп отырмын ғой?! – деп еді, Блэнт:

– Мен қайдан білейін, шоқындырылғанда жанында тұрған жоқпын, – дей салды.

Әнгімелері сонымен доғарылды.

Біздің жолаушылар жүріп өткен жерлерде тірі жан кездескен жоқ. Мекендердің бәрі қаңырап жатыр. Тұрғындары малдарын, дүние-мүліктерін алып, қауіпсіз жаққа ауып кеткен. Көтеріліске қатыспаған қырғыздар да артынып-тартынып, Ертістің, Обтың арғы жағына тайып тұрған. Ал Строгов пен оның жол серіктері өткен қалаларда пошта, телеграф ақаусыз, тыныш істеп тұр, онысы қолы жеткен мағлұматты тиісті жеріне хабарлауға асығып келе жатқан екі журналшыға жақсы болды.

Строгов саяхатының кедергісіз жалғасуына дән риза. Осылайша тыныш болса, Иркутке ертең-ақ жетіп барады.

Біздің кейіпкерлеріміз шілденің 22-сі күні Төменге ат басын тіреді. Металл қорыту, қоңырау құю заводтарымен атағы шыққан қала ерекше ию-қию жағдайда екен. Саяхатшыларға мағлұмат та мол болып шықты: Фофан ханның әскерлері Есілге тақалыпты. Иван Огарев оларға әлде қосылып кеткен, әлде бүгін-ертең қосылмақ. Еуропалық Ресейден шақырылған әскерлер жолдың қашықтығы салдарынан әлі жете алмай жатыр. Оған дейін Тобыл губерниясының казактар полкі Төменге келіп, бүлікшілдердің жолын кесуі керек.

Біздің кейіпкерлер кешке Тобылдан пароммен өтіп шықты. Ағыны баяу өзеннен өту оңай болды. Сөйтіп, саяхатшыларымыз Сібір даласына енді. Бұл жер – қалың шөп басқан, бірде-бір төбегіші жоқ аса кең жазық. Жол дегенің, егер шандағаны көрініп жатпаса, жап-жасыл жалпақ әлемнің үстінде қалған ұп-ұзын арқан тәрізденеді.

Келесі күні кеште, Есілге отыз шақырым қалғанда, Строгов бір күймені қуып жетті. Ол, егер ол күймеден озып кетпесе, пошта стансасында ат ауыстырудан құр қаларын түсінді. Бейтаныс күймемен қатарласа бергенде одан біреу басын шығарып:

– Тоқта! – деп айғай салды.

Біздің кейіпкерлер ол айғайға құлақ қойған жоқ, күймелері жарыса зымырап кете барды. Бейтаныстың үш аты да титықтаған күймесі кейіндеп, біраздан соң артта көрінбей қала берді.

Строгов пен Надя және екі тілші кешкі сағат сегізде Есілдің почта стансасына жетіп аялдады. Онда жағдай мәз емес екен. Бұхарлықтар қалаға жақындап қалғандықтан мұндағы үкімет Тобылға көшіп кетіпті. Строгов ат ауыстырып беруді дереу талап етті. Тездетіп жеткендері дұрыс болыпты, әйтпесе атсыз қалады екен. Поштабайдың қолында



тың үш-ақ ат бар болып шықты. Сол жаңа аттары жегіліп жатқан әредікте Строгов қош айтуға екі журналшыға барды, өйткені ол екеуі Есілде қалатын болған. Екі журналшы оның өздеріне қысталанда жәрдем бергеніне ризашылық білдірісіп, шабарманның қолын қатты қысып қоштаса бастады. Сол кезде есік айқара ашылып, манағы артта қала берген бейтаныс кіріп келді. Жасы қырық шамасында. Еңгезердей. Сиқы әскери адамға ұқсайды. Жамбасында – атты әскердің қылышы, ал қолында – бишік.

– Ат керек! – деді ол қатқыл үнмен бұйыра сөйлеп.

– Бос ат қалмады, – деді поштабай.

– Күймеге жегіліп жатқан аттар қайдан келді?

– Оларды мына мырза алды, – деп поштабай Строговты меңзеді.

– Оттапсың! Сол аттарды маған бер, тез, тосатын уақытым жоқ! – деді бейтаныс бақыра бұйырып.

Ол көрініс көңілін қамықтырған Надя ағасының жанына барып тұрды.

– Сен, немене, естіген жоқсың ба? Анау аттарды менің күймеге жек! – деп бейтаныс жолаушы поштабайға тағы ақырды.

Поштабайдың есі шығып, жапақтан Строговқа қарады. Не боп қалғанын білмекке екі жорналшы олардың қастарына келді.

– Ол аттар басқа күймеге жегілмейді, – деді Строгов, жайбарақат сөйлеп. Жоқтан өзге себеппен жолынан қалмауды ойлаған. Бейтаныс оған бетпе-бет келді де, дөрекі түрде:

– Солай деңіз?! Аттарыңызды маған бермейсіз, ә?! – деді.

– Бермеймін, – деді Строгов.

– Жаксы! – деп баж етті бейтаныс. – Олай болса, олар қай жеңгенімізге бұйырады. Қорғаныңыз, кәне! – деп қылышын қынынан суырып алды.

– Мен қылыштаспаймын, – деді Строгов саспай, екі қолын айқастыр кеудесіне қойып.

– Немене?! Қылыштаспайсыз, ә?! Ал мынадан кейін ше?!

Басқалар ауыз ашқанша болған жоқ, бейтаныс бишігімен Строговты иығынан тартып кеп жіберді. Намысы қорланған шабарман қанын ішіне тартып, қос жұдырығы түйіле қалды. Ол мынау бейтаныстың аяғын аспаннан келтірмек еді, бірақ барынша сабыр сақтады. Жекпе-жекке шығып шайқасар болса, біріншіден, жолынан қалады, екіншіден

– шатаққа ұрынады да, алған тапсырмасы орындалмайтын болады. Ол өзін өзі күштеп тежеп, тырп етпеді.

– Қорқақ! – деп бақ еткен бейтаныс одан теріс айналып, поштабайға: – Бол, тез! Аттарды жек! – деп бұйрық берді.

Бейтаныс сыртқа беттеді. Строговка риза болмаған поштабай оның соңынан жөнелді.

Екі тілші де Строговка іштей мін такты білем, тұрған жерлерінде қоштасудың салқын ишаратын жасасты да, тез шығып кетісті. Бірнеше минуттан кейін сырттан орнынан тез қозғалып ұзай берген күйме дүбірі естілді.

Надя мен Строгов оңаша қалған. Жігіт екі қолын кеудесіне қойған қалпы тас болып қатып қалғандай. Өңі әлемтапырық. Оның жаңағы бейбастақтыққа қайыра қылық көрсетпегені бұл жаққа келуінің төзімділікті талап еткен ерекше себебі барлықтан екенін Надя бірден ұқты да, жігітті қолынан ұстап, оның көзінен домалап кеткен тамшы жасты анаға тән мейірімділікпен ақырын ғана сүртіп алды.

### *Он үшінші тарау* **Парыз бәрінен қымбат**

Лау аттары келесі күні ғана табылатын болған соң басқа істер қайраны жоқ екі жасқа пошта стансасында түнеп шығуға тура келді. Ағасының оңаша болғаны дұрыс деп топшылаған Надя өзі де дем алу үшін жеке әзірленген бөлмесіне кетті. Строгов түні бойы көз ілген жоқ. Өзін қорлаған бейтаныстың сиқы жадынан өшер емес. Оның кім екенін, қайдан келгенін, қайда бара жатқанын қайткен күнде білуі керек. Ол поштабайдан соны сұрап еді, анау ештеңе айта алмады, айтуға зауқы да жоқ сыңай танытты.

Ертеңінде аттар әзір болып, біздің кейіпкерлеріміз Есілден аттанды. Екеуінің де жүрегінде кешегі көріністің зілі жатты.

Сол күні екеуі Есілден пароммен өтіп шықты. Есіл – Ертістің бір саласы. Ағысы қатты екен. Анау жолы Тобылдан өткендегідей қиыншылық болды. Өзеннен өткізушілердің айтуларынша, Фофан хан әскерлерінің алды Тобыл губерниясының оңтүстігіне келіп жеткен. Тосқауылдаушы орыс әскерлерімен болған қақтығыстарда бұхарлықтар жеңіп шығып, жолындағы жұртты жайпап келе жатқан көрінеді. Тұрғындар бас сауғалап босып кетіпті. Сол жаңалықты

естіген Строгов барар жеріне жете алмай қалудан сескенген. Өздері өтіп шыққан тұста сібірлік шекара бекіністерінің соңғысы ғана қалыпты, басқаларын бұхарлықтар қиратып, өртеп жіберіпті. Екі саяхатшымыз иен даламен жол тартып келеді. Строговта үн жоқ. Оның қиналып келе жатқанын түсінген Надя жігіттің Омбыдағы шешесінен не хабар барын сұраған.

– Ешқандай хабар жоқ, – деді шабарман.

– Анаңа осы жолы соғасың ба? – деді қыз.

– Жоқ, қайтар жолда барамын, – деді жігіт.

– Ол Омбыдан кетіп қалған шығар әлде?

– Мүмкін. Тобылға жетіп үлгірген шығар деп те үміттенулімін.

Ол бұл жақтың ойы-қырын жақсы біледі. Әкем екеуі талай жүрген жерлері. Менің сәби кезімде, – деді Строгов.

– Анаң әлі Омбыда болса ше? Шынымен бармайсың ба? – деді Надя.

– Жоқ, – деді жігіт селт етіп. – Надя, сен ол жағын сұрамашы. Анама соқпауымның себебі кешегі жексұрынның дертесін қайырмаған себеппен бірдей.

Оның дауысы дірілдеп кетті.

– Сабыр ет, ағатай, енді сұрақ беріп мазаламаймын. Сенің ойыңда жоқта төзімділік көрсеткенің ана алдындағы перзенттік парызыңнан да күшті бір қажеттіліктен туындады деп білем.

Келесі күні, шілденің жиырма бесінде, жас саяхатшыларымыз таңсәріде жолға шығып, Есілден жүз жиырма шақырым қашықта кетіп бара жатты. Аялдаған пошта стансасында лаушы оларға жатып жалынып, одан ары қарай жүрмеуді өтінді, жүрер болсақ бұхаралықтардың қолына түсіп қаламыз, олардың отрядтары жердің асты-үстін адалап жүрген көрінеді дегенді айтты. Шабарман оған ақша беріп, аузын әрең жапты.

Строгов жол бойында ешкімге күдіреті күшті төлқұжатын көрсеткен жоқ. Өйтер болса, өзіне назар аудартуы әбден мүмкін еді.

Олар ары қарай аттанды. Жол жақсы екен. Түс ауа, сағат үшке таман, Ертістің жағасына жетті. Омбы небәрі жиырма шақырым алда. Сібірдің ең үлкен өзендерінің бірі Ертіс Алтай тауларынан бастау алып, солтүстік-батысқа қарай жеті мың шақырым ағып барып, Обь өзеніне құйылады. Жаңбыр мол жауып тұрғандықтан өзен арнасы

толы екен. Бұл жерде де паром арқылы өтуге тура келді. Қатты ағыс паромға қиын тиетін көрінеді, бірақ Строгов пен Надя сескенген жоқ. Екеуі қандай қиындықтан болсын жасқанбай, тезірек ілгерілей беруді ғана ойлайды. Ағасы арғы жағаға әуелі күймені өткізіп, содан соң Надяны алып өтуге қайта келуді жөн көрген. Оған Надя көнбеді. Уақытты ысырап ету деді. Су тым көтеріліп кеткендіктен паром да биіктеп, оған күймені шығару бір қиямет болды. Әйтеуір, өйтіп-бүйтіп ретін келтірген соң паром орнынан жылжыды. Паромшы екі жігіт ұзын сырықтарын тірей итерісіп, паромды басқаруға кіріскен, алайда өзеннің ортасына тақалғанда сырықтары су түбіне жетпейтін болып қалды да, өзен ағысы паромды үйреншікті жолынан шығарып жіберді. Күймеде отырған Строгов пен Надя оның ақыры қалай боларын еріксіз күтісті. Әйтсе де, паромшы жігіттер жанталаса қимылдап, паромды бағытынан жаңылдырмауға тырысты. Ақырында ағысқа ырық бермей, арғы жағаға жеткізді, бірақ паром тұрақты айлағынан бес шақырым төмен барып тоқтауға айналды. Өйткізбеске шара болмады ғой.

Кенет біздің кейіпкеріміз өзенді құлдап келе жатқан бірнеше үлкен қайықты көрді. Ескектері сыпылдап, жақындап та қалды. Строгов Надяға айтуға ауыз ашып үлгіргенше әлдекім:

– Бұхарлықтар! – деп баж етті.

Шошып кеткен паромшылар сырықтарын тастай салуға ыңғайлана бергенде Строгов оларды сабыр сақтауға шақырып, ағынды абайлап ілгерілей беруді өтінді, мол ақы беретінін ескертті.

– Надя, сақтанып дайын отыр, суға секіруге мәжбүр болуымыз да мүмкін, – деді қызға.

Қайықтар жүз қадамдай жерге келіп те қалған. Бұхарлық солдаттар екені ап-анық көрінді. Строгов сырықтың бірін ала сала паромшыларға көмектесе бастады. Ондағы ойы – жағаға бұрын жетіп, күймемен тайып тұру. Өйте алса көліксіз бұхарлықтар жер соғып қала береді. Бірақ ойы орындалмады. Қайықтағылар оқ жаудырып жіберіп, екі ат бірден омақасты. Алдыңғы қайық паромға тақалып та қалған. Строгов қызды қолынан ұстай суға секіріп кетіп еді, тек әлдене иығына сарт етіп, көзі қарауытып, басы айналғандай болды.

Бұхарлықтар паромшыларды өлтіріп тастады да, қатты қарсыласқан Надяны байлап-матап, қайыққа салып алып, Ертісті құлдап кете барды.

*Он төртінші тарау*  
*Ана мен бала*

Омбы – Батыс Сібірдегі ең ірі қалалардың бірі. Екі бөліктен тұрады. Бірін губернатор және жұртшылық мекемелері мекен етсе, екінші бөлігіне коммерсанттар ие. Қала әр бұрышында қарауыл мұнарасы бар дуалмен қоршалған, алайда монғол текті шапқыншылар оншама биік емес дуалды тез талқандап, тұрғандарының жанкешті қарсылықтарын басып-жаншып, қаланы қиратқан. Бүлікшілдер соңдарынан көмек алып, күшейе түсуде. Олардың жойқын қимылдауына сатқын Иван Огаревтің, аса білімдар да ержүрек кісінің басшылық етуі бірден-бір себеп-ті. Полковник Огаревтің шешесі татар еді, яғни монғол қанды ұлынағашыларына тартқан ерекше қу, аса қатыгез болды. Сол қырымен танылып, Фофан ханға көмекші болып алған. Строгов Ертістен өткен күндері Огаревтің әскерлері Омбына алып, енді шығысқа – Томға асыға аттанды, онда оларға әмірдің қалған әскерлері қосылмақ. Ал Огарев шабуылшыларды ең негізгі тірек Иркутке бағыттап жіберуді ойлаған, себебі оған керек үлкен кнэз сонда ғой. Сатқынның ол ойы, бізге таң болғанындай, императорға да белгілі еді, соған қарсы әрекет жасауға Строговты таңдап жібергені сондықтан.

Жас шабарман суға секіріп түскен сәтте иығына соққы тигенмен, абыржыңқырап қалғанмен, есін тез жиып, жағаға қарай жүзе жөнелген болатын. Жағаға шыққан кезде кенет әлсіреп, аяғын басып тұра алмай, құлап түскен. Есін жиып, жан-жағына ақырын қараса – біреу өзіне үңіліп тұр. Сөйтсе, ол қарапайым шаруа екен, үй де соныкі. Ес-түссіз жатқан жерінен алып келген ғой. Строгов мән-жай сұрамаққа оқтала бергенде шаруа оған:

– Мырза, сізге сөйлеуге болмайды, қиналып қаласыз.. Сізге не болғанын, мұнда неге жатқаныңызды сұратпай-ақ айтып берейін, – деді.

Шаруа паром тоқтайтын тұста тұрады екен. Паромның ыққанын, бұхарлықтардың біздің саяхатшыларға шабуыл жасағанын, Строговтың жандәрмен жағаға шығып құлағанын көріпті, сонсоң жаралы жігітті үйіне арқалап алып келіпті. Строгов дереу омырауын сипаласа, патшаның хаты орнында екен.

«Жоғалмапты, құдайға шүкір» дей бере ойына екінші бір қорқынышты жәйт келді:

– Құдайым-ау, мен жалғыз емес едім ғой, менің қасымдағы қарындасым қайда? – деді ол ышқына сөйлеп.

– Көкетай, сабыр етіңіз, олар бойжеткенді өлтірген жоқ, қайыққа салып алып кетті, Ертісті құлдап кетті. Құдай қосса, қарындасыңызды тауып аласыз әлі-ақ, – деді шаруа жұбата сөйлеп.

Сұмдық хабар тынысын бұғандай болған Строгов сөйлей алмай қалды. Біраздан соң ғана оңалып:

– Омбы алыс па? – деді.

– Екіарамыз – бес шақырым ғана. Мырза, сіз дем алып, әбден тынығыңыз. Содан кейін барасыз. Құдай сақтағанда анау қарақшылар сізді өлтірмеді. Басыңыз аман, ақшаңыз жаныңызда. Иығыңыздағы жара көп ұзамай жазылады, – деді шаруа.

– Құрметтім, айтыңызшы, мен мұнда жатқалы неше күн болды? – деді шабарман.

– Үшінші күн, мырза.

– Құдайым-ау, үш күнді жоғалттым ғой?! – деді жігіт қыстығып. Сонсоң шаруаға жалт қарады: – Сенің ат-арбаң жоқ па?

– Жоқ, көкетай, атаңа нәлет татарлар түк қоймай тонап кетті. Сіз шынымен жолға шықпақсыз ба? Жүруге шамаңыз жоқ қой?!

– Ештеңе етпейді, бір минут те бөгеле алмаймын, – деді Строгов кесіп сөйлеп.

– Олай болса, еркіңіз, жаяу барайық, мен сізді Омбыға апарып салайын, – деді шаруа.

– Құрметтім, сен маған көп жақсылық жасадың, ризамын саған, рахмет! – деді шабарман тебіреніп.

Үйден шығып, бірнеше қадам басқаннан кейін-ақ жігіттің басы айналып, жарасы жанына бата бастады. Ол күш-қуатын шамалай алмағанын түсінді. Әйтседе, ешбір бөгелмеуді, Иркутке қалайда тезірек жетуді ойлады, бетінен қайтпады. Иркутке жеткені–мақсатының орындалғаны. Әлдезаманда шаруа екеуі Омбының сауда орындары орналасқан бөлігіне барып жеткен. Онда бұхарлық әскерлер қожа екен. Қала төтенше жағдайда көрінеді: татар отрядтары жыртылып айырылады, негізгі күштері ортадағы аланда тұр, аттануға бұйрық алса-ақ тұра ұмтылардай. Ал қаланың мықтап қорғаныс жасаған жоғарғы бөлігіне бүлікшілдер әлі аяқ баса алмапты.

Строгов пен серігі қаланың пошта стансасына баруды жөн көрді,

шаруаның айтуына қарағанда, ат-арба содан ғана табылуы мүмкін. Екеуі бір тар көшемен келе жатыр еді, кенет артқы жақтарынан июкию дауыс естілді. Жалт қараса – бұхарлық атты әскер отряды шауып келеді. Екеуі көшенің бір қалтарысына тығылып үлгірді, әйтеуір. Отрядты орыс әскери киіміндегі бір офицер бастап кетіп барады. Ол Огарев еді. Строгов оны көзімен ұзатып тұрып, ызадан жарыла жаздады: Есіл поштабайы алдында өзіне қол жұмсаған саяхатшыны танып үлгірді. Строговтың көз алдына Төменнің жәрмеңкесінде ұшырасқан қарт сығанның да бейнесі келе қалған. Демек, мынау офицер мен анау сыған – бір кісі! Әуелі сығанша киініп, солардың тобында жүрген де, Омбыға келгенде жеңімпаз бола қалып, офицер киімін киіп шыға берген.

«Енді мүлде сақтанып жүруім керек те, бұл жексұрынмен кездеспеуім керек. Кім екенін біліп алдым, таныдым, реті келгенде кегімді қайтарамын!» деді Строгов іштей.

Біздің кейіпкеріміз поштабайдан ұзақ жолға төзімді делінген бір жақсы атты алды. Жалғыз өзі жүретін болғандық енді салтатпен кету керек деп ой түйген. Ал қаладан түн ортасынан ауа шықпаса болмайды, күзетшілердің, карауылшылардың көзіне түсіп қалу оп-оңай. Сондықтан ол пошта стансасында бола тұруды ұйғарды. Бір үстел басына жайғасып, өзіне кешкі ас әкелуге тапсырыс берді. Бөлмеде кісі көп. Қорқып, шошынып жүрген жұрт жаңалық атаулыны осында еститіндей жиналса керек. Шабарман олардың ешқайсысына көңіл аудармаған, көз тастамаған. Бірақ кенет:

– Ұлым-ау! – деген дауыстан селк етіп, жалт қараса: қол созым жерде бұған құшағын жайып өзінің анасы тұр! Строгов ұшып барып құшақтай алуға шақ қалды, бірақ патшаға берген анты маңдайына шокпарша сарт еткендей болып, дереу тежелді. Патша шешесімен жолығуға тиым салған, себебі: шешесі ұлының қандай қызметте екенін біледі, яғни жұрт көзінше шұрқырап табысу Строговтың өзін өзі әшкерелеп бергені болмақ. Сондықтан ол мейлінше сабырлы, салмақты, жайбарат болуды ойлап, орнынан тұрмады.

– Миша! – деді анасы, жаны шырқырап.

– Сіз кімсіз? – деді Строгов ақырын ғана.

– «Сіз кімсізін» не? Балам-ау, мұның қалай, шешенді танымай отырсың ба?!

– Кісіге кісі ұқсай береді, сіз қателесіп тұрсыз, – деді Строгов салқын үнмен.

– Миша, ұлым менің, сен менен шынымен безінбексің бе?! – деді байғұс ана пұшайман кейіппен.

Енді бір сәт бөгелер болса төзімі таусыларын сезген Строгов шешесінің жүзін көрмес үшін көзін төмен түсіре самарқау сөйлеп:

– Сіздің қылығыңызды түсінбедім. Мен сіздің ұлығыз емеспін, менің атым Михаил емес. Мен – иркут көпесі Николай Корпановпын, – деді. Дауысына діріл араласа бастағанын аңғара қойды да, орнынан шапшаң тұрып, бөлмеден шығып кетті.

– Балам-ау! Ұлым-ау! – деп шыңғырып жіберген кемпір орындықты құшақтай құлады. Әйтседе, оған бір ой сап ете қалды: өзінің ұлы екені – ұлы, ешқандай шүбәсі жоқ; шешесінен безінбейтін жан екені және аян, бірақ безінді, яғни өйтуіне бір ерекше себебі болды.

Бөлмедегілер кемпірді қоршалап алды. Бірінен бірі не болғанын сұрасады, кемпірдің өзінен де сұрасты. Кемпір түрегелді де, байсалдана сөйлеп:

– Ол шынында менің ұлым емес екен, қалай қателескенімді өзім де білмеймін, – деді. Ол шығар есік көзіне бара бергенде кіріп келе жатқан Огарев оның жолын кескестеп:

– Сіз Марфа Строговасыз ба? – деді.

– Иә, – деді кемпір.

Огарев оған соңынан еруді ишарат етті де, алға түсті. Кемпір соңынан ерді. Сатқынның жалдаптары пошта стансасында көргендерін оған дереу жеткізген болатын. Содан сезік алған ол кемпірді тергеуге кірісті. Бірінші сұрағы:

– Сіздің фельдъегер болып істейтін балаңыз бар ма? – болды.

– Иә, бар.

– Ол қайда?

– Мәскеуде.

– Хабарласып тұра ма?

– Осыдан екі ай бұрын хабарласқан.

– Ал жаңа ғана сіз ұлым деген жігіт кім?

– Білмеймін. Қалаға қырық ру жұрт толып кеткеннен бері жігіт біткеннің бәрі маған менің ұлым сияқтанып көрінетін болды. Мен оншақты рет өстіп шатастым, – деді Марфа Строгова байыпты сөйлеп.



– Жақсы. Тек есіңізде болсын: егер сөйлеткім келсе, мен сені сайратып жіберемін! – деді Огарев зіркілдеп. Кемпір абыржымады:

– Мен шындықты айттым, бұл айтқанымнан мені тірі жан жаңылдыра алмайды. Менің ұлымдай баладан ешкім безіне алмақ емес, – деді.

Огарев оған сүзе қарап тұрған. Ол Корпановпын дегеннің мына Марфа Строгованың ұлы екенін түсінді. Ұлы шешесін құдды танымаған болса, ал шешесі оның құдды танымағанын қостап тұрған болса, екеуінің арасында өйтудің бір себебі бар. Огарев ол себепті білуге тиіс, артық болмайды. Ол кемпірді Томға жіберуге, ұлының соңынан қуғыншы аттандыруға әмір етті.

– Кәрі албасты, сен көр де тұр, зарлайсың да сайрайсың менің алдымда! – деді ол, тістене сөйлеп.

### *Он бесінші тарау*

#### ***Барабин даласының батпағы***

Сәтін салғанда Строгов өзін ұстау туралы әмір тиісті жерлердегі қарауылдарға барып жеткенше Омбыдан шығып кеткен. Ойда жоқта болған оқиға – біздің кейіпкеріміздің көпшілік алдында анасымен жолығып қалғаны – оның құпиясы ашылғаны еді, яғни Строгов енді өзін іздеу, қырсоңына түсу басталатынына шүбәланған жоқ. Оның қалтасындағы қағаздардың Огаревқа ерекше қатысы бар, демек, ол оны қолына түсіру үшін жанталасар. Строговқа астындағы атқа сену ғана қалды. Ат жүрісті екен, түн ортасында Омбыдан жетпіс шақырым Кульков станцасына жетті. Бұхарлықтар мұнда болып, бәрін бүлдіріп, талап, тонап кетіпті. Строгов, күйме тұрғай, ауыстырар ат таба алмады да, астындағы атына оны-мұны жем тауып беріп, өзі де тамақ ішіп, ілгері жөнелді. Ауа райы қолайлы, ай жап-жарық. Строгов анда-санда атынан түсіп, жерге құлағын төсейді. Онысы – соңынан қуғыншылар келе жатыр ма, жоқ па, деп тың тыңдағаны.

Ол шілденің 30-ы күні Туромов стансасынан өтті. Алдында Барабин даласы жатыр. Одан өтуде көптеген қиыншылық кездесерін біледі. Бұл даланың о шеті мен бұ шеті 300 шақырым. Топырағы негізінен сары балшық та, суды бойына тартпайды, сыртқа тебеді, әйгілі батпақты жер болғаны сондықтан. Амал не, Иркутке бару үшін батпақтайсың, айналып өтер басқа жол жоқ.

Даланың жол басы тастақ болған еді, енді өзгере бастады. Жол атты кісі көрінбес биік те қалың камысқа кірді, камыстың түп жағындағы шөптесінде су гүлінің сан түрлі әдемісі өсіп тұр. Аттың аяғы астынан дерлік ауық-ауық топ-топ үйрек ұшып, маңайды қиқуға толтырып жібереді. Кейбір тұстың тым батпақты болатыны соншалық, ат басын ол тұсқа әлдекімдер әкеліп төккен құм-тасты жасанды жолға бұруға тура келді.

Строгов атын аямай айдап әлекке түсті, себебі бұлтша торлаған шыбын-шіркей өзін де, атын да шағып, буып, азаптай бастаған. Аты ширығып, шапшып-шапшып қояды. Строговтан басқа бостақым біреу болса, бағана-ақ ұшып түсер еді.

Батпақты, шалшықты жер болса да, Барабин даласы иен жазық емес екен. Елді мекендер жиі ұшыраса бастады. Олардың тұрғындарының көпшілігі қырда, мал соңында жүр. О тұс, бұ тұста алау-от көрінеді, сірә, малдарын шыбын-шіркейге шаққызбасқа жасайтын амалдары болар. Ашты түтін шыбын-шіркейді бездіріп жібереді ғой.

Аялдаған жерлерінде шабарман өзінен бұрын атының жағдайын күйттеді, оған сұлы тауып берді, шыбын-шіркей шаққан денесі қышып әлек болмас үшін үстін шошқа майымен сылады. Кезекті бір селоға жеткенінде, қаншама асығып келе жатса да, атын тыңайтып алу үшін сонда қонды. Алдындағы бекеттерден тың ат табыла ма, жоқ па, оны құдай білсін. Өзіне салса асықпас та еді, бірақ Мәскеу берген нұсқауда тез жету жүктеліп, сонымен қатар сақ жүру ескертілген-ді. Таң белгі бере атқа тағы қонды да, соның ертеңінде Покров селосына жетті. Онда тағы қонуға мәжбүр болды, өйткені аты болдыруға айналған.

Саяхатшымыз тамыздың 2-сі күні Каинге кірді. Сутартқыш құбырлар жүйесі жасалған бұл жердің батпағы мейлінше азайған екен. Қалашықтың маңайы кәдімгі жайылым-жайлауға айналған. Батпағы шылқыған өңірдің ортасындағы өзгеше бір жайлы мекен-арал дерсің. Әйтседе, жаз кезінде бұл жердің де бір жайсыздығы бар көрінеді, ол – безгек ауруының шығуы.

Шетсіз-шексіздей батпақты дала ортасындағы Каин Сібірдің батысындағы басқа қалалардай бүлікшілдердің ойранына ұшырамапты, тұрғындары босып кетпеген, алайда, егер жау жақындай бастаса, көше жөнелуге әзір отырған сыңайда. Біздің саяхатшы мұнда жаңалық естіп жарымады, қайта, егер тұрғындар оның нақты кім

екенін білсе, өзін сауалдың астында қалдырғандай. Тауқымет тартып келе жатқан жігітіміз мұнда да ерекше сақтық ойлап, ешкімнің көзіне түскісі келмей, жалдап алған бөлмесінде тәулік бойы тырп етпей жатты. Қатты қалжыраған, бірақ жайланып ұйықтай алған жоқ. Көз алдына біресе кемпір шешесі, біресе байғұс Надя келеді. Надяның қорғансыз қалған күйі қабырғасына қатты батты. Өзіне тапсырылған іс те алаңдатулы. Жолының мұншама ұзақ, ауыр болып кеткенін айтсаңшы. Шіркін, екіаралықты ұшақпен ұшып өтіп, патшаның хатын кнэзге тезірек тапсырса ғой!

Кайінде күйме табылады екен, бірақ Строгов алмады, себебі қыруар ақша шығарумен көзге түсуден қауіптенді. Оның үстіне батпақта күймемен жүру тым қиын, алда әлі батпақты талай жер жатыр. Астындағы аты тақымына жағып та қалған, басқа атқа айырбастағысы жоқ, тек уағымен дем алдырып, жемге тойғызып отырса болғаны. Бүлікшілдерден осы атпен-ақ құтылып кете алар.

Ертеңінде Сторогов жолсапарын жалғады. Батпақты даланың кейбір тұстарында тоған жасалған ба-ау, көлшік бар ма-ау, әйтеуір, жүрісті ауырлата берді. Бірде тіпті көлге де кездесті, Шанық деп аталған ол көл жағрафиялық картада бар болып та шықты.

Барабин даласы біткен тұстағы Икүл селосына жетіп қонған Строгов жаңа қауіп-қатер барын көрді: Обтың екі жағасында бұхарлықтар бықып жүр, Иркутке тура тартар болса, бүлікшілдер отрядының қолына түсері сөзсіз. Ал егер даланы шиырлай айналып жүрер жолмен кетсе, онда да жеңіл болар дәнеңе жоқ: елді мекен өте сирек, олардың баспана деген аты ғана бар жыртық-жырым лашықта тұратын халқы ашаршылық халде.

Тамыз айының 5-інші күні. Кейіпкеріміз Мәскеуден шыққалы үш апта. Ал Иркутке дейін әлі мыңжарым шақырым жол жатыр.

### *Он алтыншы тарау*

#### *Ақырғы әрекет*

Строгов Барабин даласынан шыға бере-ақ тіксінді. Оның күдігі растала бастады: тап-тақыр өңір, өртелген селолар мен деревнялар. Бұхарлықтардың қылмақшы қылғаны көрініп тұр. Шабарман жігіт ауыр ой кешті: мұндай айуандықты бүлікшілердің алдыңғы отрядтары жасады ма, әлде әмірдің әскері ме? Фофан хан қайда?

Енесай губерниясының шегінде ме, жоқ па? Бұл сұрақтарына бір ауыз болсын жауап таба алмай келеді. Міне, екі шақырым бойы тірі жан кездескен жоқ. Содан кейін ғана ол өрт шалған селоға жетті. Жанып жатқан шеткі үй жанында, зареңіреген шиеттей балалардың ортасында бір шал отыр, жанында, тегі балалардың шешесі шығар, бір келіншек отыр. Строгов жақындап барып тоқтап:

– Құрметтім, айтыңызшы, бұл жерде татарлар болып кетті ме? – деді.

– Болды, болып кетті, міне, үйімізді өртеп жіберді, – деді шал.

– Олар көп пе?

– Көп болғанда қандай... Қарасаңшы, әне, даланың шаңын шығарып кетті, жауыздар...

– Оларды кім бастап барады?

– Ит білсін, әйтеуір, қоқырайған біреу, шені айтуға қиын бірдеңе.

– Демек, әмірдің Томда болғаны. Олардың Колыванды алған-алмағанын естімедің бе? – деді шабарман оған.

– Естіген жоқпыз, мырзам, алайда онда әлі тыныш болса керек.

– Менен нендей көмек тілейсіз? – деді жігітіміз.

– Әй, шырағым-ай, аш-жалаңаш қалған бізге нендей көмек дерің бар ма?! – деді қарт шаруа күйіне сөйлеп.

Строгов келіншектің дізесіне жиырма бес сомдық қағаз ақтастады да, ол алғыс айтып үлгіргенше тақымын қысып қалып, шаба жөнелді. Шалдың сөзіне қарағанда, Томға бару тым қатерлі. Колыванға барып, мән-жайды барлап, содан кейін Обқа тартып, өзеннен өтіп шығуды қарастыруы керек. Обқа дейінгі жол қырық шақырымдай. Одан қалай өтуге болар екен. Егер бұхарлықтар паромды, қайықтарды өртеп кеткен болса, онда атын малтатып шығып, Колыванда ауыстырып алмай болмас. Бүлікшілердің тобыры тіміскіленіп жүрген жерлерден тың атпен тез өтіп кетуі қажет.

Түн болды. Әлбетте, жылдың бұл мезгілінде мұнда түн қап-қараңғы болады. Кешкі самал тиылды. Төңірек тып-тыныш. Ат тұяғының дыбысы еселене күшейіп естіле бастады. Сақтықты да еселеу қажет. Жолдың екі жағы ну қамыс. Обқа құятын бұлақтардың біразы басын осы қамыс астынан алады. Строгов анда-санда тоқтап, дұрыс-бұрыс келе жатқанын біліп алуға төңірегіне көз жібереді. Кенет ат тұяғының дүрсілі естілді. Ол атынан түсіп, құлағын жерге төсей тың тыңдады.

Қате естімепті: соңынан, мөлшері екі шақырымдай жерде, салтатты отрядтың келе жатқаны даусыз. Тұяқ дүрсілі үсті-үстіне үдей бастады, сірә, жақындай түскені.

«Кімдер екен? – деді Строгов ойланып. – Егер біздің кісілер болса, онда жақсы, қосыла саламын, ал бұхарлықтар болса, көздеріне көрінбеуім керек». Дәл қазір тығылу да оңай емес, төңірек – жазық дала. Сол әредікте жігітіміз жолдан жүз қадамдай қиыста қарауытқан мол әлденені көріп қалды: Жақындап қараса – шағын тоғай екен. Сәтін салған осылай болар-ақ. Ол атынан түсіп, ақырын жетелеп, тоғайға ендей кірді. Қырық қадамдай жүргенде тоғанды көрді. Ол тоғайдың Строгов келген жағын жасалған жарты шеңберге ұқсап қоршалап тұр. Строгов атын ағашқа байлап, өзі жол жақтағы бір түп жыңғылға барып жасырынды. Оны іздеп тауып алу үшін тоғайдағы әрбір ағаштың түбін қарау керек болар.

Көп кешікпей әудем жерден жыпылықтаған от көрінгендей болды. Шабарман түсіне қойды, ол – келе жатқандардың алдыңғы біреуінің қолға ұстаған алауы. Елу шақты салтатты екпіндеп келіп те қалды. Біздің кейіпкер тығылып жатқан тоғайға тақала тоқтасты. Жан-жақты шолып алмақ ниетте болса керек. Строгов тоғайдың ортасына қарай жылжып, тоғанның жағасына барып жатты. Мәжбүр болған жағдайда суға сүңгіп кетпек ойда. Келгендерде тоғайды тінтер пиғыл жоқ сикты, ат шалдыруға тоқтаған болар. Солай екен. Ер-тоқымдарын алды да, аттарын жайылымға қоя берісті. Өздері де ошарыла жатып, азық-түлік дорбаларын ортаға алысты.

Бұл бұхарлық атты әскер отряді еді. Әскерлер белін буына шағын шекпен киген. Аяқтарында – тұмсығы тұштіған сары тері етік, бастарында – тері малақай. Әрқайсысында – қайқы қылыш, кездік. Мылтықтары ерлерінің алдыңғы қасына ілінген. Аттары – жатаған бітімді татар жылқысы; олар күшті, төзімді, жүйрік. Отрядты екі бастық бастап жүрген: құзырында елу салтатты бар пенджа-баши және оның қоластындағы дег-баши (он солдаттың құзыршысы). Бұл екеуінің басқалардан сырттай айырмашылы: қару-жарақтары көп және ерінің басына ілінген дүрбілер бар.

Тырп етпей тығылып жатқан Строгов татар тілінде сөйлесіп отырған мынау екеудің сөздеріне құлақ түрді. Сөйтсе, әңгіме мұның өзі туралы екен.

– Ол шабарман біздің алдымызды орап кете алмаған шығар, Барабин даласынан басқа жермен жүрер жол жоқ, – деді пенджа-баши.

– Омбыдан шыға алды дейсің бе соны, – деді дег-баши.

– Шыға алмаса жарар еді, ол шабарманның қолындағы хат анау жаққа жетпесе, полковник Огаревтің көңілі де тыныш болар еді.

– Ол өзі Сібірде туып-өсіпті, жер жағдайын жақсы білетін көрінеді. Ендеше, оның Иркут жолынан әдейі шығып кетіп, керек еткен жерінде ғана қайта оралып, кулық жасауы әбден мүмкін ғой, – деді дег-баши.

– Өйтсе, онда ол бізден қала қоймас. Біз Омбыдан одан бір сағат кеш шықтық қой, ал оның аты біздің аттарға ілесе де алмайды, яғни оған Иркутке өлсе де бізден бұрын жету қайда! – деді үлкен бастық.

– Сен оның шешесін айтсаңшы! Жалған көпесті «Менің ұлым емес!» дегенінен танбайды, ей! Мейлі, бірақ полковник Огаревті алдай алмас, ол кәрі албастыға мойындатпай қоймайды, – деді дег-баши.

Бұл сөзді естіп жатқан шарасыз Строговтың бар қаны басына шапшыды. Сауда бітті деген осы шығар: оның келгенін біліп қойды, соңына қуғын салды; бәрінен де ауыры – байғұс шешесі Огаревтің қақпанына түсіп қалды, оны қатты қинайтын болар, тіпті өлтіріп те тастар. Шешесінің қайраттылығын білетін Строгов оның екі сөйлемесіне, жасымасына сенеді. Аяулы анасына тажал болмақ жәдігөйге – отанын сатқан опасыз Огаревке өшпенділігі бұрынғыдан өршіп, көзі қарауытты.

Бұхарлық шолғыншылардың одан арғы сөздерінен Строговтың және аңғарғаны: орыс әскерінің Томға жіберілген шағын отряды Колыван маңында Фофан ханның қисапсыз әскеріне ұшыраспақ. Онда, әрине, бүлікшілдер жеңеді де, оларға Иркутке барар жол ашылады. Сондай-ақ, Строговтың басы бәйгеге тігіліпті, оны өлідей болсын, тірідей болсын тауып әкелуге бұйрық берілген. Соны естіген кейіпкеріміз мына бұхарлықтардан қара үзіп кету үшін дереу аттануды ойлады. Тез кету керек, әйтпесе, таң да жақын, қауіп те күшейе түспек. Жау отряды әлі біраз дем алатынға ұқсайды, яғни уақыттан ұту керек. Строгов маңайды мұқият шола бастады: әуелде өзі жасырынған жыңғыл эне, одан арыда – жан-жағы ну қамысты тоған. Бұл жақпен жасырын кету қиын болар, яғни үлкен жолға қалайда жетіп алу керек те, қашып құтылуға тырысу керек. Обқа бір жетсе, одан болса

– пароммен, болмаса – малтап-ақ өтіп кете барады. Өзінің өмірі де, тапсырылған істің тағдыры да осындай сын сағатқа кезікті.

Бұхарлықтар да жолға шығуға кірісті ме, қалай, қыбыр-жыбырлары көбейе бастады. Соны аңғарған Строгов еңбектеп атына барып, абайлап ертеп, айылын тартып, дізгінінен ұстап жетектеп жөней берді. Жылқы жарықтық есті ғой, аты да аяғын жұмсақ басып, иесінің соңынан ерді, не оқыранған, не кісінеген жоқ. Байқалып қалмауды ойлаған Строгов екі жүз қадамдай жерге осылайша жаяу барып, атына соңсоң ғана мінуді ойлаған. Кесірлердің біреу-міреуі кездесіп қалса, қылжита салу үшін алтыатарын оқтап ыңғайлап ұстап келеді. Ол тоғайдың шетіне шыға бергенде татарлардың бір аты көріп қалып, кісінеп жіберді. Иесі болар, біреу пайда бола кетіп, әлгі атқа қарай жүгіре жетіп, қарғып мінді де:

– Әй, мұнда келіндер! – айғай салды.

Қуғыншылар өре түрегелді. Аттарына қарай жүгірді. Строгов өзенді бетке алып, атының басын қоя берді. Тезірек ұзап кетпек. Алайда, шамасы он минут өткенде бірнеше салт аттының тақымдай бастағанын сезді. Құлағының түбінен оқ зуу етті. Ол жалт қараса – топ алдында еліріп дег– баши келеді екен. Сторогов жандәрмен алтыатарының құлағын қайырып, бұрылмастан көздеп, шүріппесін басып қалды. Дег-баши мұрттай ұшты. Басқалары оған қараған да жоқ, тасыр-тұсыр шауып келеді. Қашқынымыз екіараның қысқара түскенін байқады, өйткені оның аты алғашқы қарқынынан айрыла бастаған еді. Жануардың көп ұзамай барлығып бітуі де мүмкін.

Таң атқан. Строгов екі шақырымдай жерде көкжиекпен шектескендей болып Обь жатқанын аңғарды. Иә, Обь өзені! Жағасындағы сирек ағаштары айқын көрінді! Стогов іштей серпіліп, жігерлене түсті. Атына қамшы басты. Жан-жағынан оқ зу-зу етеді. Бұл да атып-атып қалады, сірә, оғы далаға кетпейтін болуы керек, өйткені қуғыншылардың саны азая түскендей. Ол өзенге қуғыншылардан оқ бойы озып жетті. Өзенде не паром, не қайық көрінбейді. Малтап өткеннен басқа лажы қалмаған шабарманымыз өзенге ат-матымен күмп етті. Ағыс қатты тұс екен. Өзеннің жалпақтығы жарты шақырым шамасы. Бұхарлықтар да жетіп, жағада тізіле қалды. Пенджа-баши мылтығын кезеп, көздеп атып-атып жібергенде бір оғы Строговтың атына сарт етті. Жануарының суға батып бара жатқанын аңғарған

Строгов онымен іштей қимай қоштасты да, тез жүзіп жөнелді. Жауған октан қорғану тәсілін ойлап, суға әлсін-әлсін сүңгіп кетіп жүзді. Ақырында Обтың оң жағасына аман-есен жетіп, қалың қамысқа кіріп кете барды.

*Он жетінші тарау*

***Бір сөз, бір тақпақ***

Жағаға аман-сау шыққаннан кейін Строговтың көңілі сәл-пәл орныққан. Бұхарлықтардың қарасы көрінбейді, мұны атымен бірге суға батып кетті десіп қайтқан шығар. Ал біздің кейіпкер қамыс түбін басып жатқан шалшықты кешіп, енді қайда барарын ойлап келеді. Жағдайы тым қиын. Әрі жаяу, әрі ашқұрсақ, қайда, қалай бармақ? Нысаналы жер алыс. Бүлікшілердің отрядтары бұл төңіректі де тып-типыл етіп кетіпті. Строгов қамыстан шығып, жан-жағына қараған. Қалашықтардың біріне жетіп, ат тауып алып, күре жолдардан аулақтай жүріп, Қызылжарға жетсем деп ойлайды. Екі шақырымдай жүрген Обтың жағасына орналасқан көркем қаланы көрді. Күмбездеріндегі крестері күнге шағылып, жарқырап тұр. Ол қала Колыван еді. Тұрған жері, ауа райы жақсы болғандықтан осы өңірдегі – Каин мен басқа да қалалардағы жоғары дәрежелі шенділер жазда келіп дем алатын орынға айналған. Строгов бүлікшілер Колыванды басып алмапты деп естіп, солай қарай аяндады. Қаланың маңы да, өзі де тып-тыныш, тіпті өлі маң сияқты. Тықыр таянған соң тұрғындар солтүстікке, Енесай губерниясына қарай қашқан.

Строгов қалаға бет алып, аяғын жебей басты. Кенет зеңбірек дауысы естілді. Тегі жуық бір тұста орыстар мен бұхарлықтар соғыс бастаған болар. Зеңбірек зіркілі естіле түсіп, енді бірде көз ұшында көк түтін көрінді. Атыс қалаға солтүстік жақтан жақындап келе жатқан тәрізді. Бұхарлықтар қалаға шабуыл бастады ма екен, әлде орыстар қаланы азат етуге кірісті ме екен, – ол Строговқа беймәлім. Енді бір сәтте қала үстінде қара түтін бұрқ етті де, іле-шала жалын лаулап, желдің айдауымен шіркеуге қарай лап қойды. Оқыс та сұрапыл көрініс соғыстың қала ішінде жүріп жатқанын ұқтырған. Строгов тоқтай қалды. Қалай бару керек? Омбыдан оңай шығып кеткеніндей, бұл Колываннан ары қарай есен-сау өтіп кете ала ма? Жігітіміз біраз ойланды да, ат таба алу үшін енді басқа қалаға барған



дұрыс болар деп шешті. Ол оңға бұрылып, қозы өрісі жердегі тоғайға қарай жөнелді. Жау көзіне түсіп қалмай тұрғанда соған жетіп алуы керек.

Өрт өршелене өрістеп, қаланың бір бөлігін қамтып үлгірген.

Асыға келе жатқан Строговтың алдыңғы жағын қиыстап бұхарлық атты әскер жасағы шықты. Ойда жоқта тап болғандардан дереу сытылып кетуді ойлаған кейіпкеріміз жолдан шеткерірек тұрған бір үйді көре қойып, соған ұмтылды. Сонда тығылып қалу, ал реті келсе, тамақтанып алу да ойы болды. Ол үй телеграф кеңсесі екен. Строгов кіріп барды. Құрал-жабдықтар үстелі жанында бір шенеунік тұр. Бұл жақта болып жатқан жәйттерден мүлде хабарсыз жандай жайбарат. Сол кейпіне еріксіз таңданған Строгов:

- Колыванда соғыс болып жатыр ма, білесіз бе? – деді.
- Болған шығар, – деді шенеунік селқос үнмен.
- Кімдер жеңді екен?
- Білмеймін.

Ол Строговтың телеграф жұмыс істейтін-істемейтінін білгісі келген сұрағына хат-хабарды еуропалық Ресейдің шекарасына дейін жіберуге болатынын, бір сөз үшін күміс он тиын төлеу қажеттігін айтты да, қызмет көрсетуге әзірлігін аңғартқан кейіппен қарады. Строгов жер қозғалса да қозғалмастай оған қызметінің қажеті болмасын айтуға оқтала бергенде есік айқара ашылып, дарылдай сөйлескен екі жігіт кіріп келді. Кейіпкеріміз оларды бірден таныды: сөз бәсекесінен жалықпайтын қос тілші – Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт! Олар Есілден Строговтан соң, бірнеше сағат кеш шықса да, Колыванға одан ерте келген. Өйткені біздің кейіпкеріміз Ертіс өткелінде үш күн еріксіз бөгелді ғой.

Колыванға келіп, мұнда шайқас болып жатқанын көрген екі журналшы соңғы жаңалықты өз гәзеттеріне хабарлау үшін телеграф кеңсесіне тұра жүгірсе керек. Олармен кездесуді суханы сүймеген Строгов оңашаланып кетті.

Екі тілшінің де қолында жеделхат сөзі жазылған бір-бір жапырақ қағаз бар. Ағылшын телеграфшыға әріптесінен бұрын жетті де, қалтасынан несие билеттерін қобырата суырып алып, телеграфшының алдындағы үстелшенің ойығына қоя бастады. Телеграфшы аппаратын іске қосып, оның жазғанын дауыстап оқуға кірісті:

– Лондон. «Күнделікті телеграф» редакциясына. Тамыз айының 9-ы. Колываннан. Орыстар мен бұхарлықтар соғысты. Орыс әскерлері талқандалды. Бұхарлықтар Колыванды басып алды.

Баяғы бөлесіне жеделхатты тезірек жеткізуге жанталасулы Жоливе әріптесін үстелшеден әрірек итеріп, телеграфшының алдына жетпек болып еді, ағылшын оған орын босатқысы келмейтінін анық аңғартып, тырп етпей тұра берді.

– Сіз жеделхатыңызды беріп болдыңыз ғой, солай ма? – деді француз киліге түсіп.

– Болған жоқпын, – деді ағылшын қасарысып. Ол қағазына тағы бірнеше сөз жазып, телеграфшыға ұсынды. Телеграфшы тағы оқыды:

– «Құдай әуелі аспан мен жерді жаратты».

Ағылшын орынды босатпас үшін уақыт созу ниетімен «Тіршіліктің» бастапқы тармақтарын тіліне тиек етті. «Бірер жүз фунтты артық төлеу біздің редакцияға бұйым емес, оның есесіне соңғы хабарларды бұрын таратады, француздарға шаң қаптырып», деп іштей мырс етті ол.

Әріптесінің айласын аңғарған Жоливенің жыны келе бастаған. Жеделхатын ағылшынның басынан асыра ұсынып еді, телеграфшы да қырсығып:

– Кезегіңіз келеді, шыдаңыз, – деп шытынады.

Соңғы жазып бергендерін телеграфшы көшіріп алғанша Блэнт бөлменің терезесіне барып, сыртқа карап-карап алды да, үстелге қайтадан келіп, телеграфшыдан мына сөздерді жазып алуды өтінді:

«Өрт қаланың оң жақ бөлігіне қауіп төндіруде. Екі шіркеу жанып жатыр. Жердің үсті мазасыз, Құдай рухы су үстінде қалықтап жүр».

Жоливе телеграфшыны тағы тақымдап еді, ол:

– Тоса тұрыңыз, кезегіңіз жеткен жоқ, – дей салды.

Ағылшын әлі айтып тұр:

«Тұрғындар босып кетті. Құдай: жарық болады, жарық болды да, деген».

Жоливе құтырып кете жаздап тұрған. Бірақ ашуын ақылға жеңдірді: айтар жаңалық іздеген ағылшын терезе жаққа тағы кете қалғанда телеграфшының үстелшесіне лып етіп барды да, жеделхатын ұсына қойды. Ол былай деп жазыпты:

«Париж. Монмарт. Мадлен Жоливеге. Тамыз айының 6-сы.

Колываннан. Орыстар жеңіліп, қашып кетіп барады. Бұхарлық атты әскерлер тырқыратып қуып барады».

Ағылшынның қайта келе жатқанын байқай қойған француз сөзін әдейі созудың амалын ойлады. Сонсоң, діни сөздерді тықпалауды жөн көрмей, жеделхатын көңілді тақпақпен аяқтағысы келіп:

– Алмадай алқызыл, тек киімі көне, – деді.

– О! – деді ағылшын ызалы дауыстап, ал Жоливе айылын жиған жоқ.

Ол әредікте атыс қыза түскен-ді. Кенет бүкіл кеңсе теңселіп кеткендей болды. Терезе салдыр-гүлдір сынып, зеңбіректің доптай оғы тап ортаға топ етті. Жоливе оған бір-ақ секіріп барды да, көтеріп алып, терезеден сыртқа лақтырып кеп жіберді. Сонсоң телеграфшыға қайта келіп, жеделхат сөзін жалғай берді:

«Мас қана емес, әулекі неме. Зеңбірек добы бұршақша жауып, телеграф кеңсесіне топ етті, эне».

Атыстың жақындап қалғаны болар, жан-жақта оқ зуылдай бастады. Бір сәтте ағылшын сұлап түсті – оның иығына оқ тиген екен. Жоливе оған бір қарап қойды да, ол оқиғаны жеделхатына қосуға асықты:

– «Күнделікті Телеграфтың» тілшісі Гарри Блэнттің иығына оқ тиді...

Телеграфшы оған:

– Токтай тұрыңыз, сымы істен шықты, – деді де, орнынан жайлап тұрып, бүйірдегі бір есікті ақырын ашып, кіріп кетті.

Арада бір минут өтер-өтпесте бұхарлықтар апыр-топыр кіріп келді. Жоливе жаралы әріптесін көтеріп ала қашпақ болып еді – үлгірмеді. Екі тілші де, Строгов та тұтқындалды.

## Екінші бөлік

### *Бірінші тарау*

#### **Фофан ханның лагері**

Колываннан бірер күндік жерде, Дьячинскіден бірнеше шақырымда биік-биік үйеңкі мен кедрі мол кең алқап жатыр. Сібірдің көшпенді халқы жаздың ыстық мезгілін осы өңірде өткізетін. Мың сан малдары осында жайылатын. Ал бүгінде мұнда бейбіт тіршіліктегі көшпенділерден ешкім жоқ. Бірақ алқап иен емес, керісінше, алас-күлес әрекетке тым толы, бұхарлықтардың қисапсыз ала шатырлары тігілген, Фофан ханның лагері орналасқан. Фофан хан – бұхарлықтардың қатігез әміршісі. Тамыз айының 7-сі күні Колыванда бұхарлықтар орыстардың шағын отрядін талқандаған болатын, енді сонда тұтқындалған байғұстарды осында алып келмек. Орыстар екі мың еді. Омбы мен Томды жайлаған бұхарлықтар оларды екі бүйірінен қысып, қырып, ақырында бірер жүзі ғана қалған.

Сөйтіп іс насырға шапты. Бірақ олай болып қалуға тиіс емес-ті. Әзірше көнбеске көнуге мәжбүр болса да, орыстар қатыгез басқыншылардың жабайы жасақтарын, ерте ме, кеш пе, қалайда қуып жіберуі керек. Бұхарлықтар орта Сібірге ауыз салды, одан арғыларға қауіп төндірді. Қанды қырғынды батыс губерниялардан бастай ма, әлде шығыс губерниялардан ба, – сонысы ғана белгісіз.

Иркут Еуропадан мүлде бөліп тасталды. Егер Амур мен Якут облыстарының әскерлері кешікпей келіп жетпесе, азиялық Ресейдің бұл астанасы бұхарлықтарға бұйырады, себебі өзін өзі қорғай алатын күші жоқ. Ал қаланы қайтарып аламыз дегенше патшаның інісі – үлкен княз Иван Огаревтің қолына түсіп қор болмақ.

Михаил Строгов не халде? Тағдыр тәлкегіне тап болғанына көндігіп тынды ма? Жолы болмасына, мақсаты орындалмасына көзі жетті ме?

Жоқ, Михаил Строгов можантопай жан емес, оның күш-жігерін, қайсарлығын, қабілет қарымын ажал ғана жеңе алуы мүмкін.

Ол тірі. Жарадар да емес. Патшаның хаты өзінде. Ешкім оны таныған жоқ. Рас, тұтқында қалды, әскери тұтқындардың арасында, не көрсе де, солармен бірге көрер. Томға әкеле жатқаны – Иркутке жақындай түскені. Қалай болғанның өзінде де, ол Иван Огаревтен озып келеді.

«Мен көздеген жеріме жетемін!» деп іштей сан рет серт еткен.

Кольваннан кейінгі жағдайында ол қалайда бостандыққа шығуы қажеттігін ойлаумен болды. Сонда әмірдің әңгіраяқ ойнатып жүрген солдаттарынан қалай қашып құтыла алмақ?.. Оны кезінде көре жатыр.

Фофан ханның лагері шынында аса салтанатты көріністің куәсі еді. Аң терісі, киіз, жалтыраған жібек маталар жабылған мындаған шатыр неше түрлі бояумен салынған сурет дерсің. Әрбір шатырдың күмбезделген төбесіне шаншылған ұзын шашақты жығалардың әрбірі түр-түсіне қарай өзінше ерекше. Шатырлардың ең көрнектілері Фофанға ең жақын кісілердікі, сеидтер мен қожалардікі. Ұшына жылқының құйрығы байланған ақ және қызыл сырықты айрықша тулар татар басшылардың дәрежесін көрсетеді. Осынау шатырлар ордасының шет жақтарында шашырап жатқан жұпыны кішкене шатырлар – түрікмендер түйеге артып алып жүретін «қара үйлер».

Татарлардың лагерінде «аламан» деп аталатын, жаяу әскерлер мен атты әскерлерден құралған, саны кемінде жүз елу мың болатын жасақ бар. Олардың арасындағы ең көрнектілер – Түркістанды жайлаған тәжіктер. Бойшаң, сымбатты, аққұба өнді, қара шашты, қара көз жігіттер. Татар әскерінің көпшілігі – осылар. Олардың Қокан, Құндыз хандықтары Бұхар хандығынан осал емес-ті. Түркістанды мекендеуші басқа ұлт пен ұлыс өкілдері жалпылап тәжік делініп кеткен болатын. Олардың кейбіреулері: Михаил Строговты қууға қатысқан жатаған бойлы, жирен сақалды өзбектер; қалмаққа ұқсас жалпақбет қырғыздар. Айтпақшы, қырғыздар шәркей киіп, мылтық асынып, қылыш тағып, ерекшеленіп жүреді, ал қолдарына азиялық садақ және «шақан» деп аталатын өткір құрал – кішкене балта ұстайды. Сондай-ақ, мұнда монғолдар да бар. Олар орта бойлы, қоңырқай дөңгелек жүзді, шүңірек өткір көзді, сирек сақалды, қара шашты. Ал шаштарын ұзын өсіріп, бұрым етіп қояды. Үстеріне көгілгір түсті ықшам көйлек киіп, белін күміс қоңыраулар таққан белбеумен буған. Жібекпен тыстаған тері малақай киіп, артқы жағына желбіретіп үш таспа тағады. Қошқыл-бурыл кескінді ауғанды да, семит нәсілдіге ұқсас келбетті арабты да, жайдақ қабақты түркменді де кездестіре аласың. Бұлар бәрі әмірдің, қарақшылардың, жүрген жеріне шөп өспес пәлекеттердің туы астына топтасқан. Еркін жүрісті бұлармен қатар мұнда құл әскерлер, негізінен парсылар да бар, ал бұларды өздерінің офицерлері басқарады және

олар Фофан ханның басқа әскерлерімен тең дәрежеде сый-құрметке ие.

Бұл ала-құла топқа: татарларға қызметші болып жүрген тар көйлекті, жіп белбеулі, алақандай ғана қоңыр тақиялы еврейлерді; діндар қайыршыларға ұқсас жұтаң киімді, иығына қабыланның терісін іле салған «жалаңтөстер» делінетіндерді қосыңыз. Татар жасағы дейтін жалпы атқа ие сан-сапалақ құрама, міне, осы. Бұлардың елу мыңы – атты әскер. Аттары да өздері сияқты түрлі-түрлі тұқымның түліктері. Қатар тартылған қос желіге он-оннан байланған бұл жануарлардың құйрықтары түйілген, үстеріне қара жібек тор көз жабу жабылған. Соның өзінде қай жердің малы екенін бірден тануға болады: тұрпаты ұзын, жүні тықыр, жіңішке ұзын сирақты, әдемі аққу мойынды түрікмен; шомбал өзбек; иесіне қоса шатырын, қапшық толы аяқтабақты алып жүре беретін қоқан; сары-жирен жүнді аласа қырғыз жылқылары бар. Көлік тобында жүні ұзын, қомы қалың, өркеші мығым, қимылы баяу, ауыр-жеңіл жүкке лайықты, жаратылысынан төзімді түрлі түйелер-нарлар бар; күші де адал, еті де адал есектер кездеседі (татарлар есек етін жақсы көреді).

Іші-сырты жан-жануарға толы сансыз шатырларға топ-топ болып тұрған биік те әсем шыршалар мен кедрлер өздері сиқты жап-жасыл түсті көлеңке түсіріп тұрғандай. Колыванда тұтқындалғандардың отрядтары осы лагерьге жақындай бергенде барабандар дүңкілдеп, тұрбалар дарылдап, мылтықтар тарсылдап, содан кейін зеңбіректер құлақ тұндыра күркіреп атыла бастады.

Фофан хан лагері сол бір сәтте әскери жорық жағдайында сияқтанды. Ал ханның пәтері, өзінің де, нөкерлерінің де гаремдері татарлардың қолындағы Том қаласында болатын. Шығыс Сібірдің астанасына ауысқанға дейін хан сарйы Томда орналаса тұрмақ.

Фофан хан шатырының сән-салтанаты бәрінен артық. Төңірегін шашыраңқы қайындар мен ұзын-ұзын қоңырқай шыршалар көмкерген көгалдың тап ортасында. Алтын зерлі жібек баулары тамырдай білеуленген, алтынмен аптағандай жібек шашақтары ғажап сән бере жалтылдаған жібек мата шатырға құйылып тұрған нұрға ұқсайтындай. Шатыр алдына қымбат ағаштан жасалып боялған, асыл тастармен безендірілген үстел қойылған. Үстелде қасиетті кітәп – Құран ашық жатыр, оның жұп-жұқа алтын парақтарындағы жазу

тізілген маржаңдай. Ал шатыр үстінде бұхар жалауы желбірейді, оның бетінде әмірдің қару-жарақтары бейнеленген. Хан шатырынан әрірекке жарты шеңбер үлгісімен басқа шатырлар тігілген. Олар – Бұхардың жоғары лауазымды шенеуніктерінің; ханнан бір елі қалмауға тиіс Бас атбегінің; Бас құсбегінің; Мөр сақтаушының; зеңбірекшілер Басшысының (қожаның); ханмен құшақтасып сүйісуге, белбеуін бос салып жүруге құқы бар Бас кеңесшінің; Бас заңгер әрі уағызшылардың өкілі – шейх уль исламның; әскерлер арасындағы дау-дамайға хан жоқта төрелік айтуға тиіс қазының; хан жорыққа шығарда жұлдыздарға қарап болжау айтуға міндетті Бас сәуегейдің шатырлары.

Тұтқындар лагерьге әкелінген кезде хан шатырында отырған. Ол сыртқа шықпады. Шыққаны тұтқындарға сор болатын еді, өйткені оның бір ымдағанының өзі небір қасіретке жол ашатын. Жалпы ол жұрт көзіне көріне бермейді. Шығыс әміршілерінің құдіретті көрінер құпиялары да сонда еді. Оның тірлік құпиясы қарапайым халыққа бір тылсым күш болып елестейтін де, көпшілік оған сиынатын, одан қорқатын.

Айдап әкелінген тұтқындарды айнала қоршап тасталған қора іспетті арнаулы орынға қамады да, есіктерін жауып тастады. Сөйтіп ол бейбақтар суыққа тоңатын, желге нысана етілетін жаңбырдың астында қалатын болды. Олардың арасындағы ең момыны, ең төзімдісі, әрине, Михаил Строгов болуға тиіс. Ол айтқанға көнбек, айдағанға жүрмек, себебі оны жеткісі келген жаққа әкелді ғой. Тұтқындалғанына дейін жүріп өткен жолдарында болмаған қауіпсіз жағдайға кез болғаны және бар. Томға жетпейінше қашып кетудің де қажеті жоқ, егер тәуекел деп қашар болса, онда даланы тіміскілеп жортып жүрген татар барлаушыларының құрығына ілігіп қалуы ықтимал. Михаил ойға шомды. Шекараның шығыстағы шегі Том арқылы өтетін 82-нші ендікте болса, ол бүгінде бұхар әскерлерінің құзырында. Шіркін, сол ендіктен ары қарай өтіп кете алса, мүлде қауіпсіз болар еді, Енесайдан еркін өтіп, Қызылжарға Фофан ханнан бұрын жетер еді. Ол кейде еріксіз шыдамсыздануға тап болады да, әйткенмен өзін өзі тоқтата біліп, сабыр сақтап, ойлана бастайды. Міне, сірә, жүзінші рет шығар: «Томға жетер болсам» деп іштей сөйлеп қойып, ойын жалғастырды: «Томға жетер болсам, бірнеше минуттан соң дұшпандардың шебінен

өтіп, Иркутке Фофан мен Иван Огаревтен бір тәулік бұрын барар едім».

Михаил Строговқа ең қауіптісі, – қауіп болғанда қандай! – Иван Огаревтің татарлар лагерінде екендігі. Оның танып қоюы мүмкін. Ендеше, ол жексұрынның алдын қалайда орап кетуі керек. Егер Иван Огаревтің әскері Фофанның әскерімен қосылар болса, онда ол аса қауіпті де жойқын күш Сібірдің астанасына қарай тасқын-селдей жөңкіледі. Михаил Строгов ең басты қатер осы жерде деп білді және әмір адьютантының келіп жеткенін хабарлап дабыл қағылатын қарғыс атқыр минөтті күтіп алаңдап жүрді.

Иван Огарев есіне түскенде шешесінің, Надяның бейнелері көз алдына келе қалады. Бірін Омбыда тұтқындады, бірін Ертіс өткелінде қолға түсіріп, төмен жаққа алып кетті. Надя да Марфа Строговаша тұтқын болды. Амал не, оларды құтқарып алуға әрекет жасар мұршасы жоқ. Енді оларды көре алар ма? Тым ауыр сұрақ. Жүрегі бар болғыр шаншып-шаншып кетеді.

Жау қоршауына әкелінген тұтқындардың арасында Гарри Блэнт пен Альсид Жоливе де бар болатын. Олармен бірге саяхат жасаған, телеграф стансасында олармен бірге тұтқындалған Михаил Строгов олардың – мәртебелі тілшілердің осында қамауда екенін білсе де, әсте жолықпауды жөн көрді. Есілдегі сонау көрініске куә болған олар одан кейін бұл туралы не ойлады екен? Қазір оң көзқараста ма, теріс көзқараста ма? Ә, мейлі, одан келіп-кетер не бар? Ол өзімен өзі болуды, бір әрекет жасар сәт келсе, өзі жеке қимылдауды жөн санады да, оңашалана берді.

Гарри Блэнт жарадар болып қалысымен Альсид Жоливе оны қамқорлығына алған. Колываннан татар лагеріне жеткенге дейінгі ұзақ жолда Гарри Блэнт бұрынғы бәсекелесінің қолына сүйеніп, арбаға әрең ілесе алды. Неге болсын ой көзімен қарайтын Альсид Жоливе жаралы серігіне күшімен де, жылы сөзімен де демеуші бола білді. Лагерге келісімен Гарри Блэнттің жарасын көруді ойлады. Еппен тез шешіндіріп қараса – жара қауіпті емес екен, иығының сүйегі сау, бытыра етін аздап айғыздап кетіпті.

– Сүйікті досым, жараң жеп-жеңіл екен. Азын-аулақ сызат қана! Екі-үш мәрте жуып-шайып, таза ораса болды, ешқандай із де қалмайды! – деді ол.



– Кім тазалап орамақшы? – деді Блэнт.

– Мен.

– Сіз дәрігер емессіз ғой?

– Француздардың бәрі де аз-маз дәрігер, – деп күлді Жоливе. Содан кейін, айтқанын дәлелдегі келгендей, қолорамалын алып екіге бөліп жыртты да, бір жағының талшығын суыртпақтап жіп есті, екінші жағын бірер бүктеп тампон жасады, сонсоң құдықтан су алып келіп, жараны мұқият жуып, тампонды төсеп байлады. – Мен сізді сумен емдеймін. Су жараның солқылдап ауырғанын басады, қазірде осылай емдеу шықты. Дәрігерлер емдеудің бұл тәсілін табуға алты мың жыл жұмсады. Рас айтамын. Бақандай алты мың жыл! – деді.

– Көмегіңізге көп-көп рахмет! – деді Гарри. Ол қайыңның көлеңкесінде, құрғақ жапырақтан француз жасап берген төсеніште жатқан.

– Рахметіңізге рахмет! Менің орнымда сіз болсаңыз, сіз де осылай істер едіңіз.

– Кім білсін... – деді ағылшын күмілжіңкіреп.

– Жә, жасымаңыз. Осы ағылшындар осал-ақ.

– Ал француздар ше?

– Француздар ма? Француздар баяғыдан қайырымды. Түйсіксіз қайырымды, егер шынын айтсам. Француз екендіктеріне мәз болып жүргендері. Жә, бұл әңгімені қоялық, егер менің айтқаным көнер болсаңыз, екеуіміз жалпы сөйлескенді қоя тұралық. Сізге дем алу керек.

Гарри Блэнттің үндемей жата бергісі жоқ-ты. Денсаулығын күйттеу, дем алу керек болса да, «Күнделікті Телеграфтың» тілшісі өйтпеуге тиіс.

– Жоливе, біз жіберген соңғы хабарлар орыс шекарасынан асып кете алды ма, жоқ па, қалай ойлайсыз? – деді ол.

– Неге өте алмасын? – деді француз. – Менің сүйкімді бөлем Колыванда болған оқиғаларды бес саусағындай біліп отыр, оған шүбәланбағайсыз.

– Сіздің бөлеңіз әрбір хабарды неше дана етіп таратады? – деді ағылшын, оның бөлесі туралы алғаш рет ашық әңгіме бастағысы келіп.

– Уэйда! Менің бөлем--ерекше қарапайым жан, өзі туралы

әңгімелеуді ұнатпайды. Егер сіздің өзін ойлап ұйықтай алмай жүргеніңізді білсе, ол біраз ренжір еді, – деді Жоливе күліп.

– Менің онысыз да ұйқым келмейді. Сіздің бөлеңіздің Ресей туралы ойы қандай, соны айта аласыз ба? – деді ағылшын.

– Ресейдің халі дәл қазір өте жаман екені мәлім. Алайда Мәскеу үкіметі қуатты ғой, бұхарлықтардың бүлігіне қыңқ ете қоймас.

– Өзін асыра бағалау небір ұлы елдердің де сорын қайнатқан! – деді Гарри Блэнт.

Ол Ресейдің Орта Азиядағы мүддесі дегенде «қызғанышы» қызып кететін ағылшындардың бірі еді.

– Саясатты қайте қоямыз?! – деді француз ойнақы үнмен. – Медицина факультетінде оған тиым салынған. Саясат дегеніңіз сіздің жараңызға жақпайды, керісінше, асқындырып жіберуі мүмкін!

– Ендеше, Жоливе, не істеуіміз керек екенін әңгімелейік. Менің мынау татарлардың тұтқыны болып қала бергім келмейді!

– Менің де айтарым осы!

– Демек, қалайда кашу керек, ә?

– Иә. Бостандыққа шығар басқа жол табылмауға айналғанда сөйтуіміз қажет.

– Сіздің білетін басқа жолыңыз бар ма? – деді Гарри Блэнт, серігіне барлай қарап.

– Әрине! Біз қалыс адамдармыз ғой, соғысқа ешқандай қатысымыз жоқ. Біз кім екенімізді айтып береміз де, босап кете барамыз.

– Кімге айтып береміз? Анау Фофанға ма?

– Жоқ, ол оны түсінбейді. Біз оның адъютанты Иван Огаревқа айтып береміз.

– Ол нағыз жексұрын ғой!

– Әлбетте, бірақ ол – жексұрын болса да орыс. Адамның бас бостандығымен ойнауға болмайтынын ол біледі. Бізді бөгеуден оған келер пайда бар ма? Керісінше, зиян табады. Амал не, ол мырзамен сөйлесуді суханым сүймесе де, бірдене деуім керек.

– Ол мырза мұнда жоқ, мен, мысалы, оны көре алмадым, – деді Блэнт.

– Ол келеді. Айтпадың деменіз. Ол әмірді қуып жетуге тиіс. Сібір екіге бөліп тасталды емес пе, Иркутке аттану үшін Фофан оны осында тосады.

– Еркіндікке шыкқан соң екеүміз не істейміз?

– Еркіндікке шыкқан соң саяхатымызды жалғастырамыз, татарларға ереміз. Басқа лагерьге өтіп кетуіміздің сәті түскенше солармен бірге жүре береміз. Керек шаруамызды жаңа ғана бастадық қой, оны орта жолда қалдыруымызға болмас. Сіз болсаңыз, «Күнделікті Телеграфқа» қызмет істеуіңіздің арқасында бір жарақат алдыңыз, мен болсам, бөлеме қызмет істегенім үшін әлі дәнеңе алған жоқпын. Содан... – Альсид Жоливе тілін тістей қойды, – мынау қалғып кетіпті ғой?! Бұл бірнеше сағат ұйықтап алса, мен жарасын бірнеше рет сылап-сипап берсем, ағылшыным құр аттай ойнақтап шыға келер. Бұлар – итжанды немелер!

Гарри Блэнт ұйықтап жатты да, Альсид Жоливе оның жанында қойын дәптеріне әлденені жазып отырды. Бастарына түскен қиыншылық екеуін табыстырып, достастырып жіберген. Араларындағы қызғаныш шоғы сөнген. Ал Михаил Строгов қауіптенген жәйт бұл екеуінің бірден бір көксегендері еді. Иван Огаревтің лагерьге келуі бұларға пайдалы болар. Бұлардың шет елдердің азаматтары екенін білісімен босатып қоя берер. Ол журналшы мырзаларды анау жансыздармен шатастыруға болмайтынын әміріне түсіндіре алар. Яғни Альсид Жоливе мен Гарри Блэнттің тілектері Михаил Строговтың тілегіне қарама-қарсы. Строговтың жағдайы мүлде басқаша, сондықтан ол бұлармен кездеспеуге тиіс.

Арада төрт күн өтті. Ешқандай өзгеріс болған жоқ. Лагерь орнынан қозғалады, татарлар жаңа жорыққа аттанады деген сыбыс естілмейді. Тұтқындарды қарауылдау қатаң. Олар өздерін күні-түні күзетушілердің маңына да жолай алмайды.

Беретін тамақтары мардымсыз. Тәулігіне екі рет тамақтандырады. Беретіндері: ешкінің көмірге пісірілген ішек-қарыны, немесе қой сүтінің ірімшігі — сонымен болды. Қырсыққанда ауа райы да бұзылды: жаңбыр жауып, суық жел соға бастады. Тұтқын байғұстарда көнгеннен басқа амал қалмады. Адам ғой деп көңіл бөлер ешкім жоқ. Жаралылардың, әйелдер мен балалардың кейбірі қайтыс болды. Оларды жерлейтіндер де – тұтқындар. Татарлар тым құрыса көмер жер тауып беруді де ойластырмайды. Сондай жағдайда еңсесін түсірмегендер Альсид Жоливе мен Михаил Строгов қана шығар. Екеуі шарасыздықтан шарт сынуға айналғандарға, уайымға салына

бастағандарға ақылшы болып, күш-жігер беруге тырысып жүр. Е-е-е... бұл қиямет жағдай қашанға дейін созылар екен?

Алғашқы жеңістері көңілін көншіткен Фофанның біраз уақыт дем алып, Иркутке аттануға асықпауы мүмкін бе?

Олай болуы мүмкін еді, бірақ болмады. Михаил Строговтың күткені емес, Альсид Жоливе мен Гарри Блэнттің күткені болды. Тамыз айының 12-сі күні таңертең барабандар дүңкілдеп, сырнайкерней тартылып жөнелді. Колыван жақтағы жолда шаң-құйын үйірілді.

Мыңдаған қолды бастаған Иван Огарев Фофан ханның лагеріне келіп кірді.

### *Екінші тарау*

#### ***Альсид Жоливенің жағдайы***

Иван Огарев әмірге толық әскери корпус алып келген. Онысы Омбыны алған әскерлердің бір бөлігі болатын. Омбыда губернатор және жергілікті әскери гарнизон тұтас тұрғандықтан қаланы қиратудың қажеттігі болмады да, Огарев шығыс Сібірді бағындыруға тиісті әскерді бөгелдірмей, оны айналып өтіп кеткен. Қалада гарнизонның әжептәуір бөлігін қалдырып, өзі бастаған қолды Колыван жеңімпаздарымен толықтырып алып, Фофанға қосылу үшін лагерьге асыға жеткен еді. Огаревтің әскері лагерьдің сыртына тоқтады. Лагерьге кіруге бұйрық болғанша. Шынтуайтында Огарев мұнда аялдауға ынталы болмады, ол алдағы шешуші шайқастардың орталығы болуға тиіс маңызы бар Том қаласына асыққан. Ол Омбыда, Колыванда қолға түскен тұтқындардың – сібірліктер мен орыстардың жаңа отрядін өз әскерімен бірге ала келген-ді. Оларды қоршауға кіргізген жоқ, қоршау іші оларсыз да тарылған болатын, яғни тұтқындар лагерь сыртында ашық-шашық, тіпті азық-түліксіз қала берді. Бұл сормандайларға Фофан хан не «силар» екен? Томға алып жөнеле ме, әлде татар қолбасшыларына тән қатыгездікпен осы жерде өлік етіп қалдыра ма? Ол есірген бейбастақ әмірдің әрекетіндегі көп құпиялардың бірі еді.

Жаңадан келгендердің соңынан қайыршылар, ұры-қарылар, көпестер мен сығандар шұбырып жетті. Жорықтағы әскерге ілесе жүретіндер – бұлар. Бәрінің тамағы да, табысы да жол-жөнекей

табылатыны бар. Бұлардан кейінгі жер бетпақдала болып қалып жатады.

Батыс губерниялардан босып келген сығандар арасында Михаил Строговқа Пермьге дейін ілесе келген топ та бар еді. Сангарра да жүр. Бұл шайпау жансыз – Иван Огаревтің көлеңкесі, қожайынынан бір адым қалмайды. Олар Ресейде, Төменгіқала губерниясында шатақ шығарғанда да бірге болған. Оралды басып өткеннен кейін ғана бірнеше күнге айырылысқан-ды. Иван Огарев Есілге асығыс аттанды да, Сангарра мен оның тобы оңтүстік жолмен Омбыға тартты. Бұл әйелдің Огаревқа қаншалықты зор көмек жасағанын түсіну оп-оңай. Ол өз ықпалындағы сыған қыз-келіншектерді керек жағына жұмсап, өзі де аяғы жеткенінше жүріп, сығалап, тыңдап, естіп-білгенін мәлімдеп тұратындықтан Огарев ең соңғы жаңалықтардан дер кезінде хабардар болып отырады. Оған жүздеген құлақ пен көз қызмет етеді. Жансыздарынан ол да ақша аяп көрген жоқ.

Сангарра бір кезде қылмысты болып қалып, жазадан орыс офицерінің арқасында құтылып кеткен еді. Содан кейінгі жерде орыс офицеріне құлдық ұратын болған. Сатқын Огарев сонысын біліп алды да, оны мықтап пайдалуды ұйғарды. Ол нендей тапсырма берсе де, Сангарра өліп-тіріліп орындайды. Алғыстан да күшті құлдық сезімі оны жексұрынға жағымды етті, Сібірге қуылған күнінен бастап ол Огаревқа құлай берілген. Отаны жоқ, отбасы жоқ, ойнақтап күн өткізуге төселіп, оның ең жақын досына, кеңесшісіне айналған-ды. Жаратылысынан қулық-сұмдыққа епті жұрттың жұрнағы емес пе, сонысына қоса қатыгездікке де әбден бой ұрған, дәніккен болатын. «Апама жездем сай» дегендей, Огарев екеуі Омбыда ұшырасты да, араларынан қыл өтпестей болып табысқан. Ол Марфа мен Михаил Строговтардың қалай жолыққандарынан, не болғанынан ой түйді. Патша шабарманы Огаревтың тынышын кетіре бастағанын сезіп, оған қалайда көмектесуді жоспарлаған. Марфа қолға түсісімен ол жансызға тән мәймөңкелеуімен жаны ашығанси сөйлесіп, байғұс шешенің іштегі шерін тарқатуға, көңіл құпиясын біліп алуға кіріскен. Бірақ ол құпия Иван Огаревқа әзірше керек болмады да, Сангарраның тосуына тура келді. Тосқанда жайына кетпеді, шарасыз әйелдің әрбір қимылын күндіз-түні көзінен таса етпей, қия басқан әрбір қадамын аңдып, қамығулы жанның аузынан «құлым» деген сөз шығар халге жетуін тосты.

Барабандар дүңкілдеп, сырнай-керней сарнап жөнелісімен-ақ Бас зеңбірекші мен Бас атбегі сондарынан атты әскер-өзбектерді шұбыртып, Огаревті қарсы алуға шыққан. Жолғасқан сәтте онымен шығыстық салт-дәстүрлерінше сәлемдесіп, содан соң одан Фофан ханның шатырына жүруді өтініскен.

Әрқашанғысынша сабыр сақтаған Иван Огарев өзін қарсы алуға жіберілгендермен ұстамды қалыпта сәлемдесті. Ол қарапайым киінуге бейім еді, алайда, бұл жолы саппастыққа басып, орыс офицерінің киімімен жүрген.

Келгендер лагерь алдына аялдап, Огарев атынан түскен кезде оны қоршалаған атты әскерлер арасынан Сангарра жылтың етіп шыға келді.

- Қалайсың? – деді оған Иван Огарев.
- Бірқалыпша.
- Бекем бол.
- Кемпірді сайратар сағатың жақындады ма?
- Жақындады.
- Қашан сайрайды?
- Біз Томға барғанда.
- Онда қашан боламыз?
- Үш күннен соң.

Сангарраның қап-қара бадырақ көзі сұп-суық боп жалт-жұлт еткен. Шалымды әйел, көңілі көнши бұрылып, жөніне кетті.

Огарев әмірдің шатырына қарай жүрді. Фофан хан адъютантын тосып отырған. Ол патша мөрін сақтаушыны, қожаларын және басқаларды шақырып, кеңес өткізген болатын.

Фофан хан – қырық жас шамасындағы еңгезердей кісі. Ызғарлы өткір көзі қуқылдау өңіне тағы аңның кейпін бергендей. Қап-қара сақалы бұйрасынданып, омырауына түсіп тұр. Ханның үстінде: алтын-күміс сым торлы сауыт; асыл тастармен әшекейленген алтын шпорлы, ұзын қонышты етік; маңдайына жалтылдаған гауһар тас қадалған дөңгелек бөрік. Бұлайша киінуі оны о жарландыру орнына бейжай кісі әлпеттендірген. Бірақ айрықша марапатпен Бұхар әмірі делінген бұл атақта кісі – шексіз билік иесі, құзырындағылардың тағдырына ғана емес, өміріне де иелік етеді.

Иван Огарев кіріп келгенде шатыр толы шонжарлардың ешқайсысы

орындарынан қозғалған жоқ, алтын жіппен айшықталған жастықтарын шынтақтап отыра берді. Фофан болса, шатыр төріне қойылған, қалың бұхар кілем жабылған сәнді диванынан тұрып, Огаревті құшақ жая қарсы алып, бетінен сүйді. Ол сүйісі тегін емес-ті. Онысы адъютантты Бас кеңесшісі еткендігі, шен-дәрежесін кожалардан арттырғаны болатын.

– Мен сені сұрақпен мезі етпеймін. Осындағы құлақ атаулының бәрі сенің айтарыңды тосулы, – деді Фофан Огаревке.

– Таксыр, саған айтарым баршылық, – деді Иван. Ол шығыс тіліне сай шырайлы сөздерді қолдана татар тілінде сөйлеп кетті.

– Бос сөзбен уақыт өткізудің қажеті жоқ, – деді ол. – Сенің әскеріңнің күшімен не тындырғаным саған мәлім. Есіл мен Ертіс арасы сенікі. Қырғыз ордаларындағылар сенің дауысыңды ести сала бір кісідей көтерілді. Сібірдің Есілден Томға дейінгі бас жолы сенікі. Яғни сен полктарыңды күн ұясына қонар батыс жаққа ма, күн ұясынан шығар шығыс жаққа ма, қайда бастап барсаң да жолың ашық.

– Ал егер мен күнмен бірге жүруді қаласам ше? – деді әмір.

– Күнмен бірге жүру – Еуропаға бару, күнмен бірге жүру – Тобыл мен Орал таулары аралығын иелену, – деді Огарев.

– Ал егер күннен озшам ше?

– Күннен озу – Орта Азияның ең бай елдерін әміріңе бағындыру!

– Бірақ Петербордың сұлтаны... – деп Фофан Огаревқа сынай қарады. «Сұлтан» деп іліп отырғаны Ресейдің императоры еді

– Сен олардан шығыста да, батыста да сескенбе. Сенің шабуылыңның сұрапыл болғаны соншама, орыстардың есі шығып кетті. Олар Иркут пен Тобылдан қалай айрылып қалғанын білмей де қалар. Патша әскері Колыванда быт-шыт болды, сол сияқты, бұдан былай да сенің әскеріңнің оларды талқандай берері айдан анық.

– Енді не істеу керектігіне өзінде нендей пікір бар, сенімділерің не айтады? – деді әмір, бір минөттей үнсіз отырғаннан кейін.

– Менің пікірім – күннен озуың керектігі. Шығыс даласының шөбі түрікмен жылқыларына жем болсын. Шығыстың астанасы – Иркутті алу керек, оған қоса бұл елдің тұтқасын ұстап отырғанның өзін кепілдікке алу қажет. Патшаның өзі болмаған күнде оның бауыры – үлкен кнәз сенің қолыңда болсын, – деді Иван шапшаң сөйлеп.

Бұл айтқаны Иван Огаревтің басты мақсаты етіп жүрген

мәселесі болатын. Жұрттың оны XVIII ғасырда орта Ресейдің халқын дүрліктірген атышулы бұзақы, екінші Стенька Разин деп лақапқа айналдырғаны тектен тек емес-ті. Үлкен кнәзді ұстап алып, қылмақшыны қылып өлтірсе – кегін қайтарып тыныш таппақ. Иркутті тездетіп басып алса, онда шығыс Сібірді тұтас иемденуі оп-оңай.

– Иван, ойың орындалады, – деді Фофан.

– Тақсыр, тағы қандай әмірің бар?

– Біздің бас пәтеріміз бүгін Томға көшірілуі керек.

Иван Огарев басын үнсіз иді де, шатырдан шығып кетті. Аяғын үзеңгігесалабергені соледі, әудем жерден, тұтқындар орналастырылған тұстан әуелі айқай-ұйқай естіле қалды да, іле-шала мылтық атылды. Огарев сол жаққа баруға бұрыла бергенде солдаттардан сытылған екі жігіт оған қарай жүгіріп келе жатты. Огаревтің жанындағы құсбегі ойланбастан оларға қылыш сілтеп кеп қалды. Иван Огарев оның қолын қағып үлгірмегенде анау екеудің бұрынырақ жеткенінің басы домалап түсер еді. Иван ол екеудің шетелдік кісілер екенін аңғара қойып, оларға тиіспеуге ишарат жасады.

Ол екеу Гарри Блэнт пен Альсид Жоливе болатын. Иван Огаревтің лагерьге келгенін білісімен соған жолығуға ұмтылысқан, бірақ солдаттар жібермеген. Сонсоң шетелдіктер қашып кетпек болған, ал солдаттар жолдарын бөгеген. Жанжалдары төбелеске ұласып, солдаттар мылтық атуға мәжбүр болған. Егер Огарев арашаламаса, журналистердің жер жастанары сөзсіз еді.

Айтпақшы, бұл екеу Есілде болған сонау бір оқиғаға – Иван Огаревтің Михаил Строговты ұрып жібергеніне куә болды ғой. Алқын-жұлқын кіріп шыққан саяхатшы залда ешкімге назар аудармаған-ды. Ал Гарри Блэнт пен Альсид Жоливе, міне, оны бірден таныды.

– Е-е, полковник Огарев пен Есілдегі анау дөрөкі неме екеуі бір кісі екен-ау! – деді француз өз-өзінен күбірлеп. Сонсоң Блэнттің құлағына сыбырлай сөйлеп: – Мынаған біздің хал-ахуалымызды түсіндірші! Татарлар лагеріндегі бұл орыс полковник жаңа ғана менің басымды сақтап қалса да, менің бұған қарағым да келмейді, сұмдық жеккөремін, – деді. Айтарын айтты да, Огаревтің басынан аяғына дейін ұнатпаған пішінмен бір қарап алып, тәкәббарлана бұрылып кетті. Тұтқынның тәкәббарланғанын Огарев байқады ма, жоқ па, кім білсін, қалайда сыр бермеді.



– Сіздер кімсіздер? – деді орысшалап.

– Ағылшын және француз баспасөздерінің тілшілеріміз, – деді Гарри Блэнт жайдарыланып.

– Кім екендеріңізді растайтын куәліктеріңіз бар шығар?

– Біздің Ресейде, ағылшын және француз кенселері құзырында тұруымызға берілген хат бар, міне.

Иван Огарев хатты алып, мұқият оқыды.

– Сіздер біздің әскерлерге ере Сібірге баруға рұхсат сұрамақсыздар ма?

– Бізді босатып, еркімізге жіберіңіз, – деді ағылшын тілші нығызданып.

– Мырзалар, боссыздар.«Күнделік Телеграфқа» жазғандарыңызды оқуға мен де ынталымын, – деді Иван Огарев.

– Мәртебелі жарылқаушым, ол гәзеттің бір данасы пошта шығынын қоса есептегенде 6 пенс қой, – деді Блэнт, ағылшындарға тән салқынқандылықпен сөйлеп. Солай деді де, өз сөзіне өзі риза пішінмен жолдасына бұрылды. Иван Огарев оның жауабына мән бермеді, атына ырғып мінді де, нөкерлерін бастап, құйғытып кете барды.

– Иә, Жоливе, полковник Огарев туралы, татар әскерінің қолбасшысы туралы пікіріңіз қандай? – деді ағылшын.

– Қымбатты досым, меніңше, құсбегінің біздің басымызды қырқып түсірмек болғаны сүйсінерлік-ақ! – деді Жоливе қулана жымыып.

Қалай дегенмен, қандай себебі болғанмен, Иван Огарев екі журналшыға рахымшылық жасады. Енді бұлар еркіндікте, соғыс аймағының қай жеріне барғылары келсе де, ешбір кедергісіз жүре береді. Сөйтіп, олар саяхаттарын жалғастырды. Бір кездері бірін бірі жеккөрген екеуі енді достасты. Блэнт француздың өзіне жақсылық жасағанын ұмытпастай, ал досы ол туралы ләм деместей. Екеуінің достасуы оларға ғана емес, оқырмандарына да пайдалы болмақ.

– Бостандығымызды енді неге жаратуымыз керек, соны айтшы! – деді Гарри Блэнт.

– Оны тойға айналдырмаспыз, бар болғырды. Асықпай-үсікпей Томға барамыз да, сол жерде бәрін бажайлап отырамыз, – деді Жоливе.

– Орыс отрядтарының біріне қосылатын әлгі, меніңше, сәтті минутке дейін бе?

– Қымбатты досым Блэнт, сіз татар мәнерімен сөйлей бастағандайсыз. Жеңімпаздың қаруы жеңілгенге шипа болса, ол жақсы. Ал қазіргі жағдайға көз жіберсек, Орта Азияның халықтары татар басқыншылығынан дәнеңе ұтпайды, қайта ұтылады. Рас, орыстардың татарларды аластауы мүмкін. Оны енді көре жатармыз.

Иван Огаревтің келуі шетелдіктерге бостандық берсе, Михаил Строговқа сөр әкелмек. Егер екеуі бетпе-бет жолыға қалса, Огарев Есілде өзінен таяқ жеген саяхатшыны тани қояры анық. Онда Михаил үнсіз құтылғанмен, бұған енді назар аударылмай қалмайды, ал өйтер болса, оның жоспарларының орындалуы екіталай. Иван Огаревтің келуінің жаман жағы осы. Мәселенің жақсы жағы – Фофанның бас пәтерді Томға дереу көшіруге бұйрық бергені. Яғни Михаил Строговтың көктен тілегені жерден табылды. Ол Томға жетіп, көп тұтқындардың арасына сіңіп үлгірсе, мына қаланың іші-сыртын жанталаса тіміскілеп жүрген барлаушылардың қолына түсуден құтылар еді. Енді Иван Огарев пайда бола кетті. Не істеу керек? Көзіне шалынып, танылып қалмас үшін бұл татар лагерінен қалайда қашып кетсе ше? Михаил осы ойын оң санап еді, бірақ бір оқыс жаңалық естіле қалды: Фофан хан мен Иван Огарев бірнеше мың атты әскерді бастап, Томға аттанып кетіпті.

«Не істеуім қажет? – деп ойланды Строгов. – Қашудың бір қолайлы сәті туғанша тоса тұруым жөн болар. Томға жетудің қаупі күшті, ал егер Томға жете алсам, арғы жағында татарлардың күзет бекеттерінен өтіп шығып, еркін таныстар едім. Енді үш күн шыдасам... Құдай өзі қолдар».

Үш күн... тұтқындардың қалаға жетулеріне осынша уақыт кетпек. Лагерь қаладан жүз елу шақырым жерде. Тұтқындарды, әрине, мың сан татар отряды алып жүреді.

Жарау аттай тың солдаттарға бұл жолдың ешқандай қиыншылығы жоқ, ал арып-ашқан, дінкелеген, ауру-сырқау тұтқындар үшін нағыз қиямет. Сібірдің бұған дейінгі жолдарында қанша өлік қалғанын кім білсін. Тамыз айының 12-сі күні, түстен киінгі сағат екіде, топбасы жолға шығуға бұйрық берді. Аспанда бір түйір бұлт жоқ, күн қайнап тұр.

Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт ат сатып алып, Томға ерте жүріп те кеткен.

Тағдыр ісіне дауа бар ма, романның барлық бас кейіпкерлері осы қалада кездесті.

Татарлардың қарамағына Иван Огарев алып келген тұтқындардың арасында бір қария әйел бар. Маңайындағылардан бір ерекшелігі – ешқашан үндемейтіні. Нендей ауыртпалық көрсе де, жағын ашып шағынған жан емес. Құдды жанды тасмүсін дерсің. Қимылы жоқ, үні жоқ сол әйелден күндіз-түні көз жазбай Сангарра жүр. Басқалардай емес, ол әйелге дөрекі мінез де көрсетеді, тіл де тигізеді, бірақ әйел соның ешбірін елемейді. Алайда оған тәңір қорғаушы періште жібергендей – бір бойжеткен ол әйелдің жағдайын түсініп, рухын көтергісі келіп бәйек болуда.

Ғажап сұлу ол қыз да – тұтқын. Маңайында не болып жатқанында оның да шаруасы жоқ, тек кәрияны өзінің шешесіндей құрметтеп, күтіп, көмектесіп жүргені. Шешіліп сөйлесіп көрмесе де, қажет сәтінде қызметіне әзір.

Кәрия болса, бұл сұлу қыздың әрекеттеріне о баста онша сене қоймады, бірақ бірте-бірте бойы үйреніп, жап-жас қыздың ашық жанары, жылы шырайы, биязы мінезі, қалтқысыз қылықтары тым тәкәббар Марфа Строгованың мейірімін оятты. Ол қыз Надя еді. Сонау күндерден бері өзіне қамқоршы болып жүр. Надяның жан жомарттығы туа біткен қасиеті еді десек, ол қасиеті мына кәрия анаға жолыққан күннен бастап еселене түскендей. Ана алдындағы балаша арқаланып, ажарланып, марқайып жүр. Үндеспей ұғынысатын бұл екеуін былайғылар әжесі мен немересі деп білетін, жарасымдылықтарына тәнті бола сйлайтын.

Татар барлаушылары Надяны ұстап алып кеткенін білесіздер. Оны Омбыға апарған да, Иван Огарев тұтқындаған көпке қосқан. Марфа Строгова мен Надя сонда ұшырасқан. Егер Надя жасық болса, ол қабаттасып тап болған тауқыметке шыдай алмай, құрбандыққа ұшырап кетер еді. Саяхатының сәтсіз болып қалғаны, Михаил Строговтың өлімі жанына қатты батты, күйіндірді. Әкесін ешқашан көре алмас күйге түсуі, ержүрек жолсерігінен айырылуы шарасыздыққа ұрындырды. Ертістің суы жұтқан Михаилдың бейнесі көз алдынан кетер емес. Ол суға шынымен батып кетті ме? Адал, ақжарқын адам, әрі мезгілсіз, әрі қапияда мерт болғаны несі? Ондайларға Құдайдың көзі түзу болатыны қайда?

Надяның бұлайша налуы кейде қайғыруға ұласатын. Михаилдың Есілде анау әумесерден қорлық көргені, оған қалайда шыдағаны есіне түсіп кеткенде қаны қайнайтын. «Марқұмның кегін кім қайтармақ? Оу, Құдайым, қайтып келмес өлінің мұндағы тірі жәдігөйден кек алуын маған жазшы!» – дейді Надя, Құдайға қалтқызыл көңілмен іштей жалбарынып.

Егер Михаил Строгов өмірінің ақырғы сәтінде Надяға іштегі құпиясын ашып үлгірсе, әлі бала дерлік жастағы бойжеткен оның жолын жалғап, мақсатына жете алар еді, бірақ Құдай мұның ағасына ақтық сөзін айтқызбады.

Ауыр ойдың құзырында қалған Надя тұтқындағы тауқыметіне мән беруді ұмыта бастағандай еді, тағдыр Марфа Строговаға кезіктіріп, басқаша хал кештірді. Ол кәрияның кім екенін білген жоқ. Тұтқындағы бұл кемпір көпес Николай Корпановтың шешесі дегенге Надя ешқашан сенбес те еді. Кім, қалай сендіре алар? Марфа болса, мынау бейтаныс бойжеткеннің ілтипатты қарым-қатнасынан қыздың өз ұлымен байланысты болғанын ол қайдан білсін?!

Надя Марфа Строговаға бірден назар аударды. Төңірегінде болып жатқан жәйттерге солқос қарайтын, ештеңені талап етпейтін бұл әйелдің үнсіз қасіреті жаратылысындағы бір ізгі қасиетінің нышаны-ау деп ойлаған. Қателескен жоқ. Міне, ақырында, екеуі тілсіз табысып, біріне бірі аса қымбат жандар болып шықты. Соқпақ-сүрлеусіз мынау жолда біріне бірі сүйеніш. Әуелгі кезекте, әрине, Надя елгезектік танытып, Марфаға тар жерде таяныш-тірек болып жүр. Тұтқындарға тамақ таратқанда кемпір барып алуға аяқ баспайды, сондайда Надя өзіне берілген азын-аулақ тағамды оның аузына тосады. Балғын қыздың сүйеуімен ғана жүре алатын Марфа Строгова тұтқын тобына әрең ілесіп келеді. Топты күзетпен алып жүрген солдаттар өздігінен ілесе алмайтындарға небір қатігездік жасайды. Кемпір солардың мазағына ұшырымағанына шүкіршілік жасаулы. Марфа Строгова бірде Надяға:

– Қызым, сен мені силасаң, Құдай сені жарылқасын, ризамын саған! – деді. Бұл оның екеуі кездескеннен беріде білдірген бірінші лебізі болатын.

Сұрықсыз өтіп жатқан сұрқай күндерде екеуінің шүйіркелесулеріне болатын-ақ еді, бірақ Марфа Строгова сөйлемеуге серт бергендей. Ол ұлы туралы, онымен оқыс кездесуі жайында жақ ашпады. Надя да,

мүлдем үндемей жүрмесе де, қажеттіні айтарында ғана бірер ауыз сөз айтады да тынады. Алайда, кәрияның тегін адам еместігін аңғара алған соң, бір күні сезіміне ерік беріп, Владимирден шыққанынан бастап осы жол бойы көргендерін Николай Корпановтың қаза болуына дейін айтып берді. Қыздың өзіне жолсерік, қамқоршы болған жігіт жайындағы сөзіне кемпір ерекше ынта қойды.

– Николай Корпанов? Бүгінгі жастардың арасынан іс-әрекеттері, мінез-құлқы мені тым таңдандыра қоймайтын бір ғана жігітті білемін. Николай Корпанов! Ол оның шын аты-жөні ме екен? Оған көзің жетті ме, қызым?

– Ол мені бір сәт те алдап сөйлеген жоқ, мені алдағаннан не табушы еді? – деді Надя.

Ал Марфа қалайда бір сезікке тап болып, ол жігіттің жайын біле түсуге құмартты:

– Қызым, сен оны ержүрек жігіт дедің. Айтқаның мені иландырды! – деді ол.

– Иә, нағыз ержүрек еді, – деді Надя.

«Менің ұлым да ержүрек жігіт болатын», деді Марфа Строгова іштей. Сонсоң Надяға:

– Ол ештеңеден тайсалмады, жасқанбады дедің. Өте сыпайы, биязы еді, қайратты бола тұра нәзік жан еді, маған әрі ағам, әрі апайым сияқты қамқорлық жасады, тіпті анамдай жанашыр болды дегенді айттың, ә? – деді.

– Иә, иә! Ол маған әрі аға, әрі апай, әрі ана болды! – деді Надя елжірей дауыстап сөйлеп.

– Сені қорғау керек болғанда арыстанша айбаттанды дедің ғой?

–Иә, арыстанша айбаттанды! Арыстанға да, нағыз батыр адамға да ұқсап кетті! – деді Надя көңілдене түсіп.

«Ол – менің ұлым, менің ұлым!» – деді кемпір, тағы іштей тебіреніп.

– Есіл пошта стансасында сұмдық жәбір көргенде де шыдамдылық танытты дедің бе?

– Иә, сөйтті! – деді Надя дегбірсізденіп.

– «Сөйтті», – деді Марфа Строгова күбірлеп.

– Оны кінәләуға болмайды! – деді Надя шыр-пыр болып. – Өйтуге, меніңше, оның бір құпия себебі болды. Иә, бір құпия себеппен шыдап бағуға мәжбүр болды!

Бір Құдайға ғана мәлім құпиялар болады!

– Ал сен, – деп Марфа еңсесін жаза Надяның көзіне тура қарады, сірә, көкейіндегісін көрейінші деп ойласа керек, – ол жазықсыз жәбірге жауап бермеген сәтте сен оны жеккөріп қалмадың ба?

– Мен оның шыдау себебін түсінбесем де, сүйіне қайран қалдым. Дәл сол сәтте кім болса да оны құрметтер еді! – деді қыз.

Кемпір бір минөт мөлшері үнсіз отырды да:

– Ол бойшаң ба еді? – деді .

– Ұзын бойлы!

- Сұлу жігіт қой, а? Айтшы, қызым, солай ма?!

– Өте сұлу жігіт, – деді Надя қызарқтап.

– Ол – менің ұлым! Естіп отырсың ба, ол – менің ұлым! – деп кемпір дауыстап жіберіп, Надяны құшақтай алды.

– Сіздің ұлыңыз ба?! – деді Надя таңдана да имене сөйлеп. – Ол сіздің ұлыңыз ба?!

– Айтшы, маған бәрін айтып берші! Сенің жолсерігің, досың, жанашырың шешесі туралы ештеңе демеді ме? – деді Марфа.

– Шешесі туралы ма? Мен оған әкем жайында айтқан сайын ол шешесі туралы айтып отырды. Анасын ерекше ардақ тұтады екен!

– Надя, Надя, сен маған ұлым туралы айтып отырсың! Айтшы, ол Омнан өтерінде шешеммен жолығуым керек демеді ме?

– Жоқ, жолығуға тиістімін демеді.

– «Жоқ» дедің бе? Бұл сөзді дәтің барып маған қалай айтып отырсың?! – деді Марфа наразы үнмен.

– Мен айттым ғой, ол маған беймәлім әлдебір себеппен, өте маңызды себеппен құпия жүруге мәжбүр болды. Николай Корпанов өмір мен өлімнің ортасында жүрді... жоқ, ол – ары мен парызына бағынған жан!

– Рас айтасың: ол парызын, ең ұлы парызын арқалап жүрді, – деді кемпір толқи сөйлеп. – Ол бұл өмірде ештеңені сол парызынан жоғары қоймады, тым болмаса кемпір шешесін ақтық рет құшақтап сүймеді де. Надя, саған беймәлім болған, өзіме де құпия болған жәйтті енді ұқтым! Сенің әңгімең ұқтырды. Ал мен санама сәуле түсірген жәйттің себебін саған айтып бере алмаймын. Саған менің ұлым ашпаған құпияны ашуға менің құқым жоқ. Надя, сенің жақсылығыңа осылайша жауап қайтарғаным сен ренжіме, кешір!

– Ана-жан, пәленді айтыңызшы деп ешқашан мазаңызды алмаймын, – деді Надя.

Сөйтіп, сібірлік кәрияға барлық жәйт, Омбыда ұлының жұрт көзінше бөтен біреу бола қалғаны да түсінікті болды. Бойжеткеннің жолсерігі болған жігіттің Михаил Строгов екені айдан анық. Бүлікшілер басып алған жерлер арқылы өту үшін, әлдебір аса маңызды хат-хабарды тиісті кісілерге жеткізу үшін өзінің патша шабарманы екенін жасыруға мәжбүр болған ғой.

«Айналайын ұлым, мен сені ешқашан сатпаймын, Омбыда ұлымды кездестіргенімді өліп кетсем де айтпаймын!» – деп Марфа Строгова өзіне өзі іштей серт берді.

Марфа Строгова сол әредікте Надяның жасаған жақсылығына жақсылық жасап, оны бір ауыз сөзбен-ақ қуанта алатын еді. Жолсерігі Николай Корпановтың, яғни Михаил Строговтың Ертіске батып кетпегенін, сол оқиғадан бірнеше күн кейін оны көргенін, сөйлескенін айтса жетіп жататын еді. Бірақ айтпады, өзін өзі тежеді. Оның есесіне қызды жұбата бастады:

– Жасыма, қызым! Бар өмірің алда, әлі-ақ бақытқа бөленесің! Әкең екеуіңнің табысатындарыңа мен сенімдімін. Сені қарындасындай көрген кісінің аман қалуы да мүмкін. Ол батыл серігіңе Құдай оң көзімен қарап, тірі сақтап та қалған шығар. Қызым, жасыма, үмітінді үзбе!.. Маған қарасаңшы! Қайғыдан қабырғам сөгілсе де, ұлымды өлді деп жоқтап отырған жоқпын ғой?!

### *Үшінші тарау* **Қарымта қайтты**

Надя мен Марфа Строгованың тағдырлары табысқан тәрізденді. Кемпір бәрін де түсініп, біліп, түйіп алды. Бойжеткенге жолсерігінің өмірі күңгірт те неғайбыл, бірақ, оның есесіне, өзіне шешесіндей болып келе жатқан мына әйел сонау жолсерігінің шешесі екенін аңғарды. Бұл кісімен жолықтырған Құдайға ризалығы шексіз. Тұтқын кәрияға ұлы орнына ұл болуға кезіктірген де – Құдай, деп іштей қуанады. Алайда, Михаил Строговтың Колыванда қолға түскенінен және өздерімен бірге осы топта Томға айдалып келе жатқанынан екеуі де бейхабар. Иван Огарев тұтқындағандарды осындағы татар қолындағыларға әкеліп қосқан-ды. Мұнда сібірліктер де, орыстар да

және әскерилер мен жай кісілер де бар. Жиыны бірнеше мың. Мүсәпір халдегі мұңлықтар, бас-аяғы әлденеше шақырымға созылып, ілбіп жүріп келеді. Кейбіреулерін, қауіпті қылмыскерлерше аяқ-қолдарын кісендеп, біріне-бірін тіркеп қойған. Қолдарын арқанмен матап, оның екінші ұшын салт атты қарауылдың таралғысына байлап алған әйел тұтқындар да бар, олардың өздігінен жүре алмағандарын тулықша сүйретіп, шаң қаптырып әкеле жатыр.

Михаил Строгов колывандық тұтқындармен бірге алдыңғы лекте келеді. Онда ұсталғандар олардан кейінде. Марфа Строгова мен Надя да, Михаил да бір-біріне жақын екендерінен хабарсыз.

Татар лагерінен Томға дейінгі тұтқын жолы қияметке толы еді. Қатігездік тауқыметіне тап болғандардың барлығы қорлық көруге мәжбүр болып, таяқ жеп келе жатса, бірсыпырасы осы желде өлім құшып, көмусіз қалып та жатыр. Дала жолының шаңы аспанды жауып кетердей, себебі жақында ғана әмір әскерлерінің алғы шебі жүріп өткен жол жыртылған жердей болып қалған-ды. Тұтқындарға тез жүру бұйырылған. Анда-санда ғана азын-аулақ аялдатады. Күн қақтап тұрған жүз елу шақырым жол мәңгі-бақи бітпестей!

Обь өзенінің оң жағасы солтүстікте де, оңтүстікте де Саян тауларының етегімен астасып, мекенсіз де меңіреу жазық болып созылып жатыр. Күн қызуына төзімді тырбықай сирек бұтасымақтар ғана кездеседі. Судың тапшылығынан мұнда басқа дәнеңе өспейді. Сусыз дала тұтқындарға да азап шектіре түсті. Су көзі бұдан елу шақырымдай жерде, шығыста, Саян тауларының Обь пен Енесай бассейні тоғысар тұсындағы бөктерде. Ол – Обьтың жіңішке бір айрығы – Том өзені. Том қаласы арқылы солтүстікке қарай ағып, сулы-нулы алқапқа кетеді, ал ол жақтың даласы көгалды, ауасы қапырық емес.

Тұтқындар отрядінің бастықтарына Томға ең қысқа жолмен, тез жету тапсырылған. Әмір орыстардың әлдебір армиясы солтүстіктен тұтқиылда тарпа бас салып, күшімді екіге бөліп тастар деп үрейленулі еді. Біздің тұтқындар келе жатқан Үлкен Сібір жолы Томнан елу шақырым қиыста. Яғни, байғұстардың азабын айтып жеткізу қиын. Әлі әбден құрығандары жүздеп құлап, діңкелеп өліп қалып жатыр. Олардың мүрделері кезбе қасқырлар мен құзғындарға жем болмақ.

Кәрияның қасынан қия баспай, қашан болсын қол ұшын бере



қоюға әзір отыратын Надя сияқты, Михаил Строгов та өзінен көмек керек жандарға дер кезінде жәрдемдесіп жүр. Оның аяқ-қолына кісен салынбаған-ды, яғни тұтқындар тобын еркін аралап, оларды ісімен де, сөзімен де жігерлендірді. Тек бірде әлгі бақылаушы солдаттардың бірі сонысын жақтырмай, камшы үйірген соң ғана тиылды. Ал ол бос жүргендігін пайдаланып қашып кетуді неге ойластырмады екен? Ойлаған, бірақ өйтуді қаламады, себебі: жапан далада жасырыну мүмкін емес еді, бүлікшілдердің қисапсыз отрядтары далада күндіз-түні ерсілі-қарсы шұбырып жүріп жатыр, байғұс қашқынның бірер шақырым ұзап үлгірмей-ақ қайтадан тұтқындары сөзсіз. Ал татар атты әскері ше? Ол ойда жоқта жерден шыға келгендей сап ете қалады, жауын алдындағы шіркейдей құжынап жүр. Олар күзетулеріне берілген тұтқындардан көз жазбайды, біреуінен айырылып қалса бастарымен жауап беретіндерінен қорқады. Мұндай жағдайда қашудан пайда жоғын білген Михаил Строгов «әмірдің аясында» Томға баруды ұйғарды.

Сонымен, тамыздың 15-і күні тұтқындар Томнан отыз шақырымдағы Зарбұйда селосына жетті. Жол Том өзенінің жағасына жақын екен. Тұтқындардың өзенге тұра ұмтылғылары келген-ақ еді, бірақ солдаттар бірде-бірін шептен шығармай қойды. Біраздан соң отряд бастықтарының аялдауға рұхсат еткен бұйрығы келді.

Том өзенінің бұл тұста ағыны өте қатты екен. Әйтседе, тұтқындардың арасынан бостандықты аңсаған жанкештілер, қорлықтан құтылуға бел байлағандар табылып, өзенге қойып кетулері, тіпті құтылып кетулері мүмкін ғой? Содан қауіптенген бастықтар қашқандарға ең қатал жаза қолданатындарын ескертті.

Өзендегі кемелер бір-біріне шынжырмен байланып, ешқайсы жеке жүзіп кете алмайтын етіліп қойылыпты. Ол да – сақтықтың бір түрі. Ал дем алуға аялдатылған тұтқындарды айнала әскерлер қоршап тұрды, олардың арасынан қашып өтер саңлау табу мүмкін емес.

Қашып кетуге аялдар бір сәтті күткен Михаил Строгов тәуекелге бас тікпеді, жеке өзінің бостандығын ойлаған әрекеті тапсырманы орындауына кесел келтіріп жүрер деп сақтанды.

Тұтқындар сол түні Томның жағасында өткізуге тиіс болды.

Әмір әскерінің Томға кіруін келесі күнге қалдырған. Қаланы алуды әскери үлкен мерекеге айналдыруды да көздеген.

Фофан хан бекінісінде отырды. Әскерінің негізгі бөлігін қала іргесіне апарып қойды. Иван Огарев болса, әмір екеуі Томға жеткен күннің ертеңінде қайтадан Зарбұйдаға аттанды. Ондағы ойы – татар әскерінің күзет бөлімдерін алып келу.

Селода оны сән-салтанатты үлкен үйге түнетті. Ол күн көтеріле салтаттылар мен жаяу әскерлерді бастап Томға аттанбақ. Әмір оны азиялық билікшілдерге тән жомарттықпен қошеметтеп қарсы алмақ.

Тұтқындар лагерь етіліп орналастырылған-ды. Қаталаған көпшілік әлдезаманда өзенге тұра ұмтылды. Марфа Строгованы қолтығынан демеген күйі Надя өзен жағасына жеткенде күн батып, бірақ айнала әлі де әжептәуір жарық болып тұрған. Екеуі өзенге бас қойған жұрттың арасынан алға жылжыр жол таба алмай, кезек күтіп қалды. Суға жеткендерінде кемпір қалт-құлт етіп еңкейе беріп еді, қыз тез қимылдап, мөлдір суды қос алақанымен қармап алып, оның ерні кеберген аузына тоса қойды. Шешесінің шөлін сөйтіп қандырғаннан кейін ғана өзі де шөлін басты. Томның салқын да таза суы екеуін әжептәуір сергіткен. Қайту үшін жағадан бұрыла бере еңсесін жазған Надя еріксіз дауыстап жіберді. Өзінен бірер қадам жерде Михаил Строгов тұр!.. Иә, сол!.. Сол!.. Оның жүзін кештің соңғы шуағы аймалап тұрғандай!

Надяның жандауысы Михаилды дірр еткізген... Бірақ ол сабырынан айырылмады, ләм демеді. Сағыныш сезіміне ерік берсе, әшкереленіп қалары сөзсіз. Надяны таныған сәтте оның жанындағы шешесін де тани қойды... Оқыс кездесудің ақыры опа бермесін ұқты да, нәзік сезіміне бой бермей, алақанымен көзін баса тез бұрылып кете барды. Надя тұра ұмтылған, бірақ кемпір оны қолынан ұстай алып, жібермей қойды.

– Сабыр ет, балам, – деді, сыбырлай сөйлеп.

– Сол! Тірі екен, тірі! – деді жүрегі алып ұшқан Надя алқынып.

– Ол – менің ұлым, Михаил Строгов. Мен танысам да тырп етпедім, көріп тұрсың ғой? Қызым, екеуіміз оны танымаған болуға тиіспіз!

Михаил Строгов адам баласының ғұмырында кездесер-кездеспесі екіталай аса күшті толқыныс, қиналыс сезімін басынан кешірді.

Шешесі мен Надя тұтқында! Екеуі де – ең қымбаттылары. Құдай табыстырған екеуінің тап болған тауқыметтері де бірдей болғанын қарашы! Надя не күйде? Ол мұның кім екенін біле ме? Жоқ, білмейді.

Михаил Надяның өзіне тұра ұмтылғанын және оны шешесінің бөгеп қалғанын көрді. Демек, Марфа Строгова ұлын таныды, бірақ оның құпиясын ашпады. Сол түні Михаил шешесіне баруға әлденеше рет оқталды. Кім біледі, мүмкін ақырғы жолығулары болып жүре ме? Барғысы, құшақтағысы келді. Жолсерігі болған қызды көруге, қолын қысып амандасып қайтуға көңілі соқты. Алайда ақылға жеңдірді, өзі де арандап қалудан, оларды да арандатып алудан сақтанды. Шешесімен жолықпауға ант бергені және бар... жолықпайды. Осы түнде қашып кетудің де реті келер емес. Оқасы жоқ, Томға барған соң қалайда қашып кетеді. Жанына балаған қымбат екі адамымен жолыға алмай, оларды бір Құдайға тапсырып тайып тұрар.

Шешесімен, Надямен оқыста жолығып қала жаздағанын ешкім көрген жоқ, ол кездесу сол беймәлім күйінде қалар деген Михаил Строговтың ойы орындалмады. Тірі жан аңғармастай сол бір сәткі көрініске Иван Огаревтің жансызы Сангарра куә болып қалған. Сыған әйел әдетінше сібірлік кәрияны аңдып, жағадан бірнеше қадам жерде тұрған. Ол Михаил Строговты көріп үлгірмесе де, Надяның кимылын, кәрияның оны қолынан ұстай алғанын байқап қалған. Кәрияның әрекетіне қатты күдіктенген. Ол патшаның шабарманы Марфа Строгованың ұлы екеніне, оның осында, Иван Огаревтің тұтқындары арасында жүргеніне күмәнданған жоқ. Тек әзірше танымайды және бүгін қараңғыда қарақұрым жұрттың арасынан іздеудің керегі жоқ. Нина мен Марфа Строгованы аңдудан да ештеңе шықпасы анық: ол екуі сақтанып бағады, патша шабарманын шалдыртпауға тырысады. Демек, сыған әйелде бір ғана амал қалды: Иван Огаревке барып, көрген-білгенін айтып беруі керек. Арада жарты сағат өтер-өтпесте ол Зарбұйдаға жетіп, әмір адыютантының есігін қақты. Иван Огарев оны дереу қабылдады.

- Иә, Сангарра, не керек боп келдің? – деді ол.
- Марфа Огаревтің ұлы біздің лагерьде, – деді Сангарра.
- Тұтқын ба?
- Тұтқын!
- Солай де?! Білдім! – деді Иван Огарев өркештеніп.
- Иван, сен ештеңе білген жоқсың, оны көрмей жатып қайдан білесің? – деді сыған әйел.
- Мен білмесем, сен білесің! Сангарра, сен оны көрдің ғой!

– Мен оның өзін көрген жоқпын, бірақ шешесінің бір қимылынан ұлының осында екенін сезе қойдым.

– Қателескен жоқсың ба?

– Жоқ, мен қателескепеймін!

– Патшашабарманын ұстапалуға менің қатты құлшынып жүргенімді сен түсіне алсаң ғой! – деді Иван Огарев. – Егер ол Мәскеуде алған хатын Иркутке жеткізсе, хат үлкен кнәздің қолына тисе, кнәз дереу сақтана бастайды да, мен оған жол таба алмай қаламын! Ал сен, міне, келе қалып, ол хатты жеткізбекші кісінің менің қоластымда екенін айтып отырсың! Мен қайталап сұраймын: Сангарра, сен қателескен жоқсың ба? – Мұны айтқанда Огаревтің дауысы бұзылып кетті. Ол патшаның хатына ерекше мән берген болатын. Оның әлі де сенбей, тағыда сұрақ қойғанына Сангарра қың етпеді.

– Иван, мен қателеспеймін дедім ғой! – деді, ол да бір айтқанын тағы қайталап.

– Сангарра, лагерьде мыңдаған тұтқын бар, ал сен Михаил Строговтың бет-жүзін көрген де емессің, қалай танысың?

– Иван! – деді сыған әйел, әлдебір қуанышы қойнына симастай өршеленіп. – Мен танымасам да, шешесі таниды! Шешесінің жанын шығара айтқызу керек!

– Мен оған ертең-ақ айтқызамын! – деді Иван Огарев айқұлақтанып. Ол сығанға қолын ұсынды. Сыған оның қолын сүйді. Мұндай қарым-қатнас нышаны екеуіне де оғаш көрінбеді.

Сангарра лагерьге оралды. Надя мен Марфа Строгованы көзімен іздеп тауып, екеуіне жақынырақ жайғасты. Кемпір мен қыз әлі ұйықтамапты. Бағанағы жәйт екеуіне де шаршасты ұмыттырып, сергектік силағандай. Михаил Строгов тірі, бірақ екеуі сияқты тұтқын. Бұлардың тірі екенін ол да білді. Осы бір жаңалық екі жақтың да көңілдеріне медеу. Надяның көңіліндегі қуаныш – өлдіге санаған адамының тірі екендігі! Ал Марфа Строгова алдағы күндерін ойлап отыр. Мен не болсам, о болайын, ұлым аман жүрсе екен деген тілекте.

Түн жамылған Сангарра кемпір мен қыз отырған тұсқа тағыда жақындай түсіп, екеуінің сөздерін естуге құлағын түріп, бірнеше сағат сарылып отырды. Бірақ ештеңе естіп жарыған жоқ. «Сақтансаң – сақтаймынды» ұстанғандай-ақ екі тұтқын жақ ашпады.

Келесі күні, тамыздың 16-сында, сағат 10-да лагерьді дабыл үні кернеп кетті. Татар әскерлері мылтықтарына жармасты. Ондаған жүздеген нөкерлі Иван Огарев лагерьге жетіп келді. Ол ерекше түнеріп алған. Ішінде бұрқ-сарқ қайнаған ашу-ыза жындандыра жаздап, әнеміне лақ етіп ақтарылардай. Көп арасында тұрған Михаил Строгов тап қасынан өткен оған тіксіне қарады. Ол бір сұмдықтың боларын сезді. Огарев мұның шешесін біледі, Михаилдың шабармандар корпусының капитаны екенінен де хабардар.

Иван Огарев лагерьдің ортасына жете атынан қарғып түсті. Бірге келген офицерлері оны кең қоршалап тұра қалды. Сол әредікте Сангарра келіп:

– Иван, саған айтар жаңа хабарым жоқ, – деді. Огарев оған жауап қатпады да, бір офицеріне бірдеңе деді. Сол-ақ екен, солдаттар тұтқындарға тұра ұмтылып, басқа-көзге төпелеп ұрып, бәрін сапқа тізіп болғанша құтырынды. Жаяу әскерлер мен атты әскерлер лагерьді төрт қатар болып қоршап, тірі жан өтер сақылау қалдырмады.

Лагерь тым-тырыс болған кезде Иван Огарев бір белгі берді де, Сангарра көрініп, Марфа Строгова тұрған топқа қарай жүгірді. Кәрия да оны байқап, не істерін түсініп, жиіркінген пішінде тәкәббәр жымыды да, жанындағы Надяға бұрылыңқырап, сыбырлай сөйлеп:

– Айналайын қызым, осы минөттен бастап сен мені танымайтын бол. Не болса да, қандай қыспақ, азап көрсек те төзе білейік. Мені ойлама, ұлымды ойла, – деді. Сол әредікте Сангарра келіп, оның иығынан ұстады.

– О не, не керек? – деді Марфа.

– Бері жүр! – деген сыған оны Огаревқа сүйрегендей етіп алып барды.

– Көріп тұрған Михаил көзін төмен түсірді. Көзіммен сыр беріп қоймайын дегені еді.

Огаревтің алдына апарылған Марфа еңсесін көтеріп, екі қолын кеудесіне айкастыра тұрып, тік қарады.

– Сен Марфа Строговасың ғой? – деді Иван Огарев.

– Иә, – деді кемпір абыржымай.

– Осыдан үш күн бұрын Омбыда менің сұрақтарыма не деп жауап бергенің есінде ме?

– Иә.

– Яғни сен ұлың шабарман Михаил Строговтың Омбыда болғанын білмейсің ғой?

– Білмеймін...

– Пошта стансасында ұлым деп қалған кісің ол емес, сенің ұлың емес қой?

– Менің ұлым емес екен.

– Сен онымен осында, тұтқында кездескен жоқсың ба?

– Жоқ.

– Егер оны саған көрсетсек, таныр ма едің?

– Жоқ.

Кәрияның «жоқ» деген жалғыз ауыз сөзінде табандылықтың, қайсарлықтың қуаты бар еді. Жұрт оның өзі өліп кетсе де ұлын сатпасын түсінген. Күбір-сабыр естіле бастады. Огарев шыдай алмай:

– Әй, сен бері кара! – деп ақырды кәрияға. – Сенің ұлың осында, сен дәп қазір оны маған көрсетесің!

– Жоқ.

– Омбы мен Колыванда тұтқындалғандардың бәрі қазір сенің қасыңнан өткізіледі, егер сен солардың ішінен Михаил Строговты маған көрсетіп бермесең, қасыңнан неше тұтқын өткен болса, сонша таяқ жейсің!

Қайсар кемпірді ешбір айбатпен, азаппен сөйлете алмасын Огарев түсінген, сондықтан оның қаразы кемпірде емес, Михаилда болды. Шешесі мен ұлы кездескен сәтте екеуінің бірі сыр бермей қала алмас. Огарев үшін мәселе хатта ғана емес, олай болғанда тұтқындарды жаппай тінтуге бұйрық бере салар еді. Тұтқындалған Михаилдың ол хаттың мазмұнын біліп алып, өзін құртып жіберуі әбден мүмкін. Ал аяласын асырып құтылып кетіп, Иркутке жете қалса, Иван Огаревтің жоспары күйреді дей бер. Демек, бұл жексұрынға хат ғана емес, оны жеткізбек кісінің өзі де керек.

Надя бәріні көріп те естіп те тұр. Михаил Строговтың кім екенін, Корпановпын деп шын аты-жөнін неге жасырғанын түсінді.

Огарев белгі берісімен еркек тұтқындар Марфа Строгованың қасынан тізіп өткізіліп бастады. Кемпір қыбыр етпей, үндемей, тас мүсінше тік тұр. Өңінде тәкәббәр немқұрайдылық табы бар. Оның ұлы соңғы жақта болатын. Ол шешесіне жақындай бергенде Надя карамасқа тырысып, көзін жұма қойды. Михаил Строгов байсалды

болып көрінгенімен, жұдырығын тастай етіп қатты жұмғаны соншалық, тырнақтары алақанына қанын шығара қадалаған.

Шешесімен мен ұлы Огаревтен басым түсті, сыр бермеді, жеңді!

Огаревтің қасында тұрған Сангарра күбір етіп:

– Жазала! – деп қалды.

– Әй! Мына кәрі қақпышты ұрындар! Таяқтың астында өлсін! – деді Огарев, жын қаққандай айқайлап.

Татар солдат қамшы алып келді. Жазалаудың ол құралы сым қосып өрген дырау қамшы еді. 20 рет ұрғанда кімді болсын өлімші етеді десетін. Оны Марфа да естіген, бірақ ол ұлын сатқанша өзінің өліп тынғанын артық көрді, селт етпеді. Екі солдат тарпа бассалып, шөке түсірді. Солдаттар көйлегін дар еткізіп жыртып, арқасын жалаңаштады. Қарсы алдына, қара жерге қарш еткізіп қылыш шанышты. Соққыдан бүгілсе, қылыш тіліп түспек. Қамшысын білеп татар тұр.

– Баста! – деп ақырды Иван Огарев.

Қамшы ауаны тіле ысылдап төне берген... кезде байғұс әйелге қаһарын төккен жеңдет қамшысынан айырылып қалды. Оны Михаил Строгов жұлып алған еді. Ол сұмырайлардың сұрқиялықтарына енді шыдай алмаған. Сонау жолы Есіл стансасында тұңғы етіне ащы таяқ тигенде амалсыз төзген жігіт шешесін ұрғызып қойып тұра алмады. Огарев оған массатана қарады: мақсатыма жеттім деп мардымсығаны.

– Михаил Строгов! Е, баяғыда Есілде кездеске неме осы екен-ау! – деп дарылдай сөйлеп, Михаилға тақала берді.

– Дәл өзі! – деген Михаил шалт қимылдап, Огаревті қамшымен бастан тартып кеп жіберіп: – Бір де бір! – деді қатқыл үнмен. Сол кезде топ ішінен әлдекім:

– Қарымта қайтты! – деп қалды.

Солдаттар Михаил Строговқа жабыла кетті. Өлтіріп жіберуге бар, сірә... Бірақ Огарев оларды тоқтатып:

– Мұны әмірдің өзі соттайтын болады. Тінтіңдер! – деді.

Патша мөрі басылған хат Михаилдың кеуде қалтасында болатын. Михаил оны жойып үлгірмеді де, тінтушілер тауып алып, Огаревқа апарып берді.

Ал Михаилдың қамшы сілтесін құптап сөйлеп жіберген кісі Альсид Жоливе еді. Зарбұйда лагеріне келген ағылшын екеуі мұнда жаңа ғана болған жәйтті түгел көрген.

– Сібірліктер қатыгез халық, бар болғыр! Шыныңызды айтыңызшы, біз манағы жігітке риза болуға тиіспіз! Корпанов па, Строгов па – бәрібір мықты! Меніңше, ол Есілдегісінің есесін қайтарды! – деді ол Гарри Блэнтке.

– Рас, қарымтасын қатырып қайтарды, бірақ Строговтың ендігі сыбағасы өлім болар. Сонау өткенді есіне алмай-ақ қоюына болатын еді ғой, – деді Гарри Блэнт.

– Сонда шешесін таяқтатып қойып қарап тұруы керек пе?

– Онысымен ол шешесі мен қарындасының халін қиындата түсті емес пе? Соны ойлаңызшы!

– Мен ештеңені ойламаймын да, білмеймін де. Оның орнында болсам, мен де оңдырмас едім! Тыртықты өшпестей етіп салды-ақ! Ойпырым-ау, бір уақ қаһарлануға болады ғой! Егер біз не пәлекеттің бәріне көніп, бұғып отыра беруге тиіс болсақ, Құдай біздің ағзамызға қан орнына су құйып берер еді! – деді Жоливе.

– Біздің хабарымызға қажет жақсы оқиға болды! Енді, шіркін, Иван Огарев бізді хаттың мазмұнымен таныстырса ғой! – деді Блэнт.

Бетінің қанын сүртіп болған соң Огарев хатты алып, сорғыш-мөрін уатып ашып, оқып шықты да, құдды жаттан алғысы келгендей-ақ, тағы бірнеше рет оқыды. Сонсоң Михаилды байлап алуға бұйрық берді де, атына мініп, қалың қолын бастап жөнеле берді. Сырнайлатып-кернейлетіп Томға қарай тартты. Оны онда әмір күтіп отырған.

### *Төртінші тарау*

### ***Жеңімпаздық шеру***

1604 жылы Сібірдің тап ортасында салынған Том қаласы — азиялық Ресейдің маңызы зор қалаларының бірі.

Алпысыншы бойлықтағы Тобылға, жүзінші ендіктен әрідегі Иркутке Томның салынуы тиімді болмаған. Бірақ, тез өсе бастағанмен, ол тұста Том губернияның бас қаласы болған жоқ. Генерал-губернатор бастаған ресми билік иелері Омбыда тұрды. Том өнеркәсіптік маңызы жағынан ғана алда болды. Шынында, Алтай таулары аймағында, яғни қытай мен қыпшақ далаларының шекарасында Томнан бай қала жоқты. Алтай таулары сілемдерінен Том жазықтығына дейінгі жерде: платинаның, алтынның, күмістің, сары қорғасынның бай қоры жатқан. Бай елдің қаласы да бай. Осыншама түрлі кен ордасының тап ортасында



Том қайла мен балғаның көмегімен байыған миллионерлердің қаласы еді. Ғимараттарының, құрылыс әлпетінің, көліктерінің келісті болуы жағынан еуропаның бірінші делінген астаналарынан кем түспейтін, мемлекет билігіндегілердің мекені бола алмағанымен, таулы Сібір округының басшысы тұрған қала болды.

Том бір кезде жердің ең шетінде сияқтанатын, оған бару – ең ұзақ саяхат жасау болып көрінетін. Қазірде ол — қыр астындағы көп қалалардың бірі, алайда күні ертең Орал мен Пермь арқылы өтетін темір жолдың бойындағы қалаға айналмақшы.

Том әдемі қала ма? Саяхатшылар оның сұлулығы туралы бірауызды пікір айтпайды. Мысалы, Шанхайдан Мәскеуге барған жолында онда біраз аялдаған Бурбулон бике өзінің жолжазбаларында оның көзтартарлық емесін айтыпты. Оның суреттеуінше, ол – ескі ағаш үйлері бар, көшелері өте лас қалашық қана. Мұжықтары маскүнем, олардың «арақ ішулерінің өзі сібір халықтарының тірлігіндей жиіркенішті».

Саяхатшы Генрих Руссель-Киллуг, керісінше, Томның көркіне табыныпты. Кереғар пікірдің олайша тым алшақтығы Руссель-Киллуг мырзаның онда қыстыгүні, ал Бурбулон бикенің жазда болғандығынан шығар. Ол да мүмкін. Суық жақтағы қалалардың қыста, ал ыстық жақтағы қалалардың жазда сұлу көрінетіні бар. Қалай дегенмен, Руссель-Киллуг мырзаның пікірінше, галереяларымен, колонналарымен, тақтай тротуарларымен, кең де ұзын көшелерімен ерекшеленетін Том – мейлінше көрікті қала. Бейнелері Том өзенінің суында суреттей боп көрінетін тамаша он бес шіркеуі қандай! Францияда ондай жалпақ өзен мүлде жоқ. Яғни Том – Сібірдегі ғана емес, дүние жүзіндегі ең сұлу қалалардың бірі!

Сірә, қала көркі жайындағы нақты шындық осы кереғар екі пікірдің ортасынан шығар-ау!

Жиырма бес мың шамалы халқы бар Том шынында алуан түрлі төбелерден түзілген көкмайса жерде орналасқан. Өттең, не керек, оның көркін ию-қию қырқыс, соғыс бүлдіріп тастады. Жан беріп, жан алып арпалысушылар қаланың сәнін не қылсын?! Жаяу казактардың аз жасағы әмірдің екпініне төтеп бере алмады. Қаланың қыруар татарлары келіп жеткен бүлікшіл татарларды қуана қарсы алды. Жартылай сібірлік, жартылай орыстық қала енді кәдімгі татар қаласына айналып

кетті. Том әлде Қоқанд, әлде Бұхар хандығына көшіріліп апарылды дерсің. Әмір өзінің жеңімпаз әскерін, міне, осы осы қалада қарсы алғалы отыр. Соның құрметіне әні әуелеген, биі дөңгеленген ұлан-асыр той-думан жасалмақшы. Ол үшін Том өзенінің жағасындағы төбелердің біреуінің кең баурайы таңдап алынған. Онда әсем үйлер ұзыннан-ұзақ сап түзеп, шіркеу күмбездері жалтырап тұр. Иіріле аққан өзен үстінде бозымық жұқа тұман бар. Бүкіл баурай қоңыр-жасыл жапырақты сұңғақ самырсындар мен бұйрасынды кедрлердің кең құшағында сияқтанады. Алаңның сол жағында, төбенің етегінде ерекше қанық боялған сәулетті сарай тұр. Жартылай мавритандық, жартылай татарлық сәулет сәнімен салынған бұхарлық ескерткіштің қызық үлгісі. Сарайды қоршаған мұнараларда қолға үйретілген жүздеген көкқұтан отыр. олар татар әскерлері ізімен Бұхардан ұшып келіпті. Сарай алдына әмір мен хандар, олардың одақтастары, сарай қызметіндегі татар ақсүйектері және Түркістан төрелерінің гаремдеріндегі әйелдер отыратын арнаулы орындықтар қойылған. Көпшілігі Ішкі Кавказ бен Парсы елдерінен күң есебінде сатып әкелінген бикелердің бірқатарының беті ашық, бірқатары пәрәнжә киген. Пәрәнжә бөгде еркектердің сұғанақ көзінен қорғану үшін киіледі екен. Әйелдер әшекейлі бешпенттерінің жеңдерін иықтарынан асыра артқа тастаған, жалаңаш қолдары алтын білезікке толы. Тырнақтары қызғылт түске боялған салалы жіңішке саусақтарында асыл тасты жүзіктер сан құбыла жарқырайды. Кейбіреуі үлбіреген жібектен тігілген, кейбіреуі «аладжи» деп аталатын нәзік жұқа мақта-матадан тігілген бешпенттер иелері сәл-пәл қимылдаса-ақ сыңғырлағандай әсем үн шығарып, шығыстықтардың құлағын қытықтағандай болады. Қамқа белдемшелері де әсем-ақ. Оның астындағы ықшам жібек шалбардың балақтары інжу-маржанмен безендірілген, тұмсығы сәл түріліңкі кебіске тақалта байланған. Пәрәнжә салмаған әйелдердің әлбеттеріне қараудың өзі – бір рахат: албыртқан аппақ бет, қап-қара қиғаш қас, ұзын кірпікті нұрлы көз, жұқа ерін, маржан тіс. Түрлі-түсті сәукеледен суырылып шыққан сияқты тоқ бұрымдары толарсақтарына түсіп тұр.

Әмір сарайы алдындағы алаңшаның жиегіне тігілген тулардың, іліп қойылған мемлекеттік басқа да рәміздердің жанындағы көлеңкеде қайқы қылыш асынған, кездік тағынған ерекше күзетшілер көрінеді.

Олардың қайсыбірі алтын немесе күміс шашақты нән айбалта ұстаған. Том өзенінің жағасына барып тірелген кең алаң Орта Азия халықтарының сан тілді өкілдеріне толы. Қаракүл елтірілі биік бөрік киген сары шашты, шағыр көзді өзбектер; кең балақ қызыл шалбар, түйежүн кеудеше, шошақ төбе қызыл бөрік, ұзын қонышты былғары етік киген, белбеуіне пышақ пен шапқыш ілген түрікмендер. Жандарында шаштарын бұрай шоқита түйіп-түйіп қойған, үстеріне қызыл, көкшіл, жасыл түс аралас ала көйлек киген, аяқтарына айқыш-ұйқыш түрлі бояу таспалы былғары шәркей ілген әйелдері бар. Әмірдің ұранын ұстана орыс-қытай шекарасынан көтеріле келгендей басқа ұлт өкілдері де жүр: төбесінде өрілген айдары бар, белін буына ұзын шекпен және қара жиекті, қызыл шашақты, шие түсті дөңгелек бөрік киген манчжурлар көрінеді, әйелдері қап-қара шаштарын толқындата тарап, жасанды гүл мен көбелек жапсырып, ұзын алтын түйреуіш шаншып қойған. Қысқасы: монғол, парсы, бұхар, қытай дейсің бе, «той дегенде қу бас домалайды» дегеннің дәл өзі.

Жеңімпаздардың бұл думанында сібірліктер ғана жоқ. Қашып құтылып кете алмағандары есіктерін тарс жауып алған. Олар: Фофан хан жеңістерінің құрметіне әскерлеріне ерік беріп, жеңілгендерді тырдай қылып тонатып жүрмес пе екен деп шошынулы.

Сағат тура 4-те барабандар дүңкілдеп, сырнай-керней сарнап, зеңбіректер көкке атқылап жөнелді де, алаңға Фофан хан шықты. Астында кекіліне гауһар тастар тағылған сүйікті аты. Үстінде – жорық киімдері. Екі жағында – Бұхар мен Құндыздың хандары. Соңында – ығы-жығы нөкерлері мен қызметшілері. Іле-шала нөкерлерімен бәйбішесі де көрінді. Ол парсы қызы болатын. Әйел тектінің өндісі. Сірә, әмірдің қалауы шығар, беті ашық. Төрт бұрым етіп өрген, үлбіреген өте жұқа ақ орамал жапқан қап-қара шашы аппақ иықтарына жараса түсіп тұр. Асыл тастармен әшекейленген, желке жағына алтын жіпті жібек бау тағылған кішкене ғана тақиясы бар. Үстіндегі ойма жағалы жұқа кеудешесінің белінде алтын белбеуі жалтырайды, жібек белдемшесі көгілдір және көк түсті жалпақша қатпарлы етіп тігілген. Әйелдің жалпы сәнденуіне қайырылар болсақ, ол төбесінен табанына дейін неше түрлі қымбат асыл тастардан тоқылған дене тәрізденіп көрінеді. Бойынан әлемдегі аса бағалы тастардың бәрінің дерлік түр-түрі табылып, олардың құны бірнеше миллион сом болар-ау!

Әмір, хандар және татар тектілері, нөкер атаулылар ортаға тігілген ең көрнекті шатырдың алдына келіп, аттарынан түсті. Шатырға кіреберісте, арнаулы қасиетті тұғырда Құран жатыр.

Фофанның адъютанты да келіп жетті. Соның құрметіне сырнай-керней тағы тартылды. Бұл жолы түрікше киінген Иван Огарев, немесе соңғы кезде қойылған аты бойынша – «Таңбалы» атының тұмсығын хан шатырына тіреді. Забұйда лагерінен алып шыққан әскерін бастап келіпті. Алаңның ортасы ашық, шет-шетінде әскерлер сап түзеп тұрған. Жиналған жұрт жексұрынның бетін айпарадай етіп айғыздаған жап-жалпақ қанды тыртықты бірден көрді. Сол тыртық «бұйырғаннан» беріде ол сырттай «Таңбалы» делінетін.

Иван Огарев аға офицерлерін Фофан ханға кезекпен таныстырды. Хан тиісті орнында марқайып тұрып, олардың бәріне жылы шырай көрсетті. Офицерлер, әрине, оған өте риза болды. Жаңалық іздеп, жанталасып бірге жүретін болған екі тілші – Гарри Блэнт пен Альсид Жоливе кейінде осылай деп жазысты. Екеуі Забұйдадан Томға тез жетуге тырысқан. Татарлардан тезірек озып, егер мүмкін болса, орыс отрядтарының бірін қуып жетіп, Иркутке солармен бірге кіруді ойлаған. Олардың бұған дейін көргендері: жаудың шабуылы, талан-тараж жасауы, өртеуі, өлтіруі екеуін әбден жиіркендірген, қайткен күнде сібірлік әскерлерге жетуге асыққан. Әйтседе, Альсид Жоливе Томда болуды жөн көрді, ол татар әскерлерінің бұл қалаға салтанатты жағдайда кіргенін тамашалап, оны бөлесіне жеткізуге құмартты, оның бұл ойын Гарри Блэнт құптады, бірақ ол содан кейін кешкісін Иркутке аттанып кетулері қажеттігін ескертті. Екеуінің де мінгені жақсы аттар еді, сондықтан Томға әмірден бұрынырақ жетуді ойластырған-ды. Сөйтіп, Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт көпшілікпен араласып кетті, мерекелік шаралардың ешқайсысын қалт жібермеуді, жаңалықтардан құр қалмауды көздеді, тындарман-оқырмандарына мұндағы жағдайларды тәптіштеп айтып беруді жөн көрді. Иә, олар Фофан ханның келбетіне, әйелдердің сұлулығына, офицерлерінің, гвардиясының салтанатына шын сүйсіністі; шығыстық той-думанның еуропалық той-думаннан көш ілгері ғанибетті шара екенін сипаттауға асықты. Мерекенің тезірек басталуын тағатсыз күтісті. Ал Иван Огарев пайда бола қалғанда екеуі де оған қалайда жиіркене қарасты.

– Қымбатты Блэнт, – деді Альсид Жоливе, – салтанатты көруге

ақша төлеп келгендіктен бір миннөтті де босқа жібергісі келмейтін буржуаларша екеуіміз тым ерте келіппіз, мыналары – шымылдың ашылуы ғана, біз балет басталарда келуге тиіс едік.

– Қайдағы балет? – деді Блэнт таңдана.

– Кәдімгі балет қой, бар болғыр. Ә, мейлі, шымылдық ашылып та қойды.

Жоливе шынында театрда отырған кісіше сөйледі. Ол дүрбісін алып, «Фофан тобының белді әртістерімен» ежелден таныс жанша маңғаздана көруге ыңғайланды. Сол әредікте келеңсіз бір жәйт те болды. Жеңімпаздар жеңілгендерді мұқатпай жүруші ме еді, сол «дәстүрді» сақтаған мыналар да сөйтті: солдаттар жүздеген тұтқынды алаңға сабалап айдап әкелді. Тұтқындарды түрмеге апарардан бұрын Фофан ханның тобы алдынан шұбыртып өткізу жөн делінсе керек. Олардың алдыңғы легінде Михаил Строгов көрінді. Иван Огаревтің бұйрығы бойынша ол ерекше күзетпен әкелінді. Михаилдың шешесі мен Надя да сол лекте. Өз басының ауыртпалығын елемеуге, әсте жасымауға тырысатын тәкәббар кәрияның өңі сұп-сұр. Әлдебір сұмдықтың боларын сезіп, соған тастүйін дайындалып келгендей. Ұлын әмірдің алдына жайдан жай әкелген жоқ қой. Ұлының тағдыры ана жанын қинауда, бұл жақта қалыптасқан үрдіс негізінде ұлына шектен шыққан жауыз жаза қолданылатынын сезіп тұр. Иван Огарев жұрт алдында маскараға ұшырағанын ұмыта да, кешіре де қоймас. Зарбұйдада өлтіртпегені тегін де емес. Әмірдің үкімімен құртпақты ойлаған болды.

Сонау сұмдық сәттен кейінде шешесі мен ұлы ұшыраспаған. Екеуін екі жаққа сүйрелеп алып кеткен. Марфа Строгова сол жолы ұлынан кешірім сұрауды ойлап еді. Өйткені ол: туған ұлыма аналық мейірім көрсете алмадым, оған небір сойқандық жаза қолданылуына ойда жоқта себепші болдым деп іштей күйзеле бастаған. Егер Омбыда сыр бермесем, басқалар танымайтын ұлымды танығанымды сездірмесем, Михаил мұндай күйге душар болмас еді деп ойлаған. Михаил болса, шешесінің осында екені, Иван Огаревтің әдейі осылай істегені шешесіне де, өзіне де айуандық ажал төнгені деп білді. Ал Надя байғұс өзі мен өзі іштей арпалысып, шешесі мен ұлына қалай көмектесуді ойлап әлек. Көзге түспеуге, арандамауға тырыссам, аласұрған арыстандарды пиғылдарынан қалайда жаңылдыра алсам

дейді. Әйтеуір бір сәтке болсын арашашы болмақ, ал егер Марфа Строгованы қорғауы, құтқаруы қажет бола қалса, жанын киюға да әзір тұрмақ.

Тұтқындардың көпшілігі әмірдің алдынан өткізілді. Олар әмірдің тұсына жеткенде жерге етбеттерінен жатқызылып, құлшылық кейіп көрсетуге мәжбүр етілді. Намысы тапталған бишараға айналдырылды. Жерге жатуға құлқы болмағандарды күзетшілер төкпештеп жатқызды. Ол сұмдықты көріп тұрған Альсид Жоливе мен Гарри Блэнттің зығырданы қайнап, қатты ширықты.

– Мыналары өте өрескел! Кеттік! – деді Жоливе.

– Токтаңыз... түгел көрелік те, – деді Блэнт.

– Түгел көргенің құрысын! – деді француз, бажылдай сөйлеп, сонсоң серігін қолынан ұстай алды.

– Сізге не болды? – деді серігі.

– Блэнт, ананы қараңыз!

– Ол кім?

– Біздің анау жолғы серігімізді қарындасы! Тұтқында екен ғой?! Құтқаруымыз керек!

– Абыржымаңыз, – деді Гарри салқын үнмен, – ол қызға көмегіміз оған кесір болып жүруі мүмкін.

Тұра ұмтылуға шақ қалған Жоливе кідірді. Ал Надя қолаң шашы бет-жүзін жаба әмірдің тұсына етбетінен түсті. Әмірдің көзіне түскісі келмеген сыңайда.

Надядан кейін Марфа Строгова көрінді. Оның илікпесін байқаған солдаттар құтырына итеріп кеп қалды. Әйел құлап түсті. Тұра ұмтылған ұлын солдаттар ұстай алды. Кәрия орнынан тұрды. Солдаттар оны сүйрей жөнелуге ыңғайланғанда Иван Огаревтің қатқыл бұйрығы естілді:

– Андағы әйел сол жерінде тұрсын!

Надя тұтқындармен араласып кеткен. Иван Огарев оны көзімен ұзатып салған.

Әмірдің алдына енді Михаил Строговты алып келді. Ол қасқайып қарап тұр.

– Жат! – деді Иван Огарев айқайлап.

– Жатпаймын! – деді Строгов селт етпей.

Оны жығып салуға тұра ұмтылған екі солдаттың екеуі де мұрттай

ұшты. Тұтқын жігіт шыбын ғұрлы көрмей қағып жіберген. Огарев Михаилға жетіп барып:

– Сен өлесің! – деді ажылдап.

– Мен өлермін, бірақ, жексұрын неме, онымен сенің бетіндегі маскара таңба өше қоймас! – деді Строгов қаймықпай.

Огаревтің өңі оңған шүберектей болып кетті.

– Бұл тұтқын кім? – деді әмір, салқын үнмен сұмдық ызғар білініп.

– Орыстың жансызы, – деді Иван Огарев.

Орыстың жансызы десем, әмірдің үкімі мейлінше қатаң болады деп ойлаған.

Сол сәтте Строгов оған қарай аттай беріп еді, солдаттар ұстай алды.

Әмір бір белгі берді. Нөкерлері бар, басқалары бар – бәрі жерге жата кетті. Әмір құранды нұсқады. Сонсоң әкеп берілген қасиетті кітәпті ашып жіберіп, әлдебір бетін қарамастан саусағымен түртті.

Шығыс халықтарының түсінігінше, орыс жансызының тағдырын Құдайдың өзі шешпек. Орта Азияда оны «жазмыш» дейді. Әмірдің саусағы қадалған тұстағы жазу не айтса, сол болады. Әмір саусағын қозғамай отырды да, Бас діндар келіп үңіліп, ол тұстағы жазуды дауыстап оқыды. Соңғы сөйлемі: «Жарық дүниені көруден қалады» делінді.

– Әй, орыс жансызы! Сен менің лагерімде не барын, не болып жатқанын көруге келдің! Ендеше көр, көзің барда көріп қал! – деді әмір.

### *Бесінші тарау*

#### *Көзің барда көріп қал!*

Қолы байлаулы Михаил Строгов әмір тағының қарсы алдында тұр. Жүйкесі мүжіліп біткен шешесі ештеңені көруден де, естуден де қалған күйде.

– Көзің барда көріп қал! – деді Фофан хан Михаилды сұстана нұсқап.

Татар салтын білетін Иван Огарев ол сөздің мәнісін түсініп, айызы қана ызғарланып жымыды. Содан кейін Фофан ханның қасына барды. Сырнай-керней тартылып жөнелді, ол думанның басталуына берілген белгі болатын.

– Міне, балет те басталды. Бірақ баршаға ортақ дағды ескерілмеді,

мына жабайылар балетті драмадан бұрын қойды, – деді Жоливе.

Михаил Строговқа қарап тұру бұйырылған. Ол байсалдана қарап тұрды.

Әлдебір әуен ойналып, ортаға бишілер тобы жүгіріп шыққан. Сырнай-кернейшілердің қолында татар аспаптары: тұт ағашынан істеліп, жібек жіптен екі ішек тағылған ұзын мойынды дутар – мандолинаға ұқсас; ағаштан ойық бет етіп жасалып, жылқы қылынан бірнеше ішек тағылып, ұштықпен ысқылай ойналатын қобыз – виолончелге ұқсас; үйеңкі ағашынан жасалған сыбызғы – флейтаға ұқсас; тұрбалар, бубналар, там-тамдар. Бәрінің үні әншілердің тамақты қыра шығарылған тарғыл дауыстарына қосылып, ерекше әуен жасады. Оған енді ұзын жіп байланып ұшырылған қағаз батпырауықтардың жел тербегендегі ызылы мен суылын қосыңыз, ол құдды көне грек арфасының күңгіріндей бірдеңеге ұқсайды.

Би басталды. Бишілердің бәрі – парсы қыздары. Олар емін-еркін жүретіндер екен, билері ақылы десті. Олар бір кездері Тегеран сарайларындағы ресми мейрамдарда ғана билепті, бірақ, тақта отырғандарға қатысты бір тосын оқиғадан кейін патшалық шегінен қуып жіберіліпті де, бақытты басқа елдерден іздеп кетуге мәжбүр болыпты. Бишілер ұлттық киімдерімен шықты, өнебойларын толтыра асыл тастар тағынған. Құлақтарында: алтыннан жасалған үш бұрышты, тағы басқа ұзынды-қысқалы сырғалар. Мойындарында: қара сызатты күміс моншақтар тізбесі. Аяқ-қолдарында: екі қатарлы асыл тастар жүргізіліп жасалған білезіктер мен сақиналар мыңдаған түрлі дерлік түспен жалтылдайды. Ұзын бұрымдарына көздің жауын алатын алтын, маржан, гауһар, ақық буыншақтар мен түйеуіштер тағылған. Белбеулерінің айылбасы гауһар жұлдыздан.

Бишілер жеке-жеке де, топтасып та билеп жүр. Бәрінің де беті ашық, тек кейде нәзік бұратыла бере жұп-жұқа орамал жамылады, ол қимылдары жайнаған көздерін ақша бұлттың көлеңкесі түскендей әсем көрсетеді, көгілдір аспанды тұнықша тұман басқандай дерсің. Кейбір биші көзін орамал орнына былғары белбеумен басады, онысына асыл тастар тағылған, үш бұрышты қалтасы да бар. Алтын тіннен тігілген ол қалтадан жалтыраған жібек таспаны суырады, ал таспаларда Құранның өлең-сөздері жазулы. Бишілер жібек таспаны біріне бірі жалғағандай етіп ұстасады да, тұтас шеңбер жасайды.



Сонсоң балқи билеген күйлерінде көлеңкеше жеп-жеңіл сырғып, біресе жербауырлардай дөңгеленеді, біресе Мұхамедтің көктегі қасиетті қанаттыларына барып қосылғылары келгендей ұша жаздап секіреді. Альсид Жоливені қызықтырғаны және таңдандырғаны – олардың ерінгендей баяу екпінмен билегендері. Алып ұшқан қызулық жоқ. Билерінің нақышы, оны орындау мәнері жағынан парсы бишілері қызу қанды мысырлық бишілерден бұрын үнділік ұстамды діндар бишілерді еске түсіреді.

Бидің бірінші бөлімі біткендей әредікте әлдекімнің:

– Көзің барда көрі қал! – деген дауысы естілді. Әмірдің сөзін қайталаған ол ұзын бойлы татар Фофан ханның ойын орындайтын бірегей қызметшісі еді. Ол Михаил Строговтың тусыртында тұрған. Қолында: әйгілі шам жұртының болатынан жасалған ұстара жүзді қайқы қылыш.

Сол әредікте күзетшілердің екеуі үстіне жалындап жанған көмір толы науа орнатылған ошақты алып келді. Ошақтан сан түрлі қосынды отындардың жанып болғандағы жағымды иістері аңқып тұр.

Парсы қыздардың алғашқылары кетіп, бишілердің басқа тобы келген.

– Мыналар Төменгі Жаңақаланың сығандары ғой! – деді Гарри даурыға сөйлеп, көршісіне қарап.

– Солар! Меніңше, әмірлерге бұл жансыздардың аяқтарынан гөрі көздері әлдеқайда құнды! – деді Альсид Жоливе.

Альсид Жоливенің сөзінің жаны бар еді.

Сығандардың алды болып ерекше сәнді де көрнекті кәстөм киіп сұлулана түскен Сангарра келді. Ол билеген жоқ. Топтастарының ортасына кербездене барып тұрып, қолындағы дірілдеткен бубенімен биді басқаруға кірісті. Сығандар саусақ толы жүзік-сақиналарын сыртылдатып-тырсылдатып, дойраларын бебеулетіп билей жөнелді. Билерінде мысырлықтардың, испандар мен итальяндықтардың, яғни өздері ілгерілі-кейінді заманда көші-қонмен аралаған елдердің би нақыш-әуендері бар. Бір сәтте жас шамасы он бестен аспаған ұл алға шықты да, дутарын баптап алып, әнге басты. Іле-шала бір биші қыз оның ерекше сазды да мұңлы әніне елтігендей таңдана жақындай-жақындай жанына барып, тырп етпей тұрды да қойды. Ұл әнінің қайырмасын айтқан кезде ғана бубенін ұрғылап, билеп кетті.

Әрбір қайырма сәтінде сөйтті. Ән аяқталысымен сығандар ұлдың өзін де қосып ала биді екпіндетті. Сол-ақ екен, әмір мен нөкерлері, офицерлер оларға алтын жаңбыр жаудырды: сығандардың алақандары мен етектері алтын теңгелерге толып, асқақ ән-билері көпке дейін толастамады.

– Кәдімгі тонаушыларға тән ысырапқорлық! – деді Альсид Жоливе, серігінің құлағын күбірлеп.

Шынында солай еді. Мынау алтын жаңбыр татарлардың томандары мен секиндеріне қоса мәскеулік ақшалардан да жауды.

Думан аяқталды, тыныштық орнады. Жеңдет Михаил Строговтың иығына қолын салып, әмірдің мана айтқанын бір сөзінен бір сөзін қаһарлы ете тағы қайталады:

– Көзің барда көріп қал!

Жоливе бұл жолы жеңдеттің қолынан қылышты көре алмады.

Күн батып барады. Алакөлеңке қоюлана бастады. Төңіректегі ағаштардың көлеңкелері тұтасып, қап-қара дүниеге айналды. Кең арналы Том өзенінің жалтыраған айдынын тұман басты. Алаң қараңғыланды да, біраз уақыттан соң қолдарына шырақ ұстаған жүздеген солдат келді. Сангарра бастаған сығандар мен парсы қыздары әмір тағы алдында тағы пайда болып, биді қайтадан бастады.

Оркестр дауылдата ойнады. Әншілердің қырылдақ дауыстары төңіректі кернеп жөнелді. Алаң мен айналаны құтырылған дабылды үн басты. Жер бауырлаған қағаз батпырауықтар қайтадан көтеріліп, түрлі-түсті шырақтарды әуелетіп алып бара жатты. Түнгі ауа ағысында тербелген батпырақтардың көне грек арфасынан шыққан әуендей үндері анығырақ естіле түскендей. Бишілерге татар эскадроны келіп қосылды да, жиынның қимылы шапшаңдай түсті. Жалаң қылыш, ұзын алтыатар ұстаған солдаттар билей жүріп жоғарыға қарай тарс-түрс атқылап, дойраны да, тамбурды да, дутарды да жолда қалдырды. Қытайдың түрлі түсті дәрісімен оқталған алтыатарларының аузынан қызыл, жасыл, көгілдір оттар көкке шапшып кетіп жатты. Жердегі кісілер от-шашудың ортасында жүрген сияктанады. Бұл көрініс көне бір замандағы кориф жұртының найза мен қылышты жерге шаншып қойып билегендерін еске түсіргендей. Бүгінгі мынау бидің содан өзгеріп жеткен болуы да мүмкін ғой.

Осыған дейін бүгінгі француз сахнасынан жарқырауық пен құйын-

періннің талайын көріп тамашалаған париждік жорналшы қалай дегенмен енжар қала алмай:

– Бәрекедді! Ғажап-ақ! – деп дауыстап жіберді.

Кенеттен, құтты сиқыр сияктанып, оттар өшті, әуендер тиылды, бишілер ғайып болды. Мейрам бітті. Жаңа ғана от-алау құшағындағы алаңда бірнеше шырақ-шам ғана жанып тұрды.

Әмірдің белгісі бойынша Михаил Строговты оның алдына алып барды.

– Блэнт, не болатынын көріп тұра бермексіз бе? – деді Жоливе.

– Жоқ, – деді серігі.

– Мұнда не болғанын тәптіштеп жазбасаңыз, оған оқырмандарыңыз ренжи қоймайтын шығар?

– Сіздің бөлеңізден қатты ренжімес.

– Байғұс-ай, – деді Строговқа қараған Жоливе, – қанмайданда қаза тапқанды қалайтын жігіт еді-ау!

– Екеуіміз ебін тауып құтқара алмаймыз ба?

– Ештеңе істей алмаймыз.

Екеуінің де естеріне Михаил Строговтың өздеріне жақсылық жасағаны түскен. Бұл жігіттің қаншама қиыншылықтарды басынан кешіруге тиіс болғанын бұлар енді ұққан. Оны мейірімді білмейтін жабайылардан құтқарып алу қолдарынан келмейтініне іштей күйінулі. Қатыгездік жазаның куәләрі болғылары келмеді де, дереу қалаға қайтып, арада бір сағат өткенде Томның көшелерін аралап, орыс отрядтарына қосылудың жолын іздеп әбігерленіп жүрді.

Михаил Строгов әмірдің алдында қасқайып тұр. Иван Огаревқа жиіркене қарап қояды. Ажалының жақын екенін білсе де сыр берер, селт етер емес. Қоршалағандар әлдебір қызық көруге жиналғандай-ақ ентелеп, тағатсыздана бастады. Тосқандарын көріп көңілдері көншіген соң тайлы-таяқтысы қалмай ішімдікке бас қояр-ау!

Әмір бір белгі берді.

Солдаттар Михаил Строговты оған қарай итермелеп, жақындата түсті.

– Орыстың жансызы, – деді әмір татар тілінде сөйлеп, – сен мұнда бәрін көріп, біліп алуға келдің. Ендеше ақырғы рет көріп ал, сәлден соң сен жарық дүниені көруден қаласың!

Демек, оны өлімге емес, соқыр болып қалуға кесті. Өмірден

айырылғаннан гөрі көзден айырылу қорлық-ау! Қайран жігіттің жанарын жоймақ. Михаил Строгов сұмдық үкімді естігенде де селт еткен жоқ. Жалыну, жалбарыну ештеңе бермес, өйтуге намысы жібермес те. Иә, ол жалбарынуды ойламады да. Ол сапарының сәтсіз болғанына өкініп тұр. Шешесін, Надяны ойлады, екеуін енді көре алмайтын халге душар боларына іштей қынжылды. Сонда да сыр бермеді. Өнебойын ыза кернеді. Иван Огаревке сұстана қарап:

– Иван! Сатқын Иван, менің жиіркене соңғы рет көргенім сен боласың! – деді.

Огарев иығын қужың еткізді.

Ал Михаил Строгов қателескен еді. Оның соңғы көретіні Иван Огарев емес-ті. Михаилдың алдында шешесі тұрды.

– Анашым! – деп айқайлап жіберді ұлы. – Саған қарап тұрмын, ана-жан! Соңғы көргенім анау сұмырай емес, сен боласың! Осылай алдымда тұршы, сенің асыл ажарыңа соңғы рет қарайыншы! Менің көзім сені көріп барып жұмылсыншы!

Кемпір жылжып жақындай түсті.

– Әкетіндер мына әйелді! – деп баж етті Иван Огарев. Марфаны екі солдат итеріп жіберді. Кәриә біреу қадам шегіндірілгенмен құламай, ұлына қарап тұра қалды.

Жендей көрінді. Ол бұл жолы да жалаң қылыш ұстай келді, тек бұл жолғысы – бағанағы науашықта хош иістене жанған оттың жалынына ұсталып, балқуға шақ қалғанша бапталған қылыш.

Михаил Строговтың көзі татар салты бойынша қызған темірмен қарылып тасталуы керек. Михаил тырп еткен жоқ. Бұл дүниедегі бір ғана қымбаты – туған анасы. Асыл анасының бейнесін соңғы рет көріп, көкейіне көшіріп алуды ғана ойлап тұр.

Марфаның көзі ұясынан шығып кетердей. Ұлына қарап, екі қолын үнсіз созып тұр.

Қылыштың жүзі жалт етті. Михаилдың екі көзі жұмылып кетті. Жандауысы шыққан кәрия Марфа етбетіне құлады.

Әмір соңғы нұсқауын беріп, нөкерлерін шұбыртып кете барды. Алаңда Иван Огарев пен шырақшылар қалды. Жәдігөй неме құрбандығына тағыда жәбір жасамақ па? Жендеттен кейін тағыда жазаламақ па?

Иван Огарев Михаилдың жанына жайлап жақындап барды. Михаил

оның келгенін сезіп, жалт бұрылды. Огарев қалтасынан патшаның хатын алып, жымия ашып, оны патшаның зағип шабарманының көз ойығына тақады да:

– Михаил Строгов, кәне, мынаны оқы, міне, оқы да, не жазылғанын Иркутке жеткіз! Патшаның қалаулы шабарманы енді сен емессің, ол – Иван Огарев! – деді.

Сатқын осылай деді де, хатты қойнына тығып, бұрылып жүре берді. Шырақшылар оның соңынан жөңкілді. Михаил Строгов жалғыз қалды. Қол созым жерде әлде талып, әлде өліп шешесі жатыр.

Бір шеттен ию-кию дауыс, ән естілген. Түнгі жынойнақ тағы басталса керек. Том қаласы шоқтан шашақ тағынғандай, мерекенің құшағына алынғандай.

Михаил Строгов жан-жағына құлақ түрді. Алаңның бос қалғанын аңғарды. Аяғын көтермей ақырын жылжи жүріп, шешесі құлаған тұсқа жетті. Аяғы шешесінің денесіне тірелгенде еңкейе сипалап басын ұстады, бетіне бетін басып, әлдене деп күбірледі. Кәриә Марфа тірі ме екен, ұлының не дегенін естіді ме екен? Ол қыбыр еткен жоқ. Михаил шешесінің маңдайынан, шашынан сүйді, сонсоң түрегеліп, қолын шешуге тырысып, бірдеңеге сүрініп қалмас үшін аяғын абайлап басып, алаңның ортасына қарай беттеді.

Кенеттен Надя пайда болды. Ол бірден Михаилға барды да, сол тұста жатқан бір қылышты алып, оның қол бұғауын үн-түнсіз кесті. Зағип жігіт кімнің жәрдем жасағанын білген жоқ.

– Аға, – деді қыз.

– Надя!.. Надя!.. – деді Михаил күбірлеп.

– Аға, жүр, кетелік. Мен енді сенің көзің боламын, сені Иркутке алып барамын! – деді қарындасы.

*Алтыншы тарау*  
**Үлкен жолдағы дос**

Жарты сағат өткеннен кейін Надя мен Михаил Строгов Томнан шықты. Ол түні татарлар ақыл-естерінен айырыла той тойлап, күзет дегенін бір құдайға тапсырған еді, сол жағдайды пайдаланған тұтқындардың көбі қашқан-ды.

Анау оқиға болар алдында басқалармен бірге алаңнан әкетілген Надя бір қалтарыста қала берудің ебін тапқан да, кері қайтқан. Ол

алаңға оралған сәтте Михаил Строговты әмірдің алдына әкелген еді. Көпшіліктің арасында тұрып бәрін де көрді. Қызыл шоқтан шыққан қайқы қылыш жолсерігінің екі көзін қарып жібергенде де ол үн шығармай тұрды. Одан кейінгі оқиғалар кезінде де сыр берген жоқ. Оған жоғарыдағы ғайыптан: шыдау керектігін, өз бостандығын сақтау қажеттігін, сонда ғана Марфа Строгованың ұлын ол орындауға ант берген мақсатына жеткізе алатынын ескерткен хабар келген. Сібірлік кәриә сылқ етіп құлап түскен әредікте Надяның жүрегі тоқтап қалғандай болып, бір минуттей уақыт қатты қиналды да, ол күйден тез айығып, әлдебір күш оған іштей: «Мен соқырдың жолбастар иті боламын!» дегізген.

Иван Огарев тобы кете бастасымен Надя бір қараңғы қалтарысқа тығыла қалды да, алаңдағылар тарап біткенше күтті. Бір кезде алаңда Михаил Строгов қана қалды. Қолынан енді дәнеңе келмейтін жексұрандай етіп тастап кетті жұрт. Михаилдың сипалап жүріп анасын тауып алғанын, басын көтеріп сүйгенін, сонсоң енсесін жазып, тезірек кетуге әрекеттенгенін Надя көріп тұрды. Содан соң, бірнеше минут өткенде... екеуі қол ұстасып, дөңестен түсті. Томның жағасымен байқастай жүріп, қала шегіне жетіп, үлкен жолға шықты. Шығыс жақтағы Иркутке баратын жол біреу-ақ, яғни ордан шатасып бұрыс кету, адасу мүмкін емес. Надя Михаилды жетектеп, тез жүріп келеді. Түні бойғы тойдан соң ес жиған татарлардың барлаушылары сондарынан қуа шығып, орыстар жаққа өтіп кетер жолдарын кесіп жүрер ме екен деген қауіп бар. Қызылжарға бүлікшілерден бұрын жетуге асығулары керек. Үлкен жолдан шығуға, орман ішімен тура тартуға тәуекел ете алмады. Өйтсе тәуекел түбі өкінішке соқтырып, ажалға тап болулары да мүмкін.

Талдырмаш, нәзік денелі Надя қыз шынымен шаршамады ма? Әскери тұтқындармен бірге осыншама қиын да ұзақ жол жүруге шыдар күшті қайдан тапты? Ойдым-құрдым жолда жарадар болған жіп-жіңішке жіліншігі қалай ғана талмайды? Еріксіз қайран қаласың. Әйтеуір, не болса да, Михаил Строгов пен Надя Семилов селосына жетті. Михаил жол бойы ләм демеді. Надя оны қолынан ұстаған жоқты, ол Надяның кішкентай қолынан ұстаған-ды. Жолсерігі болған қыз оның қолын анда-санда қысып қойып, жетелеп келе жатты. Серігі сенімді болған соң Михаил да аяғын қорғанбастан нық басқан.

Семилов селосы қаңырап қалыпты. Татарлардан қорыққан тұрғындары бағалы деген бұйымдарын, тамаққа жарайтынның бәрін алған да, Енесай облысына безген. Қалай болғанда да аялдаулары, дем алулары керектігін ойлаған Надя село шетіндегі бір үйге тоқтады. Бос үй. Ашық-шашық. Екеуі үйге кірді. Бөлме ортасындағы орыс пеші жанында қиққан ұзынша орындық тұр. Екеуі соған отырды. Надя серігіне алғаш рет байыптап қарады. Егер Михаилдың жанары аман болса, ол өзіне қараған әдемі мұнды көзден өзіне сенген, сүйінген, сүйген жанның жүрек сырын оқыған болар еді...

Михаилдың күйген, қып-қызыл жараға айналған қабағы салыңқы еді. Көзінің орны құп-құрғақ, іштегісі атқарылып тасталған қауашақтай. Қас пен кірпігі жартылай күйген. Көзін жұмып алғандай жігіттің түрі, былайша қарасаң – өзгермеген сияқты. Ал суқараңғы болып қалған себебі: оттан шыққан қылыштың қызуы көзінің көру тамырларын түгел күйдіріп жіберген ғой.

Бір кезде Михаил Строгов қолын алға қарай созып:

– Надя, осындасың ба? – деді.

– Иә, Михаил, мен осындамын, жаныңдамын, сені ешқашан тастап кетпеймін, – деді қыз.

Надя өз атын бірінші рет атағанда Михаил селт етті. Қыздың: өзінің кім екенін, Марфа Строговаға қандайлық қатысы барын білетінін түсінді.

– Надя, біз жеке-жеке кетуге тиіспіз, – деді.

– Жеке-жеке?! Михаил, қалайша?

– Сенің аяғыңа оралғы болғым келмейді. Иркутке әкең тосып отыр. Әкеңе тез жетуің керек!

– Михаил, өзіме аса көп жақсылық жасаған сені тастап кетер болсам, әкем маған теріс батасын береді!

– Надя! Надя! – деді Строгов, қыздың қолын ұстасымен қысып-қысып қалып. – Сен әкеңнің ғана жағдайын ойлауға тиіссің!..

– Михаил, – деді Надя, оның сөзін бөліп, – менің көмегім әкемнен бұрын саған қажет. Сен әлде Иркутке бармақ бетіңнең қайпақсың ба?

– Жоқ! – деді жігіт, нық сөйлеп.

– Хат жоқ қой сенде?

– Иван Огарев ұрлап алған хат па?... Онда тұрған не бар? Мақсатымды ол хатсыз да орындай аламын! Олар мені жансыз деп ойлады. Ал

мен енді жансызша әрекет ететін боламын. Иркутке барысымен не көргенімді, не естігенімді – бәрін айтып беремін. Құдайдың бары рас болса, мен анау жәдігөймен әлі кездесемін! Тек Иркутке одан қалайда бұрын жетуім керек!

– Сондықтан, Михаил, екеуіміз екі жолмен жүруіміз керек пе?

– Надя, әлгі жәдігөй мені жұрдай етті ғой?!

– Менде біраз ақша бар. Көзім сау. Михаил, мен сенен бөлек кетпеймін, көздеген жеріңе апарамын!

– Қалай?

– Жаяу.

– Қалай жан сақтаймыз!

– Мәжбүр болсақ, қайыр сұраймыз.

– Надя, онда... кеттік пе?

– Кеттік, Михаил!

Екеуі бірін бірі аға, қарындас деп атауды қойды. Ортақ ауыртпалық, ортақ қайғы екеуін табыстырып жіберген.

Олар бір сағаттай дем алды да, үйден шықты. Надя иен қалған үйлердің бәрін аралап, қара нанның бірнеше тілімін, аздаған бал тауып алды. Тегін тапқан талғажау Михаилға аз-маз болса да қорек етуге жарарынына іштей шүкіршілік еткен Надя: «қайыршы кәсібіне төселуге де әзірлене бастауым керек» деп білген. Ол Михаилға нан тілімдерін беріп, бөтелке аузынан бал ішкізді.

– Надя, өзің ше? Өзің жеп отырсың ба? – дейді Михаил қайта-қайта.

– Әрине, – дейді қыз, нанның одан қалған қиқымдарын теріп жеп отырып.

Олар Семиловтан шығып, Иркут жолына қайта түсті. Надя шаршағанын сездірмеуге тырысып келеді. Егер Михаил оның қалжыранқы түрін көрсе, бұдан әрі қарай жүруді тоқтатып, дем алдырған болар еді. Иә, Надя қыңқ етпеген соң Михаил да аяғын жебей басып келеді. Ол неге асығулы? Татарлардан шынымен озып кетпек пе? Көлігі – екі аяғы. Қалтасында бір тиын да жоқ. Өзі соқыр. Жалғыз жанашыры Надя тастап кетер болса, бұралқы иттей бір жерде өліп қалары хақ.

Екеуі Қызылжарға аман-есен жетсе, арғы жағын тағы көріп алар еді. Губернаторына бар мән-жайды айтады да, ол бұлардың Иркутке тезірек жетулеріне жәрдем жасайды.



Михаил Строгов қалың ойдың құшағында. Надяның қолынан ұстап келеді. Екеуі сөйлеспей келе жатса да, бірін бірі іштей ұғып, өзара іштей сырласатын сияқты. Әйтседе, Михаил анда-санда:

– Надя, бірдеңе айтсаңшы! – деп қояды.

– Не айтайын, Михаил? Менің ойымды оқып келе жатқан да шығарсың, – дейді қыз, шаршаңқы екенін сездірмес үшін жігерлі сөйлеп. Алайда шаршамасқа шамасы қайда, кейде жүрегі дүрсілдеп, қылтасы қиылып, жүрісін баяулатады, кейде еріксіз тоқтайды да. Сондай сәтте Михаил да тоқтап, қыз жаққа қарайды. Өрімдей жап-жас жолсерігінің өңін көргісі келетін шығар, бірақ жанары сөнген көзге жарық дүние тұман емес пе, қайтсін-ай, ауыр күрсініп алады да, Надяның қолынан тағы ұстап, алға ұмтылады.

Кейде қаншама әуре-сарсаңның бір әредігінде жеңілдік те, жақсылық та болып қалатыны бар емес пе, мынау екеуі де сондай бір сәттің кезігеріне сенімді еді.

Семиловтан шыққандарына екі сағаттай болғандарында Михаил тоқтай қалып:

– Алды-артымызда ешкім көрінбей ме? – деді.

– Тірі жан жоқ, – деді Надя.

– Артқы жақтан бір дыбыс естіледі ғой?

– Шынында мен де естідім.

– Татар болса, дереу тығылуымыз керек. Жақсылап қарашы!

– Қазір, Михаил, тұра тұр.

Жолдың ол тұсы бұрма болатын, Надя артқы жаққа қарай баспалап біраз барып келді де:

– Ат-арба екен, айдаушысы бір балаң жігіт, – деді.

– Жалғыз ба?

– Жалғыз.

Михаил екіойлы болып қалды. Тығылу керек пе, әлде тәуекел деп тосып алып, арбасына отырғызуды, тым болмаса Надяны отырғызуды өтіну керек пе? Надяны отырғызса жарар еді, өзі арбадан ұстап ілесе берер еді, тіпті, керек болғанда арбаны итерісіп көмектесе да алады, құдайға шүкір, күші бар. Ол Надяның шаршап келе жатқанын қалайда сезген. Не болса да деп арбаның келуін күтті.

Күркешікті арба бұрмадан бері шығып келе жатыр. Добал бітісті ат жегілген, монғол тұқымдас күшті ат. Арбакеш бозбала екен, делбені

бос ұстап, арбаны жанасалай жаяулап келеді. Арба соңында ерген иті бар. Ал бозбаланың түсі жылы екен, түңілуге болмас. Ол атын аяған кейіппен асықпай, ақырын аянда-тып келеді. Мына жолда татарлар ұшырасып қалады-ау деп абыржитын түрі жоқ.

Надя Михаилды қолынан ұстап, жол жиегіне шығып тұрды. Тұстарына жеткенде күркешікті арба тоқтады. Арбакеш жайдары жымыып, қызға қарап:

– Қайда кетіп барасындар? – деді, дөңгелек көзі күлімдей түсіп.

Оның дауысы Михаилға таныс тәрізденді. Бір жерде естігендей. Иә, арбакешті дауысынан танып тұр. Михаилдың іші жылып, көңілі орнықты.

– Сонымен, қайда кетіп барасындар? – деді арбакеш, енді Михаилға көз тастап.

– Иркутке кетіп барамыз, – деді Михаил.

– Уәйда! Сіз, ағатай, Иркутқа дейін әлі неше шақырым барын білесіз бе?

– Білемін.

– Жаяу жетпекшісің, ә?

– Иә.

– Сен шыдарсың-ау, ал мына бойжеткен ше?

– Бұл – менің қарындасым, – деді Михаил сонау кездегі әдегімен.

– Иә, көкесі, бұл қарындасыңның меніңше, Иркутке жетуі екіталай.

– Достым, бері қарашы, – деді Михаил Строгов оған қарай жақындап, – Татарлар бізді тонап кетті, былайша айтқанда тақырға отырғызды, яғни менде саған төлер бір тиын да жоқ. Сен адамшылық жасап, қарындасымды арбаға отырғыз. Мен еріп аяндап отырайын, қажет болса жүгірейін де! Әйтеуір, сені жолыңнан қалдыра қоймаспын...

– Аға! – деп ышқынып қалды Надя. – Сен өйтпе, қерегі жоқ, өйтпе! Әй, жігіт, менің ағамның көзі көрмейді!

– «Көрмейді»?!. – деді бейтаныс жігіт, Михаилға енді есіркей қарап.

– Көзін татарлар күйдіріп жіберді! – деді Надя.

– «Күйдіріп жіберді»?!. Обал-ай!.. Мен Қызылжарға кетіп барамын. Қарындасың екеуің де, қәне, арбаға отырындар. Сәл тарлау болар, оқасы жоқ, сиямыз. Итім еріп отырар. Тек мен ақырын жүремін, атымды болдыртым алам ба деп қорқамын.

– Сенің ныспың кім? – деді Михаил.

– Менің бе? Николай Пигасов. Неге сұрадың?

– Сенің атыңды мен ешқашан ұмытпайтын боламын, – деді Михаил Строгов.

– Жарайды, жақсы, ал арбаға отырындар. Қарындасың екеуің күркешікке отырасындар, мен мінберге отырамын, ат айдаушымын ғой. Екеуің ұядағы балапандай болып отырындар, жұмсақ болсын деп шөп, сабан салып алғанмын. Кәнеки, кері арғымағым, қозғалайық!

Сұрша деп атаған иті арбамен қатарласып бүлкілдеп келеді. Ол да аты сияқты сібірлік екен, тек түсі сұры, бойы жатағандау, мұрны кең, кеңсірігі үлкен. Иесіне қарап, еркелегендей болып, құйрығын бұлғаңдатып қояды.

Надя мен Михаил арбаға жайғасып отырғаннан кейін Михаил қолын алға ұмсынта сипалады. Николай Пигасовтың қолын іздеген.

– Қолымды қыспақсың ба? Менің қолым, міне, көкесі, қыса ғой, – деді Николай.

Ат жорғалап келеді. Елпек көрінеді.

Михаил Строгов уақыттан ұтпаса да, Надя дем алатын болды. Байғұс қыз шын-ақ шаршаған екен, біраздан соң арбаның тербеуімен ұйықтап та кетті.

Михаил мен Николай оны мүмкін болғанынша жайлап жатқызды. Николай тіпті елжірей сөйлеп:

– Нағыз сұлу екен! – деді.

– Иә, сұлу, – деді Михаил.

– Бұл, көкесі, қалай болғанда да шыдамдылық қой. Қыз шіркіндер нәзік болғанмен шыдамды-ақ. Сендер алыстан келе жатырсындар ма?

– Иә, алыстан.

– Байғұс-ай, көзінді күйдіргенде қатты қиналған шығарсың?

– Әрине, қатты ауырды, қиын тиді, – деді Михаил.

– Жылаған жоқсың ба?

– Жыладым.

– Мен де жылар едім. Ең қиыны жаныңдағыларды көре алмау болар, енді қайтесің, оның есесіне жаныңдағылар сені көре алады, оған да шүкіршілік.

– Иә, солай. Ал, жарқыным, сен мені ешқашан жолықтырған жоқсың ба, ойланшы?! – деді Михаил Строгов.

– Сені ме, көкесі? Ешқашан жолықтырған жоқпын.  
– Мұны сұрап отырғаным, қалайда... дауысың таныс тәрізді.  
– Қарап қой! Менің дауысымды таниды, а? Менің қайдан келе жатқанымды білу үшін сұрап отырған шығарсың әлде? Е, оны айтып берейін, мен Колываннан келе жатырмын.  
– Колываннан? – деді Михаил таңдана сұрап. – Яғни мен сені сонда көрген шығармын. Сен телеграф стансасында болдың ба?  
– Мен сонда тұрдым, сонда қызмет істедім, – деді Николай.  
– Бүлікшілдер басып алған ақырғы минутке дейін сонда болдың ба?  
– Енді... иә, ақырына дейін болуыма тура келді.  
– Сонда, сол күні шетелдік екі кісі, ағылшын мен француз, қолдарында ақша бар, екеуі аппаратқа таласып, ақырында ағылшын алға түсіп, Библиядан үзінді оқыды емес пе?  
– Мүмкін, көкесі, солай болған да шығар, бірақ менің есімде жоқ.  
– Есінде қалмағаны ма?  
– Мен өзім қабылдап отырған жеделхаттың иесіне, оның жазғанының мән-мазмұнына ешқашан назар аудармаймын. Менің міндетім – өзім оқыған сөздерді дереу ұмыту!  
Жауабына қарап-ақ Николай Пигасовтың кім екенін тануға болатын еді.

Күркешікті арба ақырындап-ақ біраз жерге барып қалған. Михаил Строговқа тезірек жүргені керек болса да, Николай мен аты асығу дегенді қойған көрінеді. Сөйтіп, бұлар үш сағат жүріп, бір сағат дем алып, сол «тәртіппен» бір күн, бір түнді өткізді. Тоқтағандарында ат доғарылып, жайылуға жіберіледі, саяхатшылар да, одан қалыспай, тамақ ішуге кіріседі. Арбада кемінде жиырма кісіге жететін азық-түлік бар екен, Николай жаңа таныстарын жомарттана силады. Надя дем алып, әлденіп, оңалып қалды. Николайға керегі де сол еді, қызға қамқоршы болғанына дән риза.

Сонымен, бұлардың саяхаттары, «асықпаған арбамен қоян алады» тәрізденіп, жайлы болуға айналды. Үлкен жол әрі төте, әрі тыныш. Арбакеш Николай кейде қалғып кетеді. Соны сезген Михаил сипалап делбені тауып, қолына ақырын алады. Бірақ, бір қызығы, Михаил делбе қақса-ақ болды, керіат ат оқыранады. Әйтседе, ол жүрісін еріксіз жеделдетіп, бірақ біраздан соң бәрібір аяндайды, алайда

Михаил соған да риза, өйткені делбені өзі алғанда атты айдаңқырап, бірер шақырым артық жүргізіп үлгіреді.

Олар сөйтіп жүріп отырып, Есіл өзенінен, Есіл, Берік ел, Күй селоларынан, Мария өзені мен сол аттас селодан және Боготовль селосынан, Сібірдің шығысы мен батысының шекарасындай Сұлу өзеннен өтті. Біресе құм даламен, біресе қарағайлы орманмен жүрген жолдарында тірі жан көрінген жоқ. Шаруалар Енесайдың арғы жағына қашып кеткен болар, сірә, татарлар жалпақ өзеннен өте алмайды деп ойлаған да.

Арбалылар тамыздың 22-сі күні Ащы селосына жетті. Село Томнан жүз сексен шақырым жерде. Қызылжарға дейін әлі жүз жиырма шақырым жол жатыр. Бірге өткізген алты күнде Николай да, Михаил Строгов пен Надя да еш өзгерген жоқ. Бірі әрқашанғысынша өте сабырлы болса, қалған екеуі арбакеш тастап кете баратын сәт жақындап келеді-ау деп іштей мазасыз. Михаилдың көзі Николай мен Надя болды. Жолайғы жер бедерлерін, ерекше көріністерді екеуі жарыса айтып отырды. Михаил орманда немесе жазықта келе жатқандарын, алыста үй ме, кісі ме, қарайған әлде не көрінгенін солар арқылы білді.

Николай ауыз жаппады, оны-мұны көріп-білгендерін айтуды ұнатады екен, серіктерін жалықтырған жоқ. Бірде Михаил Строгов одан ауа райының қандай болып тұрғанын сұрап еді, Николай:

– Тәуір, көкесі, жақсы. Жаздың соңғы күндері ғой. Сібірде күз өте қысқа. Аяздың сақылдап жетіп келгенін білмей де қаламыз. Күз жаңбыры жиілеп, жер лайсаң бола бастасымен татарлар қыстауларына тайып тұрады да, ешқайда шықпай жатып алады, – деп жауап берді. Михаил басын бірер шайқады.

– Сенбей отырсың ба? Сен олар Иркутке барады деп ойлайсың ба? – деді Николай.

– Сөйте ме деп қорқамын, – деді Михаил.

– Сенің қорқынышың орынды болуы да мүмкін... Оларда ешкімге тыныштық бермейтін бір сұм бар. Иван Огарев дегенді естіп пе едің?

– Естідім.

– Отаныңды сату деген...барып тұрған мәлғұндық!

– Иә...мәлғұндық... – деді Михаил, сыр беріп қалмауға тырыса сөйлеп.

– Меніңше, көкесі, сен ол мәлғұнға оншама ашулы емес тәріздісің.

«Иван Огарев» деген сөзді естігенде әрбір адал орыстың жүрегі жиіркеніштен жарылып кете жаздауы керек!

– Оны дәл менше ешкім жеккөре алмайды, егер маған сенсең, – деді Михаил.

– Шыдау мүмкін емес, – деді Николай қызынып. – Шыдауға болмайды! Иван Огарев есіме түссе, оның біздің қасиетті Русьқа қандай зұлымдық жасағанын ойласам, егер ол қолыма түсе қалса...

– Не істер едің?

– Өлтіріп тастар едім деп ойлаймын!

– Мен ойланбас та едім! – деді Михаил Строгов, қатулана сөйлеп.

### *Жетінші тарау*

#### *Енесайдан өту*

Олар тамыздың 25-і күні Қызылжарға әжептәуір жақындап қалды. Томнан шыққандарына сегіз күн болған. Егер Николай көбірек ұйықтаған болса, онда бұдан ерте жететін еді. Делбе Николайдан басқаның қолында болғанда бұл екіара – 60 сағаттық қана жол.

Құдай жолды оңғарып, бұларға бірде-бір татар жолыққан жоқ, тіпті олар туралы дәнеңе естілмеді де. Көрмеген біреу айтса, сенгісіз-ақ жәйт. Сірә, әмірдің Томда бөгеліп қалуына, Иркутке аттана қоймауына бір себеп болған шығар.

Иә, ондай себеп бар-ды. Орыстардың Енесайда тез жасақталған жана корпусы Томға ойда жоқта жетіп келіп, қаланы татарлардан тартып алуға лап қойған, бірақ әмірдің қисапсыз көп әскеріне шамалары жетпей, шегінуге мәжбүр болған. Өз әскерін және одақтасқан хандардың әскерлерін қоса есептегенде Фофан ханда екі жүз елу мың солдат бар еді, ал орыстарда соншама әскер жасақтауға мұрша болмады. Яғни татарлар қарсыластарының бетін қайтарып тастаған соң ғана Иркутке қарай жылжыған. Томдағы соғыс тамыздың 22-сі күні болды. Тамыздың 25-інде әмір әскерлерінің Қызылжарда бола алмағаны сондықтан. Біздің саяхатшыларымыз оны білген жоқ. Михаил Строгов өзі кеткеннен беріде онда не болғанын, әрине, білмесе де, оның есесіне өздерінің татарлардан бірнеше күн ұтқанына, соның арқасында Қызылжардан сегіз жүз шақырым жердегі Иркутке ерте жететініне кәміл сенімді. Сондай-ақ, ол он екі мыңдай халқы бар қалада одан арғы жолына қаржы табу жеңіл болады деп ойлады. Николай Пигасов

Қызылжарға дейін ғана барады, ендеше мына арбадан гөрі жайлы және тез жүретінін тауып алулары қажет. Губернаторына барып, мән-жайды айтып берсе, саяхатқа шығу мақсатына көзін жеткізсе, ол Иркутке тезірек баруына көмектесер. Михаил Пигасов Николайдай жақсы жігітке алғысын айтып, Надя екеуі ары қарай аттанады. Надяны әкесіне апарып тапсырмайынша Михаил тыншымақ та емес.

Қызылжарға жол тартқан Николай егер «лайықты қызмет таба алса», сонда тұрақтап қалуды көздеп шыққан-ды. Әлбетте, Колывандағы қызметін соңғы минутке дейін атқарған өнегелі қызметкер мұнда мемлекеттік сондай қызмет табылса, орналаса салуға әзір.

Өздерінен жолақы алуын бірнеше рет өтінген Михаил мен Надяға: – Сендерден тектен-тек ақы алып не болды маған? – деген Николай.

Қызылжар мен Иркутты жалғастырып тұрған телеграф стансасы бар бұл қаладан қызмет таба алмаған жағдайда Николай Удин қаласына, тіпті Иркутке де бармақшы. Иркутке баруына тура келсе, ағасы мен қарындасына одан артық жолсеріктің керегі не?

Қызылжарға жарты шақырым қалған. Жолдың екі жағынан да қарауытқан ағаш крестер көріне бастады.

Сағат кешкі жеті. Енесайдың биік жағасына салынған шіркеулер мен үйлер ашық та суық аспанмен таласқандай биік болып көрініп тұр. Арба тоқтады.

– Қарындасым, біз қайдамыз? – деді Михаил.

– Қалаға жарты шақырым қалды, – деді Надя.

– Қала ұйықтап қалғаннан сау ма, ешқандай дауыс естілмейді ғой? – деді Михаил.

– От та көрінбейді, – деді Надя.

– Қызық қала екен. Мұндағылар ешқандай ырду-дырду жасамай, ерте ұйықтайтын шығар?! – деді Николай.

Михаил әлдебір сойқандықты сезгендей болды. Бұл қалаға жеткен соң арқа-басы кеңір, көмек табылар деген ойын Надяға айтпаған. Енді сол ойының адыра қалуы мүмкін екенінен қорқа бастады. Ал Надя оның ойын қалайда оқып келе жатқан. Ол Михаилдың Иркутке жетуге неге асығатынын ғана ұқпады. Патшаның хаты бәрібір жоқ. Бірде асығу себебін сұрағанында Михаил:

– Мен Иркутқа жетуге серт бергенмін, – деді де, Николайға бұрылды: – Достым, біз неге тұрып қалдық?

– Арбамның дауысы қала тұрғындарын оятып жібере ме деп жүрексініп отырмын, – деген Николай делбені қағып, атын бишікпен ақырын ұрып қалды.

Сұр ит үрді. Арба қозғалып, Қызылжарға тура апаратын жолға түсті. Жолаушылар он минөт шамасында қалаға кірді. Қызылжар да иен еді.

Бурбулон бике айтқан «Солтүстік Афиныда» бірде-бір афиндік болмай шықты. Кең көшелерінде көлік атаулы жоқ, түп-түзу тротуарларында бірде-бір кісі көрінбейді. Енесай жағасындағы паркте жайшылықта париждік соңғы сәнмен киініп, топ-топ болып жүретін қыз-жігіттер де жоқ. Бас шіркеудің де, басқа шіркеулердің де қоңыраулары мүлгіп тұр. Орыс қаласы қоңырау дауысынсыз қала ма еді?! Таңқалмасқа болмады. Айтулы қалада бір тірі жан болсайшы!

Ұлы мәртебелінің кабинетінен жөнелтілген жеделхатта Қызылжардың, оның төңірегіндегі қалалар мен селолардың халқына, әскерлеріне дереу Иркутке көшу бұйырылған-ды. Орыс мемлекеті жау жүретін жолды сөйтіп иен қалдыруды көздеген. Ол бұйрықты орындамақ тұрғай талқылауға да ешкімнің құқы жоқ-ты.

Бұйрық дереу орындалған да, Қызылжар иен қалған.

Біздің саяхатшылар барлық көшені аралап шықты. Мұндайды күтпегендіктен не айтарларын да білмеді. Михаил Строгов ол минуттағы сезім құйынын ішінде сақтай алғанмен, бұл жолғы да сәтсіздігі, ойының тағы орындалмағаны ішін қатты күйдірді.

– О, қайырымды Құдай! – деді Николай айғайлай сөйлеп. – Мынау иен қалған, қаңыраған қалада енді маған не бар?!

– Құрметтім, бізбен бірге Иркутка жүрмесеніз болмас, – деді Надя.

– Иә, сөйтпей болмас! – деді шарасыз Николай. – Удин мен Иркут арасында телеграф байланысы болуға тиіс... Көкесі, жүрейік пе?

– Ертеңге дейін кідіRELİK, – деді Михаил.

– Дұрыс айттың, – деді Николай. – Енесайдан өту керектігі есімнен шыға қалыпты. Қараңғыда барып қарық болмаспыз!

– Ештеңе көрінбейді, – деді Надя, серігінің халін ойлай күбірлеп.

Николай түсіне қойды.

– Көкесі, кешіре көр! – деді ол, Михаилға бұрыла сөйлеп. – Саған күн де – бір, түн де – бір екенін ұмытып кетіппін.

– Кешірім сұрамай-ақ қой, сен сияқты жолбасшым барда мен ештеңеден қорғанбаймын да сескенбеймін. Тек саған да, Надяға да



жақсылап дем алу керек. Ертең тағы жол бар, – деді Михаил, көз маңын алақанымен ақырын сүртіп қойып.

Олар дем алар орын іздеп әлектенген жоқ. Жақын бір үйге барып еді: есігі ашық, іші ештеңесіз бос екен. Ауласы толы кепкен жапырақ. Басқа шөп-мөп болмаған соң керіатқа соны беруге тура келді. Саяхатшыларымыздың өздеріне ішім-жем уайым болған жоқ, арбадағы қор әлі мол еді.

Үйдің бір қабырғасында құдайдың бейне-суреті ілулі екен және жағылған шырағдан әлі сөне қоймапты, Николай мен қыз мінәжәт етісті де, ұйықтауға жатты. Михаил түні бойы мазасызданып, ұйықтай алмады.

Ертеңінде, тамыздың 26-сы күні, олар таңсәриде-ақ арбаларына отырып, қайыңды парк арқылы өзенге қарай бет алды. Михаил Строгов қалың ойда. Егер татарлардың шабуылына кедергі жасау үшін өзендегі паром, сал, тағы басқа өту құралдары қиратып тасталған болса, арғы жағаға қалай өтуге болады? Михаил өзі талай рет өткен Енесайды жақсы біледі: өзен жалпақ, ағыны қатты, әсіресе екі айырылған тұсы тым тентек. Паром, сал, тағы басқасы арқылы адамдарды, көлікті, малды өткізуге жайшылықта үш сағатқа жуық уақыт кететін және соның өзі өте қиынға түсетін. Енді бүгінгі жағдайда қалай болар екен? «Мен бәрібір өтемін!» деді Михаил іштей байлам жасап.

Арба парқтың үлкен аллеяларының бірімен жүріп барып Енесайдың сол жағасына жеткенде таң да атқан. Жағаның ол тұсы өзеннен жүз фут биік еді де, Енесайдың көп жері алақандағыдай көрінетін.

– Паром байқалмай ма? – деді Михаил, бұрынғы дағдысынша олай-бұлай қарап.

– Таң жаңа атты, өзенді қалың тұман басып тұр, ештеңе көрінбейді, – деді Надя.

– Өзен ағысын естіп отырмын, – деді Михаил.

Иә, екі айырықтың сарқыры естіліп тұр. Жылдың бұл мезгілінде өзен көтеріліп, екпіндей түсіп ағатын.

Үш жолаушымыз тұманның сейілуін тосып отырды. Көкжиектен күн де көтеріліп, төңіректі сәулелендіруге кірісті.

– Иә, қалай? – деді Михаил.

– Аға, тұман сейіле бастады, – деді Надя.

– Өзеннің беті әлі көрінбей ме?

– Көре алмай отырмын.

– Көкесі, сабыр еткейсін, – деді Николай. – Қазір бәрі айқындала бастайды. Әне, қарашы! Жел тұрып, тұман сейіле бастады. Оң жағадағы орман да көрінді. Бәрі анық айшықталуға кірісті. Шіркін-ай, табиғаттың мынау тамаша сәттерін, байғұс көкесі, сенің көре алмайтының өкінішті-ақ!

– Қайықтар көрінбей ме? – деді Михаил.

– Көрінбейді, – деді Надя.

– Жақсылап қара. Бұл жақта, арғы жағада қайық, сал, тағы бірденелер көрінбей ме, көзіңнің жеткенінше қарашы?!

Николай мен Надя арбадан қол ұстаса түсіп, қайыңды жағаның ұшпа жиегіне барып тұрысты. Надя жан-жағына қызыға қарады. Енесайдың бұл тұстағы ені біржарым шақырымдай еді және екі балаққа ұқсап екіге айырылып жатыр. Екі айырықтың ортасында үйеңкі, қарағаш, т.б. өскен бірнеше арал бар. Арғы жаға қалың орман екен, шығып келе жатқан күннің нұры биік ағаштарының басын бояй бастағандай.

Енесайдың бас-аяғы көз жеткісіз. Әсем көрінісі айнала елу-алпыс шақырымға созылып жатқандай. Екі жаға бойында да, аралдарының маңында да бірде-бір не паром, не қайық көрінбейді. Бәрін не алып кеткен, не бұйрық бойынша талқандап тастаған. Татарлар бұл халден, әрине, бейхабар, яғни өзеннен өтер құралдарын сүйреп келмейді де, Иркутке шабуылдары бірнеше күнге кешеуілдейді.

– Өзеннің қаладан жоғарырақ жерінде кішкен айлақ бары есіме түсті, онда сал болатын, – деді Михаил, сәлден соң Николай жаққа қарап. – Достым, сен бір биікке шығып, сол жаққа көз жіберші, қайық-майық бірдеңе көрінбес пе екен?

Николай айтылған жаққа қарай жүгіре жөнелді. Михаилды жетектеп Надя да солай беттеді.

Егер не көлікті көтерер сал табылса, не өздері сияр қайық табылса, Михаил ойланбастан дереу пайдаланып, жолсапарын жалғар еді.

Арада жиырма минөттей өткенде үшеуі жаңа айтылған шағын айлақта тұрды. Жағаға үлкен-үлкен үйлер салыныпты, тегі бұл жер Қызылжардың іргесіндегі поселок болғаны. Құмдауыт жағада үшеуін өзеннен өткізе алар қайық та, сал да көрінбейді, тым болмаса сал жасарлық бөрене де жоқ. Николай мән-жай сұраған Михаил Строговқа өзеннен өте алмаспыз деген сыңайда жауап қатты.

– Бірдеңе етіп өтеміз, – деді Михаил.

Іздеу басталды. Жағадағы үйлердің бірсыпырасын аралап шығысты. Қызылжардағыша бұлар да иен қалыпты. Бұлар кедейлердің үйі, әрине. Николай біреуіне кірсе, Надя екіншісіне барады. Михаил да қарап тұрмай, сипалап жүріп кіріп, қажетке жарар оны-мұны іздейді. Николай да, қыз да ештеңе таба алмай, қайтқан жөн шығарға пәтуәләсә берген сәтте Михаилдың шақырған дауысын естіді. Олар жалт қарасып, бір үйдің есік көзінде тұрған Михаилды көрді.

– Бері келіндер! – дейді ол айғайлап.

Николай мен Надя жүгіре басып барып, оның соңынан үйге кірді.

– Мыналар немене? – деді Михаил, ауызғы бөлменің бұрышына үйіп тасталған әлденелерді сипалай нұсқап.

– Торсық қой, қандай үлкен?! – деді Николай.

– Бұларға не құйылған екен?

Татып көрген Николай:

– Қымыз құйылыпты. Жақсы болды ғой! Бұл – әрі тамақ, әрі сусын, – деді.

Қымыз – бие сүтінен жасалатын сусын, адамның ағзасына пайдалы, күш-қуат береді, бірақ көбірек ішкенді масайтады. Николайдың қуанатын жөні бар, ішеді ғой!

– Біреуін толтырып былай қой да, басқаларын төгіп, торсықтарды босат, – деді Михаил.

– Қазір, көкесі.

– Бізді Енесайдан осылар өткізеді.

– Сал жасаймыз ба?

– Салымыз арба болады. Ол жеңіл ғой. Мына торсықтарды арбаның астына да, аттың бауырына да байлап қоямыз.

– Таптың-ақ! – деп Николай қуанып кетті. – Құдай қаласа өзеннен өгіп шығатын болдық... тек ағын қатты ғой, біраз төмен апарып тастар.

– Онда тұрған не бар? Өтсек болды, Иркутке жол табылады, – деді Михаил.

– Ендеше іске кірісейік! – Николай торсықтарды босатып, арбасына апарды.

Қымыз толы бір торсықты арбаға орналастырды да, басқаларына үрлеп жел толтырып, жүзбелі снаряд сияқты құралға айналдырысты. Екеуін аттың бауырына, екеуін арбаның астына мықтап байлап, бір ерекше сал жасалды.

– Надя, сен қорқып тұрған жоқсың ба? – деді Михаил.

– Жо-ға, – деді қыз.

– Достым, сен ше?

– Мен бе?! Мен қайта қуанып тұрмын. Арбаммен бір жүзсем-ау деген арманым орындалатын болды! – деп Николай даурыға жауап берді.

Түйетайлы жаға арбаны түсіруге қолайлы болды. Ат суға еркін еніп, бұрын-соңды болмаған сал жүзіп жөнелді. Сұрша да малти ілесті. Саяхатшылар әлдеқалай болады деген оймен аяқкиімдерін шешіп алып, андап тұр. Торсықтардың жақсы үрленгені соншалық, арбаны былқ етпей көтеріп, өзен суы саяхатшыларымыздың қызыласығына да жеткен жоқ. Делбені ұстап, Николайдың бағдарлауымен тартып-жіберіп тұрған Михаил Строгов атты беталды қыстамады, ағынмен алысулы жануарды шаршатып алмауды ойлады.

Арба бірқалыпты жүзіп келе жатыр. Қызылжар жақ жағадан ұзап қалып барады. Бірақ ағын біраздан кейін солтүстікке қарай ығыстыруға кірісті. Ағын құбылмаса, Енесайдан мынадай салмен де өтудің ешқандай қиындығы жоқ еді. Алайда өзенде иірім көп болатын, Михаил Строгов атты олардан жырақ ұстауға қаншама тырысса да, иірімнен құтылу қиындай берді. Жағдай қауіпті бола бастады. Бір кезде иірім арбаны айналдыруға кірісті. Арба қисайып та барады. Ат арпалысуда. Сұрша да шошып, арбаның бір ағашынан тістеп алыпты.

Михаил Строгов айнала бастағандарын аңдады. Айналу барған сайын шапшаңдап, иірім ортасына қарай тартуда екенін түсінді. Иірім атаулының ортасына тап болғанның құтылып шыға алуы екіталай. Соны ойлап, үнсіз тұр. Егер халдың қандай болып бара жатқанын көре алса, оны оңдаудың бір амалын табар еді! Бірақ, не шара, қор болып тұр есіл азамат!.. Надя да үнсіз. Күркешіктің босағасынан ұстап, тепе-тендікті сақтауға тырысып, суға құлап кетпеуді ойлап тұр. Ал Николайдың көңіл күйін байқау қиын. Жағдайларының не болып бара жатқанын бажайлай алып тұр ма, жоқ па? Жаратылысынан неге болсын осылайша немқұрайды ма, әлде қауіпті әдейі елегісі келмей ме? Елегісі келмегенін ерлігі деуге болар ма? Сібірліктерде «мейманханада бес күн болу» деген әзіл бар, алтыншы күні босатуға тура келетіндіктен шығарып айтқан деседі, әлде Николай да сондай күйде ме? Әйтеуір, ол үнемі жымыып жүретін қалпын өзгертпей тұр.

Күркешік-арба иірімге тақалып, шыркөбелек айналды. Ат барылдап аласұруда. Кенет Михаил Строгов кеудешесін шешіп тастай салып, суға қарғып кетті де, атты ауыздығынан алып, иірімнен шығаруға сүйрелей бастады. Демеу болғанын сезген ат жарықтық та бар күшін сала бұлқынып, иірімнен шыға берді. Арба ағынға қайта ілігіп, тез жүзіп жөнелді.

– Уррра! – деді Николай айкайлап.

Арада екі сағат өтті. Қызылжардағы кішкен айлақ алыс қалды. Күркешік-арба өзеннің үлкен айрығынан өтіп, жүзген күйінде шағын аралға жақындай түсті. Ол арал саяхатшылар аттанған жағадан алты шақырым қашықтықта еді.

Ат-арба аралға шықты. Бәрі аман-есен. Жолаушылары қайратты атқа қатты риза болысып, бір сағат дем алдырды. Содан кейін аралды басып өтіп, өзенге тағы түсті. Бұл жолы қиыншылық бола қоймады. Екінші айрықта иірім жоқ-ты. Бірақ, оның есесіне мұнда ағын қаттырақ болды да, саяхатшыларымызды тағы бес шақырым бұра төмен алып кетті. Сөйтіп, олар бастапқы межелерінен он бір шақырым алыстан шықты.

Сібірдің жойқын өзендеріне көпір салынбағандықтан олар арқылы байланыс жасау өте қиын. Олардың қай-қайсысы да Михаил Строговқа қауіпті болып шықты. Ертісте Надя екеуі мінген паромға татарлар шабуыл жасады. Обьта аттарын өлтірді. Әйтеуір, құдай сақтағанда, бүлікшілдердің жасақтарынан аман-сау құтылды. Енесайдан өткендері бірсыдырғы жеңіл болды.

– Бәрекелді! – деді Николай екі алақанын ысқылап. – Егер мұндай қиындық болмаса, есте қаларлық та ештеңе болмас еді!

– Достым, біз көрген бұл қиындыққа татарлардың төтеп беруі мүмкін емес! – деді Михаил Строгов.

### *Сегізінші тарау*

#### ***Жолды қоян кесіп өтті***

Михаил Строговтың енді алаңдай бермеуіне болар! Иркутке жол ашық. Томда бөгелген татарлардан ақырында озып кетті. Олар қаңырап жатқан Қызылжарға жетіп те қарық болмайды. Енесайдан өту қайда?! Өзенге көпір, немесе паром салғанша қай заман?! Қызылжарда тотыып біраз кідіреді!

Омбыда Иван Огаревпен алғаш кездескен күннен бергі уақытта

арқа-басы бір кеңітін болды енді. Иркутке жеткенінше жолына көлденең тұратындар жоқ, құпия тапсырманы орындай алады. Күркешік-арба дала төсінде таспадай болып түп-түзу созылып жатқан жолға шыққан. Қызылжар мен Иркут жолының осы аралығы басқаларымен салыстырған ең тәуір бөлігі деп есептеледі. Ой-шұңқыры, кедір-бұдыры жоқ дерлік. Екі жағалауы самырсын, кедр тоғайларымен көмкерілгендіктен көлеңкесі де көп.

Көкжиекпен астасып жатқан кең дала шектеле бастағандай. Бұл жердегі бай ел де иен қалғандай. Деревня, село, қала атаулының бәрі тіршіліксіз тәрізді. Бәрінде славян текті сібірлік шаруалар басым еді. Ол жәйт «бұйрықпен» жасалған.

Ауа райы тамаша, әйтсе де, түнгі суық сіңген ауаны күн қызуы тез жылыта алмайды екен.

Қыркүйек айы тақалған. Күн қысқара бастаған. Сібірдің бұл бөлігі Эдинбургпен, Копенгагенмен бірдей елуінші ендіктен сәл төмен жатса да, мұндағы бір ерекшелік – күзінің қысқалығы. Кей жылдары жаздан соң бірден қыс түседі. Ерте келген қыс қатал болады, күшті аяз жиілейді. Күннің суықтығы 40 градустан асып кетеді. Бұл жақта 20 градус суығың жылы деп есептеледі. Яғни ауа райы біздің саяхатшыларға рахымды болып тұр: жаңбыр мен жел жоқ; күндіз қоңырсалқын. Рас, түні суық. Надя мен Михаил Строгов сергек. Томнан шыққалы бері тынығып, күш жинап, тыңайып алды. Николай Пигасов болса, әй, ол осы бір күндердегісіндей рахатты ешқашан көрмеген шығар. Бұл сапар оған сейілдеуге шыққандай әсер етуде. «Қызметсіз қалған шенеуніктің» қолы бос, ойына не келсе, соны ермек етіп мәз.

– Дұрыс болды. Тәулігіне он екі сағат бойы аппаратпен әуре болып, мықшиып отырғанымнан әлдеқайда жақсы! – деп қояды ол.

Михаил Строгов Николайдың тілін тауып, атын тезірек жүргізуге иландырды. Әкеміз Иркутке жер аударылған еді, Надя екеуіміз соған өте асығып келеміз дегенді айтты. Николай атын зорықтырып алудан қорқатын, өйтер болса, оған кім атын береді? Сондықтан атын аяйтын. Ал аты – сап-сау жануар. Егер әрбір он бес шақырымнан кейін аздап дем алдырып отырса, тәулігіне алпыс шақырымды бұйым демес еді. Оған ең керегі азық болса, ол да қат емес, жолдың екі жағы бойлап өскен қалың шөп.

Николай жас серіктерінің тілегін түсінді. Жераударылған қайран әкелерін тезірек көруге асығып келе жатқандарына сүйінді. Ол Надяға жымия қарап:

– Құдай қайырымды ғой! Сендерді көргенде әкелерің қалай қуанар екен! Құшақтап, сүйіп, әбден қарық болар! Егер мен сендермен бірге Иркутке бара қалсам, сірә, баратын шығармын-ау, сонда кездесу қуаныштарыңа мені ортақтастырасыңдар ма? Ортақтастырасыдар, ә? – деді де, маңдайын алақанымен салып қалып: – Әттең-ай! Ұлының соқыр екенін көрген әке қайғырып, қапаланады-ау! Бұ дүниеде бәрі қатарласа береді-ақ, қуаныш бар жерде қайғы да бар! – деді өкініп.

Сонымен, не керек, олардың жүрісі өнді. Михаилдың долбарлауынша, сағатына 10-12 шақырым алып келеді. Сөйтіп, біздің саяхатшылар тамыздың 28-інде Қызылжардан сексен шақырым жердегі Балай қаласынан, 29-ында Балайдан қырық шақырымдағы Рыбин қаласынан өтті. Ертеңінде отыз бес шақырым жүріп, Кама қаласына кірді. Ол бастау көзін Саян тауларынан алған Енесай өзенінің шағын тармағы – Кама өзені бойындағы әжептәуір қала. Әдемі салынып, әсем орналастырылған ағаш үйлер. Дөңгелене қоршаған кең алаңы бар. Ол алаңда алтынмен аптаған кресі күн сәулесімен жарқыраған үлкен ғибадатхана тұр. Бірақ бұл қала да иен. Токтар, тынығар орын жоқ. Ат қоралары қаңырап қалған. Далада да бірде-бір мал көрінбейді. Мәскеу үкіметінің бұйрығы мұнда да бұлжытылмай орындалған. Алып кете алмағандарын бүлдіріп тастапты.

Камадан шыға бере Михаил Надя мен Николайға жолай, Иркутке дейін Төменгі Удин деген тағы бір шағын да маңызды қала барын айтты. Николай ол қаланы білетінін, себебі онда телеграф стансасы барын мәлім етті. Демек, Төменгі Удин де иен жатса, онда қызметті Иркуттен іздеуі керек.

Күркешік-арба Камадан арғы жолдағы кішкене өзеннен ешбір қиындықсыз өтті. Енесайдың Иркутке жақын Ангара саласына дейінгі жолда да кедергі кездеспек емес, егер Динка деген саласы бөгеп жүрмесе.

Камадан кейін кездесер поселокке дейінгі жол алыс, жүз отыз шақырым шамасында. Арбалылар қыркүйектің 4-і күні таңертең Бирюза деген кішкене өзеннен өтіп, Бирюза қаласына кірді. Николай иен қалған үйлердің бірінің сұп-суық пешінен он шақты қатырма

тауып алды. Қой майына пісіріліпті. Ал асүйден пісірілген мол күріш табылды. Қолдарындағы азық таусылуға тақалған жолаушыларға бұл үлкен олжа болды. Үшеуі біраз дем алды да, тағы аттанды. Иркутке дейін әлі бес жүз шақырым жол бар. Соңдарынан ешқандай дыбыс естілмейді, татарлардан белгі жоқ.

Михаил Строгов енді сегіз күнде, ең ары кеткенде он күнде кнэзбен жолығарына сенімді.

Саяхатшылар Бирюзадан шыға бергенде, күркешік-арбадан отыз кадамдай алда бір қоян жолдарын кесіп өтіп кетті.

– Ах! – деді Николай қатты тіксініп.

– Достым, саған не болды? – деді Строгов мейірімді үнмен.

– Сен көрген жоқсың ба? – деп қалған Николай тілін тістей қойды. – Өй, мен ұмытып кетіппін ғой, сен көре алмайды екенсің ғой. Жарайды, көкесі, көрмегенің дұрыс та болды.

– Мен де ештеңе көрген жоқпын, – деді Надя.

– Оның жақсы!.. Иә, жақсы!.. Бірақ мен көрдім!..

– Нені көрдің? – деді Михаил.

– Бір қоян жолымызды кесіп өтті! – деді Николай үрейлі дауыспен.

Ресейде егер қоян жолыңды кесіп өтсе, көп ұзамай бір кесапатқа ұшырайсың деген ырым бар. Орыстың сауаты шамалы жастарының бірі Николай атын дереу тоқтатты. Михаил Строгов ырымға сенбейтін, әйтседе арбакештің күйін түсініп, оған:

– Достым, онда тұрған дәнеңе жоқ, – деп жұбату айтты.

– Көкесі, саған да, қарындасыңа одан келіп-кетер ештеңе жоғын білемін, бірақ мен ондайдан қорқамын. Жазмыш шығар, – деп сәл-пәл отырды да, атының делбесін қақты.

Алайда, жаман ырым қылаң берсе де, ол күні ешбір бөтен жәйт болған жоқ. Ертеңінде, қыркүйектің 6-сында, олар басқа елсіз мекендерше қаңырап тұрған Алсачев селосына енді. Надя сондағы үйлердің бірінің дәлізінен жүзі қылпылдаған екі пышақ тауып алды. Ондай пышақты сібірлік аңшылар ұстайтын. Ол пышақтың біреуін Михаилға беріп, біреуін өзінде қалдырды.

Төменгі Удинге дейін жетпіс шақырымнан аса жол бар. Николайдың ұнжырғасы түсе бастады. Жаман ырымның оған ауыр әсер еткеніне сену қиын-ақ. Үндемей бір минөттен артық отыра алмайтын жігіт енді түнеріп алды, өздігінен сөйлеуден қалды.



Екатеринбордан бері солтүстік ендіктің елүбесінші градусымен параллель келе жатқан жол Бирюзада оңтүстік-шығысқа бұрылып, жүзінші бойлықты кесіп өтіп, одан арыда, шығыс Сібір астанасына дейінгі қашықтықты қысқарту үшін, екі жүз шақырымнан көрініп тұратын Саян таулары арқылы кетеді.

Арба зымырап келеді. Иә, зымырап келеді. Әлдебір сезімге берілген арбакеш Надя мен Михаилды да, атын да аямай, Иркутке тез жетуге құлшынулы. Жазмышқа көнбіс болғанымен Иркутке неғұрлым тез жетсе, солғұрлым қауіпсіз болатынына сенген. Ол да, Надя мен Михаил да бастарынан кешірген қиындықтар сонымен бітті деп ойлаған. Алайда жүректері нық дауаламайтындай. Шынында, Қызылжардан беріде оғаш ештеңе байқалмаса да, енді өртенген орман, шөбі оталған, тапталған алқап, жартысы күйіп, жартысы қираған, қабырғаларын оқ шұрқ-шұрқ тескен үйлер ұшыраса бастады. Төменгі Удинге отыз шақырым қалғанда жаудың жақында ғана жүріп өткеніне куә осындай сұмдық белгілер жиілей түсті, мұншама басқыншылықты татарлардан басқа біреулердің жасауы мүмкін емес.

Бұл жәйтті естіген Михаилдың мазасыздануы анық байқалды. Бұл жолмен өздерінің алдында татарлардың отряды кетіп бара жатқанына ол енді күмәнданған жоқ. Ал ол нендей отряд? Әмірдің әскері ме? Жоқ, олардың бұларға байқалмай алға түсіп кетулері нанымсыз. Ендеше бұл басқыншылар кімдер? Иркуттың күрежолына қайдан, қалай келіп түсті? Патша шабарманы басқа бір жаңа жаулармен ұшыраспақ па? Михаил бұл ойын тісінен шығарған жоқ, Надя мен Николайды үрейлендіргісі келмеді. Олар әлдебір тосын кедергі кездесіп қалмайынша үлкен жолдан бұрылмауға келісті. Кедергінің не екенін білгенде ғана одан қалай құтылуды да білесің.

Ертеңінде біздің саяхатшылар бұл жолмен салтатты, жаяу әскерлердің жаңа ғана өткенін айғақтайтын көптеген белгілерді қадам басқан сайын дерлік кездестіре бастады. Әлдебір уақытта алдыңғы жақтарынан түтін көрінді. Бұлар енді сақтана түсіп, ақырын жүріске көшті. Кейбір селолар мен деревнялар жанып жатыр, олар кеше, бүгін өртелгендер сияқты.

Ақырында, қыркүйектің 8-і күні, күркешік-арба кілт тоқтай қалды. Ал ілгері аттамай қойды. Сұрша ит ыңырсыды.

– О не? – деді Михаил Строгов.

– Өлік! – деп Николай арбадан секіріп түсті.

Ол жатқан азаптап өлтірілген ер адамның мүрдесі еді. Серейіп қалыпты. Николай шошына шоқынды. Содан кейін Михаил екеуі өлікті жолдан алысырақ апарып тастады. Николай оны қарға-құзғынға жем болмасы үшін жерлеуді, сөйтіп христиандық парызын өтеуді ойлап еді, өйтуіне Михаил мұрша бермеді:

– Жүр, кеттік! Бір сағат та кешігуге болмайды! – деп дігерледі.

Арба орнынан қозғалды.

Шын бар-ау, егер Николай үлкен жолда одан соң тап болған өліктердің бәрін жерлеп, соңғы парызын өтер болса, оған уақыты жетпес еді және өзі әбден титықтар еді. Төменгі Удинге жақындаған сайын өлік көбейе берді, кей жерде тіпті ондаған дене жатты. Әйтседе, біздің саяхатшылар жолдан бұрылмады, бұрылып кету қажет болса көрермізбен ілгерілей берді. Жолдағы деревнялардың бәрі де қиратылған, өртелген.

Сол күні, кешкі сағат төртте, Николай көз ұшында Төменгі Удин шіркеуінің қоңырау мұнаралары көрінгенін, бірақ ол тұсты қап-қара бұлт басып бара жаратқанын айтты. Николай мен Надя солай қарай көз тастап, көргендерін Михаилға айтып берісті. Не істеу керегін ақылдасты. Егер Төменгі Удин де иен қалған болса, онда одан аман өтіп кетуге болар, ал татарлар жүрсе, онда айналып өтпей болмайды.

– Абайлап, ақырын жүре берейік, бұрылмайық, – деді Михаил.

Олар және бір шақырым жүрді.

– Анау бұлт емес, түтін, Төменгі Удин өртеніп жатыр, — деді Надя.

Иә, ол өрт болатын. Қарақұрым түтін арасында от-жалын жылтылдайды. Түтін түйдектеле-түйдектеле көтеріліп, қап-қара бағанға ұқсап кетті. Өрт маңайында ешкім жоқ. Басқыншылар иен қаланы өртеп кетті ме әлде? Олар татарлар ма? Немесе кнэздің бұйрығымен тып-типыл етіп жүрген орыстар ма? Орыстар болса, патшаның нұсқауын орындап, Қызылжар мен Иркут аралығында әмір әскерлерінің дем алуына дәнеңе қалдырмауға кірісіп жүр ме? Ал біздің қашқындар не істеу керек: тоқтаған жөн бе, алға қарай жылжи беру жөн бе? Олар екіойлы болып отыр. Пікірін іштей таразылаған Михаил Строгов алыс та болса жақынды, яғни күре жолдан бұрылып, даламен кетуді жөн деп білді, өйтпесе – татарлардың қолына тағы түсіп қалулары мүмкін. Соны Николай айта бергенінде оң жақтан мылтық

дауысы дүңк етті. Ат мұрттай ұшты. Оқ оның басын тесіп өткен еді. Іле-шала он екі салт атты пайда бола кетіп, арбаны қоршап тұра қалды. Олар ай-шайға қарамай, Михаил Строгов пен Надяны, Николайды бассалып байлап-матап ала жөнелді. Ойда жоқ оқиғаға Михаил Строгов таңырқаса да, ешбір саспады. Қарсыласуды жөн көрмеді. Он екі мүшесі сау болса да, мұндайда қарсыласу өліммен тең еді. Ол ештеңені, ешкімді көрмесе де, сөздерін естіді, шала-пұла болсын ұқты. Бұлар татарлар екен, бірақ әмірдің құзырындағылар емес, қоқандық және құндыздық хандардың әскерлері көрінеді. Енесай жақтан жете алмай жатқан Фофан хан әскерімен Иркут іргесінде кездеспекші. Әзірше бұлар үшінші лек деп аталады екен. Иван Огаревтің кеңесі бойынша, шығыс болыстарды тезірек бағындыру үшін бұл лек Семей облысының шекарасынан өтіп, Балхаш көлін оңтүстік жағынан орай жылжып, қаусырмалап келіп қосылуы керек.

Құндыз ханының бір офицері бастаған бұлар жолындағының бәрін қиратып, өртеп, Енесайға дейін келген. Қызылжардың иен қалғанын, Енесайдан өтер жабдық жоғын көрген офицер жуық мандағы қайық атаулыны Фофан ханның әскері өтсе де жетерлік етіп түгел жинатып алған. Содан кейін Енесай жазығына түсіп, Алсал жолына шыққан. Елу мың әскерден тұратын бұл үшінші лек Төменгі Удинді тып-типты етіп, Иркутты бетке алған. Енді әмірдің әскерімен табыспақ. Өз алдына қашық жатқан шығыс Сібірдегі хал осыдан кейін түсінікті болса керек. Өлке астанасын қорғаушы шағын күштің де жағдайы мәз бола қояр ма екен.

Сонымен, Михаил Строгов маңызды екі жәйтті біле алды: біріншіден, татарлардың үшінші легі Иркутке жетті; екіншіден, бұлар жақында әмір мен Иван Огарев әскерлеріне қосылмақшы. Иркутты басып алулары – содан кейінгі мәселе. Енді Михаил Строговтың ойын долбарлап білуіміз қиын болмас. Мына жәйттен соң оның үміті үзілді, бойын қорқыныш биледі дейсің бе? Атамаңыз, ол өзгерген жоқ. Еріні жыбыр етіп:

– Мақсатыма жетемін! – деді.

Татар атты әскері тұтқындаған Михаил Строгов пен Надя, Николай жарты сағат өте бере Төменгі Удинге жетті. Сұрша олардың соңдарынан еріп отырды. Қала өртеніп жатқандықтан татарлар онда аялдамай, тұтқындарды атқа мінгізіп, одан ары қарай алып

жүрді. Николайда үн жоқ. Надя Михаилды ойлап, тағдырына іштей жалбарына ақ тілек тілеп келеді. Ал сырт көзге салмақты, бейжай калыптағы Михаил қалайда қашып құтылуды ойлауда.

Тұтқындарының бірі соқыр екенін көрген татарлар оны ойыншыққа айналдыра бастады. Атқа қамшы басып, қатты жүруге кірісті. Михаилдың аты, дізгінді ешкім ұстамағандықтан, біресе олай, біресе бұлай жалт беріп, атқақтап, сүрініп кетеді, ағашқа ұрынады. Солдаттар кейде күліп, кейде ашуланып, атты да, байғұс тұтқынды да қамшымен тартып жіберіп, ойларына келгенді істейді. Оны көрген Надяда зәре жоқ. Николай іштен тынып келеді, қолынан келер шарасы қайсысы?! Оның үстіне екеуі де татар тілін білмейді, дәнеңе дей алмайды, «кылшықтаймын деп былшықтап» алулары мүмкін. Ал татарларға бұл ермек аз көрінсе керек, тұтқын орыс жорта соқыр бола қалған шығар, байқап көрейік десті білем, Михаил Строговты сынамаққа бір соқыр атты тауып әкеліп, соған мінгізді. Бұл «ойын» Татан және Шыбарлы селоларының аралығында болды. Михаилға дізгінді ұстатты да, атты қамшымен де, таспен де пергілеп, қарқ-қарқ күле қиқулап, атты шапқылатты. Соқыр жануар қайтсін, тапырақтап беталды шапқылап, жолдан шығып кетіп, ағашқа, тасқа ұрынып, ой-шұңқырға түсіп кетіп, құлап та қалады. Михаил Строгов шағымданған да, қарсыласқан да жоқ. Аты жығылғанда да қыңқ етпей, татарлар атты тұрғызғанша тырп етпей тұра берді. Николай ақырында шыдай алмай, Михаилға көмектесуге ұмтылғанда татарлар оны жібермей қойды. Оспадар ойын жалғаса берер ме еді, қайтер еді, егер тосын бір жәйт бола қалмаса. Қыркүйектің 10-ы күні Михаилдың аты жын ұрғандай атқақтап, жарқабаққа қарай шаба жөнелді. Николай соңынан ұмтылып еді, татарлар тағы ұстап қалды. Қағынған ат шапқан күйі барып жарқабақтан ұшты да кетті. Михаил, әрине, қоса кетті. Жарқабақтың биіктігі отыз-қырық футтай болатын. Надя мен Николайдың жандауыстары шықты. Олар Михаил мерт болды деп ойлаған. Бірақ солдаттар Михаилды тірі алып шықты. Сапсау. Құлай бастағанын сезісімен аттан қарғып түсіп қалған екен. Ал аттың омыртқасы үзіліп, аяқтары сыныпты. Татарлардың жануарға жандары ашымады, қиналмасыншы деп ата салмады, байғұсты сол тыпырлаған күйі қалдырып, Михаилдың қолын арқанмен байлап, біреуі жаяулатып жетектеп алды. Михаил бұл жолы да ләм демеді,

сыр бермеуге тырысты. Арқанды тартқылатпай, аттың аяңынан қалмай, тез жүріп отырды. Генерал Кисовтың патшаға айтқан «темір адамы» сол сыпаттаманы тағы ақтады.

Келесі күні, қыркүйектің 11-інде, татарлар отряды Шыбарлы селосына келіп кірді. Сол жерде бір маңызды оқиға болды. Түн еді. Татарлар дем алуға кірісіп, арақты өлердей ішті. Оған дейін қызға қалайда көңіл бұрмаған солдаттардың бірі Надяға тиісті. Оның бейбастақтығын Михаил көрмегенмен Николай көрді де, шыдап отыра алмай ұшып тұрып, солдатқа жетіп барды. Солдат аузын ашып үлгіргенше Николай оның тапаншасын жұлып алып, атып салды. Отряд басы офицер жүгіріп жетіп келді. Солдаттар да жинала қалып, Николайды кергілеуге кірісті. Бірақ офицер оларға тарауға бұйрық берді де, Николайды бір атқа өңгере байлап алып, шаба жөнелісті. Михаилды тіркеп байлаған арқан тартылып барып үзіліп кетті, ал оны мас солдат аңғармады.

Михаил Строгов пен Надя, сөйтіп, айдалада қала берді.

### *Тоғызыншы тарау*

#### *Далада*

Перьменен Ертіске келе жатқан жолдарындағыша Михаил Строгов пен Надя тағыда оңаша, еркін қалды. Әрине, ол жағдай мен бұл жағдай мүлде кереғар. Ол жолы астарында жайлы күйме болды, аттарын жиі алмастырып отырды, «тамақ тоқ, көйлек көк» дегендей, кәдімгідей рахат сапар шеккен. Енді жаяу келе жатыр, көлік табудан үміт жоқ. Қарындары ашқан. Тірлік теріс қарап кеткендей. Алдарында әлі төрт жүз шақырым жол жатыр. Құдай жолықтырған достарынан қапияда айырылып қалды.

Михаил Строгов жата кетті. Надя не істерін білмей тұр. Михаилдың не айтарын күтулі. Сағат түнгі он. Күн батқалы үш жарым сағат. Айнала – иен дала. Татарлар қараңғылыққа сіңіп кете барған.

– Енді не болар екенбіз?! Байғұс Николай-ай, обалыңа қалдық-ау!  
– деп күңіренді Надя.

Михаил Строгов тіл қатқан жоқ.

– Михаил, татарлар сені мазактап қинай бастағанда ол басына қатер төнерін ойламастан саған көмектеспек, арашаламақ болды емес пе? – деді Надя.

Михаил Строгов үндемеген қалпы басын көтеріп, сонсоң басын екі қолымен тірей отырды. Нендей ойға кетті ол? Надяның не дегенін естіді ме?

Иә, естіген. Қыз қалай қарай жүру, қайда апару керектігін сұрағанда да естіген. Сәлден соң:

– Иркутке барамыз! – деді.

– Үлкен жолмен бе?

– Иә.

Михаил Строгов берген сертінен айнымады. Үлкен жол – тез баратын ең төте жол. Егер Фофан ханның алғы әскерлері қуып жетер болса, жолдан шыға жөнеліп, тығылып үлгіреді. Надя Михаилды қолынан жетектеп алды.

Екі жолаушы ертеңінде, қыркүйектің 12-сі күніб таңертең Тулон селосына жетіп, дем алуға аялдады. Түні бойы жиырма шақырым жер жүрген. Село тып-типыл өртеліпті. Надя құлаған үйінділерді аралап, өліктерге үңіліп, Николайдың мүрдесін іздеді. Жоқ. Оған аяушылық жасап бір жерде тастап кетті ме екен, әлде Иркутке апарып өлтіруге алып кетті ме екен?

Екеуінің қарындары ашты. Сәтін салғанда Надя өрттен сау қалған бір үйден кепкен ет пен сукәр тауып, көтергенінше алып келді. Біразға жететін азық табылды. Ал сусын... Ангараның тарам-тарам мыңдаған тармағы бар жерде ешкім сусамас.

Олар қол ұстасып жүріп келеді. Михаил Строгов нық та ширақ адымдайды, тек серігін шаршатып алмас үшін ақырынырақ жүреді. Надя болса, одан қалмауды, оған бөгет болмауды ойлап, күш сала қатарласады. Онысын Михаил көрмесе де, сезіп қалған бір сәтте:

– Қалқам-ай, шаршадың-ау! – деді.

– Жоқ! – деді қыз.

– Надя, қылжырай бастасаң, маған айт, көтеріп аламын, – деді Михаил.

– Жарайды.

Сол күні олар Ока деген кішкене өзеннен өтті. Суы таяз екен, өту қиын болған жоқ. Аспанды бұлт торлады. Күн салқын. Алайда жаңбыр жиі жауатын мезгіл әлі алыс. Анда-санда өткінші жауын болып тұр. Екі жолаушы көп сөйлеспейді. Надя жан-жаққа жиі қарайды. Екеуі күндіз екі рет тоқтап, дем алды. Түнде алты сағат ұйықтады. Тағы

бір иен селодан өткендерінде Надя тағыда кепкен ет тауып әкелді. Ол Сібір халқының негізгі тағамы – қой еті еді. Көп болғандықтан бағасы да арзан, бір фунты екіжарым тиыннан сатылатын. Михаил Строгов іштей қаншама көксегенімен, жолай тірі мал ұшырысқан жоқ. Жылқы, қой малын не қырып тастаған, не айдап кеткен. Жылқының өліп жатқандары ғана бар. Татарлар қалдырған көп «белгінің» бірі ғой. Бүлікшілдердің «іздері сайрап жатыр»: өлген ат, қираған арба, өртелген үй, сорлы сібірліктердің өліктері. Мүрде әсіресе село мен деревня маңында көп. Надя олардан шошыса да, жиіркенсе де, мұрнын баса аралап, әрқайсысының бетіне үңіледі...

Екеуіне төнер қауіп алдыңғы жақтарында емес, артқы жақтарында еді. Анау қоқандықтар мен құнсыздықтар жіберген қайықтар Қызылжарға баяғыда-ақ келіп жетіп, әмірдің әскерлері өзеннен тез өтіп шыққан болса,оның Иван Огарев бастаған алғы легі бұл жерге келіп қалатын уақыт болды. Надя кейде жол маңындағы төбелерге шығып, төңіректі, алғы-артқы жолдарды көзбен шолып келеді. Татар әскерлерінің келе жатқанын айғақтар шаң әзірше көрінген жоқ. Бірінен бірі хал-ахуал сұрамаса да, Михаил Надяның шаршағанын сезді, оны көтеріп алуды ойлады. Николайды бірер сөзбен еске алғандары болмаса, әлі де шешіліп сөйлеспей келеді. Николайды еске алған сайын Надяның көзіне жас толады. Михаил Николайдың өлім жазасынан бәрібір құтыла алмасын түсінсе де, Надяның көңілін ауламақ ниетпен бірде:

– Надя, сен менің шешем туралы ештеңе айтпадың ғой? – деді.

Қайран ана! Надя ол туралы қалай айта алмақ? Михаилдың жүрегіндегі жазылмас жараны тырнаудың не керегі бар? Кәриә қайтыс болмады ма? Томдағы алаңда жатқан шешесінің мүрдесін ұлы сипалап жүріп тауып алып, бетінен ақырғы рет сүйіп қоштаспап па еді?

– Надя, шешем туралы айтшы! Сенің әңгімең маған қуат берер еді, – деді Михаил.

Надя оның өтінішін орындауды жөн көрді. Омбыда алғаш рет жүздескен Марфа Строгова екеуінің арасында соңғы сағаттарына дейін не болғанын айтуға кірісті. Өзі бұрын көрмеген тұтқын кәриәға әлдебір сезімнің жетегімен жақындағанын, танысқанын, қамқорлық жасағанын, ол қылығын кәриәнің теріс көрмегенін, оң қабақ танытып,

кызындай көріп, небір жұбату сөз айтқандарын баяндап шықты. Ол кезде мына Михаил Строговтың Николай Корпанов болғанын айтты.

– Мен Корпанов болып қалуға міндетті едім. Шешеммен кездеспеуге ант еткенмін. Надя, мен антымнан аттап кеттім!– деген Михаилдың өңі күреңіте қалды.

– Михаил, сен іздеп жолыққан жоқсың ғой, екеуінді бір кездейсоқтық жолықтырды ғой?! – деді Надя.

– Мен қандай жағдайда болсын өзімнің кім екенімді ашпауға серт бергенмін.

– Михаил, Михаил! Шешеңе қамшы тигенін көре тұра сен қалайша шыдамақ едің?! Жо-жоқ! Ұлына шешесін қорғауға тиым салар серт болмақ емес!

– Надя, мен анттан аттадым, ол күнәмді Құдай кешіре көрсін! – деді Михаил.

– Михаил, – деді қыз, – саған бір сұрақ қойғым келеді. Ол сұрақты қоюға құқым жоқ болса, жауап берме. Мен саған ешқашан ренжімек емеспін.

– Сұрағыңды айта ғой.

– Сенен патшаның хатын алып қойса да, Иркутке жетуге неге асығып келесің?

Михаил Строгов қыздың қолын қаттырақ қысты да, ештеңе демеді.

– Сен ол хаттың мазмұнын білетін бе едің?

– Жоқ, білгем жоқ.

– Ендеше, Михаил, Иркутке мені әкеме жеткізіп салу үшін ғана келе жатырсың ба?

– Жоқ, Надя, олай емес, – деді жігіт салмақтана сөйлеп. – Егер «иә» десем, сені алдағаным болар еді. Мен бастапқы парызым жетелеген жаққа келе жатырмын. Иркутке жетуді айтсам, сені мен әкеле жатқан жоқпын, мені сен әкеле жатырсың. Жолды сенің көзің көріп, мені сенің қолың жетектеп келеді. Менің әу бастағы жақсылығымды сен еселеп қайтардың ғой?! Тағдырдың бізге рахымшылық жасар-жасамасын мен біле алмаймын, ал егер жасай қалса, әкене жеткізгенім үшін сен маған алғыс айтсаң, Иркутке жеткізгенің үшін мен саған алғыс айтамын!

– Михаил, бұлай демеші! – деді Надя қобалжи сөйлеп, – Мен бұл туралы сұраған жоқпын. Михаил, шыныңды айтшы, Иркутке неге асығып келесің?



– Мен Иркутке Иван Огаревтен бұрын жетуге тиіспін! – деді Михаил.

– Әлі де сенімдісің бе?

– Әрине. Мен бұрын жетемін!

Михаилдың бұл жауабында Огаревтай жәдігөйді жеккөрушілік нышаны ғана емес, әлдебір құпиясын аша алмайтынын аңғартушылық барын Надя анық сезді.

Үш күннен кейін, қыркүйектің 15-інде, екеуі Қойтын селосына жетті. Ол Тулон селосынан жетпіс шақырым жерде. Надя қалжырауға айналып, аяғын күштеп әрең басып келеді. «Менің сиқымды Михаил көре алмайды ғой, қашан құлап қалғанымша сыр бермейін» деген ойы ішінде.

Татарлар әзірше соңғы жолы ұшырасқаннан беріде екеуіне жолай қауіп-қатер кездескен жоқ, тек шаршап, шалдығып келеді. Солайша үш күнді және өткізді. Ал бүлікшілдердің үшінші легі тым суыт кетіп бара жатқан сияқты. Оны талқандалған, өртелген селоларда қалған өліктердің бірнеше күн жатқандықтан жидіп-сасып кеткендігінен білуге болатын еді.

Батыс жақ әлі де тыныш. Әмір әскерінің алдыңғы легі көріне қойған жоқ. Михаил мұндай жағдайдың себебін түсіне алмады да, бүлікшілдердің кешігуі туралы өзінің небір тосын тұспалдарын іштей таразылады. Күш жиған орыс әскерлері оларды Томда немесе Қызылжарда тоқтатты ма екен? Олай болса, басқа екеуінен сырт қалған үшінші лектерінің қолынан не келеді? Мұндай жағдайда үлкен кнэз Иркутты қорғап қала алады.

Михаил кейде осылай жұбанғанымен ойының іске аспасын, кнэздің тағдырына ықпал ете алмасын көп кешікпей түсінді.

Қойтын мен Қимылтейдің арасы алпыс шақырым. Соңғысы – Ангараның Динка саласына жақын орналасқан шағын поселок. Михаил сол Динканың өткел бермей жүруі мүмкін деген ойға қалды. Ол өзеннен сонау бір жылдары өтіп көрген. Тым қиын, қауіпті болған. Қайық атаулы бұл жолы мүлде жоқ шығар.

Қимылтейге дейінгі жол кемінде үш күншілік. Надяның жүрісі қиындай түсті. Қанша қайраттанғанымен күші саркылуға айналған. Михаил мұны біліп келеді. Егер Михаил соқыр болмаса, Надя бұған: «Михаил, мені осындағы үйлердің бірінде қалдыр да, кете бер. Менің

әкеммен кездесуге тырыс. Оған менің қайда екенімді айт. Екеуің келіп, мені тауып аларсыңдар. Бар, жолыңнан қалма! Мен ештеңеден қорықпаймын! Татарлар таба алмастай тығылып қаламын. Әкеммен, сенімен аман-есен жолығуға тырысамын. Бар, Михаил, жолың болсын! Мен саған енді ілесе алмаймын...» – дер еді.

Надя бірнеше рет отыра қалды. Әркез Михаил оны дереу көтеріп алып, аяғын жебей басты. Ол шаршамайтын жан сияқты.

Қыркүйектің 18-і күні кешкі сағат онда олар Қимылтейге жетті. Жақын бір дөңеске көтеріліп шолу жасаған Надя сонау алдарында әлдебір қара тақтаның жатқанын көрді. Ол «тақта» Динка өзені болатын.

Ымырттың алабарқыны ештеңені көрсетіп жарытпады. Әйтседе Надя жолдасын село көшесімен абайлай жетектеп алып жүрді. Өртелген үйлердің күлі суыған, татарлар мұнда бұдан бес-алты күн бұрын болып кеткен тәрізді. Селоның шығаберісіндегі шеткі үйге жете бере Надя бір тасқа сылқ етіп отыра кетті.

– Дем алғың келді ме? – деді Михаил.

– Түн болды. Сен шаршаған жоқсың ба? – деді Надя.

– Мен Динкадан өгіп алсақ дер едім. Сонда алаңсыз болар едім. Сен қалжырадың-ау, қайтейін, – деді Михаил.

– Ендеше, Михаил, жүр, кеттік! – деп Надя орнынан тұрып, оны қолынан ұстады.

Село мен өзеннің арасы үш шақырым. Жолдасының ниетін түсінген Надя өзін өзі іштей жігерлендіріп келеді. Төңірек – алакөлеңке. Динка ағып жатқан дала ұшы-қиырсыз сияқтанды. Сібір алқабы басталатын бұл жерде бірде-бір ағаш, дөң-дөңес, қырат та жоқ, беркелкі көсіліп жатқан жап-жалпақ жазық. Айналаның тып-тыныш екені соншама, тіпті қиыр алыстан байғыздың әуп дегені естілердей. Кенет Михаил мен Надя тоқтай қалды. Әлдеқайдан иттің үргені естілген.

– Естідің бе? – деді Надя.

Иттің үргеніне іле-шала құдды қиналып өлуге айналған адамның ақырғы ышқынысындай ащы дауыс жетті.

– Николай! Николай! – деп қыз шыр-шыр етті. Жүрегі әлдебір жаманшылықты сезгендей қысылып кетті.

Михаил құлағын түріп тұр.

– Михаил, жүр, барайық! – деді Надя.

Аяғын күшпен әрең басып келе жатқан қыз бірден ширығып, елендей қалды.

– Біз жолдан шығып кеткенбіз бе? – деді Михаил, құмдауыт жерде емес, шөптесінде тұрғанын аңғарып. – Дауыс анау тұстан, оң жақтан естілді.

Екеуі солай қарай беттеп, өзенге жарты шақырым қалғанда тоқтап, тың тыңдасты. Енді иттің үргені жақынырақтан, тек бағанағысынан әлсіздеу естілді.

– Мынау Сұршаның дауысы, иесінің соңынан кеткен ғой, – деді Михаил. Надя:

– Николай! – деп айғай салды.

Жауап болған жоқ. Қыздың айқайынан шошыса керек, жыртқыш құстардың бірнешеуі қанаттары сартылдай көтеріліп, ары қарай ұшып кетті.

Михаил жата қалып, құлағын жерге төседі. Надя алдыңғы жақтарындағы қараңғылыққа ұмсына қараған, бірақ ештеңе көре алмады. Сол әредікте манағы кісі дауысы талыға тағы естілді. Естілгенде жалбарынышты үнмен: «Михаил», дегені ап-анық жетті. Кенет үсті-басы қан-қан болған ит шыға келіп, Надяға арсалаңдай ұмтылды. Сұрша! Демек, Николай жақын жерде жатыр. Михаилдың шын атын сол ғана білетін. Қай жерде ол? Надяның айғайлап шақыруға енді дәті бармады. Сол кезде Сұрша тағы үріп, сонау бір тұста жерге қонуға төмендеп келе жатқан қарақұсқа қарай жүгіре жөнелді. Сұрша жетіп барып бассаларда қарақұс ұшып үлгірді де, дереу қайта төмендеп, итті шоқып-шоқып қалды. Екеуі кәдімгідей төбелес салды. Қарақұс тағы көтеріліп, тағы шүйіліп, итті тағы шоқып-шоқып алғанда иттің үні өшті. Надя баж етіп:

– Сол жерде... сол жерде!.. – деді.

Олар жүгіріп барып... кісінің басын ғана көрді. Әуелде соған сүрініп қала жаздаған Надя енді жанына дізерлеп отыра кетті. Николайдың басы! Татарлар ескілік тағы ғұрыптарын қолданып, оны жерге кеңірдегінен көміп кеткен!.. Сөйтіп тірі қалдырылған кісі не аштан өледі, не қасқырға, жыртқыш құстарға жем болады. Сұрқиялық жаза! Тірідей көму... Қолдарын артына қайырып байлап, тікесінен көмген соң тырп ете алмай тұрады. Қашан дәмі таусылғанша. Татарлар осылай қорлап кеткен Николайдың тұрғанына үш күн. Бір жәрдем күтіп жалбарынған. Міне,

жәрдемдесетіндер келді. Бірақ кеш болмады ма?.. Күшігендер жемтік көргендей шүйліп, итті шоқылап, «жемтікке» жетуге жанталасты, Сұрша иесін қорғап жанталасып, ақырында өліп тынды.

Михаил Строгов пышағын алды да, тірі мәйтке айналған байғұстың төңірегін қазғылап, аршып, оны шығарып алуға кірісті. Николай көзін әрең ашты да, Михаил мен Надяны танып:

– Достарым... кездескенімізге қуаныштымын... мені дұғаларыңнан қалдырмаңдар!.. – деді. Ең ақырғы лебізі сол болды.

Михаил пышағымен тез-тез қазып, Николайды суырып алды. Кеудесіне құлағын төседі. Жүрегі тоқтап қалыпты. Михаил марқұмды сол жерге жерлеу үшін жаңа өзі тұрған ұраны кеңейтіп қазып, қабірге айналдырды да, иесіне адал болған итін қоса көмуді жөн көрді.

Кенет дабыр-дұбыр дауыс естілді. Жарты шақырымдай қашықтықтан естілгендей.

– Надя, Надя! – деді Михаил күбірлеп. Марқұмның жанында дізерлеп дұға оқып отырған Надя орнынан тұрып келді.

– Баршы, қарашы! – деді Михаил.

– Татарлар! – деді, байқап үлгірген Надя.

Олар – Иркутқа қарай өзенге кетіп бара жатқан татарлар – әмір әскерінің алғы шебі болатын.

– Жерлемей кетпеймін, – деген Михаил қабірді қаза берді. Өзірлеп болған соң Николайды екі қолын кеудесіне айқастыра қойып жерледі. Сонсоң Надя екеуі дізерлеп қатар отырып, дұға оқып, өздеріне көмек көрсете жүріп мерт болған мейірімді жанға ең соңғы құрмет рәсімін жасасты.

– Енді қасқыр да, жыртқыш құстар да мазаламайды. Жүр, кетелік, – деді Михаил ауыр күрсініп.

Олар үлкен жолға енді жоламақ емес. Онда татар әскерлері кетіп барады. Иркутқа арғы жағынан айналып бару үшін дала соқпақтарымен жүруге тура келеді. Динкадан өтудің де енді керегі жоқ. Бұл жақтың жолдары мен соқпағы Надяға аян, жүруге жарамағанымен жол көрсетуге жарайды. Михаил оны көтеріп алды да, оңтүстік-шығысқа қарай аяңдады. Жетпек жеріне екі жүз шақырымнан аса жол жатқан. Ол оны қалай жүріп өтті? Екінің бірі төзе алмас қиямет ауыртпалыққа қайтіп шыдады? Саян тауларынан өтуіне нендей ғажайыптар күш-қуат берді оған? Олар нені талғажау етті?

Бұл сұрақтарға Михаил да, Надя да жауап бере алмас еді.

Сонымен, он екі күннен кейін, тамыз айының 2-сі күні, кешкі сағат алтыда, Михаил Строговтың қарсы алдында жайылған ғаламат дастарқандай болып шалқар айдын жатты. Ол Байқал көлі еді.

*Оныншы тарау*  
***Байқал мен Ангара***

Байқал көлі теңіз деңгейінен бір мың жеті жүз фут жоғарыда. Ұзындығы – тоғыз жүз, ені – жүз шақырымдай. Тереңдігі беймәлім. Жергілікті теңізшілердің хикаяларына қанық болған Бурбулон бике өзінің жолжазбаларында ондағылар Байқалды «теңіз» дегенді жақсы көреді депті. «Көл» дегенді Байқалдың өзі де ұнатпай, қатты толқынданып кетеді екен депті. Ал «теңіз» дейтіндей ол көлде орыстар батып кеткен апат болмаған дегені де бар. Байқал – үш жүзден астам өзеннің тоғысуынан пайда болған, жанартау текті таулар қоршаған тұщы су бассейні. Одан бір ғана өзен – Ангара ағып шығады. Ол Томның тұсынан өтіп, Енесай қаласынан жоғарырақта Енесай өзеніне құяды. Байқалды қоршалап тұрған таулар аса мол да зор Алтай тау жүйесінің құрамына кіреді. Мұнда ауа райы қатал. Қазірдің өзінде, қазан айында, міне, салқын сезіле бастады. Күздің ерте қысқа айналып, аязы сақылдай жөнелер түрі бар.

Қазан айының алғашқы күндері. Күн сағат бесте, ақшамда-ақ батады. Түн ұзақ та суық. Термометр нөлден төменді көрсетеді. Байқал тауларының шыңдарында қар жатыр. Ауа райына қарай ма, жағрафиялық басқа сипаттарына бола ма, әйтеуір, көл деп аталатын бұл көлде дауыл күшті. Дауыл тұрғандағы толқыны Жерорта аумағындағы көлдердің толқынындай өте қауіпті, жаздыкүні қатнас жасайтын сал, паром, қайық, шағын кеме атаулыны қақпақылдаған асықтай етеді.

Михаил Строгов көзі жәудіреген бейкүнә қызды көтеріп алған күйі көлдің оңтүстік-шығыс жағасына келген. Арып-ашыған, шаршап-шалдыққан бұл екеуіне мынау жабайы иен дала қосымша азаптан басқа не силар дейсің. Алты мың шақырым жер жүріп жеткен екеуіне танданар да қояр.

Бастапқы мақсатына жету үшін патша шабарманының енді не істеуі керек? Мына көлден алпыс шақырымдағы Ангара сағасына,

одан арыда сексен шақырымдағы Иркутқа жетуі, яғни әлі де болса жиыны жүз қырық шақырым жер жүруі керек. Үш күнді керек етер бұл сапар дені-қары сау азаматыңа да оңай тимек емес. Михаил Строгов сол азамат па?

Талай-талай тауқыметті тартып келе жатқан жігітке тағдыр аздап болса да рақымшылық жасайын деді ме екен, екі пендесі келіп кідірген тұста тіршіліктің бір белгісі болды. Көл жағасында елу шақты кісі тұрды. Михаил көтеріп алған Надя оларды мана байқаған. Әуелде шошынды. Байқал жағасындағыларды бағындыруға жіберілген татар әскерлері ме деп қалған. Михаилға сыр бермей тесіле қарап жақындағанда олай емесін көріп:

– Орыстар! – деп қуана айғайлап жіберді. Сөйтті де, көзі қарауытып, әлі құрып, басы Михаилдың кеудесіне сылқ етті. Ол талып кеткен. Құдай сәтін салғанда анау тұрғандар бұл екеуін көре қойып, бірнешеуі жүгіріп жетіп келді. Көп ұзамай соқыр жігіт пен әлсіз қыз паром тұрған шағын айлақта, қарсы алған қайырымды топтың ортасында отырды.

Паром жүзіп кетуге дайын тұр екен.

Орыстар әртүрлі жағдаймен жан-жақтан қашып келген, осында таныс-біліс болған тағдырластар көрінеді. Татар барлаушыларынан сытылып, Иркутке жетудің қамын жасаған. Ангараның екі жағалауын да иемденіп алған татарлардан құрылықпен жүріп құтылмастарына көздері жеткен соң қалаға су жолымен баруды ұйғарған. Олардың бұл әрекеттеріне Михаил қатты қуанды, бірақ өзінің құпиясын ашпас үшін қуанышын сыртқа шығарған жоқ.

Қашқындардың жоспары қарапайым. Байқалдан бастау алған Ангараның ағыны қатты, соны пайдаланады да, Ангара қаласына зулатып жетіп барады. Ол жерден Иркутке дейін өзен тіпті қатты, сағатына онбес-жиырма шақырым жылдамдықпен ағады. Сөйтіп, біржарым күнде Иркутке жетпек. Олар осылай есептеген де, көл маңындағы ағаштардан паром жасаған. Онысы паромнан гөрі үлкен салға ұқсас. Бөренелерді қатарлап, үйеңкі қабықтарымен қабаттап байлаған. Жүз кісі еркін сияр «көлік» дайын болған. Михаил Строгов пен Надя осы салға әкелінді. Қызды тамақтандырып, жапырақтардан салынған төсекке жатқызып еді, ол бірден ұйықтап кетті.

Жаңа таныстарының сұрақтарына Михаил қысқа да түсінікті жауап берді, тек өзі Томда душар болған оқиғаны айтпады. Қызылжар

қаласының тұрғыны екенін, Динка өзенінде татарлар жүргендіктен, Сібір астанасы татарлардың шабуылына тап болады деп ойлағандықтан Иркутке баруға бата алмағанын мәлімдеді.

Енді бір минутті де босқа өткізбеу керек. Күн суыта түсті. Түнде нөл градус болған. Көл бетінде мұз көріне бастады. Мұнда әзірше паромға кедергі жоқ болғанымен, былай шыға, Ангара ауқымында қалқыған мұз көбейіп, жолды қиындатары анық. Ары-бері кеңескен қашқындар ақырында аттануға бәтуаласты да, паромды байлаудан босатып, ағынға қарай жылжитты. Кесек бітімді, қайратты жігіттер қолдарына ұзын-ұзын сырық алып, паромды жағадан ағынға қарай итерді. Паромды бағыттап алып жүру жергілікті теңізші шалға сеніп тапсырылды. Аппақ қою сақалы беліне түскен шал кең де ұзын тері шекпен киіп, белін шарта буынған. Басында – тері малақай. Сұсты да маңғаз кісі. Паромның артқы жағына отырды. Сырғауылшы жігіттерге анда-санда бағдар сілтеп қояды. Көп сөйлемейді. Ол паромды жағаға тым жақындатпай, көлдің ортасына да жіберіп алмай жүргізуді тапсырған, соны жіті қадағалауда.

Паромдағы жұрт әрқилы. Жергілікті ер-әйел, кәрі-жастармен бірге үш кезбе-діндар, бірнеше монах, бір село священнигі бар. Кезбе-діндарлардың иықтарында – қоржын, қолдарында – ұзын таяқ. Ыңылдап өлең-мінәжәт айта бастады. Бірі Украинадан, бірі Сары теңіз жақтан, бірі Финляндия жақтан келіпті. Соңғысы кәрі шал сияқты, белбеуіне қақпағы кішкене құлыппен жабылатын саптыаяқ байлап алыпты. Құдай ғибадатханасына садақа жинаушы болар. Ұзақ та қиын-қыстау сапарда жүрген мұның жиып-терген ақшасының бір тиыны да өзінікі емес, ақша анау құлыптаулы саптыаяқтың кілтін алып қалған кісілердікі. Монах та қиыр солтүстіктен келген, олардың Архангел қаласынан шыққандарына үш ай. Бұлар Карел жарты аралындағы Қасиетті аралдарда, Соловец ғибадатханасында, Троицада, Мәскеуде, Қазанда, Киевте болып, қасиетті жерлерге тәу етті. Енді, міне, қарапайым монах кейпінде Иркутке кетіп барады. Священник болса, ол – Ресейдегі алты жүз мың діндар-қызметші қатарындағы қарапайым ғана деревнялық поп. Тапқаны тамағына жетпейтін, ешкімге сөзі өтпейтін нашар жағдайдағы мұжықтарша киінген; үйінің іргесіндегі ұлтарактай жері әрең асырап жүрген шаруалардан айырмашылығы жоқ. Қатыгез татарлардан қауіп төнгенде әйелі мен балаларын солтүстік қиыр шеттегі губернияларға

жіберіп, өзі шіркеуде қалған. Ақырында, міне, қашып-пысып, Иркутке төте жете алмай, Байқалға байырқалады.

Село священнигі бас болған топ – кезбелер мен монахтар – паромның алдыңғы жағына барып тұрып, құдайға құлшылық етуге кірісті. Күбірлеген үндері өлі тыныштықта күмбірлеген дауыстай болып естіледі. Надя ұйықтап жатыр. Михаил оның жанында отыр, қалың ой қаумалағандықтан ұйқысы қашып, анда-санда ғана бір сәтке мызғып алады.

Ағынға қарсы жел түні бойы тынбады да, паромның жүрісі өнбеді. Таң ата мөлшерлегенде Ангара сағасына дейін әлі қырық шақырым жол барын анықтасты. Өзенге күндізгі сағат 3-4-тен ерте жете алмас. Бірақ оған ешкім өкінген жоқ. Керісінше, Иркутке өзенмен түнде бару әлдеқайда қауіпсіз болады десті. Теңізші шал мұз көшкіні кедергі жасамаса екен дегенді екі-үш рет айтты.

Түн тым суық болды. Қатты жел мұз көшкінін жасай бастады. Мұз керуені әзірше паромды жанай шығысқа жылжып кетіп жатыр. Егер мұз шығыстан бері қарай жылжыса, паромға қиындық келтіруі, тіпті Иркутке барар жолды бітеп қалуы мүмкін. Осыны ойламай, сақтанбай болмайды. Михаил Строгов көлдің жағдайын, қалқыған мұздың қаншалықты екенін сұрап біліп отыр. Надя оянған соң одан маңайдағы хал-ахуалды тәптіштеп сұрап, танымпаз қыздан тыңғылықты жауап ала алды.

Мұз құрсай бастаған көлде ерекше бір құбылыс пайда бола қалды: көлдің орта шенінде ыстық су бұрқақтап жөнелді! Ол, бұ табиғаттың еркіне дауа бар ма, Байқалдың түбінен атқылап шыққан артезиандық ыстық су еді. Күн сәулесіне шағыла биік шапшыған ыстық су тамшылары көлге мұз бұршақ болып жауады. Бұл көрініс Сібір теңізін тамашалау үшін ғана жүзіп жүрген жайшылықтағы саяхатшыларды ешқашан ұмытпас ғажап әсерге бөлер еді.

Сағат бесіндегі төртжарымда екі жағадағы биік-биік гранит жартастар аралығынан Ангара сағасы көрінді. Оң жақтан шағын ғана Ливенич айлағы, оның шіркеуі мен бірнеше үй көзге шалынды. Үйлер жарқабаққа салынған.

Көлдің шығыс жағынан жылжыған алғашқы мұз кесектері Ангараға еніп, Иркутке қарай беттеді. Әйтеуір, ол мұз көшкіні шағын, әзірше кедергі келтіре алмас.



Паром айлаққа кіріп тоқтады. Кешеден бері талай күй кешкен бөренелер ыдырауға айналған екен, оларды қайтадан мықтап байлауға тура келді. Жылдың жылы мезгілдерінде Байқал арқылы Кяхтаға баратындар арғы-бергі жолдарында осы Ливенич айлағына тоқтап, бой сергітіп, дем алатын, яғни мұнда пароход, түрлі кеме-қайық көп болатын. Ал бүгінде айлақ мүлде бос. Татарлардан тауқымет тартқылары келмеген шағын қаланың тұрғындары әуелі су көліктерінің бәрін Иркутке қоя берген де, қажетті дүние-мүліктерін буып-түйіп алып, өздері де тайып тұрған. Теңізші шал бұл жерде өздеріне жолаушы қосылмайтынын білген, алайда, паром тоқтар-тоқтамаста шеткі үйден екі кісі шыға келіп, бұларға қарай жүгірді. Надя жан-жаққа жіті қарап отырған. Әлгі екеуді көре қойды да, Михаилға жабыса түсіп, қолынан ұстай алды.

– Надя, о не, не болды? – деді.

– Айлақтан екі кісі жүгіріп келе жатыр, баяғы екі жігіт!

– Бізге Оралда жолыққан француз бен ағылшын деші!

– Иә.

Михаил тіксінді. Құпиям ашылып қалады-ау десе керек.

Олар мұның енді Николай Корпанов емес, Патшаның нағыз шабарманы Михаил Строгов екенін біледі. Бірінші рет Зарбұқада, Иван Огаревтің оспадарлығы сәтінде, екінші рет Томда Фофан ханның соты кезінде көрген.

– Надя, анау екеуін салға шығысымен маған шақырып келші, – деді Михаил.

Ол екеу шынында Гарри Блэнт пен Альсид Жоливе еді.

Олар мұнда кездейсоқ келмеген, бір жәйттер мәжбір еткен.

Бұлардың Томға татар әскерлері кіргенін, онда мейрам болғанын көргендері, Михаил Строговқа қолданылған қатыгездік жазаны ақырына дейін көргілері келмей кетіп қалғандары оқырмандарға аян. Олар Михаилдың өлтіріп тасталатынына күмәнданған жоқ-ты. Сол кеште көлік тауып алып, Томнан аттанып кеткен. Көріп білгендерін жазып, айтар жерлеріне тезірек хабарлауға асыққан. Сөйтіп, Иркутке жөнелген. Қалаға Фофан ханнан бұрын жетуді ойлаған. Енесай жақтан пайда бола кеткен үшінші лек килікпегенде ол ойлары орындалатын еді. Михаил Строговша бұлар да үлкен жолдан үміт үзді, Динкаға да жете алмай қалды. Сонсоң Байқалға келген. Қаңыраған Ливеничте жүргендеріне үш күн болғанда, міне, паромды көрді.

Екі журналшы паромның басшысымен, теңізші шалмен сөйлесті. Қашқындардың түнде қалайда Иркутке кіріп кетпек ниеттері барын білген бұл екеуі олармен бірге баруға бел байлап, алып жүргендері үшін канша болса да ақша беретіндерін айтып еді, теңізші шал қабақ шытып:

– Мұнда ақы төлемейді, мұнда басын бәйгеге тігеді! – деді.

Надя журналшылардың кезбелер мен монахтарға, священникке жақын орналасқандарын көрді. Блэнт баяу қимылды салмақты қалпында. Жоливе де бұрынғысын гөрі сабырлы сияқты. Жоливе біреу қолынан ұстағандай болғанда жалт қарады да, патша шабарманы Михаил Строговтың қарындасын көріп, таңданғанынан даурыға дауыстай жаздап еді, Надя оған үндемеуге ишарат жасап:

– Менімен бірге жүріңізші, – деді.

Француз ағылшын серігін ақырын шақырып алып, екеуі Надяға ерді. Михаилдың аман-есен отырғанын көрген екеуінің таңданысында шек болмады. Бірақ Михаил селт етпеді. Жоливе онысын түсіне алмаған кейіппен Надяға қарады.

– Мырзалар, ол сіздерді көре алмайды, татарлар көзін күйдіріп тастады. Ағайым соқыр болып қалды, – деді Надя.

Гарри мен Альсид жандары түршіге бас шайқады. Сонсоң Михаилдың жанына отырып, қолын қатты қыса сәлемдесіп, неге шақырғанын сұрады.

– Мырзалар, – деді Михаил жайлап сөйлеп, – сіздер менің кім екенімді, Сібірге неге келгенімді білмейтіндер болыңыздар. Менің құпиямды сақтаңыздар, келістік пе?

– Уәдемді бердім! – деді Альсид Жоливе.

– Азаматтығыммен ант етемін! – деді Блэнт.

– Рахмет, мырзалар!

– Бізден қандай көмек керек, айтыңыз, қолымыздан келгенінше жәрдем береміз, – деді Блэнт.

– Пейілдеріңізге рахмет, мен жалғыз өзім әрекеттенермін, – деді Михаил.

– Жауыздардың кесірінен көзден айырып қалыпсыз... – деді Жоливе.

– Жанымда Надя барда менің көзім көреді!

Жарты сағаттан соң паром өзенге түсіп, төмен қарай жүзіп кетті. Түн тақалған. Қараңғы да суық болатын түрі бар.

Уәде мен ант беріскен Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт Михаилдың жанына жайғасып, әңгімелесе бастаған.

Татар әскерлерінің үш тобы қосылып, әмір мен Иван Огаревтің бастауымен Иркутке ұмтылғанын үшеуінің ешқайсысы білген жоқты.

Патша хатынан айырылған, оның мазмұнынан да бейхабар Михаилдың Иркутке неге асығатынын Надяның түсіне алмағанындай, Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт те біле алмады. Михаилдың өткен жәйттерді еске алуға зауқы жоқ. Мына екеуі тәптіштеп сұрауға құқылы емес. Тек Жоливе ашыла сөйлеп, серігі екеуінің анау жолы, Есіл стансасында, Михаилмен адамша қоштаспағандарына әлі өкінішті екендерін айтты. Өйткенмен, арада жарты сағат өткенде екеуі Надя мен Михаилдың жол бойы шеккен бейнеттерінен хабардар болды. Олар Михаилдың жігер күшіне, Надяның оны қолдай білген, тауқыметін бірге тартып келе жатқан қайсарлығына, адалдығына тәнті болысты. Мәскеуде патшаның айтқанындай, екеуі де іштерінен: «Бұл – нағыз адам!» десті.

Мұз қаумалаған паром өзенді құлдап жүзіп келеді. Екі жағы бір көркем сурет әлеміндей болып көзтарта қалып жатыр: түрлі кескіндегі гранит жартастар, бұрқырай өзен аққан терең шатқалдар. Деревнясын түгін басқан жазық алқап, от оранған орман... Бұлар – татарлар жүріп өткен жол, ал татарлардың өздерінен сыбыс жоқ.

Кезбелер діни құлшылық өлеңдерін айтып отыр.

Теңізші шал паромға жақындай қалған мұз кесектерін сырықпен итеріп тастап, паромды Ангараның ағынды ортасына қарай бағыттауда.

*Он бірінші тарау*  
***Екі жаға арасында***

Сағат кешкі сегізде төңіректі қараңғылық қымтап тастады. Паромдағылар солай боларын күндіз-ақ болжаған. Өзен жағалары көрінбейді. Жартастарды да, ормандарды да, өзен үстін де бұлт басты. Шығыстан анда-санда желемік келіп тұр, ал Ангара жазығы тыптыныш.

Тұмшалаған қараңғылық біздің қашқындарға, әлбетте, пайдалы. Татарлар барлаушылары жағада ары-бері жортып жүре қалғанның

өзінде өзен ортасындағы паромды көре алмайды. Яғни, Иркутке барар су жолын жауып тастауды ойламайды да. Олар орыстардың оңтүстіктен көмек күтпейтінін, келем деушілерге табиғаттың өзі-ақ тосқауыл жасап қойғанын біледі, өркеш-өркеш мұз қамалды кім ала алмақ?!

Паром тыныштық құшағында.

Паром өзенді құлдай ағысымен кезбелер өлеңдерін тиған, тек күбірлеп сиынып отыр. Олар паромға құдды біреу әдейілеп орналастырғандай қатар-қатар жатыр.

Теңізші шал өзіне көмектесуші жігіттердің алдыңғы жағында бір үлкен мұз кесегін үнсіз итерісіп жатыр. Мұздар біздің қашқындарға қалқан іспеттес, үлкенді-кішілі мұз кесектерінің арасынан паромның жағадағыларға көріне қояйы неғайбыл. Ал мұздардың соғылысқандағы дауыстары басқа дауыстарды естіртпейді де.

Қайыңның бұтақтарынан өзге жамылары жоқ қашқын байғұстарды суық бүріп, сүйектерінен өте бастады. Олар он градус суықтан қорғану, жылыну үшін біріне бірі жабысып әлек. Шыңдарында қар жатқан тау жақтан жеткен жел көп ұзамай ық таптырмас ызғырыққа айналған.

Михаил Строгов пен Надя да, Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт те бұйығып бір-біріне жақын жатыр. Басқалар көрген қиындықтарға бұлардың да төзуіне тура келді. Бәрі де күбірлеп те сөйлеуді қойған. Әрқайсылы әлдебір тосын қияметті, апатты секөнд сайын күткен жанша мүлгіп, өзімен өзі.

Михаил Строгов мақсатына эне-міне жететін кісіге мүлде ұқсамайды, ерекше тыныштықта. Ол шешесі, Надя, өзі туралы ғана ойлап, басқаның бәрін ұмытып, бейқам бір өмірді аңсар сәтті сарыла күткендей. Оның ойында бір ғана қауіп бар: Иркутке жеткізбей паромдарын мұз көшкіні күйретіп тастамаса екен. Ал ондай сұмдыққа ұшырай қалса, тағыда өзінің күші мен айласына сене қимылдайтын болар.

Бірнеше сағат ұйықтап дем алған Надя да ойға кетіп, мақсатына жету үшін Михаил нендей әрекет жасаса да онымен бірге болуға бекініп жатыр. Иркутты ойласа, әкесі есіне түсіп, тіпті бейнесі көз алдына келе қалады. Надяның ойынша, дос-жолдастарынан алыста жүрген әкесі қоршаудағы патриоттармен дізе қосып, жауларға қарсы күресуде. Солай екеніне қызының күмәні жоқ. Құдай қаласа, ол

бірнеше сағаттан кейін әкесінің құшағында болады, оған шешесінің ақырғы аманат сөздерін айтып береді. Одан соң екеуі бірге өмір сүреді, ешкім де айыра алмайды. Егер Василий Федорович жераударудан қайтарылмаса, Надя әкесінің қасында қалады. Бұдан кейін Надя өзін әкесімен жолықтырған жаны жайсаң ерекше жан – Михаил «ағасы» туралы ойлады: «Соғыс аяқталғаннан кейін ол Мәскеуге қайтып кетеді, екеуіміздің ешқашан кездеспеуіміз мүмкін!..»

Гарри Блэнт пен Альсид Жоливениң ойлары біреу-ақ: біріншіден, екеуінің ендігі жағдайлары шын мәнінде тартымды, қызықты болады; екіншіден, бұл жолғы сапарларын тәптіштеп жазса, ғажап кітәп шығады. Ағылшын, әлбетте, «Күнделікті телеграфымен», ал француз бөлесі Мадлен-мен табысуға асығулы. Екеуі де қатты толқу үстінде.

«Басқаны тебіренту үшін ол жәйтті әуелі өзің бастан кешу керек. Көру бар да, оны түйсіну, әдемі әңгімелеп беру бар! Бұл туралы бір аталы сөз естіп едім, қап, қалай еді?!» – деді Альсид Жоливе өзімен өзі іштей сөйлесіп. Ол төңіректі түгел тұмшалаған түнекке көз жіберді. Түнектен анда-санда қызыл жолақ қылаң етеді, кейде тіпті Ангараның жағаларын да бір сәтке жарық етіп жібереді. Сірә, орман өртінің, немесе жанып жатқан деревняның нышаны болар. Өрт күндізден гөрі түнде сұмдық боп көрінеді. Ангараның бүкіл бойы: жағаларындағы тау-тасы да, өзендегі мұзы да қып-қызыл түске боялғандай сәт те болды. Қорқынышты жәйт ол ғана емес-ті. Қашқындарға қауіп басқаша болды. Олар оны біле алмады. Мәселе біле алмағанда ғана емес, одан құтыла алмауда болатын. Оны Альсид Жоливе ойда жоқта білді. Ол паромның жиегінде жатып, қолын суға малған еді, бірдеңе жабыса кеткендей болған соң шошынып, қолын тартып алып, жабысқан қап-қара бірдеңені байқап, иіскеп көрсе – мұнай! Иә, суға үңілсе – төсеген киіздей мұнай қабаты. Паром мұнайдың ортасында жүзіп келеді. Ангарадан Иркутке қарай жылжыған ғой. Паром тез жанатын заттың құрсауында қалғаны ма шынымен? Бұл мұнай қайдан келді? Табиғаттағы кездейсоқ бір құбылыс па, әлде татарлар қолданған қулық па? Олар Иркутты осылайша мұнаймен өртеп жібермек пе? Соғыс заңдарында бұл сияқты сұмдыққа тиым салынған ғой? Осылайша сұрақтың астында қалған Альсид Жоливе ағылшын серігімен ақылдасты да, екеуі мұнай туралы тіс жармасқа, онысыз да үрейлі әйелдер мен балаларды шошытпасқа келісті.

Орта Азияның топырағы сұйық боз газға бай. Бакудың маңында, Парсымен шекарада, Абшерон жарты аралында, Кіші Азияда, Қытайда, Бирмада мұнайдың миллиондаған көзі бар. Бұл «май елдерін» Солтүстік Америкамен ғана салыстыруға болар.

Отқа табынушылар, әсіресе порттағылар діни мейрамдарында теңізге мұнай құяды да, судан жеңіл болғандықтан қалқып жүретін оған түн бола от қояды. Сөйтіп, теңіздің «өртегенін» қашан от сөнгенше, немесе жел айдап жұлқылап бітіргенше тамашалайды. Әрине, Бакуда қызық ол жәйт мұнда қасірет болмақ. Әлдебір оқыстан от тие қалса, мына өзен лап етуге, Иркутке дейін өртене жөнелуге дайын дей бер. Паромда от қауіпті емес, тек өзеннің өнебойындағы мұнай оқыс лап етсе...

Осындай қауіпке тап болған шетелдік екеудің халі қандай екенін ойлап көріңіз! Олар сыбырлап ақылдаса бастады. Мынадай кезде жағаның бір оңтайлы тұсында паромнан түсіп қалып, істің ақырын күтсе ше?

– Жағдай қалай болғанда да, қандай қауіп төнсе де, паромды тастап кетпейтін бір кісіні білемін, – деді Жоливе. Ол Михаил Строговты есіне алған еді.

Паром тез жүзіп, мұз құрсауына кіре берді.

Ангара жағаларында татарлар әлі көрінген жоқ, сірә, паром олардың күзет бекеттеріне жетпеген шығар.

Сағат кешкі он шамасында ағылшын мұз үстінде қараңдаған бірденелерді көргендей болды. Олар паромға қарай тез келе жатқан сияқты. «Татарлар!» деген ой келді оған. Дереу алға қарай еңбектеп, теңізші шал жатқан жерге барып, оған әлгі қараңдаған бірденелерді нұсқап еді, шал:

– Қасқырлар ғой. Бұлар татарлардан қауіпті емес, алайда қарап қалмайық, у-шусыз қорғануымыз керек, – деді. Шынында қашқындардың аштық пен аяз қысқан қасқырларға қарсы тұруларына тура келді. Иіс алған қасқырлар паромға ұмтылды. Ұрыс салмай болмайтын хал. Ерлер әйелдер мен балаларды паромның ортасына жиып, өздері сырықпен, пышақпен, таяқпен қаруланып, паромның айнала жиегіне барып тұрды. Хайуандарды жолатпау керек. Айқас айқай-ұйқайсыз басталып кетті. Әлдебір тұстағы қасқырлардың ұлығыны ғана естіліп тұр. Михаил Строгов та кірісті, паромның

жиегіне жатып алып, су жақтағы жыртқыштарға қарай пышақ сілтей бастады. Сілтесі бос кетіп те жатқан жоқ, тап келген қасқырдың әйтеуір бір жерлеріне тиіп жатыр. Журналшылар да қарап қалмады. Қорғану ойдағыдай. Ең оңдысы – жігіттердің дауыс шығармай қимылдауы. Жарадар болып қалғандар да үндемеуге тырысулы. Ал шайқастың аяқталар түрі жоқ. Қасқырлар қаптап келіп жатыр, келіп жатыр, Ангараның оң жағасы толған қасқыр дерсің.

– Мынау біте қоймас! – деді Альсид Жоливе, қан-қан болған қанжарын құлаштап сілтеп тұрып.

Ұрыс басталғалы жарты сағат болды, қасқыр таусылар емес.

Қашқындар алқынып, тәлтіректей бастады. Қасқырлар қапы қалдырмаса не қылсын. Бір сәтте көздері шоқтай жайнаған дәудәу он шақты бөрі паромға қарғып-қарғып шықты. Аштық айдаған жыртқыштардың азулары ырсиып кеткен. Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт те оларға қарсы ұмтылды. Сол-ақ екен, бөрілер жын көргендей жым бола қалып, паромнан беже жөнелді. Өйткен себебі дәл сол сәтте әлдене жарқ етті де, бүкіл Ангара бойы күндізгідей жап-жарық бола қалды. Ол іргедегі Позкав селосының кенеттен лап етіп, лаулап жана бастағаны еді. Оны татарлар өртеген болатын. Олар осы селодан Иркутке дейінгі екі жағаны да жаулап алған.

Мінеки, қашқындар саяхаттарының ең қауіпті тұсына тақалды. Ал Сібірдің астанасына дейін әлі отыз шақырым бар.

Сағат кешкі онбір жарым. Паром мұз кесектерінің арасында ақырын жылжып келеді. Бұрынғысынша елеусіз, көріне қоятын емес, бірақ өрттің жалыны оқта-текте шапшығанда паромға да жарығын түсіріп қояды. Ондайда паромда жатқан қашқындар байқалып қалмас үшін мүлдем тырп етпейді. Ал өрт ерекше өршеленіп барады. Ағаш үйлер май құйғандай жанып жатыр. Бір жүз сексен үй еді, бәрі бірден лап еткеннен бетер. Өттің сатыр-сұтырына құлаған үйлердің дүрсілі қосылып, оған татарлардың қиқуы ұласып, төңірек түгел жаңғырығып, құлақ тұндырады.

Теңізші шал паромды оң жағаға қарай бағыттады. Екіара үш жүз – төрт жүз футтай.

Мұнай-көлде жүзіп келе жатқандарын білетін Альсид Жоливе мен Гарри Блэнттің халдері мүшкіл-ақ. Анау өртеніп жатқан үйлерден ұшқын атылуда. Шоқ-шарлар әуеге бес жүз – алты жүз футқа дейін

көтеріледі. Әйтеуір, құдай сақтағанда, жел қарсы соғып, ұшқынды бері жолатпай тұр. Қашқындардың тілеуі дұрыс болғаны да.

Иә, өртенген село артта қалды. Жарқылдаған жалын бәсендеп, жағымсыз дауыс азайып, төңірек бірте-бірте қайтадан қарауыта бастады. Біраздан соң тыныштық та, қараңғылық та орнады. Қашқындар да ес жиды. Түн ортасы болған-ды.

Татарлар жақын екен. Екі жағада ары-бері шапқылап жүргендері естіліп тұр. Қараңғылықтан өздері көрінбейді, күзет бекеттеріндегі оттары ғана жылтылдайды.

Мұз құрсау тарыла бастады. Паромға қатер төнді. Теңізші шал жігіттерді бастап тұрып, сырықты қолға алып, мұз кесектерін реттеп итеруге кірісті. Сірә, өзеннің арнасы да тарылуға айналды-ау.

Михаил Строгов алдыңғы жаққа барды. Оған ере Альсид Жоливе де барды. Екеуі теңізші шалдың, оның жанындағылардың сөздеріне құлақ қойып тұрды:

– Оң жаққа қара!

– Мұз сол жағында!

– Итер, итеріп жібер!

– Бір сағаттан соң...

– Құдайдың көзі түзу болсын, бәрі де – құдай ісі! – дейді шал.

– Мыналардың не дегенін естіп тұрсыз ба? – деді Жоливе.

– Иә. Құдайға сиынбай болмайды, – деді Михаил.

Жағдай күрделілене түскен.

Егер паром тоқтап қалса, қашқындардың Иркутке жетуі былай тұрсын, хал-ахуалдары күрт қиындайды, мұз паромды қиратып, суға батырып жібе–реді. Өйтсе, қашқындар мұз үстінде қала береді, бір күні татарлар көріп қойып, қырып салады.

Михаил орнына оралды. Онда күтіп отырған Надяны қолынан ұстап:

– Надя, дайын отырсың ба? – деді.

– Иә, – деді қыз.

Паром тағыда бірнеше шақырым ілгеріледі. Мұз кесектерінің ара-арасымен әрең жылжуда. Егер Ангара қата бастаса, жүзу жайына қалмай ма? Қазірдің өзінде сағат санап баяулай түсуде. Сең соғып, қисайып, бұрылып, тоқтап әуре. Жолаушылардың тағаты таусылып, алаңдауы арта түсуде. Таң жақындап келеді. Иркутке таңғы сағат бесте жете алмаса, сауданың біткені.



Ақырында, міне, сағат түнгі біржарымда паром үйдей-үйдей мұздарға тіреліп, артқы жағынан сондай мұздар келіп ұрып, тырп ете алмай қысылып қалды.

Ангараның бұл тұсы басқаларының жартысындай ғана жіңішке еді. Бұдан алға бес жүз қадам барсаң, өзен арнасының кәдімгі кең қалпында екенін көресің. Тарлауыттан сынып-сынып ағып шыққан мұздар Иркутке қарай кетіп жатыр. Мынау тарлауыт болмағанда паромның ағынмен құлдап жүзіп жүре берері сөзсіз еді.

Паромдағылар мұз камалды қирата алса, онда да жолдарынан қалмас еді, бірақ қолдарында не балта, не аратемір, т.б. ештеңе жоқ топ не істей алсын?! Енді қайтеді? Не шара бар?

Сол әредікте Ангараның оң жағасынан мылтық атылып, паромға оқ жаңбырша жауды. Демек, мына байғұстарды байқап қалған. Сол жағадан да оқ жауды. Екі оттың ортасында қалған қашқындар, қараңғыда татарлар көздеп атпаса да, жаралана бастады.

– Надя, кетейік, – деді Михаил, қыздың құлағына сыбырлап. «Өрқашан дайын» отыратын Надя Михаилдың қолынан ұстады.

– Мұз арқылы шығып кетуіміз керек, ешкім көріп қоймайтын болсын, баста, кеттік, – деді Михаил тағы сыбырлап.

Надя жол бастады. Олар паромнан мұзға тез түсті. Надя алда. Бастарынан аса оқ зу-зу етеді. Олар ойқы-шойқы мұздарды қармана ұстап, қолдарын қанатып алса да тоқтамай, қорғанбай ілгерілей берді. Он минөт шамасында мұздан құтылып, жағаға аяқ басты. Алдарында суық та сұрапыл Ангара жатыр. Өзен беті көшкен мұз кесектеріне толы. Үлкені бар, кішісі бар кесектер қалаға қарай жүзіп барады.

Надя серігінің ойын түсіне қойды. Ол бір үлкен кесектің екінші кесектен бөліне бастағанын байқап үлгірді де, Михаилға:

– Бері жүр, – деді. Екеуі әлгі мұзға шығып, жата қалды. Сәлден сол ол кесек үзіліп, өз бетімен қалқып кете барды. Өзен арнасы кеңіп, мұз кесегіне жол босай бастады.

Михаил мен Надя жан-жаққа құлақ түреді. Татарлардың атысы, айқай-шуы бәсеңдей берді.

Екі саяхатшымыздың мұз-салмен келе жатқандарына жарты сағат болған. Ағын күшейе түскен. Енді екеуі қатты ағын мұзды сорып, ерітіп жібермес пе екен деп қауіптен бастады. Михаил тістеніп, үнсіз жатыр. Ол сонау мақсатына бұрында дәл бүгіндей,

мына қазіргідей жақындап көрген жоқ-ты. Ойы енді орындалды!..

Таңғы сағат екіде Ангараның жағалары жарқырап тұрды: оң жағада – Иркуттың шамдары, сол жағада – татарлардың оттары.

– Жеттік-ау! – деді Михаил күбірлеп.

Кенет Надя қышқырып қалды. Михаил ұшып тұрды.

Екпінімен теңселіп, қолын алға соза берді. Сонау оттардың жарығы түскен жүзі әлемтапырық. Жоқ көзі шарасынан шығып бара жатқандай-ақ аса қорқынышты еді.

– Оу, құдай-ау, біз саған не жаздық?! – деді Михаил.

### *Он екінші тарау*

#### *Иркут*

Шығыс Сібірдің астанасы Иркутте отыз мыңға жуық халық бар. Ғажайып ғибадатханасы, шіркеулері, көрікті жерге салынған көркем үйлері көз тартатын қала Ангара өзенінің оң жақ биік жағасында тұр. Егер оған Сібірдің үлкен жолына бойлай жиырма шақырымға созылып жатқан таулардың биігінен қарар болсаң, мұнаралы құрылыстары, биік ғибадатханасы жапон пагодаларына ұқсас томпақ күмбезді үйлері бар оны кәдімгі шығыс шаһары дер едің. Ал қалаға кірісімен ол тұжырымың өзгеріп жүре береді. Жартылай византиялық, жартылай қытайлық түрдегі үйлеріне, жалпақ жолдарына қарап, оны еуропалық қала қатарына жатқызасың. Жасанды каналдарының жағаларында бойшаң қайыңдар өскен. Ағаштан, тастан салынған бір қабат үйлерімен қатар көпқабатты үйлері бар. Көшелері неше түрлі көлікке толы. Қарапайым арбадан әсем күймелерге дейін бар. Тұрғындары – ақсүйек нәсілділер, қаратаяқтар; әйелдер париждік сәнмен тігілген киім киеді.

Иркутке шеттен келушілер өте көп, әсіресе Сібірдің алыс түкпірлерінен келгендер. Өмір-тіршілік қайнап жатыр. Қала бай. Ол--Қытай мен Орта Азия, Еуропа аралығындағы сауда орталығы. Байлық көтеретін болғандықтан да үкімет Ангара алқабындағы шаруаларды: тұнғұстар мен ойраттарды, тағы басқаларын осында шақырған, яғни басқыншылар мен Иркут аралығында иен дала ғана жатсын деген айла жасаған.

Иркутте шығыс Сібір генерал-губернаторының кеңсесі орналасқан. Қала билігінің біразы азаматтық губернатордың қолында (әкімшілік

жағы). Полиция бастығы осында (қалада осы жаққа жераударылғандар жыртылып айырылады). Қала әкімі болсын-болмасын және бар, ол байлығының арқасында (миллион сом) қоластындағыларға құдайдай.

Иркут гарнизоны саны екі мыңға жуық жаяу казак полкынан және темір телпегінен бастап көкшіл киімді жандарм корпусынан тұрады. Содан кейін, мұндағы ерекше жағдайға байланысты болар, патшаның інісі татарлардың шабуылы басталысымен осында келді. Ол былай болған: Сол жылы үлкен кнэз Сібірді саяси жоспармен аралап, өңірдің барша бас қалаларында болды. Үлкен кнэз болып емес, қарапайым әскери генерал ретінде жүрді. Абыр-дабыр жасамай, жақын жолдас офицерлерінің бірнешеуін, казактардан шағын күзет тобын ғана ертті. Мәскеу үкіметінің ең шалғайында, орыстың Охот теңізі жанындағы соңғы қаласы мен Николаевта болып, Иркутке қайтты. Содан Еуропаға жүріп кетпек еді, татарлардың кенет те қауіпті көтеріліс бастағанын естіп бөгелді. Ол Сібірдің астанасына жетуге асықты, ал онда келген соң Ресеймен байланыстың үзілгенін көрді. Петербург пен Мәскеуден алған жеделхаттарға жауап беруге үлгірмеді. Телеграф жүйесіне не болғаны оқырмандарымызға мәлім.

Иркут алыс-жақыннан хабар-ошарсыз окшау қалды. Кнэздің осында аялдауына тура келді. Ол өзіне тән салқынқандылық, рухани табандылық таныта білді.

Есілдің, Омбының, Томның құлағаны Иркутке кезегімен естіліп жатты. Енді қайткен күнде де Иркутты қорғап қалу керек. Ешқайдан көмек болмақ емес. Иркут губерниялары мен Амур маңының облыстарындағы әскер жеткіліксіз, татарларға төтеп бере алмайды. Жаудың Иркутке шабуыл жасары сөзсіз, ендеше ең әуелі қаланың қорғанысын күшейтіп, біраз уақытқа болса да қоршауға шыдас беру керек. Татарлар Томды басып алған күні мұнда қорғаныс жұмысы қолға алынды.

Кнэз естіген соңғы жаңалық: татарларды бұхар ханы бастап келеді. Оның одақтастары – Қоқан және Құндыз хандары. Ал олардың бас кеңесшісі бір кезде өзі әскери шенін солдат дәрежесіне түсіріп сырттай жазалаған орыс офицері Иван Огарев екенін білген жоқ. Оны танымайтын да.

Өздеріңізге мәлім, Иркут губернияларының барлық тұрғындарына қалалары мен селоларын тастап, Иркут қаласына келуге жарлық

берілген. Сібір астанасында қалғысы келмегендерге татарлар бара қоймас Байқал жаққа кетуге рұхсат етілген.

Азық-түлік, қару-жарак тиеген қыруар көлік Иркутке дер кезінде жіберіліп, тұрғындар жауларға қарсы тұруға дайындала бастаған.

Иркут қаласы 1161 жылы Иркут пен Ангара өзендерінің құйылысына, Ангараның оң жағасына салынған болатын. Ағаштан жасалып, нық тіреулерге қойылған екі көпірі бар (олар су керуендері өтер сәтте ортасынан бөліне екі жаққа түріліп қойылады). Қаланы өзеннің сол жағындағы елді мекендермен байланыстырады. Жау шабуылынан бұл жақта қорғану оншама қиын емес, көпірлерді қиратып тастаса болды, арғы жағадан атылған жау оғы жалпақ өзеннің бұл жағасына жете алмайды. Бірақ Иркуттің шығыс жағы ашық дала, ең үлкен қауіп осы жақтан төнуі мүмкін. Сондықтан айнала бекіністі күшейту жұмыстары күні-түні жүргізіліп жатыр. Иркут тұрғындарының жайшылық жұмыстағы еңбексүйгіштігіне де, қаланы қорғаудағы қаһармандығына да кнәздің көзі жетті.

Солдаттар, көпестер, жераударылғандар, шаруалар – барлығы да ел үшін жанпидаға әзір. Қорғаныс жұмыстары Ангара жағасына жау келіп жетуден сегіз күн бұрын бітіп, қала биік балшық дуалмен қоршап тасталды. Енді қаланы басып алу оңай болмас. Ұзақ қоршау керек, қоршағанда әскери өнер ережесін білмейтіндер бәрібір ештеңе істей алмайды.

Татарлардың Енесай даласында жасақталған үшінші легі Иркутке қыркүйектің 24-інде тақалды. Олар арғы жағадағы мекенге атойлап кірді. Ал онда дәнеңе жоқ болатын, орыстар үйлерді де қиратып кеткен. Олай істеу кнәздің, өкінішке қарай, шағын ғана зеңбірекшілер тобының мүддесі үшін қажет болды. Ал татарлар шабуылды бірден бастаған жоқ, әмірдің келіп жетуін тосты.

Қыркүйектің 25-і күні татарлардың үш легі Ангара жағасында тоғысты. Басып алынған қалаларда қалдырылған бірнеше гарнизоннан басқа әскерлерінің барлығы осында. Қолбасшылары – Фофан хан. Әскердің басым бөлігі Иван Огаревтің бұйрығы бойынша өзенді құлдап кетті. Олар қаладан бірнеше шақырым бейқам жерге қайықтардан өткел жасап, солар арқылы өтіп келмек. Кнәз оларға қарсы баруға тәуекел ете алмады, оның қолында дала зеңбірекшілері жоқ еді, сондықтан қорғаныстағы қаладан шықпады. Ал әлгі татарлар

өзеннің оң жағасымен келіп, қалаға көтерілді, жолай генерал-губернатордың тауда, орман ішінде тұрған жазғы үйін өртеп жіберді. Сөйтіп, татарлар Иркутті қоршады.

Тіс қаққан инженер болғандықтан Иван Огарев қоршауды дұрыс ұйымдастыруды білді, бірақ ойдағыдай жүзеге асыруға қаржы, қару-жарақ жетіспеді. Сондықтан Иркутті айламен алуға үміттенген. Алайда кейде ой мен іс қабыса бермейді. Мысалы, біріншіден, татар әскерлері ойда жоқта Томда ұрыс салуға мәжбүр болып бөгеліп қалды; екіншіден, үлкен кнэз қаланың қорғаныс жұмыстарын тездетіп үлгірді. Бұлар Иван Огаревтің жоспарын бұзған. Сонсоң ол қоршауды қайтсе дұрыс жасауға жанталасты. Оның ықпалымен әмір қаланы тұтқиыл шабуылмен алуға екі рет ұмтылды, бірақ екі ретінде де көп шығынға ұшырап тынды. Жоғары тұрғаны болмаса соншама мықты деуге келмейтін балшық дуалды қирата алмады. Қорғаныстағы кнэз бен офицерлер жандарын шүберекке түйіп шайқасты.

Келесі шабуылда татарлар қамалдың бір қақпасын қиратып, ішке ене алды. Қаланың Ангара жағасына барып тірелетін, ұзындығы екі шақырым Үлкен көшесінде кескілескен ұрыс болып, казактар мен жандармдар, қала тұрғындары қатты шайқаста қайыспады, татарларды қаладан қуып шықты. Қамалды күшпен алуға шамалары жетпесін түсінген Иван Огарев кулыққа көшуді ұйғарды. Қалаға жасырын кіріп, үлкен кнэздің қоластына барып, оның көзіне түсіп, сеніміне ие болу керек те, оңтайлы бір сәтте қаланың қақпасын ашып тастауы керек. Сөйтіп, патшаның інісінен--кнэзден есе қайтаруы керек. Иван Огаревтің жанторсығына айналған сыған Сангарра оған көмектесе алады. Кешікпей қимылдамаса болмайды. Иркутке Якут облысынан әскер келе жатыр. Көмекке жіберілген орыс қолы бес-алты күнде жетеді. Иван Огарев іске кірісті.

Бір күні, қазан айының 2-сінде, кешкісін генерал-губернатор сарайының үлкен залында (кнэз сонда тұратын) әскери кеңес өткізілді. Сарай Үлкен көшенің Ангара жағасы жақ шетінде еді. Терезелері өзен жаққа қаратылып салынған, ол жақтағылар алақаныңдағыдай көрініп тұрады.

Үлкен кнэз, генерал Воронцов, генерал-губернатор, губернатор, қала басшысы және әскери жоғары шенділердің бірнешеуі бас қосып, пікір бөлісті.

– Мырзалар, – деді кнэз, – қазірде қандай жағдайда екенімізді сіздер жақсы білесіздер. Якуттан әскер келіп жеткенге дейін жаудың шабуылына төтеп бере аламыз деп сенемін. Жәрдем жеткен соң біз анау жабайы шуылдақтарды бұл маңнан аластаймыз, сонсоң мен оларды тағылық көтерілістері үшін қалай жазалау керектігін айтамын. Көресісін көреді олар!

– Сіздің биік мәртебеңіз Иркут халқынан толық қолдау табатын болады! – деді генерал Воронцов.

– Генерал, мен оны білемін, олардың патриоттық сезімдеріне бас иемін! – деді кнэз. – Құдайға шүкір, қалада жұқпалы ауру, аштық жоқ, болмайды да! Қала халқының қорғаныстағы батырлықтарына бек ризамын! Сізден, – деп ол қала басшысына қарады, – оларға менің осы сөзімді жеткізуіңізді өтінемін.

– Жоғары мәртебелім, қала атынан сізге алғыс айтамын! – деді орнынан ұшып тұрған қала басшысы оған иіле тәжім етіп. Сонсоң: – Бір сұрақ қоюға рұхсат етіңіз: якут әскерлері қашан келер екен? – деді.

– Ары кетсе алты күнде келеді, – деді кнэз. – Бүгін таңертең өте айлакер, тапқыр бір барлаушымыз қалаға кіріп, маған келіп, бізге көмекке генерал Киселев бастаған елу мың әскер келе жатқанын хабарлады. Олар осыдан екі күн бұрын Лена мен Кирен жағаларына келіп жетіпті. Олардың Иркутке келуіне аяз да, қар да – ештеңе, ешкім бөгет бола алмайды. Елу мың әскер татарларды тусыртынан бассалып талқандап, бізді құтқарып алады!

– Жоғары мәртебелім, бір ауыз пікір айтуыма рұхсат етіңіз, – деді қала басшысы, – жоғары мәртебеліміз қандай шешім жасаса да, біз бұлжытпай орындауға дайынбыз!

– Жақсы. Якут әскерлерін тоса тұралық. Олар келісімен жауды тас-талқан қыламыз! – деді кнэз. Содан кейін генерал Воронцовқа қарап: – Ертең оң жағадағы жұмыстарды көріп қайтамыз. Мұз қата бастады, егер Ангараның беті жабылса, татарларға жақсы болғалы тұр, – деді.

– Жоғары мәртебелім, бір пікір айтуға рұхсат етіңіз, – дей қалды қала басшысы тағыда.

– Айтыңыз.

– Бізде кей жылдары отыз-қырық градус аяз болады, Ангара сонда да қатпайды. Ағысы тым қатты ғой және түбінен қайнап шығып жатқан ыстық су көздері бар. Татарлар өзеннен өтудің басқа жолдарын таба

алмаса, жоғары мәртебелім, мен олардың мұз арқылы Иркутке жете алмасына сізді сендіре аламын!

Оның сөзін губернатор қостады.

– Олай болса, ол бізге қолайлы екен, – деді кнэз. – Әйтседе қапы қалмаудың қамын жасауымыз керек. Ал сіз, – деп ол полиция бастығына қарады: – маған ештеңе айтпайсыз ба?

– Сіздің жоғары мәртебеңізге айтарым бар, бір кісілер тапсырған өтініш еді, – деді полиция бастығы.

– Ол кісілер кімдер?

– Жоғары мәртебелім, олар – Сібірге жераударылғандар. Осы қалада, бес жүз кісі.

Әр жылдары Сібірге айдалған саяси қылмыстылар татарлармен соғыс басталуға айналғанда осында, Иркутке жинап алынған болатын. Қалаларда, селоларда бірі дәрігер, бірі мұғалім, тәрбиеші болып қызмет істеп жүрген оларға Иркутке келуге бұйрық берілген. Иркут қоршауға алына бастасымен кнэз олардың патриоттық сезімдеріне сенім көрсетіп, бәріне қару-жарақ беруге жарлық еткен. Ол қателескен жоқ, жераударылғандар отанын қорғауға әрқашан әзір батырлар болып шықты.

– Олардың өтініштері не? – деді кнэз.

– Жоғары мәртебелім, олар өз алдарына жеке корпус болуға және қысылтаяң жағдай бола қалса, алдымен кірісуге рұхсат сұрайды.

– Иә, – деді кнэз (көңілі босаңси қалғанын жасырмай толқи сөйледі), – жераударылғандар да – орыстар. Отанын қорғауға олар да толық құқылы.

– Олар біздің армиямыздың ержүрек солдаттары болады деп сіздің жоғары мәртебеңізге сенім бере аламын! – деді генерал-губернатор.

– Оларға командир керек қой? Кімді тағайындасақ екен?

– Жоғары мәртебелім, – деді полиция бастығы, – олар талай сыннан өткен сенімді бір кісілерін сіздің құзырыңызға ұсынбақ.

– Орыс па?

– Иә, орыс, Балтық жактікі.

– Аты-жөні?

– Василий Федоров.

Ол Надяның әкесі еді. Василий Федоров Иркутте дәрігер болып жүрген. Өте білімдар, саикалы, батыл да табанды нағыз патриот.

Сырқаттарды емдеуден басқа уақытын қала қорғанысын нығайтуға көмектесуге жұмсап жүр. Айдаудағы жолдастарын осында жинап алып, бірігіп әрекет жасауға ұйымдастырған да – өзі. Жераударылғандар кнэздің көзіне әлденеше рет түсті де. Олар алғашқы шайқастарға қатысып, қасиетті Русь үшін қан төкті. Иә, шын мәнінде қасиетті Русь, ұлдары шексіз сүйетін Русь үшін шайқасты! Василий Федоров нағыз батырларша қимылдады. Соңғы күндері аты жиі аталып жүр. Бірақ оған атақ та, награда да керек емес, ешқашан ештеңе сұраған жоқ, ал жераударылғандар Иркутте өз отрядын құруды көздегенде белсеніп құптады, бірақ өзін командирлікке ұсынулары мүмкін екенін тіпті ойына алмады да. Полиция бастығы оның аты-жөнін айтқанда кнэз ол туралы естігенін айтты.

– Шындығында Василий Федоров – лайықты, ержүрек кісі, – деді генерал Воронцов. – Ол жолдастары алдында аса беделді.

– Ол қашаннан бері Иркутте? – деді кнэз.

– Екі жыл болды.

– Тәртіпті ме?

– Тәртібінде мін жоқ.

– Генерал, ол кісіні маған дереу таныстырсаңыз екен, – деді кнэз.

Оның жарлығы дереу орындалды. Жарты сағат өтер-өтпесте Василий Федоров генерал-губернатор сарайының үлкен залына кірер кезекте отырды. Ол жасы қырықтан асқан, бүкіл өмірін күреспен, михнатпен өткізіп келе жатқандықтан әрі сесті, әрі жабырқаңқы жүзді кісі. Туып өскен қаласынан сегіз мың шақырымдағы Василий Федоровтың аман-есен қайтармын деген үмітіне татарлардың кесепат жасауы оның жанына ерекше батты. Ол әйелінің қайтыс болғанын, қызының үкіметтен: Иркуттегі әкесімен бірге тұруына рұхсат, деген қағаз алып, шілденің 10-ы күні Ригадан бері шығатынын бұдан бірнеше ай бұрын естіген. Татарлардың басқыншылығы шілденің 15-і күні басталды. Надя шекарадан өтіп үлгірген болса, осы уақытқа дейін қайда жүр? Әлі ешқандай хабар-ошар жоқ. Байғұс әкенің жүйкесіне бұл жәйт те көп салмақ салған.

Василий Федоров кнэзге бас ие сәлемдесті де, үнсіз тұра берді.

– Василий Федоров, – деді кнэз, – сенің жераударылған жолдастарың таңдаулы әскери топ құруды өтінеді. Олар оның бәйгеге бас тігу екенін біле ме?



– Біледі, жоғары мәртебелім, – деді Василий Федоров.

– Өздеріне сенің командир болуыңды қалай ма?

– Менің бе, жоғары мәртебелім?

– Оларды басқаруға келісесің бе?

– Отанымның мүддесі талап етсе, келісемін!

– Командир Федоров, сен енді бас бостандығы бар адамсың! – деді кнәз.

– Жоғары мәртебелім, сізге рахмет! Бірақ айдауда жүргендерге қалайша командир болмақпын?

– Олар да енді айдаудағылар емес!

Бұл оның күні кеше бақытсыздық табыстырған жолдастарына, патша інісінің жарлығымен бүгінен бастап азат, қарулас жолдастарына жасалған жақсылық еді.

Василий Федоров кнәздің ұсынған қолын алып, алғыс сезім ишаратын білдіре қатты қысты да, басын бір ие бұрылып, бөлмеден шығып кетті.

Үлкен кнәз офицерлерін қарап:

– Мен бұларға рахымшылық жасау туралы өтініш жасасам, патшамыз қабыл алар. Сібірді қорғау үшін бізге батырлар керек, мен, міне, бір батыр жасадым.

Шын ықыласпен сый етілген бостандық Иркуттегі жерауғандарға аса зор ықпал етті, моральдік тұрғыдан да, саяси тұрғыдан да қолдау болды.

Түн. Ангараның арғы жағасындағы татарлар жаққан сансыз от сарай терезелерінен көрініп тұр. Өзенде – сең. Ангараның күшті ағыны мұз көшкінді қақ жарып жатқандықтан өзеннің тап ортасы ашық. Мұздар екі жағаға ығыса ағып, қайсыбірі ортасы жоқ ағаш көпірдің дінгектеріне тіреліп қалып жатыр.

Қала басшысы Ангара ешқашан тұтас қайтпайды, Иркутке бұл жақтан қауіп жоқ дегенді біліп айтса керек.

Сағат кешкі онды соқты.

Кнәз офицерлерін таратуға, өзі дем алуға ыңғайлана бергенде есік алдынан шаң-шұң дауыс естілді. Сол әредікте есік ашылып, адъютанды кіріп келді де, кнәзге:

– Жоғары мәртебелім, патша шабарманы келді, – деп мәлімдеді.

*Он үшінші тарау*  
***Патша шабарманы***

Залдағылар жартылай ашылған есікке жалт қарасқан. Иркутке патша шабарманы келді! Егер мұндағы офицерлер бұл хабардың қисынсыз екенін бір сәт ойлар болса, оны не алдаушылық, не қателік десер еді.

Кнэз адъютантын шабарманды шақырып келуге жұмсады.

Бір жігіт кірді. Әбден шаршап-шалдыққан түрі бар. Үстіндегі шаруа кеудешесі мүлде тозған, жыртылған, бірнеше жерін оқ тескен. Қуқыл да қатқыл нышанды бетін қиғаштай тілген жарасы әлі жазыла қоймаған. Жігіт алыс сапарында ауыртпалықты көп көргенге ұқсайды. Аяғындағы шаң басқан ескі бәтіңкесі жаяушылықтың тауқыметін тартқанына куә.

– Жоғары мәртебелі кнэз! – деген ол, кіре бере айғайлап жіберіп.

Кнэз оның қасына барып:

– Сен патша шабарманысың ба? – деді.

– Иә, жоғары мәртебелім!

– Қайдан келдің?

– Мәскеуден.

– Мәскеуден қашан шықтың?

– Шілденің 15-інде.

– Аты-жөнің?

– Михаил Строгов.

Ол Иван Огарев еді. Өзінің қорлығынан кейін Михаил Строговты баяғыда-ақ өліп қалдыға жорыған ол соның аты-жөнін жамылып келген. Иркутте өзін тірі жан танымайтындықтан өңін өзгертуді қажет етпеген. Сөзі мен дәлелі (хат әкелген) бір жерден шықса, оған кім сенбесін. Міне, аярылығы үстем болып, алдаумен, кнэзді өлтірумен соғысты өз пайдаларына тез аяқтау үшін келіп тұр.

Иван Огаревтің жауабынан кейін үлкен кнэз офицерлерге шыға тұруға ишара жасады да, жалған Михаил Строгов екеуі оңаша қалды.

Кнэз Иван Огаревқа бірнеше минут сынай қарап тұрды.

– Сен шілденің 15-і күні Мәскеуде болдың ба? – деді ақырында.

– Иә, жоғары мәртебелім, 14-інен 15-іне қараған түні Кремль сарайында ұлы мәртебелі императорды көрдім.

– Патшаның хаты сенде ме?

– Міне.

Огарев патшаның қырық бүктелген дерлік хатын алып ұсынды.

– Мына хат саған осы күйінде берілді ме? – деді кнэз.

– Жоқ, жоғары мәртебелім, хатты татарлардан жасыру үшін конвертін жартып тастадым.

– Сен оларда тұтқын болдың ба?

– Иә, жоғары мәртебелім, тұтқында бірнеше күн болдым, – деді Иван Огарев. – Мына хатта көрсетілгендей, Мәскеуден шілденің 15-і күні шықтым, ал Иркутке қазан айының 2-сі күні әрең жеттім. Жолда жетпіс тоғыз тәулік болдым.

Кнэз хатты алды. Бүктеулерін ашып, патшаның жазған бірнеше сөзін, қойған қолын көрді. Хаттың шындығына, шабарманның жеткеніне енді күмәнданудың жөні жоқ. Шабарманның жыртқышқа ұқсаған ұсқыны кнэздің әуелде сенімсіздігін туғызса, енді ол сенімсіздік жоғалуға тиіс. Кнэз үндемей біраз тұрды да, әбден түсініп алғысы келгендей кейіппен хатты асықпай оқыды.

– Михаил Строгов, – деді сонсоң, – сен хаттың мән-мазмұнын білесің бе?

– Білемін, жоғары мәртебелім. Татарлардың қолына түсірмес үшін мен хатты жойып жіберуге мәжбүр болатын жағдайға тап болуым мүмкін екенін ойлады да, оқып, жаттап алдым, сізге ең болмағанда ауызша жеткізуді міндетім деп білдім.

– Мына хатта бізге Иркутті жауға бергеннен өлгендерің артық деп бұйырылғанын білесің бе?

– Білемін.

– Ал бұл хатта татарларды тоқтату үшін әскерлерімізді қайда, қалай орналастыруым керектігін айтқанын білесің бе?

– Білемін, жоғары мәртебелім, бірақ орналастырудан ештеңе шықпайды.

– Бұл не дегенің?

– Басқа елеулі қалаларды айтпағанда, Есіл, Омбы, Том қалаларын да Фофан ханның солдаттары оп-оңай басып алды.

– Оларда соғыс болды ма? Біздің казактар татарлармен кездесті ме?

– Бірнеше рет кездесті, жоғары мәртебелім.

– Біздің әскерлерді шегіндірді ме?

– Татарлар көп болды.

– Сен айтып тұрған соғыстар қай жерлерде болды?

– Колыванда, Томда...

Бұған дейін шындықты айтқан Иван Огарев Иркут қаласын қорғаушыларды шатастыру, үрейлендіру үшін енді өтірікке көшіп, татарлардың жеңісін әсірелей түсуді жөн көрді.

– Үшінші ретте Қызылжардың түбінде, – деді ол.

– Ол соңғы қақтығыс болды ма? – деді кнэз, тістене сөйлеп.

– Жоғары мәртебелім, ол жай ғана қақтығыс емес, нағыз шайқас болды, – деді Огарев.

– Шайқас?!.

– Шекаралық губерниялардан және Тобылдан келген жиырма мың орыс жүз елу мың татарға не істей алушы еді, қаншама ерлік көрсеткендерімен бәрі қырып тасталды.

Ашуға булығып әрең тұрған кнэз:

– Сен өтірік айтып тұрсың! – деп айқайлап жіберді.

– Жоғары мәртебелім, мен тек шындықты айтып тұрмын. Мен Қызылжардағы соғысты көрдім, мені сонда тұтқындады, – деді Огарев салқын үнмен.

Кнэз сабасына түсіңкіреп, Иван Огаревқа саған сенемін деген сыңай танытты да:

– Қызылжарда соғыс қай күні болды? – деді.

– Қыркүйектің 2-сі күні.

– Татар әскерлері Иркут маңына түгелдей жиналды ма?

– Түгел.

– Сеніңше, олар қанша?

– Төрт жүз мыңдай.

Бұл Иван Огаревтің зымияндығын жалғай ойынан шығарып айтқаны болатын.

– Демек, бізге батыстан ешқандай көмек келмей ме? – деді кнэз.

– Келмейді, жоғары мәртебелім, қыстың аяғына дейін келе алмайды.

– Михаил Строгов, енді сен мені тыңда: Бізге еш жақтан, не шығыстан, не батыстан ешқандай көмек келмесе де, татарлар тіпті алты жүз мың болса да, мен оларға Иркутті бермеймін!

Иван Огарев суық көзін сығарайта түсіп, үндемей тұр.

Жаратылысынан ашуланшақ кнэз жарылып кете жаздап, әйтеуір, әрең шыдады. Ол қатты ширғып, ары-бері жүре бастады. «Кек алар сәтім жақын» деп ойлаған Иван Огарев оған жемтігін баққан жыртқыштың пиғылымен қарап тұрды. Кнэз терезе алдына барып тоқтап, жау лагерінің оттарына көз жіберді, өзендегі мұздардың соғылысқандағы дыбысына құлақ түрді. Сөйтіп, ширек сағат бойы ләм-мим деген жоқ. Сонсоң хатты қолына тағы алып, тағы оқып шықты да, Огаревтің қасынан өте бере:

– Михаил Строгов, мына хатта мен сақтануға тиіс болатын бір жексұрын туралы жазыпты, сен оны білесің бе? – деді.

– Білемін, жоғары мәртебелім.

– Ол қалаға кірмек, мені жағалап, менің сеніміме ие болмақ, сонсоң қаланы жауға беріп тынбақ.

– Оның бәрін білемін, жоғары мәртебелім, мен Иван Огаревтің тіпті патшаның інісінен өш алуға серт бергенін де білемін.

– Не үшін?

– Кнэз оны жазалап, офицерлік шенінен айырып, қатардағы солдат етіп жіберген деседі.

– Иә... есіме түсті... оны солай жазалау керек болды! Ол жексұрын содан кейін елін сатты, отанына опасыздық жасады, Ресейдің жауларына қосылды!

– Ұлы мәртебелі император сізге ол туралы хабарлап, қамқорлық жасады, Иван Огаревтің сізге қарсы зұлымдық пиғылын сіз білсін, сақтансын деді.

– Иә... хатында айтыпты...

– Ұлы мәртебелім маған оны ауызша да айтты және Сібір саяхатымда менің де ол жәдігөйден сақтанып жүруім керектігін ескертті.

– Сен ол жәдігөймен жолықтың ба?

– Жолықтым, жоғары мәртебелім, Қызылжардың түбінде. Егер ол менің мына хатты жоғары мәртебелі сізге әкетіп бара жатқанымды, онда өзінің зұлымдығын әшкерелейтін сөздер барын білсе, мені құртып жіберер еді.

– Иә, сен тығырыққа тірелісің, – деді кнэз. – Ал онымен шекісуден қалай құтылдың?

– Мен Есілге секіріп кеттім.

– Иркутке қалай келдің?

– Қисыны келді. Өткен кеште. Біздің жігіттер татарлардың бізді айдап келе жатқан отрядына тап бергенде мен опыр-топыр жағдайда басқалардан бұрын дереу сытылып, өзіміздің жігіттерге қосылып үлгірдім де, оларға шынымды айттым, олар мені осында, жоғары мәртебелі сіздің сарайыңызға алып келді.

– Жақсы, Михаил Строгов, – деді кнэз. – Сен өзіңе берілген тапсырманы орындау жолында тапқырлық таныттың, ерлік көрсеттің. Мен сені ұмытпаймын. Маған айтар тілегің бар ма?

– Жоғары мәртебелі өзіңізбен бірге шайқасуға рұхсат етсеңіз, менде басқа тілек болмайды, – деді Иван Огарев.

– Жарайды, Михаил Строгов, бүгіннен бастап менің құзырымда боласың, менімен бірге осы сарайда тұрасың.

– Ал егер жаңағыдай ойлары бар Иван Огарев жоғары мәртебелі сізге жалған атпен келсе, не істейсіз?

– Біз оны сенің көмегіңмен әшкерелейміз де, тұтқындаймыз. Сен боссың, бара бер.

Өзінің капитан шені барын, патша шабарманы екенін ұмытпаған Иван Огарев кнэзге әскери әдеп жасап, бұрылып шығып кетті.

Сөйтіп, Иван Огарев зымиян рөлін ойдағыдай орындауды бастады. Ол кнэздің сенімді кісісіне айналды, енді не істесе де қолынан келетін болды. Ол сарайда тұрады. Қала қорғанысының құпиясын біле алады. Иркут қолында. Мұнда оны ешкім танымайды, бет пердесін сыпырып алар жан жоқ. Тездетіп қимылдауы керек.

Уақыт күтіп тұрмайды. Иркуттегілер бірнеше күннен соң келеді деп күтіп отырған, солтүстік пен батыстан келе жатқан орыс әскері жеткенше қаланы алып үлгірмей болмайды. Қаланы бір алып алған соң татарлар оны қайтарып бере қоймайды. Ал күндердің күнінде қайтарып беруге тура келсе, кнэздің басы оған дейін-ақ Фофан ханның табанында жататын болады.

Шексіз еркіндікке ие Иван Огарев қайда, қашан баруды өзі білетін құқын пайдаланып, сол күннің ертеңінде қаланың бекініс орындарын аралауға кірісті. Қала халқы, солдаттар мен офицерлер оны құрмет көрсете қарсы алды. Олар патша шабарманын өздерін үкіметпен байланыстыратын өкіл деп білген. Иван Огарев болса, ойдан шығарып алған саяхатын құлшына, қыздырмалай, қызықтыра

әңгімелеуге машықтанды. Әңгімесінің соңын соғысқа тіреп, кнәзге шет жағасын айтқандарын: татарлардың жеңілмей келе жатқанын, әскерлері де, қару-жарақтары да көп екенін, оларға төтеп беру тым қиын боларын, қорғаныстағы өздерінің халі мүшкілдігін «қинала» айтып жүрді. Оның пайымдауынша, келеді деп күтіп отырған көмек келгеннің өзінде де одан жағдайдың оңалуы неғайбыл, себебі келетін әскер саны аз, қару-жарағы мардымсыз, яғни орыс әскері Колыванда, Томда, Қызылжарда ұшыраған жағдайға мұнда да тап болуы мүмкін.

Огарев, әрине, өзі іштей сүйсіне айтатын мұндай әңгімеге кіріскенде тіл мен жағын аямайды-ақ. Ол мейлінше сақ, епті болып бақты. Сөзін тыңдағандардың түңілу сезімдерін қоюлата бастады. Әлбетте, сыр бермей, өзінің қатты аландау, қиналу үстінде екенін өңімен де, үнімен де көрсетуге тырысты.

– Бір сөзбен айтқанда, қасық қанымыз қалғанша қорғануымыз керек, қаланы жауға бергенше қиратып, талқандап тастауымыз керек, – деп тұжырады.

Жауыздық сөздің айтылуы бар да, жауыздықтың іске асырылуы бар.

Иркут халқының патриоттық сезімге берілгені соншалық, жау алдында дізе бұғу ешқайсысының ойында жоқ, жауды жеккөрулері шексіз. Сонымен қатар олардың бірде-біреуі бұл «патша шабарманының» нағыз қаскөй екенін білмесе де, Иван Огаревтің іріткі ойына мән берген жоқ.

Бір елеулі жәйт – Иркутке келе қалған Иван Огаревтің қаланы қорғаушы ержүректілердің бірі Василий Федоровпен қарым-қатнасының жиілеуі.

Василий Федорович қызын есінен шығармайды. Егер Надя Мәскеуден Ригадан салған хатында көрсеткен күні шықса, осы күнге дейін қайда жүр? Әлі жолда жүр ме, әлде татарлардың қолына түсіп қалды ма? Василий Федоров осылайша өрепкі беретін көңіл құрғырының сұрақтарына жауап таба алмай жүргенде Мәскеуден патша шабарманының келе қалғаны көңіліне сәл-пәл жұбаныш болды: шабарман Надя жайынан жақсы мағлұмат берер деп үміттенді. Үміттің аты – үміт. Шабарман татарларда тұтқында болыпты, егер Надя да тұтқынға түсіп қалса, мұның оны көруі мүмкін ғой?

Василий Федоров генерал-губернатордың сарайына, Иван

Огаревқа барған. Анау сол жәйтті пайдалана қоюға, Федоровпен күнделікті кездесіп тұруға іштей алақайлап кіріскен. Онысы қалай? Ол басқалардың бәрін өзіндей деп ойлағаны ма? Орыс баласын, тіпті саяси қуғын-сүргінде жүргенін де, отанын сата салатын рухани бишара деп біле ме ол?

Не десек те, Огарев Надяның әкесінің сыпайлығына сыпайлықпен жауап беруді ұйғарды.

Василий Федоров қызының еуропалық Россиядан не себепті бері шыққанын, содан бері хабар-ошарсыз екенін, бұл жағдай жанына қатты батып жүргенін айтып берді. Иван Огарев Надяны білмейтін. Есіл стансасында Михаил Строговтың қасында бір әйелзатты болғаны есінде, тек оған назар аударуға уақыты болған жоқ қой. Сондықтан қыздың әкесіне ештеңе айта алмады да:

- Қызыңыз Ресейден бері қарай қай күні шықпақшы еді? – деді.
- Сізбен бір мезгілде, – деді Василий Федоров.
- Мен Мәскеуден шілденің 15-і күні шықтым.
- Маған жазған хатында Надя да дәл сол күні шығатынын айтқан.
- Ол сол күні Мәскеуде болды ма?
- Иә.

– Онда... – деп Иван Огарев сәл мүдірді де: – менің жаңылысуым мүмкін... бір күн ерте-кеш шықтым ба, білмедім. Ал сіздің қызыңыз шекарадан өткен болар, бірақ татарлардың басқыншылық жасай бастағанын білген соң Мәскеуге қайтып кеткен шығар, – деді.

Василий Федоров уайымдап, үндемей қалды. Ол қызының өзіне тартқанын біледі. Надя алған бетінен қайтпайды.

Иван Огарев байғұс әкені аяған жоқ. Алдарқатар сөз айтпады. «Төменгі Жаңақалаға жетіп үлгіруі мүмкін ғой, ал онда ешкімнің ешқайда шығуына болмайтыны туралы жарлық болған. Сол күндергі жағдайға байланысты жарлыққа бағынып, сонда отырған шығар», дей салуына болатын еді. Өзі тасжүрек кісі басқаның уайымын не қылсын. Ал Василий Федоров болса, оның бөлмесінен үмітін үзіп шықты.

Кнэз келесі күндері, қазанның 3-і мен 4-інде, жалған атты жамылған немені бірнеше рет шақыртып алып, одан Кремль сарайында, императордың кабинетінде болғанында естіп білгенін тәптіштеп айтып беруді талап етті. Ондай боларына алдын ала дайындалған Иван Огарев сүрінген жоқ, іштей жаттап алғанынан



жаңылмады. Татарлардың басқыншылық жасау жоспары өте құпия жүргізілгендіктен олардың қимылы, әп-сәтте Обь аймағын өзіне қаратып алғаны, егер шындықты айтар болсақ, орыс үкіметін әрі таңдандты, әрі дағдартты, Мәскеу естігенмен не шара, Ресей ондай жағдайға әзір емес еді, Сібірді қорғауға әскерді уақтылы жібере алмағаны сондықтан дегенді айтты.

Еркін әрекетке қолы жеткен Иван Огарев Иркутгі, оның қорғаныс нүктелерін, оның ішінде қай тұсы әлсіздеу екенін зерттей түсті. Ол әсіресе Үлкен көшенің қақпаларына көңіл бөлді, өйткені, жау әскеріне сол қақпаны ашып беруге тиіс. Ол сол маңға жиі барып, жағаға шығып, көріп-біле бастады. Жағада бейсауат оққа ілігіп қалуы мүмкін екендігін айтқандарға назар аудармады, ол жағаның татарлардан алыста екенін, ал қаланы қорғаушылардың өзін танитынын білген.

Сондай бір қыдырыс күні ол бір жарқабақтан әлдекімнің көлбең ете қалғанын көріп үлгірді. Онысы Сангарра екен. Иван Огаревпен сөйлесіп қайтуға қорықпай-үрікпей келіпті.

Қаланы қорғаушылардың арқа-бастары кеңіп, дем алып жүргендеріне екінші күн. Ондай «жеңілдік» Иван Огаревтің бұйрығымен жасалған. Фофан ханның адъютанты қожасынан қаланы қапылыста басып алуға ешқандай әрекет жасамауын қалаған. Иркутке ол келген күннен бастап татарлар зеңбірекпен атқылауды да тоқтатқанды. Мұны қаланы қорғаушылардың қырағылығын бәсеңдету үшін, оларды бейқамдыққа ұрындыру үшін әдейі жасатқан. Оған қоса бірнеше мың татарды мейлінше жақындатып, өзі белгі берген кезде қақпаға тұра ұмтылуға әзірлеп қойған. Иван Огаревтің «жеңілдігіне» сенген орыс әскер басшылары әскердің бір бөлігін Үлкен көше участкасынан басқа қажетірек тұсқа алып кеткен де болатын.

Иван Огарев әрекетін мейлінше күшейтті. Сангарранның қолына хат ұстатып жіберді. Онда қазан айының 5-інен 6-сына қараған түнде, сағат 2-де, Иркут қақпасын ашып беретіні жазылған-ды.

*Он төртінші тарау*

### ***Қазан айының 5-інен 6-сына қараған түнде***

Иван Огаревтің жоспары білгірлікпен жасалған еді. Егер ойда жоқта төтенше бір жағдай бөгет болып қалмаса, ойлағандары толық орындалмақ.

Мәселе Огарев татарларды қалаға енгізерде үлкен қақпалардың ашық болуы керектігінде. Ол үшін қорғаушылардың назарын негізгі қақпадан басқа, алысырақ тұсқа аудару қажет. Соны әмір екеуі алдын ала ақылдасып, мынадай әрекет жасауға келіскен: Ангараның оң жағасынан, екі тұстан, Иркутке шабыл жасалады, сол жағадағы татарлар өзеннен өтуге кіріседі, қаланы қорғаушылар күштерін екі-үшке бөліп, Үлкен көшенің аяғындағы көпір қорғаусыз қалады, алдында бір бөлімі ол жерден әкетілген орыс әскерінің көпірді күзетер тобы онысыз да шамалы және татарлардың ол арадан алдыңғы отрядтарын «шегіндіріп алып кеткені» орыстарға мәлім.

Қазан айының 5-інші күні. Жиырма төрт сағаттан кейін шығыс Сібірдің астанасы әмірдің қолында, үлкен княз Иван Огаревтің қолында болады.

Жау жатағында қарбалас ерекше күшейе бастады. Генерал-губернатор сарайының, қатарлас басқа үйлердің терезелерінен бәрі көрініп тұр. Әмірдің ордасына жан-жақтан келіп жатқан татар әскерлері есепсіз көп сияқты. Бұл алдын ала келісілген арандату болатын.

Иван Огарев дәл сол күні жау шабуылы болуы мүмкін екенін князден жасырған жоқ.

– Татарлардың қалаға екі тұстан шабуыл жасары маған белгілі болды, яғни сол екі тұсты бекітіуіміз керек, – деді.

Иван Огаревтің хабарламасы, бақылауға алынған жау қимылы назар аударуға тұрарлық болды. Сарайда кеңес өткізген әскерилер оң жағаның қорғанысын күшейту үшін негізгі күштерді солай қарай апару керек десті. Иван Огаревқа керегі сол еді.

Ол үлкен қақпаның мүлде күзетсіз қалдырылмасын, аз да болса күзетшілер тобы тұратынын білді. Одан соң оның ойында әрі зымияндық, әрі тапқырлық бір қулық және бар еді. Үш жақтан жасаған шабуыл Иркутке қауіп төндіре алмай бара жатқан күнде оның ол қулығы қала қорғаушыларын Иван Огаревке керек жаққа ұмтылдырады да, зор апатқа ұшыратады. Сөйтіп, үлкен қақпалар сол сәтте күзетсіз, қорғаусыз қалады да, соны тосып шығыс жақтағы орманда тығылып тұрған мыңдаған татар лап қойып, қалаға кедергісіз кіреді.

Сол күні Иркуттің барша халқы мен әскер гарнизоны сақтыққа

көшті. Жау шабуылына тойтарыс беру шаралары қолданылды. Кнэз генерал Воронцовты ертіп алды да, өзінің жарлығымен жасалған бекіністерді аралап шықты. Василий Федоровтың таңдаулы әскер тобы қаланың солтүстігін бақылауға алды және шұғыл қажет бола қалғанда қай тұсқа болсын дереу жетіп баруға дайын тұрды. Ол Иван Огаревтің ақыл-кеңесімен белгіленген шара болатын. Татарлар негізінде сол жақтан шабуылдайды да, таңдаулы әскер тобына тап болып, дәнеңе істей алмай омалады, жаңадан шабуыл жасауға күш жинаймын деп бірнеше күнін жоғалтады, біз күтіп отырған көмек сол әредікте келіп жетеді деген ол.

Қысқасы, Иркуттің тағдыры қыл үстінде тұрды.

Ол күні алты сағат жиырма минөтте шыққан күн он жеті сағат қырық минөтте батты. Күздің сұрықсыз ымырты өтпей тұрып алғандай болып, көзге түртсе көргісіз қара түн де жетті. Соңғы күндері күшейе бастаған аяз сібірлік қатал қыстың хабаршысындай. Сол кеште аяз тым-тым шұнаңдап кетті. Ангараның оң жағасына қойылған солдаттар қатты тонды, өйткені, жау көріп қояды деген сақтық жасалып, от жағуға тиым салынған. Олардан бірнеше фут төмендегі арқырай-сарқырай аққан өзенде өркеш-өркеш болып алуан түрлі мұз көшіп жатыр. Сең күні бойы жүрген. Кнэз өзеннің бұл күйіне қуанды. Яғни мұз көшкін өзеннен өткісі келгендерге қауіпті ғана емес, өтуге ешқандай мүмкіндік бермейді де. Қайық, сал, тағы басқасы былай қалады.

Егер ағын кенет бәсеңдеп, сең сығылысып тоқтай қалар болса, соның өзінде өзеннен өту жоқ, себебі сең араларындағы жұқа мұз мындаған татар тобырын көтере алмайды. Кнэз бастаған орыстарды қуантқан бұл жағдай Иван Огаревті өкіндірді ме? Атамаңыз! Бұл сатқын анау татарлардың өзеннен өтуге тіпті тырыспайтынын да жақсы біледі.

Қаланы қорғаушылар сағат кешкі онда шексіз таңданыс пен өкінішке тап болды. Кенет Ангара сеңнен арылып, жарқырай қалды. Мұз кесектерінің соңғы бес-алтауы ғана көзден ұзап жылжып бара жатыр.

Бақылаушы офицерлер бұл өзгерісті кнэзге хабарлады. Тегі Иркуттен жоғары бір тұста, Ангараның арнасы тар жерінде сең сіресіп тоқтап, мұз бері қарай өте алмаған болар.

Шынында солай болған еді.

Сөйтіп, Ангарадан өткісі келгендерге жол ашылды. Орыстар ерекше алаңдап, күзет-бақылау орындарына еселеп назар аударуға кірісті.

Түн ортасына дейін басқа ешқандай өзгеріс болған жоқ. Шығыс жақ, Үлкен қақпа маңы тып-тыныш.

Бұлт жамылып тұрған орманнан бірде-бір от көрінбейді. Ал татарлардың жасағында қарбалас басталған: о жер, бұ жерде от жағылды, әлдебір дабыр-дұбыр естіле бастады, ол татарлардың ұрысқа белгі берілуін күткен қарбаласы болатын...

Арада бір сағат уақыт өтті, әлі де оны-мұны өзгеріс жоқ. Қала ғибадатханасының қоңыраулары түнгі сағат екіні соғуға жақындады, жау жақ қимылсыз.

Кнэз бен офицерлер іштей таңданып, осы біз адасқан, қателескен жоқпыз ба дегендей ойға қалды. Татарлар қалаға шынымен шабуыл бастай ма?

Мұның алдындағы түндер дәл бүгінгідей тым-тырыс болмаған.

Иван Огаревтің сарайдың бір бөлмесінде тұратыны белгілі. Бірінші кабаттағы кең залға орналасқан-ды. Оның терезелері өзенге түсетін жалпақ террасқа қараған. Бөлме қап-қараңғы. Огарев белгіленген сағатты тосып терезе алдында тұр. Сол сағатта ол белгі береді де, әскер мен халық татарларға ұмтылады, ал Огарев ісін тындырып, сарайды тастап кете барады...

Ол қараңғыдан жеміне тап бергелі тұрған жыртықшықа ұқсайды.

Сағат екіге бірнеше минут қалғанда кнэз бір адъютантын Михаил Строговты шақырып келуге жіберді. Адъютант қайтып келіп, шабарманның бөлмесінен жауап болмағанын мәлімдеді.

Сағат екі болды. Қимылдар сәт келді. Иван Огарев терезені ашып қойып, біраз уақыт қарап тұрды.

Төменде Ангара жатыр. Жуас толқыны судан сорайып тұрған ағаш дінгектерге ақырын ғана ұрылады. Терезе арқылы шығып, жағаға жасырына жеткен Огарев қалтасынан шүберек алып, сіреңке шағып жандырды да, өзенге тастай беріп, сарайға қарай жүгіре жөнелді.

Оқырманға белгілі мұнайды өзенге Иван Огарев төккен болатын. Иркут пен Поскав селосы арасында мұнай көзі табылып, өндіріле бастаған еді. Мына жексұрын соны кәдесіне жаратып, Иркут

қаласын мұнаймен өртеп жіберуді ойластырған. Мұнай толы дәу резервуарлардың біреуінің қабырғасын қиратып, мұнайды өзенге қарай ағызу оған қиын тиген жоқ. Иван Огаревтің соғысы сол болды!

Сұрқиялықты кімдерге жасады? Өзінің отандастарына!

Жана бастаған шүберек өзенге тиісімен мұнай лап етіп, құтырынған от-жалын өзенді өрлеп те, құлдап та жөнелді. Екі жағаның арасы от оранды. Мұздың қалдықтары шыж-пыж етіп ери бастады. Қою түтін қаптады. Өрт басталысымен қаланың солтүстік жағында да, оңтүстік жағында атыс естілді де, мыңдаған татар қала қорғанына лап қойды. Жағадағы ағаш үйлер сытырлап жанып, төңірек жап-жарық болып кетті, Огарев:

– Бәрекедді! – деп айқайлап жіберді. Ол өзінің тапқырлығына қатты риза. Теңдесі жоқ айла тапты.

Орыстар екі оттың ортасында қалды: бір жағы – жау; бір жағы – өрт. Шіркеу қоңыраулары дабыл ұрды. Естері шыққан жұрт қаланы өрттен қорғауға кірісті. Үлкен қақпалар бос қалған-ды.

Иван Огарев өз бөлмесіне қайтып келген. Қып-қызыл өрт бөлмені де жарық етіп тұр. Огарев байырқылап отыра алмады. Орнынан тұрып, есікке беттеген. Тұтқасын ұстай бергенде шашы жалбыраған, үсті-басы су-су бір әйел жүгіріп кіріп келді.

– Сангарра! – деді Огарев, барқ етіп.

Сығанынан басқа қай әйел келуші еді?

Бірақ ол Сангарра емес, Надя болатын...

Анау жолы мұздан құлай бергендерінде Михаил Строгов оны созған қолынан ұстап үлгіріп, өзіне тартып алып, сонсоң көтере малтып, жағаға алып шыққан. Олар құлаған мұз бен жағаға арасы отыз саржандай еді. Жағаға шығысымен Михаил Надяға:

– Губернатордың сарайына жетейік, тез! – деді.

Михаил Строгов мақсатына жетті! Ол Иркутте!

Екеуі сарайға он минут шамасында жетті. Кіріп-шығып жүрген абыр-сабыр жұрт бұларға назар аударған жоқ. Шылқыған су болып жүргендеріне қарамады да. Төмендегі Үлкен залда ығы-жығы офицерлер мен солдаттар.

Ары-бері қағылып-соғылып жүріп, Михаил мен Надя бір-бірінен ажырап қалды. Надя сасқалақтап, жоғары-төмен зыр жүгіріп, біресе Михаилды сұрастырды, біресе өзін кнэзге жолықтыруды өтінді.

Сөйтіп жүріп бір есікті ашып кіріп барса, бөлме жап-жарық. Біреумен бетпе-бет кездесті. Бірден таныды: әуелі Есілде, сонсоң Томда көргені пәлесі! Надя:

– Иван Огарев! – деп ышқына айғайлап жіберді.

Өзінің аты-жөнін естіген жәдігөй қалшылдап кетті. Біреу-міреу естіп қалса, жоспарының да, өзінің де құрығаны. Оған өзін танып қойған кісіні өлтіргеннен басқа жол жоқ. Надяға құтырына ұмтылды. Қыз жалт берді де, қойнынан пышағын суырып алып, қаздыып тұра қалып:

– Иван Огарев! – деп тағы айғай салды. Жексұрынның атын естігендер дереу көмекке келеді деп ойлаған.

– Қазір үніңді өшіремін! – деді сатқын ысылдап.

– Иван Огарев! – деп қыз үшінші рет айғайлады. Сатқынды жеккөру сезімі қызға қайрат берген.

Ызадан жарыла жаздаған Иван Огарев қынынан қанжарын суырып алып, Надяны бұрышқа тықсыра бастады. Дәл сол сәтте әлдекім оны желкесінен шап беріп көтеріп алып, тулақша лақтырып кеп жіберді.

– Михаил! – деді Надя, қуана айғайлап.

Иә, ол Михаил Строгов еді. Надяның дауысын естіп, мөлшерлей жүріп келіп кірген. Сәті келгенде бөлменің есігі ашық екен. Михаил Надя мен Иван Огаревтің ортасына тұра қалып:

– Надя, саспа, қорықпа! – деді сабырлы сөйлеп.

– Ағатай, сақтан, қорған! Сатқынның қанжары бар!.. Ол сені көріп тұр... – деді қыз.

Иван Огарев тұрып үлгірген. Михаилдың соқыр екені есіне түсіп, тура ұмтылды. Алайда соқыр жігіт қалайда оны бір қолымен жағасынан ұстай алып, екінші қолымен қанжарын қағып жіберіп, өзін тағы мұрттай ұшырды. Ыза мен ұяттан өлердей жынданған Иван Огарев жанында найзасы барын есіне түсіріп, соны суырып ала тағы ұмтылды. Серігіне қауіп төнгеніне жаны шырқыраған Надя көмекке шақыра есікке қарай жүгірді.

– Надя, есікті жап, ешкімді шақырма, мені алаңдатпай тыныш тұр! Патша шабарманы мынау жексұрыннан қорықпайды! Батылы жетсе, кәне, жақындап байқасын! Мен тосып тұрмын! – деді.

Иван Огарев үндемеді. Ойы – соқырға сездірмей ұрланып барып, басқа бір салып сұлатпақ.

Қорқынышты көрініске еріксіз куә болған Надя шошып та, Михаилдың тілеуін тілеп үміттеніп те тұр.

Михаилда сібір пышағынан өзге қару жоқ. Найзалы қарсыласын көріп те тұрған жоқ қой. Алайда ол әлдебір күштің қолдауы арқасында бүгінге дейін ешкімнен жеңілген емес. Бұл жолы да, міне, абыржымай, орнынан қозғалмай тұр. Бірақ найзалы жауына пышақпен не істемек?

Иван Огарев қарсыласына алақтап қарайды. Оның мызғымай тұрғаны бұған жаман әсер еткен. «Менің халім мынаның халінен әлдеқайда жақсы, мұны жайрата салуым оп-оңай» деп ойламап па еді?! Соқырдың қарсы алдында қасқайып тұрғаны мұның өнебойын мұздата бастаған. Ол қарсыласының ұрымтал жерін іздеп алақтап тұр... Тапты!.. Енді не тұрыс бар? Шаншу керек! Михаилдың жүрегін көздей тап берді.

Соқыр селт етпей-ақ оның найзасын пышағымен қағып жіберді.

Огаревтің маңдайынан суық тері бұрқ етті. Бір қадам шегінде де, жауына қайта ұмтылды. Найзасы тағы тайып кетті. Жындана жаздаған ол алдында тұрған тірі тасмүсінге жалт қарап... құты қашты. Соқырдың екі көзі өңменінен өтіп бара жатқандай қорқынышты болып көрінген. Ол шыңғырып жіберді. Қалтырай бастап:

– Мынау көріп тұр! Көріп тұр! – деп тағы шыңғырды.

Сонсоң ініне қашқан аңға ұқсап, шегіне берді, шегіне берді, шегіне берді.

Тірі тасмүсін қозғалды. Огаревқа қарай жүрді. Жақын барып:

– Иә, менің көзім көреді! Сатқын, жексұрын! Бетіңе салған таңбамды көріп тұрмын! Қазір мына пышақты қай жеріңе сұғатынымды да белгілеп тұрмын! Қорған, кәне! Жекпе-жекке шақыруыма тұрмайтын жиіркенішті болсаң да, кел, шақырдым! Менің пышағым сенің найзаңа төтеп береді! – деді.

– Ол көріп тұр! О, Құдайым, ол көріп тұр! – деді Надя, қуана күбірлеп.

Огаревтің зәресі ұшты. Әйтседе, ақырғы күшін жинап, найзасын соза тағы ұмтылды. Қарулар қақтығысты. Огаревтің найзасы ұшып түсіп, Строговтың пышағы кірш етті! Сатқынның кеудесіне! Патша шабарманы қалт етпей тұр! Сатқын сұлап жатыр!

Сол әредікте есік ашылып, нөкерлерін ерткен кнәз кіріп келді. Ол патшаның шабарманы деген кісісінің өліп жатқанын көрді де:

– Мұны кім өлтірді? – деді қатқыл дауыспен.

– Мен, – деді Михаил.

Бір офицер оны атып жіберуге әзір болу үшін револьверін ұмсынта қойды.

– Аты-жөнің кім? – деді кнәз.

– Жоғары мәртебелім, алдымен анау жатқанның кім екенін сұраңыз, – деді Михаил.

– Мен оны білемін! Ол – ағамның қызметкері! Патша шабарманы.

– Жоғары мәртебелім, ол – патша шабарманы емес, Иван Огарев!

– Иван Огарев?! – деді кнәз, дауысы қатты шығып.

– Иә, сол сатқын!

– Ал сен кімсің?

– Мен – Михаил Строговпын!

### *Он бесінші тарау*

#### *Түйін*

Михаил Строгов соқыр емес-ті, соқыр болған жоқ-ты.

Адам ағзасының сырттайғы да, іштейгі де әлдебір әрекет-құбылысқа қарсы тұратын табиғи қасиеті қып-қызыл шоқтан шыққан металға да төтеп берген.

Марфа Строгованың байғұс ұлына қарай қол созып, егіліп тұрған сәті оқырманымыздың есінде болар. Анасын жанындай жақсы көретін Михаил ең ақырғы кездесуінде анасынан айырылу тауқыметіне шыдай алмай, іштей қаншалықты қайраттанса да, көзінен жасы бұрқ еткен. Сол жасы оның көзін сақтап қалды. Қызған металл ол жасты бұға айналдырған, ол бу металдың қызуын қайтара алған. Ол жәйт металл балқытушының қолындағы қызған металды суға малып ала қойғанындай құбылысқа ұқсас еді.

Көзінің сау қалғанын пендешілікпен дәл сол минөтте көрсетіп алса қаншалықты қасіретке ұшырарын пайымдай қойған Михаил Строгов «соқырлығын» кәдесіне жаратар құпияға айналдыра білді. Сұмдық жазаға кескендер де, куә болып тұрғандар да оны соқыр болып қалды деп сенді, иә, сенгендері керек-ті. Ендігі жерде соқырда ешкімнің шаруасы болмайды, оны ешкім керек етпейді. Ол сол халіне Надяны да сендіруді жөн көрді. Бәрін сендіре білудің бірден-бір шарты – көзінің сау қалғанын ешқашан ешкімге не сөзімен, не кимыл-әрекетімен сездіріп қоймауы. Михаил «жаңа өміріне» іштей



бекініп алды. Оның құпиясын бір ғана адам – туған анасы білді. Томдағы алаңда құлап жатқан анасын тауып алып, дізерлеп отыра қалып құшақтап, қолынан, бетінен сүйген ұлы сонда оған сыбырлап сыр ақтарып үлгірген. Патша шабарманының соқыр болып қалғанына шүбәланбаған Иван Огарев қарсы алдына келіп, абалай әжуалап, патшаның хатын сайқымазақпен «соқыр» көзіне тосып тұрып, бұдан былай патша шабарманы өзі болатынын насаттана айтқан кезде Михаил хатты шолып үлгірген, бірақ Иван Огаревке оны аңғартпай, мазағына шыдап баққан. Сатқынның жексұрын қылығына жиіркеніші Михаилды іштей қатты ширықтырып, намысын қайраған, тіпті күш берген. Ол Иркутке қайткен күнде жетуге, патриоттық парызын өтеуге – патша тапсырмасын орындауға құлшынған. Сатқынның Иркутті жау қолына беру айласын сезді, түсіне білді. Кнәздің өміріне қауіп төнгенін ұқты. Патша інісін аман алып қалу, Сібірді апаттан арашалау өзінің қолынан келетініне шүбәланған жоқ.

Михаил Строгов басынан өткен оқиғалардың бәрін кнәзге қысқаша айтып берді. Жап-жас Надяның өзіне қаншама жәрдем жасағанын ерекше сүйінішпен баяндады.

– Бұл қыз кім? – деді кнәз.

– Осы жаққа жераударылған Василий Федоровтың қызы, – деді Строгов.

– Командир Федоровтың қызы деңіз, Иркутте жераударылғандар жоқ! – деді кнәз. Оның бұл сөзін естіген сәтте Надя – бұған дейін небір ауыртпалыққа төзген, бір рет те сыр бермеген қайсар қыз – еңіреп жылап жіберіп, кнәздің алдына дізерлеп отыра кетті.

...Бір сағаттан соң Надя әкесінің ыстық құшағында күлімдеп тұрды.

Михаил Строгов, Надя мен Василий Федоровтар шексіз қуанышқа бөленді.

...Татарлардың шабуылынан дәнеңе шықпады, орыстар оларды қаладан қуып тастады. Үлкен қақпаларға ентелей жеткен жауды Василий Федоровтың әскері тас-талқан етті. Әлдебір сезім Федоровтың қақпаны бақылап, ол маңнан кетпеуін талап еткендей болған. Сезімі алдаған жоқ.

Қала тұрғындары өрт сөндіруге кіріскен.

Ангара бетіндегі мұнай жағаның кейбір тұсын ғана шарпып жанып, сөніп бітті.

Татарлар лагерьлеріне қайтқан. Талайы қырылыпты. Сыған Сангарра да ажал құшыпты. Татарлар екі күн бойы естерін жия алмады. Әсіресе Иван Огаревтан айырылғандары қиын тиді. Осы жолғы шабуылдарына ұйытқы болған сол еді. Хандарға, олардың айналасына ықпалы зор болатын. Ол болмаса, бұлардың азиялық Ресейді жаулап алуға тәуекел жасауы екіталай-ды.

Иркутты қорғаушылар жаудың тыныштала қалғанынан күдіктеніп, бекіністі мықтай түсті.

Қазан айының 7-сі күні таң ата Иркут маңы ормандарынан зеңбірек дауысы естілді. Ол Иркутке көмекке жіберілген генерал Киселев армиясының татарларды атқылай бастағаны еді.

Енді соғыстан жақсылық таппасын сезген татарлар лагерьлерін тастап тайып тұрды.

Иркут азат етілді. Орыс әскерлерінің алдыңғы легімен бірге қалаға Михаилдың көзтаныстары, жұптары жазылмаған Блэнт пен Жоливе де енді. Олар да салдан дер кезінде, өртке шалынбай кете алған-ды. Бұл жолы бастарынан өткендерін қойын дәптеріне көшіруге кіріскен Альсид Жоливе жазбасын былай бастады: «Бізге спиртті ішімдік құйылған ыдысқа түскен лимонның күйін кешуге тура келді».

Екі жорналшы Надямен, Михаил Строговпен кездескен кезде, Михаилдың көзі сау екенін көргенде шат-шадыман болып қуанды. Ол сәтін кейінде Блэнт дәптеріне былай деп жазды: «Балқып кетердей болған темір де кейде кісінің көз жанарын күйдіре алмайды екен. Ғажап!»

Екі тілші Иркутте пәтер жалдап біраз тұрып, саяхаттарын суреттеген жазбаларын реттеп, Лондон мен Париждегі оқырмандарына мол мағлұмат жөнелтті. Татарлардың Сібірді жаулап алмақ пиғылмен жасаған жорықтарын тәптіштеп баяндағандарында, бір қызығы, екеуінің пікір-түйіндерінде ешқандай кереғарлық болмады.

Татарлардың жорығы ақыр-аяғында әмірге, оның одақтастарына сор болды. Орыс әскерлері оларды быт-шыт қылып, басып алынған қалалардың бәрін азат етті.

Қыс та қатты болды. Өз даласына қайтқан әмірдің әскерінің жартысы жолда үсіп қалды.

Иркуттен Оралға дейінгі жол ашылды.

Үлкен кнэз Мәскеуге қайтуға асыққан. Алайда орыс әскерлері

қалаға орналасып, жайғасқаннан кейін осында болмақ бір салтанатқа қатысуды жөн көрді.

Бірде, Надя мен әкесі шүйіркелесіп, өткен-кеткенді әңгімелесіп отырғандарында Михаил Строгов келіп, сәлемдесіп, қыздың жанына келіп тұрып:

– Надя, қарындас, Ригадан Иркутке аттанғаныңда ол жақта анаңнан айырылғандағы қайғыңнан басқа ұмытылмас ештеңе қалды ма? – деді.

– Жоқ, ештеңе қалған жоқ! – деді Надя.

– Яғни жүрегінді сыздатар басқа ештеңе жоқ қой ол жақта?

– Ештеңе жоқ, Михаил!

– Ендеше, Надя, екеуімізді кездестірген, көп тауқымет тартқызған, қайғы арқалатқан, қатал сынынан өткізге Құдай, меніңше, екеуімізді енді ешбір уайым-қайғысыз өмір сүру үшін мәңгі-бақиға қосты да ғой деймін.

– Ах! – деп ұшып тұрған Надя Михаилды құшақтай алды. Сонсоң бақыт құшағына кірген адамның алаулаған күйімен әкесіне ақырын бұрылып, имене қарап: – Па-па! – деді.

– Надя, екеуіңнің бақыттарың – менің де бақытым! – деді әкесі.

Екеуінің некесі ғибадатханада қиылды. Әуелде қарапайым ғана өткізілмек болған той, княз бен оның нөкерлері, әскери үлкен шенді кісілер, қала басшылары – сапарлары аңызға айналып кете барған екі жасқа ақ тілектерін білдіргілері келген игі жақсылар түгел қатысуды қалаған соң, өте көңілді, өте жарасымды ғажап думан болып өтті. Тойға Альсид Жоливе мен Гарри Блэнт те қатысты. Олар бұл тамаша жаңалықты оқырмандарына жеткізуге асықты.

– Мына оқиға сізге ой салып, осындай той жасағыңыз келіп кеткен жоқ па? – деді Жоливе, серігіне қулана қарап.

– Мен бе?... Осындай тойды мен де жасар едім, егер бөлеңізді берсеңіз, – деді Блэнт.

– Бөлемнің басы бос емес, – деп күлді француз.

– Онда жақсы болды. Лондон мен Бейжиннің ара-қатынасы шиеленісе бастаған көрінеді, ол туралы не естігеніңіз бар? Сол жаққа аттанып, не болып жатқанын білсек қайтеді?

– Қап, алдымды орап кеттіңіз-ау! Құрметті Блэнт, мен де сізге дәл осыны айтайын деп едім!

Сонымен, ажырамас екі дос Қытайға жол тартты.

Василий Федоров пен Михаил және Надежда Строговтар бірнеше күннен кейін Еуропаға аттанды.

Екі жасқа Иркутке келгендерінше азап пен сор арқалатқан жол енді қуаныш арқалатып, бақыт силады.

Үш жолаушы курьер пойызынан да жылдам шанамен жүрді. Динка өзеніне жақындағандарында, селоға жетпей-ақ бір күн дем алуға аялдады. Михаил марқұм Николайды көмген жерді іздеп тауып алып, кабірі басына крест орнатты. Надя қарапайым да қайырымды болған, естерінен ешқашан шықпас достары Николайға дұға бағыштады.

Омбыда, Строговтардың кішкене үйінде, үш жолаушыны Марфа кәріэ қарсы алды. Қызым деп қысқы күнде қырық рет есіне алып жүрген Надясын көз жасын – сағыныш жасын көлдете құшырлана құшақтап, қайта-қайта сүйіп, аналық мейіріміне бөледі. Қажымаған қайсар кәріэ қаһарман ұлын шексіз мақтаныш сезіммен аймалады.

Михаил мен Надя Строговтар Омбыда бірнеше күн болған соң Еуропаға, Петерборға барып, Федоровтардың үйін тұрақты мекен етті.

Жас отбасы содан бері Петерборда. Омбыға барып, кәріэ шешелерін мәре-сәре етіп жүреді.

Шабарман жігіт патшаның қабылдауында болған. Патша оны өзінің жеке адъютанты етіп, Георгиев кресімен марапаттады.

Михаил Строгов кейінде жоғары шен алып, мемлекеттік үлкен лауазымды қызметтер атқарды.

Мен бұл хикаяма оның рахат тұрмысын емес, тағдырдың жазуымен көрген михнаттарын арқау еттім. Тарихтың қалауы осы болды.

***Жюль Вернге Испанияның Виго қаласында орнатылған ескерткіш. «Су астымен 20.000 лье» романындағы жыртқыш кальмарға мініп отыр (суда 1 лье – 5557 метр).***



*Сөз соңы орнына*  
**ЖЮЛЬ ВЕРН РОМАНЫНЫҢ ШЫНДЫҒЫ**

Француздың көрнекті жазушысы, «Капитан Гранттың балалары», «20 000 лье су астында», «Құпия арал» сияқты әйгілі ғылыми-фантастикалық романдардың және ондаған ғылыми еңбектің авторы Жюль Верн (1828-1905) – көптеген зерделі оқырмандары мен зерттеушілері үшін әлі күнге жұмбақ жан.

1871 жылдың күзінде Жюль Верн шулы Парижден қала маңындағы тыныш мекенге қоныс аударады. Франция астанасынан екі сағаттық қана жерде орналасқан Амьен, шағындығына қарамастан, XII-ғасырдың гот сәулет өнерінің ғажайып ескерткіштерімен және әлемге белгілі әдебиет пен өнер ғылым академиясымен даңқы шыққан қала еді.

Жазушы үйі қала шетінде, Шарль Дюбуа көшесі мен Лонгевиль бульварының қиылысқан жерінде орналасты. Ол үшінші қабаттағы дөңгелек тас мұнараны өзіне кабинет етіп алды. Оның жұпыны ғана жиналған кабинетінде күндіз кейбір ұлы саяхатшылар жиналатын, кешкісін ой мен қиял әлеміне берілген жазушы Сом айлағындағы кемелердің арынды үніне құлақ түре отырып, кейіпкерлерін алыс-алыс елдерге аттандыратын. «Патша шабарманы» романы француз жұртшылығының назарын бірден аударды. Шатле театрының актерлері оның сахналық нұсқасын да ойнап берді. Бұл роман талғамы биік француз сыншыларынан жоғары баға алды. Ал Ресейде болса, ол И.С.Тургеневтің араласуымен «Михаил Строгов» деген атпен орыс тіліне аударылып басылып шықты. Бірақ 1900-жылы роман жарыққа шығысымен-ақ оған тиым салынды. Тіпті советтік кезеңнің өзінде белгілі жюльвернтанушы Е.Брандис: «Француз сыншыларының бірауызды пікіріне қарамастан, біз бұл романды Жюль Верннің тәуір шығармалары қатарына жатқыза алмаймыз, оқиға сүресінің қызғылықтылығы мен сюжетінің шымырлығы болмаса, «Михаил Строгов» жалған тарихи оқиғаларға құрылған», – деп теріс баға беруден танбады (*Брандис Е. Жюль Верн. Жизнь и творчество. Л., Детгиз, 1963*).

Жюль Верннің бар құпиясы осы «тарихи жалған оқиғаларда» жатыр. Роман беттеріндегі бұл тарихи оқиғалар Азиялық Ресейде,

яғни, байтақ қазақ даласындағы ХІХ-ғасырдың 20 – 40-жылдарындағы көшпенділер көтерілісін баяндайды. Романда бас кейіпкер – көтерілісшілердің қолбасшысы Феофар хан есімді ержүрек батыр. Жалпы, түркі халықтарының сөз қорында Феофар сөзіне ұқсас Бейапар деген сөз бар. Бейапар деп бүлікшіл, мазасыз адамды айтады екен. Қазақтарда бейапар деп қылығы ұнамсыз, бетпақ, ал қырғыздарда опасыз адамды бейвапар дейді екен. Сондықтан да Жюль Верн француз тілінде жоқ сөзді түрік тілінен бүлікшіл деген ұғымда Бейапар (французша Феофар) деп берді. (Мәселен, Бақыт деген қазақ есімі французша Барит деп жазылады екен).

ХХ-ғасырдың 40-шы жылдары, Ресей отаршыл тарихшылардың «Кенесарының көтерілісінің жалған тарихы» деп жүрген құпияның сырын ашпақ болған көрнекті қазақ тарихшысы, ғалым Е.Бекмаханов Қазақ КСР Жоғары сотының 1952-жылғы 4-желтоқсандағы үкімімен барлық ғылыми атақтары алынып, ғылыми еңбектері тәркіленіп, 25 жылға түрмеге отыруға кесілген еді. Жақында жүрген қазақтарға да, алыста жүрген Жюль Вернге де Кенесары бастаған қазақ көтерілісі оңайға тиген жоқ.

Енді Жюль Вернге қайтып оралалық.

«Азиялық Ресейде болып жатқан оқиғалар, – деп жазады автор, – кәдімгідей-ақ алаңдаушылық туғызатындай жағдайда болатын, сондықтан да патшаның өз қонақтарын тойдың нағыз қызған кезінде тастап кетуі таңғаларлық нәрсе емес еді. Соңғы жеткен ақпар оның қаупін күшейте түсті. Ресейдің боданындағы Түркістан аймағындағы көшпенділер арасында көтеріліс бұрқ ете түсті. Оның бүкіл Сібірді – осы бір кең өлкені түгел шарпитын түрі бар... Обер-полицмейстер императорға былай деді: «Сібір жері көтеріліс үшін өте қолайлы – саяси жер аударылғандар да, басқа да қылмыскерлер шабуыл жасаушылар жағына оп-оңай шығып кетуі мүмкін деп сіздің мәртебелі ғұзырыңызға мәлім етуге батылым барып отыр».

Бұдан кейін Жюль Верн: «Полицмейстердікі рас еді, өйткені көшпенді қазақтардың едәуір бөлігі көтерілісшілерге қосылып та үлгерген. Қазақтар ол кезде екі миллиондай жан болатын, олар үшке: Ұлы жүз, Орта жүз және Кіші жүзге бөлінетін. Кейбір тайпалар тәуелсіз де болды, ал енді біреулері Бұхара және Хиуа хандықтарына бағынды. Олардың ішіндегі саны жағынан ең көбі де, байы да Ертіс

пен Ақсақал (*Арал-М.Ә.*) көлі арасында көшіп–қонып жүрген Орта жүз еді. Ұлы жүз шығысқа Қытай, Омбы мен Тобыл губерниясына дейінгі жерді мекендеді. Егер қазақ халқы көтерілсе, олар Енисейден батысқа қарай жатқан барлық жерді басып алған болар еді», – деп жазады. Бұл оның қазақтар және сол кездегі тарихи оқиғалар жөнінде мән-жайға әбден қанық екенін көрсетеді. Ақыры күдік расталып, көтеріліс Ресейдің ең ірі отары – Қазақстанды түгел жайлады. Жюль Верн өзі жазғандай: «Біз суреттеп отырған уақытта Огарев көтерген бүліктің басшысы Әмір Бейапар хан болды. Әмірдің қалың қолы Сібірдің күре жолын қиып, Семей облысын басып алып, онда тұрған әскерді шегінуге мәжбүр етті...»

XIX-ғасыр отаршылдыққа қарсы аса ірі қозғалыстармен есте қалды. Ресей ағылшын, француз империяларының мүдделері қиянкескі күрес ошағына айналған Орта Азия жерінде соғысып жатты. Бұл империялардың жазалаушылық саясаты Әбд-әл-Кадер бастаған Алжир халқының, көтеріліске шыққан Үндістан сипайларының, Польша филломаттарының, имам Шәміл басқарған Кавказ халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын тудырды. Ал Орта Азия құрлығында отаршылдыққа қарсы рухы мен күш-қуаты жағынан алапат қозғалыс бой көтерді. Оның басшысы Абылай ханның немересі Кенесары Қасымұлы өз туы астына қазақ, өзбек, қырғыз, тәжік және түркімен жігіттерінен жалпақ Тұранның небір жайсаң жауынгерлерін жинады.

Кенесарының жеке басына баға беруде оның өз замандастарының пікірлері көп жағдайда ұқсасып жатады. Мәселен, ағылшын саяхатшысы, «Орта Азия және Батыс Сібір» (1857 ж.) кітабының авторы, Жюль Верннің пікірлесі Томас Аткинсон: «Кенесары қазақтардан тамаша жауынгер жасап шығарды. Найзаласу мен айбалта қолданудағы кереметтей әбжілдігі Кенесары жігіттеріне күші басым қарсыластарымен соғыста жеңіске жетуге мүмкіндік беретін дегенді мен көп адамнан естідім. Егер жақсы офицерлері болса, қазақтар әлемдегі ең жақсы әскер болар еді...», – деп жазды.

Ал орыс әскери тарихшысы Н. Середа былай дейді: «Кенесары жасағына лайықты қолбасшы бола білді. Олардың әскери рухының жоғарылығына Европа әскерінің кез келген қолбасшысы қызығар еді... Бәрін жайпап кететін кең даланың долы дауылы сияқты жойқын

шабуыл жасайтын Кенесарыны ешбір кедергі бөгей алмайтын. Қайта, ол кедергілер оның қайтпас қайсар күш-жігерін жанып, алған мақсатына жету үшін жолындағының бәрін жайпап өткенше байыз таптырмай, оны қаһарландыра түсетін. Кенесарының осы қасиетінің бәрін көшпенділер асқақтата құрметтеп, олар өз қолбасшысына жан-тәнімен шексіз берілді» (*Середа Н. Бунт киргизского султана Кенесары Касымова. Вестник Европы, 1870, кн.8, с.530*). Жюль Верннің кейіпкері, көтеріліс басшысы Бейапар хан ретінде сомдалған Кенесары осындай болған.

Ұлт-азаттық көтерілісі ондаған жылдарға созылды. 1847-жылы, Кенесары қаза тапқаннан кейін, отаршылдық езгіге қарсы қозғалысты оның аты аңызға айналған ұлы Садық төре (Сыздық) жалғастырады. Қырық жылға созылған бұл сүргін көтерілісшілерді толық басып-жаншумен аяқталды. Сөйтіп XIX-ғасырдың 70-інші жылдарының өзінде-ақ киелі Каспийден өр Алтайға дейінгі қазақ жері, Бұхара, Хиуа, Қоқан хандықтары Ресей империясының қарамағына түгелдей қаратылды.

1841-1847 жылдар Кенесарының патша әскерімен күресінің шырқау кезі болды. Қазақ жерінде айдауда жүрген Тарас Шевченко да Кенесарының көтерілісіне арнап өзінің «У бога за дверьми лежала секира» (Балта жатты құдайдың босағасында) деген өлеңін шығарды.

Ақын көтерілісшілердің жеңілуіне орай өз өлеңін мұң мен налага толы жолдармен аяқтайды:

«Патша шабарманы» Жюль Верннің ұлт тәуелсіздігі үшін күрес болып табылатын әлемдік оқиғаларға кезекті бір үн қосуы болды. Осы шығармамен қатар, ұлы қиялшыл миллиондаған оқырмандарға Грециядағы тәуелсіздік үшін соғыс («Алау ішіндегі архипелаг»), Индиядағы сипайлар көтерілісі («Бу үйі»), венгр мадиярларының Австрия басқыншыларымен күресі («Матиас Шандор»), эстондықтар мен латыштардың отзей барондарына қарсы қозғалысы («Лифлияндиядағы драма»), Болгариядағы азаттық соғысы («Дунай лоцманы») және көптеген басқа да әділеттік үшін болған күрестер жөнінде айтып берді. Жюль Верн – әлемдік әдебиетте алғашқылардың бірі болып әділет жолындағы ұлт-азаттық соғыстарды суреттеп, еркіндік пен ізгілік идеяларын асқақтата аспанға көтерген жазушы. Оның әлі жете зерттелмеген бұл қыры болашақта жеке қарастыруға әбден тұрарлық.



Аталмыш кітаптың парақтарын аударыстыра отырып: «Жюль Верн тарихи-этнографиялық бұл кітабын қандай материалдарға сүйене отырып жазды екен? Михаил Строгов, Бейнапар хан, Иван Огарев кімнің образы? Ол Орта Азия, Қазақстан мен Сібір халықтарының өмірі мен тұрмысын, жағрапиялық орналасуын, қалалардың, өзендер мен көлдердің аттарын қалай жетік біліп жүр?» – деген сияқты сұрақтар көкейіңізге еріксіз келеді.

Енді осы сауалдарға жауап беріп көрелік.

И.С.Тургеневпен жақсы қарым-қатынаста болған Жюль Верн сол арқылы Исмаил Гаспринскиймен танысады. Ол 1872-жылдан 1874-жылға шейін орыс жазушының хатшысы болған еді. Ресей империясындағы түркі халықтарының болашақ рухани дем берушісі Исмаил Гаспринский Қазақстан мен Орта Азиядағы толқулар, қазақ, өзбек, ауған жігіттерінен әскер жасақтаған, аты аңызға айналған Кенесары мен оның ұлы Садық жөнінде әңгімелеп, Жюль Вернді қатты қызықтырады («*Тәржіман*», *Бақшасарай*, 1883, №28).

Жюль Верннің романды жазуға кіріспес бұрын ағылшын саяхатшысы Томас Аткінсонның «Орта Азия және Батыс Сібір» (1857 ж.), ұлы Байронның Клер Клермонттың «Владимир мен Сара» (1836 ж) және В. И. Дальдің 1845 жылы Парижде жарық көрген, қазақ тұрмысын суреттейтін «Бекей мен Мәуляна» деген шығармаларымен танысып шыққанына күмән жоқ.

Сол тұста париждіктер жылы қабылдаған Италия ақыны Джакомо Леопардидің «Азиялық көшпелі бақташының түнгі жыры» деп аталатын лирикалық шығармасы да Жюль Верннің назарынан тыс қалуы мүмкін емес. 1831-жылы Флоренцияда, ал 1835-жылы Неапольде басылып шыққан «қазақ бақташысы» туралы бұл жыр Лонгфеллоның көптеген жанкүйерлеріне оның поэзиясының інжу-маржаны «Гайават туралы жырды» еске түсірді.

Содан соң жазушының 1870-жылы «Европаның әскери хабаршысының» 8-ші және 9-шы кітаптарында басылған орыс әскери тарихшысы Н.Середаның «Қазақ сұлтаны Кенесары Қасымұлының бүлігі» деген тарихи құжатты еңбегімен де танысуы әбден мүмкін. Бұл ғажайып ғылыми еңбек кезінде А. Герценнің де назарын аударған болатын. Онда Лондонда тұрып жатқан ол өз адамдары арқылы патша әскерлерінің айуандығы мен Кенесарының көтерілісі

туралы ести салып, оған бірден үн қосты. «Аусбург газеті, – деп жазды Герцен «Колокол» журналында, – қазақтар көтерілісі мен шапқыншылығы туралы естіп, Орынбор шаруаларының арасында үрей тарағаны жөнінде жазады... Көне заманғы соғыстардан және монғол шапқыншылығынан бері полковник Кузьмин мен Дерышев шапқыншылығындай қаныпезерлік болған емес...Бұл қанды қырғын әлі де жазылуы керек...» (Герцен А. Собр.соч., XIII, М., 1958, с.448).

Парижде «Патша шабарманы» романы шықпастан он бес жыл бұрын Пьер Этцель баспасынан Адольф Янушкевичтің «Қазақ даласына саяхаттан хаттар мен күнделіктері» жарық көрді. Әйгілі Адам Мицкевичтің досы, 1830-жылғы Варшава көтерілісіне қатысқан Адольф Янушкевич көптеген поляк бүлікшілерінің кебін құшып, Сібірге жер аударылды. Ол, тағдырдың тәлкегімен, Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық қозғалысын басуға жіберілген генерал Вишневскийдің әскери экспедициясына қатысады. Бірақ А. Янушкевич тағдырдың кері айдауына мойынсұнбай, қазақтар жөнінде өте жылы жазады, олардың әдет-ғұрпына, мәдениеті мен тарихына егжей-тегжейлі тоқталады. Кенесарыны Алжир көтерілісінің көсемі Әбд-әл-Кадармен теңестіріп, оның күресіне іштартады.

«Патша шабарманы» романның жазылуына А. Янушкевичтің осы күнделік жазбаларының да зор үлесі бар деп топшылауға болады. Оның үстіне поляк ақыны Густав Зелинский мен суретші Бронислав Залесский Қазақстанда жер аударылған мерзімін өтеп болған соң, Парижде орын тепкен ғой. Бұлар А. Янушкевичтің жазбаларын, қазақ тақырыбына жазылған өз шығармалары және картиналарымен қоса Париждегі поляктардың «Полонез» кітапханасына тапсырған. Олардың және жер аударылған поляктардың көмегімен айдаудан сонда қашып барған белгілі орыс географы П. А. Кропоткиннің Жюль Вернге романды жазу үстінде ақыл-кеңес берулері әбден мүмкін.

Жюль Верн романында патша шабарманы Михаил Строгов пен оның жолсерігі жөнінде әңгімелей отырып, оқиғаны әрі қарай Сібір даласында өрбітеді. Автордың айтуынша, Азиялық Ресейдің астанасы – Үркіт қаласында Михаил Строгов Бейапар ханның серіктесі Иван Огаревті әшкерелеп, көтерілісшілердің жоспарын бұзуы керек болады.

Әрине, Үркіт – Азиялық Ресейдің астанасы болған емес және Орта Азияның өздері бұғауда отырған халқы бұл қаланы босатуға да

ұмтылған жоқ. Алайда сюжеттің еркіндігіне қарамастан, қалалар мен ол маңайдың атауларын Жюль Верн керемет дәлдікпен береді.

Михаил Строгов ретінде түбі Тобыл губерниясындағы Тура қаласының азаматы «Сібірдің өз тумасындай-ақ... онда тұратын қаптаған ұлыстардың тілін, сөз мәнерін де жақсы білетін» Семей көпесі Порфирий Уфинцевтің образы сомдалуы мүмкін.

1856-жылы Мәскеуде орыс саяхатшысы, көбіне «Парфений» деген лақап атпен Петр Агеевтің «Ресейде, Молдавияда, Туркияда және қасиетті жердегі Парфений сопының саяхаттары туралы аңыз» деген төрттомдығы шықты. Бұл кітаптар беттерінде семейлік көпес Порфирий Уфимцевтің бастан кешкен таңғажайып оқиғалары да суреттелген. «Парфений» кітабы – Федор Достоевскийдің Петербург кітапханасындағы құнды дүниесінің бірі еді. Парфений сопының есімі Достоевскийдің қойын кітапшаларында, хаттарында және роман жоспарының жобаларында жиі кездеседі. Мұны біздің тәптіштеп отырғанымыз – Достоевский шетелдерге барған сапарында бұл кітаппен Жюль Вернді таныстыруы әбден мүмкін. Өйткені Парфений сопының шығармаларындағы Порфирий Уфимцевтің бастан кешкендері Жюль Верн романындағы патша шабарманы Михаил Строговтың оқиғаларымен өте ұқсас.

Міне, осылардың бәрін салыстыра келгенде, айқын аңғарылатын нәрсе: Порфирий Уфимцевтің естелігіндегі Кенесарының бейнесі Жюль Верннің Бейапар ханымен дәлме-дәл келіп отырады. Орыс көпесінің жазбаларынан оның Кенесары жөніндегі мына бір үзіндісін келтірелік: «Ол былай деді: «Сенің менде мейман болып кеткеніңді қалаймын. Сеніменен біраз серуен құрар едік. Мен Ресейді жақсы көремін. Сен шарап ішесің бе?». Мен: «Ішемін, тек жуас жүзім шарабын ғана, – деп жауап бердім. – «Мен де сондайды ішемін», – деп Кенесары түстік әзірлеп, шарап келтіруге әмір етті. Біз күн сайын тек екеуіміз ғана ауқаттанып жүрдік. Сөйтіп ол мені осылай бір жеті ұстады, үнемі менен әртүрлі жәйттер жөнінде сұраумен болды...» (Орлов А.В. *Русский в гостях у Кенесары. Из записок приказчика Уфимцева. Оренбургский листок, 1889, №28*).

«Патша шабарманы» романында ағылшын тілшісі Альсид Жоливе мен Гарри Блент Бейапардың қолына түседі. Онда жазаның орнына кешірім жасалып, олардың тілшілік қызметін жүргізе беруіне

рұқсат етіледі. 1844– жылы Кенесары тұтқындаған урядник Андрей Ивановтың ақпарына назар аударып көрейікші: «Тұтқында болған кезімізде бізді ұрып-соғып қинаған жоқ... Кенесары бізге тамақ бергізіп, бізді жәбірлеуге жол бермеді» (*Исторический архив РФ, ф.4, д.2442, с.24*). Кенесарының кісілігі мен ерлігіне сүйсінген әскери тарихшы В.А.Потто оны «Қазақ Шәмілі» деп атады (*Потто В. О степных походах. Военный сборник, № 4, 1873, с.225*).

Иван Огарев романда басынан аяғына дейін дерлік көрінеді. Енді Жюль Верннің оның кім екенін айтатын жолдарды келтіріп көрелік: «Ол – полковник шеніне дейін жеткен адам, бірақ осыдан екі жыл бұрын оның құпия саяси қастандыққа қатысып жүргені білініп қалып, императордың құзырымен сотқа тартылып, шенінен айрылып, Сібірге жер аударылды. Бір жылдан кейін кешірім алды...» Автор оның одан кейінгі тағдырын императордың аузымен береді: «Мен Огаревтің қазақ даласына барып, көшпенділер арасында көтеріліс туғызуға ойдағыдай әрекет етіп жүргенін білдім». Ал Бейапар ханның әскерінің жеңістері осы Огаревтің әсерінен еді. «Олардың басты күші, – деп жазады Жюль Верн, – қосынға өте білімді де ержүрек Иван Огаревтің жетекшілік етуінде жатыр... Ол туралы орталық Ресей халқын көтеріліске бастаған XVIII-ғасырдың әйгілі батыры «екінші Стенька Разин» деген аңыз тарауы тегін емес...»

Сонымен Жюль Верн Иван Огаревтің образы етіп кімді алған? Оны талқылай түсу үшін Кенесары көтерілісіне қатысқандарды тағы да бір қарастырып өтелік. Патшаның көптеген ақпарлары бойынша, Кенесары әскері ішінде саяси жер ауғандар көп болған. Тек мына екі құжатқа ғана назар аударалық. Полковник Аржанухин бастықтарына жолдаған ақпарында: «Кенесары сұлтан қолы астында Сібірден қашқан 100 шақты поляк бар. Оның біреуі өзін майормын дейді. Оған сол маңнан әртүрлі қашқан-пысқандар әлі де жиналып жатыр» (*Чкаловский Гос.истор.архив, ф.6, д.4, с.144.1838г.*). Ал Кенесарыда тұтқында болып қайтқан барон Услар «өзін Кенесарының хатшысы болып істейтін, шашы тақырланып алынған, үстіне қазақша шапан киген белгісіз бір орысқа апарғанын» айтады (*Барон У-р. Четыре месяца в киргизской степи. Отечественные записки, №10, 1848, с.209-210*).


Сарғайған мұрағат қағаздарын ақтарып отырып, Жюль Верн

Иван Огарев бейнесіне сол кезде Кенесары маңайында болған саяси жер ауғандар – декабрист, отставкадағы полковник М. Муравьев-Апостолды, поляк филوماتы Иосиф Гербрутты, қашқын офицер Николай Губинді немесе Кенесарының әскери кеңесіне кіргендердің біреуін алуы мүмкін-ау деген ойға еріксіз келесіз (*Из воспоминаний князя Львова Л.В. Русский архив, №2, 1885, с.218*).

Романның соңғы тарауларында болып жатқан оқиғаларға өз армиясымен ұлы князь әскерлеріне көмекке ұмтылған генерал Киселев араласады. Егер тарих деректеріне жүгінсек, онда да Кенесары көтерілісін басуға граф Киселевтің қатысқанын көреміз. Бұл жәйт Жюль Верннің тарихи мәліметтерге мұқият қарайтынын аңғартады. 1844-жылы граф Киселевтің Кенесарының қарсылығына көзі жеткеннен кейін «бәлкім, далада хандық басқару енгізу керек болар» деген хатына Николай I: «Патшалықтың ішінде тағы бір патшалықтың болуы мүмкін емес» деген әйгілі қолтаңбасын қойған еді (*Мякутин А.И. Оренбургские казаки. Сборник, 1904-1905гг.*).

Жюль Верннің романындағы Бейапар ханның әскерін әр түрлі халықтардың өкілі басқарған, сондай-ақ Кенесары ханның қасында аты ұранға айналған шұбыртпалы Ағыбай батыр, қыпшақ Иман батыр, табын Бұқарбай батыр, шапырашты Бұғыбай батыр, өзбек Сайдаққожа батыр, татар Әлім батыр сынды әртүрлі халық баһадүрлері болған.

**Марат ӘБСЕМЕТ.**



## Антон Павлович ЧЕХОВ

### ӘЙЕЛІМЕН ҰСТАСТЫ

*(Болған жәйт)*

– Өй, құрып қалсын-ай! Қызметтен үйге иттей боп ұлып, үздігіп келгеніңде не тамақ беретінін айтсаңшы! Онысына ренжіп те үлгірмейсің! Қабақ шыта бере еститінім – баж-бұж дауыс, көретінім – ебіл-себіл көзжасы! Үйленгенше үйтіліп өлсем еді!

Күйеуі осылай деп күніреніп, қасығын тәрелкеге тарс еткізіп тастай салды да, атқып жөнеліп, есікті қақ бөлердей қатты жапты. Әйелі қолсұрткішпен бетін баса бақырып, ол да шыға жөнелді. Түскі ас адыра қалды.

Күйеуі кабинетіне барып диванға етбетінен түсті де, бетін жастыққа басты. «Қай сайтан түртіп үйлендім екен?! – деді ол іштей. – Үй болу «жақсы-ақ», айтар жоқ. Кеше ғана үйленіп, бүгін, міне, атылып өлгім келіп жатыр!».

Ширек сағат өткенде есіктің арғы жағынан аяқбасыс естілді...

«Иә, баяғы әдеті... Қарық қылды, тәлкек етті. Енді есікті торып, татуласқысы келіп жүр... Атаңның басы! Енді татуласқанша асылып өлермін!».

Есік болар-болмас сықырлап ашылды. Жабылмады. Біреу ақырын кіріп, бір басып, екі басып, диванға жақындады.

«Бәсе! Тағыда кешірім сұра, жыла, еңіре... аянба, албасты, сары сайтан! Өліп бара жатсаң да менен бір ауыз жылы сөз ести алмайсың! Мен ұйықтап жатырмын, сөйлеспеймін!».

Күйеуі бетін жастыққа көме түсіп, андап қорылдай бастады. Алайда ерлер де әйелдердей нәзік сезімді. Оңай жұбанып, жайдарылана қалады. Әйткенмен, тусыртына жып-жылы дененің тигенін сезген

күйеуі сыр бермеуді ойлап, диванның арқалығына қарай ығысып, аяғын бүгіп алды.

«Иә, қазір жақындаймыз, жанасамыз, сүйкенісеміз... Иығымызды түйістіреміз, дізерлесіп отырамыз. Соған жыным келеді!.. Сөйтсем де, кешірмей болмас. Оның жағдайын бажайлауым, жүйкесін жұқартпауым керек. Біраз жалындыра жазалап, содан соң кешірейін...».

Құлағының дәл түбіне жылы леп жетті, ақырын күрсінгені сезілді. Тағы жылы леп, тағы күрсініс... Иығына кіп-кішкене қол тиді.

«Мейлі. Ақырғы рет кешірейін. Байғұсты қалжыратпайын. Өзім де кінәлімін ғой. Жоқтан өзгеге бұлқан-талқан болдым... Жарайды, жаным!..».

Күйеуі қолын артына созып, жылы денені қармады:

– Тфу!..

Дианка деген иті келіп жатқан екен!

## МІНСІЗ ЕМТИХАН

*(Шұбалған сұрақтарға шұғыл жауап)*

Мұнда өте ақылды мұғалім мен өте ақылды шәкірт болуы шарт. Біріншісі – жымысқы және табанды; екіншісі – мыңкетпес. Өрт сөндірудің мінсіз тобы өрт шығардан жарты сағат бұрын келетініндей, мінсіз шәкірттің жауабы сұрақ қойылудан жарты сағат бұрын даяр болады. Мен айтарымды қысқа қайыру және мол қаламақыдан сақтану үшін драмалық үлгіні қаладым (*Қаламақының қажеті не?!*).

*Мұғалім.* Сіз ғой жаңа ғана жер домалақ дедіңіз. Жерде биік таулар, терең жыралар, мәскеулік тас көшелер барын, олардың жердің домалақ болуына кедергі келтіріп тұрғанын сіз ескермедіңіз.

*Шәкірт.* Олардың жердің домалақ болуына келтіретін кедергісі апельсинге батқан тырнақ ізіндей немесе әлпеттегі безеудеу ғана бірдеңе.

*Мұғалім.* Әлпетіңіз немене?

*Шәкірт.* Әлпет – жан-дүниеміздің айнасы, басқа айналарша ол да тез сына салады.

*Мұғалім.* Айнаңыз немене?

*Шәкірт.* Айна – әйелдер керек-жарағын қысқа күнде қырық тексеретін жабдық. Айна – әйелдер құбылатын құжыра.

*Мұғалім* (жымысқыланып). Бәрекелді, сіз ғажап ақылдысыз!

(Сәл ойланады). Қазір сізге енді бір сұрақ беремін (тез қояды). Өмір дегеніміз не?

*Шәкірт.* Өмір – автор емес, оның шығармасы алатын қаламақы.

*Мұғалім.* Ол көп пе?

*Шәкірт.* Ол нашар редакциялар нашар аудармаларға төлейтін қаламақыға тең.

*Мұғалім.* Солай деңіз... Бізге теміржол туралы не айта аласыз?

*Шәкірт* (тез, нық сөйлеп). Теміржол, жан-жақты айтсақ, – қазына-мүлікті, қанды таситын, жарлыларды жақсы сезімге бөлейтін құрал-сайман.

Ол жолдардан және теміржол ережелерінен құралады. Соңғысы – ондысы. Теміржол вокзалдары қасапханаша санитарлық бақылауда болады, ал теміржол жолдары зираттай бағалы: ауаны таза сақтау үшін екеуі де елді мекеннен шеткері орналастырылады. Теміржол транспортымен жүретін, жолаушылар деп аталатын жұрт сапарының соңына жеткенде марқұмдар деп аталады. Тамбовтағы апекесіне немесе Саратовтағы немерелес қарындасына кетіп бара жатқан кісі, егер тағдырдың бұйрығымен ата-бабасына барып қосылғысы келмесе, ол ойын апатқа ұшырағаннан кейін алты айдан кешіктірмей мәлімдеуі керек. Өсиетін жазып кеткісі келгендер сия мен қаламды ағакондуктордан тиісті бағасына сатып ала алады. Пойыздар соқтысып, рельстен шығып кеткенде, сондай басқа да жағдайлар болғанда жолаушылар тыныштық сақтап, жерге жабысып жатуға міндеттенеді. Екі пойыз соғылысқанда оларға үшінші пойыз кедергі жасамауға тиіс...

*Мұғалім.* Жарайды, тоқтаңыз... Ал әділеттілік деген не?

*Шәкірт.* Әділеттілік – теміржолдың жолақы жазбасы, ол әрбір вагонның ішкі қабырғасына іліп қойылады: терезенің бір көзін сындырған 2 сом, шымылдығын жыртқан 3 сом, диванның қабын жыртқан 5 сом төлеуі керек. Апаттан тірі қалмағандар бір тиын да төлемейді.

*Мұғалім.* Мәскеу көшелерін кімдер жуады?

*Шәкірт.* Жаңбыр.

*Мұғалім.* Ол үшін ақыны кім алады?

*Шәкірт.* Біреу алады.

*Мұғалім.* Е-е-е... Аттылы-теміржол туралы айтып бере аласыз ба?



*Шәкірт.* Аттылы-теміржол, қарапайым тілмен айтқанда – ат-жылқы жолы іштен, төбеден және атты-темір ережесінен құралады. Іші 5 тиын, төбесі 3 тиын, ал атты-темірі тегін. Адамзатқа біріншісі кондукторлардың мінез-құлықтарын тамашалау, екіншісі күнде таңертең екінші қабаттың керемет толы терезесіне қарау және үшіншісі сондағы ойын орындау үшін берілген. Соңғысы – оңдысы. Ат-жол жұртшылыққа керек емес, жұртшылық ат-жолға керек. Вагонға кондуктор кіріп келген сәтте көпшілік оған жылы жымиюға тиіс. Алға жүру, артқа жүруден гөрі маужыраған тыныштық артық. Жол жүрудің жылдамдығы маңызды емес, нөлдің маңайы болғаны, не үлкен мейрам кезінде сағатына екі сынықсүйем де жетеді. Вагондар рельстен шығып кеткенде жолаушылар ештеңе төлемейді.

*Мұғалім.* Екі вагон бір-біріне тақалғанда неге қоңыраулады және бақылаушылар белеттің бір бұрышын неге жыртып алып қалады, соны айта қойыңызшы!

*Шәкірт.* Ол екі жағдай да – ойлап тапқандардың құпиясы.

*Мұғалім.* Сізге қандай жазушы ерекше ұнайды?

*Шәкірт.* Нүктесін дер кезінде қоя алатыны.

*Мұғалім.* Қисынды... Дәл қазір оқырманның көз алдында көлбөндеп, есін шығарушы кім екенін білесіз бе?

*Шәкірт.* Бұл редакцияның құпиясы... Сіз үшін мен шығармын... Егер білгіңіз келсе, ол құпияны ашып берейін ... (сыбырлап сөйледі). Қартайған кезінде есін шығарыпты.

## СЫБЫЗҒЫ

(Өңгіме)

Ежелгі Дементьев хуторының сатушысы Мелитон Шишкин шырша тоғайынан аяңдап шығып келеді. Тоғай ішінің ылғалы оны әбден қалжыратқан тәрізді. Үсті-басын шырша шырпылары мен өрмек басқан. Қолында – зілбатпан мылтығы. Соңында – сүмелектеген иті, Дамкасы бар, онысы – төбет пен сеттерден туған дүбәрә қаншық ит: әрі буаз, әрі тыртиған арық; малмандай су-су сабау құйрығын борбайына тығып алып, жолайғы тікенек-бұталардан мұрнын қорғаштап бүгежектеп келеді. Күн таңертеңнен-ақ тұнжырап, бұлыңғырланып тұр. Жұқалаң тұман қымтаған ағаштардан ірі-ірі тамшылар шашырап төгіледі. Төңірек ылғалынан қолаңсы шірік иісі мұңкиді.

Алдыңғы жақ – орман шеті ақ қайыңмен көмкерілгендей. Саусак саласындай қайың арасынан арыда тұман тұмшалаған дала көрініп жатыр. Сол жақтан сыбызғы үні естіледі. Сыбызғышы оншама құбылтып-сызылтпай-ақ сылбыр ойнап тұрса да, сыбызғы үнінен ызғарлы зар-нала мен салқын самарқаулық сезіледі.

Тоғай селдіреген, шырша мен балапан қайың аралас өскен алаңқайға жеткенде Мелитон жайылып жүрген малды көрді. Тұсаулы аттар, бытыраған сиырлар мен қойлар бұта-бұта арасында бұтақтарды сытырлатып, тоғай шөбін талғап жүр. Мал шетінде сыбызғысын тартып шидиген ап-арық бақташы шал тұр: үстінде жыртқы шекпені бар; жалаңбас; су сінді қайыңға сүйеніп, тұнжырап тұқырып қалған; не тартып, не қойып тұрғанын өзі де ұмытқандай.

– Атай, армысыз? Күйлі-қуаттымысыз? – деді Мелитон, өңкиген дәу тұлғасына, шартабақтай былшиған жалпақ бетіне үйлеспейтін шырылдаған жарықшақ дауыспен. – Сыбызғыны келістіріп-ақ сызылтады екенсіз, ә?! Мыналарыңыз кімнің малы?

– Баяғы Артамоновтікі, – деді бақташы, селқос сөйлеп, сыбызғысын қойнына тыға салып.

– Ендеше мына орман да Артамоновтікі деші?! – деп Мелитон төңірегін шола сөйледі. – Артамоновтікі болса, болар, бәсе... Оңбай-ақ адасқанымды қарашы. Жыңғылдан жол табамын деп жүріп бет-аузымды бұта жырып бітірді.

Ол шылқып жатқан жерге отыра кетті де, газет жыртындысына темекі орай бастады.

Оның сиық-сықыты алпамсадай дәу денесіне, шартабақтай бетіне кереғар жаратылған еді: дауысы жарықшақтанып шырылдап шығады; көзі сығырайып қалған; жымығаны жылағанға ұқсайды; майға малып алғандай сыбағыздықтан қазанбасына алақандай ғана картуз жапсыра салыпты. Сөйлеген, жымыған кезінде жып-жылмағай майлы беті былбырап, күлкілдей қалады, ал бітім-пошымынан әйелге тән болбырлық, қорғаншақтық, көнбістік аңғарылады.

– Мына күнге не боп кетті, шіркін-ай! – деп басын шайқады ол. – Жұрт болса, әлі сұлысын да жиып-теріп үлгірген жоқ, ал жаңбыр жарықтық болса, дәп бір жалданып кіріскендей-ақ құяды келіп, құяды келіп, әйтеуір, арты қайырлы болғай да.

Бақташы жаңбыры сіркіреген аспанға, тұман шөккен орманға,

малшынған сатушыға қарап ойланғандай пішін танытты да қойды.

– Биыл жаз бойы көргеніміз осы ғой... – деп күрсінді Мелитон. – Мұжықтардың да сілікпесі шықты, мырзалар да мүлдем мезі болды.

Бақташы аспанға тағы бір қарап алып, сәл-пәл ойланып, сөзін санағандай ежіктеп тіл қатты:

– Берекесі кеткенде сөйтеді... Бұл оңдыра қоймас.

– Не жаңалықтарың бар? – деді Мелитон, темекісін тұтатып. – Артомоновтың алаңқайларында өрген құр балапандарын көре алмадың ба?

Бақташы жауап беруге асыға қойған жоқ. Аспанға, жан-жағына тағы да қарап ойланып, көзін сығырайтып біраз тұрды... Сірә, өз сөзін өзі пұлдап дағдыланған болса керек, әр сөзін алтынға балағысы келгендей керігіп, керімсалданып қалады екен. Қарттықтың табы түскен жүзі байсалданып ашаң тартқан, бірақ, таңқы мұрнының келте етегі селт-селт еткеніне қарағанда, бақташының өзіне жетер қулығы да бар секілді.

– Жоқ, көре алмадым, – деді ол. – Біздің аңшымыз Еремка өткен жолғы Илья күні мейрамында Тақыртөбеге құрды топырлатып біраз иірдім деп жүрген, бірақ, сол неме өтірікті ысқыртқан шығар. Бұл жақта жалпы құс аз.

– Оның рас, ағасы... Құс жарықтық барлық жерде де аз. Біле білген кісіге бұл құс ату дегенің – әурешілік. Құс атаулы құрып кеткен. Оқта-текте ылғи бір майда-шүйде бірденелері кездеседі, оларды атпак тұрғай, бейшараларға қарап тұрып қарның ашады.

Мелитон бет-аузын тыржитып, қолын сілтеп қойып, сөзін қайта жалғады:

– Бүгінде бұл дүниенің не боп бара жатқанын ойласаң, есің шыға еріксіз күлесің. Қазіргі құстарда ешқандай парық жоқ. Кеш жұмыртқалайды, балапанын кеш шығарады. Қағынып, тіпті «Петр күні» мейрамына дейін жұмыртқасының үстінде жалпынып жатып алатындары да бар. О, құданың құдіреті!

– Берекесі кеткенде сөйтеді, – деп бақташы аспанға қарап қойды. – Өткен жазда құстар неге аз келді екен деп таңданып едік, ал биыл одан да азайып кетті, енді бір бес жылдан кейін мүлде болмайтын да шығар. Менің долбарлауымша, біраздан соң даланың ғана құсы емес, тіпті құс деп аталатынның бәрі түгелдей құрып бітеді.

– Рас айтасың, – деді Мелитон ойлана құптап. – Сөзіңнің жаны бар.

– Апырым-ай десеңші! – деп бақташы өкіне танданды. – Соның бәрі қайда ғана жоқ боп кетеді екен, ә? Бұдан жиырма жылдай бұрын осы мына араларда қаз дейсің бе, тырна мен үйрек дейсің бе, құр дейсің бе, – бәрі де қаптап жүруші еді, әлі күнге көз алдымда солар. Мырзаларымыз жиналып келетін де, күні бойы тарс-тұрс атқылап, кәні боп жүретін. Балықшы құс, таукүдірет, дуадақ дегендерің керемет көп болатын, ал шүрегей үйрек пен жылқышы құс па, қара торғай мен қоңыр торғай ма, – бәрі құмырсқаша құжынап жататын! Шіркін-ау, солардың бәрі қайда ғана кетті десеңші! Қылаяғы жаман қарға да қалмаған. Бүркіт, сұңқар, үкі жарықтықтарды өліп бара жатырмын десең де емге таба алмайсың... Аң десең, олар да азайып барады. Аю мен қара күзенді айтпағанда, шырағым, қазір кәдімгі қасқыр мен түлкіні көруің де екіталай. Бұрын бұл жақта бұлан да бар еді!.. Менің бажайлап-бақылап жүргеніме, міне, қырық жылдай боп қалды, көргенім де, сезгенім де осы. Е, берекесі кеткенде өститін шығар деп ойлаймын да қоямын.

– Неменесі кеткенде дейсің?

– «Берекесі кеткенде» деймін, жігітім. Бәрі де құрып барады... Сірә, заманақыр жақындап келе жатқан шығар.

Шал картузын киіп,, аспанға қарағыштап біраз тұрды: – Жаным ашиды! – деді ол күрсіне сөйлеп. –Құдай куә, бәріне де жаным күйзеледі. Жарық дүниені, әрине, біз жаратқан жоқпыз, бауырым, оны құдай жаратты, не істеймін десе де еркі ғой. Әйткенмен, бір талдың қурап қалғанын көру де, бір сиырдың арам қатқанын көру де кісіге ауыр тиеді. Ал тұтас дүниенің құрып-бітіп бара жатқанына қалай ғана қиналмассың, жарқыным-ау! О, тәңірім, бұ дүние не боп барады?! Күн де, аспан да, орман-тоғай да, өзен-көл де, жан-жануар да дұрыс-ақ жаратылған еді, бәрінің тыныс-тіршілігі сабақтас, өзектес еді. Енді келіп заманақыр жақындап, бәрі де құрып бітуге айналды!

Бақташының бет-ауызы жыбырлап, көзі жыпылықтап кетті.

– Сен «заманақыр жақындады» дейсің... – деді Мелитон ойланған сыңаймен. – Жақындаса, мүмкін, жақындаған да шығар. Бірақ, құстың азайғанына қарап олай деуге болмайды.

– Құс қана азайған жоқ, – деді бақташы. – Аң да, мал да, бал арасы

да, балық та азайып кетті... Маған сенбесең, барып кез келген шалдан сұра, баяғыдағы қисапсыз балықтан дәнеңе қалмағанын бәрі де растап бере алады. Теңіздің де, көлдің де, өзеннің де балығы жылдан жылға құрып барады. Баяғыда өзіміз Құмды өзеннен ұзындығы бір кез шортан ұстаушы едік, лақа да, табан да, аққайран да ұстайтынбыз, ал қазір ұзындығы сынық сүйем майшабақ немесе алабұға ұстай қалсақ, құдайдың өзінен сәлем-сауқат алғандай қуанып қарық боламыз. Қазір қылаяғы таутан да жоқ. Жылдан жылға құрып барады, құрып барады, енді біраздан соң балықтың қандай болатынын ұмытатын да шығармыз. Өзен дейтін өзен де қалмады... Су аяғы – құрдым дейді!

– Бұның рас.

– Бәрі де рас. Өзендер жылдан жылға тайызданып барады. Қазір, шырағым, баяғыдағы айдындардан дым да жоқ. Сен сонау бұталарды көріп отырсың ба? – деді шал қолымен нұсқап. – Соның арғы жағында өзеннің бұрынғы арнасы бар, біз оны айдын деуші едік, менің әкем тірі кезде Құмды өзен сол арнасымен ағатын, ал енді оның қайда ауып кеткенін ит білсін! Арнасын ары өзгертіп, бері өзгертіп, ақырында бұл да ұшты-күйлі ғайып болатын шығар-ау. Кургасовтың арғы жағындағы шалшық су мен тоғандар қайда десеңші?! Ал бұлақтар ше? Бір кезде осы орманның ішінде де бұлақ дегенің сарқырап тұрып ағып жататын, мұжықтар оған тұтқыр тұйық ау құрып шортан ұстайтын; бұлақ бойында үйректер қыстап қалатын, ал қазір қар еріген кездің өзінде де онда тобықтан асар су болмайды. Солай, шырағым, солай. Бәрі де кеуіп, құрып барады!

Бір сәтке үнсіздік орнады. Мелитон көзін жерге қадап, ойға шомып қалды. Ол табиғаттың қаймағы бұзылмаған тыныш тұсы бар-жоғын есіне түсіруге тырысты. Тұмшаланған тұманның, қиялай жауған жаңбырдың ара-арасынан, құдды бұлдыр шыныдан сығалағандай болып, саңылау-жолақтар көрініп-көрініп қалады, ол – тұманды ысырып тастап жерге қарағысы келген көтерілген күннің сәулесі еді.

– Тіпті орманда да сән қалмады, – деп міңгірледі Мелитон.

– Орманда не сән қалсын... – деп құптады бақташы. – Кесіліп те, өртеніп те қурап жатыр. Жаңадан ештеңе отырғызылмайды. Бір өскенін – бір, екі өскенін – екі кесіп алады да кетеді, сонсоң қайтіп оңсын, сонсоң қалайша құрымасын! Мен өзі ес білгеннен бері осы жерде жаз бойы мал бағып келемін, шырағым. Басыма бостандық

бұйырғанға дейін мырзалардың малын бақтым, басыма бостандық бұйырғаннан кейін жұртшылықтың малын бағатын болдым. Құдайға шүкір, төңірегімді бажайлап байқай білемін. Бұл өмірімде, бауырым, мына мен талайды көрдім, талайды түсіндім, яғни өсімдік атаулының құрып бара жатқанын бірден сездім. Қара бидайдың да, гүлдің де, – бәрінің берекесі кетті.

– Оның есесіне халық оналды, – деп қалды сатушы.

– Оңалғаны қалай?

– Ақылға кенелді.

– «Ақылға кенелді» дегенін, жігітім, оның рас, бірақ одан не пайда? Заманақыр төніп келе жатқанда ақылдың кімге керегі бар? Ақылсыз-ақ құри аламыз. Ырымға бір құс жоқ кезде аңшыға ақыл ас бола ма? Менің ойымша, тәңірім адамға ақыл берген де, күш бермеген. Қазір халықта түк қауқар жоқ. Мысалға мына мені-ақ алайықшы... Мен – деревнядағы ең жаман мұжықпын, көк тиын ғұрлы құным жоқ, бірақ, жігітім, менде күш-қайрат мол. Мінеки, мен жетпіске аяқ бастым, әйтсе де, азаннан ақшамға дейін мал бағамын, жиырма тиынға жалданып түнде күзетке де шығамын, ұйқыға да, суыққа да төзімдімін, ал менің өзімнен әлдеқайда ақылды ұлымды менің орныма қойып байқашы, қайтер екен: ол не үстеме жалақы даулап шыға келеді, не емделем деп тайып тұрады. Міне, гәп қайда! Менің наннан басқа қорегім жоқ, нан бар жерде ешкім аштан өлмейтінін білем, менің әкем де, атам да нанмен ғана күн көрген ғой, ал қазіргі мұжықтарға шай бер, арақ бер, ақ тоқаш бер, оның ұйқысы қануы керек, емделуі керек, – ойына не келсе, соны істеуі керек. Неге дейсің бе? Өйткені, онда қауқар жоқ, төзімділік жоқ. Ұйықтамайын-ақ десе де, көзі жұмыла береді, амал не.

– Оның рас, – деді Мелитон құптап. – Қазір дені дұрыс мұжық та жоқ.

– Жасыратын не қалды, біз жылдан жылға азып барамыз. Қазіргі мырзаларың мұжықтан да осал. Бүгінгі бекзадалардың білмейтіні бит ішінде, бірақ онысынан не қайыр? Түрлеріне қарасаң, жылағың келеді... Бекзада деген аты ғана дағарадай, әйтпесе өздері шетінен шидиіп, боп-боз боп жүргендері, құдды аш-арық венгер немесе француз сияқты. Ол байғұстардың және тұрақты орны да, қызметі де жоқ, өздеріне не қажет екенін түсіне де алмайсың. Қайсыбірі қармағын шошайтып балық аулап отырады, қайсыбірі қарны қампайып кітап оқып жатады,

қайсыбірі мұжықтардың ортасында көкіп отырады, ал қайсыбіреулері писарьлікке жалданып жан сақтайды. Сөйтіп түртінектеп тиіп-қашып жүргендері: дені дұрыс кәсіппен шұғылданаыншы демейді. Бұрында мырзалардың тең жартысы генерал болушы еді, ал қазіргілердің бәрі – шеттерінен бозөкпе!

– Олар кедейленіп бітті ғой, – деді Мелитон.

– Құдай күш-қуат бермеген соң, кедейленбеске лажы не? Тәңір ісіне дауа бар ма!

Мелитон жерге тағы да ойлана қарап қалды. Парасатты, байсалды адамдарша басын шайқай маңыздана күрсінді:

– Осындай халге неліктен душар боп отырмыз? Себебі: біз құдайды ұмыттық, күнәға кеңірдектен баттық... Оның үстіне заманақыр да жақындап қалды. Мынау жаратылыс та қашанғы осылай тұра берсін, мұның да таусылып бітер уақыты тақалған шығар.

Көңілсіз көк мылжың сөзді доғаруды көксегендей болған бақташы бір күрсініп алды да, сүйенген қайыңынан алшақтап, сиырларын көзімен санай бастады.

– Ай-хай-хай, әй! – деп айқай салды ол. – О, қарасан келгірлер сол! Андағы жыңғылға сендерді қай жын қуып тықты екен, а?! Өк былай, өк!

Бақташы қаһарына мініп, малын қайырып-жиып алуға ұмтылды. Мелитон орнынан тұрып, аяндап өз жолына түсті. Ол аяғының астына қарап ойланып, бұл табиғаттың қаймағы бұзылмаған тыныш жері бар-жоғын тағы да есіне түсіруге тырысты. Қиялай жауып тұрған жаңбырдың ара-арасынан жолақ сәулелер тағы да көрініп, ағаш бастарына өрмелей жөнеліп, шыланған жапырақтарға сіңіп кеткендей болды. Дамка бір бұтаның түбінен кірпі тауып алып, оны иесіне көрсеткісі келгендей шәбелене үрді.

Өріректен бақташы айғайлай сөйлеп:

– Сендер жақта күн тұтылды ма? – деді.

– Тұтылды! – деді Мелитон.

– Бәсе. Қай жерге барсаң да, жұрттың бәрі күн тұтылды деп қауіптеніп-ақ жүр. Олай болса, бауырым, аспанның да берекесі кетті дей бер! Бәсе деймін-ау... Әй, өк былай, өк!

Бақташы малының алды-артын жиып, иіріп тастады да, ақ қайыңға сүйеніп, қойнынан сыбызғысын алып тарта бастады. Ол

бағанағысынша сылбыр, самарқау тартты: сыбызғыны қолына тұнғыш рет ұстаған жандай; сыбызғы үнінде ешқандай жүйелілік, үйлесімділік жоқ, алайда ол үн ойынан ақырзаман шықпай бара жатқан Мелитонның көңілін мүлде құлазытып жіберді. Сыбызғы дауысы қаттырақ шыққанда: сыбызғының өзі қалтырап, дірілдеп, құдды сырқаттанып жылап тұрғандай болады; сыбызғы дауысы бәсең шыққанда: тұман басқан жер, сусінді ағаштар, сұрықсыз аспан ыңырсығандай болады. Сыбызғы үні бүгінгі ауа райына, бақташы шалдың сиқына сәйкес секілденеді.

Мелитонның іші-бауыры езіліп кетті. Ол бақташының жанына барып, оның тұнжыр да кекесінді әлпетіне, сонсоң сыбызғысына қарап, күмілжи сөйледі:

– Атай-ау, күнкөріс мүлде қиындап кетті. Тамақ асырай алмайтын болдық. Қуаңшылық, жоқшылық әбден титықтатты... індет, ауру дейтін пәлелер асқынып барады... Ашаршылық ауыз сала бастады.

Сатушының былшиған беті ішқұса болған әйелдің бетінше күреңіте қалды. Сатушы өзінің көкейіндегі көмескі ойларын айтып жеткізуге сөз іздеген сынаймен саусақтарын шошандата тұрып сөзін жалғады:

– Бақандай сегіз балам бар, әйелім бар... шешем де әлі күнге дейін тірі жүр; айлық жалақым небары он-ақ сом, оның үстіне азық-түлікті өзім сатып аламын. Сонсоң жоқшылықтың өшін кейде арақтан алып жүрмін... ал әйелім жынданып кетті. Жалпы мен – байсалды, парасатты адаммын, білімім де жеткілікті. Үйде алаңсыз отырғым келеді-ақ, бірақ, өйтіп отыру қайда, – мылтығымды арқалап алып күні бойы итше сүмендеп кеп жүремін; үйде отырар болсам, ішім ұлып өлетінім айдан анық!

Сатушы айтпақшы сөзі мен айтқан сөзінің бір-біріне мүлде кереғар екенін аңғарып, қолын сілтеп қойып, нали түсті:

– Болатын заманақырлары тезірек болса екен өзі! Халық байғұс қашанға дейін тауқымет тартып, азып-тозып жүре бермекші!..

Бақташы сыбызғысын аузынан алып, оның жіңішке өзек саңылауына бір көзін жұма сығалап қарады. Мұңлы жүзін көз жасындай боп ірі-ірі су тамшылары тарамдап тұр. Шал жымыды:

– Менің жаным қатты ашиды, шырағым! Обал-ақ! Жер де, орман-тоғай мен аспан да... жан-жануарлар да о баста дұрыс ыңғайластырылып жаратылған еді, бәрінің де қадір-қасиеті бар еді. Енді бәрі де бостан-



босқа қор болуға айналды. Бәрінен бұрын адамдарға жаным ашиды.

Орман жақтан сабалай жауған жаңбыр дабыры жақындай бастады. Мелитон дабыр шыққан жаққа жалтақтап қарап, киімінің түймелерін салуға асықты.

– Мен деревняға кеттім. Қош бол, атай! Сенің атың кім?

– Кедей Лука дейді.

– Жарайды, Лука, қош бол! Көңілімді аулағаныңа рахмет! Дамка, жүр, кеттік!

Бақташымен қоштасқан Мелитон ілбіп орман шетіне шықты да, етегі шалшыққа малынып жатқан еңіске бет алды. Сәлден соң аяғының асты шылпылдай бастады; шалшықтың жасаң да жасыл қияғы «мынау таптап-жаншып кетпесінші» дегендей боп иіліп қалып жатыр. Шалшықтың қарсы шеті, жаңағы шал айтқан Құмды өзеннің арғы жағасы – қалың тал, оның арғы жағынан байдың тұман бүркеген қора-қопсысы мұнартып көрінеді. Даланы қаңыратып иен қалдыратын, жерді аздырып-тоздыратын, жасық талдың көз жасын көл қылатын тылсым-тақсырет уақыты жақындай түскен сияқтанады, ол апаттан аспандағы тырналар ғана аман қалып, бірақ, олар қасіретті табиғаттың көзіне күйік болмауға тырысып, биіктеп аспанға сіңіп кетіп, сол жақтан зарлана тыраулайтын тәрізденеді.

Мелитон артында ұзап қалып бара жатқан сыбызғының әлсіреген үніне құлақ түрген күйі өзенге ілбіп жақындай берді. Көкірегіндегі мұң-шері тынысын әлі де тарылтып келе жатыр. Жан-жағына мұңая қарайды, қараған сайын аспанға да, күнге де, тоғайға да, соңында сүмелектеген Дамкасына да жаны ашиды. Сыбызғы үні бір сәт шырқырап шырқау биікке көтеріле қалып, құдды зар-еңіреген кісі дауысына ұксап еді, Мелитон табиғаттың мынау тіршілікті талақ еткелі тұрған құбылысына тағы да күйзеле қатты налыды.

Шырқыраған үн үздігіп барып үзіліп кетті, – сыбызғының үні өшті.

## **А. П. Чеховтың қанатты сөздерінен**

\* \* \*

*Өмірдегі Чехов өзінің шығармаларындай шырайлы еді. Ол аса кеңпейіл, адал өнегелі, инабатты, сезімтал, жұмсақ мінезді және әдепті, әділетті, ерекше шынайы, қарапайым, сергек, барыниша ақиқатшыл, нәзікжанды жайсаң адам болды. И. Бунин.*

*Одан көз жазып, қатты өкініп қала бердік. Әрбір сөзі, қарағаны, жымығаны, қимылы, жүріс-тұрысы гажап әсем жаратылысты ақсүйек жан екенін танытатын еді. А. Куприн.*

\* \* \*

\*Сенің жақсы тәрбие көргендігің өзіңнің дастарқанға шырынды төгіп алмағаныңда емес, өзгенің төгіп алғанын байқағың келмейтігінде.

\*Шатырын жаңбыр шерткілеген үйінде отыру және үйінде тіршілікке бейжай кісінің жоқ екенін аңғару бір ғанибет қой!

\*Мәселе сарыуайымшылдықта да, жақсылыққа сенімділікте де емес, – жүздің тоқсан тоғызында ақылдың жоқтығында.

\*Не темекі тартпайтын, не арақ ішпейтін кісіні кездестіргенде оны делқұл неме шығар деп қалады екенсің.

\*Егер әйелің саған опасыздық жасаса, онысына қуан, – ол Отанға опасыздық жасаған жоқ қой?!

\*Университет барлық қырынды, оның ішінде надандығыңды да жетілдіреді.

\*Кейбір жасөспірімге сыртынан қарасаң, – сүйкімді, ал ішіне үңілсең, – тозаң.

\*Біреуді ұнатар-ұнатпасыңды біле алмасаң, көзіңді тарс жұм да, оны қасыңда да, басқа жерде де жоқ деп ойла. Сонда ол жоқ болады, – рахат!

\*Әзілкеш адамның сырбаздығы сырбаз адамның сырбаздығынан жүз есе сырбазды.

\*Ластан лас болмауды талап етуге болмайды.

\*Саусағыңа тікен қадала қалса: «Көзіме қадаламағанын айтсаңшы!» деп қуан.

\*Бүгін күн қандай тамаша. Шай ішсем бе екен, асылып өлсем бе екен?

\*Ақымақтар мен әулкілер ғана бәрінбілгіш болады.

\*Аурудың ауруды жеңілдететіні болады. Тісі қақсап отырған мысықтың құйрығын басып қалсаң, тісін ұмытып кетеді.

\*Ел-жұртсыз, ұшы-қиыры жоқ тақыр далада талығып жалғыз отырғаннан жоқтан өзгені бұтып-шатып сөйлей беретін сөзжадының жанында отырып сарылған ауыр.

\*Бос уақытым көп болсын десең, қыбыр етпей отыр.

\*Адам ақылды, ыждағатты болған сайын өмірі мәнді бола түседі.

\*Бойындағы құлдық сезіміңнен тамшылап болса да шығарып құтыл.

\*Мәлғұн болғысы келгенге бөгет жасама.

\*«Циник» – грек сөзі. Орыс тіліне аударғанда: өзінің шошқа екенін басқалар біліп жүрсін дейтін шошқа.

\*Егер адам атаулы бір жерге жиналып, адал болуды ұйғарса, ақырзаман жетті дей бер.

\*Ресейде талантты адамның таза болуы сирек.

\*«Өзіңді өзің тани біл» дегендердің қалай тани білуді үйретпейтіндері өкінішті.

\*Парижге әйеліңмен барғаның – Тулаға самауырыңды ала барғаның.

\*Әрқашан жақсы сөз айтып, ақыл үйретіп жүретіндердің біразы – надан.

\*Түптің түбінде шындық жеңеді деседі, әй, сол сөздің түбі жоқ шығар!

\*Өмірдің қадір-қасиетін білмейтіндерге шенеунік болғаннан басқа жол жоқ.

\*Ақылдымси беретін ақымақтармен сөйлесіп жарымайсың.

\*Жазушы болу оңай. Өзің сияқтыны тауып алып, ұсақ-түйекті бұтып-шатып жаза бер.

\*Шығармашылықтың нәрін тата білгенге одан тәтті ештеңе болмақ емес.

\*Сұлу сөйлеуді көксең, түсінікті сөйлеуді ойла.

\*Арақ ақ бола тұра мұрныңды қызартады, абыройыңды қарайтады.

\*Немкеттілік – базданған жан, мезгілсіз өлім.

\*Сырқатыңнан сауығуыңды тойды күткендей күтіп жүретін жанашырың болғаныны не жетсін!

- \*Бүгінгінді бір рет ойласаң, ертеңгінді жүз рет ойлай жүр.
- \*Сүйе білу және сүйікті бола білу – нағыз бақыт.
- \*Қысқа да нұсқа жазу – дарындылық.
- \*Таза еңбексіз өмір татымды болмайды.
- \*Ұлттық көбейту десте жоқтай, ұлттық ғылым да жоқ.
- \*Өнер, дарын иесіне кәрілік те, жалғыздық та, ауру да жоламайды, ажал аяғын аңдап басады.
- \*Ресейде философия жоқ, бірақ қылаяғы қиқоңызға дейін философ сияқтанып әуре.
- \*Өмір – қасқағым сәт. Ол әуелі сүйкей жаза салып, кейін толықтырып көшіріп жазуға көнбейді.
- \*Шіркін, еркіндік! Сенің сәл-пәл лебізің-ақ жанға қанат бітіреді емес пе?!
- \*Әйелдер ерлердің қауымынсыз әлсізденеді, ал ерлер әйелдердің қауымынсыз ақымақтанады.
- \*Ақылды оқуға ынтық, ақымақ оқытуға құмар.
- \*Адам өзінің адам екенін біле бермейді.
- \*Өмір – қарапайым құбылыс. Оны күрделі ету үшін көп күш керек.
- \*Мен ертең көрнекті болайын демеймін. Қысқа ғұмырымды арманмен, үмітпен, көбірек көріп-білумен адал өткізсем деймін.
- \*Ақылды бірдің айналасында ақымақ мың бар. Түзу бір сөздің маңайында қисық мың сөз бар. Мыңдар жеңіп кете береді.
- \*Өмір – жұмбақ. Келеңсіз кеңістік... көріксіздік... сағым. Күн артынан күн, жыл артынан жыл өтеді, ал сен сандалып жүресің.
- \*Сұмпайы болу және өзінің сұмпайы екенін білмеу, мінеки, орыс сұмпайысының ерекшелігі – осы.
- \*Қарапайым екіжүзділер көгершін сияқтанып жүрсе, екіжүзді саясатшылар мен әдебиетшілер – бүркіт сияқтанады. Алайда бүркіттерден қаймықпандар, олар – егеуқұйрық пен шәуілдектер.
- \*Өлім қорқынышты, ал өлмеуді, мәңгі жасауды көксеу одан да қорқынышты.
- \*Кейбір жігіттер сыртынан қарасаң,– сұлтан да, ішіне үңілсең, – жәдігөй.
- \*«Темекі тартатын қыздың ернін сүю күлсалғышты сүйгенмен бірдей» деп жүретіндердің «күлсалғышты сүйіп» тынатыны қызық!

### *А. П. Чеховтың көңілді күндері*

Мен айтқалы отырған бұл жәйт Антон Павловичтің әдеби қызметінің ең алғашқы жылдарында болған еді.

Сексенінші жылдардың басы. Чеховтар Сретенкада, Головин переулосында, екіқабатты ағаш үйдің үстіңгі пәтерінде тұратын. Ол үйдің кімдікі екені есімде жоқ, әйтеуір, астыңғы қабатында киім тігетін бір әйел тұрды.

Көңілге де, көзге де ыстық кездер-ай!..

Мен Чеховпен 1881-жылы «Будильникте» танысқанмын. Содан «Зрительде», «Осколкиде», «Свет и тениде» қызметтес болып, достасып кеттік. Антон Павловичтің інісі, талантты суретші Николай Чеховпен де сонда табыстым.

Чеховтардың үйінде суретшілер де бас қосып тұратын.

И.И.Левитан сол тұстан бастап ақырғы күндеріне дейін Чеховтармен қарым-қатынаста болды.

Сол жолдас-жоралар Столешников переулосында менің үйімде де жиі кездесіп жүрдік. Бірде біздікіне Чеховтар, И.И.Левитан, тағы бір суретшілер жиналды.

Шай үстінде Левитан менің суретші-достарым қолтаңбаларын қалдырып жүрген альбомымды алып, оған қарындашпен екі әсем сурет салды: «Айлы түндегі теңіз» және «Кіші-ресей пейзажы» деді.

Одан кейін альбомды Николай Чехов алып, қызыл және көк қарындашпен әйелдің сұлу бас бейнесін салды.

Жиналғандар суреттерге таң-тамаша қалысты.

Антон Павлович суреттерді байыптап ұзақ көріп отырды да:

– Өстіп те сурет сала ма екен? Осы да сурет пе? Ешкім түсінбейтін бірдеңе! Теңіз дейді! Қайдағы теңіз?.. Бас дейді! Басыңа болайын! Кімнің басы екені айтылмаған... Суретті бұлай салмас болар! Сурет дегенің бір қарағанда-ақ не екені түсінікті болуы керек. Суретті қалай салу керектігін қазір көрсетейін сендерге! – деп қатты кейіп, альбом мен қарындаштарды алып, менің кабинетіме кіріп кетті.

Ол бірнеше минуттан кейін сол кейіген күйінде қайтып оралып, альбомды Левитанның алдына қойды да:

– Сурет салып үйрен, – деді.

Антон Павловичтің суретінде: теңіз, кеме, оң жақта – тау, қалпақты

кісі, мұнаралы, жарнамалы үйлер, аспанда ұшып жүрген құстар бейнеленіпті.

Әр суретке: теңіз, турист, трактир деп аттары жазылыпты. Одан соң: «Петр Ионыч Губониннің Гурзуфтағы меншікті қонысының көрінісі. Суретті салған А.Чехов» деп жазыпты.

– Суретті, міне, осылай салады! Ал, сен, Гиляй, менің бұл бірден-бір көркем дүниемді сақтап қой: мен ешқашан сурет салған емеспін, енді салмаймын да, – Левитанның аузынан нанын жырып алып қайтем! – деді Антон Павлович.

### **В. ГИЛЯРОВСКИЙ.**

*(«Чехов замандастарының есінде» атты кітаптан).*

***Жазушы-романишы, сықақшы  
У.Теккерейдің гибратты сөздерінен  
(Англия).***

\*Әрекетің – әдет, әдетің – мінез-құлық, ал мінез-құлқың – тағдырың.

\*Жаратушы иеміз адамзатты ынтымақпен ұйытты. Меніңше, фәниде өзгені силамайтын, құрметтемейтін және өзгеден жақсылық көрмейтін кісі жоқ, біз – Адамнан тараған бір отбасымыз.

\*Адам баласының тағдырын бағыттайтын беймәлім, бетпақ ақыл да бар, ол адал, қарапайым дананы кемсітуді, менменшіл, залым ақымақты көтермелеуді көксейді. Беу, ағайын, тағдырың тарынбаса, – шүкіршілік жасай біл. Өзіңмен теңдес өзгелер сенен гөрі пәс, қиын тірлік кешіп жүрсе, сен оларға мейірімді, жанашыр бол.

\*Қандай әңгімелерді жаңа лепті деп айта аламыз? Жалпы әңгіме атаулының арғы тегі аңыз-мысалғой. Махаббат пен ғадауаттың кескін-кейпі адамзат тарихының алғашқы парақтарында-ақ бейнеленді емес пе? Мысал Эзоптан жүздеген жыл бұрын жазылған; арыстан терісін жамылған есек көне еврей тілінде бақырған. Қу түлкілер этрусша жылмандаған; қой терісін жамылған қасқыр санскритше ырылдаған. Бүгінгі күн сол алғашқы кездегісіндей шуақты, бүгінгі ағаш сол кездегісіндей жапырақ жайып, ондағы бүгінгі құстар да сол замандағыларша сайрауда.



\*Әлем – айна. Одан әрбір адамның кейпі көрініп тұр.

\*Тым асқақтап кеткен жазушының құлдырауы да болмай қоймайды.

\*Жақсы кітап адамның жанын жадыратады, еңсесін көтеріп, жігерін жаниды, рухын қанаттандырып, ақылын молайтады, жүрегін жұмсартады, жақсылыққа құмарттырады.

\*Ана – сәбидің жүрегіндегі Құдайдың аты.


\*Мен үйімнің әрқашан сәнді болуын қалаймын. Таза бөлмеде тұруды ұнатамын. Ал ол үшін сібірткі мен сүрткіш-жуғыш таңдап әуре болмаймын.

\*Бұл дүниенің баспалдағы атақтылар мен байларға кең, оп-оңай жоғарылата береді. Намысты кедей шіркіндер жоғарылау үшін тік қабырғаға жармасады, баспалдақта мыжғыланады, өте алуы мүмкін қараңғы да кір тесіктерге кептеледі, – тек жоғарыға апарса болды.

\*Адамның қадір-қасиетін кетіретін кемшіліктің ең жексұрыны, жиіркеніштісі – менмендік.

\*Соғыс ерлерге де, әйелдерге де алым-салық салады: ердің қанын, әйелдің көзжасын алады.

\*Егер әзіл күлдіру ғана болса, онда сіз, клоунның өміріне мән бермейтініңіздей, әзілші жазушыны да көріп-білуге ынтыға қоймас едіңіз. Әзіл сіздің махаббат, жанашырлық, кешірімділік сезімдеріңізді оятуды, жетілдіруді нысана етеді; сізді өтірік-өсектен, алдап-арбаудан, жалған атаққұмарлықтан, жаны нәзіктерге, еңбегі еш болғандарға, бақытсыздарға қайырымсыз, мейірімсіз болудан сақтандырады. Ол өзінің шама-шарқына қарай адамдардың күнделікті тыныс-тірлігіне қажеттердің ең маңыздыларын айтып береді. Тоқ етері: ол – періштенің міндетін атқарушы.



**Марк ТВЕН,**  
ағылшын жазушысы.

## **ҚОРЛАП ӨЛТІРУ ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ**

*(Үзінді)*

Қайран Миссури!

Жан түршігерлік бұл оқиға штаттың оңтүстік-батыс шетіндегі Пирс-Ситидің маңында болған еді. Жексенбі күні тапа-тал түсте шіркеуден жалғыз шыққан ақ нәсілді келіншек ұшты-күйді жоғалып, өлігі бір қалтарыстан табылды. Ия, онда шіркеулер бар болатын: менің бала кезімде Оңтүстікте дінге сенім тіпті күшті және, Солтүстіктегімен салыстырғанда, мейлінше кең тараған еді. Меніңше, жұрт дінге барынша құлай сенетін, құлшына табынатын. Әлі де тап сол қалпында қалып қойған сияқты болады да тұрады маған. Сонымен келіншек өліп жатқан жерінен табылды. Ол төңіректе шіркеу мен мектеп аздық етпесе де, халық қатты ызаланып, барынша бүлінді: үш негрді (екеуі қаусаған қарт) қорлап өлтірді, негрлердің бес лашығын өртеп жіберді және отыз отбасын орманның ішіне қуып тықты.

Мен бұл жерде жұртты мұншалықты қылмысқа итермелеген нәрсенің не екеніне тоқталғалмақ ниеттен аулақпын. Өйткені мұның іске ешқандай қатысы жоқ; мәселе мынада: кісі өлтірушінің сотты өзі билеп-төстеп өткізуі мүмкін бе? Мәселе төтесінен, әрі дұрыс қойылып отыр. Егер кісі өлтірушінің заң талабын бұзғаны дәлелденіп, істеген зұлымдығына қарай лайықты жаза берілген болса, онда бұл туралы сөз етудің де қажеті жоқ: кісі өлтіруші, мыңдаған себеп айтса да, ақтала алмақ емес. Ал, Пирс-Сити тұрғындарының елеулі себептері бар еді, – кейбір тәптіштелген толық деректерге қарағанда, олардың себептерінің ішінде айрықша елеулі бір себебі болатын, – бірақ бұл жерде мәселе онда да емес: тұрғындардың сотты өздері билеп-төстеп өткізгісі келгенінде. Бұл ретте олар жергілікті заңның әдеттегі талабы орындалған күнде де кінәлі адамның сөзсіз дарға асылатынына қарамады. Бұл аймақта негрлердің аз екенін, олардың қолында билік



күші жоқ екенін, сондықтан да сотқа ықпал ете алмайтынын біле тұра кінәліні қорлап өлтірмек болды.

Еліміздің біраз жерлерінде «кәдімгі үйреншікті қылмыс» жасағаны үшін тағылық әрекеттерге толы қорлап өлтіру арқылы кек алудың таңдаулы тәсілге айналуының себебі неде? Мұның себебі осы бір жан түршіктіретін жексұрын жазаның, түрме ауласында ешқандай көлденең көзсіз, у-шусыз дарға аса салумен салыстырғанда, жұртты неғұрлым қатты қорқытып-үркітудің көрнекі де әсерлі құралы болуында жатқан жоқ па екен? Ақыл-есі дұрыс адамдар, әрине, бұлай деп ойламайды...

Линч соты бұған дейін Колорадоға, Калифорнияға, Индианаға жетіп үлгірген еді, енді, міне, Миссуриге де келді. Бүйте берсе, менің Нью-Йорктағы Юнион-сквердің қақ ортасында, иінтіресіп тұрған елу мың халықтың көз алдында негрді маскара қорлықпен тірідей өртейтін кезді, бірақ ол маңайдан заңдылық пен тәртіп сақтау орындарының бірде-бір өкілі – шериф те, губернатор да, полиция да, солдат та, дін қызметкері де табылмайтын кезді көріп өлетінім әбден мүмкін болмақ.

«Қорлап өлтіру көбейіп келеді. 1899 жылмен салыстырғанда 1900 жылы қорлап өлтіру саны сегіз адамға артты. Ал, биыл, шамасы, былтырғыдан да арта түсетін шығар. Өйткені қазір, жылдың жартысы енді ауа бастаған кезде, қорлап өлтірілген адамның саны сексен сегізге жетті. Ал, былтыр жыл бойы барлығы жүз он бес адам осылай өлтірілген еді. Бұл ретте әсіресе оңтүстіктегі төрт штат – Алабама, Джорджия, Луизиана және Миссисипи ерекше көзге түсуде. Өткен жылы Алабамада сегіз адам, Джорджияда – он алты адам, Луизианада – жиырма адам, Миссисипиде – жиырма адам қорлап өлтірілді. Сонымен бүкіл елде қорлап өлтірілген адамдардың жартысынан астамы осы штаттардың үлесіне тиеді. Ал, биыл, қазірдің өзінде Алабамада тоғыз адам, Джорджияда – он екі адам, Луизианада – он бір адам, Миссисипиде – он үш адам қорлап өлтірілді. Бүкіл Құрама Штаттар бойынша, қорлап өлтірілген адамдардың жалпы санының жартысынан астамы тағы да осы штаттардың үлесіне тиіп отыр».

(«*Чикаго Трибюн*»)...

Техастан келген жеделхат:

«Негрді биік талдың түбіне сүйреп әкелді де бұтағына асып қойды.

Оның астына отын мен кураған бұталарды үйіп, лапылдата алау жақты. Осы кезде біреу негрдің бұлай тез өлуіне жол бермеу керек, біраз азаптай түсу қажет дегенді айтты. Негрді төмен түсірді. Бірнеше адам екі миль жердегі Декстерге керосин әкелуге кетті. Келген соң алаудың үстіне керосин құйды, сөйтіп іс ақырына дейін жеткізілді».

«ӨМІРБАЯННАН»  
*РОНАЛЬД РЕЙГАН*

Кеше теңеу-теңдесі жоқ тарихи екі оқиға — жаңғырығы замананың жықпыл-жықпылынан сан ғасырлар бойы сарнап тұратын оқиға; адам өз тарихын жазудан қалғанға дейін оның жадынан өшпейтін оқиға болды. Кеше «Маркони» бірлестігі Атлантиканың бір жағалауынан екінші жағалауына сымсыз телеграф арқылы тұңғыш рет хабар жеткізді; кеше Құрама Штаттардың президенті өзінен үш миль қашықтықтағы аюды он төртінші рет оңдырмай шошытты. Одырандаған аю құжынап тұрған иттерге, қорықшыларға, дабыл қағушыларға, үркітушілерге, сарай серілеріне, аспазшыларға, ерікті атты әскер полкының, жаяу әскер мен зеңбірекшілердің пірлеріне тап болды да, баяғы әдетінше тоғанның арғы жағына өтіп, орманға сіңіп кетті, ал президент баяғысынша басқа жаққа қарасын батырды, оның ізін ешкім кесе алған жоқ. Ұйлыққан топтың жартысы аюдың соңынан сарыла қарап қалды да, жартысы ұлы аңшыны іздеп табу үшін Луизиана штатына қарай шаба жөнелді. Топырлаған тобырлар аю аулағанды қоя тұрып, алдымен президент аулауға неге кіріспеді, ә? Қарасы батқан екеудің керек кезде табылмай қалатыны президент қой...

Әлқисса, олар президентті тауып алып, аюдың ізіне салып жіберіп еді, ол орман ішін иттермен бірге біраз шарлады да, «табиғат тәуібі» доктор Лонг ол іздің сиыр ізі екенін айтқан соң қолын бір-ақ сілтеді. Ғажап шаруа сөйтіп шатқаяқтап қалды. Ұлы мәртебеліміз бүгін Вашингтонға аттанып, өзінің көкейкесті жоспарын: қару құрсанған кемелерін қаптатып, Никарагуаны соғысқа киліктіруді жүзеге асырмақшы. Толып жатқан ғұламалар оның жоспары керісінше екенін – Никарагуаны бейбітшілікті сақтауға мәжбүр ету екенін айтады. Меніңше, ол тек соғысты көксеп жүр. Ол Гренаданың астын үстіне шығара атқылап, абырой-атаққа қарық болды, содан бері көзі қанталап, мен мұндалап әлек. Әлі есімде, ол бір күні Токиода, біраз мырзалар

қатысқан қонақасыда, дені-қары саулардың жүйелі сөздерін үш-төрт мәрте бөліп, Гренаданы көлденең тарта лепірді. Ол әңгіме, әсіресе соғыс жайында, сол қырғындағы қаһармандық туралы болғанда есінен мүлде айырылып қалатын көрінеді. Ол: шіркін-ай, бір жойқын соғыс болсашы, онда бас генерал да, бас адмирал да мына мен болсамшы, сөйтіп, бұ жарық дүниеде сол екі дәрежені жалғыз иемденген қасқа да өзім, жайсаң да өзім боп шыға келсемші деп қиялдайтын көрінеді...

Дегенмен, президент сиырдың көкесін көзіне көрсетті! Егер онысының сиыр екені рас болса. Кейбіреулер онысы аю – кәдімгі аю деседі. Олар – оны көргендер, бірақ бәрі де Ақ үйде қызмет істеп, ұлы аңшының қолынан жалақы алып жүргендер, ал ондай дәрежедегі куәлардың сөздеріне сену қиын-ақ. Президенттің өзі де оны аю деп қаншалықты қасарысқанмен, күмәннің сейіле қоюы екіталай, қайта күшейе түсетін шығар. Президент бір кездерде елеусіз ғана пенде еді, тек бертінде, екі дізгін, бір шылбыр қолына тиген соң, түшкіріп қалғанының өзін теңеу-теңдесі жоқ тарихи оқиғаға балайтынды шығарды...

**Аудармашыдан әзіл.** *Бұл естелікті жазушының 1980 жылы Москваның «Правда» баспасынан шыққан Шығармалар жинағынан көшірген кезде «аз-маз жаңсақтық жіберіп алыппын»: 1907 жыл – 1983 жыл; Теодор Рузвельт – Рональд Рейган; Жапония – Никарагуа; Брандер Мэтьюз – Токио; Сан-Хуан-Хил – Гренада деп жазылып кетіпті. Бұл үшін, әрине, Марк Твен ақсақалдың аруағынан кешірім сұраймын. 1984 жыл.*



**Чарльз ЧАПЛИН,**  
ағылшын әзіл-сықақшысы.

### 5 ЖАСЫМДА

Сахнаға бес жасымда бірінші рет шығуыма әнші шешемнің дауысы бұзылғаны себепші болды. Шешем күнде кешке театрға баруға тиіс еді де, мені, жиһаз толы үйде жалғыз қалдырмай, ертіп алатын. Сол кезде ол Олдершоттағы сырты жұпыны, іші лас театрда ойнайтын. Көрермендердің басым көпшілігі солдаттар еді, олар беталды күліп,

мазақ сөздер айтып, дәрекілене беретін. Актер атаулыға Олдершотта өнер көрсету азап-сын болатын.

Әлі есімде, мен сахнаның сыртында тұрғанмын, бір уақта шешемнің дауысы қырылдап қалды. Залдағылар қиқылдап-қарқылдап күліп, біреу барылдап әндетіп, біреулер миялаулап, ию-кию болды да кетті. Мен дәнеңе түсінбей дал болдым. Айқай-ұйқай үдеді. Шешем сахнадан кетіп қалды. Қатты күйініп, директорға барып, екеуі қатты-қатты сөйлесті. Кенет директор мені нұсқап, «мынаны сахнаға шығарсақ, жағдай түзеледі» дегенді айтты шешеме. Ол менің бірде, шешемнің таныстары алдында, «өнер көрсеткенімді» байқапты.

Иә, оның мені ырду-дырду зал сахнасына жетектеп алып шыққаны, не болғанын қысқаша түсіндіріп, мені сахнада қалдырып кете барғаны есімде. Темекі түтіні басқан залдың шамдары жарқыраған сахнасында тұрып, көпшілікке белгілі «Джек Джонс» деген әнді бастадым. Оны ойнауға даяр емес оркестр әлек-шәлек болды. Мен айта бердім:

Джек Джонс базаршыларға жақсы таныс.

Сіз де мүмкін білерсіз?

Бұрын оның кім болғаны жайында

Естілмейді сөз теріс.

Бір заманда оған мұра бұйырды.

Бұл Джонс ол Джонс емес енді.

Байырғы достарына ұнамады

оларға мұрынын шүйіргені.

Таңертең «Телеграфты» окитын болды,

бұрынғы «Старды» менсінбей.

Не қайыр енді одан, – білмейміз.

Шіреп жүр, бізді кісі екен демей.

Әннің жартысын айтып үлгіргенімше сахнаға тиын-теңге жаңбырша жауды. Мен әнді доғарып, қалғанын мынау ақшамды жинап алған соң айтатынымды хабарладым. Жұрт қарқылдап кеп күлді. Сахнаға қолында орамал бар директор шыға келіп, тиын-теңгені жинауға кірісті. Өзі алып кететін шығар деп ойлап, шын шошыдым. Ол халімді аңғарған көрермендер күле бастады. Директор сахнадан кетуге айналып, мен оның қырсоңынан қалмаған кезде күлкі тіпті күшейді. Директор жинап алған ақшаны шешеме апарып бергенін көрген соң мен көңілденіп, сахнаға қайтып оралдым да, өз үйімде

тұрғандай-ақ еркінсіп, жұртпен жайбарақат сөйлесіп, билеп те беріп, басқа әншілердің дауысын сала ән шырқадым. Шешем сүйіп айтатын ирландық маршты бастадым:

Райли, Райли – баршаға сүйкімді.

Райли, Райли – ең жақсы жігіт.

Жетпіс сегізіншідегі

Райлидей айбынды сержант

бүкіл армиядан табылмас,

ізесең де, жіпке тізіп.

Қайырмасын қайталағанымда, әлде жаным ашығандықтың нышаны болды ма, шешемнің дауысы қалай бұзылғанын өзімше ұқсатып айттым. Онымды жұрт түсінді ғой деймін, олардың жайдарылана құптай күліп, қол шапалақтап, ақшаны тағы жаудырғандарына еріксіз таңдандым. Сірә, мені алып кеткісі келген болар, шешем сахнаға шыққан сәтте залдағылар тік тұрып, дуылдата қол соғып қошеметтеді.

Менің ең алғашқы концертім, шешемнің ең ақырғы концерті сол болды.

## ЕКІ БАС

Бірде Сэм Голдвин Голливудқа келген мүсінші Клер Шериданның құрметіне қонақасы бермекке шақырылғандардың ішінде мен де болдым. Мейманның «Мэйферден Мәскеуге дейін» деген кітабы шығып, қауымға ерекше күшті әсер еткен-ді.

Бойшаң, келбетті Клер Уинстон Черчилльдің жиеншары еді. Әйгілі Ричард Шериданның әулетінен. Ол – революциядан кейінгі Ресейде болған алғашқы ағылшын әйел.

Оның кітабында большевиктерге оң көзбен қараушылық болса да, жұртшылық оған наразы бола қойған жоқ. Американдарды Клердің ағылшын ақсүйектерінен шыққаны ғана таңдандырды.

Нью-Йорктың алпауыттары оны жиі шақырып тұрады, ол бірнешеуіне кеуде мүсінін жасап берді. Сондай-ақ, оның қолынан Герберт Суоп, Бернард Барух және басқалардың мүсіні шыққан.

Менің Клермен танысуым оның, алты жастағы ұлы Диккиді ертіп алып, елді аралап дәріс оқып жүргенінде болды.

АҚШ-та мүсін жасаумен ғана өмір сүру мүмкін емес, деп налыған-ды.

– Американ жігіттер әйелдерінің маған келіп, қалағанымша кескіндеуіме келісетіндеріне қарсы болмайды, ал өздері жоламайды, тым қарапайым, – деді ол.

– Ал мен қарапайымдылықтан адамын, – дедім мен.

Біз былайша келістік: оның батпағы мен саймандары менің үйіме апарылады да, мен түскі астан кейін, кешке дейін, оның әмірінде боламын.

Клердің әңгімеқұмарлық қасиеті мені де баурап алып, талабына сай тырп етпей отыруға әбден көндіктім. Сөйтіп, кеуде мүсінім дайын болды-ау деген күні мүсінді айнала мұқият қарап алдым да:

– Мынаның басы – нағыз қылмыскердің басы, – дедім.

– Керісінше, нағыз данышпанның басы, – деді Клер, сүйінген кейппен.

Мен күлдім де, данышпан мен қылмыскердің түбі бір екендігі туралы теория барға сүйеніп, екеуінің әрқайсысы өзге ешкімге ұқсамайды дегенді айттым.

Бірде Клер Ресей жайында дәріс оқи бастасымен өзінің қоғам шетке тепкендердің арасында жүргендей болғанын айтты. Мен оның көркемсөз шебері емесін, оған саяси фанатизм жат екенін білетінмін.

– Сіз Ресей туралы өте тартымды кітап жаздыңыз, осымен тоқтаңыз, саясатты қайтесіз, ол көп кедергіге кездестіреді ғой? – дедім.

– Мен осы дәріспен жан сақтап жүрмін. Ал жұрттың шындықты тыңдағысы келмейді. Мен алдын ала әзірленбей сөйлегенде тек шындықты айтамын. Өйткені мен сүйкімді большевиктерімді жақсы көремін, – деді ол, жылы жымыып...

## **КЕЙІПКЕРІҢЕ АЙНАЛА БІЛ**

Актер өзі ойнамақ кейіпкерін өзіндей көріп, сүйе білуге тиіс. Менің бұл сөзімде ешқандай ерсілік жоқ. Кейбір актерлерден: «Бұл рөлді керемет жақсы көремін!» дегенді естіп жүрмін, демек, ол сол рөлдің әсерімен өзін-өзі жақсы көрді, яғни сүйді. Онысы «мен!» деушілік болуы да мүмкін, алайда үлкен актерлер әрқашан өзінің шеберлігіне сүйінеді. «Қоңыраудағы» Ирвинг, Свенгали рөліндегі Три, «Шылымшыл қыз хикаятындағы» Марин Харвей – бәрі де, ортақол пьесада ойнаса да, рөлдерінде тамаша таныла білді. Театрды жақсы көру жеткіліксіз, тапсырылған рөлді мінсіз меңгеретініне өзің нық сеніп, өзің соған

айналып, өзінді өзің сүйе білуің керек... Станиславский, мәселен, «іштегі шындыққа» құмартты, ол, – меніңше, – кейіпкердің «рөлін ойнау» емес, кейіпкердің «өзі болу» деген сөз. Өйту үшін кейіпкерге айналу: арыстанның немесе қыранның бейнесіне сіңу, соның жан-жаратылысын сезіну, небір тосын жәйтте олардың нендей әрекет жасарын актер анық білуге тиіс. Ондай дарынды айтумен дарыта алмайсың.

*(Чарльз Чаплиннің «Өмірбаяным» кітабынан.)*

### **«Аңыз адам» журналының сауалдарына жауап:**

*1. Ч. Чаплинді сатирик деп атауға бола ма?*

Оны «комик», яғни күлдіруші болды деген пікір басым. Ал күлкінің негізгі «сорттары» – юмор мен сатира. Қазағымша: әзіл мен сықақ. Меніңше, әзіл – адамның, ұжымның, қоғамның тірлігіндегі кемшілікті «сипай қамшылау», ол кемшіліктерді жасағандарға кешіріммен қарап: «Міне, сен былай істедің, мұны түзетуің керек» деген сынаймен жеңіл әжуалай күлу. Ал сықақ – тілдің шокпары, ол нысанасына іліккен кейіпкерін жаныштап тастайтын күлкі. Осыны ескерсек, Чаплин – сатирик дей аламыз. Ол толықметражды, қысқаметражды, дауысты, дауыссыз жүз шамалы кинофильм жасады. Бәрі де айызыңды қандыратын күлкілі. Егер соның бәрі комедия болса, Чарли комик қана болса, ол өз Отанынан – Америка Құрама Штаттарынан қуылмас еді. «Үлкен қаланың оттары», «Қаңғыбас», «Зор диктатор», т. б. фильмдері қоғамның қоясын ақтарған саяси астарлы сатира болғандықтан қоғамның қожаларына жақпады.

*2. Оның өз фильмдерінің сценарийін өзі жазғаны белгілі. Сценарист Чаплиннің өзге авторлардан ерекшелігі не еді?*

Иә, ол фильмінің сценарийін өзі жазды. Оның өмірі өте ауыр болды. Өз күнін өзі көру үшін, егер жаңылыспасам, 12 жасынан жұмыс істеді. Көше кезіп газет сатты; ойыншық фабрикасында ойыншық желімдеуші болды; баспаханада, үрлеп шыны жасайтын шеберханада, емханада жұмыс істеді. Акробат болғысы келіп барып, саусағын сындыра алып тотиды. Көбінде қалайда жұмысқа орналасу үшін жасын өсіріп айтып, ол қулығы ашылып қалып қуылды... Ал ол тауқымет бірте-бірте артта қалып, қалтасына «артық» тиын-тебен түсе бастаған кезде басынан

кешкен оқиғаларды дыбыссыз киноға айналдыруға құмартыпты. Оның әке-шешесі театр артистері болған. Шешесі күлдіргі әңгіме, әсіресе анекдот айтуға шебер екен, яғни Чарли шешесіне тартып, күлкіге бейім болып, сол өнерін сахна, экран арқылы паш етуді ең алғаш қысқаметражды дыбыссыз «Жансақтау» киносымен бастаған. Біздің ақиық ақынымыз Қасым Аманжолов: «Өзге емес, өзім айтам өз жайымды» дегендей, Чаплиннің киносценарийді өзі жазуы – нені болсын басқалардан естіп, жорамалдап, боямалап жазатындардан әлдеқайда артықшылығы.

*3. Фильмдеріне сценарийді өзі жазуына не себеп болды?*

Бұған 2-сұрақта жауап болды ғой.

*4. Сізге Чаплиннің қай фильмі ерекше ұнайды? Ондағы сценарий желісін еске түсіріп көріңізші.*

Маған «Үлкен қаланың оттары» фильмі ерекше тартымдылығымен ұнады. Ондағы бір оқиға – полициядан қашып-пысып күн көріп жүрген қаңғыбас бозбаланың гүл сатушы қыздың (әйгілі актриса Вирджиния Черриллдің рөлі) ажарына тәнті болғаны және қыздың көзі көрмейтін байғұс екенін білгенде одан безінбей, оны емдетуге ақша жинағаны – юмор да емес, сатира да емес, нағыз адами аяушылық сезімнің ашық хикаяты. Мен оны көруден қалайда жалықпаймын және көрген сайын көзіме жас үйіріледі.

*5. Атақты актердің халық жадында ұмытылмастай қалып қоюының, фильмдерінің арада қаншама жыл өтсе де сұранысқа ие болуының сыры неде?*

Біздің әдебиет сыншыларында ұнатқан шығармаларына (әңгіме, хикаят, роман, дастан) жайында: «Өмірден ойып алып жазған» деп баға беру бар. Өмірде кездесетін шындықты жазғанына сүйінушілік. Яғни Чаплин фильмдері ақиқатымен, өміршендігімен құнды. Әлем киноматографында Ұлы Тұлға атанған комик, сатирик қай заманда, қандай қоғамда болсын, өкінішке қарай, болмай қоймайтын әлеуметтік ақауларды сарқылмас күлкі күшімен әлемдік экранға шығарды. Құдай Чарльз Чаплинді қазақ топырағында тудырса, арғы-бергімізге талай «табақ тартар» еді. Мүмкін біздің шонжар аталарымыз оны Қытай асырып қуып та жіберер еді.



**Николай Васильевич**

**ГОГОЛЬДИҢ қанатты сөздерінен:**

\*Шығармашылықтан шырайлы да шырынды кәсіп жоқ шығар.

\*Сөзге адал болған жөн.

\*Әдебиет әлемінде өлім жоқ, марқұм болғандар тірлік етіп жүрген біздің әрекеттерімізге араласып, жанымызда болады.

\*Ақымақтың сөзі не, өзі не десек те, кейбір сөзі ақылды адамды адастырады.

\*Жақсы әкенің тәрбиесіне ешбір мектептің тәрбиесі тең бола алмайды.

\*Пәленшекеңнің орнында болса жұртты жарылқап тастайтындай болып жүретіндер өз орнында да қызмет істеп ешкімді жарытпайды. Бүкіл кеселдің себебі сонда.

\*Ашу-ыза оң істің де өңін айналдырып жібереді.

\*Кімге болсын ашулануға мәжбүр болсаң, сол халің үшін сол сәтте өзіңе де ашулануды ұмытпа.

\*Күн жарқырап тұрса, – кейіпкеріңді ізде, ал күңгірттеніп тұрса, – жазуға кіріс.

\*Егер орыста қуатты болуына қауіпті бітіспес жау бар болса, ол – жалқаулығы.

\*Ешқандай себебі болмаған күнде әйтеуір біреуді аяғынан шалмаса жүре алмайтындар бар.

\*Менің еңбегім, ойым, аты-жөнім Ресейдің меншігі болады.

\*Дәнеңеден қорықпайтындар күлкі болудан қорқады.

\*Өзің үшін өзің жауапты болғаннан артық жоқ.

\*Алдын ала мақтану алжасқанмен бірдей.

\*Отан – жан-жүрегің іздейтін ең жайлы мекенің.

\*Басқалармен бәсекелесейін деп жазбайсың, жан сырынды ақтарғың келген соң жазасың.

\*Құдай біздің әрқайсымызға өзі берген орында болуды тапсырды. Алайда айналаңа қарай жүруің керек.

\*Көз алдындағы үлгіден күшті әсер жоқ.

\*Бүгінгі өмірге жіті үңіліп қарасаң, келешек көріне бастайды.



\*Өзгелердің өзіңді жақсы көруінен бұрын өзіңнің өзгелерді жақсы көруіңді ойла.

\*Көзге көрінбейтін күлкі көзден жас ағыза алады.

\*Ей, орыс халқы! Өз ажалыңнан өлгің келмейтіні-ай!

\*Мен оны жанымның жанарымен көрдім!

\*Халық әнінің маңызын айтуды ұнатпаймын. Ол – халықтың ғажап әсерлі, жарқын, әсем, шынайы тарихы, өмірінің өзі!

\*Мен шат-шадыман, жайсаң өмір сырын аштым, ал бақытқа құмар жұрт соны көре сала қаша бастады.



***М. Е. Салтыков-Щедриннің  
айтқандарынан:***

\*Бізде тіл табысу жоқ: не табынамыз, не таяқ жейміз.

\*Еуропаның біздің бір сомға жарты құнын беріп жүгеніне шүкіршілік, оның орнына мұрнымызды бұзса, қайтер едік.

\*Орыс әйелі көрген тәрбиесіне, алған тәліміне қарай өмірде көнбеске көніп жүре береді.

\*Қасиетті Русьте адам бір нәрсеге таңданғаннан аңқиып қалса, сол күйінде өледі де.

\*Біз, орыстар, дені дұрыс тәрбие көрген жоқпыз. Бізді қоғамның негізін жақтаушы, насихаттаушы белсенді етіп қатаң ширықтырмады. Сондықтан бізде жағымпаз аз да, суайт, дінсіз, мылжың көп. Бізге қоғамның құбылысына қарай жақсыаттану керек емес, өйткені қоғамның негізі не екенін білмейміз, қоғам да бізді жарылқайын демейді. Біз бет-бетімізге жүрміз, енжармыз, өтірік айтамыз, мылжыңқұмармыз, бізде ешқандай негіз жоқ.

\*Ілгерілеу – қиын, шегіну – мүмкін емес.

\*Көбіміз «Отан» мен «Жоғары мәртебелімді» шатыстырып жүрміз.

\*Отан – сен бет-бейнесін анық білмейтін құпиялы тірі жаратылыс, бірақ оның өзіңе әсері барын сезініп жүресің, өйткені екеуіңнің кіндіктерің бір.

\*Елінің, жақындарының тағдырына немқұрайды қарайтын,

тағдырдың бір сәт иілуімен алақанына түскен алтынды көбейтуді ғана ойлайтын саңлаусыз кісі өте қауіпті.

\*Теміржолды басқа елдер қарым-қатнасқа пайдаланады, біз оған қоса ұрлыққа пайдаланамыз.

\*Егер мен бүгін көз жұмып, жүз жылдан соң оянсам, менен бүгінде Ресейде не болып жатқанын сұраса, мен: арақ ішу мен ұрлық жасау болып жатыр, дер едім.

\*Ресей заңдарының жұмсақ болу себебі: олар іске аспайды.

\*Ең жаман заңдар Ресейде, алайда орындалмайтындығымен жақсы да.

### **Ағылшын жазушысы**

#### **У. Шекспир махаббат туралы**

\* Адамға жаратылыс силамаған жарасымдылықты махаббат силайды.

\* Махаббат ажалдың да сұсынан сескенбейді.

\* Махаббат ерекше құдіретті: жер бетінде оның қаһарынан күшті жаза жоқ, оның ләззәтінсіз бақыт жоқ.

\* «Ғашықпын!» деген сөзге әуестер шын сүйе білмейді.

\* Ғашықтар бір-біріне барша жақсылықты жасауға уәде береді, бірақ қолынан келетін жақсылықты жасай алмайтындары болады.

\* Кіршіксіз махаббатқа ешбір қиянат кедергі бола алмайды.

\* Махаббаттың дұшпаны – қызғаншақтық.

\* Текті адамның махаббат сезімі де ұрпағына жұғысты болады.

\* Сүйіспеншілік сезім сабырлылығымен сәнді де мәнді.





**Михаил ЗОЩЕНКО,  
орыс жазушысы.**

**БЕТПАҚ**

Жазғы бақта жадырап отырмын. Езуімде – темекім. Қатарымда орындықта тағы біреу бар. Әлде монтер, әлде техник. Темекімнің түтінінен тыжырынып қояды.

Көршімді ыстамайыншы деп аузымды ары бұрамын, бері бұрамын, – болмайды. Жел соған қарай айдап тұр.

Бір кезде монтер мені жеңімнен түртіп:

–Ей, жолдас, түкке тұрмайтын бірдеңені бықсытқанша, мына ағылшын шылымын шегіңіз. Англиядан бір ағайым беріп жіберіпті, – деді. Қалтасынан қорап алып ұсынды.

– Өзіңізге қалмай жүрмесін? – дедім.

–Жо-ға. Алыңыз. Бұ шетел дүниесі дегенде талып түсе жаздайтыным рас, әйтсе де, алыңыз.

Темекісін алдым.

–Шетелдің нәресі – шынында нәрсе-ақ. Бірден танылады. Татымды мүліктері көп, – дедім.

– Көбіңіз не, бәрі де керемет қой. Шетелдікі дегенше – ғажап деңіз. Қылаяғы көжектеріне дейін ерекше. Өткен жолы кооператив бізге австралияның мұздатылған көжек етін берді... Көжек деп, эне, соны айт. Аузыңа апара бергенде-ақ тісің иіп, тілің балқып кетеді. Ал біздің көжектер ше? Тфу! Сидиған төрт сирақ пен тұштиған бір құйрық. Көжек емес, аштан арам қатқан күшік пе, әтеш пе, – бірдеңе... Бізде мәдениеттіліктен мысқал белгі болсайшы. Бағана мен әлгі ішек-қарыннан жасалған колбасаның жарты қадағын терезенің алдына қоя салып, жүгіріп бір шаруама барып, қайта келсем – колбасам жоқ. Мысық қақшып кетіпті. Советтікінің сыры белгілі емес пе... Иә, темекі қалай екен? – Монтер сәл бөгелді де, қайта сөйледі. – Көжегі тұрыпты, темекілеріне дейін ғажап, а? Англиядан баяғыдағы бір ағайым беріп жіберіпті... Эмигрант... «Бауырым, біздің темекіні де тартып байқа» депті... Көкірегіңізді кере жұтыңыз... Мен үш күн бойы

тартып жүрмін, тіпті бар-ау, жасарып бара жатқандаймын. Түтінін қарасаңызшы, түтінін. Түтін емес, тұп-тура көгілдір сағым дерсің. Біздің орыстарда мұндай түтін қашан болып еді?.. Мұндай мақтаудың өзі артық. Өйткені, әлемге аян. Сыртқы түрі-ақ айтып тұр ғой. Сүп-сүйкімді. Әп-әдемі. Тығыздап орағандары қандай керемет. Қорабын қараңызшы: былайда көзге қораш нәрсе сияқты, ә? Бірақ қарапайым да келісті жасалған. Тап-тұйнақтай. Олпы-солпысы, жыртық-мыртығы жоқ. Ағылшын тіліндегі жазуы қандай жарасымды... Е-е-е, бізге мұндайды жасау қайда! Қарын тойғанды ғана ойлаймыз біз.

Қорапты алып қарай бастадым. Шынында тәп-тәуір екен. Қақпағына ағылшын тілінде әлдене жазылыпты. Ал түп жағында ұсақ әріпті: «Гублит. Типогр. Акад. Наук. Тучкова наб.» деген жазу тұр.

– Мына бір жазуларына қараңызшы, – дедім монтерге.

Монтер қорапты алып қарап, үңіліп оқып, саусағымен шерткілеп ойланып отырып:

– Алдап-соғыпты-ау, мәлғұндар. Бәсе, біртүрлі еді... Үш-ақ күн тарттым, бірақ соның өзінде басымды ауыртып, жүрегімді айнытты, – деді. Сонсоң шылымды ширыға сорды да: – Айтам ғой. Дәм жоқ, тату жоқ бірдене. Түтіні қандай сасық еді! Қағазынан шығар. Күйген шүберектің иісіндей мұңқиді. Тфу! Түкке тұрмайтын бірдене. Әй, біздей бетпаққа оларға ілесу қайда! – деді.

**Қазбек ИСМАГИЛЕВ,  
башқұрт жазушысы.**

\* \* \*

*Жетпістің желкесіне кеше гана шыққандай. Ақ бояулы сақал-мұрты әлі ықшам. Бармақ-білеу қасы бурыл гана. Рас, маңдайы мен орайының ортасы шашқа кедей. Алайда қоңырқай бояулы сопақша бетінен әжімнің ырымын да таба алмайсың. Қиықша қара көзі күлімдеп, екі езуі екі шықшытына қарай «шауып кеткелі» тұрады. Ал өйтсе, – болды: он жасында түгенделген отыз тісінің біреуі*



де шетінемеген аузынан әзіл-сықақ әңгіме ақтарыла бастайды. Ерігіп тыңдасаң да, керігіп тыңдасаң да, – күлесің. Әйгілі Осекеміз – Оспанхан Әубәкіров – әңгімесін жазуға кірісер алдында бөлмесін басына көшіре күліп алушы еді, ал бұл жігіт жазарын достарының, егер олардан ешкім қолына түспесе, келіншегінің құлағын түріп қойып айтып, қосыла күліп алып, содан кейін жазады.

«Бұл жігіт» – Баиқұртстанның Қарамалы ауылында 1934-жылғы қаңтардың 10-шы күні дүниеге келген Қазбек Исмаилов. Екеуіміз танысып, бірге күліп жүргелі отыз омыртқа... тууы, бар болғыр!.. отыз жыл.

Бүгінде әзіл-сықақтың сардары, қиял-ғажайыпты хикаят-роман жазудың тарланы болғанымен танымал Қазекеңнің әу бастағы мамандығы – кен инженері. Свердлов қаласындағы институт силаған диплом солай дейді. Соған өзі де сеніп, өзгелерді де сендіріп жүріп, Урал мен Донбастың шахталарында, Тәжікстан мен Қазақстанның кен орындарында, су-электр стансаларының құрылыстарында шелек-шелек тер төккен.

Өмір-тірліктегі ойпыл-тойпыл көріністерге еріксіз куә бола жүріп, соларды қағаз бетінде бейнелеуге 1968-жылы ғана кірісіпті. Сөйтіп, асықпай бүктеп-қаттап, сақтап жүріп, әңгімелерінің алғашқы кітабын 1978-жылы шығарыпты. Оның есесіне содан беріде жиырма шақтысы жарық көрген. Әңгімелерінің: «Темекі сору», «Айнаның сырты», «Әлем-жәлем аутомобиль», «Әулекі әктай», т.б. жинақтары оқырманын күлкінің «астында қалдырса», қиял-детектив діңгекті: «Туран банкідегі атыс», «Сенатордың немересі ұрланды», «Вьетнам белгісі», «Түйіншек», «Бұрынғы мент» романдары оқырмандарын қисыны келіскен шытырман оқиғаларымен еліктірді.

Қазбек туындыларылары оқигасымен де, тіл көркемдігімен де тартымды болғандықтан олардың озықтары арнаулы әдеби сұлықтармен марапатталған. Оның үй кітапханасының сөрелерінде: «Литературная газетаның» әлем әдебиетшілеріне әйгілі «Алтын баспақ», Болгария әзілкерлерінің «Қуақы Петр», одан беріде «Известия. Казахстан» газеті редакциясының «Таңдаулы детектив» сұлықтарының нышан-белгілері, т. б. тізіліп тұр.

Биыл, жасы 80-ге толар алдында, оқырмандарына «Фемиданың

*сиқы» романын тарту еткен жігіт досым Қазбекке: – Қаламыңды қапысыз ұстаған қалпыңда 100-дің төрін межелеп тарта бер! – дедім. 2014-жыл, ақпан.*

\* \* \*

## **СИҚЫРЛЫ СЫЛАП-СИПАУ**

Тірі су туралы хикаят тәрізді хабарландыру: «Денеңді балқыта сылап-сипап, 20 минөтте жасартып жібереміз, мүшелерің жаңа ғана жасап бергендей болады. Қымбат емес. Тезірек телефон шалыңыз...».

Мен балғын денемдегі барымды коммунизм құрылысына бердім. Құйрық тістескен «бесжылдықтар» бой жаздырмады. Ал бүгінде жұмыссыз қалып, қыруар бос уақытымды қалай өткізерімді білмей қажып жүрмін. Әлде жасарып алып, қалған санаулы күндерімді бойжеткендермен бой өлшесіп өткізсем бе екен? Содан өзгені көтеретін қалта да жоқ қой мен шіркінде.

Шылдырлаттым. Жасымның аз емесін де, жасарғым келетінін де жайып салдым.

– Е, дауысыңыз жігіт қалпыңыздағыдай дерлік, – деп бастады сылап-сипамақшы келіншек. Оның төгілдіріп айтқан түсінігі тұла бойыма күш болып құйыла берді. Сымбатты, қуатты болады екенмін. Тұп-тура Филипп Киркоровтай!

– Ондай болсам жарар еді, бірақ мен сұлу емеспін...

– Саспаңыз, сүліктей сұлу етеміз!

– Өңім түзелер-ау, өзге жағым... ол неме енді... – деп күмілжідім.

– Ұқтым, ұқтым. – Оның дауысы ойнақы шықты. – Біз ол жақтың маманы емеспіз, алайда жасаруға құлшынысыңызды құптап, доктор Кохтың емханасынан секстің сырбазын шақырып алып, сізге мықтап көмектесеміз.

– Ә, иә, иә... хабардармын... оқығаным бар, оларда... әлгі сылап-сипайтын бөлмелерде қыздар қызмет көрсетеді екен... келісімді ақыға...

– Оған алаңдамаңыз, рахатқа батырамыз!

– Солай ма... маған әлгі «қымбат емес» деп жазғандарыңыз ұнайды.

Зейнетақым жақсы, тек төрт мың теңге ғана. Үш мыңым пәтерақыға кетеді. Одан соң нан, сүт керек... қалғаны жылғындай боп жасарып шығуыма жете ме?



Сиқырлы сылап-сипағышым бірдеңеге қақалып-шашалып қалды ма, дауысы жарықшақтана шығып:

– Есі ауысқандарды емдейтінге бар, әй, кәрі бит! – деді. Тұтқам: бит... бит... бит... деп қала берді.

Е, деген... рахатқа батуды кейінге қалдырмауым керек екен... қартайғанымда қымбат болатынын ойламаппын!.

### **КӨРГЕНСІЗ КАПИТАЛИЗМ**

Капитализм жақсы ма, социализм жақсы ма? Әй, бұларды салыстыруға болар ма екен. Капитализмде жан басына шаққанда колбаса ырғын, ал социализмде: адам – адамға дос, жолдас, бауыр деген жылы сөз мол болды.

Бесінші бағыттың троллейбусында отырмын. Троллейбус сужаңа. Капитализм елінікі. Чехословакиядан әкелінген... Ал жүргізушісі – біздің кісі, социалистік жүйенікі. Дауысы жып-жылы! Жолаушыларға айтарын «құрметті», «қымбатты» деп бастайды. Аялдамаларды хабарлап, асықпай, абайлап түсуді өтініп, «есікті жабамын» деп ескертеді. Ешкім шалынып, қысылып қалмаса екен дейді ғой. Кәрияларға орын беру керектігін еске салуды да ұмытпайды, – қоғамдық көліктерде буржуйлардың сіресіп отыратынын көріп жүрген шығар.

Түсуім керек аялдамаға жете бере жүргізушіге жақындадым. Ілтипаты, кішіпейілдігі, қамқорлық ниеті үшін рахмет айтқым келді.

Барып... жүргізуші келіншектің езуіне сигарет қыстырып отырғанын көріп, еріксіз таңдандым.

– Қызым-ау, темекі тартқаның қалай? Өзіңе де, жолаушылардың қайсыбіріне де зиянды екенін ойласаңшы! – дедім, жантарта сөйлеп.

– Кәрі тауықша қыт-қыттама, түсер аяладаманды біл! – деді ол, сигаретінің түтінін сыздықтатып, сыздана сөйлеп.

Дертесін қайырып тастайын деп оқталдым да... сабыр сақтадым. Салғыласып қайтем, көргенсіз капитализмнің құрығына іліккендердің бірі шығар!

### **САУАТ АШУ**

Аутобус аялдамасындағы күркешікте тұрмын. Жан-жағымдағы бағана атаулының бәріне жалбырата хабарландыру жапсырылған.



Қос алақандайы, жарты алақандайы бар алабажақ қағаздар әрқилы әріппен жазылған хабарландыруға толы. «Оқыңыз, өкінбейсіз!» деген тақырыбы барына көз жүгірттім: «Қосымша табыс! Сіз бұл жұмыста күніне бір сағат болсаңыз, айына 5000 теңге аласыз!» депті.

О! Бір күнде:

2 сағат болсаң – 10000 теңге!

3 сағат болсаң – 15000 теңге!

4 сағат болсаң – 20000 теңге!

Әуелі барып әңгімелесуге болады екен. Жұмыс беруші Михаилдың әдрісі көрсетілген.

Миым есеп-қисаптан мипалау жасауға дереу кірісті: бір айда, яғни сегіз сағаттық жұмыс күнінде қырық мың теңге табуға болады! Егер жұмыс мерзімін ұзартып, мәселен, 12 сағат болсаң, айына алпыс мың теңге! Бакстың қазіргі құнымен – 727! Ойдә-ә-ә... мұнша ақшаны өмірі алып көрген емеспін!

Көлденең көздерді қызықтыру үшін қатып киініп бардым. Менше «қатып» киінгендер 32 болдық. Алдын ала шүйіркелесетін залға кіру ақысы 50 теңге екен. Табатын табысымыздың жанында ол түк те емес қой!

– Достарым менің, – деді Михаил, әңгімесін әдеппен бастап. – Мені «Миша» дей беріңіздер, – деді жымыып. Шынында жап-жас, көбіміздің немерелерімізбен құрдас шығар. Ол одан соң айтарын жалғап кетті: – Папашалар мен мамашалар, мен сіздерді, достарым менің, табысқа қарық болсын деп емес, қолында барын қақшытып алмасын деп шақырдым. Айналамыз – быжынаған ұры! Өздеріңізді бүгін осында алып келгендей хабарландыруларға, қадірлі туыстарым, ешқашан сенбеңіздер. Кәне, өздеріңіз ойлаңыздаршы: жұмыссыздық жайлаған, мысалы, маман дәрігерлер, немесе педагогтар екі-үш мың теңге айлыққа қарап отырған елде шөп басын сындырмастан айына қырық мың теңге табыс табу мүмкін бе? Қайдан-ау! Ендеше, бұндай хабарландырудың қалжың екенін біліңіздер, сау-сәлемет болыңыздар!

– Кірерде берген елу теңгеміз қайтпай ма? – деді, аянбай боянған бір кемпір.

– Ә, ол, бикеш, сауат ашуға төленді, ал сіздің... иә, сіздің өңіңіз жақсы екен, жасыңыз...

– Сексенде, – деді кемпір жайдарылана. Шын бар-ау, кемпөшкен кемінде бес жасын жасырып қалды.

– Мен сізді жетпіс тоғызда десе де сенбес едім, – деді Миша. Тегін көпшігін аясын ба.

## КЕҢ ҚАЛТА

Чулковтың көзі бір хабарландыруды шалып қалды: «Мемлекеттік қызметке білгір ер адам керек. Жасына шек жоқ. Ағылшын тілін және компьютерді білу міндет емес. Жалақы мол».

Орынбасарлық болды ғой, деді Чулков іштей. Ол өмір бойы екінші орында жүрді, бастықтарының жұмысын жымдастыруға әбден төселген.

Қабылдау бөлмесіндегі хатшы қыз оның сілесін қатырды. Біресе шығып кетеді. Біресе телефонмен ұзақ сөйлесіп, шиқылдап күліп отырып алады. Ақырында бұдан, бір қорап тұрғай, бір кәмпит те бұйырмайтынына көзі жетіп, бастықтың бөлмесіне кіргізіп тынды.

– Хелло! – деді Чулков, болашақ бастығына ағылшын тілінен хабары барын білдіргісі келіп.

– Келіңіз, мынау жерге жайғасыңыз, – деді бөлменің иесі. Ол нұсқаған тұсқа отырған Чулковтың көзіне бірінші көрінген нәрсе шұбар пенжақты бәсекеннің аузы аңқайып тұрған жанқалтасы болды.

Екеуі біраз әңгімелесті. Алдағы сайлау, адамдардың арақатнастары, мінез-құлықтары туралы пікірлері толық тоғысты.

– Қабілетті екеніңізде дау жоқ, жарайсыз, – деді бәсекең, пенжағының қалтасын қармап қойып. Онысы жайынауызданып, «жасылдың» мыңын салса да мыңқ етпейтіндей болды.

Жұмыс керек жігіт бәсекеннің сөзін байыптап тыңдап, өзі ештеңе демеуге тырысты.

– Иә, жарап тұрсыз, – деді шеф, әуелі араны ашылып тұрған қалтасына, содан соң оң жағында ілулі президент портретіне қарап, сірә: әйел бар, балалар бар, анау жирен шашты да жоқ емес, деп іштей кешірім сұрағаны шығар.

Созылықыраған үнсіздікті Чулков бұзды:

– Қашан кірісейін?

– Ертең-ақ, – деп бөлменің иесі қолын кең қалтасына сұқты, ал онда дым да жоқ.

Чулков бөлменің төбесіне қарап, оны қашан әктеуді ойлап отыр.

– Көзіңіз қалай, жақындағыны жақсы көресіз бе? – деді шеф, дауысы шыңылдаңқырап шығып.

– Көзәйнекпен.

– Неге тақпай отырсыз?

– Үйде қалып қойыпты.

– Солай деңіз! Нашар көретінііздің үстіне ұмытшақсыз!

– Кейде болады, – деді Чулков, басшылықтың ыңғайына жығылып.

– Біздегі қызмет көздің өте өткір болуын талап етеді! – деп сызданды бәсекең.

– Не үшін?

– Жақсы көру үшін. Көзіңіздің кемістігі бар болғандықтан, өкінішке қарай, сіз бізге жарамадыңыз, сау болыңыз!

– Ол енді...

– Енді-мендіні қайтесіз, барыңыз!

Ол үстеліндегі түймешікті басып қалды. Жирен шаштысы желп етіп кіріп келді, жолы болмағанды табалағандай көңілдене сөйлеп:

– Келесісін шақырайын ба? – деді.

Хатшысы қалқып ұша жөнелердей аяғын бұралта басып, бөксесі бұлтыңдап, есікке жете бергенде қадала қарап отырған бәсекеңі:

– Сен нетші... хабарландыруды қайта жазшы. «Көзі жүз пайыз жақсы көруге тиіс» дегенді қос, – деді.

### **БӘРІМІЗ ДЕ БАРАМЫЗ...**

Жұмыс мерзімі межесіне жеткен кезекші терапевт шығуға жиылып-теріле бастағанда кабинетінің есігі тық-тық қағылды да, бұйығыңқы бір ер кісі кірді. Жасы... жүрегі бір жүріп, бір тоқтайтын және кәрі қыздар қауымы ермек ететін, яғни жігіттік жұбата шығарып салып, кәрілік қуана қарсы алған мөлшерде.

– Сәлеметсіз бе? – деді ол, жасқаншақтау үнмен.

– Сәлем, сәлем! Жоғары шық, – деді ақ халатты, алып денелі дәрігер жігіт, гүрілдей сөйлеп. Қылтанақ сақал-мұртын қырып тастауды ұмытып кетіпті.

Анау аяғын сүйрете басып барып, орындыққа шоқиып отырды да, екі қолын екі дізесіне тастай салып: «Уфффф!» деді, ішқұсалық дауыспен.

– Иә, қымбаттым, не айтасың? – деді дәрігер, қалайда қуақылана.

– Шаршай беремін, жылдамырақ жүрсем кеудемнің сол жақ тұсы шанши бастайды, одан соң, әсіресе...

– Токта, токта, жетеді! – Дәрігер екі қолын бірдей сермелеп, сырқаттың сөз селін әрең тоқтатты. Содан кейін: – Кәне, енді аузыңды аш! – деді.

Сырқат аузын арандай ашты.

Дәрігер оның көмекей жағын әуелі бір көзімен, одан соң екі көзімен шолып алып:

– Хм... шаруамыз шатқаяқтаған екен, тіпті оңбай қалыпты, – деді, шарасыздыққа налыған кейіппен.

Анау аузы аңқиған күйі дәрігерге антарыла қарады.

– Аузыңды жабуыңа болады, – деген дәрігер бұрыла бере құдды басқа біреуге айтқандай: – Бәріміз де барамыз, – деді пәс үнмен.

– Иә, айтқаныңыз рас, қостаймын, толық қолдаймын, біз тұрғай, патшалар да өледі, – деді сырқат сырбазданып.

– Сөзімнің сөлін саған қалай, қайтіп жеткізсем екен...

– Лақ еткіз.

– Шын ба?

– Сөйт!

– Ендеше, інішек, сенің үш-ақ күндік, ары кетсе бес күндік ғұмырың қалды. – Дәрігер, «інішегінің» қалған ғұмырын санау басталғандай-ақ, қолсағатына үңілді.

– Бәрекелді! – деді сырқат, қуана даурығып: – «Мен қатты аурумын, көп кешікпей марқұм боламын!» дедім анау бақташыға, ал ол: «Денеңнің ыстығы да, қан қысымың да қалыпша» деп болмады. Мені өтірік ауырады дегісі келді.

– «Бақташы»?

– Мені өткен жұмада, осында қабылдаған дәрігер! Бақташы емей немене, айтқанымды әрең ұқтырдым. «Еңбекке уақытша жарамсыз» деген мына қағаздарыңды да ұрыс-керіспен әрең жазып берді. – Ол қалтасынан бүктеулі бюллетеньді алып, үстелге қойып, дәрігерге қарай сырғытты: – Соңғы рет үш күн қосып жазып бер, жұмыс қараң қалмайды, ал мен өлгеніме дейін уақыт тауып, біраз дем алайын.

Дәрігердің көзі шарасынан шығып бара жатты:

– Өй, сен... менің айтқанымға шын сеніп отырсың ба?!

- Сенбегенде ше? Мен ғылымға сенемін.
- Мен қалжындадым. Мен дәрігер емеспін, осында «Жедел жәрдем» аутомәшінін айдаушымын.
- Ал халатың тап-таза ғой?
- Бүгін көкек айының 1-і. Күлкі күні. Енді ұқтың ба? Қатырдым, ә?! Ха-ха-ха!.. – Айдаушы айғырша арқырады.
- Олай болса, сен де маған сеніп, омақастың. Мен сап-сау адаммын! Хи-хи-хи!..
- Ал мына қағазың ше?
- Медицина энциклопедиясының жүз жетпіс екінші бетінен жаттап алғанмын. “Шаршай беремін, жылдамырақ жүрсем кеудеумнің сол жақ тұсы шанши бастайды, одан соң, әсіресе...” десем-ақ дәрігерлер одан ары айтқызбайды, уақыттары жоқ қой. Сен мынаны үш күнге ұзартып бере салшы, бұдан былай келмеймін де, уақытым жоқ.
- Әй, мен дәрігер емеспін дедім ғой?!
- Ал мен емде деп отырған жоқпын ғой? Сап-саумын. Сен ұзартып жазып берсең болды, тіркеу бөліміндегілер мәрді айтқан жеріңе, тіпті бөксең де былш еткізе салады.
- Айдаушы сырқаттың бюллетеніне үш күнді қосып жазды да:
- Күлкі күніміз құтты болсын! – деді. Екеуі де арқырады.

### **ӘУЛИЕ БОЛЫП ШЫҚТЫМ**

Нағыз әулие болу үшін жатпай-тұрмай, өліп-тіріліп әрекеттенуің керек. Алайда жасың елуге дейін өйте алмайсың, себебі: төңірегің бірінен бір сұлу қыз-келіншектерге толы болады. Мәселен, сен қараторысына үйлендің дейік. Майлы тоқаштай!.. Қоңыраулы таксиге отырып алып, құйғытып, некелесуге бардыңдар, қол қойылды, мөр басылды. Шалқып-тасып үйлеріңе келдіңдер.

Содан бірде аққұбасы кездесе кетті. Өй, әдемі-ау, әдемі! Сұнғақ бойлы. Талшыбықтай! Бұрын қалайша байқамадың екен?! Қайталанбас хас сұлу!.. Некелестіңдер.

Оның шашы жасанды екен, келістіріп киіп жүріпті. Ал мінезі... албасты болды да шықты... Тағы жаңылыстың.

Жасың алпысқа жақындады. Жетімақы төлеуден көз ашпайтын болдың. Әйел атаулыға қараудан қалдың, олар да сені көзге ілмейді. Күнәдан арылып, әулиелік иектегендей...

Күн артынан күн жылжиды. Сенбі, жексенбіден соң зілдей дүйсенбі жетеді. Бас жаза алмайсың, құлағың шулап, анау радио былай тұрсын, өзіңнің ойыңды жиып-теру – бір қиямет. Саясат та жағалай бастады, шуға қарсы күреске қатыспай болмайды. Шу дегенің жүйкенді жейтін пәлекет екен!

Жетпіске жете бергенімде жүректалмасы жармасты. Біздің учаскелік дәрігеріміз: «Вася ағай, не ішкенді қойыңыз, не алдын ала оркестр жалдап, ақысын төлеңіз, өйтпесеңіз, ертең музыкасыз кетуіңіз мүмкін», дегенді айтты.

Сырахананы айналып өтетін болдым. Құданың күдіреті: құлағым бастап, басым қостап шулағанды қойды. Үлкен мерекелерден соң да тып-тыныш.

Сексен жас аяғымнан ала келді: сыздайды, сүріне берем. Ұмытшақ болып біттім. Қорқорым жайына қалды.

Қазірде қай жерде көңілді әңгіме болса, мен сондамын: мақталамын, темекі тартпайтыным, ішпейтінім, етектіге ере жөнелмейтінім айтылады. Әулие болып шықтым! Бірақ болып шыққанға дейін мен не көрмедім?! Бүкіл өмірім...

## ТӨРТ КЕСЕЛ

### *(Орыс халқының жалпы қасиеті мен кемшіліктері хақында)*

\* \* \*

*Мәскеулік «Отан» («Родина») журналы «Орыстың мінез-құлқы» айдарымен мақала жариялай бастады. Ондағы мақсат – орыс халқының жаратылысы жайындағы ой-пікірге шолу жасау, біріне-бірі кереғар түсінік, сипаттама, тұжырым атаулыны жарыққа шығару, оқырмандар талғамының бағытын аңдау, адами, ғылыми анықтамаларды пайымдау, яғни көп пікірін шындық тұрғысынан бағалап қорыту.*

*Журнал бұрында «Ресейдің жүз халқы» айдарымен де небір тың материалдар ұсынған-ды. Ресейді мекендеуші халықтардың тіршілігін, жаратылысындағы қасиет-ерекшеліктерді, кемшіліктерді айтқан. Мына жаңа айдар – сол шығармашылық баспасөздік дәстүрдің жалғасы. Жаңа айдардың алғашқы авторы*

– Юрий Крижанич. Ол XVII-ғасырда өмір сүрген белгілі қаламгер, саясатшы, ойшыл. Танымал бұл орыс жазушысының «Саясат» деп аталған кітабынан алынып отырған мынау үзінді (журналдың 1991 жылы 10-саны) қайсыбіреулерге оғаштау көрінуі мүмкін. «Біздің бажайлауымызша, – дейді журнал редакциясы, оның бойында славянға деген жақсы сезім мол болған. Ол славян әлемінің ең мықты, зор болашақты халқы орыстар деп білді... Крижаничтің көңіл таразысынан өткен тұжырымдарын теріске шығаруға асықпаңыздар. Бұдан үш ғасыр бұрынғы бұл дүниенің кейбір жолдарынан бүгінгі өзімізді көріп қалуымыз әбден мүмкін».

Ю.Крижанич патша әкімдерінің жер аударуымен Тобылда жүріп жазған «Саясатына» әңгімелесу сипатын берген, яғни Борис және Хервой деген екі кейіпкерін (ойдан шығарылған) пікірлестірген, оны мына үзіндіден анық аңғарасыздар.

Тегінде қазақ жұрты да өзіне осындай сыншыл да шыншыл көзбен қарап қойса, зиян болмас еді...

\* \* \*

*Хервой:* Борис қалқам, біздің адамдардың астамшылдығын көргенде ұяттан өртенемін, ызам келеді әрі жаным ашиды.

*Борис:* Қандай астамшылдығын айтасың?

*Хервой:* Мысалы, мінезіміздің шадырлығы, ханты, манси, ненец, қалмақтарды... жабайы, тұрпайы, адамдық қасиеті жоқ деп менсінбейтіміз. Өйтіп астамшылдыққа бой алдырғанша өз қадірімізді өзіміз сақтап, ақылға жүгінуіміз керек-ақ. Себебі жаңағы халықтар бізбен салыстырғанда қаншалықты жабайы, хайуан десек, басқа халықтардың жанында біз де соншалықты тұрпайы, наданбыз, яғни басқа халықтар да бізді жабайы дейді.

*Борис:* Тәуірірек сөз айтсаңшы. Өзімізді-өзіміз бас салып сабағанымыз жараспас. Өз ұясын өзі бұзған құс жаман.

*Хервой:* Ескертпең дұрыс. Жатжерліктерге мұндай сөзді ешқашан айтпаймын ғой, олардан өзіміздің кемшілік атаулыны өлгенше жасырып бағам ғой. Ал, мынадай оңаша әңгімеде бойымыздағы кеселді айтқанның не сөкеттігі бар? Жарамыз жазылсын десек, оны дәрігерден жасырудың жөні жоқ. Жатжерліктер біздің надандығымызды, бүкіл кемшілігімізді кітап-кітап етіп жазып келеді. Барлығы көріп отырған қоямызды аңғармайтынымыз, білмейтініміз ыңғайсыз-ақ.

*Борис:* Жарайды, білгеніңнен бірдеңе айтшы, кәне!

*Хервой:* Мен біздің халық мәдениеттілер мен артта қалғандардың тең ортасында деп білемін. Басында үйі, адами күйі жоқ татар, қалмақ, сыған, ненец тәрізділерді жабайы деп санаймын. Біздің олардан адамгершілігіміз артық, бірақ, екіншіден, бізден олардың қайсыбірінің жылпостығы, қайсыбірінің пысықтығы артық, ал айлакерлік пен қулық жағынан бәрі де бізді он орап алады.

Ал, кейбір халықтар (итальяндар, француздар, немістер, испандықтар, ертеректегі гректер) адамгершілігі және жан мен тән қасиеттері: өңі, сөзі, ақылы, денсаулығы, қарекеттілігі, еңбексүйгіштігі, қабілеттілігі жағынан бізден артық. Шыншылдық, діншілдік, парасаттылық және жалпы тәрбиелілік жағынан да озық. Сондай-ақ, тіл аштылығы, боқтампаздық, ашушаңдық және қатыгездік сияқты теріс қылықтары да бізден асып түседі. Өйткені ол тілді халықтарда бізде жоқ небір сұмдық қарғыс, зәрлі де ұят сөздер бар, ал біздің бұл тұрғыдағы тіл кедейлігіміз, баяғыда папа елшісі Поссевино айтқандай, біздің «бақытымыз» да шығар. Жаңағы халықтар бір араздасса өле-өлгенше шындап татуласпай кетеді. Кектесе тоқтам, кешірім дегенді білмейді.

5. Саясиланған бұл халықтармен салыстырғанда біз онша ұжданды емеспіз, тазалығымыз пәс, жартылай мылқаумыз, ғылымнан хабарсызбыз, ыңыршағы шыққан кедейміз, тіпті қайыршымыз да. Оның үстіне сүйегімізге біткен керенаулығымыздың тауқыметін тартып келеміз, барып тұрған жалқаумыз, ысырапшылмыз, ең сорақысы: кәріміз бен жасымыз былайғы пенде мен діншілдеріміз, қаратабан мен ақсүйектеріміз бар – бүкіл халық боп ішкілікке салынғанбыз.

Сөзге олақтық, жалқаулық, бейбастақтық пен ысырапшылдық – қанымызға сіңген «қасиеттеріміз», біз осы төрт кеселге құл болу үшін туғандаймыз.

6. Халық атаулының ішінде біз ғана жаратылысынан бейбастақпыз да берекесізбіз. Өйткені біздің ата-бабаларымыз сонау пұтқа табынған кездің өзінде-ақ Радигосқа (ас та төк ішім-жемнің, ырду-дырдудың құдайына) құлшылық еткен. Бүгінде біз Радигост тойының орнына әулие Никола күнін екі апта бойы тойлаймыз, қысты шығарып салуымыз бар, шоқынар күніміз, туған күніміз, өлгендерді еске



алуымыз, басқа мереке күндеріміз де бар, тегі апталап думандатамыз. Елшілерге арнап сарай асын, боярларға, әулиелер мен ақсүйектерге қонақасы беруіміз бар – біз соның бәрінде де өлгенше ішеміз.

Біздің маскүнемдігіміз туралы не деу керек? Борис, сен бар ғой, бұл дүниені түгел шарлап шықсаң да, Русьтағыдай жексұрын, жиіркенішті, жаншошырлық маскүнемдікті ешбір жерден көре алмайсың, Рас, қайсыбір басқа, жылы жақтарда бұл пәлені бізден әлдеқайда көп ішеді, алайда біздегідей миғұла маскүнемдік оларда да жоқ.

Маскүнемдік – бізді Құдайға жеккөрінішті етіп келе жатқан, дені дұрыс ештеңеге жарамайтын етіп, адамнан малға айналдырып отырған кемшілігіміз бен күнәміздің ең сорақысы. Италияндарда, испандарда және түріктерде ер жігіт бір рет мас болып көзге түссе, онда ол қоғамдық жұмыстың жоғарғысына да, төменгісіне де жолатылмайды.

*Борис:* Біздің бұл жексұрын маскүнемдігіміздің себебін ашып айтшы.

*Хервой:* Оны кейін айтармыз, қазір әуелгі әңгімемізді аяқталық. Сонымен:

Біріншіден, біздің өңіміз орташа ғана, ал басқа халықтар сұлу, яғни олар тәкаппар, паң, өйткені тәкаппарлық пен паңдылықты сұлулық туғызады. Яғни, ол халықтар бізді жек көреді, қорлайды, менсінбейді, масқаралайды.

Екіншіден, біздің тіліміз жұтаң, ал олардың тілі бай, өткір, кемсітетін, мазақтайтын сөздері сан алуан.

Үшіншіден, біз – шолақ ойлайтындармыз, парықсыздармыз, олар – қулықты іште оқып-тоқып туғандар.

Төртіншіден, біз – ысырапшымыз, дарақымыз; кіріс-шығысымызды таразыламаймыз, ақшаны суша шашамыз; олар – сараң, ашкөз, пайдакүнем пәлелер, күні-түні ойлайтыны – қалта-қапшығын толтыру; біздің ас та төк албаты шығынқұмарлығымызды мазақ етеді.

Бесіншіден, біз – жұмысқа да, оқу-тоқуға да жалқауымыз; олар – еңбеккер, бір сағатты да босқа өткізбейді.

Алтыншыдан, біз – жұпыны тұрамыз, барды қанағат етеміз; олар – сән-салтанаттан аянбайды, үлде мен бұлдеге оранады, болдым-толдым демейді, байыған үстіне байи берсем дейді.

Жетіншіден, біз – жұтаң жердің адамдарымыз; олар – байлығы

тұнып тұрған елдің адамдары, бізге көзді де, көңілді де қызықтыратын нәрселерді: інжу-маржан, жібек, асыл тас, жүзім, қант, жидек әкеліп, анды алдаған аңшыдай айласын асырады, қызықтырады.

Сегізіншіден, біздің айтуымыз да, қайтуымыз да тез, ұрсыса қаламыз да татуласа қаламыз; олар сыр бермейді, тұйық, зәрлі, жүзі күліп тұрып алдайды, ауыр сөзінді өле-өлгенше ұмытпайды; араздасқан кісімен шындап татуласпайды, татуласқан күннің өзінде есе қайтарар сәтті күтіп жүреді.

Бұл айтылғанды көңіліңе тоқып, мынадай тұжырым жасағын:

1. Жаңағы бір әзірде айтқанымдай, біздің халықтың жаратылысындағы кемшілік – оның ас та төк ішім-жемге, дарақы ырду-дырдуға құмарлығы; соның салдарынан ысырапшылдыққа ұрынады, қайыршылыққа ұшырайды. Сондай тірлік оларды қоластындағыларға қатыгездік жасауға итермелейді. Бізде қамсыз ырду-дырдумен қарын тойғызғанды қасиет-мәртебе деп білетіндер, мал-мүлкін бей-берекет шашатындар тым көп. Солар қалталары қағылған соң, қоластындағы кедей ағайындарын аяусыз сорып, сорлата бастайды. Алғыс айтпас, кіді мінез, қайырымсыз жателдіктерге береген де жомарт. Сирах ұлы Иисус ондайларды: «Рахметі жоқтардың қарнын тойғызып, қарғысын арқалағандар» деген.

2. Біздің бойымызда рухани қуат жоқ, тамсандырар тәкаппарлық пен мұқалмас жігер-қайрат жоқ, өзді-өзімізді, халқымызды лайықты бағалай, силай алмаймыз. Рухани қуатты адамдар жателдіктің билеп-төстеуіне көнбейді, егер қарсыласар халден айырылған кәріп болып қалмаса. Ал, біздің халық жателдіктерді жалбақтап шақырып алып, тағымызға отырғызып қояды.

Татарлар мен түріктер жауынан жеңіліп, қашуға мәжбүр болған күннің өзінде жастығын ала жатуды ойлайды, ал біздің әскер қашар болса – алды-артына қарамайды, қуып жетіп желкесін қияр болса да қорғанар дәт қылмайды. Білікті әскер басылар, міне, осыны ұғып, әскерлерін жігерлендіре алса игі болар еді.

3. Халқымыздың үлкен бір бейшаралығы – басшылығының дәйексіздігі. Біздің басшылар бірқалыпты, байсалды болуды білмейді, не оған, не бұған шектен шыға ұрынып әлектенеді. Бір жерде қожыраған, берекесіз, тәртіпсіз жағдай болса, басқа бір жерде шексіз қатыгездік, рахымсыздық, мейірімсіздік белең алады. Бұл жарық

дүниеде корольді Польшадағыдай бетімен кеткендік жоқ та, әйгілі Русь мемлекетіндегідей жүйесіздік жоқ.

4. Біздің бір сорлылығымыз – грек, итальян, неміс, татарлар бізді әрі өздерінің сойылсоғарына айналдырып алады, әрі бізді өзара қырқыстырып қояды. Ақымақтығымыздың азабын тартып, бөтеннің жоғын жоқтап, солар үшін соғысамыз, оған қоса өзімізге-өзіміз жау болып, жағаласып, өзді-өзіміз ешбір себепсіз қырылысамыз. Жателдіктерге құлай сенеміз, олармен достасамыз, одақтасамыз, ал өзіміздің кім екенімізді, тегімізді айтуға арланамыз, тіпті тегімізді жасырамыз да.

Бірде гректердің орыстың бір ұлы басшысын әскерімен болгарларға қарсы айдап салғаны бар. Болгарларды жеңіп, сол тамаша ерліктің – қандас ағайындар бірін-бірі қырғанының құрметіне ұланасыр той жасады. Ал қасқырдың қойға пиғылы қандай болса, бүгінде түріктер мен қырымдықтардың поляктарға, неміс патшасы мен шведтердің бізге көзқарасы тап сондай. Әйтсе де, алғашқы екеуі поляктарды, соңғы екеуі бізді әлі де майлы ішекке айналдырып жүр.

Гректер мен римдіктерде өзара жауласатын пендешілік себеп о бастан бар. Бірақ пендешілік себептерін өтірік-шынын араластыра рухани себеп деп дәлелдеп, біріне-бірі небір сорақы кінә тағып келеді. Ал біз олардың «себептеріне» иланып, солардан үлгі алып, бірімізді-біріміз қырып-жоюды қояр емеспіз.

Жателдіктермен ауыз жаласу бізді жік-жік боп қырқысуға әкеліп тіреді. Сорымыздың қайнап жүргені сондықтан...

*(«Қазақ әдебиеті», 1992-жыл, мамыр.)*

САХА ЕЛІНЕН СӘЛЕМДЕМЕ  
Николай ГАБЫШЕВ,  
саха жазушысы

## ГАННИБАЛ МЕН УЛЛА

*Хикаяттан үзінді*

*Адамдар гүл емес пе әлде?..*

*С.Есенин.*

Талтүс. Ақ жаулықтай тундра аспанының күні де аппақ. Жерден биіктеп, ұзап кеткісі келмей, жалқау жылжып, тіпті анда-санда тоқтап, дем алатын сияқты. Әне, тұтасып келе жатқан сұрша бұлт көшін өзіне қарай тартып алды, адамның көзінен тасаланып біраз мызғығысы келді ме екен, әлде?.. Аппақ күн көрінбей кетті, айнала көлеңкеленді. Сіркіреп жаңбыр жауа бастады.

Жаңбыр – балықшылар зәру боп жүретін демалыс. Себебі...

...Балықшылар бригадирі аудан орталығында, балық қору инспекторының кабинетінде ұрыс естіп отыр. Инспектордың сөзі катулы:

– Сен байқа, Михаил Черканов, байқа! Балықты аулайтын болсаң дұрыстап аула, байқа! Жолдасым болсаң, досым болсаң қайтейін? Жұмысыңды жауапкершілікпен істемесең, көресіні ең әуелі менен көресің! – дейді.

– Білем ғой, түсінікті ғой, – дейді бригадир, оның ыңғайына жығылып.

Инспектор сабасына түсер емес. Шүйілген үстіне шүйіле түседі. Бастыққа дауа бар ма. Ұрсатын реті келгенде айызын бір қандырсын. Оғы текке кетпей, атқан сайын олжалы болсын. Мейлі.

Бригадир де қатал. Қол астындағыларды бір шыбықпен иіреді. Енді өзіне де сол керек...

Жаңбыр – балықшылар үшін демалыс. Қырқаның астындағы үйіне барып қайтуға уақыты жоқ балықшылардың біреуі төтелеп тартты. Бара баласын магазинге жұмсап жіберді де, келіншегін құшақтап сүйіп, сыбырлай бастады. Оның не дегенін қайтеміз, шаруамыз не, иә?..

Балықшы жігіттердің екеуі жақын поселкедегі бастауыш мектеп мұғалимасының үйінде шай, аздап спирт те ішіп отыр. Мұғалимамен

---

\*Сахаша дұрыс аты-жөні – Нишхай Хабысап.

кезек-кезек билеп те қояды. Билеңдер, көңіл көтеріңдер, дем алыңдар! Мұғалиманың үйіне келгенде: «кітап керек еді», дегенсіңдер, тек сол кітаптарыңды ұмытып кетпендер, сайтандар!

Бригададағы ең қарт балықшы да сол поселкеде, өз үйінде, бес баласының ортасында отыр. Балалары бір қалыптан шыққандай.

Балықшы төртінші кластың есебін шығара алмай әлек. Баласының бас қатырып отырғанын байқап: «Жеп-жеңіл есепті шығара алмайсың, сенде шабақ құрлы ми жоқ екен. Кәне, бері әкелші, көзінді ашып-жұмғаныңша шығарып берейін!» дей салып еді, енді ештеңесін түсінбей, миы ашып кетті. Әйелі Домна көмектеспек болып кірісіп, олай деп, бұлай деп, ақырында екеуі есепті одан сайын шатастырды. Олардың әлектенгендеріне балалары мәз боп, біріне-бірі қарап үнсіз жымыңдасып қояды. Қарт балықшы оны сезбегендей болып, сыр бермейді. «Оқып білім алатын заманы болмаған әкелеріңе күліндер, балаларым, күліндер!». Қарт балықшы бақытты. Өзінің отбасы, ошақ қасында, бес баласының ортасында бәйбішесі екеуі алаңсыз, тату-тәтті ғұмыр кешіп келеді.

Ал балық қорышы инспектор-бригадир Мэхэс Черкановтың екі аяғын бір етікке сұғып болды да, аз-кем үнсіз отырды. Содан соң, жадырай сөйлеп:

– Уллаңның хал-жағдайы қалай? Өзі тамақты баптап-ақ пісіреді, ә? Оның құймағын ойласам болды, аузымнан сілекейім шұбырып кетеді. Улладай әйел, Улладай адам қайда! Жарайды, Мэхэс, жүр, біздің үйге барайық. Уланды бір ала келмейсің, ылғида сопиып жалғыз келесің, ұялмайсың, – деді.

– Е, дәм тартқан күні Улла да келер, ол қайда кетуші еді? – деп жымыды Михаил Черканов. Әйелін мақтаған жолдасына іштей риза болып та қалды. – Сәулем мені тосып үйде сарғайып отыр-ау, шіркін...

Бригаданың алтыншы балықшысы Ганнибал Омуллахта, киіз үйдің төрінде жатыр. Сырттан жаңбырдың сіркірегені естіледі. Үйдегі екінші кісі – Улла.

Улла кір жуып тұр. Ганнибалдың қолында – кітап.

– Улла, мұнда бір жақсы өлең бар екен, оқып берейін бе?

– Мен өлең затын ұқпаймын.

– Ұғасың, тыңда. Саха өлеңі.

– Жарайды, оқы.

– Улла, мен бұл өлеңді саған арнап оқимын.

*Қашанда болсын сүйіктім,  
Жанымда менің жүргендей.*

*Қанат қағып, неліктен,  
Кетпейді ұзап көрінбей.*

*Нұр құйылып жүзінен,  
Аққуша қалқып келеді.*

*Құшағын ашып, күлімдеп,  
Ернімен ыстық өбеді.*

*Тосамын мен де сағынып,  
Сабыр деп, сақтап сезімді.*

*Көгілдір бір сағым боп,  
Талдырады көзімді.*

– Ұқтым, Ганнибал, ұқтым.

– Нені ұқтың?

– Сен әйелінді, балаларыңды сағынып жүр екенсің. Мұның жақсы.

– Оларды да сағынатыным рас. «Көгілдір бір сағым боп, талдырады көзімді»... Кейде төзімім де таусылады.

– Барып келесің бе?

–Еңбекақымды алған күні тартамын. Тура Якутскіге ұшамын. Құйтақанда й Аннушкамды алақаныма салып алып сүйермін-ау!

– Сенсіз бізге де мұнда көңілсіз болар.

– Саған көңілсіз болмас, Улла. Саған көңілсіз болмайды.

– Бұл не дегенің, Ганя?

– Сен мені елемейсің.

– Елегенде не істеуім керек?

– Күйеуің үйде жоқта көңілімді көншітіп қойсаң ғой...

– Көргенсіз болмасаңшы!

– «Көргенсіз» деме. Сен де жассың, мен де жаспын...

– Кітабыңды оқы. Маған ондай сөз айтушы болма. Менің күйеуім бар... Күнәдан бойыңды аулақ ұста... Қазір мына кір суды төгіп келесің...

– Улла, маған неге ертерек кездеспедің екенсің?

– Кездескенде тұрған не бар?

– Онда қазір сені мен аймалап жүретін едім ғой... Мен...

– Мен Мэхәсімді жақсы көремін.

– Мен де Сонямды сүйемін...

– Ендеше саған не көрінді?

– Сен ерекшесің, артықсың, Улла. Өзіңді-өзің байқамайсың. Егер менің Соням – қылаусыз ақ түлкі болса, сен – күміс жүнді мөлдір қараның өзісің! Сен сұлусың, әдемісің... сен...

– Ерлердің бәрі осындай... Тамара қарамай қойса, – Настяға үйлене салады, сонсоң қол жетпес арманымсың деп Аляның соңынан қалмай жүреді.

– Мұның рас. Ерлер іштен туғанда аңшы боп туады.

– Жә, жетер! Беталды ақылгөйсінбесеңші. Оданда Соняңды осында алдыр.

– Осында, осы киіз үйге ме? Ол Якутияда кең бөлмеде, шешей екеуі тұрады. Егер мен аудан орталығынан пәтер таба алсам, кім біледі, Соня келіп те қалар еді, ол – жігерлі әйел. Бірақ мен сияқты қаңғыбасқа мұнда кім пәтер бере қойсын. Мұнда балықшыларды мал тапқаннан басқаны білмейтін маубас деп санайды. Бір киіз үйге оншақтысын кіргізеді де, кете барады. Қой, пардон, мен кетейін, ұшайын. Шынында жетер.

– Ганнибал, сені бригададағылардың бәрі жақсы көреді, силайды. Соня көшіп келсін. Совхоз көмектеседі.

– Мен оны киіз үйге әкеле алмаймын. Қызым онда балалар бақшасына барып жүр.

– Егер сен кетіп қалсаң, бригаданың жұмысы ақсайды.

– Сен өйтіп қуланба, Улла, күйеуіңнің ғана мүддесін ойлама. Ештеңе етпейді, менің орныма кісі табылады.

– Кім, қайдан?

– Е, мен сияқты ашықауыз аз дейсің бе.

– Егер сен бригадада қалсаң, мен сені құшақтап тұрып сүюім мүмкін.

– Улла, шын айтасың ба? Келші, алдын ала бір рет сүйші, аванс болсын!

– Авансты көресің әлі! Күйеуім жоқ кезде мені жағалаушы болма!

– Сен Мэхэсті шынында қатты сүйесің бе?

– Мэхэс мені шын сүйеді, көзіме шөп салмайды.

– Бұл туралы орыстың бір өлеңі бар, Улла, айтып берейін, тыңда.

– Оныңды ұқпаймын ғой.

– Ұғасың. Тыңда. Әйгілі Сергей Есенин жазған.

*Шырыныңды сорғанмен сезімдегі,  
Жоқ жанымның өзіңнен бензінгені.  
Қалды маған боз тұман шашыңдағы,  
Қалды маған күзгі мұң көзіңдегі...  
Сорып алған жат ерін қызылыңды,  
Қытығыңды, бойдағы қызуыңды...*

– Сенің андағыңнан, Ганнибал, мен ештеңе ұға алмадым. Менде сенің әкендей білімді әке болған жоқ. Жетінші класты бітірер-бітірместе балықшының әйелі болдым, Солтүстікке келдік, тұрмысымыз – мынау. Осы жақта өлетін де шығармын... Үйбу, асып кетті-ау, баршы, мына шелекті төгіп келе қойшы!..

– Жарайды, Улла, барайын, қазір... Сендер баланы көбейтіп алыңдар, әйтпесе іштерің пысады...

– Ал сен тайып тұруға шын бекіндің бе?

– Қаштың демексің бе? Пәтер бермесе, еңбегің өнбесе, кетпегенде ше? Биыл балық та аз... Салпақтап бос жүріп не табамын. Якутскіге барып жұмыс іздеймін.

– Балықшы болғым келмейді деші? Сен айтушы едің ғой...

– Сопиып жалғыз жүруден жалықтым. Бір жыл сандалғаным да жетер!

– Мэхэс саған білгенін үйретті, саған сенді...

– Ол үшін Мэхэске мың да бір рахмет. Кәне, шелегің қайда?

– Міне тұр, ала бер. Кір таусылар емес. Сендер, еркектер, киімді тез-ақ кірлетесіңдер. Алдағы жексенбіге су тасып қойыңдар, мен ысытып берейін, бәрің шомылып алыңдар.

– Шомылған деген жақсы ғой, шіркін! Сен алтаумыздың тамағымызды, кірімізді ойлайсың, ал біздің ойымыз басқада.

Ганнибал төсектен атқып тұрды да, құшағын кең аша керіліп-созылды. Қолының бұлшық еттері ойнап шыға келді. Ганнибал сұңғақ бойлы, сымбатты. Күн қаққан қоп-қоңыр өңіне арудың тісіндей аппақ тістері ерекше жарасады. Ганнибалдың көзі – нағыз сығыр көз; аллатағала бергі жағын бір сызып қана ашып: «Сен осымен де жеркөкті түгел көре аласың» деп қоя бергендей.

Улла Ганнибалға қарамады. Аппақ білегін түріп, еңкейіңкіреп, әсем қимылмен кір жуып тұр. Сібірге де жеткен жаңа модаға сай қысқа кескен қою қара шашы толқынданып көз тартады.



Ганнибал аяғының ұшымен басып барып шелекті алды да, мойнын созып, тусыртынан келіншектің омырауына ұрлана қарады. Сонсоң шала мас кісіше теңселе басып шығып кетті. Жұқа қызыл көкірекше киген құлын мүсін келіншектің дірілдеген қос анарының ортасындағы балғын да сиқырлы сайшық Ганнибалдың сезіміне құйын-леп беріп, астан-кестен халге түсірген сияқты. Әдеппен киінген әйелдің аңдаусызда бір ғана сәтке ашық қалған қастерлі денесіне көз тастау жігіт үшін мың мәрте рахат емес пе!

Ганнибал кейде су алып келе жатып шынтағымен келіншектің жұп-жұмсақ білегін, немесе мықынын әдейі сүйкеп өтеді, – ондайда Улла оны үндемей ғана итеріп қалады, немесе жуып тұрған кірімен ұрып қалады, сонсоң жұмысына қайта кіріседі. Ал Ганнибал қорғанып, күліп мәз болады. Олары – жастарға жарасатын қылық. Ол үшін Ганнибалды да, Улланы да кінәлау қиын: жастардың қай қылығында болсын балалықтың ұшқыны болады емес пе қашанда!

Жаңбыр толастауға айналған тәрізді. Тұтасқан бұлттар енді ыдырап, түтеленіп, көкжиекке қарай құлдырай бастады: спектакльден кейін киім ілгішке жүргірген көрермендерге ұқсайды. Жүзі ашылған аппақ күнді сахнада жалғыз қалған артист деуге болатын...

Ганнибал алып шыққан шелегіндегі суды киіз үйді айнала бере шаша салды. Шыбын быжынамай қайтеді енді, ә? Жо-жоқ, тундрада шыбын болмайды. «Неге болмасын, бірақ оларды маса жеп қоятын шығар» дейсің бе? Дұрыс-ақ! Мұны қаланың қайсыбір салпыаяқ әйелдеріне айта қояйық: ас үйлеріндегі шыбындардан құтылғылары келсе, тундраға келіп, бірер қапшық маса алып қайтсын да, ас үйлеріне апарып төге салсын!..

Ганнибал жағажайда ары-бері біраз жүрді де, өзенге қарап, қолын айқастыра кеудесіне қойып тұра қалды. Пушкинге ұқсайды. Әлде сұсты Наполеонға ұқсай ма?! Ол ұзақ тұрды.

Солтүстік адамдарының бір серігі – аспан. Еңселі де енжар, тұңғыық та тұнжыр аспан. «Үрейлерінді ұшырайын ба осы?!» дегенді жиі айтатын сенімсіз, опасыз серік.

Тундрада апталап жауатын жаңбырдан кейін жер қалайда жылынып, бусанып қалады, жерден қияр иісі аңқиды: тундраға қияр қайдан өссін бірақ, – табиғат бізді сонысымен таңдандырады, ал қияр иісінің қайдан келетінін табиғаттың өзі де білмейтін шығар-ау!

Тундра жап-жасыл, теп-тегіс болып жатады дейсің. Көзге солай. Үйден сәл ұзап шыққан соң-ақ: құм, батпақ, шұңқыр-шұқанақ, тас-томар, шалшық адымынды аштырмай діңкелетеді. Жап-жасыл, теп-тегіс болғаныңа!..

Айтпақшы, Улла қайда? Ол үйде. Терезеден Ганнибалға қарап, бақылап тұр. Қыр мұрнының ұшында бір тамшы тер бар. Улланың құм түстес көзіне қараңызшы: мұң мен қуаныш араласқан қат-қабат бір сезім толқынын көресіз...

Улла мен Ганнибалдың қайта жалғанған сөздеріне құлақ түрелік:

– Сенің атың қызық екен. Тарихта бір Ганнибал бар ма еді? Патша ма, қолбасшы ма, а? Мен ұмытып қалыппын.

– Жоқ, Улла, сен ұмытпапсың. Мен туған кезде әкем Мәскеуде оқуда екен. Маған ат қоярда қайнағасымен ақылдасыпты. Ал математик-мұғалім қайнағасы өзінің ұлына Радиус деп, қызына Меридиана деп ат қойып, математика жақты адалап болған көрінеді. Енді ол тарихшының оқуындағы әкеме біраз «лекция оқып», мына аттардың біреуін қоюың керек деп, жеке-жеке қағазға: Манчары (әдеби-ұлттық батырымыз), Темірлан, Спартак, Ганнибал дегендей талайын тізіп жазып беріпті. Жеребе тарту кезегі бірінші боп тиген шешем шиыршықталған қағаздардың біреуін алып ашса, оған Темірлан жазылған екен, – әкем тас-талқан боп ашуланыпты, қылышынан қан тамған жексұрынның атын балама қоймаймын депті. Шешем екінші жеребені тартуға мәжбүр болады да, Ганнибалды алып шығады. Әкем оған да ашулана жаздапты, бірақ басқалар Ганнибалды құптапты. Оның, Ганнибалдың, кім екенін білмейтіндер бірдеңе десе-ақ болды, мен: Ганнибал – Пушкиннің ұлы атасы, ол да мен сияқты қоңыр өңді болған деймін...

– Ғажайып атты Ганнибал, мына үйректің етін боршалай қойшы!

– Сенің атың да сирек кездеседі ғой, Улла?

– Мен Алданда өсіп-өрбіген эвенкінің қызымын.

– Бойыңда орыс қаны бары айдан анық.

– Шешеме тартқанмын. Қаным тіпті орыстың да емес, поляктың қаны. Атам саяси тұтқын ретінде осы жаққа жер аударылған кісі екен.

– Біздің Якутия осындай. Сен пәлен ұлтсың, сен түген ұлтсың деп жатпайды...

...Бүгін түнде киіз үйде екеуі ғана болмақ. Ганнибал жатып кітап оқуға кірісті. Улла іс тігуді қолға алды...

*Моисей ЕФИМОВ,  
саха жазушысы.*

## КӨШЕН ХИКАЯЛАРЫ

### БАЛЫРҚЫНА

Соңғы кезде Маша Балырқынаның айы оңынан туып-ақ жүр. Қай қалтасына қолын салса да, кілең жүз сомдықтарды суырады да алады. Көңілі – көктем. Түлкі жағасы жалт-жұлт етеді.

Балырқына бір үлкен дененнің кассирі. Алдына күніне жүздеген адам келіп, сатып алған заттары үшін сомдап, тиындап дегендей ақша төлеп өтеді. Тұтынушыларға тез қызмет етуді жақсы білетін кассирдің қимылына көз ілеспейді: есеп машинасын екпіндетіп-екпіндетіп жібереді де, машина көрсеткен төрт сом қырық тиынның орнына төрт сом тоқсан тиын дей қояды. Онсыз да асығып жүрген халық үңіліп қарап тұра ма, айтқан ақшасын ұсынады да, қайырып бергенін қалтасына тоғыта салып кете барады. Чекке үңіліп, машина мен Машаның қайсысы қалжындағанын сұрай қалғандарға, әрине, Маша жауап беріп: «Ой, кешіріңіз! Қателесіп кетіппіз-ау!» дейді. Соның өзінде де жеке өз атынан айтпайды, «қателесіп кетіппіз-ау» деп көпше түрде айтады.

Кімнен, қалай қымқыруда үлкен-кішіні айыруды қойған Балырқына бір күні Көшенге де жиендік жасап жібереді де, онысын сезіп қалған «нағашысына» наздана күліп қарап:

– Ой, қателесіп кетіппіз! – деп бір теңгелік күмісті дөңгелентіп қайтарып берді.

– Осы сен қашанғы қателесе берер екенсің?! – деп Көшен басын бір шайқап қойып, жөніне кетті.

Біраздан соң әлде бір жіңішке дауыс:

– Әже, сізді алдап жіберді, ақшаңызды жеп қойды! – деді, кассаға ақша төлеп кете берген кемпірге. Кемпірден де бір сомды қақшығанына іштей разы болып отырған Маша қатты састы.

– Ой, кешіріңіз! – деп қағаз бір сомдықты қайырылып келген кемпірге ұстата салды.

Кассадан үш-төрт кісі өткеннен кейін жаңағы жіңішке дауыс:

– Бұйра шаш жігіт, сіздің де біраз тиындарыңызды қымқырып қалды! – деді шыға берген жігітке. Жігіт қайырылмас сыңаймен қолын сілтей салды.

– Токтаңыз, тоқтаңыз! – деді жіңішке дауыс.

– Бұл кімнің дауысы, қайда тұр? – деп әлде кім таңданды.

– Жолдас, тоқтаңыз, бері келіңіз! Сіздің біраз тиыныңызды емес, тура бір теңгеңізді жеп қойды! – деп есеп машинасы кәдімгі кісіше сөйлеп, сақыр-сұқыр етіп дірілдей бастады. Балырқынаның көзі тас төбесіне шықты.

– Ой, ой! Мынау... ма-машина-а-а!.. – деп орнынан ұшып кете жаздады. Бармағына басқан ақшаны лақтырып жіберді.

– Қаншама темір болғанмен машина да арамдыққа ақыры төзбеді-ау! – деп бір шал мұртын сипап күлді.

### КІМТЕНЕ

Әркімнің бір ұнататын ісі, үйренген әдеті болады. Ондай қасиет Кімтенеді де бар. Ол хат жазғанды жақсы көреді. Хатты кімге жазса да, өзінің кім екенін білдірмеуге, сездірмеуге тырысады. Ол үшін жазуын үнемі бұзып: біреуге – оңға қарай жантайтып, біреуге – солға жантайтып, енді біреуге – әріптерін тіп-тік етіп, әйтеуір қилы-қилы тәсілмен жазады. Онысы – ұялшақтығы, немесе кішіпейілділігі емес, сақтығы, қырағылығы. Өйткені хатында қиялдау, әсірелеу шектен тыс көп болады, ақсақты – тың дейді, өтірікті – шын дейді, немесе керісінше де келістіріп айта салады. Кімтенеге барды – жоқ деу де, жоқты – бар деу де онша қиын емес.

Хат жазуға келгенде бұл жарық дүниеде Кімтенемен таласа алар тарландар аз шығар. Оның хаты бармаған мекемені біздің өңірден өңінде де, түсінде де іздеп таба алмайсың. Оның хатына кейіпкер болмаған кісі де кем де кем екені шүбәсіз. Ең аяғы әйелі мен баласы да оған кейіпкер болып тынды.

Әйелінің үстінен ол қызмет істейтін үй басқармасына хат, яғни арыз жазып, бұл үй иесі әйел газды қалай болса солай жағады, үнемдей білмейді, тіпті үнемдегісі де келмейді дегенді айтты.

Ал, баласының үстінен мектепке жазған арызында бұл үйдің баласы сабақ оқиын, білім алайын деп жүрген жоқ, ойнағаннан басқа ештеңе бітірмейді, деп сыдыртты.

«Менің қаламымның ұшы тимеген енді кім қалды?» – деп Кімтене бір күні іштей түгендеп отырса, жалғыз ғана Көшен қалыпты! Е, ол әлгі хикаялары таусылмайтын Көшен ғой, ә? Ендеше ол да сыбағасын

алсын! Әулиемін деп, әркімге тиісіп, жұртты күлдіріп жүретін неменің мойнына су құяйын!

Кімтене осындай тұжырым жасады да, отыра қалып жазды. Арызының мазмұны былайша болды:

«...Көшен қай жерде болсын сайқымазақтығын қоймайды, құрметті кісілерді күлкі-келеке етеді, сөйтіп жұртты қоғамдық пайдалы жұмысынан бұрып, қымбат уақыттарын бос күлкіге қор қылады, яғни біздің ортақ ісімізге нұқсан келтіріп жүр. Бұл сияқты жат қылығы үшін Көшенді қатаң жазалайтын мезгіл жетті».

Кімтене өлке бастығына осылайша хат жөнелтіп, Көшенді оңдырмай бір сүріндіретін болғанын ойлап, миығынан күліп жүрді.

Арада бірер күн өткенде Кімтенені өлке бастығы шақыртты.

– Бізге бір хат түсті, міне, танысып шығыңыз, – деді оған.

Конвертке көзі түскен сәтте-ақ ол хаттың әлгі Көшеннің үстінен өзі жазған арыз екенін Кімтене, әрине, тани қойды.

– Бұл хаттың маған қатысы қанша? Бұл не жайында өзі? – деп монтансыды.

– Ашып оқығайсың. Саған тікелей қатысы бар.

– Жоқ! Маған қатысы бар хат болуы мүмкін емес. Қайдағы біреудің хатын маған тықпаламаңыздар!

– Алыңыз. Ашып оқыңыз. Сіздің үстіңізден түскен арыз хат.

– Не дейді?!.

Кімтене хатты ашып оқыды да таң қалды, өз көзіне өзі сенбеді. Әлбетте, хат өзінікі, өзінің жазғаны. Ешбір өшірген, түзеткен жері жоқ, – бірден таныды. Бірақ хатта былай делінген: «Кимтэнэ қай жерде болсын, қашан болсын сайқымазақтығын қоймайды, құрметті кісілерді күлкі-келеке етеді, сөйтіп жұртты қоғамдық пайдалы жұмысынан бұрып, қымбат уақыттарын бос күлкіге қор қылады, яғни біздің ортақ ісімізге нұқсан келтіріп жүр. Бұл сияқты жат қылығы үшін Кімтенені қатаң жазалайтын мезгіл жетті».

Бұл не?!

Көшеннің үстінен жазылған жоқ па еді?!

Кімтене күйіп кетті:

– Мұны түзеткен кім?! – деді ол, айқайлап.

– Түзеткені несі? – деп бөлмедегілер біріне-бірі қарады.

Кімтене өзінің мүлде өртеніп кете жаздағанын сезе қойды да, ашуын жуып-шайған сыңаймен:

- Мына хаттың маған қатысы шамалы ғой, – деп мәймөңкеледі.  
– Шамалы ғойың қалай? Сен Қырғиәлей Кімтене емессің бе?  
– Иә, Кімтенемін.  
– Демек?  
– Сонда да бұл хат мен туралы емес. Бұл әлгі Көшен туралы.  
– Не дейсің?! – деп бөлмедегілер ду күлді. – Сен де нағыз сайқымазақ екенсің-ау!  
– Рас айтам, бұл Көшен туралы болатын, – деп Кімтене желкесін қасыды.  
– Сен, жолдас, Көшеннің хикаяларындай бірдеңені айтып, басымызды қатырма. Оданда үстіңнен түскен андағы арызды дұрыстап оқы да, түсінік жазып бер, – деді өлке бастығы зілденіп.  
Өзінің үстінен өзі арыз жазған боп шығып, оның қалай болғанына ақылы жетпей дағдарып тұрған Кімтене сылқ етіп отыра кетті. Не деп түсіндіреді? Қалай ақталады? Көшенде не құны бар еді?!

#### КҮЙТЕРЕКЕП

Көшен көшеде Күйесте Күйтерекепті кездестіреді де, оған:

– Дәрігер Ивановтың үйінде су құбырының тұрбасы тесіліп қалған көрінеді, тезірек барып жөндеп бергейсің! – деді.

Күйесте келісе қойған сыңай аңғартып тұра жөнелсе де, былай шыға бере: «Тезірек, тезірек дейді. Тезірекшілін бұлардың! Шыдай тұрар, тұншығып өлмес!» деп күбірледі.

Ивановтың үйі шынында көл боп кетіпті. Ас үйдің жарылған тұрбасынан су лақылдап жатыр. Үйдегілер екі шелекпен кезек тасып төгіп жүр.

Күйтерекеп құрал-сайман салып иығына асып жүретін қобдишасын асықпай алып жерге қойды да, екі қолын кеудесіне айқастыра ұстап, талтайып тұрып: «Өй-дөйт!» – деді. Тұрбаға қарап біраз ойланды. Сонсоң жақындап, еңкейіп, тұрбаға саусағының ұшын ғана тигізіп:

– Тозыпты. Тот басыпты. Өй-дөйт, – деп маңғазданды. Қалтасынан шылым алып: – Шылым шегуге рұқсат шығар, – деді де, темекісін асықпай тұтатты. Сонсоң бір орындыққа жайланып отырды. Безектеп су төгіп жүрген кемпір мен он жас шамасындағы ұлға кезек-кезек қарап, жымыып, темекісінің түтінімен ойнай бастады. Кемпір мен

баланың шелекті сүйрелеп мықшындаған түрлеріне көз қиығын тастап қойып жымия түседі.

Бір кезде кемпір шелегін салдыр еткізіп қоя салды да:

– Ұлым, мынаны бітеп бере қойсаңшы, тезірек жөндеші! – деп Күйестеге бес сом ұсынды.

– Өй-дөйт! – деп Күйесте орнынан ұшып тұрды. – Тәйір-ай, мұны жөндеу де сөз болып па? – деді де, шұғыл кірісіп кетті. Құрал-саймандарын тез-тез алып, тұрбаның о жер, бұ жерін бұрап, суды тоқтатып, тұрбаның жарылған бөлігін бөлек алып тастады.

Байғұс кемпір мәз болып:

– Он саусағыңнан өнер тамған жігіт екенсің ғой, ұлым! – деді.

– Мен қазір бүтін тұрба әкелемін, немесе агрегат алып келемін де, мына жарық жерін бүтіндеп беремін. Барлық крандарыңызды қарап, тазалап шығамын, – деп Күйесте құрал-саймандарын жинап, кобдиын арқалап үйден шығып кетті.

Сонымен іс тынды.

Ивановтар бір күн күтті – жоқ. Екі күн күтті – жоқ. Күйесте хабар-ошарсыз жоғалды.

Ивановтар үй басқармасына телефон соққан сайын: «Күйтерекеп жаңа ғана сіздердікіне кетті!» – деген жауап алады.

\* \* \*

Күйтерекептің дәп желкесіне сыздауық шығып пәле болды. Өнебойы төбесінен табанына дейін түгел солқылдап қинап бітірді.

Дәрігерге барды. Бұл өліп-тіріліп отырғанмен, дәрігер асығар емес. Өзінің шаруаларымен ары-бері жүріп, бұған анда-санда бір қарап қояды да: «Ештеңе етпейді», деп ернін шүйіреді. Әлде не заманда медбикеге: «Укол сала тұр», деді де, өзі бөлмеден шығып кетті.

Медбике де бір жайбасар екен, ырғалып-жырғалып жүріп, әйтеуір укол салған болды. «Мыналар өліп кетсең де өкінер емес қой өзі!» деп таңданды Күйесте, іштей ыза буып.

Уколдың әсерінен сыздауығының сұққылағаны басылды. «Бұлардың құдай да емес, құдайдан былай да емес екендері рас болды», деп ойлап отыр Күйесте. Көңіл-күйі түзеліп, бір уақытта жан-жағына қараса, – бөлмеде өзінен басқа тірі жан жоқ!

Біраз уақыт өтті – ешкім келмеді.

Сүт пісірім уақыт тағы өтті – ешкім бас сұқпады.

Әйтеуір, бір кезде дәрігер келді. Бөлмеде ары-бері жүрді, өйтті, бүйтті, тағы да ары-бері жүрді. Сонсоң Күйестеге қарап тұрып-тұрып: «Ештеңе етпейді» деді. Сонсоң:

– Қазір тіліп, тазалап береміз, мүлде жазылады, – деді де, тағы да шығып кетті.

Күйтерекеп дәрігерді ары тосты, бері тосты – зым-зия жоқ. Отыра-отыра өнебойы салдырап қалды.

Бір кезде медбике келіп, үстелден бірдеңе алып, қайтадан есікке беттеді.

– Дәрігер қашан келеді? – деп сұрады Күйесте.

– Ол әлі келген жоқ па? – деп медбике сұраққа сұрақпен жауап берді де, шығып кетті.

Ет пісірім уақыт өтті, – ешкім келмеді.

Медбике кірді.

– Ойбай-ау, әлгі дәрігер қайда? – деді Күйесте. Медбике:

– Ол әлі келген жоқ па? – деп, сұраққа тағы да сұрақпен жауап беріп, тағы да шығып кетті.

Күйестенің діңкесі құрып, тосып отыр. Госпасқа амалы жоқ. Сөйтіп омалып отырғанында оның көз алдына суы лақылдап жатқан жарық тұрба елестей қалды. Көшеннің: «тезірек барғайсың» деген дауысы естілгендей болды, «тезірек» деген сөз мысқылмен айтылғандай естілді... Күйесте тұра жөнелді.

\* \* \*

Қызметтен шығып үйіне келген Иванов ас үйде шешесінің бірнеше күннен бері жиылып қалған кір ыдыстарды ыстық сумен көңілдене жуып тұрғанын көрді.

– Е, пәлі, құбырды жөндеп берген екен ғой?

– Ана жолғы Күйесте деген жігіт келді де, көзді ашып-жұмғанша жөндеп беріп кетті. Оп-оңай екен.

– Ана жолғы жігіт дейсің бе?! – деді Иванов таңданып. – Ол осы әлгінде ғана менің қабылдауымда болып, желкесінің сыздауығына операция жасатты ғой? Қай жерде келіп үлгіріп жүр?!.



**Стоян ДАСКАЛОВ,  
болгар жазушысы.**

**ДИМИТРОВ**

\* \* \*

*Бұл әңгіменің авторы Стоян Даскалов 1909-жылы Болгарияның Врачан округіндегі Лиляч селосында туған. Танымал жазушылардың бірі. Оның қаламынан: «Қасірет», «Сорап», «Магда дөңесі» «Жамылған тон», «Өз жағымызда», «Жаңа әңгімелер», «Межесіз мекен», «Команда аты» әңгімелер жинақтары, «Жерсіз қалған ұрпақ», «Солдат әйелі», «Махаббат оянғанда» повестері, «Сапар», «Липованскийдің диірмені», «Стублен» жөкесі, «Цветин шабындығы», «Жаңбыр аймағы», «Жер сәулесі», т.б. романдары шыққан. Болгар әдебиетіне сіңірген зор еңбегі үшін жазушыға Т. Димитров силығы және Халықтық мәдениет қайраткері атағы берілген.*

\* \* \*

Жиналыстан соң, Георгий Димитров кешкі тамаққа шақырылды. Оның алдына таулы жердегі кедей селолардың дастарханына тән қаранан мен тұздалған алмұрт қана қойылды. Өзі де құбақан тіршілікті селода туып-өскен Георгий Димитров ол дәмге дән риза болды.

– Алмұртты тұздауға менің шешем де шебер еді, бірақ дәл бүгінгідей дәмді алмұртты мен әлі жеп көрген жоқпын, – деді ол аттанарында.

Жергілікті мұғалім Иван екеуі Черепишстанциясына жүріп кетті. Георгий Димитров түнгі поезға қалайда ілігіп, таң атқанға дейін Софияға жетуге тиіс болды. Онда үлкен ереуілге әзірлік жасалып жатқан. Яғни, жұмысшылардың арасында болуы қажет. Ал оның мұнда екенін полиция сезіп қойған көрінеді, тезірек кетпесе, тұтқындалып қалу қаупі төнді.

Станцияға тез жету үшін темір жолды бойлап жүру керек. Искра алқабы ай сәулесіне бөленіп жатыр. Айлы түнгі далада тербеліп тұрған бітік егін алтынмен апталғандай әсемденіп көз тартады. Алқапты екі жағынан жарыса қоршаған биік таулар бір-біріне тәкаппар қараған құдіретті тұлғаларға ұқсайды.

Екі жолаушы Искра өзенінің ағаш көпірінен өтті де, күміс таспадай жалтырап созылып жатқан релстерге бет алды. Темір жол өзенді бойлай салынған-ды. Тұңғыық аспанға бой ұсынған биік шыңдар

алқаптың қусырылып бітер шегіне қарай екі жақтан төне көлеңке түсіріп, аралары жақындаған сайын көне қамалдың мұнараларындай сұсты көрінеді. Таулар түйісер шатқал көлеңкеге көмілген. Өзен сарқырап төмендей береді, көлеңкеге енгенде көрінбей кетеді де, көлеңкеден шыққан тұста аппақ жыланша ирелеңдейді.

– Анау шыңдар Ритли деп аталады, – деді мұғалім қоңыр үнмен.  
– Ал, мынау шыңның аты – Раш мұнарасы... Ботев отрядының сау қалған жауынгерлері шегініп келіп, осыны паналаған болатын. Олардың одан арғы тағдыры өзіңізге де аян. Ал, Илияца шешей анау тұстан қайықпен өтіп, көтерілісшілердің жарадар біреуін Черепиш ғибадатханасына апарып жасырыпты, бірақ ол жауынгерлерді тіміскі жау бәрібір тауып алып, өлтіріп тастапты...

– Неткен ғажап өлке! – деп Димитров таңдана дауыстады. Сонсоң:  
– Иван, сен неге ақын болмадың? – деді.

Димитров тоқтап, қарсы бетте көрінген шағын селоға көз тастады. Сүттей жарық айлы түнде селоның ақ шаңқан үйлері шашылған аппақ гүлдер тәрізденеді.

– Мынадай әсем жерде өскен адам ақын болуға тиіс! – деді Димитров, үнінен тебіренис аңғарылып. – Әсем дүние адамға жақсы әсер етеді, өмірдің тауқыметін бір сәтке болса да ұмыттырып, көңіліңді көркейтеді...

Екі жолаушы терең шатқалға жақындады. Қарсы алдарында қапсағай жартастар қарауытып тұр. Димитров тағы да тоқтап, серігіне бұрыла қарап:

*Ашыңдаршы тар қапасты,  
Көрсет күнді, соқсын жел,  
Қара көзді қарындасты,  
Қара жалды атты әкел, –*

деп шын шабыттана тақпақтады. Содан кейін сәл-пәл үнсіз тұрды да:

– Бұл – Лермонтовтың өлеңі! Иван, сен ол ақын туралы естіп пе едің? – деді.

Екеуі тағы да ілгері аяндады. Димитров тағы да тақпақтады:

*Жас сұлуды сүйейін де,  
Құмарта бір құшайын.  
Бірғып атқа мінейін де,  
Қырға жел боп ұшайын.*

*Түрме есігі құлыптаулы,  
Терезесі тым биік...*

Сол сәтте әлдекім:

– Тоқтаңдар! – деп айқайлап әмір етті.

Екеуі шатқалға еніп қалған-ды. Туннель бар екен. Оған кіреберісте жол бақылаушы тұр. Мұғалім өз-өзінен тіксініп, дереу қаруын оңтайлады. Димитров ештеңе көрмегендей, ештеңе естімегендей байсалды қалыппен тақпағын жалғай берді:

*Жасыл дала, жүгенсіз ат  
Жүр жайылып еркімен.  
Ортқып ойнап, тауып рахат,  
Құйрығын жел желпіген...*

– Кімсіңдер? Қайда барасыңдар? – деп айқайлады жол бақылаушы.

Тәпелтек қатпа кісі қолындағы шамын қалақтай ғана кеудесіне көтеріп, бейтаныстарға мойнын соза қарады.

– Мен осы жердікімін ғой... немене, танымай қалдың ба? Мен мұғаліммін... – деді Иван, жайбарақат сөйлеуге тырысып, жол бақылаушыға еңкейе сөйлеп. – Ал, мына кісі – менің Софиядан келген жолдасым. Біздің үйде қонақ болды... Енді, міне, поезға асығып келеміз.

– Егер сен осы жердікі болсаң, туннель арқылы өтуге тиым салынғанын білуге тиіссің... қайдағы-жайдағы біреулер қаңғалақтап келіп өте берсе... бір күні біреуің поезды төңкеріп кетіп жүрерсіңдер.

– Ойбай-ау, бұл кісі – ақын! – деді Иван, ақындар поезды құлатқаннан әлдеқайда маңызды шаруамен шұғылданатынын ұқтырғысы келген кісіше қолын көкке сермей сөйлеп. – Сен алдымен бұ кісінің өлеңдерін тыңдап көрші өзің!

Димитровтың портфелінде өлеңдер жинағы емес, басқа жазбалар жатқан еді, – ол жазбалар үшін авторын түрмеге тығып жіберу оп-оңай болатын. Иванның қулығын түсіне қойған Димитров тағыда шабыттана тақпақтай жөнелді:

*Жұбаныш жоқ – жалғызбын мен,  
Жан-жағым: жар, сыз бен шаң.  
Сәулесінен күдер үзген  
Өлусіреп жанған шам;  
Есік сыртын естіп анық*

*Отырмын мен, түн іші.  
Ерсіл-қарсыл басады нық,  
Тілге келмес торушы.*

Жол бақылаушы аузы аңқиып тыңдап қалды, – бейтаныстардың кімдер екенін, қайдан келе жатқандарын, «ақынның» портфелінде не барын сұрап білуді мүлде ұмытты. Димитров туннельге кіріп те кеткен-ді. Оның қуатты үні туннель ішін күмбірлетіп ұзап бара жатты:

*Ашыңдаршы, тар қапасты,  
Көрсет күнді, соқсын жел...*

Жол бақылаушы «ақынның» құдіретіне құл болып, оның: «көрсет күнді, соқсын жел...» дегенін іштей қайталап айтып, аңырып қала берді.

Жол бақылаушы бірнеше күн өткеннен кейін газеттен жұмысшылардың күшті ереуіл жасағандарын оқыды. Ереуіл басшысының суретіне шұқшия үңіліп отырып:

– Өй, мен мына кісіні бір жерден көрген сияқтымын ғой?! – деп өз-өзінен күбірледі.

*(Өлеңнің қазақшасы Қасым Аманжолов аудармасынан алынды.)*

**Ф.ЮХАНССОН,**  
швед жазушысы

## **САЛЫҚ ҮСТІНЕ САЛЫҚ**

Автобус тоқтап, есігі ашылысымен іштегі халық сыртқа қарай лықсыды. Алдымен 91 жастағы өлмелі пастор, одан соң қолтықтарына ұстара жүзді коньки қыстырған, қолдарындағы қос алақандай магнитофондары дүниені бастарына көшіре қырылдаған 22 бала – сегізінші сыныптағылар түсті. Ең соңында екі қолында теңкиген екі сөмкесі бар Бэрта Муллбэнк бике көрінді. Ол автобустан итшілеп әрең шығып, үйіне қарай бұрыла бере-ақ полицеймен шеке түйістіріп қалды.

– Муллбэнк бикесіз бе? Қайырлы күн! Қош келдіңіз! Мә, мынаны ала қойыңыз, – деп полицей бір қағаз ұсынды.

– Бұл не?

– Кісі жалдағаныңыз үшін төлейтін салығыңыз.

– Мен ешкімді жалдаған жоқпын!

– Үйіңіздің қабырғасындағы суреттерді сыдыруға кісі жалдадыңыз.

– Жаңасын өзіміз желімдедік! – деп бұрқ етті Муллбэнк бике. – Қара сорпамыз шығып зорға бітірдік. Густеннің ондайға икемі жоқ екен, ас үйдің қабырғаларына деген қағаздарды құстарының аяғын аспаннан келтіріп желімдеп шығыпты. Барып көруіңізге де болады.

– Муллбэнк мырзаның машинадан бір құшақ қағаз алып түскенін көршілеріңіз көріп тұрыпты, – деді полицей. – Яғни, сәндік сурет қағаз жапсыруды жоспарлап іске асырғансыз, Муллбэнк бикеш, соншама қыруар шаруаға кісі жалдағаныңыз да айдан анық, демек, тиісті салықты дереу төлеуіңіз керек.

Кенет ол елең етіп, локаторша қалқиып тұрған құлағын үйдің подвалына қарата қойды. Ол жақтан кір жуатын машинаның гуілі естілді.

– Кір жуып жатыр, ә?

Муллбэнк бике басын изеді.

– Кім жуып жатыр?

– Машина ғой, – деді Муллбэнк бике, – бағана кір салып кеткенмін.

– Жалдаудан жалықпайтындығыңыз үшін және бір салық төлейсіз, – деді полицей. – Сірә, кір жуатын машинаңызды қауіпсіздендіру жарнасын төлейтін-төлемейтініңізді де тексермей болмас.

Сол сәтте жаңа ғана піскен ып-ыстық кекс толы табақ көтеріп көрші әйел келіп кірді.

– Ішіне картоп салып пісірген тамаша май тоқаштарыңның бодауына әкелдім мұны, – деп ол ас үйге бет алды.

– Ә, азық-түлік, тағам айырбастаумен де шұғылданады екенсіздер ғой? – деп ежірейді полицей.

Ол қарындашының ұшын тілімен сулап-сулап, қойын дәптеріне бірдеңені жазды.

– Мұныңыз шатақтау екен, Муллбэнк бикеш, – деді ол. – Айырбас атаулының бәрінен айырма салық алынады. – Ол қойын дәптерінен басын көтеріңкіреп, терезеден сыртқа көзін сығырайта қарады да, шамасы жетпіс сегіз жастағы кемпірдің отын дүкені мен үй арасындағы жолды күреп, күрегін үйме қарға шаншығанын көрді. – Жайбарақат қыдырған адамсып анау бір кемпірдің де жалданып жұмыс істеп жүргенін қарашы! – деп тас-талқан болып, тәртіпсіз немені қылмыс үстінде ұстамақ ниетпен сыртқа тұра жүгірді.

Кешке әбден қалжыраған Муллбэнк бике телевизорының

алдындағы креслосында мыж-мыж боп отырған. Телевизор жергілікті жаңалықтарды беруде. Коммуналдық кеңесші Тибаст Брюнглинг шығып, коммунада қылмыстың өршіп бара жатқанын айта бастады. Ол өз міндетіне ұқыпты қарайтын, төңірегіндегі онша сенімді емес қайсыбіреулердің заңға томпақ-ау деген қылықтарын дер кезінде, түп-түгел хабарлап жүретін, сөйтіп, өкіметтің оң көзі болып келе жатқан жарандарға ағыл-тегіл алғыс жаудырды.

Кеңесшінің қасында бір полицей отыр еді. Муллбэнк бике оны тани қойды да, кекесінмен мырс етіп, дереу телефонға жармасты. Салық басқармасымен жалғасып, оларға полицейлердің телевизор арқылы қайдағы-жайдағыны айтып, заңсыз табыс табатындарын түсіндіріп берді.



**Юрий НИКУЛИН,**  
**орыс актері, жазушы.**

### **ТОТЫҚҰС**

*Жұртшылықтың қадірлісі, артист-клоун, қоғам қайраткері болған Ю. В. Никулиннің “Почти серьезно...” (Мәскеу, «Терра» баспасы, 1994 ж.) және «999 анекдотов от Никулина» (Мәскеу, «Аутопан» баспасы, 1994 ж.) кітаптары – тағлымы мол еңбектер. Өздеріңізге ұсынылған мына естелік-әзіл алғашқы кітабынан алынды.*

Тоғызыншы сыныпта оқып жүргенімде мектептесім Шурка Скалыға екеуіміз бір күні стадионға жөнелдік. Трамвайға симай, есігіне жармасып, жабыса ұстанып тұрмыз (ол кезде трамвайдың есігі қазіргіше өздігінен ашылып-жабылмайтын, кейбіреуінде тіпті есік болмайтын да). Бізбен қатар жабысқан екі бозбаланың, сірә, студент шығар, біреуі:

– Мен кеше бір қызық анекдот естідім, – деді жолдасына. Шурка екеуіміз елең ете қалдық. – Құсты жақсы көретін бір ағылшын аң-құс сататын дүкенге барып, тотықұс тандапты. Дүкенші бұтақта қонақтап отырған, екі аяғына да бау тағылған тотықұсты нұсқап: “Бұл он

мың доллар тұрады. Аса ерекше құс: оң аяғындағы жібінен тартып қалсаң – Бернстің өлеңдерін айтады, ал сол аяғындағысынан тартсаң – діни уағызды ағытады” дейді. Ағылшын есі шыға қуанып: “Мен осыны алайын!” дейді. Ақшасын төлеп, тотықұсты құшақтап жөнеле береді де, есік көзінде қалт тоқтап, артына бұрылып, сатушыға: “Ә, айтпақшы, егер мен екі жібінен де тартсам, ол онда не айтады?” дейді.

Анекдотты тыңдап тұрған жігіт дәл сол сәтте:

– Әй, келіп қалдық, түсейік! – деді де, екі студент секіріп-секіріп түсіп қалды.

Мен кешке үйге келген соң ол естігенімді әкеме айттым. Екеуіміз анекдоттың қалай аяқталарын болжап таппақ болып, кеш бойы ауыз жаппадық. Жүздеген болжам айтсақ та, қисынды ештеңе таба алмадық.

Арада көп жыл өтті. Соғыс кезі. Ленинградты қорғап тұрғанбыз. Бірде жеркепеді тыныс алып отырған едік, жауынгерлердің бірі:

– Жігіттер, құлақтарыңды түріндер, мен керемет қызық анекдот айтып берейін, – деді. Біз тыңдай қалдық. Ол анекдотын бастады: – Бір дүкенде ерекше тотықұстар сатылады екен. Ерекше болған соң, бағасы да қымбат көрінеді. Солардың біреуінің бір аяғына байланған жібінен тартып қалсаң -тақпақ айтады екен, ал екінші аяғындағы жіптен тартып қалсаң – сыбап тұрып боқтайды екен...

– Сонсоң? – деп қалдым, еріксіз ынтығып. Жолдасымыз арғысын айтып үлгірмеді, оны батальон командиріне шақырып әкетті. Ол содан қайтып оралмады. Бір тығыз тапсырмамен кетіпті де, жараланып қалып, дала емханасына жіберіліпті.

...Циркіміз Калинин қаласында өнер көрсетіп жүрген бір күні сахна сыртында тұр едім, жанымдағы манеж инспекторы:

– Есіме бір қызық анекдот түскенін қарашы. Америкада біреудің екі аяғына да жіп тағылған тотықұсты сатқаны туралы анекдот, өте қызық, – деді.

– Айтып жібергін! – дедім, кенет толқып кетіп.

– Қазір айтып беремін, келесі нөмірді хабарлап келе қояйын.

Инспектор сахнаға шыға бере бүкшіе қалды. Жүрегі ауырады екен. Дереву ауруханаға жөнелтілді.

Анекдоттың түйінін естуге асығып, ертеңінде ауруханаға бардым. Инспектордың көңілін сұрамақпын, әрине. Алма, шырын сатып алдым. Палатасына беттедім. Толқығаным соншама, дәп сол кезде

төбе жалп етіп құлап, инспекторды басып қалса да оны ойлар мұршам жоқтай. Есі-дертім анекдоттың түйінінде. Әрине, төбе құлаған жоқ, ал медбике ұқыптап жиналған төсекті нұсқап тұрып:

– Сіздің жолдасыңыз енді келмейді, – деді. Қайтыс болған да деген суық ой сап етті. Ал медбике: – Оны осыдан бір сағат бұрын інісі Мәскеудің ауруханасына алып кетті, – деді. “Ә, онда жарады, тосайын, сауығып келеді ғой”, деп ойлады. Бірақ, инспектор қайтып келмеді.

Мен ол жәйтті де әкеме айтып едім, ол таңдана тымырайып:

– Мұның анекдот емес, бір пәле болды ғой! – деді.

Содан үш жылдан соң Калинин қаласына тағы бардық. Цирк манежінде бейтаныс инспектор жүр. Оған:

– Бұрынғы инспектор қайда? – деп едім, бейтанысым:

– Ол циркті тастаған. Осы қалада радиода істейді, – деді.

Қолым қалт еткен бір күні радиокомитетке барып сұрастырып, баяғы инспекторым отыратын бөлмені іздеп таптым. Ол бөлім меңгерушісі екен. Есігін жүрексіне тықылдатып, ақырын ашып кірдім. Мені көре сала:

– О! Бұл кім десем!–деп мәз болды. Шұрқырасып табыстық. Мен іштей: “Достым, тым даурықпа, тағы ауырып қалып жүрерсің” деп қоямын, шыдамымды әрең тежеп отырып. Сәлден соң:

– Анау әлгі екі аяғына да жіп байланған тотықұстың ақыры не болды? – дедім.

– Қайдағы тотықұс? – деді ол, шын абыржып.

Мен баяғы анекдотты есіне салдым.

– Е-е-е... есіме түсті, түсті. Әлгі-әлгі Америкада сатылған тотықұс қой... бірақ, қалай аяқталғанын ұмытып қалыппын, – дегені.

– Ұмытқаның қалай? Ойланшы, есіңе түсірші! – дедім, жалына өтініп. Ол біраз ойланып отырды да:

– О, есіме түсті! – деді, қуана даурығып. Қазір айтып беремін, тек бастығыма барып келейін, жаңа шақыртқан еді, кешке берілмек хабардың мәтінін бекітіп қол қоюым керек, – деді.

– Тоқташы! Айтып берші, сонсоң барарсың, мен де кетемін! – дедім, балаша бажылдап.

Ол айтып берді. Сатып алған кісі дүкеншіден: “Екі жібінен бірдей тартып қалсам, не айтады?” деп сұрағанда тотықұс: “Әй, ақымақ, онда мен құлап қалмаймын ба?!” депті.



Екінші бөлік  
**ХАТТАР**  
ҮШБУ СӘЛЕМ!

Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы  
Ә.Кекілбайұлына

ӘБШ!

Отбасың аман-есен бе? Хал-ахуалың жақсы ма?

Бұл жақта біз қалыпша тіршілік жасап жүріп жатырмыз.

Мына хатты бәрімізге ортақ бір жәйт жаздырып отыр, мән берерсің деп сендім. Ол – алдымыздағы жылы Әнуар Әлімжановқа 70 жыл болатыны. Өзің де, басқалар да айтқан, менің де пікірім: Әнуар – Халқының Ұлы. Ендеше, мерейтойы халықтық құрмет деңгейінде өтуге тиіс. Осыны өзектеген хатым жыл басында президент Нұрекеңе барған, ол жақтан Жазушылар одағына ұсыныс жасауға оралған. Одақ хатшыларына әлденеше құлаққағыс еттім, бірақ әлі де «сабыр сақтап» жүрген сыңайлы олар. Президентке жауап жазылмай жатыр. Мерейтойға Әнекеңнің Таңдамалысы (екі том), Әнекең жайында Естеліктер жинағы шығарылса деп едім. Ықылас болса, бұларға қаржы табуды ұйымдастыру үкіметке тым қиын болмас. Қазаққа беймағлұм талайдың тойы даурығыспен өткізіліп, ескерткіш орнатылып келеді емес пе? Әнекең сол аталар мен көкелер ғұрлы еңбек етпеп пе халқына?! Мұны жақсы білесің. Демек, Әнуар аруағын силауымызда сенің белсенді батыл әрекетің үстеме болғаны керек. Ең әуелі Астананың дені дұрыс бір көшесіне Әнуар атын бергізсең, үлкен ісіңнің басы сол болар!

Сөз ретіне қарай айта отырайын: Астанада Илияс Есенберлин атындағы көше қашан болар екен? Мен мұны да жазғанмын, тек әзірше ол жақ жым-жырт. Ілекеңнің туғанына 80 жыл толуы кезінде, егер ашығын айтсам, Ақмоланың сол кездегі мұңғыл басшыларының, Ілекеңнің мұндағы «достарының» ықпалдарымен аталмай қалып, аруағын қорлаған масқараға ұшырадық.

Әнуардың аруағын силауым – Ұлы Мұханды тірідей жұтар тажалдан аман алып қалғанын ғажап Ерлік деп білуім. Басқа себебім де көп, бірақ осы да жетерлік қой. «Басқа себебім» дегенде жаңалығым жоқ, жерлеуде қабірі басында бәрін де өзің айтқаның. Ол күндері

мен Зайсан өңірінде едім, амал не, кеш естіп, кеш жеттім.

Әнекеңнің құлпытасы көрген көзді ұялтады, мұсылманда да, басқаларда да жоқ бірдеңе (жеке қағазға бейнелеп қоса жолдап отырмын). Асқар деген баласы Астанада екен, соған екі рет хат жаздым. Әкең халқы мақтаныш етер Адам болды, мерейтойын өткізуге кіріс. Елбасының қабылдауына бар, ойыңды жинақтап жазып та апар, ауызша да жеткіз, ол кісі Әнекеңді жақсы білген дедім. Әкеңді жоғары бағалаған Әбіш ағаңа бар, ақылдас дедім. Е, шіркін-ай, бір ауыз жауабы жоқ. Өзіңде мұрша болмаса, бізге – Әнекеңнің көзін көре қалған дос-жолдастарына маған, жазбаша рұхсатыңды бер, біз құлпытасына қосымша жасайық, Әнекеңнің бет-бейнесі бар тас орнатайық дедім, қаражатты да біз жинаймыз дедім. Асқардан ләм жоқ. Мұндағы жеңгемізге бір рет айттым, ол да тым-тырыс. Не істеу керек? Егер қиын тимесе, Асқарды шақыртып алып сөйлессең қайтеді? Осында Наурыз деген жездесі бар екен, ол да Асқарды таба алмай жүр. Ал қосымша орнатар тас 200 000 теңгеге түспек, оны жинастырамыз, таба алармыз деп отырмыз. Асқарлар қарсы болмаса екен дейміз.

Асқарды Мәскеуге бір аптаған командировкаға жібертсең, ол әкесімен дос-жолдас болған ондағы көзі тірі ақын-жазушылардан естелік алып келсе, жақсы-ақ болар еді!

Әзірше осымен тәмәм болсын.

Әбіш, былтыр өзіңе кітабымды салып жіберіп едім (өздеріңнің пошталарына), оны алған боларсың. «Алдым» деген бір сөз жазуға, Алматыға сан келіп жүріп телефон шала салуға уақытың жоқтығына сенбесем де, еріксіз таңдандым да қойдым.

Аман бол, бауырым!

*02.07.1999 ж.*

*(03.08.1999 ж. Жауап келмеді.)*

*Мәдениет және бұқаралық ақпарат министрі*

*Қырымбек КӨШЕРБАЕВ мырзаға*

*Көшірмесі: «Ғалымдар үйінің» директоры*

*Ғайникен БИБАТЫРОВА ханымға*

**Құрметті ҚЫРЫМБЕК!**

Сіз екеуіміз көзтананыс та, жүзтананыс та емеспіз. Ал біз, жұртшылық, аудан әкімінен президентке дейінгі шенеуніктердің қызметтерінен әрқашан хабардармыз, себебі: қай шенеуніктің болсын айналасында әртүрлі «сортты» жарандар жүретіні әлімсақтан ақиқат; шенеуніктің әрекеттері солар арқылы ашық та астыртын жария етіліп жатады. Мен мұны сондай шенеуніктермен аралас-құраластығым жоқ болғанмен тәп-тәуір білемін (мен ғана ма?!), өйткені өзім де 42 жыл шенеунік болдым, оның үстіне журналистік-жазушылық кәсіп үнемі мол хабардар болып жүруге мүмкіндік жасайды. Бұлайша айтуыма Сіз жақтан жеткен «соңғы хабарлар» түрткі болды. Сіз: Қабышұлының «Қазақ әдебиеті» гәзетіне Ғалымдар үйі туралы жазуын Бибатырова ұйымдастырды. Президентке ардагерлер атынан телеграмма жіберттірді, депсіз. Ендеше: 1. Қабышұлы – қашан, кімге, не жазарын тек өзі шешетін кісі. Оған ар-ұяты ғана – ақылшы, төреші. Осы есіңізде болсын. 2. Сіздің қаулыңыздан көшірмені берген де, «Ғалымдар үйі» жөніндегі жоспарларыңызды жеткізген де, мынау «соңғы хабарларды» айтқан да – төңірегіңіздегі «достарыңыз». Демек, Ғ.Бибатыроваға өкпеңіз болса, оны кері алыңыз да, маған деген өкпеңізге қоса салыңыз. Айтпақшы, әлгі «достарыңыздың» бірі маған Сіздің Ғ.Бибатырованы қабылдау бөлмеңізде неше сағат, неше минут тостырып, қабылдамай қойғаныңызды хабарлап: «Ұстазына шәкірті солайша «құрмет көрсетті» деп тұздықтап күлді. Рас болса, оныңыз – үлкен ағаттық, кеш демей әлі де кешірім сұрағайсыз.

Құрметті Інім, мына бір пікірім де құлағыңыздың құрышында жүргей:

бүгінде біздің Шығармашылық одақтар аса жүдеу халде, менің де бір үйім – Жазушылар одағынан жылу кетті. Зиялы деп аталатын қауымның бүгінгі бірден-бір қамқоршысы, басқосар ошағы – Ғалымдар үйі. Онда өткізіліп жататын шығармашылық кеш, мерейтой, аза асы, тағы басқасынан әбден хабардар шығарсыз. Ал Сіздің анау бұйрығыңыз іске асса, менің гәзет арқылы, президентке жіберген

жеделхатым арқылы айтылған қауіпті халге тап боларымыз сөзсіз. Ендеше, Сіз содан сақтаныңыз, зиялы қауымның алғысы қарғысқа айналып кетпеуін ойлаңыз. Егер қолыңыздан келсе, Ғалымдар үйіне қосымша қаржы бергізіңіз, тек оны қарамағыңыздағы әлде бір жетесіз шенеуніктің қолымен жасамаңыз. Қазіргі директорды қозғамаңыз. Өз мүддесінен бұрын зиялы қауымға, қазақтың әдебиеті мен ғылымына, өнеріне қамқоршыға Сіз де қамқоршы болыңыз (Ғайекең Сіздің ұстазыңыз ба, жоқ па, ол жағын мен білмеймін. Менің білетінім – комсомол, партия қызметкері Гайникен Бибатырованың халық үшін өмір сүріп келе жатқан қайраткер екені. Кімнің халық үшін, кімнің өз қалтасы үшін қарекет еткені де, етіп жүргені де «ел құлағы – елуде» көпке аян, ал ол біріміздің мақаламызда, біріміздің күнделігімізде, біріміздің естелігімізде қалады да, ертеңгі ұрпаққа бәрібір жетеді. Шенеунік атаулыға алғысты да, қарғысты да қашанда тарих айтады. Мен бүгінгі «прихватавизияға» ой жіберіп отырып, орекендердің «После меня – хоть потоп!» деген сұмдығын есіме түсіремін. Не болып барамыз?!). Ал әрекеттеріңіз керісінше болып жүрсе, онда мен баспасөз бетінде зиялы қауымға да, президентке де екінші, үшінші рет сөз арнауға мәжбүр боламын. Қырымбек шырағым, Сіз мұны «қорқыту» деп қабылдамаңыз. «Айтып істеген ұрлықтың айыбы жоқ» деген қазақтың, «Тұрысатын жерінді айт!» деген қазақтың мінез-құлқының нышаны деп қабылдаңыз. Тура, адал, әділ сөйлеуден жаңылмайық!

Отбасыңызға, жеке өзіңізге әрқашан амандық, абырой тілеймін!

12.IV.2000 ж.

**Автордан.** Ғылым академиямыздың құзырындағы Ғалымдар үйін қалтасы қалыңдардың біреуі алып қоюға кірісіп, Ғылым министрлігіндегі сыбайлас қулары арқылы кірісіп, ойда жоқта қиқу бастаған кезде «Қазақ әдебиеті» гәзеті арқылы президент Н. Назарбаевқа ашық хат, Министр Қ. Көшербаевқа поштамен хат жазып, Ғалымдар үйіне тиісуге қарсылық білдірдім. Гәзет хатымды жариялады, бірақ «Президентке ашық хат» деген қосымша тақырыбымды алып қалыпты.

Арада апта өтті-ау деймін, таңертең телефоным безектеді. Қаларалық байланыс қоңырауы. Тұтқасын көтердім:

– Фаба аға, ассалаумағалейкүм! Ренжімегейсіз, бұл мазалап

*тұрған ініңіз Қырымбек Көшербаев қой, – дейді, көңілді сөйлеп.*

*– О, інім, бәрекелді, уағалейкүмассалам! Үйде жатқан зейнеткер шалға Министр басыңмен телефон шалғаныңа рахмет! Бұның – мен үшін бір ғажап оқиға. Хат-хабарыма облыстың, тіпті қаланың әкімдері жауап бермейтін болған соң, бұ дүниеден түңіле бастап едім, – дедім, әзіл дізгінін ұсынып. Ол аңқылдап күлді де:*

*– Ғаба аға, ештеңеден түңілмеңізі! Хатыңызды алдым, талабыңыз дұрыс. Ғайникен апайымыздың нендей игі шараларды жүзеге асырып жүргенінен хабарсыз бір қызметкеріміз қажетсіз оны-мұны сөз қозғаған екен, ондайын қоятын болды. Сіздерді ренжіту ойым болған емес, болмайды да. Аман-есен болып, ақыл-кеңестеріңізді айтып, алдымызда жүре беріңіздер! – деді. Екеуіміз байырғы таныстарша шүйіркелестік.*

*Қырымбек ініміздің ол қоңырауы менің хатымнан секем алғандық емесін, жасы үлкенді қалтқысыз сиялай білетін тектілігі екенін ашық-жарқын дауысынан бірден-ақ түсіндім. Бізде осындай көргенді жігіт көп болса ғой! 19. 04. 2002 ж.*

\* \* \*

### **Құрметті ҚЫРЫМБЕК!**

«Бір көрген – біліс» болмасақ та, сырттай таныстығымызды кәдеме жаратып, өзіңе шал әдетіммен шұбалтып бір хат жазуды жөн көрдім, ренжімегін.

Отбасың – үлкен-кіші есен-саушылықта ма? Баршасына тек жақсылық тілеймін!

Өнер фестивалін өткізбек ниетіңді тегін пенде емес, қажы інім Көпен-нен естіп, қазағымның мерейін және бір ойлаған мейіріміңе шын тәнті болып, Алтайымның аскарына тағы шыққандай масайрадым. Ол думанның бағдарламасынан әзіл-сықаққа ойып орын бергенің мені тым-тым қуантты! Әсте оқымайтындардың сырттай сәуегейлігі салдарынан күлкінің құны түсіңкіреп тұрған қазіргі кезде мына шешімің бізге – кәрі-жас әзіл-сықақшыларға шипа болып, бір жасап қалдық-ау!

«Күлкі құны түсіңкіреп...» дегенім – осы саланың бар-жоғын сараптап отыруға тиіс жас сыншыларымыздың (ересек сыншы қалмады) әзілдің, сықақтың не екенін өздері ажырата алмай жүргеніне қынжылатыным. Олар жаратылысынан көңілшек әзілден

қаталдықты, қаһарлылықты, тіпті қазымырлықты іздеп әуреленеді де, жаратылысынан қатал, қаһарлы, тіпті қазымыр сықақтан езуінді еркіне қоя беретін қолды-аяқты күлкі күтеді. Естіген сәтте «өй, ішегім-ай!» дегізер күлкі мен ертеңінде «ой, жүрегім-ай!» дегізер күлкінің пәрмені мен парызын байыптай алмайды. Жетпіс бір жастағы Үмбетбай Уайдиннен бастап жиырма жастағы Үміт Зұлқароваға дейінгі әзіл-сықақшылардың шығармаларына шыр бітірмей жүргендер, эне, солар. Тай-құнан шығар ақындардың алды республиканы, арты облысын қызыл танау етіп, той-томалағы таңды таңға жалғап жатса (талантымен танылып құрметтелсе, айтар бар ма?!), мысалы, іргендегі Ақтөбе күллі қазекеме танымал Үмбетбайына: «Жетпіске аман-есен жеттіңіз бе?» демеді. Мына фестивалің рухани ұйқыдағы күлмесхандарды нұқып оятар-ақ деп білем. Бұған қоса: – Келесі жылдан бастап Қырымбектің Атырауында «Күлкі жәрмеңкесі» жеке отау тігер болсашы! Сөйтіп, «күлкім–ең қымбат мүлкім» дейтін қазақ жерінде және бір ғажап жақсы дәстүр қалыптассашы!–деп армандаймын. Алыс-жақын жұрттарда күлкі мерекесі өткізіліп келе жатқалы қашан! Мәселен: болгарлардың гавровошылар, түріктердің қожанасыршылар, латыштардың юмалашылар отауын тіккендерін айтсаңшы! Ресей орыстарының «Ақ тотысының» («Белый попугайының») бір өзі не тұрады?! Солардан біз кембіз бе? Жылына бір рет бас қосып, күлкіміздің жалауын желбіретіп жүрсек ше?!

Күлкімізді көгертуге де қамқорлық қажет. Осы ыңғайда айта отырғым келген бір жәйт және бар. Ол – «Ара» журналымыздың хал-ахуалы. Нарық заманының екпіні келер-келместе оп-оңай жабылып, баспасөз көшімізден қалып қойған, әйтеуір, біздің жабыла аттандап жоқтауымызбен бірде гәзет, бірде журнал болып шығып, ақырында бәрібір, қазіргі тілмен айтқанда, «пә-ленбай уақытқа айлықақысыз демалысқа кеткен» журналды вице-премьер Иманғали Тасмағамбетовтің тұсында әупірімдеп қайтарып алғанбыз. Содан бері аман-есен шығып, күлкі үйіріп келеді. Бірақ, бір кездегі оқырман қазақ көрермен қазаққа айналып кетті ме, қалайда журналдың таралымы баяғысынша жыл санап өсуді қойды. Өсіруді ойламайтындар – жер-жерде дізгін-шылбырды ұстап отырған күлмесхандар. Әйтпесе, шіркін-ау, қазағы басым облыстарға жылына журналдың 5000-6000 данасын алдырып тұру белін қайыстырар салмақ па?!

Шал болғанның жөні осы деп тым шіреніп кеттім бе, – таралғымды қысқартайын.

«Зейнеткермін!» деп заржақтанбай, ептеп-септеп шығарып алған мына үш кітабымды жолдап отырмын. Уақыт тауып шолып шығарсың.

Халқымызға сіңіріп жүрген еңбегіңнің есесі өзіне зор абырой, биік мәртебеге болып қайтып оралуына тілектеспін!

20. 08. 2006 ж.

***Иманғали ТАСМАҒАМБЕТОВ мырзаға вице-премьер,  
премьер-министр, Алматының әкімі кездерінде жазған  
хаттарым***

**Құрметті ИМАНҒАЛИ!**

Үкімет аппаратына қызметке оралуыңмен құттықтап, халық игілігіне жұмсап жүрген қажыр-қайратыңның жемісі мол да нәрлі бола түсуіне ағалық ақ ниетімді білдіре отырып, мына бірер жәйттен пікірімді ашық айтпақпын.

Қазақстанның тарихында Ілияс Есенберлин мен Әнуар Әлімжановтың алған орындары қандайлығын өзің де жақсы білесің. Екеуі бұ дүниеден дос тауып та, қас тауып та өтті. Қастары Ілекеңнің туғанына 80 жыл толуын қалайда өткіздірмей қойды. Ол 1995-жылы болды. Облыс әкімшілігі сөзбұйдалап тынды. Браунмен, орынбасары Жалмағамбетовамен сөйлестім де, ресми хат жаздым да. Ақырында өзіңе хат жолдадым. Ештеңе өзгермеді. Хатым қолыңа тиді ме, жоқ па – одан хабарсыз қалдым. Ал Қ.Найманбаев: «Барамын, сөйлесемін» деумен ол жоламады. Жарайды, өтті – кетті. Былтыр Нұрекеңе – президентке – хат жазып, Әнуардың 70 жылдығын тарихтағы рөліне сай өткізу, Астанадағы көшелердің біріне атын қою жөнінде ұсыныс жасадым. Есенберлин туып-өскен облыс орталығында оның да атына лайық көше болуын ескерсеңіз екенді және айттым.

Аламан бәйгеге 1 миллион теңге, шетелдік автокөліктер тігіліп жүрген Алматы облысы Ә. Әлімжанов мерейтойын жетім қыздың тойындай етіп өткізді: айтыс, күрес, атжарыс болмады, ас та төк тамақ пен ағыл-тегіл арақ, Әнуарді білгендер мен білмегендердің сапырылған есепсіз сөзі болды. Мұнда театрда, Үндістан елшілігінде өткізілген жиналыстарға одақ, қала басшылары қатыспады. Мәскеудегіге Н.Оразалы ғана бара алды. Ал Астанада басылған

кітабы жыл аяғында әрең шықты, мен, әйтеуір, Н. Балғымбаевтың жәрдемі арқасында Естеліктер жинағын уақтылы шығарып үлгірдім. Астанада бір шолтиған көшеге аты қойылыпты дейді, – білмеймін. Алматыда Қазақстан жазушыларының кітапханасы ашылды, былтыр қыркүйек айында, соған Әнуар Әлімжановтың атын қою ұйғарылды, қала әкімі В.Храпунов қатысқан жиналыстың протоколы жасалды, одан кейініректе қала әкімшілігінің қаулысы болып, ол Астанаға, үкіметтің қарауына жіберілді дегелі үш ай, әлі хабар жоқ, оның да оң шешім табуына Әнекеңнің артындағы «достары» кедергі жасап жүр ме екен? Жазушылар одағын моральдық тұрғыда жарты әлемге танытқан Әнуар еді, әл-Фараби бабамызды, өзбектер иеленіп кеткелі тұрғанда олардың алдын орап, туған топырағына қайыра бұйыртқан Әнуар еді, енді марқұмның атын Алматыдағы кітапханамызға қойдырмауға тырысушылар болса, қазакем рухани сорлылық батпағынан әлі шыға алмас дей бергін!

Астанада І.Есенберлин аты Безымянный деген бір переулогқа қойылған екен, онысы шолтиғанның көкесі көрінеді. Ол не сонда? Мазақ па?! Оның есесіне «Ақжайық» деген тәп-тәуір көше пайда болыпты. Ол ненің, кімнің құрметіне екен деген ойға қалдым. Өзеннің құрметіне болса, Сырдария, Ертіс, Іле неге ескерілмеді? Сірә, мемлекеттік хатшы Ә.Кекілбай мен қала әкімінің орынбасары Т.Мұхаметжанов Жайық бойынан деседі, соңғысы «қолында тұрғанда қонышынан басқан» да. Бұл сөзім саған ауыр тиіңкіресе, құрметті Інім, ренжімегін, қайта ойланғын. Қисынсызды, қисықты оңдау, түзету қолыңнан келеді.

Бүгінде демократиялы, құқықты ел болуға аяқ басып, біраз белбелестен астық дейміз. Тарығұлы көпшіліктің үні өкіметке, үкіметке жетпей келе жатса, халық жағдайының шындығы сол шындық қалпында айтылмай жүрсе, баспасөз, теле-радио көбінесе мадақтауға бейім болса, демократия сол ма? Шындықты хал-қадари айтушы тәуелсіз ақпарат құралдарының күні қараң етіліп тұрса, демократия сол ма? Рас, ол құралдарда кейде қара бояу болады, президентке орынсыз соқтығады, ондайларына мен де қарсымын, өздеріне ауызша да, жазбаша да айттым, бірақ маған бағынышты емес, тыңдамайды. Ал оларды ойларын, пікірлерін ашық жазғаны үшін қудалау, қызметкерлерін ұрып-соғу, гәзет тиражын тәркілеу, республика



шегіндегі баспаханаларға жолатпай қою тәрізді теріс әрекеттер Қазақстанға абырой әкеліп жүр ме? Конституциямыздың 20-сыншы бабындағы сөз бостандығы, ой еркіндігі қайда? Цензураның жойылғаны қайда? «XXI век», «Солдат» гәзеттерін жауып тындық. «Солдаттың» Бас редакторы Ермұрат Бапиды Жетісу аудандық соты әурелегені жеті ай, қалайда түрмеге тығып жіберу көзделуде. Мұндай сорақылық боларын кім ойлаған?! Бүгінгі билікпен Қазақстанның тарихы шектелмек емесін білесің, ендеше ертеңгі ұрпақ біздің бұл сорақылықтарымызға не дерін неге ойламаймыз?

Б. Ельцин көз алдымызда ғой, ол баспасөзді неліктен силады, неге тиіскізбеді? Ол баспасөз бостандығы болмаған елде демократия болмағанын көрді, өз атына қаншама кір сөз қарша борап жатса да шыдады, Россияның атына кір жұқпауын ойлады. Путинге жасаған өтінішінің бірі – баспасөзді силау, үніне құлақ қою, пайдалысын кәдеге жарату, ал пайдасыз сөз ақырында іске алғысыз болып қалатынын ұмытпау, сынға төзімділікті серік ету. «Ішкіш» деп көбіміз күліп атайтын сол Ельцин сонымен қор болды ма? Осыны неге ойламасқа?

Соңғы кезде тым ыңғасыз әдет пайда болып, ақылға қонбай, асқынып барады. Ол – президентті асыра дәріптеп, анау Түрікменбашының ізіне салу. Өзің байқап қарашы: Әнұранға өлеңін пайдалану керек деп, Қапшағайда салынбақ әуежайға атын қою керек деп, оның атында орден шығару керек деп... неше түрлі ұсыныс жасалып жатыр, баспасөзде насихат бар, ал парламентте талқылауға әзірлік, құптауға ұйымдасу бар. Осы жөн бе? Мұның бәрі жағымпаздардың әрекеті деп білем, ал жағымпаздық – әдейі арандатушылық, одан өзге ештеңе емес! Мен Нұрекеңе бұл туралы да жазғанмын, жағымпаздардың жолын кесіп тастап отыруын өтінгенмін.

Әкежан Қажыгелдинді бек жақсы білесің. Бас жоқ, аяқ жоқ қаралай беретініміз не? Шынымен халқына безбүйрек пе еді?! Бір қателігін жүз қателік етіп шулауымыз жөн бе? Меніңше, Нұрекең екеуінің табысқаны, дізе қоса қимылдағандары керек еді халқымызға. Мен мұны президентке гәзет бетінде де, жеке хатпен де айттым, тіпті, шамама қарамай, екеуінің арасына дәнекер болып байқауға дайын екендігімді білдірдім. Әрине, ол ұсынысым далада қалды. Жоғарыға кімнің сөзі жетеді, кімнің сөзі жетпейді – бір құдайға мәлім.

**Құрметті Иманғали!** Біз де өмірдің, тарихымыздың бір ғана

белесіндеміз. Мұндағы дұрыс істеріміздің де, бұрыс істеріміздің де ертеңгі төрешісі – келер ұрпағымыз. Ол ұрпақ нені шын түсінбей қателескенімізді кешірер, нені түсіне тұра қателескенімізді, кімге не үшін, қандай қысастық жасағанымызды аруағымыздың бетіне басар. Ал барлық қылығымызды өзімізден: мұрағат еншісіне айналған хат пен мақаладан, сөремізде қалатын кітаптарымыздан білетін болады. Яғни, немере-шөберелеріміз бізді мақтан ете ме, «мешкей» болыпты деп жерге қарай ма – осыны кеш қалмай тұрғанда ой таразымыздан өткізгеніміз орынды болар. Құдайға шүкір, беделің жеткілікті, өрең биік, өрісің кең адамсың, менің бұл пікірлерімді ой таразыңа салғайсың.

Отбасына, өзіңе – баршаңа сау-сәлеметтік тілеймін! Алматыға жолың түскенде жүз көріссек жарар еді.

*9.11.2001 ж.*

### ***Қазақстан Жазушылар одағы, Ф. ҚАБЫШҰЛЫНА***

#### **Құрметті ҒАБЕКЕ!**

Көрнекті қалам және қоғам қайраткері Ә.Әлімжанов туралы өзіңіз мұрындық болып жарыққа шығарған кітаптарға қоса жолдаған хатыңызда айтылған ағалық ізгі ниетіңіз үшін шынайы алғысымды және туған мәдениетіміз бен әдебиетіміздің тағдырына алаңдаушылық білдіргеніңізге ризашылығымды қабыл алыңыз.

Өзіңіз айтқандай, дүниеден озып кеткен әдебиет пен мәдениеттің көрнекті өкілдеріне, олардың жақсы аты мен мұраларына лайықты құрмет көрсетілуі қажет екені анық. Бұл, әрине, аты әйгілі жазушылар, қоғам қайраткерлері Ілияс Есенберлин мен Әнуар Әлімжановқа да қатысты.

Астана әлі шағын қала болғандықтан, оның орталық көшелерінің санаулы ғана екенін өзіңіз білесіз. Ал осы азғантай көшелердің дені елорда ауысқан кезде қалалық Мәслихаттың шешімімен жедел қазақшаланып, оларға Абай, М.Әуезов, Ә.Бөкейханов, Абылайхан, Кенесары, Уәлиханов, Бөгенбай, Қабанбай, Шақшақ Жәнібек, Қажымұқан, Ә.Жангелдин, Республика, Бейбітшілік, Жеңіс, Желтоқсан, Сарыарқа, Ақжайық аттары берілген. Осы тұста орталыққа жақын бірқатар көшелер Мұхамет Хайдар Дулати, М.Жұмабаев, А.Иманов, І.Есенберлин, Ә.Әлімжанов, Ш.Бейсекова, Н.Тілендиев, т.б. есімдерін иеленген. Ал орталықтағы С.Сейфуллин, Ж.Омаров атындағы көшелер бұрынырақ аталған.

Астана құрылысы өркендеуші қалалар қатарына жататындықтан, құдай бұйырса, қазіргі қарқынмен бүгінгі шеткі көше ертең орталыққа айналмақ. Болашақта соңғы жобамен жаңа көшелер салынғанда бұл мәселедегі олқылықтардың орны әлі-ақ толатын болады деп санаймын.

Ал Алматыда ашылған Жазушылар кітапханасына Ә.Әлімжановтың есімін беру жөніндегі қала әкімінің ұйғарымы мен ұсынысы бекітілген тәртіпке сай Мемлекеттік ономастика комиссиясына түссе, өз тарапымнан қолдауға әзірмін. Әзірше Алматы қаласының әкімшілігінен ондай шешім түскен жоқ.

Мәдениетті қолдау жылы болып жарияланған өткен жылы рухани кеңістігімізде біраз онды іс-шаралар жүзеге асырылғаны өзіңізге мәлім. Биылғы Тәуелсіздіктің 10 жылдығында сол игі істердің лайықты жалғасын табуына мен де ел қатарлы мүдделі болып отырмын.

Сіздің келешекте де қажымай-талмай, қаламыңыз мұқалмай, халқымыз үшін ұлағатты шығармалар туғыза беруіңізге тілектеспін!

**Құрметпен И. ТАСМАҒАМБЕТОВ.**

*21.ІІІ.2001 ж.*

*(Жинақ авторынан: Кімге болсын (Қырымбек Көшербаевтан басқа) жолдаған қаншама хатым жауапсыз кеткен. Ал Иманғалидың тиянақты жауап жазып, өзіне қатысты мәселеге жете мән бергені мені риза етті. Иманғали інімізге абыройлы ұзақ ғұмыр тілеймін!)*

\* \* \*

**Құрметті ИМАНҒАЛИ!**

Боларын күткен жақсы жаңалықты естіп те көріп, осы хатымды жазуға кірістім. Президенттің бірегей сенімін арқалап шыққан бұл сапарың да (Премьер-министрлік) сәтті, шырайлы болсын! Отаныңа, халқыңа еңбегің еселеп сіңіп, ғасырымыздың нақ тарихи тұлғасына айнал! Алдағы асқарың бүгінгіден де биік деп біліп, хәмәндә шалдықпауыңды, мол шапағатты болуыңды тілеймін! Әрқашан әділдікті серік ет те, сол дағдыңнан жаңыла көрме! Бұл–менің ағалық адал ниетім. Жалған қуанып та, жорта өкініп те тірлік кешкен жан емеспін. Қажырлы жастық жылдарымның барша кезеңінде де қызмет, марапат көксеп жағынғаным және жоқ. Ұрпағымның алдында арым таза. Өзім қадірлеген іні-қарындастарымның да сонау келер күндерде өзінің ар-ұяты және ұрпағы алдында Таза Адам болуын қалап жүремін.

Бас министрге емес, сол ұлы міндет жүктелген Ініме көкейімдегі

біреу пікірімді ашып айтқым келеді. Құп көрсе – бәрекелді! Құп көрмесе – өз пікірім өзімдікі.

Президентпен дізе қосқаныңа 10-15 жыл шығар. Мінез-құлқын жақсы білетінің анық. Оның айналасындағы кімнің кім екенінен де мағлұматың мол болар. Ол кісіге шындық хал-ахуалды барынша батыл айтатындар аз, мансап көкसेп жағынып, жалған сөйлейтіндер жеткілікті. Ендігі қызметің саған Бұқар жырау бабамыздың парызын жалғастыруды жүктейді. Осыны бір түйгін. Нұрекеңе әу бастағы бір хатымда өміріміздің әр саласындағы нақ турабилерден Ақылдастар алқасын жасақтап алыңыз деп тілек етіп едім, оным ескерілмеді. Сол ойымды енді өзіңе жолдадым: Ақылдастар алқасын құрып, айына бір мәрте бас қосып, кеңесіп отырсаң, әне, сонда “келісіп пішкен тон келте болмайды”! Әйтпесе, анау “мықты” мен мынау “мықты” делінетіндердің қайсысына сенерді білмей дағдару қиын емес. Зиялы деп аталатын кейбір ағаларымыздың, мейлі: классик, академик, қаһарман... болсын, “Сталинге тең таппай қиналған” кейіптерін көру, немесе “күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап” депутаттардың қылығына куә болу жүректі сығымдайды. Азамат жан тыныштығын көздемес, халқының көңіл күйін көре білер, ұға білер, сүйінішін де, күйінішін де бар дауысымен айтып өтер. Сұлу сөзді емес, ірі де игілікті істі ардақ тұтар. Адаммын дегенге ауадай қажет қасиет осы ғой.

Нұрекең анда-санда аңдамай сөйлеп қалады, негізсіз мағлұматтарды келтіреді. “Шұлыққа тығулы жатқан” қыруар қаржыны айтты, киер шұлыққа зар болып жүргендердің қанша екенін ойламады.”Қазақстандықтардың орташа айлықақысы 13.000 теңге” деді, айына 5000 доллар алатындар мен 5000 теңге алатындарды араластырып жіберді.”Өнеркәсіп дамып келеді” деді. Он жылда көпшіліктің ішер тамағы мен киер киімі тек қымбаттап, ал тұрмыстық қызмет ақысы үнемі өсіп келе жатқаны өнеркәсібіміздің дамуын сипаттай ма? Президент үстеліне қойылған мәліметке сенетін шығар, ал ол мәліметті әзірлегендер, меніңше, “жауырды жаба тоқиды”. Соңғы сегіз жылда менің алыс-жақын 11 туысым о дүниелік болды, Шығыс Қазақстанның төрт бұрышында тұрғандар еді, бәріне бардым. Электрі, жылуы, ауызсуы, тіпті дәрігер де, пошта да, телефон да жоқ ауылдарды көрдім. Кеңес өкіметіне дейінгі тіршілік. Сенері болмаған соң қайтеді, шөбін шалғымен орып, мал өсіріп, етті бидайға айырбастап,

баяғы ата-бабаларынша өмір сүреді, балаларын мүмкіндігі болса оқытады, ал оқыта алмаса, – малшының санын көбейтеді. Отырған жерінен айрылса – жалшының санын көбейтеді. Бізде жерді сату басталысымен-ақ кейбір ауылдарда жерді “күштілер” хаттап алып қойған да, жерсіздердің мал өрісі тарыла бастаған. Қаладан жүздеген шақырымдағы ауылдардың көбі осындай халде. Көрмеген кісінің сенуі қиын. Ал өкіметтің, үкіметтің басшысы ол жерлерде болмайды, бола қалса – жергілікті шенеуніктер оны тайлы-таяқтысы қалмай қоршалап, күні бұрын белгіленген маршрутпен қолпаштап алып жүреді. Құдды кешегі кеңестік билік жүйесінің жылдап қалыптасқан көрінісі, көзбояушылықтың жел тимес шымылдығы. Қалада да сол, – егер президент бір зауытқа бара қалсыншы, заводтың сыртқы қақпа күзетшісінен басқалары түгелдей еріп, қаумалап жүреді-ау!..

Демократиямыздың шын мәніндегі демократия болуын көздегін. Конституциямыздың 20-бабын қуаттамасақ, демократиямыз қағаз бетінде қала береді. Оңды ойымыз бен орынды сөзімізді ашып айтуға халіміз болмаса, қарнымыздың қампиғанынан не қайыр, тәуелсіз елдігіміз қайда?! Оппозицияны құбыжық етіп көрсетсек: демократиялы, құқықты мемлекет болғанымыз қайда? Оппозицияның басшыларымен, беделді де іскер өкілдерімен әңгімелесіп, олардың ойларын елеп, оң-терісін бірлесіп екшеп, қателіктерін түсіндіруден жалыға көрмегін. Олар да миғұла емес қой, пәтуаға келер, ерегесті айтыс-тартыстан бірте-бірте аулақтар. Қашан, қай елде болсын дені дұрыс оппозиция – үкіметтің жанашыр сыншысы, жәрдемшісі. Дені дұрыс емесі – билікке жалаңқұмарлар. Бүгінгі ала-құла оппозициядан жәрдемші жасап алуға қабілетің әбден жетеді. Оппозицияның басшы-қосшыларын қорқыту-үркіту, ұрып-соғу, түрмеге тығып жіберу, сырттай соттау ешбір билікке бедел әпермеген. Бұл бір сәт те ұмытылуға тиіс емес. Бұғанасы бекіп үлгірмеген «Демократиялық таңдаудың» басшыларын мұқатуға, жасанды тақыспен жазалауға жол бермегін. Тәуелсіз баспасөзді аздырып-тоздыруды тоқтатқын, оларға қызмет етер баспаханалар еркіндік, өріс алсын. КГБ-ні тірілтіп жүрген санасыздарға тиым болсын. Бұлай етпесек, жұршылықтың тәуелсіздікке сенімі сөне береді. Алматылықтарды, естіп-білген басқаларды сенімнен айыра түскен соңғы бір жәйт – Қазақ циркінің шаңырағын қара бұлттың торлай қалғаны. «Дем. таңдау» бас қосуға Алматыдан не бір зал, не бір алаң таба

алмай («мықтылар» жолатпай қойған! Демократиялы, құқықты елміз ғой!), ақырында циркті жалға алыпты. Сол-ақ екен, цирк басшылары сотқа сүйреліп (мұндайда сот орындарымыз ғажап тез қимылдайды), циркті үкіметтің меншігіне алуға үкім шығарыпты. Үкімет қаржы бере алмағандықтан заман талабына орай жеке акционерлік қоғам болып, жұмысы жақсарып, артисі, басқасы бар бүкіл ұжымды, көрермен көпшілікті риза етіп, баяғыдағы жақсы атағына қайтадан ие болып, шет елдерге де барып өнер көрсетуге қайтадан мүмкіндік тауып, Қазақстан цирк өнерінің абыройын қайта оралтып отырған цирк кімге жақпай қалды, кімге керек болды? Үкімет оны ұстауға, дәл қазіргі беделді қалпында сақтауға қаржы таба ала ма? Солақай шешімді сот, оны сондай шешім қабылдауға мәжбүр еткендер осы істерімен үкіметке қосымша салмақ салып, қырсық жасап отыр емес пе?.. Егер «Дем. таңдау» жиын өткізбесе, цирк мұндай зорлыққа тап болмас еді. Осындай жағдаяттарға назар аудара жүрсең екен! Зорлық барда қорлық бар, жемқорлық бар, парақорлық бар, ұйымдасқан қылмыс атаулының басқа да түр-түрі бар!

Нұрсұлтан мен Әкежанның арасын жақындатуды, бұған дейінгі ушықтырудың бетін қайтаруды ойлау да жөн болар еді. Ал Әкежанның кім болғанын, кім екенін өте жақсы білетін адамдардың бірі – өзіңсің. Оны беталды қаралау, қуғындау да Қазақстанға абырой болған жоқ. Бигелді Ғабдуллинді қудалау да – қайдағыбір топастардың әлімжеттігі! Тексіздердің кесіріне тиым болар уақыт жеткен шығар?!

«Ішкі істеріңе қол сұққым келіп» отырғанын қарашы. Зейнеткер болсам да, анда-санда ел аралайтыным бар. Жақында Көкшетауда болып қайттым. Бір кезде Ақмоланың мәдениет саласындағы қазақтарымен қырғиқабақ болып, билік күшін көрсетіп баққан С. Жалмағамбетова енді Көкшетауды жайлауға кірісіпті. Қазақы намыспен орынды сын пікір айтқан үлкен-кішіні (мысалы, Ақмолада Жұматай Сабыржанұлын, т. б.) қырына алатын мінезін танытып жүрген көрінеді. Өзіне жақпағанды ысырып, жұмыссыз тастайды екен. Жергілікті облтеатрдан қыз-келіншек артисткаларымыздың екеуін жазықсыздан жазықсыз қуып шыққанында, әйтеуір, ақсақалдарымыздың бірі – жазушы Естай Мырзахметов ара түсіп, орындарына әрең оралтыпты. Жалпы, ол әділ сынға төзбейді деседі. «Жас алаштын» сондағы тілшісі Өмірзақ Мұқаев та одан қуғын көріп, облыстан кетуге мәжбүр болыпты. Ол шенеуніктің «мызғымастығы» облыс әкімі арқылы анау арғыларға

сүйенетіндігінде дегенді естідім. Иә, жарық дүниені жалпағынан басып жүрген жолыболғыштар баршылық қой!

Мәдениет министрлігімізді қалпына келтіріп, жеке отау тіршілігіне көшіріп, іскер де әділ адамға тапсыру керек. Себебін өзің жақсы білесің, «лекция» оқып қайтемін.

«Совет Одағының Социалистік Еңбек Ері» атағын енді өзімізде қалай деуіміз керек делінгенде баспасөз бетінде мен де үн қосып: «Қазақстанның Еңбек Ері» деу жөн ғой деп едім. Көпшіліктің пікірі солай тұжырымдалған да. Алайда, «Қазақстанның Халық қаһарманы» болып шықты. «Қаһарман» қазақ ұғымында елін, жерін басқыншы жаудан қорғаған батырлардың батырына айтылатын еді. Ол ескерілмеді. Б. Момышұлы, Т. Бигелдінов, Р. Қошқарбаев, Қ. Қайсенов, С. Нұрмағамбетов бұл атқа әбден лайық, Бірақ Талғат пен Бауыржан ағаларымызға берілмегені өте үлкен өкініш болды.

Р. Бағланова, М. Әлиев, Ә. Мәмбетовтер қайдағы қаһарман? (Басқа да бірнеше кісіге – құрылысшыға, мұғалімге берілген, олардың кім екендерін мен ғана емес, жұртылық та ұмытқан шығар). Аталған үшеуіне «Қазақстанның Еңбек Ері» атағы жетіп жатыр еді. Амал не, енді түзету қиынның қиыны да. Егер Президент байыптап түсіндірсе, соғысқа қатысып көрмеген «қаһармандарымыз» бірінші атақтарын екіншіге айырбастап алуға келісер еді деп ойлаймын. Роза апамыз болмаса... Ол апамыз: «алдыңғы шепте ән айтудың орнына жаралы солдаттарды арқалап, 44-размерлі етік аяғымды қажап...» деп, «Димекең мені Мәскеуге жұмсады, Брежнев жолдасқа барып айтшы, өзбектерге кеткен жерімізді қайтарып берсінші деді» деп, тіпті «менің көріпкелдік, емшілік қасиетім күшті» деп, «қаһармандықтың үлгісін» радиотелеарналар арқылы көрсетіп, жұртқа күлкі болып жүр... «Қаһарман» деген қастерлі атақтың қадірін кетірдік-ау!

«Қазақстан Республикасы» деген атымыздың дұрысы: не «Қазақ Республикасы», не «Қазақстан» екені; «Әнұранның» дұрысы – «Ел әні» екені жайында да сан айттым, сан жаздым... бұлар да енді түзету көрмес. Қатені түзетпедің өзі де – қате.

Осымен тәмәм.

Әрқашан тек жақсылығыңа тілектеспін!

30. 01. 2002 ж.

( 30. 02. 2002 ж. Бұл жолы жауап болмады.)

\* \* \*

### **Құрметті ИМАНҒАЛИ!**

Өкімет пен Үкімет басшыларының мазасын ала беру ыңғайсыздау боларын білсем де, кейде қайсыбір жәйтті жеткізу қажет дейтінім бар, ол үшін кешірім сұрай отырып, мынаны айтпақпын: Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, “Дарын” силығының иегері ақын Маралтай РАЙЫМБЕКҰЛЫНЫҢ әлі күнге дейін үйсіз-күйсіз жүргені жайындағы әңгіме осыдан біржарым жыл бұрын Сенің де алдына жеткен еді. Сірә, Сенің тапсыруыңнан болар, Тараз қаласының әкімшілігі өз түлектері Маралтайдың шығармашылық кешін өткізіп, онда: “Біз Маралтайға Алматыдан үй сатып әпереміз!” деп орынды шешім жасап, баспасөзде жар салған. Сол “жар” таусылмас “жырға” айналып, дарынды ақынымыз әйелі мен екі баласын ауылда ұстап, өзі Алматыда жатақханаларды жағалай сағалап, қазағымның жалпақ тілімен айтқанда: сандалып жүр. Тараз бен Алматының әкімшілігіндегі шенеуніктер оның хал-ахуалын бес саусақтарындай біле тұра, “... өме қаптың” керін келтіріп отыр. Оларға әдебиетіміздің ертеңгі бір абызы керек емес, қалтасы қампиған бүгінгі бір бетсізі керек тәрізді ме деймін.

Бар айтпағым осы. Арғы жағын Өзің біл...

Дат!

Пәрмен жасар болсаң, үш бөлмелі пәтер бергізгейсің. Тар тынысты кеңейтуге зауық болған күнде М.Райымбекұлының басына бас қосылуына, жақсы өлең-дастанды жайланып жазуына тілектестік білдіріп, келешегін де қапысыз ойлағайсың!

*18.XII.2002 ж.*

(18. 01. 2003 ж. Жауап жоқ.)

\* \* \*

### **Құрметті ИМАНҒАЛИ!**

Пайғамбар жасынан асқан соң үндемей-ақ жүре берейін, ешкімнің мазасын алмайын деп бекінсем де, тірлік шіркіннің жөн-жосықсыз жәйттері шыдатпайды. Көрмейін десем – көзім сау, естімейін десем – құлағым сау, сыр бермейін десем – сезімім сау. Яғни, өзіңе тағы хат жолдап отырмын, ренжімегегін.

Былтырғы Мемлекеттік сұлық саудаға салынғанын білесің. Ең лайықты Асқар Егеубаев еңбегі еленбегенін естісімен өзіңе жеделхат жолдағанмын...



Ендігі айтарым: биыл Мемлекеттік сұлық ғылым саласында берілімек екен, Асқарды соған ұсындыру, сұлық берілуіне ықпал жасау қажет. Ол үйде жатқан зейнеткер менің қолымнан келмейді, ұсынудың жолын да білмеймін. Өмірімде сұлық атаулыға назар аударып көрген емеспін.

Ақындығы ешкімнен кем емес Асқардың қазақстандық қана емес, халықаралық сұлықтың қайсысын болсын алуға татитын екі еңбегі ерекше. Олар: Жүсіп Баласағұн мен Махмұд Қашқари бабаларымыздың “Құтты білігі” мен “Түрік тілі сөздігі”. Алғашқысы 600 бет, соңғысы 900 бет кітаптар! Осынша еңбекті түпнұсқасынан аударып шығу үшін тұтас бір институт ұжымының қажыр-қайраты керек еді, ал Асқар білімдарлығына қоса батылдықы, ұлтжандылық танытты. Бұрын ешбіреудің, тіпті азуы алты қарыс әдебиетші академиктердің де дәті жетпеген құнды да күрделі еңбекті бүгінгі ғана емес, келер ұрпақтарымыздың игілігіне ұсыну ғалымдық, қаламгерлік, азаматтық ерлік емес пе?! Әрине! “Құтты біліктің” Асқар аудармасы Қытай Халық Республикасының “Ұлттар” баспасынан араб тілінде шығарылып, бүкіл Араб әлемінің олжасына айналды. Осыны ойлауға, түсінуге, бағалай білуге өресі жетпеген қайран қазағым көз-құлағын қашан ашар екен?!.

Мемлекеттік сұлық жөніндегі комиссияның құрамын жаңарту керек. “Мәңгібақилық” мүшелерден арылу керек. Солардың бірі академик Зейнолла Қабдоловқа 1997 жылғы сұлықтар шешіміндегі әділетсіздіктерін ашынып айтқанымда, ол: – Менде кандидатураны сызу деген әдет жоқ, қайтейін, мысалы, Дүкенбай Досжанов шәкірттерімнің бірі болған соң теріс қарап отырып қол қойдым, – деген. Әдебиеттегі, ғылымдағы, т. б. саладағы былықпай сондай жалпақшешейліктің кесірінен болып келеді. Комиссияда жалпақшешей болмауға тиіс, әдебиеттің мүддесін ең қасиетті деп білетін әділ, адал, батыл адамдар болуы қажет. Қазақтың үш жүзі біреу ойлап таба салған құрылым емес, тарихи құбылыс, оны жоққа шығаруға болмайды. Яғни комиссияда үш жүздің ақын-жазушы, әдебиетші-сыншы қауымынан үш-үштен және орыс, ұйғыр әдебиетінен бір-бірден өкіл болса, төрағасын сол 11 мүшенің өздері сайлап алса дұрыс болмақ. Сондай-ақ, ол құрам төрт жыл сайын жаңартылып отыруы керек. Жалпақшешейлікке сонда ғана жол берілмейді. Комиссия мүшесін көбейте бергеннен пайда жоғын көріп жүрсің, қазакемнің: “көп суыр бірге ін қазбас, қазғанмен түзу болмас” дегені бар.

Сонымен, құрметті Иманғали, өзіңнен өтінерім: Асқар Егеубаевтың әрқайсысына Мемлекеттік сыйлықты жеке-жеке беруге болатын мына аталған екі еңбегін әділ бағалауды ойластырсаң екен. Араб мемлекеттерінің бірінің (қайсысында нендей сыйлық барын білмеймін, “Лотостан” басқасын), Түркийәнің сыйлығын әпере алсаң, ол шын мәніндегі тарихи әділетті баға болар еді!

*06. 01. 2003-жыл.*

(07. 02. 2003 ж. Жауап болмады.)

\* \* \*

### **Құрметті ИМАНҒАЛИ!**

Ел алдындағы еңбегі елеулі зиялыларымыздың бірі—Ғайникен БИБАТЫРОВА десек, үкімет жүйесінің әр саласында қызмет еткеніне 50 жыл шамасы болған бұл кісі соңғы 10 жылда мәдени, ғылыми өмірімізде ерекше орын алды деп білем. Шығармашылық одақтарымыз берекесіздікке ұрынып, алды кеңсесінен, шығармашылық үйінен, соңы шеберханасынан айырылып дал ұрғанда осы Ғ. Бибатырова басқарған Ғалымдар үйі рухани баспанамыз, өлең-жырымызды, ән-күйімізді, әдебиет пен өнер, ғылым хақындағы әңгімемізді жалғастыра жарастырған жанашыр, қамқор отауымыз болды, болып та келеді. Бұл—баршамызға аян шындық!

Алайда, тәжірибелі де қажырлы, білікті де беделді бұл қайраткерді Ғылым академиямыздың басшылығы жақын арада орнынан жылжытып жіберудің шараларын қарастыруда екенін сол басшылық төңірегінен естіп-білдім. Өзіндік жеке баланста кіріс кіргізе жұмыс істеп келе жатқан ұжымның басшысын қарауылына ілу кімге қажет болды екен?!. Ісі іріп, масыл болып отырса бірсәрі ғой?!.

Рас, Ғайникең – зейнеткер, алдағы жылы жасы 70-ке де толады. «Кет!» деген суық сөзді бүгін естісе, ертең кете берері хақ. Жалынар, жарамсақтанар жарымжан мінезі жоқ. Бірақ, ол – Алматының зиялы қауымына әлі керек Адам! Мен естіп-білгенімді біраз әріптестеріме, ғалымдарға айтып, пікір бөлісіп едім, мысалы: Өзілхан Нұршайықов, Шерияздан Елеукенов, Камал Смайылов, Зейнолла Серікқалиев, Уаһап Қыдырханов, ғалым ақсақалдар: Салық Зиманов, Иса Байтөлин және басқалар мені қолдап, егер Ғайникеңді босатар болса, орнына ондай іскер кісі табу қиын болатынын, Ғалымдар үйінің қазіргі жылылықтан айырылары сөзсіз екенін қинала айтты.

Яғни, құрметті ИМАШ, қазақта: “Қырқына шыдағанда қырықбіріне шыдамайсың ба?!” деген бар ғой, Ғайникен Бибатырованы қыспаққа алдырмағын, жасы 70-ке толуын сол орнында тойлап, жылы лебізімізді білдіріп, сый-сипатымызды жасап, отбасы демалысының ұзақ болуына тілегімізді айтып, адамгершілік үрдіспен шығарып салуымызға мүмкіндік бергін! Бұл—менің ғана емес, бүкіл Алматы зиялы қауымының өтініші екенін түсінерсің. Ғайникеңнің шарафатты өмірінен мол хабардар екеніңе де шүбәм жоқ!

*27. 01. 2003 жыл.*

(27. 02. 2003 ж. Жауап болмады.)

***Қазақстанның Мемлекеттік хатшысы***

***И. ТАСМАҒАМБЕТОВ мырзаға***

***Алматы қаласының Әкімі***

***В. ХРАПУНОВ мырзаға***

Қашан болсын, кімнің болсын ел алдындағы еңбегін әділ бағалауды бірден-бір парызым дейтін Басшысыздар, осы ретте Сіздерге мына бірер тілегімді жеткізгім келді: біздің әдебиетімізді шет елдердің оқырмандарына насихаттауда өнегелі болып, Абайдың Таңдамалысын, Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» романын, Махамбеттің Таңдамалысын түпнұсқасынан француз тіліне аударып, ол елдің, мысалы, Альберт Фишлердей білімдар сыншысынан, басқаларынан да жоғары баға алған ақын-аудармашы Ғалымжан Мұқановымыз, міне, 15 жыл бойы үйсіз-күйсіз жүр. ҚЖО Аударма алқасының төрағасы кезімде (1993 ж.) қала басшыларына хат та жазып, телефон да шалып, Ғалымжанға пәтер сұрағанымнан ештеңе шықпады.

15 жыл бойы жатақханаларды сағалап, қолайсыз тұрмысына қарамай, аудармашылық еңбек-ерлік жасап жүрген Ғалымжанға көмектесіңіздер, тым болмаса 2 бөлмелі пәтер беріңіздер, мұндай қамқорлық жасау Алматының Әкіміне қолынан келмейтін өте қиын іс емес шығар, тек ықыласы болсын. Ғалымжан осыдан бір ай бұрын «обширный инфаркт» болып, ақылы ауруханада ұзақ жатып шықты. Шығармашылық-аудармашылық игі жоспары мол оған қаражат, жақсы ем, жүйке тыныштығы дәл қазір өте-мөте қажет.

«Қазақ әдебиеті» гәзеті редакциясының қызметкері, тамаша ақын Маралтай Ыбыраевтың да Алматыда үйсіз-күйсіз жүргеніне 12 жыл

болды, ол туралы да тиісті орындарға айтып, жазып өтінгенмін. Ақын-жазушыға көмек – әдебиетті силау деп білетін жан сирек.

«Көрерміз» деген бір азбас-тозбас жауап бар, талайдың түбіне жетті ғой сол?! Өлі де жете бермек пе?!.

Аталған талантты екі Азаматқа мойын бұрғайсыздар!

08. XII. 2003 жс.

(09. 01. 2003 ж. Жауап болмады.)

\* \* \*

### **Құрметті ИМАНҒАЛИ!**

“Әсет Бейсеуов атындағы көшені тартып алып...” деген суық сөз (“Қазақ әдебиеті” гәзеті, 13-19 ақпан, 2004 ж.) көңіліме бұрын да дық сала бастаған жәйттерді жазуыма себепші болды. Тәуелсіздік алғанымызды теріс түсініп, “не істесек те еркіміз!” деп тасыраңдаған шенеуніктер “бас-басына би болған өңкей қиқым” топқа айналды және қынаша қаптап барады. Соның бір мысалы—мына аталған жарияланымдағы жәйт. Мұнда аты-жөндері аталған шенеуніктердей ұяттан атап кетіп, өтірікті серік етіп жүргендердің барлық облыстан табылары даусыз. Кейбір облыс, аудан әкімдері, қалтасы қалың “жана қазақтар” көшелерге көзі тірі әке-шешелерінің, қайын ата-енелерінің аттарын қойып, тіпті кеуде мүсінін орнату сияқты “тарихи ермек” тауып алыпты. Көріп те, естіп те жүрміз. Бәріміздің де қимастарымыз бар, бірақ ат-атағы беріде ауылдан, арыда ауданнан аспаған ол ардақтыларымызды көзімізді жұмып алып әспеттеу ұят болмай ма? Ерен еңбегі еліміздің, халқымыздың тарихына жазылған тұлғалардың (ғажап сазгеріміз болған Әсеттей!) аруағын Алматы облысы Жамбыл ауданының басшыларының қорлау кәдімгі көргенсіздік емес пе?!

Асқына бастаған бұл “ауруға” дереу дауа іздеу керек. Меніңше, әрбір облыста құрамында қара қылды қақ жаратын саясаткер, тарихшы, журналшы бар дербес комиссия құрылып, ол облыс шегіндегі көшелер мен ауыл-селоларға кімнің аты берілгенін, олардың тарих талабына сай келген-келмегенін әділ анықтауы, нақты шешім жасауы қажет (жер-жердегі «Ономастика жөніндегі комиссия» жергілікті әкімнің ықпалында). Бұған дейін орын алған заңсыздық жойылып, ауыл-селоның, ауданның, облыстың тарихтарына, демек, Қазақстанның тарихына алдағы уақытта ешқандай қиянат жасалмауы ойластырылған үкіметтік қаулы шығарылуы шарт.

“Ауыл-селоларға” деп отырғаным: жер-жерде “Пәленбайдың ауылы”, “Түгленбайдың ауылы” дегендерге де күні кеше көдедей көп болған “совхоз директоры”, “колхоз председателі”, “сельсовет председателі” атаулылардың есімдері қойылғаны сөзсіз. Олар да – аудан, облыс деңгейіндегі бүгінгі бишікештердің әкелері, немесе, Эзоптың мысалында айтылғандай, “әлде жиені, әлде нағашысы”.

Көшеге ат қоюдағы сорақылық Алматыда да “гүлденгелі” қашан? “Алматы көшелері” деп аталған сый-сияпаттық әсем кітап шығарылғанын осы жақында ғана көрдім. Қ. Қаражанов, Б. Көмеков мырзалардай тарих ғылымы докторларының, профессорлардың бата беруімен шыққан бұл кітаптың “Оқырмандарға!” деген ескертпесінде: “Алматы қаласында 1500-дей көше бар. Оның 700-ден астамы белгілі кісілердің есімімен аталады. Көбімізге беймәлім сол аяулы жандардың қысқаша өмірбаяндары мен суреттері тұңғыш рет анықтамалық негізде кітап болып, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде беріліп отыр”, делінген. Яғни, кітаптың Алматыға келіп-кетіп жүретін алыс-жақын шетелдіктерге арналғаны, талайына тарту етілеген де сөзсіз.

Жә дейін де, осындағы “аяулы жандардың” кімдер екенін айтайын (бірен-саранын ғана; өйтпесем, кітаптың жартысынан астамын көшіріп шығуға тура келеді). Сонымен:

Азизбеков Мешади Азизбек-оғлы (1876-1918) – Әзірбайжандағы революциялық қозғалыстың қайраткері. Эсерлер қолынан қаза тапқан бакулық 26 комиссардың бірі...

Андронников Владимир Николаевич (1885-1942) – мемлекет қайраткері. Вичуга қаласында туған. 1933 жылы КСРО Жоспарлау комитетінің төрағасы болған...

Борзов Александр Александрович (1874-1939) – орыстың географы. Воронеж облысында туған. Ресейдің еңбегі сіңген ғылым қайраткері...

Шереметьев Борис Петрович (1652-1719) – орыс дипломаты, әскери қайраткер. Мәскеуде туған. 1685-87 жылдары Австрия және Польшамен “мәңгілік достық” орнатуға белсене қатысқан...

Кілең осындайлар. Қазақстанда туып-өспеген, Қазақстанға ешқандай қатысы болмаған біреулер.

Ол ол ма, кітаптың 49-бетінде:

Ермак Тимофеевич (т. ж. белгісіз – 1585) – казак атаманы. 1582-жылы

Сібірде түрік, ханты-манси халықтарын жаулап, Ресейге қаратқан,— делінген де, көбімізге сонау бір жылдардағы тарих оқулығынан таныс қоқырайған ұсқын — балтасы мен қанжары жүздеген қазақтың қанына малынған қарақшы Ермақтың суреті берілген. Па, шіркін! Қала басшыларының, мына кітапты шығарғандардың ата-анасындай бір аяулысы сол екен ғой?!. Әйтеуір, оған табынған соң, ол “жауыз Жармақтың” Павлодар (бұл да — аяулы атау бола береді-ау, ә?! ) қаласынан аласталған тасмүсінін Алматыға алып келіп, алтынмен аптап, күміспен күптеп, аты жазулы көшеге зор салтанатпен орнатып, ас та төк той жасаса қайтеді? “Алматының құрметті азаматы” атағын да неге бермеске оған?

Халқымыздың, еліміздің ардақтысы, аяулысы болған, мысалы: Дина Нүрпейісоваға, Жақан Сыздықовқа, Асқар Тоқмағамбетовке, Мариям Хакімжановаға, Мұқан Иманжановқа, Шона Смаханұлына, Төлеген Айбергеновке, Хизмет Абдуллинге, Павел Васильевке, Оспанхан Әубәкіровке... Алматыдан көше бұйырмайды да, қазақ атты халықтың барын білмеген қайдағы-жайдағы біреулерге, немесе қазақты құртуды көздеген Ермактай сұмға ресми түрде құрмет көрсетіледі.

Рухани құлдық пен бишаралықтан қашан арылар екенбіз?!

15. 02. 2004 ж.

(15. 03. 2004 ж. Жауап болмады.)

\* \* \*

### **Құрметті ИМАНҒАЛИ!**

Жаңа орның құтты болсын! Қазекем: — Жаңа ай тік туса — өзіне жайсыз, халыққа жайлы, ал шалқасынан туса — өзіне жайлы, халыққа жайсыз, — деген ғой, Алматы қаласына Әкім болып келісіңнің өзіңе де, алматылықтарға да жайлы болуын тілеймін!

Енді, әрқашандағымша, бірер пікірімді айтайын.

Алматыда жүргізіліп жатқан құрылыстың көлемі мәз, көркі пәс. Көне Азияның сан ғасыр тарихы бар бұл қаласы шығысқа тән сәулеттен жұрдай. Жаңа Еуропаның шаһарына ұқсайды. Оның үстіне міндетті түрде солай болуға тиістей көгалдар құртылып, алма бақтары оталып, ығы-жығы, іркес-тіркес тұрғызылып жатқан 10-15-20 қабатты шынылы ғимараттар қала тынысын тарылтты. Пәтерақысы тым қымбат болған соң, солардың көбі бос тұр. Ал қаладағы әйгілі «жетімбұрышта» телміріп жүрген қазекемдердің саны он мыңның шамасы көрінеді. Ғұмыр бойы

куықтай жатақханаларда тұрып келе жатқан отбасы қанша?! Оларды күшпен қуып шығарып, жері қалталылардың казиносына керек болғандықтан сатып жіберілген жатақхана нешеу?! Оңды жерлердегі бала-бақшалар да сатылып бітуге тақалды, олардың орнын казино, ойынхана дейтін жынойнақханалар басып барады, – бұларға жерді қаланың шет-шегінен неге бермеске? Ақшасын қайда қоярын білмей жүрген алпауыттарға алыс-жақын бәрібір емес пе?.. Қайырымды қоғам болудан қалып барамыз ба, қалай?

Қала автокөлікке толды, әбден ысталды, көшеде жаяудан автокөлік көп. Олардың кімдердікі, қандай еңбекпен көбейіп жатқанын бір құдай білсін. Ал аула атаулыда қысы-жазы түнейтін автокөліктің тұрғындарды ығыр қылып, жүйкелерін тоздырып жүргені – өз алдына бір сұмдық. Біріншіден, көлігінің ақы-пұлсыз түнеуі, екіншіден, сыртқы есіктен шыға міне жөнелуіне қолайлысы олардың иелеріне өте тиімді, сондықтан міз бақпайды. Шағынған жұртқа МАИ жарықтықтан қайыр жоқ. Сондай-ақ, алматылықтардың көшелерде жерасты өтпелі жол салу жөніндегі ауызша, жазбаша тілектері де ескерілмейді. Мысалы: автокөлік те, жаяу да өте көп көшелер мен даңғылдардың қайсысында болсын жерасты жолы біреу-екеу, немесе мүлде жоқ. Қағып кету, басып кету сияқты оқиғалардың көбейе түсуіне үлкен себеп сол. Және бір жәйт: үкіметтік автобус-троллейбус-трамвайлардың көбінде жолаушыға белет берілмейді. «Өтпеген» белеттің ақшасы жүргізуші мен кондуктордың қалтасында қала берген соң, транспорт парктері зиян шегуде Ал аялдамаларды жаңа атымен хабарлау әсіресе автобустарда мүлде ұмыт.

Көше бойлары арақты, темекіні насихаттайтын әлем-жәлем жарнамаға толы. Жастарды қойып, жасамысты қызықтыратын көрініс. Ал жалпы жарнама дегеніңнің қазақ тіліндегі азын-аулағының өзіндегі сөздерде қате үпір-шүпір, тіпті кейде қайсыбірін ұға алмайсың. Қала әкімшілігі құзырында орталықтандырылған Аудармашылар алқасы болса, кәсіптік бүкіл аударма бір соның қолынан өтер болса, анау шатпақтар құрыр еді.

Коммуналдық қызмет орындары қайдағы-жайдағы бірдеңелерді ойлап тауып, анау тармағына 5 теңге, мынау тармағына 10 теңге қоса салады. Мысалы: жұртшылық талқыламақ тұрғай оқып көрмеген «Публичные договоры» деген бар, қала әкімшілігі гәзетке жариялаған

да «заңдастырған». Ол бойынша, егер көпқабатты үйлерде кімде-кім айлық пәтерақысын төлемесе, оның қарызы көршілерінің пәтерақысына қосыла салады. Сөйтіп, ай сайын 60–70 теңге «айып» төлеп жүрміз. Жазығымыз не? Егер көршілеріміздің біреулері ажырасып кетсе, не түрмеге кесіліп кетсе, олардың бала-шағасын асырауды да бізге жүктей сала ма? Осы жәйттерді республикалық антимонополиялық комитетке дейін жаздым, бірақ олар үшін жауапты монополистер қайтарады, «бәрі дәлелді, дұрыс» дейді. Ештеңе ұға алмай жүрміз. Мұны өзім үшін емес (құдайға шүкір, пәтерақымды уақтылы, қиналмай төлер мүмкіндігім бар), ауыртпалық көріп жүрген қарапайым көпшілік үшін жаздым да, міне, өзіңе мәлімдеп те отырмын. Меніңше, қаланың коммуналдық қызмет қоғамдарының пәтерақы төлемдері жұмысын мықтап тексертіп, қиянаттары үшін шара қолдану керек. Антимонополиялық комитеттің былқылдақтығын жою қажет. Халықтың тұрмысына ең көп әсер ететін коммуналдық орындардың жұмысына ерекше назар, ерекше бақылау қажет, ол тәртіптелмесе, жұртшылықтың наразылығы еселеп күшейетін болады.

Көше бойларына арнаулы аялдамалар салынып жатыр. Шатырлы, орындықтары бар. Бірер бөлмелі бөлігі де бар, ал ол бөлмелерде жолаушылардың ала салуына керек күнделікті оны-мұны тағам, гүл сатылады, фотография мен шаштараз, ксерокс, т. б. қызмет те көрсетіледі. Жаксы! Бір ғана жаманы – сол бөліктердің барлығында дерлік қосымша ойын автоматтары орналасқан. Ол – жасөпірімдердің жүйкесін тоздырып, «көп ақша ұтып алу үшін» жанталастыратын, сан түрлі қулық-сұмдыққа, қылмысқа итермелейтін орындар. Меніңше, ойын автоматтарын, жалпы сондайларды, казиноны қоса, қаладан аластау қажет. Бұл республиканың басқа қалаларында да бар «жаңалық». Мен соны тәптіштеп дәлелдеп айтып, парламент мәжілісінің төрағасы О. Мұхамеджанов мырзаға ашық хат жолдап, депутаттардың талқылауына салуды, оң шешім қабылдауларын өтіндім, ескере ме, жоқ па, білмеймін (хатымның бір данасын «Ақ жол» гәзетіне жібердім. «Егемен Қазақстан» да, басқалар да ондай «түсініксіз» дүниелерді баспайтын болған). Ал бұл мәселені өз төтеңнен реттер болсаң, жұртшылық мол алғыс айтар еді.

«Тасмағамбетов келді, енді тәуелсіз гәзеттерге қиын болады» деген қауесет тарай бастады. Олай болуын тілемеймін де, ол қауесетке сенгім де келмейді.



Қазақ әдебиетінің классигі, әзіл-сықақшы Оспанхан Әубәкіровтің туғанына 2004 жылы 70 жыл толатынын, әдеби мұрасының 6-8 том болатынын, оны құрастырып беруге әзір екенімді айтқан хатым өзіне 2001 жылы жеткен-ді. М. Құл-Мұхаммедтің қолымен: Осекеңнің 4 томдығын әзірлей беріңіз, алғашқы екеуін 2002 жылы, соңғы екеуін 2003 жылы шығарып береміз, деп жауап келген. Алайда қолға алған «Қазығұрт» баспасы биыл I-томын әрең шығарды, «үкімет қаржы бермеді» дейді. Жазушылар одағы Оспанханның мерейтойын 2005-жылы жазда не күзде өткіземіз деп отыр, қалған 3 томы соған дейін жарық көрсе жарар еді. Осекең соңғы жылдары (1986-жылы қайтыс болды ғой) тұрған үйге, Жамбыл көшесі, 165, ескерткіш тақта әлі қойылған жоқ. Қанішер Ермак атында көше бар Алматыда Оспанханға көше де бұйырар емес. Облыс, қала әкімшіліктеріне неше рет хат жазғанымызды ұмыта да бастадым... Ал Оспанханның 70 жылдығын республика көлемінде өткізу дұрыс болары өзіне бек түсінікті, яғни негізгі қозғаушы күш өзің болсаң екен!

Қазақтың біртуар перзенті Хакім Тілегенұлы Есенәлиев (Михаил Иванович Исиналиев) десем, ол Азамат Ағаны сенің басқалардан жақсы білетіңізге шүбәм жоқ. Екеуіміз біраз жыл сырлас болып едік, марқұмның елі мен халқы алдындағы еңбегін ұрпағы білсін деген ниетпен жазба мұрасын 4 том етіп шығаруды жоспарлады (шынтуайтпап іріктесек, кемінде 6 томға жетеді). Сыртқы істер министрлігіміз демеуші болып, 2 томы былтыр шықты, ал қалғанына министрлік қадам баспай отыр. Сонымен, орта жолда тоқтадық. Министрлікпен сөйлесіп пе, бизнесмен жігіттердің бірімен келісіп пе, қалайда ол игі істі аяқтау – аруақ алдындағы борышымыз. Соңғы 2 кітаптың калькуляциясын ұстап, аңтарылып жүрген жайым бар. Бизнестегі бірер жігітпен сөйлесіп едім, «көрелік» дегенмен тынды. Өлі Есенәлиевті қайтеді? Не ертең ісі түсетінді, не жасқанатынды сиялатын әдет шықты ғой!

Сондай-ақ, шын мәнінде жарты әлем таныған Әнуар Әлімжановтың туғанына алдымыздағы мамыр айында 75 жыл толады. Әлбетте, ресми аталмайтын жас. Десем де, Әнуардың Қазақстанды, қазақты көпке танытқан бірегей қаламгер екенін ескеріп, естеліктер жинағын шығарсам деймін. 70 жылдығына шығарғанмын. Ол мерейтойы Талдықорғанда жетім қыздың тойындай болып өткен. Ендігісіне демеуші таба алмай отырмын. Кітап 25 баспатабақтай болар, 3000 доллар қажет. «Үмітсіз – шайтан» деп, бұрынғысынан аларды іріктеп,

жаңадан жазуға тапсырма беріп жүрмін. Егер өзің естелік жазып берсең, тіптен жақсы. Кім қалай десе де, Әнуар халқына аянбай адал қызмет етіп өтті. Аруақты силау парызымыз ғой. Жазушылар одағына хат жазып, мәселені шешуді өтініп едім, сірә, ештеңе шықпас.

Осымен тәмәм.

23. XII. 2004 ж.

(23. 01. 2005 ж. Жауап болмады.)

\* \* \*

### **ИМАНҒАЛИ!**

Жас талаптарға қамқорлық жасап, баспана бере бастағаныңа шын қуаныш жүрмін. Ол игі ісің – қазақ әдебиеті мен өнерінің ертеңгі өрісін кеңейту! Осы қамқорлығыңнан қағыс қалған бір жас дарын – талғампаз, танымпаз, қиялы ұшқыр, талабы таудай суретші бар. Ол – «Ара» журналын көркемдеуші Нұрлан ТАЗАБЕКОВ. Өзіңнің қамқорлығыңмен қайта шыққан журнал еңсесін көтергенше 1 жыл штатында болып, жастарға көмектестім де, «сақалым сапсып отырмайын» деп, Көпеннің ренжігеніне қарамай, орнымды босаттым. Нұрланды сонда көріп, жақын танысқанмын. Суретші ретіндегі шеберлігін өзіңе бүгін хат тіркеушілерің арқылы беріп жіберген төрт журналдан көріп байқарсың, ал адам ретіндегі қасиетін айтсам: ол – ар-ұяты мол, жауапкершілігі күшті, қақ-соқпен шаруасы жоқ адал жан. Жасы 30-дың о жақ, бұ жағы ғой деймін, онысын да, қай жақтың баласы екенін де сұраған емеспін. Адами тазалығына әбден риза болдым. Осы өте талантты жігіт келіншегі мен екі баласын жетектеп, пәтерден соң пәтер жалдап босып жүр. Айналайын Имаш, соған назар аударшы! «Араның» телефоны: 42-38-65.

10. 03. 2005 ж.

**(Оқырманға:** *Иманғали алғаш премьер-болғанда құттықтап хат жаздым да, «Ара» әзіл-сықақ журналымыздың жабылып қалғаны өрескелдік, оны мемлекет есебінен қаржыландырылатын етіп қайтадан ашып бер, көпке белгілі Көпен Әмірбектовті Бас редакторлыққа бекіт деп өтіндім. Құптады. Журнал 2002-жылдың қаңтарынан бұрынғы көлемімен шыға бастады. Көпеннің іздеп табуымен Нұрландай карикатуршының «Араға» бұйырғаны бір сәтті жәйт болды! Бала-шағаны жетектеп пәтер іздеу өз басымнан да өткен еді, Нұрланның жағдайына қабырғам қайысып жүріп, бір күні «Араның» Нұрлан салған карикатура көбірек төрт санын алып,*

*ішіне жоғарыдағы хатымды салып, Иманғалиға әкімдіктің Хат бөліміндегі бір қызметшісінен беріп жібердім. 11. 03. 2005 ж.*

*Хатыма жауап болмады. Десем де, Маралтай мен Нұрланға бірер айдан соң пәтер берілді. Иманғалиға сөзім өткен болар ма?..)*

\* \* \*

### **Құрметті ИМАШ!**

«Қазақ әдебиетінің» 70 жылдығы жиынынан Астанаға ұшарыңда бар-жоқ пікірімді екшеп хат бердім. Оралған соң хабарласпақ болғансың. Жана жер, жұмыс қауырт. Уақытын алмайын, бөгет жасамайын деп тыныш жүрдім. Әлі де қабылдауыңа сұранбай тыныш жүре беремін. Тек мына бірер ойымды осы хатпен жеткізгім келді. Құп көру-көрмеу, әлбетте, өз еркің. Ал мен мұны айтпасқа шыдамадым.

Алматы қаласының әкімі болып тағайындалғаныңнан бергі тындырған жұмыстарыңа түгел дерлік қанықпын. Қалалық гәзеттер ретімен баяндап келеді. Жұртқа жасаған жақсылықтарыңа бек ризамын. Отбасың аман-есен болып, абыройың арта түсіп, 100 жаса!

Ендігі сөзім – мені де қатты аландата бастаған жәйттер. «Мені де» деуім – сенің әрбір қадамың, әрбір сөзің көз-құлағы орнында көпшіліктің бақылауында, сараптауында.

Көпшіліктің наразылығын тудырған қимылдарға өзіңнің ғана шешіміңмен бармағаныңды, бір өзіңнің ондайға қадам баспайтыныңды жақсы білемін. Жақсы білетін жалғыз мен, немесе он шақты, жүз шақты жан ғана емес, естіп жүремін ғой, – көпшілік. Менің айтпағым да – сол көпшіліктің сөзі.

1. «Әйгерім», «Шаңырақ», «Бақай», т.б. ауылдардың қоныс тебуі саған дейінгі басшылардың көз алдында болды. Заманбек Нұрқаділов жанашырлақпен ресми шешім бойынша жоспарлы басталған қоныстану одан кейінгі басшылар кезінде оңай олжа табуға айналдырылып, жалған шешім саудасы болыпты. Өздері біліп үй салып алғандар да бар екен, «таңғы тамақ тәңірден» дейтін кең жаға қазақпыз ғой. Бірақ, қалай болғанда да, баспана тұрғызып, орнығып қалған жұртты жәбірлеуге болмайтын еді. Оларды «жарылқаған» храпуновшылдарды жазалау, салынған үйлерді заңдастырып беру керек еді. Егер ол ауылдар газ, т.б. құбырлардың үстіне орнап қалған болса, онда мыңдаған кәрі-жасты шошытпай, жазаламай, құбырларды неге бұрып әкетпеске? «Өйтугн қажет қаржының жартысын көтерсеңіздер қайтеді, қала бюджетіне

қиын тиіп тұр» десендер, құдай біледі деп айтайын, ондағы жұртшылық қуана келісер еді. Өкініштісі сол, бұл ойластырылмады. Оның үстіне полицияның аулдарға таңғы сағат 4-те барып тиіскені ешбір ақылға симады. Қазірде шаңырақтықтарды анау да мынау желеумен соттап та жатыр. Ол да – қиянат. Қайталап айтайын, ол оқиғалар үшін көпшілік бір сені ғана кінәлап жүрген жоқ. «Ол жерді сатып алғандар бар, «Жас алаш» гәзеті олардың аты-жөндерін атай алмаса да, төлеген ақша мөлшерін айтты. Яғни сол қалталылар әкімді орап өтіп, жоғарыға шығып кетті де, сол жақтан күш алды» деседі.

2. 1986-Желтоқсан көтерілісіне ескерткіш орнатуда да «Бұйрықты орындау болды» деседі. Имандай шыным. Араларында жүрмін ғой. Алайда қазір бұл бағыттағы наразылық сөздер де тек сенің атыңа айтылып жатыр, өйткені көз алдарында әкім сен ғана тұрсың. Қала шегіндегі жауапкершілік заң жүзінде сенің ғана мойныңда. «Желтоқсан» ескерткіші ыңғайсыз тұсқа қойылды, алаңнан орын бұйырмады. Енді алаңды жаңғырту басталмақ. Күні кеше мындаған қыршынның қаны төгілген, жүздеген қыршынның өмірі өшкен алаң – шындығында қасиеттеп сақталатын жер, мерзімді ойын-той болмаса, үздіксіз ойын-сауық орнына айналуға тиіс емес жер. Желтоқсан жарасы тірісінде жанын сыздататындарға ауыр тиегін шара болмауы керек онда. Тәуелсіздікке бастаған ол тарихи көтеріліске қатысқан тірілердің өздері де, бала-немерелері де сол бір аса ауыр қасіретті ұмыта алмайды. Зорлықпен күні бұрын ұмыттыруға да болмайды. Құрбан болып кеткен боздақтардың аруақтары да қиянатты кешірмейді!.. Қайсыбірін айтарсың!..

Сондықтан, құрметті ИМАШ, саған қатты ойланбай болмайды. Егер аталған ауылдардың жағдайын ондамасаң, Желтоқсан ескерткішін алаңның бір сәтті жеріне қайтадан дұрыстап жасатып орнаттырмасаң, Республика алаңын Желтоқсан алаңы деп ататпасаң, алаңды ойын-сауықтың тағы бір орталығына айналдыруды тоқтатпасаң, «түйенің танығаны – жапырақ», бәріне кінәлі бір сен боласың да, көпшіліктің құрметінен шын мәнінде айырыласың. Олай болмау үшін мықты қимыл жасағайсың. Зиялы қауым тарапынан қолдау қажет болса, құрметті ақсақалдармен сөйлесуге, жәрдем көрсетуге кірісуге дайынмын.

Қосымша бір пікір: Алматы көшелерінің Алатау қойнауына дейін түзу баруын қалайда реттеу керек. Әрине, ол – өте күрделі шаруа. Дегенмен, Абай даңғылына жетіп тіреліп қалған көшелердің

тынысын ашса, қала ауасы байырғы ағынын тауып, тазара түсер еді деп ойлаймын.

Абай даңғылы басталып, Абай ескерткіші қойылған түйін тұстағы ғимараттың «Республика сарайы» емес, «Абай атындағы мәдениет сарайы» аталуы, ерекше үйлесімді ансамбльге айналдырылуы жөн болар еді, Ұлы Абайға құрмет көптік етер ме?!

Менің бұл хатты неліктен жолдағанымды түсінесің деп сенем. Бірін-шіден, саған қашан болсын жақсылық тілеп жүретін, қолынан келгенінше көмектесуге әзір ағаларыңның бірімін. Екіншіден, не туралы болсын ойымды әрқашан ашық айтатын, атап жазатын пендемін. Өзіме ешқандай ұпай керек емес, жұртшылықтың көкейіндегісін естіріп құлаққа, көрер көзге жеткізуді ғана ойлаймын. Балшығымның солай иленгеніне өкінбеймін де. Бүгін бар, ертең жоқпын. Ақиқатты, әділеттілікті бізден жақсы бағалай алар кейінгі ұрпақтарымыз: – Ол да ішіп-жегеніне мәз болып, аузы буылып өткен екен, – деп аруағымды мазаламасын деймін.

Осымен тәмәм. Артық-ауыс айтқан болсам, кешіргін.

27. 01. 2007.

(28. 02. 2007 ж. Жауап болмады.)

*Астана қаласының Әкімі  
И. ТАСМАҒАМБЕТОВ мырзаға*

**Құрметті ИМАНҒАЛИ!**

Өзіңе арнап жазбасқа болмаған бұл хатым біраз уақытыңды алса, біраз мазаласа, оған ренжімегін, – мен де еріккеннен мазасынданған, еріккен соң жазған жоқпын.

Айтпағым марқұм Қайым Мұхамедханұлына қатысты.

Әдебиетші ғалым Қакеңнің абайтанушы, мұхтартанушы болғанын, шәкәрімтанудың негізін қалағанын білесің. Ақын, жазушы, драматург, аудармашы, Қазақ Советтік Социалистік Републикасының алғашқы гимнінің авторы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері ретіндегі тарихи орны да өзіңе аян.

Қакең қайтыс болғалы жеті жыл. «Орнында бар оналар» дегендей, құдайға шүкір, отбасындағы балаларының қажырлы қимылы нәтижесінде, кезінде Бұқаралық ақпарат және мәдениет министрі Мұхтар Құл-Мұхаммед мырзаның түсіністікпен қолдауы арқасында

Қакең шығармаларының көптомдығы жарық көріп жатыр. Бәрекелді!

Алайда «әттең-ай» да бар. Астанада, Алматыда әлі күнге дейін «Қайым Мұхамедханов атындағы көше» жоқ. Балалары тиісті орындарға хат-өтінішті қайта-қайта жазып жүріп, мысалы, Алматы қаласының әкімдігінен былтыр бір жауап алыпты. Ондағы «көше аты берілді» бойынша іздегенде, ол «көше» қала орталығынан 20 шақырым мөлшері қашықта, келешекте болар шағын ауданда екені анықталды. Ал қаланың орта тұсында «Клочков атындағы көше» екеу, соның бірін өзгертуге болмас па екен деген сұрақ қала әкімі А. Есімов мырзаға ашық хат арқылы қойылса да, ешқандай жауап қайтармады (бүгінде қайда, кімге хат-өтініш жазсаң да, жауап келмейтін «әдет» шықты ғой, мына хатымды ашық жазуымның себебі – соны алдын ала тағы ескергенім).

Рас, Астана жақтан бір жауап келді. Онда былай делініпті: «... Астана қаласының бір көшесіне жазушы, драматург, абайтанушы Қайым Мұхамедхановтың есімін беру туралы мәселе 2009-жылғы 22-желтоқсанда өткен қалалық ономастика комиссиясының отырысында қаралып, оң шешімін таппады. Қалалық ономастика комиссиясының кезекті отырысына қайта ұсынуға негіз жоқ. Астана әкімдігі Тілдерді дамыту басқармасының бастығы О. Асанғазы».

«Ғажап!» «...қайта ұсынуға негіз жоқ». Ономастика комиссиясындағы шенеуніктер қоғам қайраткері Қайым Мұхамедхановтың сонау жылдары «халық жауы болып», 25 жылға сотталғанын ұмытпаған екен (сондай пікірсымақтағы біреулер осыдан үш апта бұрын Қакеңнің кабірі басындағы (Семейде) құлпытасын қиратып кетіпті).

Екінші жайт: Алматыда да, Астанада да «Л. Мирзоян атындағы көше» бар. Мысалы, мен соларды өшіріп, «Қайым Мұхамедханұлы атындағы көше» деген жөн болар еді деп мақала да, ашық хат та жаздым, бірақ...

Леон Мирзоян кім еді? Қазекендер оны неге «Мырзажан» атады?

Атаң нәлет Голощекин «коллективизациялаумен» қазақтың малын сыпырыпалды да, халықалапаташтықтан қырылды. Кремль ол жауыздың «қателігін түзету үшін» орнына Мирзоянды жіберді. Мәдениет, оның ішінде әдебиет, өнер қайраткерлері аға-апайларымыздың қайсыбірі қалдырған естеліктеріне үділсек, Мирзоянды дәріптеген. Мысалы, Мағжан аға Жұмабаев «Қаламыма. Леон Исаевич Мирзоянға» деген мадақ өлең жазыпты. Мұным – марқұм Мағаңа әсте кінә тағу емес, «Қужақтың» (Голощекиннің) қырғынынан кейін халыққа жеңілдік келіп, мәдениетімізге қамқорлық жасала бастағанына жұртшылықтың

куанғаны орынды болғанын айту. Алайда журналшылар жазып кеткен естеліктердегі сөз басқаша. Мәселен, қаламының қарымдылығымен белгілі болған Мадат Аққозин «Вернуть из забвения» атты кітабында: «Мирзоян после такого предшественника (*Голощекинді айтады, – Ф. Қ.*) явился как спаситель народа. Появилась работа. Отменили карточки на хлеб, его продавали в магазинах за деньги. Начал налаживаться быт людей. Но на смену массовому голоду пришел массовый арест с расстрелами» деген. Бекер сөз бе?.. Жок!

«Иной Сталин. Политические реформы в СССР в 1933-1937 гг.» (авторы Юрий Жуков) атты кітапты шоли оқып отырып, ««Лимиты», запрошенные руководителями региональных парторганизаций и утвержденные ПБ» (*Политбюро, – Ф. Қ.*) деген бөліміндегі тізімге үңілсем: «Казахстан. Расстрел 2346. Высылка 4403» деп тұр. Жиыны 6749 кісі. 1937 жылғы шілденің 11-і.

«Лимит» сұраушы басшылар арасында Мирзоян алтыншы орынды алыпты.

«Таблица эта явилась составной частью приказа Н. И. Ежова по НКВД от 30 июля 1937 г. «Об операции по репрессированию бывших кулаков, уголовников и других антисоветских элементов», делінген кітапта.

Ежов та «мырзажан» болды емес пе?! Ол Мирзоянның «лимитін»: атылатын 2700, жераударылатын 4950, яғни жиыны 7650 кісі етіп артығымен бекітіп берген! Өйтпесе, «халық жауларын» әшкерелеу жөніндегі «социалистік жарыс» мәнсіз болмай ма?!

Одан соң кітапта мынадай да дерек бар:

«13 июля первый секретарь ЦК КП(б) Казахстана Л. И. Мирзоян направил в Москву на имя Сталина шифротелеграмму следующего содержания:

«Во время съезда компартии Казахстана кандидатура председателя Казахского ЦИК тов. Кулумбетова после длительного обсуждения на пленуме съезда тайным голосованием была провалена. Основным мотивом отвода и провала был факт перехода в 1919 г. тов. Кулумбетова с оружием в руках на сторону врага. За последние два месяца после съезда ряд арестованных участников контрреволюционной рыскуловской и нурмаковской организации показывают на Кулумбетова как на одного из активных участников этой национал-фашистской организации. Возможно, в ближайшие дни следствие покажет необходимость ареста



Кулумбетова. Мы считаем совершенно необходимым освободить Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа и просим ЦК ВКП(б) утвердить наше предложение об освобождении Кулумбетова от обязанностей председателя ЦИКа. Кандидатуру нового председателя ЦИКа внесем на утверждение Политбюро в ближайшие дни).

Спустя два дня ПБ утвердило предложение Мирзояна. У. Кулумбетов был снят, арестован, расстрелян...».

Қазақстанның партиялық бірінші басшысы бұл жақта: «... революцияға қарсы ұйым... ұлттық-фашистік ұйым бар» деп ұрандап жүрсе, оны шен-шекпенқұмар қазақемдер қолдап жатса, Сталин, Кремль неге сенбесін?!.

Мирзоянның «лимитінде» бірде-бір адамның аты-жөні жоқ, атылуы және жераударылуы керектердің жалпы саны ғана бар. Демек, «халық жауларының» тізімі Алматыда жасалды және оны қол қойып бекіткен – Мирзоян! Ол Қазақстанды 1934 – 1938-жылдары басқарды. Басқа сала өз алдына болса, «Мырзаянның» бір жолғы «лимитіндегілерден» жаңа әдебиетіміздің іргетасын қалаған: Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Абдолла Асылбеков, Сәкен Сейфуллин, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин және басқалар осы жылдары атылды. Бекер ме?.. Жоқ!

Қайран қазақем!.. Малың сыпырып алу арқылы аштық қырғынын жасаған Голощекинді қарғады. Дұрыс! Ал малына тиіспей, азаматтарын қырған Мирзоянды алқады. Бұл қалай?..

Бір пайдасының қарымтасында мың кесірі жатқан Мирзоянның атын көшемізден өшіргіміз келмейтіні неліктен?.. Мәдениетімізге, әдебиетімізге, педагогикамызға аса мол еңбек сіңірген Қайым Мұхамедханұлының атын қояр көше «таба алмауымыз» неліктен?

Құрметті ИМАНҒАЛИ, сөз ыңғайына қарай қоя отырар және бір сауалым: Астанада, «Іле», «Тайбурыл», т. б. сияқтыларды былай қойғанда, «Таха Хусейн», «Ошақты» көшелері бар екен, сонда бұл соңғы екеуі қай елдің мемлекет, қоғам қайраткерлері? Әлде Қазақстанға ерекше еңбек сіңірген тарихи тұлғалар ма?

*06. 06. 2011 ж.*

*(07. 07. 2011 ж. Жауап болмады.)*

*Алайда, қала әкімінен бастап, президентке дейін сатылап жазған талап-хаттарым аяқсыз қалмады: жауыз Мирзоянның Астана көшесіндегі аты 2012-жылы, Алматыда 2016-жылы жойылды!)*



## РЕПЛИКИ

### 1. Об одной неточности

Глубокоуважаемой Нинель Фокиной и читателям «СолДАТа».

В статье «Желтоксан длиною в жизнь» («СолДАТ», 17.XII.2002 г.) есть такие предложения: «Сначала, в августе 1989-го, был образован Казахстанский комитет по правам человека, инициатором его создания и председателем комитета был Мухтар Шаханов, я была сопредседателем комитета. Весной 1990-го создали комиссию Верховного Совета Казахской ССР...»

Я прекрасно знаю Мухтара, до сих пор восхищаюсь его выступлением перед народными депутатами в Кремле по поводу Желтоксана. Он тогда, как никто другой до и после, проявил мужество ради справедливости. Но он не был первым инициатором образования вышеуказанного комитета. Толчком к образованию комитета и комиссии ВС был депутатский запрос Президиуму ВС Каз.ССР депутата ИСИНАЛИЕВА Михаила Ивановича, в котором говорится:

«Прошу на очередной сессии Верховного Совета доложить депутатам о физических и моральных последствиях по результатам «наведения общественного порядка» после известных декабрьских событий 1986 г. Прошло более двух лет, но не только общественность, даже члены ЦК Компартии Казахстана и депутаты Верховного Совета республики в неведении, сколько человек исключены и наказаны в партийном и комсомольском порядке, сколько отчислены из учебных заведений и освобождены от занимаемых должностей, сколько осуждено, не говоря уже о точном количестве погибших... Поэтому вношу предложение создать авторитетную депутатскую комиссию, в составе которой будут представители общественности. Ей представить необходимые документы и объяснения товарищей, сопричастных к указанным событиям, затем об их заключении доложить сессии Верховного Совета республики и Пленуму ЦК Компартии Казахстана... Прошу текст данного депутатского запроса срочно передать членам Президиума Верховного Совета республики, поставить в известность Государственно-правовой отдел ЦК КПСС.

С уважением депутат Верховного Совета Казахской ССР, кандидат в члены ЦК Компартии Казахстана, Министр иностранных дел республики М.ИСИНАЛИЕВ. 25 апреля, 1989 г.»

Это ли не мужество и героизм?!

Добавлю: а) Комиссия сформирована три месяца спустя, 27 июля, на сессии ВС Каз. ССР; б) Через две недели после подачи депутатского запроса и возвращения Михаила Ивановича Исиналиева из загранкомандировки от него потребовали заявления об уходе на пенсию.

Всем нам необходимо знать это. Знать правду. И уважать дух незабвенного М.И.Исиналиева.

*(«Дат», №1-2 (85), 2003 г.)*

## **2. От факты прикрываться актами?**

Прочитал я интервью Фокиной Н. К. «Из Казахстана вытесняют нетрадиционные религии»? («Алма-ата инфо», 3 – 9 октября 2007 г.). Судя по ее ответам на вопросы Владимира Воеводы, я убедился в том, что она знает буквально все международные пакты, акты, конвенции и т. д. Однако, как мне кажется, она слишком прямолинейна, не желает сворачивать никуда, – только вперед да только к своей мишени. Я не хочу поспорить с нею ни по одному вопросу, оформленному ею выдержками из законов, а только хочу довести до ее сведения и до сведения читателей «Алма-ата инфо» следующее:

По данным Статуправления республики, сейчас в Казахстане работают 4.166 зарегистрированные, около 200 незарегистрированные иностранские религиозные объединения. Почти 4.400. Сколько у каждого из них штатных единиц? Если скажем по 20, то выходит 92.400. Не многовато ли для республики с населением 15 миллионов человек? Нет сомнения в том, что многие из них разными путями, методами работают против ислама. Да, усердно работают: распространяют свои книги и брошюры на улицах и даже по квартирам; приглашают на свои концерты и вечера, которые заканчиваются лекциями и чаепитиями, вознаграждениями за лучший танец или пение. Результаты? Например, три года назад главный муфти Казахстана Абсаттар Кажы Дербисали с своей статье, если не ошибаюсь, в газете «Егемен Қазақстан» писал, что 500.000 казахов, разумеется, молодых, покинули религию своих предков – ислам, перешли на другое вероисповедания. Ощутимо?.. А с того времени по сегодняшний день сколько их стало и сколько будут

через 5-10 лет? Никто пока не интересовался, включая, наверное, самого главного муфти.

Я знаю более десяти семей из числа своих знакомых, которые распались из-за появления у них разного вероисповедания: или муж ушел или жена ушла из дома, притом оставив и своих двух, трех малолетних детей. Однажды я поговорил с одним из тех мужей – молодым инженером-энергетиком, который оставил свою старую мать, жену, троих детей-школьников. Оказывается, он стал членом объединения Свидетелей иеговы. Он даже не считал нужным поинтересоваться положением покинутой им семьи, а все время рвался похвалить свою новую религию как настоящую достойную и верную, прогрессивную во всем мире. Старался критиковать и ислам и православную, которые «имеют много изъян, ошибок».

Если нетрадиционные религии будут действовать таким темпом (если на их пути не ставить, пока не поздно, жесткие законные преграды, они будут, без сомнения, штурмовать еще пуще), что останется от казахов в Казахстане, скажем, через 20 лет? Уважаемая Н. К. Фокина подумала об этом? Через 20 лет на основании каких международных актов, пактов, конвенции возможно будет возродить казахскую нацию, не говоря о ее религии – исламе в Казахстане?

У казахов есть поговорка: «Басы ауырмайтынның жанында балтырың сыздамасын». На русском приблизительно звучит так: «Не дай бог тебе подвернуть ногу, когда рядом с тобой лишенный сочувствия спутник». Верно сказано, не правда ли?

*07. 09. 2008 г. («ДАТ»).*

### **3.Ин-те-рес-но!**

Уважаемая госпожа Нинель Фокина сказала: «Никто не имеет права отнимать жизнь у другого человека, какое бы он ни совершил преступление» («Голос Республики», 03. 08. 2012 г.). Это она по поводу применения смертной казни. Интересное суждение в смысле не уместного. Выходит, кто-то кого-то убил с целью ограбления, этим он отнимал жизнь у другого, часто даже у незнакомого человека, однако за это нельзя наказать его смертной казнью? Были у нас убийства целой семьи, включая малолетних детей, чтобы свидетелей не оставить, – а кто дал им, тем кровожадным звероподобным,

права отнимать жизнь у безвинных людей? К сожалению, многие наши юристы, правозащитники серьезно не думают об этом. Они – поклонники Запада, чуть что говорят: там это такое, там это делаю так, у них мараторий на смертную казнь, и мы должны брать пример у них. Их абсолютно не касается, что как в США, так в Китае это суровое наказание применяется.

Есть два вида убийства: случайное и целенаправленное. Так тем, кто специально совершил чудовищное преступление, не должно быть снижжождения, то есть, необходимо отменить мараторий на смертную казнь!

*(05. 08. 2012 г. «ДАТ»).*

**Ғалымжан ЖАҚИЯНОВҚА**

## **1. ТҰЛПАР ТҰРПАТЫҢДЫ САҚТАҒЫН**

### **Қадірлі інім ҒАЛЫМЖАН!**

Әдрісіңді “Азат” гәзетінен алып, 40 жасқа толғаныңды біліп, міне, хат жазып отырмын. “Ештен кеш жақсы” ғой, денсаулығың мықты, отбасың аман-есен болып, бұл жасыңа және бір 40 қосылсын, арғы жағын көре жа– тарсың!

Қазекемнен сөз қалған ба: “Шырр етіп жерге түскенде мандайыңа не жазылса, соны көресің” деді-ау, өзің ойда жоқта тап болған пәлекет сол жа– зудан шығар. Ақырының жақсылығын көрсетсін!

Ержігіттің басынан не өтпейді, бәрін де сабыр безбеніне салып, әділ тұжырым жасай білген артық. Қиыншылықта жалғыз қалуға мәжбүр болған жігіттің жансерігі: жүрек қайраты, ақыл-ой қуаты, өзінің ақтығына сенімі. Қиын-қыстау күндерде жастыққа жемдірмей, дізгін-шылбырды дұрыс ұста– ғаныңа сүйіндім. Елге керегі: Ерінің сүрінбегені, жасымағаны, сабырлы– лығы, әрбір ісіне ар-ұятын төреші ете білгені. Өзінен күштінің ығында жүру, айтағына жүгіру, әділдікті атақ пен мансапқа айырбастау – сорлылықтың белгісі. Тәңірім сені сондай “қасиеті” бар “дос-жолдастан” сақтай жүрсін! Ондайларды кездестірдің екен, сенімің алданды екен: әсте күйінбе, тіпті ренжіме, кек сақтама, кешірімді бол. “Кең болсаң, кем болмайсың” дегенді айтқан да – қазекен.

Ержігітке керегі – еркіндік. Халқына адал қызмет етудің еркіндігі. Сол күнге жетуіңді тілеймін! Қалай жету қажет, ол – өзіңнің

құзырындағы шешім. Менің нақты іспен жәрдем жасар мүмкіндігім жоқ. Қолымнан келгені де, келетіні де – қаламкүшім. Бірақ, бүгінде одан да қауқар кетіп тұр: – Ә, мына пікірі оң екен, – деуші қалмады. Алладан әмірші “күшті” болғанда әрқашан солай-ды. Тек Алла мәңгілік те, әмірші атаулы – біркүндік. Көңіліме медет – осы.

“Тегімді менің сұрасаң:  
Қалың найман нуынан.  
Жырымды менің сұрасаң:  
Сары алтынның буынан.  
Сырымды менің сұрасаң:  
Тұманың тұнық суынан.  
Кеудеме қайғы толған соң  
Тұнық жырмен жуынам.  
Сорғалаған нөсердей  
Жырын тыңда Дулаттың...  
Айдасаң, алыс жерім-ді,  
Алсаң ащы терімді,  
Өзіне өзі сенімді,  
Тоят төс, салпы ерінді,  
Топтан топай бермейтін  
Тұлпар аттай қунақпын!.. –

деп ұлы бабамыз Дулат ақын айтқандай, Тұлпар тұрпатыңды сақта, Інім!

Тәңір жазса (әрине, сенемін!), әлі кездесерміз, танысармыз, білісерміз. Ал әзірше сырттай айтарым: Ұлан ауданының Ұранхай ауылынанмын. Жама ауылында балалық шағымды өткіздім, болашақ қайынатаң Қадес екеуіміз бір аулада ойнап өстік, Өскеменде бірге болдық. Қарлығашпен жақында, Әркен ағаның қырқы берілген күні таныстым.

Осымен тәмәм.

Жарқын күнде жадырап жүздесуді күтуші ағаларыңның бірімін.

(«Қазақстан» гәзеті. 18. 05. 2003 ж.)

## 2. ЖІГЕРІҢДІ ЖАНИ ТҮС!

### **Қадірлі ҒАЛЫМЖАН!**

Біз бір-ақрет жолықтық. Сен онда Семей облысының әкімі едің. Мен Қайым Мұхаметханов ағамыздың мерейтойын өткізуге Жазушылар одағының атынан барғанмын. Үлкен жиынға қатыстың, құттықтадың. Шетелдік делегациямен кездесуің барын айтып, Қақеңнен рұхсат алып, шаруаңа кеттің. «Өзінің жаныныштығын ойламайтын басшыны көргеніміз осы», десіп қалды бірер ақсақал. Іштей ризалық лебіздері екенін аңғардым. Сен туралы бүгінде семейліктердің қайсысы не деп жүргенін білмеймін, ал ол жылдары қызмет ыңғайымен екі-үш рет барғанымда сенің басшылық істеріңе теріс баға беріп отырған жанды көрген жоқпын. Азамат бірсөзді болмақ. Ал кейбіреулері сен тап болған пәле-жаладан қарадай қорқып, сені жазғырғандарға жағынғысы келіп, сен жайында бүгінде жалған сөз көсеп жүрген болса, олардың өсегіне мән бермеген жөн. Атаққұмарлар, лауазымшылдар екі сөйлей береді. Олар, қазақем айтқандай, «тарысы піскен үйдің тауығы» ғой, о баста балшығы солай иленген болса, өмірден сөйтіп итаршыланып кетеді. Биліктің ағын да – ақ, қарасын да – ақ деп, өзінен бір елі жоғары тұрған билікшісінің табанын жалап, босағасын күзетіп, табалдырығында жатады. Ондай сорлыларды мен де көп кездестірдім. Қайсысына болсын алыстан қарасаң – арыстан; жақыннан қарасаң – албасты. «Сасық бақыт» деген сөз бар. Сол «бақытының» арқасында небір жоғары атаққа, биік лауазымға ие болып алса да, қандай байлыққа кенелсе де, албасты қалыбында қалады, рухани сорлы күйіне қарамай, «жалын күдірейткенсіп» күн кешеді. Билік басындағыларды дүзде терлеп-тепшіп мақтап, одан алуға болатын сый-сияпаттың бәрін алып жүреді де, үйінде оларды іске алғысыз етіп жамандап отырады. Ондай бишараларды билік атаулының көбі түстеп танып алады да, керек кезінде айтақтап-айтақтап, еліртіп, есіртіп қояды. «Мемлекетке екі миллион теңге зиян келтіргені үшін» (соттың үкімінде айтылғандай) жеті жылға түрмеге жабылған сенің соңыңнан жұлқына ғайбаттап: «Оның басқа да қылмыстары бар! Тағы тексеріп, қосымша тағы соттау керек!» деп көкіп жүргендер – айтаққа ергіштер. Олар мемлекетке миллиардтаған теңге зиян келтіргендердің шартты жазамен үйлерінде еркін жүргендерін көрсе де көрмегендей болады, себебі қожайындары олай қарай айтақтаған жоқ. Халықтың қазынасын талапайға салып,

Швейцарияның, басқа да шет елдердің банктеріне ұрлық ақшаны миллиондаған долларлап тығып тастағандардың кімдер екенін жатқа білсе де, жақтарын ашпайды. Қазақстанға қара таңба болған «Қазақгейттің» де мән-жайын өзінің өмірбаянынан артық білсе де, ол туралы да ләм демейді. Парламентте, министрлікте, тағы басқа тақта отырса да. Өйтетіні – олардың тағы «жағымпаздық» деп аталатын микробтардан жасалған. Жағымпаздыққа ешқашан ем қонған емес.

Ілкіде құлаққағыс еткенімдей, жалпы семейлік азаматтар сені әсте күстәналамайды, жақсылықтарыңды көптеп айтады. Павлодарлықтардың да сені кіршіксіз құрметтейтінін көріп те, естіп те жүрмін. Азаматқа керегі -жұршылықтың мейірімі, қошеметі.

Мен биліктің қасы да, досы да емеспін. Маған әрқашан тек ақиқат қажет. Сенің соншама сотты болардай жазығың жоғына менің де көзім жеткен. Оны айттым да, жаздым да. Былтыр өзіңе хат та жолдағанмын (жетпеген шығар, түрме жеткізбейді ғой). Енді осы гәзет арқылы айтарым: Құрметті Інім, «аққа құдай жақ» деген сөз бекер емес шығар, сені босатуды, ақтауды жақтаушы көпшіліктің талап-тілектерін естір сау құлақ табылар, біз керендер патшалығының тұрғындары емеспіз!

Саған көрінеу қиянат жасалғаны халықаралық жұршылыққа да мәлім болғанын, биік мәртебелі орындар мен ұйымдардың, арлы азаматтардың өзіңе арашашы болып жатқанын жақсы білесің. Ендеше, Қазақстанның ат-атағын, «малым – жанымның садағасы; жаным – арымның садағасы» деген қазақ халқының абыройын ардақ тұтар басшы табылса, сен отбасына аман-есен оралар күн алыс емес деп білем!

«Сабыр түбі – сары алтын». Жігеріңді жани түс, Інім!

(«Сөз» гәзеті. 15. 03. 2004-жыл.)

### **3. Құрметті ҒАЛЫМЖАН!**

ҚАЗЕКЕМ АЙТПАДЫ МА...

#### **1. «...Жер нені көтермейді, ер нені көрмейді» деп.**

Жігіт ағасы жасына жеткен бүгінге дейін көргеніңнің сан алуан екенін білемін. Сүйінішің де, күйінішің де болды. Десем де, шуақты күніңнің түнеріңкі күніңнен әлдеқайда көп екеніне шүкіршілік ететін шығарсың. Бірақ қапияда қиянатқа ұшырап, жеті жыл бас еркіңнен айрылу... оны да көріп, көніп жүрсің. «Қолынан келіп, қонышынан басқанға» тап болған азамат ол үшін тағдырына іштей налыса да,

ақылын қинап ашынбайтын. Қонышынан басқыштардың, әлбетте, қонышы тозып таусылып, табаны тілініп, сирағы сынатынын күтетін. Күтпеске не шара?! «Тағдыр етсе алла, не көрмейді пәндә» (Абай).

## **2. «Жүйріктің түбін берік алар» деп.**

Мән-мағнасын алай да түсінуге болатын, былай да түсінуге болатын бұл сөзді сенің жағдайыңа сайдырсам: сенің беріктігіңді көріп-біліп жүрген «күштілер» сенен көзбе-көз де, сырттай да ығатын, қаймығатын, сенен қалайда құтылуды көксейтін, сөйтіп, сенен ұпай қайтарудың, сені мұқатудың жолын жанталаса іздеп, ақырында тапты, сенің алдынды орап, өздерінше сенен озды, бірақ олар сенен озған жоқ, себебі олар – жүйріктер емес, озбырлар, тызылдақтар. Беріктің алдын бір орап өтуін өткенмен, екінші орамағында тызылдақтардың талайы омақасып, мойыны үзіліп қалып қойған.

**3. «Азаматтың бір ажары—кеңдігі. Кең болсаң—кем болмайсың» деп.**

Әділетсіздіктің жерошағын әзәзіл қазады екен де, оған адал мен әділді қайтсе түсіруді сайтан-албасты-ібілістермен кеңеседі екен. Солардың жабыла қазған жерошағына бірінші сүрінген де, соңғы сүрінген де сен емессің. Бұл өмір шіркінде жақсылық бір қайталанса, жаманшылық екі қайталаанады емес пе?! Тірлік тарынса да, сен тарынба, кең бола біл!

## **4. «Сабыр түбі—сары алтын» деп.**

Сен екі миллион теңгені үкіметтің бір қалтасынан алып, екінші қалта-сына салыпсың. Соның қылмыс делінді. Ал үкіметтің сан миллиондаған, миллиардтаған теңгесі мен долларын өз қалтасына, өздерінікінің қалталарына тықпалағандар қазақ жеріне жұмақ әкеліп орнатқандай олай-былай ойқастап, одыраңдап, омыраулап, жоқ мұрттарын ширатып, ұрттары майға шылқып жүр. Олардың өздерінің де, жандайшаптарының да сиықтарына қарасам, байғұстарға жаным ашиды кейде. Шын айтам. Әнеу біреулері сені жазықсыздан жазықты еткендерін өздерінше ерлік санай ма, бүкіл елді бір апаттан сақтап қалғандай қоқиланып, масайрап жүр. Әнеу біреулері ақиқаттан атап кеткен арсыздықтарын әлде білмей ме, әлде білгілері келмей ме, әйтеуір, сенің аты-жөніңді естігенде көкке қарап, кердең-кердең етеді. Әнеу біреулері сені сыртыңнан әлі күнге ғайбаттап, көзі булана шешенсіп сөйлеуге әуес, сірә, «көсемдерінің» табақтарындағы тары



таусылып қалмаса екен деп тыраштануға әбден төселіп алған болар. Бәрі де: – Бізде демократия дамып келеді; бізде заң құрметтелуде, заңның жүзеге асырылуында мін жоқ; бізде әділеттілік бар; бізде адам құқын аяқасты ету болған емес; біздің сот – ең әділ сот... – дейді. Бәзбаяғы «Дейді екендер дейді екен» (Асқар Токмағамбетов). Десін. Дей берсін, – рухани бишаралықтың сиқы ғой... Ал сен абыржыма.

Кімнің кім екенін халық жақсы біледі қашанда. Халқың сенің отбасыңа амандық, өзіңе мықты денсаулық тілеп, «Аққа құдай жақ» деп, әділеттілік әмір жүргізер сәтті күтулі.

Қажыма, Інім! Қайраттана түс!

(«Жұма-таймс». 26. 09. 2004 ж.)

#### 4. ДЕНСАУЛЫҚТЫ ОЙЛАЛЫҚ

##### **Қадірлі інім ҒАЛЫМЖАН!**

Ақиқатқа кереғар ауыртпалыққа тап болған алғашқы күніңнен бері нендей жағдайда күн кешуіңді мүмкіндігінше қадағалап біліп жүрген ағаларыңның бірімін. Өзің туралы әңгіме бола қалған жерлерде жазықсыз екеніңді анықтап айтып, түсіндіріп, қаламым жеткендерге жазып келемін. Халықтың ортасында болуым сирек емес, екі-үш облысқа оны-мұны себептермен жылына бірер рет жолым түседі, ал басқа жақтардағы жолдас-жоралармен жиі хабарласып тұрамын. Көпшілік сенің қиянаттан тезірек есен-сау құтылуыңа тілектес. Оны өзің естіп те, оқып та жүрген шығарсың. Көп тілегі құп болатын күн жақындай түссе екен деуліміз! «Сабыр түбі – сары алтын» бекер айтылмаған, бұған өзің де, біз де сенелік те, тағдыр ісін ой таразымыздан өткізген сайын оңдысына сүйінелік, терісіне күйінбелік. Терістің де себеп-салдары бар қашанда, оны жасаған кісілердің сана-сезім кемшіліктеріне ашынбай, іштей кеңшілікпен қарайық. Қатыгездікке қарсы күрес қаруымыз ашу-ыза болмағаны, ақылды әрекет болғаны керек. Біреуге қиянат жасаған кісі өзінше бір ұпай артық алдым деп ойлар, бірақ ол шын мәнінде ақылының бір мысқалынан айырылады. О баста толық болмаған ақыл солайша кеми береді. Алайда, амал не, заманның бетіне қарай, сондайлардың әтештері мезгілсіз де ұзақ шақырып, төңірегін мезі етуде. Десем де, «әтешсіз де таң атады» ғой, мезгілсіз қышқыра бергеннің мойыны бір күні жұлынатын. Ауыл баласымыз, оны жақсы білеміз. Ендеше, «әтештерді» емес,

«бірінші байлық – денсаулықты» ойлаңқырап жүрелік. Одан арыда әрқайсысымыздың іс-қимылымыз өзіндік жолын, өрісін таба жатады. Әрқашанғысынша.

Облыстарда болғанда Өскеменге бара қалысымен Қадеспен хабарласамын. Ол екеуіміз бір ауылда, бір аулада өскенбіз. Неше күшіктің ауызын жалағанымызды, неше мысықтың құйрығын бұрағанымызды, неше тауықтан «анализ алғанымызды» кім білсін, әйтеуір, әрбір күнді «қауырт жұмыспен» өткізетінбіз. Мәре-сәре болып құшақтасып та, әкеден қайырып «есептесіп» те қалатынбыз. «Ортақ жауға» бірлесіп ұмтылатынбыз да, бірімізге біріміз қарсы қол жинап қоқыраятынбыз да. Қайран балалық шақ! Кек сақтау сияқты рухани кемтарлықтан сау-сәлемет асыл шақ!

Кейбір жылдары қызмет бабымен біріміз ойда, біріміз қырда жүрсек те, Өскеменнің дәмі тартқан күндері мен Қадесті іздеп, сондағы жолдастардан сұрастырып, кейде ойда жоқта көшеде жолығысып та қаламыз. Әрине, жолыққанда бала-шағаның есен-саулығын білуден кейін сонау бір қымбат кездердегі «ерліктерімізді» еске аламыз. Ұлан аймағы, Тарғын төңірегі, мектептер, редакциялар... Соның бәрін тағы бір рет, бір емес-ау, талай аралайтын күндеріміз алда. Ұзақ күттірмес, иншалла. Сол күндерде: сендер, жастар, құр дөненді құлағынан ұстап тұқыртып мінер қайратты қалыптарыңда қауышыңдар, ал біз, шалдар, сендерге сүйіне карап, шүкіршілік етіп, езуімізді еркіне жіберіп жүретін болайық!

Мына бір «сіп-сібежи» кітабымды жолдадым, ішінде басты изеуге ме, шайқауға ма, әйтеуір, кәдеге жарайтын бірдеңелер бар сияқты көрінеді маған, сірә, иесі болғандығымнан-ау деймін...

Жалпы өзіңе бұл күндері кімдердің кітаптары керек: әдеби, тарихи, саяси, философия... дегендей, жазып жіберерсің, қарастырайын.

Есен-сау бол, Інім!

*(«Қазақстан». 14. 12. 2004 ж.)*

## 5. ЕРТЕҢГІ ІСТЕРІҢ ҚЫРУАР

### **Қадірлі ҒАЛЫМЖАН!**

Өзім бара алмай, өзгелер арқылы сәлем айтып жүрген жайым бар, рен-жімегін. Хал-ахуалыңды сұрастырып біліп жүремін, қолымнан басқа келер жоқ. Аман-есендігіңе тілектеспін әрқашан!

Бұл жақтағы жаңалық атаулы там-тұмдап жетіп жататын шығар,

барып-қайтушылар айтар да. Олардың әңгімелеріне мен не алып-қоса қояйын. Десем де, бірер сөзім бар.

Кітаптарыңды оқыдым. Мақала-сұхбаттарың да назарымда болады. Ал кітаптың жөні бір бөлек деп түйем де: «Ғалымжан мақала-сұхбатты әзірше қоя тұрсашы! Бетбақтырмай жүрген берекесіздерді испандықтардың қызыл шүберек көрген бұқаларынша жындандыра түспей ме?» деп ойлаймын. Шынында ондағы өзің, мұндағы басқалар туралы пікір-толғамдарыңды жазып, жинай берсең, күні ертең бостандықта кітап етіп шығарасың ғой. Бүгінде түзу сөзді ұғар «мықты» немелер «дефицит» болып тұр, өздерінен өзгерлердің қарасын да «қара», ағын да «қара» деп қасарысқаннан, егескеннен, ерегескеннен басқаны білмейді, білгілері келмейді де. Соларды қоздыра бермеу керек пе... әйтеуір, сенің жағдайың сәл-пәл болса да жеңілдей түссе деймін ғой. Күресу керек, әрине, онысыз болмайды, бірақ сенің мүмкіндігің шектеулі және қарсыластарыңда сол мүмкіндігіңді шектеген үстіне шектей берер қара күш көп. Мені қынжылтатын, мазалайтын – осы мәселе. Сондай-ақ, сенің күш-жігеріңді еселеуге тиістілер бостандықта болып та мардымды ештеңе тындыра алмай жүргенге ұқсайды. Бұл пікіріммен өз арымның алдында, сенің алдында кінәлі болсам, кешірім өтіне отырып айтайын, меніңше, олар қауқиып-қауқиып жәй жүрген тәрізді. ҚДТ-ның жер-жердегі ұйымдарының көпшілігі бұлардан нақты қолдау таба алмады, не моральдік, не материалдық тұрғыда көмек көре алмады. Құрылтай, т. б. жиналыс алдында ғана: «Не істеп жатырсыңдар?.. Биліктен қорықпаңдар!..» деген сияқты арзан ақылсымақ қана естиді. Аралау, халықпен түсінісе әңгімелесу деген аса қажет әрекеттері аз. Нақты не айтып, не қойғандарын білмегендіктен партияның сот арқылы жабылып қалуына өздері ілгешек тауып бергендері анау!.. Міне, осындай жағдайда, қадірлі Інім, ізіңмен жүруге жарамағандарды да, әрбір сөзіңді аңдушыларды да әдейі ұмытып, ертеңгі атқарар істеріңе іштей дайындығыңды күшейте берсең, сол тиімді болады-ау деп білем.

«Нағыз Ақ жолдың» құрылтайына да қатыстым, сөйледім: «Бөлінгенді бөрі жейді» деген, бұған «Бөрі бөліп-бөліп жейді», дегенді қосыңдар да, бөрінің өздеріңді бөліп-бөліп жеуіне мүмкіндік бермендер! – дедім. Бұл тілектің орындалар-орындалмасы беймәлім.

Неге екенін қайдан білейін, осынау серкелердің арасынан

Серікболсын ғана сенімді сияқтанады маған. Бірақ, шындық керек қой, оның партиясы күннен күнге сирей түсер қарт мүшелерімен бірге әлсірей бере ме деп қауіп ойлаймын. Жас күш қосыла қояр ма?..

Алтынбек пен Болат беттерінен қайтпас, басқаларын білінкіремеймін.

Ал өз жайыма оралсам: біздің әдебиет ауылымыз да Алматының Көкбазарындай тірлікте. Өз ауламыздан шығуымыз, төңірекке көз жіберуіміз, оң мен терісті бажайлауымыз мәз емес. Бірер кітабы шыққаннан бірін бірі не мақтап, не даттап дағдыланғандардан қоғамның күнделікті шаруасына жіті көңіл бөлуді, сүйінішті-күйінішті жәйттерге араласуды күту қиын. Көбінің алақаны қышып, жоғарғы жақтан тиын-сиын түсуін тосады; омыраулары қышып, жоғарғы жақтан ордін-сөрдін беріп жіберілуін күтеді. «Жазушылар одағы» деп аталатын ортақ үйімізде отыз жыл жүрдім ғой, егер «бөріктің намысы бір» дегенді құрбан етсем, қаламдастарымның тірліктерінен «Он екі орындық» пен «Алтын баспақ» тәрізді біраз хикаят жазуға болар-ақ еді, тек ондайға бармаспын, «су ішкен құдығыма түкіруге» құқым жоқ. Басқа кейіпкерлер де жеткілікті, бірақ, «цензура жойылған» бүгінгі заманымызда атау-ахиретсіз цензура өте күшті, гәзет-жорналдарымыздың бәрі дерлік анау «мықтыларды» мытқылайтын өткір күлкіден ат-тондарын ала қашады. Түсініп көргін, кәне!..

Сонымен, оны-мұны ұсақ-түйекке «күліп» жүріп жатырмыз. Мені кейбіреулер: «Жасы жетпіске толады екен!» деп біраз қауесеттеп еді, соның ақыры шын болып, 70-тің желкесіне шықтым.

Мынау жаңа кітабымды өзіңе жолдадым.

Осымен сөзім әзірше тәмәм бола тұрсын.

Жаймашуақ күндері жайлы орындарда жүздесіп жүрер мезгілдің тезірек келуіне тілектеспін!

*(«Қазақстан». 05. 05. 2005 ж.)*

## 6. БЕРЕКЕ КЕТТІ-АҚ...

### **Қадірлі Інім ҒАЛЫМЖАН!**

Бұл жақта біздің пыш-пышымыз, сыбыр-жыбырымыз көбейіп, күннен күнге берекесізденіп барамыз. Тістілер мен тырнақтылардың «армиясы» шабуылды күшейтіп, шекара дегенді ескеруді қойды. Ойларына келген былапыт сөзді еселеп көйгітіп, қолдарынан келген

кесапатты еселеп істеп жүр. «Хан» базарында ар-ұят арзан, қулық-сұмдық қымбат. Инабатты ит жеп, көргенсіздік көкке өрмелеген заман. Биліктің асырауындағы бұқаралық ақпарат құралдары Қазақстанда «қой үстіне бозторғай жұмыртқалап», есік-терезелеріміз алтынмен зерленіп жатқанын айтып, бетпақтануда бәйге алып мез. «Ханның» көңілін көншітуден өзге армандары жоқ. Ал біздің «серкелер» болса, Серікболсыннан басқасы, егер «хан» тағының о жақ, бұ жағынан бос орын болып, «Келе ғой!» деп шақырар «ие» шықса, әй, бас тартпасау! Істе де, сөзде де өзара іштей арбасып, сырттай жарасып жүр. Ермұраттың елу жылдығында сол «қасиеттерін» тағы аңғардым. Олар бүгінде менен аулақ жүретін болды, жиындарына шақыруды қойды. Е, мен де қайте қояйын соларды, «саусақша ербимендерші, жұдырыққа жұмылыңдаршы!» деуден жалықтым, қойдым. Қате ойлап қалсам, құдай кешірсін, анау «Байсақовтар ісінде» осылар (Төленнен басқа екеуі) билікпен ымыраласпады ма екен? Биліктің түпкі нысанасы – Төлен екеуінді қалайда тұту – осылар арқылы белгіленбеді ме екен? Сөзге бай Болатқа да, майлы тоқаштай Асылбекке де, қабағының ашық-жабығын білу қиын Жармаханға да сене бермеймін!.. Әп дегенде саған сілтеме жасағандарынан сескендім. Анау елге хатты сенің әсеріңмен жазған сияқтанды. Екеуі де. Ал үшінші – Әміржан хатқа біресе «қол қойған», біресе «қол қоймаған» болып, ақырында шеттеп тынды...

Ендігі айтарым: Бұл жаққа жолай көрме! Егер қайтадан тұтылар болсаң, – бұларға кімді болсын тұту түкіргеннен де оңай, – «көсем» сенен «құтылмай» қоймайды. Құдай сақтасын! «Сақтансаң – сақтаймын» деген ғой. Содан кейін қазакемде: «Әсіре қайрат жанға қас» деген қанатты сөз бар. Ендігі қайсарлығың, жүректілігің өзіңе қарсы жұмсалуды мүмкін. Бұлар ештеңеден тайынбас. Сайқалдыққа әбден жаттығып алды. Яғни, Тұманды Альбион деуші ме еді, әйтеуір, алыс кетіп, баспаналай тұру дұрыс тәрізді. Заманбек-Алтынбектерді жұтқан жалмауыздарға сенуге болмайды!

Баяғы хикаяның толықтырылған жана түрін және дұрыстау шықпаған кітабымды жолдадым.

Өзіңе, отбасыңа Алладан медет, шапағат тілеймін!

(«Жұма-таймс». 10. 03. 2009 ж.)

## 7. САҚТАН, АБАЙЛА!

### **Қадірлі інім ҒАЛЫМЖАН!**

Денсаулығың дұрысталды ма, жағдайың жөн бе?

Біз өзің көргендейміз. Жігіттеріміз бытықы-шытықы, ары тарт та бері тарт қалпында. Басқалар баяғыларыңша бейбастақ. Ауа райы жақсарар емес. Өзім шимайымды жалғастырып жүрмін. Тасты жарған гүлімізді энеу бір байғұстың қолымен жұлып тынды «көсемдер» мен көсеулер. Ендігі әңгіменің бәрі Вена вальсі туралы болып тұр, оның қашан, қалай бітерін кім білсін. «Әншілер» мен «бишілер» көбейіп, басты айналдырып, миды ашытып әлек. Бірін бірі алдап, арбап, қамап, күштінің бір жері диірмен тартуда. Бұл диірменнің тасы сынып, адыра қалса екен деп біз жүрміз.

Қабаған иті көп ауылда тыныштық, береке болушы ма еді, аяқты абайлап басуға мәжбүрміз. Біздің ауылға келер ойың болса, сақтан. Азуы ырсиған иттердің бірі балағыңа жармаса кетуі мүмкін. Сондай албастысын арсылдатып ұстап отырғандар жеткілікті. Итпен әуестенгендердің көбі итке айналып кетеді емес пе?! Солардан сақтан, абайла.

Жазар жаналық та, жақсылық та қалмады ма, қалай...

Есен-саушылығыңа тілектестес ағаң.

*(06. 06. 2009. «Қазақстан».)*

## 8. ЖАСЫРЫН ҚАРАП, ӨТІРІК КҮЛІП

### **ҒАЛЫМЖАН ІНІМ!**

Есен-саушылықтарыңа тілектес ағайындарың дұғай сәлем жолдап отырмыз! Одан басқаны Елші інім айтып берер. Өз басым жеріміздің сипатынан жаңылмасам да, құдай кешірсін, – еліміздің сипатынан жаңылып жүрмін: қай ғасыр, қай дәуір, қай құрылыс... әйтеуір, демократияның құр елес екенін көріп жүргенімді білемін.

Жеріміздің сипаты... ай, бұл жарықтық та, жалған намысты малданып қайтейін, шырайынан да, шұрайынан да айырылып барады-ау... анау бұрышында «өзі сары, көзі көктер»; мынау бұрышында олармен «жылап көрістірер қаралар», сонау бұрышында «елу бірдеңе штаттылар», одан соң кулықты іште оқып туғандар, егеукүйрықтістілер... бәрі де ойқастап, ойнақтап, шаңдатып жүр, ал соларға бір күні аңыра, бір күні шошына қарай-қарай қазекеннің

мойыномыртқа майы таусылуға айналды. Оның үстіне өзіміздің «жүгірмек серкелер» бірінен бірі тығылатын, бірін бірі аңдитын ойын шығарып әлек, сөздері сұп-сұйық, істері қиық-қиық. Көпті ұйыта алмаса да, іріте алып жүр. Жұртшылық оларға сенуді қойды.

Анау болса, табанын жалағыштары оның екі қолына төрт шокпар ұстатып қойды. Үйіндегі мысығы да, ауласындағы иті де – заңнан тыс деген заң-қаулымен қорғалып жатыр.

Енді не болады? Мұхиттың арғы жағындағы «Қара жігіт», бергі жағындағы қытекендердің Көкесі... не десіп жүр? Олармен кездескен, бәрін де түсіндірген кім бар? Сонаугейт сиырқұйымшаққа айналды ма?

Өзің атыңның басын бұл жаққа әзірше бұрмағын. Меңдуана жегендерге сенуге болмайды!

Сонымен, біз сансыз сұрақтан қатар-қатар күрке жасап, бірімізге біріміз жасырына қарасып, көре қалғанда өтірік күлісіп жүрміз.

*Қай заман мына заман—іңір заман,  
Есерге—май; естіге—сіңір заман.  
Болып тұр жазы шолақ, қысы шұнақ,  
Үсітер санаңды да... түрі жаман.  
Қай заман мына заман—сығыр заман,  
Сайқалдан ел-жұрт мезі-ығыр заман.  
Айқайы албастының Айға жетіп,  
Періште демікпе боп сыбырлаған.  
Хакім жоқ ел басында, бақалшы бар:  
Пейілі арамға – кең, адалға – тар.  
Тексізге, алаяққа дізгін беріп,  
Алданып Алла-дағы қалған шығар.  
Сайрайды жезөкшедей сайқалданып,  
Қалады сырын білмес адам нанып.  
Ойы өзге, сөзі өзге, ісі өзге—  
Үшбетті жың екені айдан анық.  
Долларды күреп алды, теңдеп алды,  
Шетелдік банктерге тығып салды.  
Бар онда отыз өңеш, қырық асқазан.  
Құдай-ау, неге бердің бұл тажалды?!.*

Жә, түрілмейтін түнек жоқ, құрғамайтын батпақ жоқ, – сәті біледі.

Сол сәтті келтіретін Азаматтар, аман болыңдар!

Қадірлі Інім, тілектес, қамқор көңіліңе мың да бір рахмет!  
Қарындасым-қызым Қарлығашқа, сырттай таныс қандастарымызға  
көп-көп сәлем!

*(«Қазақстан». 20. 06. 2010 ж.)*

## 9. ИНШАЛЛА ОЛ СӘТ КЕЛЕР!

**ҒАЛЫМЖАН**, есен-саушылық хабарыңды естіп, көңілім тоғайды. Әрқашан жақсылығыңа тілектеспін! Біз «ғажап той» жағдайындамыз, айтар жоқ. Әзірше бір айтарым: менің жолдаған кітаптарымды өз қаржыңа шығарамын деме, оныңа келісім бермеймін! Ол жақтағы баспагерлер шығарса, өздері сонда таратып, жұмсаған шығындарын өндіріп алса, сол жолмен бұл жақта бір жазушылары – Ғаббас Қабышұлы деген қазақты, оның шығармашылық қауқарының қаншалықты екенін біле жүрсе деген ғана мақсатым бар. Қаламақы табу деген пайдакүнемдік ойым жоқ, құдай ондай есепшіліктен әлі де сақтасын мені! Журналдарына мақалаларымды ұсынған себебім де сол: Әнуар Әлімжанов, Заманбек Нұрқаділев, Алтынбек Сәрсенбайұлы және басқа жазылған ағайындарының өмірлерінен, қайраткерлік қызметтерінен, тағдырларынан мағлұмат алса екен дедім. Журналдардан да бір тиын қаламақы тілемеймін, егер баспаға, редакцияға қаржылық-заңдылық үшін қажет десе, қолхат жазып жіберейін.

Бізде оншама жаңалық жоқ. Тау-тасымызды қына басып, орман-тоғайымызды өрт шалып, өзен-көлдеріміз батпақтанып, өрісіміз тарылып барады. Жайлауымыз жын-ойнаққа, қыстауымыз мұзға айналып, даламыз қорқау-құзғындарға толды. «Енді қайттік?!» деген жанайқай сұрақты Құдайға жеткізе алмай жүрміз.

«Асқанға – тосқан!» деген бабалар сөзі ғана медет бізге. Иншалла, ол сәт келер!

Ағайындарға дұғай сәлем!

*(«Қазақстан». 04. 07. 2010.)*



## Қарлығаш ҚАДЕСҚЫЗЫНА

### 1. ЖАҒЫМПАЗДЫҚ – ЕМ ҚОНУЫ ҚИЫН ДЕРТ

#### Қадірлі ҚАРЛЫҒАШ!

Осы гәзеттен: “Менің күйеуім қылмыскер емес!” деген жанайқай сұхбатынды оқыдым да, Қарлығаш қарағым, өмірдің өткелдерінде көрген кейбір жәйітті назарыңа ұсынуды жөн көрдім. Сен есті сөзіңе құлақ қояр шенеунік таба алмағаныңа налыпсың. Ғалымжанның денсаулығына ара түскен дәрігерді ақымақ дескен мылқау “мықтыларға” таңданыпсың. Ал мен ондайларға таңданбайтын болғанмын, олардың жаратылысын түсінгенмін. Олар – құдай атқан жағымпаздар! Жүрегінде жігер жоқтың басында ерік болмайды, өзінен бір елі жоғарыға жалтақтап, соның қыбын табуға, соның көзіне түсуге, содан бір ауыз болса да мақтау естуге тыраштана жанталасады. “Күштілерім сөз айтса, бас изеймін шыбындап” (Абай) деген күнкөріс. Олар ақты “ақ” дей алмайды. Күштісінен майлы жілік алу үшін, мадақ пен шен алу үшін қашан қайда болсын ақты да қара етіп шығаруға тілін де, жанын да жалдайды. Иесінің бұрыс сөзін басқаның дұрыс сөзіне бермейді. Тіпті бар-ау, күштісі: – Сен анау ақты қараға айналдыр! – демесе де, ол айналдыруға күшеніп тұрып кіріседі, себебі ол “қызметі”, әйтеуір, біреу арқылы күштісінің құлағына жететінінен үміттенеді, ал күштісі естігенде: – Әй, сен мықты болдың ғой! – дейді. Оған соны есту – “асыл арман”! Марқайып, тоғайып, қоқиланып әлектенеді. Абай атамыз айтқандай: “... батыр десін, қу десін, пысық десін”, әрнешік не түрлі болса да “десін” деп азаптанып жүріп “демесінді” ұмытып кетеді”. Занды да, адамгершілікті де, ақиқатты да қоса ұмытады. Түсінде қолтығындағы портфелінің қалыңдағанын, астындағы креслосының биіктегенін көреді. Ол сорлы – жердегі “құдайының” құлы. “Құдайы” ертең түшкіріп қалуы мүмкін, сондықтан бүгін “жәрәкімалда!” деп қоюы керек. “Құдайы” кездесе қалса, оның табанына тілін төсеуі керек. “Құдайына” біреу: “Ей, сен!” – дей қалса, оның жағасына жармаса кетуі керек. “Құдайы”: – Әй, маған әкеңнің шашын әкеліп бер! – десе, ол әкесінің басын апарып береді. Комсомол, партия, баспасөз жүйесінде қырық жыл ресми қызмет істегенімде ондай рухани сорлылардың сан-сапалағын көргенмін. Сонау жылдарда “халық жауы” өргін үсті-үстіне өршіткен, “көсемдерінен” шен-шекпен алу үшін өзінің ағайындарын, ауылын ойрандағандар да – солардай жағымпаздар.

Жағымпаздық жас та талғамайды, лауазым да талғамайды. Өзінен білегі жуан солдаттың табанын жарамсақ генерал да жалайды, өзінен білегі жуан наданның табанын жарамсақ академик те жалайды.

Қоғамның кесел-кесапаты – немқұрайдылық дертіне шалдыққандар, деген бір пікір бар. Меніңше, ол оншама жөн емес, немқұрайды шіркін көп ретте қай істен болсын шет қала берер, “менсіз де жетіп жатыр ғой!” дер. Керек еткендер олардың бойкүйездігін қозғап, қыздырып, өзіне жақтас етіп алар. Әйткенмен, немқұрайдылық – дауасы табылатын сырқат. Ал ем қонуы екіталай дерт – жағымпаздық! Қоғамның нағыз кесел-кесапаты – жағымпаздар. Олар қоғамды бүлдіреді, ірітеді. Оған қай халықтың болсын арғы-бергі тарихында мысал көп.

Демек, қарағым Қарлығаш, сендер жағымпаз тобырлардың қоршауына тап болдыңдар. Сендердің (сендердің ғана ма, ақ тілеулі көпшіліктің де!) заңды талап-тілектеріңді естімей жүрген сот та, прокурор да, министр де, басқасы да жағымпаздықтың батпағында малшынып отыр. Мұндайда күйректікке ұрынбағын. Әділетсіздікке қарсы күрес байыпты, байсалды табандылықты тілейді. Етжүректеріңді тасжүректерге жем етіп алмаңдар. Бүгінгі қоғамды қонышымен басып тұрған бітеу кара күш ертең құриды! Адалдық, әділдік женеді! Мерейлерің үстем болады!

Отбастарыңа амандық тілеймін!

*(«Қазақстан» гәзеті. 27. 10. 2002 ж.)*

## 2. ӘДІЛДІКТЕН КҮДЕР ҮЗБЕЛІК!

### **Қарағым ҚАРЛЫҒАШ!**

Шетелдік Елшілер үйін қоршалағандардың көпшілігі болған студентсымақтар мендуана жегендей алақтап, ыржалаңдап: «Жакиянов – враг народа!» деген айбақ-сайбақ жазуы бар плакаттарын күшене көтеріп, ал бордақыланған шошқадай әлдебір бұйрабас орыспен бұжырбет қазақ ол байғұстарға өздерінше жігер бере одырандап сөйлеп шалабүлініп, оларға кірқожалақ қалпақты, асай-мүсейлі қайдағы-жайдағы батаоқыр біреулер жұлқына қосылып, бәрі бөрінің бір жерінше шулап шұбырып жүргендерін, майор-полковник-генерал киімділердің бір шетте жырк-жырк күліп тұрғандарын алғаш көргенде: «Е-е, сонау 1937-жыл туралы кинофильм түсіріліп жатқан шығар» деп ойлап қалғанмын. Жок, біраздан соң түсіндім: кино түсіру

емес екен, кешегі әкім, бүгінгі саясаткер Ғалымжан Жақияновтың Ақ отауына қара балшық лақтыру басталған күн екен. Қатты сескендім. Сол 37-жылғыша жаужеттілеген тобыр, жаутапқыш томырық күш. Олардың дұзағына түссе, Ғалымжанның да түрмеге тап боларын, солақай сотталатынын ұқтым. Солай болып шықты ғой.

Осы гәзет арқылы өзіңе жолдаған бірінші хатымда жағымпаз шенеуніктер егер қожасы: «Өкеңнің шәшін әкеліп бер!» десе, басын апарып береді деп едім, өкініштісі сол, қателескен жоқпын. Екі көзі төбесіне біткен жағымпаз тергеуші: Тазаны «кір!» депті. Екі құлағы желкесіне біткен айыптаушы: Адалды «арам!» депті. Тілі таңдайына жабысқан куәлар: өтірікті «шын!» депті. Бір куә шенеунік-министр, аты-жөнін естіп едім, дәл қазір ұмытып отырмын: Жамауов па, Қырыққұрақов па, сондай бірдеңе, сол әуелде Ғалымжанның жазықсыз екенін ер адамша еңсесін тік ұстап тұрып айтып, ертеңінде ешкім шақырмай-ақ жетіп келіп: – Ойбай, маған айтты: «Аштан өлгің келмесе, сотқа қайта бар да, Жақияновты жаманда!» деді, иә, иә, Жақиянов – қылмыскер, ойбай, қылмыскер! Кеше мен ұйықтап тұрып сөйлеппін, бүгін, міне, сәпсім ояумын, айналайын сот-еке, менің ескі сөзімді өшіре көр, қазір айтатын жаңа сөзімді жазып ала көр! – деп, еденге етбеттеп жата кетіпті. Істі қарауға кіріскен күні-ақ жүрегі мен өкпе-бауырын қалтасына салып алған сот оның көзжасын да қалтасына құйып алып, Ғалымжанның жазықсыз екенін іші біле тұра: «Жақиянов – қылмыскер!» депті. Сот мырзаны күндіз-түні қақпалап өргізіп, жайып, қайырып әкеліп күйсетіп отырған «мықтылардың» көңілдері көншіп, ұйқылары әбден қаныпты... Әне, бәрінің шені өсті, шекпені жаңарды, креслосы биіктеді, портфелі қалыңдады, қалтасы қампайды. Адами адалдықты, әділеттілікті тірек етсе, ақиқатты серік етсе, оларға ондай «табыс» қайда?! «Сенікі -дұрыс!» деп үйренген: қатын-баласын, жора-жолдасын, ағайын-туғанын куанту қайда?!. «Сенікі – дұрыс емес!» дейтіндері болса, е, оларды көре жатады. Оған ең керегі – алақанын жалатушы әміршілерінің: «Тағы не жалағың келеді?» деп жымиғаны. Жағымпаздың құдайы – алақаны жемді жарылқаушысы.

Қарлығаш, сендер душар болған қара кедергінің бірі артта қалды, алда бірнешеуі тұр. Олардың есігі мен төріне кімдер ие екенін қазір болжап білу қиын. Егер анау жағымпаздардан да «тәжірибелі»

жылмақайлар ие болса, онда жаңбыр көктен жаумас, жердің астынан шапшып шығар.

Ғалымжанның, өзіңнің жағдайыңды баспасөзден біліп жүрдім (айтпақшы, энеубір тергеушісымақты «шыңғыртып тепкілеп тастапсың», ол албастының миы, әйтеуір, артынан шығып кеткен жоқ па? Бірақ, бар нәрсе шығар, жоқ нәрсе қайдан шықсын!).

Ғалымжанға тағылған айыптың қара судан қаймақ айырмақ, қара бұлттан қатық ұйытпақ сияқты сандалбай тыраш екенін Ғалымжанды қорғаушы заңгерлер тәуелсіз баспасөз бетіне жайып салған ресми құжаттардан оқыдым. Бірақ, айыптауға міндетті бишаралар шаңнан нокта, көбіктен құрық жасап, Ғалымжанды түрмеден шығармаудың әлду-дәлду дәлелдерін далақтап-жалақтап іздеп өліп-тірілді, «асыл армандарына» жетіп тынды.

Енді істің ақырын күт. Сабырмен, ақылмен күт. Әкешелеріңнің, Ғалымжаныңның, балаларыңның, туыстарыңның, дос-жолдастарыңның, көршілеріңнің алдында да, оңашада да жасыма, қарағым! Ақ отауларыңның түтінін түзу шығарудан жаңыла көрме! Ғалымжанға сәлем айт: сабырын ортайтып алмасын, қызбалыққа ұрынып жүрмесін!

Қазаққа Сұлтанмахмұттай ақиық ақынды, Қаныштай ғұламаны, басқа да аруақты дүлділдер мен бұлбұлдарды берген, әлі де беретін қасиетті Кереку жері кілең қара балшықтан жаралған жоқ, ақ балшығы, ақ құмы, ақ гүлі мол. Ар-ұяты кіршіксіз Азаматы көп. Ол Азаматтар да, өткен соттың сықпытынан хабардар басқа Адамдар да Ғалымжан екеуіңнің отбастарыңа оралар жақсылықты сенімен бірге күтеді деп білем. Күн Шығыстан шығатын жолынан жаңылмақ емес!

*(«Қазақстан». 11. 11. 2002 ж.)*

### 3. «ЖОЛЫҢ БОЛСЫН!»! ДЕЙМІН-АУ...

#### **ҚАРЛЫҒАШ қарағым!**

Ғалымжан шырғалаңға тап болып, күйіне күн кешіп жүрген кезінде менің де қолымнан осы гәзет арқылы ақ тілегімді білдіру ғана келді ғой. Құдайдан да қорықпай, “...қоныштарынан басып” жүргендерге дауа жоқ екен, қара қылды қақ жаруға міндетті сотты да мінгірлетіп, мүлгітіп, сорлатып, жұртшылықтың игі тілегін аяқасты етті, қайтейік...

Әу баста іздеген әділеттілікті әлі де аңсап, алдағы сайлауда мәжіліс депутаттығына кандидатуранды ұсынып, тәуекелге бел байлағаныңды, ол жолдағы мақсатыңды естіп, екідай күй кешулімін. Біріншісі: депутат болу, халыққа қалтқысыз қызмет ету, адалдық пен әділдік үшін күресу қажет. Қуана құптадым. “Халқым!” деп, қорғанбай, жасқанбай, шыбындамай, қыңыр-күштінің жұлығын жаламай тура сөйлейтін депутат аз. Сол аздың алдағы уақытта өзіндей өжет жандармен көбейгені керек-ақ! Екіншісі: «сайлауда мәселені дауыс беріп, бюллетень салғандар шешпейді, сол бюллетеньдерді санағандар шешеді», деген сөз бар. Дұрысы: “санағандар” емес, са-на-та-тын-дар шешеді. Қашанда солай. Менің де көзім жеткен. Парламенттің өткен жолғы сайлауы қарсаңында кандидат, озық ойлы, орақ тілді журналшы-жазушы Бигелді Ғабдуллинге (“XXI век” гәзетінің Бас редакторы) тілекші болып, Балқаш ауданын аралағанда. Жер-жердегі билікшілдердің көбі жұртты оппозициямен қорқытып-үркітіп қояды екен. Балдырған шағымызда уақтылы ұйықтай қоймасақ, әжеміз: – Тез ұйықта, әйтпесе орыс келеді, бабай келеді, алып кетеді! – дейтін. Әлгі билікшілдер де солай: – Оппозицияға сенбеңдер, олар алаяқ, опасыз, өкіметті басып алуды көксейді! Ойбай, олар билікке ие болса, Қазақстан құриды! – дегендей өсек таратады. Оның бәрін өзін де естіп, көріп жүрсін, несін айта берейін. Ал сол естігенің мен көргенің сенің де алдына ор болып қазылып, тасқамал болып тұрып, ақ жолыңа қара бояу болып жағылып, жүйкеңді тоздыра түседі-ау деп шошимын. Бюллетеньді санайтындар бұл жолы да әлгі са-на-та-тын-дар-дың жемі боп кетер. Са-на-та-тын-дар халықтың еркін, яғни демократияны апта сайын ауыстыратын шұлығындай көріп жүрген жоқ па?! Менің бұл пікірім қате болғай-ақ! Сайлау әділ өткей! Сөйтіп, Қарлығаш қалқам, сен депутат болып шықсаң екен! Ондай күн туса, мен бюллетеньді са-на-та-тын-дар-дан осы гәзет бетінде (егер “мықтылар” оған дейін бұл гәзетті де ухиттап-сухиттап жауып тастап жүрмесе) кешірім сұрауға әзірмін!

Айың оңыңнан тусын!

Жаңа жыл отбастарыңа мол қуаныш ала келсін!

(«Қазақстан». 14. 12. 2002 ж.)

4. ӨЛЕҢ ОҚЫП ОТЫР ЕДІМ...  
немесе «Қайдағы Құсайынов?!»

**Қарағым ҚАРЛЫҒАШ!**

Әу баста Әзіл-сықақ ауылының мектебінде қара таныған қазақпын ғой, сайқымазақ әңгіме-өлең оқығанды әлі күнге дейін жақсы көремін. Гәзет-жорнал атаулыны қолыма алғанда көзіме бірден соңғы беттерін тосып (әзіл-сықақты «шығаберіске» қойып үйретті емес пе!), мысқыл-оспақтарын іздеймін. Кітаптарға да жиі үңілемін. Қай күні сол әдетіме тағы басып, Абайдың әжуаларын және бір шолып, ақ моншадан шыққандай рахаттанып отырғым келген:

«Өтірік, өсек, мақтанға  
Ағып тұрса бейне су,  
Ат-шапаннан кем көрмес,  
Біреу атын қойса «қу»... –

деп бастап:

Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін, салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап...

.....  
Мәз болады болысың,  
Арқаға ұлық қаққанға.  
Шелтірейтіп орысың  
Шенді шекпен жапқанға...  
Ол «болдым-ақ!» дей берер,  
Бұлғақ қағып басқанға.  
Елең қағып елбіреп,  
Елертіп көзді аспанға...  
Алдадым, ұрдым, қырдым деп,  
Шалықтап, шалқып шатпай ма?... –

деген сәтте телефоным шырр-шырр еткені.

– Әле, тыңдап тұрмын, бұ кім? – дедім. Әрине, тұтқасын құлағыма жапсыра қойып.

– Мен ғой, Тоқан. «Қазақстан» гәзетін алдың ба? – дейді есен-саушылықта шаруасы жоқтай аптығып.

– Е, не боп қалыпты?

- Ұят!
- Не ұят?
- Қадестің қызы Қарлығаш бар емес пе?! Жақиянова?! Ғалымжан Жақияновтың әйелі?!
- Білем ғой, иә, не болды?!
- Масқара!
- Әй, Тоқа, Ғалымжан аман ба?!
- Аман көрінеді.
- Қарлығаш аман ба?!
- Аман екен.
- Ендеше: «ұятыңды», «масқаранды» байыптап айтсаңшы, соншама жау жеттілемей!
- Гэзеттің бірінші бетінен оқыдым, Қарлығашты сотқа беріпті.
- Кім? Не үшін?
- Ғалымжанды жанталасып тергеп жүрген Құсайынов деген әлгібір подполковник беріпті. «Жақиянова Қарлығаш маған шабуыл жасады» деп сотқа арыз түсіріпті.
- Құсайыновың тірі ме екен?!
- Әй, Ғабке, «тірі ме екенің» не? Тірі болмаса, арыздана ма?!
- Ә-ә-ә... қайдан білейін, қарлығаштай ғана Қарлығаш қабандай подполковникті сабап, бауыздап, іреп-сойып, жіліктеп тастап, тұздауы ғана қалған шығар, Ішкі істер министрлігіміздегі бетпақтар Ғалымжанды апарып қамап отырған әлгі қараң қалған «Павлодар-соль» зауытының қоймасынан ырымға тұз табылмай, анау борсып кетуге айналды ма десем.
- Қарлығаштың қолында видеокамерасы бар екен, Құсайынов соны тартып алмақ болған, Қарлығаш қарсыласқан, жұлқысқан. Сонсоң тергеуші өзі бірінші боп заңсыз күш қолданғанын, дөкірлігін жасыру үшін «мені қызмет кезімде жәбірледі», деп сотқа шағымданыпты.
- О, байғұс-ай!
- Несі байғұс?!
- Шынымды айтсам, подполковнигіңе жаным аши бастады.
- Әй, сен... біресе «Құсайыновын» деп, біресе «подполковнигің» деп, қайдағыны айтып... маған қажеті көк тиын оның!
- Жә, ашуланба, сөздің салты ғой. Шын айтам, Тоқан, байғұсқа жаным аши бастады.

– Неге?

– Дулат Бабатайұлы деген ақын болған, білесің бе?

– Естуім бар.

– Абайдан бұрын жасаған үлкен ақын. Ол кісінің «Замана сазы» деген кітабы бар. Осыдан он жыл бұрын шықты-ау деймін. Өмірәлиев Құлмат құрастырған. Құлмат, марқұм, ғажап білімдар ғалым-әдебиетші еді. Сол Дулат бабаң өз кезіндегі пысықайларды шенеген өлеңдерінің біреуінде:

Майырдың алса бұйрығын,  
Борбайға қысып құйрығын,  
Ел пысығы жортады-ай,  
Өзі елді қорқытып,  
Одан өзі қорқады-ай... –

деген екен.«Майыр» дегені қазақ ауылдарын бағып жүрген орыс шенеунігі, сірә, майор болса керек, түсініп отырсың ба?

– Түсінікті.

– Анау Құсайыновың, жо-жоқ, кешір, саған «қажеті көк тиын» Құсайынов, ол да «майырдың» біреуінен бұйрық алған шығар, сонсоң қайтсін, қатынының, балаларының, қайыңжұртының алдында қоқиланып қалайын деп өкіріп, өңмендеп, өлерменденіп жүр де! Тіпті, одан кейін «майырлары» тағы бірер Ғалымжан-Қарлығашты тұтқындап әкеліп берсе, ол олардың да «төбелерін оя алса», божалыста – полковник... генерал!

– Өй, сен де!.. – деп Тоқан телефонын бұқтыра салды.

Әй, Тоқа-ай, «Шындық керек!» деп шырылдаушы-ақ едің, мұның қалай? Қартаяйын дегенсің-ау, а?..

(«Қазақстан». 07. 02. 2003 ж.)

## Қаламдас інім Ермұрат БАПИҒА КІМ КҮШТІ?

### Құрметті ЕРМҰРАТ!

Гәзеттің 101-санына соңғы рет қол қойып, ұжыммен қоштасуды ұйғар-ғаның жайындағы хатыңды оқыған сәтте хал-ахуалыңды әбден түсіндім. Сенің бұл жағдайыңа ұқсас жәйт менің де басымнан өткен-ді. 1983 – 1987-жылдары. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің идеология жөніндегі хатшысы (Қ. Қазыбаев): “Саудаласпайық.



Көкбазарда отырған жоқпыз. Қалтамызда партбилет барда бәріміз де – партияның солдаттарымыз!” деп, ақырында республикалық “Ара-Шмель” сатира журналының Бас редакторлығына еріксіз кете барғанмын. Бітеу бұйрық берерден бұрын: “Сізден мықты ешкім жоқ!..” десіп, көзімді бақырайтып қойып қолпаштап, буымды біраз бұркыратқан. Ал журналды қабылдап, ақты “ақ!” деп, қараны “қара!” деп, әдегімше тура сөйлеп кеткенімде соны ең алдымен жақтырмаған кім болды десеңші! Сол идеология бөлімі! Бөлім меңгерушісі А. Устинов: “Вы стали неуправляемым” десе, жаңа хатшы З. Камалиденов бір сағат онбес минутке созылған “әңгімемізден” кейін: – Сіз партия линиясын жүргізуге міндетсіз! – деп нығызданды. Ол “линияны” Устинов дегені өлермендене жүргізді. 1986-жылғы желтоқсан оқиғасы туралы СОКП ОК-нің әйгілі жәдігөйлік қаулысының “махровый казахский национализм” дегеніндегі “махровый” сөзін машбюрода соңғы мәтінге өз қолымен қосқан Устинов екен, бірақ ол оның сөзі емесі, жоғарыдан бұйрық түсіргендердің бірінің сөзі екені даусыз. Ол бірде, әрине, хатшылардың емеуірінімен: “Вы стали трогать наших номенклатурных кадров” деп маған “түсінік” берген де еді. Онысы – журнал фельетонынан кейін екі министрге қоса басқа жақтағы оншақты “мықтының” ұстара қиған мұрттай ұшқаны. Бір “қызығы”: мен сол “мықтылардың” ешқайсысымен осы уақытқа дейін жүзтаным та емеспін. Журналдың әділдігіне, батылдығына көздері жеткен жәбірленушілер өз төтелерінен арыздана келетін де, журнал сол арыз ізімен заңды тексеру жүргізетін. Жазғанымыз теріс болған емес. Ол кезде сынның дұрыс-бұрысы бастығы, қызметкері сыналған ұжымның партия ұйымында, онда бұлталақ болса: аудандық, облыстық партия комитеттерінде, партиялық, халықтық бақылау комитеттерінде, ең шиеленіскенде Орталық Комитеттің Партиялық бақылау комиссиясында қаралатын.

Журнал сүрінбеген соң Орталық Комитет Бас редакторды сүріндіруге кірісті. Менің мәселем Бюрода қаралатын болды. Баяғы Устинов: – Сізді босатамыз, Колбин, Камалиденов жолдастар солай шешті, – деп тағы итаршыланды. Камалиденовпен “шүйіркелескенде” мен: – Сіздермен жұмыс істей алмайтынымды түсіндім, яғни, Жазушылар одағындағы орныма қайтарыңыздар! – дегенімде ол: – Онда кім болып істеп едіңіз? – деді. Мен: – Әдеби қордың директоры

едім, – дедім. Ол ыржия қолын созып: – Ренжімеңіз, түсінісіп кетеміз, осында істей бересіз, – деген. “Істей бересіздің” ақыры мені Бас редакторлықтан да, партиядан да қуып тастау екенін аңғардым. Себебі: мұрттай ұшқан министрлердің бірі (М. Әлиев) Министрлер Советі бастығының құдасы, екіншісі (Е. Шақабаев) Орталық Комитеттегі бір “құдайымыздың” ауылдасы, жерлесі екен. Оны достарым айтып: «бюроны жеңе алмайсың, сүмірейтіп жібереді, өз өтінішіңмен босап құтыл», деген ақыл қосты. Тілдерін алдым. Менің шешімімді естігенде Устинов әйелі егіз ұл тапқандай қуанды. Демек, құрметті Ермұрат, сенің ұйғарымыңды естіген итаршылар да аяқтарының астынан, ат басындай болмағанмен, жұдырықтай алтын тауып алғандай-ақ мәз-мәйрәм болған шығар-ау! Бүгінде биліктің дізгін-шылбырын ұстап отырғандардың көпшілігі – кешегі “номенклатурашылдар” десек, олардың әділ сынға төзе алмайтын сол анау сырқаттан айығуы мүмкін емес.

Сен көрмеген құқай қалмады, ә? Өзің жазбаған мақала үшін бір жылға сотталдың. Ақ-қараны айыруға мұршасы жоқ сот көкелерің көңілдері көнши тағы масайрады сонда. Гәзет оқырманына аян ондай жәйттерді тізе бермейін. Ең соңғысы – анау депутаттың пәлен жылдан кейін әлде нені есіне түсіріп, сені әйелі екеуі екі жақтан шабуылдап сотқа бергені, Астаналық соттың, ақиқатқа аяқ баспай, оларға сенен қыруар ақша өндіріп беруге “ғажап” үкім шығарғаны. Ол “ақиқатшылдардың” ой-сана салмағы Мұхтар Әбілэзовтің “СолДатқа” қатысты айтқан бір ауыз сөзінің салмағына татымады, ә? Па, шіркін, батпан құйрық! “Құшақтап сорып қарық боласың!” деген ғой оларға, әлгі дегіштері. Дегіштерінің алдында төрттағандап тоңқандап жүру үшін жаралған “жайсандар мен қасқалар” бізде ешқашан “дефицит” болған жоқ..

Құрметті Ермұрат, өз басым сенің Бас редакторлық қызметіңе ризамын. Төрт жылда жорналшы, ұйымдастырушы болып істеген жұмыстарыңның бәрі де жеке басыңның мүддесі үшін емес, халықтың, жас демократиямыздың мүддесі үшін істелді, ар-ұятына жүгінетіндер сенің осы кезеңде қажет болған қиын да қауіпті қызметіңді әділ бағалай алады деп білем. Ал ар-ұяты қалғып кеткендер артыңнан топырақ шашар. “Мені орынды сынады, өзіме де обал жоқ,” – дей алмаған рухани бишаралар: – Ә, бәлем, кетірдік пе?! – деп есалаңдана

куанар. “СолДаттан” тиісті “сыбағасын” алған әлгі зиялысымақ топтың тоғышарлары да далақтар. Арлы арымен күшті, арсыздар арсыздығымен күшті. Қазекем: “Арлы арына қараса, арсыз “жеңдім!” дейді” дегенді бекер айтпаған.

Е, арсыздар қашанғы алақайлай берер дейсің. Абыржыма, Ереке! Сен арлылығыңмен, әділдігіңмен, халыққа адалдығыңмен күштісің! Отбасың аман болсын! Құдай қуат берсін! Қаламың мұқалмасын!

*12. 05. 2003 ж.*

## НЕГЕ ЕРТЕ ЕСЕЙДІҢ?

Гәзеттің Бас оқырманына айналған **ЕРМҰРАТ** інім!

Соңғы он жылда біздің қоғамда ашық хат жазатын әдет шықты. Бір тобымыз президенттіктен жалыға қоюы әлі де неғайбыл Н. Назарбаевқа, жасырынбақ ойнаушы премьер-министрлерге жазып, «ел экономикасының жыл санап нығаюынан» сіңірі созыла бастаған халқымыздың мұң-наласын айтамыз. «Көзің бар ғой, көрші! Құлағың бар ғой, естіші!» дейміз. Бірақ ешқайсысы: «көрдім», «естідім» демейді. Құдды зағиптардың қоғамында жүргендейміз. Ал бір тобымыз Н. Назарбаевты бірде қазақ Абылай ханға, бірде түрік Ататүрікке, бірде американ Вашингтонға теңеп, тіпті кейде тең таба алмай, күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айрылып, әйеліміздің бар-жоғын да ұмытып кетеміз. Сол оңды-солды ортақ әдетті силап, міне, саған ашық хат жазып отырмын. Бұл жолы топтан жырақ жалғызбын. Себебі: сен не президент, не премьер-министр емессің ғой. Ең болмағанда «Қазақгейттің» бір кейіпкері де емессің. Вот мәселе қайда!..

...Сенің ержүрек, адал жаратылысты жігіт екеніңді алғаш Әкежан Қажыгелдиннің кеңсесінде көрген сәтімде-ақ аңғарып едім, ол сезімім мені алдаған жоқ. Саған да, сезіміме де ризамын!..

Мен ерте есейдім. Сұрапыл соғыс алты жасымызда егістіктің арам шөбін жұлдырғаннан бастап, шөп шабатын мәшіннің өгізіне, егін оратын мәшіннің өгізіне мінгізді. Ат атаулының бұт артуға жарайтыны атты әскерге әкетіліп, күніміз өгізге қарап қалған. Біз одан кейінде тастан қой қораларын, ағаштан мектеп үйлерін салыстық. Не жазғы, не қысқы каникулда ерігіп көрмедік. Жұмысымыздың ең жеңілі: үйде отын жару, су тасу, мал жайлау болды.

Сені біз көрген бейнет – дене жұмысы есейткен жоқ, сені ой жұмысы

есейтті. Дене бейнеті – төбе, ал ой бейнеті – тау. Сенің шығар, түсер тауың «Дат» гәзеті болды. Әкежан Мағжанұлының жобасымен шыға бастаған тәуелсіз тұңғыш гәзетіміздің негізгі салмағы ақырында сенің иығыңа түсті. Әлбетте, шыныққан жорналшыларымыз – Шәріп пен Бақытгүлдің және басқа іні-қарындастарымның қызметін әсте кемітпеймін.

Сенің «Даттан» «Тасжарғанға» дейінгі өрісің тас-кірпіш сынықтарын төгіп тастаған жол іспетті де, сен ол жолда көбінесе жалаңаяқ жүрдің. Ойда жоқта бұйырған тәуелсіздік әп дегенде-ақ ішіне жақпаған билік тәуелсіз гәзеттің таралымын тәркілеу, Қазақстаннан тыс жерде шығаруға мәжбүр ету, қызметкерлеріңді сабап, кеңсенді ойрандап кету, өзінді солақай соттау сияқты көргенсіздіктің талайын «тарту» етті. Саған және сенің серіктеріңе. Гәзеттің Бас редакторынан Бас оқырманына айналғаның – сол биліктің, оның шылауындағы шикі шенеуніктердің «арқасы». Білік майы таусылған шиқылдақ ағаш арбада бықсып отырғандай берекесіз билікшілдердің тәуелсіз басылымдарға, оппозицияға қарсы жасаған тексіздік, тоңмойындық қарекеттері есіме түскен сайын құлағыма: қанден иттің шабаланған, тағы мысықтың бырылдаған, шошқаның қорсылдаған, суырдың ыңқиттаған, жыланның ысылдаған, сауысқанның шықылықтаған... дауыстары кейде бірінен кейін бірі келіп, кейде бәрі қосыла жын-шайтанның хоры болып естіліп, Оспанхан ағаң айтқандай, «жүйкеме ши жүгіртеді». Ал сенше ертелі-кеш сол албастылардың қоршауында жүру қандай қиямет! Солармен ерегесу, алысу-жұлысу сенің есеюіңді тездеткені сөзсіз.

Құбылмалы құбыжықтай полицейлер мен соттар сені «сағынатын» сырқатқа шалдыққан-ды. «Сағынбасқа» шаралары жоқ, жердегі тақта емес, көктегі бұлтта отырғандай әулекі көкелері ол бишараларды қарғылап ұстап, керек кезінде айтақтап жүр. «Бұлттан» топ еткен бұйрыққа сай «ләпшәй, тақсырлап»: пәленді мерткітіріп, түгленді мерт қылғанша полицияның өңешіне өңезе толып кетеді; пәленді жеті жылға, түгленді он жылға соттап бергенше соттың соры булана бастайды.

Олар солай-ау, ал күні кеше бұйырған қызметті істеп, моп-момақан, маңдайы жазық жігіт болған Ромин Мадиев мырзаға не көрінді екен? Ол депутат емес кезінде кәсіподақтың бір басшысы болып, жұмысшылардың мүддесін қорғап сөйлеп жүруші еді, иә,

егер қателеспесем, сөйтегін, енді, депутат дәрежесін алған соң, сол жұмысшы-шаруалардың жоғын жоқтаушы «Тасжарғанды» өзін «латифундист» дегені үшін соттан сотқа сүйреп, ондаған миллион теңге талап етуі мынау. Кешегі Ромин мен бүгінгі Роминның арасы алшақ па, қалай? Әлде, анау полицейлер мен соттарша, «бұлттың үстіндегілердің» тәуелсіз де тегеуірінді «Тасжарғанды» жауып тастаудың жолын табу туралы бұйрықтарын қайтсе де орындауға жанталасушылардың бірі ме? Солай дегенге сенгім келмейді. Бірақ: «Е, «жекеменшік жері көп» депсіндер, жорналшы мырзалар, жүріндер, көріндер, таңдап-таңдап, қақ жартысын алыңдар!» деп мысқылдап күле салудың орнына қырсондарыңа түскені маған мүлде түсініксіз.

ЕРМҰРАТ, сенің ерте есеюіңе роминдердің де өстіп «қалтқысыз көмек көрсетулері» себепші болды-ау, ә? Жаңа көріп жүрген құқайың емес, бетіңнен қайтпа! Әркімнің тағдыры әрқалай. Сен Қазақстанның тарихында қазақтың тұңғыш тәуелсіз «Дат» гәзетін ашысқан бір Азаматымыз болып қаласың, ал Мадинов сол тәуелсіз «Дат» – «Тасжарған» гәзетін жабуға алды-артына қарамай кіріскендердің бір масқарашылдығы болып қалады. Бүгінгі кім-кімнің де Ерлігі мен ездiгiн Ертенгi ұрпақ таразылайды!

Сонымен, қадірлі Інім, құдай өзіңе тың күш-қуат берсін, отбасыңа тек жақсылықты нәсіп етсін! Әумин!

Айтпақшы, Мадиновтың мөшөгіне салып берер тиын-сиындарым біраз болып қалды.

*(«Тасжарғанға». 27. 02. 2009 ж.)*

### **ЕРМҰРАТ!**

Сенің жасың ЕЛУГЕ толатынын азуын айға білеп жүрген жігіттердің ешқайсысынан кем емес ажарқын қарындасым Бақытгүлдің уәлі аузынан естігеніме алты күн, ал билікке «ләппәй, тақсыр!» демеген, демейтін де гәзеттерден оқығаныма үш күн болса да, әлі сене алмай жүрмін. Біріншіден, мен – ЕЛУДІ анда-санда сағынып қоятынына жиырма төрт жыл болған пендемін. Сол себептен сенің ЕЛУДІ ерттеп мінгеніңе сенгім келмейді, неге, қайда асықтың екен, ҚЫРЫҚТЫҢ ауласында 10-15 жыл неге жүре тұрмадың екен, – әлі менше сағынасың ғой?! Екіншіден, кешегі Кеңес дәуірінде мөлшермен он сөз ақиқаттың арасында екі-үш сөз ғана өтірік жүруші

еді, ал сол дәуірден ат-тонымызды ала қашып, алақайлай бастағалы он сегіз жыл десек, өз басым осы мерзімде он сөз өтіріктің арасынан бір сөз ақиқатты әрең көріп жүрмін. Ертеңді-кеш еститінім:

Қазақстан тәуелсіздікке табанды күреспен жетті; демократия жолына бірден түсті; адам құқын қадірлеуді бірден қолға алды; экономикасын гүлдендіруге бірден кірісті; ауыл шаруашылығын ғажап реформалады; ғылым-білімнің өрісін кеңейтті; сайлауды әділ өткізуді жүзеге асырды; сөз бостандығы мен ой еркіндігін қамтамасыз етті; жер бетіндегі ең бай елу елдің қатарына ұмтылды. Иә, Нобель силығының болашақ иесі, президент Н. Назарбаевтың данышпандық басшылығымен!

Жә, бұдан ары тізбелемей тоқ еткізсем: «бүгін Қазақстанға бүкіл дүние жүзі қызыға көз тігіп, жан-жақты өркендеу тәсілімізді зерттеп, құлшына үлгі-өнеге алуда және Н. Ә. Назарбаевты ғасыр саясаткері деп мойындауда». Біздің президент кешегі қазақ Абылай ханмен, түрік Ататүрікпен, ағылшын Вашингтонмен терезесі тең тарихи тұлға екен (ол ол ма, осы жақында ғана бір депутат оны 2-Нұх пайғамбар деп, екіншісі Мұхаммед пайғамбардың бейнесі деп жазып, Күн мен Айдың орындарын ауыстыра жаздады).

Бетіне бірден перде киген биліктің, оның шабарманына айналған ақпарат құралдарының айтатындары – осы. Перделі биліктің азаншысы, қолшоқпары, аузынжалары болып алған, ат-атақтарынан жер үстіндегі жылқы тұрғай, судағы итбалық үркетін сарай ақын-жазушыларының жыры – осы. Ал өмірімізде бәрі де – керісінше! Міне, осындай тірліктен кейін, Ермұрат-ау, жасың елуге келгеніне қалай ғана сене алайын?!

Алайда сенейін, себебі көзі тірі тарихи тұлғалар: саясаттың сақасы Серікболсын Әбділдин, экономиканың ғұламасы Әкежан Мағжанұлы, ақиқаттың ақ семсері Ғалымжан Базылжанұлы сынды ардақты інілерім бастап, басқа шыншыл шырайлы іні-қарындастарым да қостап, сенің ЕЛУ жастағы ержүрек қаламгер екенінді айтты, жазды.

Әлбетте, сенің КІМ екенінді ешкімнің мағлұматынсыз-ақ баяғыдан білемін. Ендеше: құдай қосымша қуат беріп, енді бір ЕЛУ жаса және келін екеуің бала-немере-шөберелердің тек қызығын көріп, дос-жолдастарыңның ортасында жақсы жаса! Бұл – өзімнің де, Отбасымның да тілегі.

*07. 03. 2009 жс.*

## «БАЯҒЫ ЖАРТАС...», БАЯҒЫ БАТПАҚ

### *Қаламгер Жұмаш СОМЖҮРЕККЕ*

Екеуіміз таныс-біліс болғалы отыз жылдың о жақ, бұ жағы. Шығармашылық жолыңды өлең мен әдеби сынды «өсімдеп жегіп» бастағансың. Өлең өрісіне тас лақтырылмаса да, сын жолында сан өткелекті көрдің. Әділін айтқаныңда да «о, айналайын!» деген ағайынның жоқ. Жә, мұны қысқа ғана кіріспе сөзім деп қоя салайын да, сенімен хат жазысуға шықпағанымды ескерте отырып, осы «Азат» гәзетінің былтырғы 42-43-інші сандарында жарияланған саяси ашық хатыңа бір сәт назар аударға-нымды ғана айтайын. Әлбетте, толық оқып шықтым. Ой-ниетің айқын, шер-шағымың шын. Халқының мұң-мұқтажын анық жоқтаған азаматтың хаты. Бірақ...

Бірақ, алдын ала «сәуегейлік» жасайын: айызыңды қандырап жауап алуың екіталай. Бұлай дегенде Мұхтар Құл-Мұхамедті нысана етіп отырған жоқпын. Еліміздегі ішкі саяси ахуалды меңзегенім. Мұндай «кәсіппен» шұғылданғанымға пәленбай жыл. Мысалы, Компартия басшысынан тұңғыш президентімізге айналған Н. Ә. Назарбаевқа сол жылы-ақ: – Нұреке, жаныңызда Бұқар жырауыңыз болсын, Ақылдастар алқасын ұстаңыз! – деп хат жазғанмын. Ол пікірімді кейінде де хат-мақалаларымда қайталадым, алайда, қазекемше айтқанда, далада қалды. Ал «Бұқар жырауы бар, әне» деген әңгіме шыққанмен, өз басым ондай тұлғаны, яғни: – Нұреке, мынауыңыз дұрыс, мынауыңыз бұрыс! – деп оң дізесін басып отырған тірі жанды көрген жоқпын. Атап айтар едім, тек бүгінде қит етсе сотқа сүйреп, терісінді де теріс, оңынды да теріс етіп шығаратын «мықтылардың» есектері сәйгүлік болып жүрген жоқ па, тырп еткізбес жазбаша құжатсыз батылдық жасауға зауқым соқпайды. Жалпылау тәсілге көшпеске лаж жоқ. Иә, президенттің жанында өздерінше «Бұқар жыраулар» жүрді, әлі де жүр, бірақ бәрі де ертелі-кеш президенттің аузын бағып, үнемі бәрекелділеп бас шұлғудан өзгені білмеді, әлі де біле қоймас. Олардың кейбіреуі көпшіліктен «Президенттің писарі» деген ат алды да, әлі де алатындары аз болмас.

Е, Жұмаш-ай, жан рахаты деп аталатын пәле бар емес пе, ішкі саясаттың сахнасына өліп-талып шығып, желдің қай жақтан соғарын және оның өз бетіне қайткенде жылы тиерін әп дегеннен бағдарлап үйренгендер сол рахатқа кенеліп алған жоқ па?! Қара басының камын

солайша күйттеуге маманданғандар сенің шерінді, шағымыңды, жалбарынышыңды не қылсын?! Сен өзіңе қызмет, атақ, орден, силық сұрап жүрген жоқсың, көз алдындағы көпшіліктің ауыр хал-ахуалын айтып өлеңіңмен зар төгіп, боздап жүрсің. Өйтуді білмейтіндер сені қалай түсінсін?! Олар жоғарыға көз сүзіп, жалтақтап, жалбақтап әлек. Биік кресло мен қалың портфель, қабат-қабат коттедж, жалт-жұлт «иномарка» күндіз – ойларында, түнде – түстерінде. Үкіметтің барып кел, айтып келге жараған шенеуніктеріне дейін құны төрт мың доллар «Волга» автокөлігін менсінбей, алды жүз мың, соңы отыз-қырық мың долларлық шетелдік аутомәшіндерді таңдап мінгелі қашан?! Қаншама жұрттың тапқаны тамағына жетпей жүргенін, немесе ауылын жұмыссыздық, ауру-сырқат жайлап алғанын не қылады олар?!.

Сен де үкіметке, парламентке, президенттің айналасындағыларға кінә артыпсың. Жөн ғой. Бірақ олар, сынның көкесін сан естіп келе жатса да, қыңқ етпейді, оң сөзге ой жібермейді. Қыңқ етсе, ой жіберсе, – астапыралла! – шындыққа жүгінуіне тура келеді, ал шындықтың жүзі тым өткір, шашы ғана қырылмай, басы қырқылып кетуі мүмкін. Өйтсе: анау креслосы, портфелі, жүздеген мың теңге айлығы көзінен ғайып болады.

Үкіметтің тұжырымына сенсек: еліміздің экономикасы жыл санап нығайып, дамып, шет елдерді қызықтыруда. Ғылым тұжырымына сүйенсек: ел экономикасының дамығаны ең бірінші кезекте халқының алдындағы асының, үстіндегі киімінің жыл санап белгілібір мөлшерде арзандағанынан көрінеді. Ал біз «арзандады» деген сөзді естуден қалдық, «қымбаттады» деген сөз құлағымызға ұя салып алды. Мысалы, анда-санда болсын шындықтың шетін жылт еткізетін «Аргументы и факты. Казахстан» гәзетінің өткен желтоқсан айындағы 50-нші санының алғашқы бетіндегі «Хлеб и мука все-таки подорожали» деген хабарына үңілсек, 2002-жылдың желтоқсанынан беріде: азық-түліктің бағасы 5,6 пайыз, сұранысты басқа бұйымдардың бағасы 6,6 пайыз өскенін көреміз. Мұны таратып айтқанда: сүт – 9,3, айран – 3,5, қаймақ – 5,5, май – 2,7, ірімшік – 6,7, көкөніс – 6,5, жұмыртқа – 11,1, қант – 2,6 пайызға қымбаттаған. Ет, балық, май, т. б. мүлде шырқап кетті. 2003-жылдың қарашасында ғана: бидай ұны – 2,7, нан – 2,2 пайызға қымбаттады. Киім-кешек, көмір, бензин, тұрмыстық қызмет, пәтерақының және басқасының



ауыртпалығы ай санап артып барады. Экономикамыздың дамуы осы ма? Әлде халықтың әл-ауқатына қатыссыз дамиды экономика бар ма бізде? Тұрмыс тауқыметінің не екенін таза еңбегінің арқасында емес, небір құйтырқы айла-шарғымен доллар күреп жүргендіктен білмей, бетіне жел тимей тайрандаушы азшылық – біздің заманымыздың байлары және олардың шашбаушылары тұрмыс тауқыметін шарасыздықтан тартып отырған көпшілікке: – Экономикамыз пәлен пайыз өсті, хал-ахуалдарың жақсарып келеді, – деп ұялмай-қызармай «лекция оқиды». Қазақстандықтардың жылдық орташа табысы 2003-жылы айына жиырма бірдене мың теңге болды дегенде де беттері бүлк етпеді. Жұмыссыз отырған миллионға жуық адамның оларға бары мен жоғы бірдей болғаны да.

Парламент дейсің. Еуропалықтарша айтқанда, «қалтадағы» парламент халыққа қызмет етпейді. Бірақ біздің парламентті сондай деп ақиқатты ашып айту қауіпті, биліктің қолбаласы – депутаттары (депутатсымақтары) ой еркіндігіне, сөз еркіндігіне кепілдік берген Конституциямызға табанын үйкеп өтеді де, әйда, ақиқатты айтқанның соңына итін ырылдатып, шошқасын қорсылдатып түсіп, сотқа сүйреп, жеңіп шығады. Біреуге белгілі, біреуге белгісіз ондай арсыздық, рухани құлдық қарекеттерін түгендеп термей-ақ, мына бір ғана жәйтті есіңе түсірейін, Жұмаш. Ол – бізге тәуелсіздік бұйырған кездегі апақ-сапақта, алас-күлесте шет елдердің банктеріне астыртын жытырылған ұрлық, арам ақшаларды елге қайтару жөніндегі мәселенің парламентте қандай шешім тапқаны. Қазынамыздың құлағын ұстағандар халық қаржысын әкелерінен мұра болып қалғандай дереу қымқырып, Швейцария, т. б. елдердің банктеріне жасырғаны бүгінде «Қазақгейт» аталып отырған американдық тексеріс нәтижесінде жарыққа шығып, Қазақстанға қара дақ болды ғой. Өне, сол қыруар қаржыны ептеп-септеп елге қайтара бастаудың қамы жасалғанда ол мәселені талқылаған парламентіміз 480 миллион доллар болған ол көрінеу ұрлық ақшаның «кімдердікі екенін айтуға болмайды, кімнің қандай жолмен салғанын тексеруге болмайды, қайтқан ақшаны иелері қайда, қалай жұмсаймын десе ерікті» деп қаулы шығарып берді. Коммунист депутаттар: адал еңбекпен жиналмаған ол сомадан 12 пайыз табыс салығын ұстайық, жәрдемақыларын айлап-жылдап ала алмай жүрген жұмысшыларымызға, мүгедектерімізге, көпбалалы отбастарымызға

берейік, деп ұсыныс жасағанда депутаттардың көпшілігі өлермендене қарсы шығып, өздеріне сенім артқан халықты тулақ құрлы керек етпей, ұрыларды ашық жақтады емес пе?! Жер мәселесін талқылаудың ақыры не болғанын өзің де айттың. Бүгінгі парламентіміздің сықпыты осы. Сайлау сөз жүзінде емес, іс жүзінде әділ өтпейінше, «өзі жақсы мен көзі жақсы» пысықайлардың жолына бөгет қойылмайынша, халықтың бірден-бір қалаулылары ғана сайланбайынша бізде шын мәніндегі халықтық парламент болмайды.

Әділдік үшін күресу ел алдындағы, заң алдындағы ең қасиетті парызы болуы шарт прокуратура, сот жүйеміз де батпақтап жатқанын сен ғана емес, күллі көпшілік көріп-біліп отыр. Бұған да бір-ақ мысал келтірсем, соттың үкімінде «жеке өзі ішіп қойды, жеп қойды» деген бір ауыз айып жоқ, «мемлекетке екі миллион теңге зиян келтірді» деген ғана кінә тағылған Ғалымжан Жақияновтың жеті жылға түрмеге кете барғаны да, «үкіметке үшжарым миллиард теңге зиян келтірген» (егер жаңылмасам, сот үкімі осылайша) Абылай Мырзахметовтің бес жылға шартты жаза ғана алып, бостандықта жүргені. Мұндай сорақылық сот жүйесінде әділеттіліктің жұғыны да жоқ елде ғана болатыны айдан анық.

Дін дейсің. Дін туралы заңы жоқ елдің дін ісінде береке қайдан болын?!.

Осымен тәмәм.

Тірлігіңе тек жақсылық тілеймін!

(«Азат» газеті, 28.01.2004 ж.)

## **«ТАСЖАРҒАНДЫ» ТАБАЛАУ БАСТАЛДЫ**

***Р. Мадиянов мырза, сүйінші!***

«Жас қазақ үні» газетінен «Дайте порулить страной» деген шағын мақаланы оқып шығып (маусымның 24-і күнгі санында): «Бей своего, пусть чужие боятся» дейтін орыс ағайындар: «Так ему и надо!» деп, ал президент тағының төңірегіндегі ұр да жық шенеуніктер: «Шок, шок, бәлем!» десіп бір масайраған болар деп ойладым. Оларға қосыла, жо-жоқ, ең алдымен әлгі-әлгі анау депутат Ромин Мадияновтің төбесі көкке жеткен шығар, себебі ол «Тасжарған» газетінен 300 000 000 теңге дауламаған екенмін деп өкініп жүр деседі («Естіген құлақта жазық жоқ»), енді өзі депутаттық «күш-қуатымен» жаптырып тастаған

гәзетті «Сак Тан» деген жазғыштың (мақаланың иесі) пәленбай айдан кейін «ешбір қорықпай-үрікпей сынауы» – Р. Мадиевтің қышыған жерін дөп қасуы, биліктің көзіне бір түсіп қалуы.

Бұдан екі ай бұрын зорлықпен жабылып тасталған «Тасжарғанды» оның бетінде бұдан бір жыл бұрын жарияланған мақала үшін сынауды «Ақсақ қой түстен кейін маңырайды» деуге де, «билікке жағынудың ерте-кеші жоқ екен» деуге де болар.

Сак Тан әлдебір қазақсымақтың бүркеншік аты екеніне және оның мақаланы Әкежан Қажыгелдиннен, «Тасжарғанның» басқа атпен шығуынан сақтан деп бопсалаумен жазғанына шүбәланбаймын. Алайда ондай бұқпа жазғыштармен айтысуға зауқым жоқ, тек Редакторлар кеңесінің төрағасы Қазыбек ініме айта салайын, құзырындағы гәзеттерінде мынау сияқты әпербақан пікірлер болмауын ескерсін деп ойладым. Әлбетте, бір мәселеде пікір таласы болады, бірақ Сак Танның «әлхиссасы» – пікірлесу емес, жала жабу, күйе жағу, қалайда мұқату. Оның халық қалаулысының қолымен билік тұншықтырған халық үнін – «Тасжарғанды» табалауын білгендік, әдептілік деп кім айтар?! Бұл, – меніңше, гәзет қайта шығып, биліктің кереғарлықтарын тағы сынап жүрер ме екен деп байбалам сала аттандау.

Ә. Қажыгелдиннен «сақтандыруын» алсақ, оның саяси мақсатпен сотталғаны біздің «әділ» соттың еріксіз үкімінен анық аңғарылған. Үкімде мемлекеттің пәлендей қаржысын түглендей қулықпен жалмап қойды деген тұжырым бар ма? Жоқ. Сот жұмысы күндері залдың бір бұрышындағы шымылдың арғы жағында жасырынып отырып (дүние жүзінің сот процестерінде кездесе бермейтін «тарихи жаңалық!») куә болған белгісіз біреу премьер-министр Ә. Қажыгелдинге 1 000 000 доллар параны тура кабинетіне апарып беруге мәжбүр болғанын жыр етті. Нендей құжаттық дәлелі болды? Жоқ. Ол «пара бергіштің» кім екенін, пара алған сотталғанда пара берген неге сотталмайтынын, анау берген күнде сонша ақшаны неменеге салып, қалай көтеріп әкелгенін кейінде, егер жаңылмасам, республиканың Бас прокуроры Хитринге жазған ашық хатында Әкежан оның алдына негізгі сұрақ етіп қойды. Бірақ Бас прокурор оған жауап бере алмады, үндемей құтылды. Сол кезде тәуелсіз гәзеттер дәлелдеп жазғандай, «пара берген» пысықай Италия полициясы интерпол арқылы іздестіріп жатқан алаяқ Лучанский деген біреу болып шықты. Біздің биліктің құрметті мейманы болған ғой!

Премьер-министрлікке тағайындалғаннан кейін, жарты жыл өткен соң, Ә. Қажыгелдин «Егемен Қазақстан», «Казахстанская правда» гәзеттеріне үкіметтік ресми материал жариялатты, онда тәуелсіз жас мемлекетімізге АҚШ, т. б. елдер берген миллиардтаған доллар несиенің шарт бойынша жұмсалар халық шаруашылығы салаларына жетпей, С.Терещенко бастаған бұрынғы үкімет шенеуніктерінің бөлісіне түсіп кеткенін, кімдердің қашан, қанша алғандарын, қайда жаратқандарын, кейбіреулерінің «банкрот болып үлгіріп, қаржыны біржола сіңіріп кеткенін» талдап берді де, Бас прокурордан (Шуткиннен) тиісті тексеру жұмыстарын жүргізіп, қыруар қаржыны өндіріп алуға көмектесуді өтінді, ал тікелей президентке бағынатын Бас прокурор оған мойын бұрмады. Бұдан байқалар жәйт не? Ол – Сак Тан бүгін шырқырап қорғап отырған Терещенконы құшақтап алып қорғаудың сонда-ақ басталғаны.

Сондай-ақ, Ә. Қажыгелдин Қазақстаннан тыс жерде қызмет істеген он екі жылы ішінде 3 миллион доллар табыс тапқанын және қандай еңбекпен тапқанын ашып айтып, өкімет пен үкімет мүшелерінің әрбір жыл аяғында жеке табыс мөлшері көрсетілген ресми декларация жариялауын заңдастыру қажеттігі туралы ұсыныс жасап, өзі бірінші болып жариялады да. Одан кейін бір министр (кім екенін есіме түсіре алмадым), Семей облысының әкімі Ғ. Жақиянов жариялады. Сонымен тынды. Неге? Арам еңбекпен байып жүргендер шошынды да, кедергі жасады. Осыдан төрт жыл бұрын болар, президент сонда, одан беріде жиналған табыс декларацияларын жою жөнінде жарлық шығарып, комиссия құрды. Мұны қалай деп түсінген жөн? Бұл – жемқорлықты жасыру, біздің шенеуніктердің көпшілігінің қылаяғы өзінің жеке табыс декларациясын да президенттің рұхсатынсыз жариялауға құқы жоқтығы.

Жалпы десек, бізде билік маңындағы үлкенді-кішілі бір де бір шенеунік ә дегеннен-ақ президенттің келісімінсіз, рұхсатынсыз аттап басқан емес. Мысалы, «Қажыгелдин өз билігімен оны сатты, мұны сатты, әйтіп жіберді, бүйтіп жіберді» дегеннің бәрі – бос сөз. Бұл тұрғыдағы бір ғана шындық: президенттің қисынсыз нұсқауларына көнбеуге айналған Әкежан Қажыгелдиннен құтылудың керек болғаны және ол жоспар бірде ананың, бірде мынаның қолымен жүзеге асырыла бастағаны. Андаусызда сондай лас іске тап болғанын кеш болса да

бажайлаған аңғал батыр жаратылысты Заманбек Нұрқаділевтің Лондондағы Әкежанға әдейілеп барып, кешірім сұрап қайтқанын Сак Тан естімеді дегенге кім иланады?! Лас іске еріксіз араласып қалған басқа шенеуніктердің ешқайсысы Заманбектің азаматтық ерлігін қайталай алмады. Рухани сорлылық та шексіз.

Мақала авторы Ә. Қажыгелдиннің Н. Назарбаевпен бірлесіп жұмыс істеуге болады деген таза ойын арамдыққа жорыпты. Бірлесуге, табысуға қадам жасауға болмай ма? Екеуі тіл табысса, президент сонау «Қазахгейттен» бергі қателіктерін мойындай алса, халықтан кешірім сұрап, ол қателіктерінің бәрін түзетуге уәде берсе және түзетсе, кім: «Жоқ! Назарбаевты тірідей сойып жеу керек!» дейді?!

Автордың «неужели опять» деуіне қарағанда, АҚШ соты қарап жатқан «Қазахгейт» ісінің президентке қатысы жоқ сияқты, Қазақстанның беделіне, қазақ халқының намысына халықаралық деңгейде салқынын тигізбейтін тәрізді.

*(24. 06. 2009 ж. «Қазақстан».)*

### **ЖАЛЫНДЫ СӘЛЕМ!**

***«Егемен Қазақстан» гәзеті редакциясының басшылары,  
құрметті қаламдас інілерім: Сауытбек, Ержұман, Жанболат!***

Сендерге Алматыдан жалынды сәлем және бір аманат. Өздеріңнің құзырларындағы Бас гәзетіміз шілденің 28-і күнгі санында Кетбұға туралы мақала шығарыпты, соны Мырзатай Жолдасбек, Ақселеу Сейдімбек, Қойшығара Салғара сынды оқымыстыларымыз оқыған болар, яғни менен сәлем айтыңдаршы: бұл Кетбұғаны найманның ауылынан тезірек алып, үйсіндегі ошақтының тасжүрегіне теліп жіберсін де, жыл сайын шығатын, қалыңдығы жыртақарыс «ғылыми» кітаптарының бір бетіне жапсыра қойып, «Менің бабам!» деп Мырзатай бастап, анау екеуі қостап, Астана мен Алматының екі ортасын шаң қылсын. Ақын, жырау, батыр Ақтанбердіні барымталағаннан қиын бола қоймас, әйтеуір, тезірек қимылдасын!

Бұл аманатыма қиянат болмас деп сеніп, дендеріңе саулық, қаламдарыңа ұшқырлық тілеймін!

*29. 07. 2009 ж.*

**«ҚЫЗЫҚ-ШЫЖЫҚТЫ» ЕКІ ШКІР**  
*(Бас редактор Розлана Таукинаға)*

Осы «Общественная позиция» гәзетінің 5-мамырдағы 18-нші санында «Кто же настоящий партизан «дядя Вася»? деген шағын мақала жарияланды. Оның кіріспесінде мынадай жолдар бар:

«...Однако всем нам известен писатель Касым Кайсенов, который в своей книге «В тылу врага» называет себя «дядей Вася».

Мы не относим ни один из этих фактов к истине в последней инстанции, а только предлагаем читателю самим ознакомиться с ними».

Қасым Қайсеновті жақсы білген кісі ретінде айтарым: 1967-жылы Киевке Қаскенмен бірге барып, көзі тірі партизан достарының бәрімен дерлік таныстым. Мақсатым атақты ағамыз туралы әлде хикаят, әлде роман жазу еді. Қысқасы: сол сапарымыз туралы жолжазбамен шектелдім. Ақын жолдасым Сабырхан Асанов екеуіміз сәлем беріп шықпаққа Қаскеннің үйіне барып, есен-саушылық сұрасқан соң мен «Қазақ әдебиеті» гәзетінде жарияланған жолжазбамды көрсетіп: «Аға, Киевке сізбен бірге барғанда ой-жоспарым көп еді, бірақ... енді бұдан басқа ештеңе жаза алатын емеспін. Партизан соқпақтарында сіздермен бірге жүрген жоқпын, тіпті Киевте сіздермен бірге күле де алмадым, сіздермен бірге жылай да алмадым...», дедім. Қаскеннің өңінен реніш табы байқалмады. Ол жайдары қалпында қарап басын изеді де, қолын ұсынды. «Шыныңды айтқаныңа рахмет! Мен туралы жазылып жатқан дүние көп, сол да жетер. Ал мына тақырыбың маған ұнады, іші де ұнайтын шығар, рахмет!», деп қолымды қатты қысты. Жазбамның тақырыбы «Есінде ме, Вася?» еді.

Қ. Қайсенов «называет себя «дядей Вася» деу – жаңсақтық. Ол өзін өзі олай атамаған. «Вася» – партизан досы А. Крячек қойған аты.

Қасымның Вася болғанына мән бере таңдану, Уәли Оразбаев екеуінің қайсысы ерлігі, ат-атағы жағынан «настоящий Вася» екендерін шендестіру, гәзет оқырмандарына «шындыққа көз жеткізу» үлесін қалдыру мақала авторы Ысқақова Шолпанға не үшін керек болды? Егер Қ. Қайсеновтің қаһармандығына, «настоящий Вася» екеніне шүбәланса, Киевке барып, Орталық мұрағатжайдағы құжаттармен таныссын, әлі де тірі партизан дос-жолдастарымен әңгімелессін.

Екінші. Гәзеттің осы санындағы «Ардагердің көзі барда «Ұлы Отан соғысы» деуге мәжбүр боламыз» деген солақай сұхбатта (профессор Тілеу Көлбаевпен) Жұқамыр Шөке мырза: «Мәселен, Ізғұтты Айтықов деген өскемендік қазақ пулеметтің аузын өз денесімен Александр Матросовтан бұрын жауыпты...» деп суыртпақтаған сауалында «өтірікті шындай...» етсе, оған жауабында Тілекен: «...Оның ерлігі – тарихи шындық. Бұл жөнінде мұрағаттардан тарихи құжаттар табылған» деп «...ақсақты тыңдай» етіпті.

Апырым-ау, болмаған оқиғадан «болдыны» шығарғандар қалай? «Тарихи шындықты» қай мұрағаттардан алды екен?.. Ізғұтты аға екеуіміздің ұлы атамыз – бір кісі. Ағаның ерлігі, қайтыс болуы туралы ресми дерек менде түгел бар. Ол пулеметтің аузын денесімен жауып қаза болған жоқ. Батыс Двина өзенінен өту шайқасында ауыр жараланып, госпитальде бірнеше күн жатып, Совет Одағының Батыры атағын алғанын естіп, ақыры оңала алмай, сонда көз жұмған.

Қай-қайсысымызға да ақиқаттың жүгі ауыр, байқап көтерейік!

*05. 05. 2010 ж.*

*(Гәзетке ұсындым, бірақ жарияламады. Гәзет-журналдарымыздың бәрінде дерлік бір «ұстаным» бар, ол – өздерінде жарияланып жататын мақалалардың қайсыбірінде кеткен, оқырман қауымды шатыстырған елеулі қатені түзету ниетімен жазылған мақаланы керек етпеу.)*

### **Құлаққағыс**

#### **РЕНЖИСЕ, «КӨШКЕ БЕРГЕН...»**

Өзі де, сөзі де көңіліме көктемдей болып жүретін таныс-бейтаныстың кейде күз бен қыстың өларасындай күйге түсіретіні бар. Ары ойлаймын, бері ойлаймын. Түсінгім де келеді, түсінбегім де келеді. Жаныма аса бір жақын емеске ештеңе демеуді жөн көріп, өзіме өзім басу айтып, біртіндеп ұмытамын. Ал жаныма тым жақынның ол қылығын ұмыта алмаймын, өйткені ұмытқым келмейді, кешірер деп ойлап, сеніп, сыртқа шығаруды жөн көремін. Сол әрекетімнің бірі, мінеки:

1. Осы «ДАТтың» 6-шілдедегі санында, мен де ерекше силайтын Гераның – Герольд Бельгердің – «Плетение чепухиында»: «... Из глубин возмущенной души Елбасы вырвалась эта отточенная

сакраментальная фраза, сказанная на заседании партии «Нур Отан»: «На хрена вы все сидите, я спрашиваю? Чем вы занимаетесь?». Достали, видно, президента его соратники-жандайшапы. Ох, достали! Оттого и сказал так крепко, по-мужски – образно, сочно, метко...» деп ерекше асқақтатылып, ары қарай екпіндетіліп, жиырма шақты сөйлеммен аяқталған сөзі маған да ой салды. Гераның болжауынша, президенттің мынау сөзі тарихта қалады екен, оны аузына Тәңір салыпты. Айтар жоқ, құрыштан құйылған сөздер көрінеді. Егер президент: «И на хрена я тут распинаюсь перед вами? Я-то для чего стою?!» дегенде марқұм Гегель көрінде бір күрсінгендей екен.

*(«Сакраментальная фразаның» бірінші сөзі (сакраменталис) латыншасынан қазақшалағанда: «діни табыну сөз; дәстүрлі киелі сөз» деген ұғым береді. Н. Назарбаевтың сөздерін бұлайша бояу – баяғы шашбаулау!)*

Жөн. Гера, әдетінше, мақтамен бауыздады делік. Алайда мақтамен бауыздаудың да сәті, кезі, ыңғайы, орыны, нанымдық жүгі бар. Егер «Нұр Отанда» на хрена отырғандарға о бастан президенттің қатысы болмаса, сөз басқа ғой. Онда Назарбаевтың «по-мужски» сөздеріне таңдануға, сүйсінуге, «ол сөздерді аузына Жаратқан ие салды... бұл жолғы сөзі оның барлық сөзінен қымбат» дегеніне илануға болар еді. Бірақ Назарбаевтың сол партияны өзі құрғаны, төрағасы болып отырғаны, «Отанға» «нұр» деген сөзді жапсыруға келіскені және басшы кадрлар мәселесін өзі шешкені, одан арғы партиялық шаруаның бәрі оның – төрағаның нұсқауымен, қадағалауымен атқарылып келе жатқаны Гераға аян екені даусыз. Ендеше, президенттің өз құзырындағыларға қисынсыз кіжіне сөйлегенін құдай марапаттаудың жөні бар ма? Жоқ! Барлық пәлені: «Ох, достали!» деп жандайшаптарына аудару салу да жөн емес! Ендеше, президенттің «бейнелі» сөздерін сылап-сипамай, «мақтамен бауыздауға» телімей, Гегельдің жамбасын қозғамай: «Президент мырза! Неге мұнша таусыла сөйледіңіз? «Нұр Отан» – сіздің партияңыз, оның төрағасы – өзіңізсіз. Төңірегіңіздегі топ-топ жандайшаптарыңызды сізге халық жинап берген жоқ, өзіңіз таңдап-таңдап алдыңыз!» деу әлдеқайда орынды, әсерлі болар еді. Орыс ағайындардың: «Быка – за рога!» дегені көп жағдайда керек-ақ!

Замандасым, құрдасым, қаламдасым Гераның «Плетениесін»



үзбей оқып жүрген жоқпын. Әйтсе де, бұдан бұрынырақтағы бір бөлігінде билікке біраз сын айтып отырып, егер жаңылыспасам: «...билік басындағы президентке ренжуге де болмайды, айналасы бүлдіріп отыр» дегені есімде. «Айналасы». Әркім-әркім айтады мұны. Өкімет пен үкімет деңгейіндегі кадр мәселесін бір өзі шешетіні анық президентке «айналасын» айдаладан кім жинап, айдап апарып берді екен?

2. Және бір силас кісім – Асылы Осман қарындасым жақында ғана былай деді: «...Мен айтар едім: қазақтың саяси көсемі – Әлихан Бөкейханов, рухани көсемі – Ахмет Байтұрсынов, рухтық көсеміміз – Абай. Ал қазіргі таңда сол үш көсемнің ролін атқарып отырған бүгінгі көсем – Нұрсұлтан Назарбаев» (*«Айқын» газеті, 05. 07. 2011 ж.*). Жөн. Әуелгісі – қазақтың «рух» сөзінен «рухани» және «рухтық» деп екі сөз жасап, Ахаң мен Абекеңнің аруақтарын «риза» еткені. Онысы – тіліміздегі «жаңалық» та. Асекең: Қазақтың тілі үшін аянбай күресіп өтемін, дегенді жиі айтады. Құп. Ал сол тілдің мемлекеттік мәртебе алуын, Қазақстанда іс қағаздарының мемлекеттік тілде жүргізілуін жүзеге асыруды жиырма жыл созып келіп, тағы он жылға ұзартқан президентті қолпаштауы қай қисынға саяды? Бірақ түсінікті де. Асекең мүше болып келе жатқан «Қазақстан халықтарының ассамблеясы» дейтіннің соңғы «ұлы» жиынында сөз сөйлеген президент ешбір тілге басымдық бермеу керектігін айтқанда реніш білдірген тірі жан болмады. Асылы да үнсіз қалды. Жалпы Асылы, жайшылықтағы жиындарда біраз батыл сөйлесе де, ассамблея мәжілісінде «әдеп сақтай береді». Өз басым ассамблеяның пәлен жиынында түглен мәселе қаралғанда Асылы Осман өткір сын айтты дегендей хабар-ошарды естіген де, тәуелсіз газет беттерінен кездестірген де емеспін.

Яғни «алдымыз – бұлыңғыр... көсемнің қарасынан көз жазып қалуға да болмайды».

(07. 07. 2011 ж.)

*Мәдениет, бұқаралық ақпарат және  
қоғамдық келісім министрі  
М. ҚҰЛ-МҰХАММЕД мырзаға*

**Құрметті МҰХТАР!**

2001-жылғы көкек айының 14-і күні вице-премьер И. Тасмағамбетов мырзаға жолдаған хатыма орай сол жылғы мамыр айының 21-і күні қайтарған жауабында: “Оспанхан Әубәкіров шығармаларының 4 томдығын шығаруға қарсы емеспін. Құрастырып, әзірлеп берсеңіз, алғашқы екі томын 2002-жылы, қалған екі томын 2003-жылы мемлекеттік тапсырыспен шығаруды жоспарлап отырмыз”, деп едің (хатыңның шығыс нөмірі 1500-нші). Арада ай өткенде “Қазығұрт” баспасының директоры Темірғали Көкбаев мені тауып алып: Осекеңнің 4 томын шығару маған тапсырылды, қаржы бөледі, қолжазбаны бізге өткізіңіз, – дегенді айтты. Осекеңнің бәйбішесі екеуіміз қуанып, ол қуанышымызды Осекеңнің оқырмандарына да айтып, үш томның қолжазбасын үш айда әзірлеп бердім, 2001-жылғы шілденің аяғында, ал төртінші томына Осекеңнің кітап бетін көрмеген жаңа дүниелерін, дос-жолдастарының естеліктерін енгізетін болдық, ол да дайын, ертең тапсыруыма болады. Бірақ, биылғы ақпанның 5-і күні Т.Көкбаев маған телефон шалып: Астанадан келдім, министрлік Оспанханның 1 томын ғана шығаруға рұхсат берді, қаржы жоқ дейді, – деп “сүйінші сұрады”. Бұл қалай? Оспанханның туғанына 2004-жылы 70 жыл толады дегенбіз, алты том шығаруды сұрағанбыз, “төрт томын шығарып береміз” дегендеріне де қатты риза болғанбыз, ендігі мына “әңгіме” не?.. Көзі тірісінде 4 – 14 томы шығып жатқандар бар, мейлі, демеушілері жәрдемдесті делік, ал Осекеңнің жөні басқа ғой? Ол – марқұм. Артында шырылдаған әйелінен басқа іздеушісі де жоқ. Мен қанша айтсам да, жазсам да, Осекеңнің туған ауданының басшылары ол тұрған үйдің қабырғасына (Жамбыл көшесі, 165) ескерткіш тақта орнатуға да илікпеді. Жоғарыда айтқан Иманғалиға хатымда ол жәйтті де хабарлағанмын, өкінішке қарай – әлі ешкім ишарат та жасамай отыр, осыны да ескеруіңді сұраймын.

Оспанханның қандай әзіл-сықақшы екенін, құрметті Мұхтар, өте жақсы білесің, ол классик қой! Төрт томы шыға қалса, бірер айда сатылып кететіні сөзсіз, яғни, қазіргі кейбір “классиктеріміздің” жинақтарынанша әкімдердің дізесімен өткізуге тура келмейді. Мұны

да жақсы білетініне шүбәм жоқ. Ендеше, өзің уәде еткен төрт томын биыл шығаруға мүмкіндік тапқайсың, оған қабілетің жететініне сенімім нық. Егер премьер-министрдің қосымша бір ишараты қажет болса, оны тезірек айтқайсың, Иманғалимен байланысайын, әу баста құптағанынан айни қоймас.

Тек жақсылықтарыңа тілектеспін!

2005 ж., ақпан.

(Жауап келмеді.)

\* \* \*

### **Құрметті МҰХТАР!**

Өпелі кезең дейміз, уақыт-заман ыркы дейміз, өміріміздің қай саласында болсын, әйтеуір, қиындық кездесіп жатыр ғой. Тек кейде сол қиындық шіркінді қолдан жасайтынымыз жараспайды-ақ. Бір ғана жәйтті айтар болсам, шетелдік музыка аспаптарының басакөктеп бара жатқаны жаныма батады. Өз басым театрлардағы концерттерге барудан қалдым, шаңырақты шағып, көтеріп тастардай тарс-тұрс дабысқа шыдап отыру мүмкін емес. Бірде Мәскеудің авиазауытында ұшақ моторын сынау сәтінде цехта ұмыт қалған қаңылтыр шелек жаңқа-жаңқа болған екен, біз сол шелекке айналып барамыз. Концертте оркестрдің «сүйемелдейтіні» соншама, кейде әншінің дауысын «жеп» қояды. Сол даңғазаға қайсыбір «жаңашыл күйші-сазгерлер» электр домбыраны қосып, оны даурыға насихаттап жүр. Ол «үннің» шыңылдап, шырылдап, шикылға ұқсап, тыңдаушының жүйкесін жұқартатыны ойында жоқ. Меніңше, бұл «жаңашылдыққа» қалайда бірте-бірте тосқауыл қою керек. Оның есесіне домбыра оркестрін көбейту, қазақ туа әлдиден тыңдаған әсем қоңыр үннің өрісін кеңейту қажет. Домбыраға табиғи ішекті тағып, қармақбау, сым дегендерден арылу керек. Өйтпейінше қоңыр үн қазағын қайта таба алмайды.

Қоңыр үннің біздегі бір ғана жанашыры, жоқшысы Жұмагелді Нәжімеденов екенін білетін шығарсың. Ол лекция оқып та, мақала, кітап жазып, қоңыр үніміздің құдіретін түсіндіріп-ақ жүр. Нәтижесіз де емес: бірнеше мектепте домбыра оркестрін құрысып, өзі ойлап тапқан сандық жүйемен ән-күй тартуды үйретіп, сол оркестрлердің тіпті «Ел әнімізді» (гимн – Ел әні. «Әнұран» емес!) орындауына жетісті. Сандық жүйесі – ғажап жаңалық! Ол өнері, егер біз жақсылап

насихаттай алсақ, қазақтың ғана емес, өзге ұлттардың да сазгерлерін, әуен зерттеушілерін сүйінтер еді. Нотадан әлдеқайда оңай, жеңіл. Нотаға байланып қалмай, жаңа тәсілге ден қойсақ, ол қазақ халқы үшін мақтаныш, абырой болмас па?! Осы тұрғыдағы ойым екі-үш гәзетте жарияланды, ең толығы – биыл «Жас қазақ» гәзетінде шыққан «Домбыра. Қоңыр үн және сандық жүйе». Оқыған боларсың. Ендігі айтпағым, тілегім: Жұмагелді Нәжімеденовті шақыртып алып, әңгімелесіп, ғажап еңбегіне көз жеткізіп, жұмысына жәрдем жасағын. Қазақ халқының нышаны («бренд» десіп жүр ғой) – құдай берген қоңыр үнді домбыра десек, ол Үкіметтің тарапынан қолдау күтулі.

06. 10. 2009 ж.

(06. 11. 2009 ж. Жауап жоқ.)

### **АРУАҚТЫ АРДАҚТАҒАН ҚАЗАҚ ЕДІК...**

*Мәдениет және ақпарат министрі  
Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД мырзаға  
Жазушылар одағы басқармасының  
төрағасы Нұрлан ОРАЗАЛИН мырзаға*

**Құрметті МҰХТАР!**

**Құрметті НҰРЛАН!**

Екеуіңнің назарларыңды мына мәселелерге аударғым келді:

1. Шәкәрім Құдайберді ұлының шығармалары 1988-жылдан бастап үш рет баспа жүзін көрді. Ақын аруағына әу дегенде-ақ қиянат жасалғанын, яғни оның өлеңдері мен дастандарында кездесетін діни сөздердің көпшілігі «атеистік түзетуге» ұшырағанын ғалым Қайым аға Мұхамедханов пен Мұхтар Мағауин, т. б. қынжыла жазды. Қәкең ақынның өзі барда, 1912-жылы шыққан «Қазақ айнасы» жинағымен салыстыра отырып дабыл қақты. Беталды «түзетуге» қоса Шәкәрімнің бір өлеңінен 2-3 өлең жасау, бір өлеңінің шумақтарын басқасына қосып жіберу, кейбір өлеңдерінің алдыңғы, немесе соңғы бірер шумағын алып тастау сияқты сорақылықты нақтылап айтты. «Ол сыни мақалаларға мән беріледі, Шәкең жинағы дұрыс қалпында қайтадан шығарылатын болады» деп ойлағандардың бірі мен едім. Ойымның «орынсыз» екеніне көзім жеткен соң, Шәкәрімнің аруағынан да, Қайымның аруағынан да аттап кеткендік туралы былтыр

(2008-жылы) үш мақала жаздым: «Қазақ әдебиетінде» («Шәкәрім «атеист» күйінде қала берсін бе?». 1-наурыз); «Жас алашта» («Ақын атамыз Шәкәрімнің аруағына хат». 25-қараша); «Ана тілінде» («Марқұмның маңдайына «атеист» болу жазылған екен. Әбіш Кекілбайға ашық хат». 27-қараша) жарияланды. Әдеби жұртшылық, Мәдениет министрлігі назар аударсын деген ниетпен әдейі әр гәзетке ұсындым. Алайда, орынды ренішке мән беруші табылмай жүрер ме екен деген қауіп, өкінішке қарай, расталды, жоғары-төменнен: «Ау, бұл қалай?!» деген дауыс естілген жоқ. Ал ақын жинақтарын 2006 және 2008-жылдары басып шығарған Роллан Сейсенбаев болса (Жидебайдағы Абай клубының, «Аманат» жорналының басшысы), Шәкәрім Құдайбердіұлының әдеби мұрасын мұқияттаудың орнына 1988-жылғы жарымжан жинақты сол күйінде екі мәрте қайталай салғанына ешкім не ауызша, не жазбаша өкініш білдірмеді! Клуб жорналының редакциялық алқа мүшесі Әбіш Кекілбай өзіне әдейілеп жазған ашық хатымды жабық қалдырды.

Ендігі жерде бұндай «тапқырлық тәсілдерге» төзуге болмайды деп білем. Ақын туындыларын «Қазақ айнасы» негізінде жаңадан шығаруға арнаулы комиссия құрылып, жинақ жауапкершілігі бар үкіметтік баспаға берілуі керек те, Шәкәрімнің келесі мерейтойын күтпей-ақ, мысалы, биыл жарық көруі қажет.

Нұрлан! Шәкәрім қажының 150 жылдығына арналып Алматыда өткізілген салтанатта ақынның 70 – 100 өлеңін жатқа айтатын төрт шәкірт өнер көрсеткеніне куәсің. Ниет түзік. Бірақ додаға ұшыраған өлеңдер солайша насихатталып кете барса, кейінгі ұрпақтары қажы аталарының «атеистігіне» шүбәланбайтын болады емес пе?!

Менің және бір қайран қалатыным, түсіне алмайтыным: Шәкәрімнің Астанада, Семейде, Алматыда болған тойларында суырылып сөйлеген, тойдың алды-артында баспасөзде құлаш-құлаш мақала жазған талапты жас әдебиетші-сыншылардан бастап, академик ағайындарға дейін бірде-бірі ақын мұрасына жасалып келе жатқан қиянат туралы ләм-мим деген жоқ. Яғни, олар Қайым аға бастап, Мұхтар және басқалар костап жазған отыз шамалы мақаланың бірде-бірін оқымаған, «осылай айтсақ, осылай жазсақ қателесе қоймаспыз» деген оймен баяғыдан жаттанды сөйлемдерді тізіп шыққан. Апырым-ау, мәселен, Қайымның ең болмаса бір мақаласына

көз жүгіртсе, бейтарап қала алмас еді ғой?! Әлде бұл бейтараптылық, немқұрайдылық, үнсіздік «өзі жоқтың көзі жоқтың» тағы бір дәлелі ме?

2. Жазушылар одағы әдеби аударма туралы кең мәжіліс өткізуге тиіс. Неге екенін осы әдеби апталығымызда шыққан «Бетімен кеткенде береке болған ба?!» атты мақаламда айттым (2006-жыл, қазан), соның мазмұнын еске салайын. Ілияс Есенберлиннің «Көшпенділері» орыс тіліне еркін аударылғаны былай тұрсын, ағылшын тіліндегі нұсқасында Абылайды да, Бұқар жырауды да, Кенесарыны да, басқа хан-батырларымызды да тарихи тұлға деуге болмайтын еткен. Аты-жөндерінің әрқалай құбылтылғанын былай қойғанда. Бұл туралы ағылшын тілінің маманы Нүрсәуле Рсалиева республикалық төрт гәзетке, бір жорналға («Жалын») жанайқайлы мақала жазды. Танданбасқа, қынжылмасқа лаж не, әдеби қауым оған да селт еткен жоқ.

Түйін-сауал. Шіркін-ау, төл әдебиетімізге нұқсан келіп жатқаны жайындағы осы бір орынды сын-пікірлер ешқайсысымызға шынымен ой-түрткі болмағаны ма?! Бүгін осылай, ал ертең тіпті әдебиетіміздің де керегі шамалы деп жүрмейміз бе?

*06. 01. 2009-жыл.*

(06. 02. 200 жыл. Жауап жоқ.)

\* \* \*

**Құрметті МҰХТАР**, бұл хат арқылы айтпағым:

1. Шәкәрім Құдайбердіұлын атеист етіп қойғанымыз туралы мақала Қайым Мұхаммедхановтың жазғанынан беріде де жалғасып жатыр. Мысалы, мен: «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі», «Жас алаш» гәзеттеріне жаздым. Жұрт назарын аудару үшін. Өкініштісі сол, оң пікірді қолдау болмай келеді. Гәзеттерден: пәлен мектепте Шәкәрім шығармаларын оқудан бәйге болды, ақынның 70-80-90-100 өлеңін жатқа айтқан шәкірттерге силық берілді, дегенді оқып жүрмін, яғни діни сөздерін біз алып тастаған өлеңдерін жаттату арқылы Шәкәрімнің «атеист» екенін насихаттай түсудеміз. Бұл Ұлы Аруаққа қиянат емес пе? Меніңше, Шәкәрім шығармаларын түпнұсқасы негізінде академиялық деңгейде үкіметтік баспадан шығуы қажет.

2. Абайтану, Шәкәрімтану және Мұхтартану мәселесінде теңдессіз еңбек еткен Қайым Мұхамметхановтың әдеби мұрасы аса мол.

Бала-немерелерінің жиып-теруі, компьютерлеп теріп тәртіптеуі нәтижесінде шығармалары жарық көріп жатыр. Бүгінге дейін 6 том шықты. Ол сериядан тыс «Тағдыр және Карлаг» деп аталған жеке жинағы (тараламы 200 ғана дана), «Қайым туралы сөз» оқырмандардың қолына тиді. Балалары әке атында қор ашып, Қакеңнің әдеби мұрасын реттеуді әлі де жалғастырмақ. Осыншама қыруар жұмысты атқарушы оларға үкімет тарапынан материалдық көмек көрсетілсе жөн болар еді. Қакеңнің ғалым қызы Дина Министрлік өткізбек тендерге «Организация работы по сохранению культурного наследия Каюма Мухаметханова» деп аталған жоспарларын жолдапты (лоты 93), мүмкін сол тұрғыдан жәрдем болар.

Сондай-ақ, Қакеңнің Алматыдағы тұрған үйінің сыртына ескерткіш тақта орнатса да артық емес (мұрасы сол үйде, Дина атты қызының қолында). Қайым ағаның кім болғанын, бүкіл еңбегін жақсы білесің, бұл ұсынысты қолдайды деп ойлаймын. Егер естімей қалмасам, Алматыда Қакең атында көше де жоқ.

3. Алдымыздығы саршатамызда (август айында) қазақ жеріне қасірет әкелген Семей полигонына, яғни бірінші жарылыс жасалғанына 60 жыл толады. Әрине, ол ашу-ызамен аталып өтілетін болар. Ал Семей обкомының бірінші хатшысы Кешірім Бозтаевтың полигонды жабу күресін батыл, ашық бастап, М. Горбачевке жеделхат жібергеніне 20 жыл толғаны аталмай қалды. Оның есесіне «Невада-Семипалатинск» қозғалысының 20 жылдығы халық-аралық конференция дәрежесінде тойланды. Оның жетекшісі болған Олжас Сүлейменов егер Бозтаевтың қимылы болмаса, қозғалысының тумайтынын біле тұра өзін өзі дәріптеп, Бозтаевты атамай, есіл Азаматтың аруағынан аттап кете береді. Мынау конференциясында да «Мен жаптымынан» жаңылмапты. Ұят қайда? Иман қайда? Оның бұл ойсыздығы туралы мақалалар жазылып жатыр, бірақ ол шімірікпейді. «Невада-Семей» АҚ жемқорлықтың ұясына айналдырылғанын да жұрт білмейді деп ойлайтындай.

Енді жасар ұсынысым: айтылған 60 жылдық алдында Кешірім Бозтаевтың «Синдром Кайнара», «Семпалатинский полигон», «29 августа» атты жұқа үш кітабын тұтас 1 том етіп шығару керек-ақ! Үшеуінің көлемі 30 баспатабақтан аспайды. Бұл кітаптар – Семей полигонының тарихы, ол тарихқа кімдердің қандай қатысы болғаны ақиқат тілімен жақсы баяндалған.

3. Келесі жылы Әнуар Әлімжановтың туғанына 80 жыл толады, мамыр айында. Ұлы Мұхтар Әуезовті КГБ-ның құрығынан құтқарған, шет жұртқа Қазақстанның, қазағын танытуда аса мол еңбек сіңірген бұл Азаматтың 70 жылдығы жетім қыздың тойындай болып өткізілді. Мұхтар Омарханұлы: «Егер Бірінші Петр Европаға терезе тескен болса, Әнуар – Азияға барынша ашты» деп бағалаған Әнекеңнің мерейтойын республика дәрежесінде өткізуді қолға алғайсың. Мен Әнекеңнің 70 жылдығына құрастырып шығарған естелікті («Әлем таныған Әнуар – Признанный миром Ануар») толықтырып, мөлшері 30 баспатабақ дайындап қойдым, компьютерден өткізілді, макеті де жасаулы, – осыны «Атамұра» баспасынан шығаруға қол ұшын берсең деймін. Мерейтойда баяндамашы болуға да дайынмын, қазақ, орыс тілдерінде шыққан мақалаларымды қайта қарауым ғана керек.

4. «Нұр Астана» баспасынан «Қазіргі қазақ сатирасы» айдарымен кітап шыға бастаған екен – бәрекемді! – соған мені де қатыстырыңдар, жасымның 75-ке толуына тартуларың болсын (менің анау да мынау жасымды ресми тойлайтын әдетім жоқ).

Осымен тәмәм.

Баршаңа жақсылық тілеймін!

02. 02. 2010 ж.

(02. 11. 1011 ж. Жауап жоқ.)

\* \* \*

### **Құрметті МҰХТАР!**

Өзіңе өте жақсы жайт: бұл өмірден тағдыры тым күрделі болып өткен тарихи тұлғаның бірі – Қайым МҰХАМЕДХАНҰЛЫ. Жазушы, ақын, аудармашы, сыншы. Қоғам қайраткері. Абайтануға аса мол үлес қосты. Шәкәрімтанудың негізін қалады. Мұхтар Әуезовтің дос-шәкірті. Қазақ республикасының тұңғыш Ел әнінің авторы (Гимнді «Әнұран» деу жөн болмады). «Халық жауы» делініп, 25 жылға сотталған «атағы» тағы бар. Бұл тұлғаның әдеби мұрасын халықтың игілігіне жарату мақсатымен Мәдениет және бұқаралық ақпарат министрлігіміз Қайым шығармалары жинағының 10 томын шығарып, жұртшылықтың шексіз алғысына лайық шараны жүзеге асырды.

Аяулы әкенің әдеби мол мұрасын халқына ұсынуды ұйғарған ұл-қыздарының еңбегін бір ізге сала жүйелеу, насихаттау ісін Қакеңнің қызы, ғылым докторы Дина басқарып, көп жұмыстың тыңғылықты



атқарылуына қол жеткізді. Ол ашқан «Қайым Мұхамедханов атындағы Білім және мәдениет қоры» Қакеңнің өмірі мен шығармашылығы, қайраткерлігі, ғалымдығы мен әдебиетші-аудармашылығы хақында бірнеше мәрте «Үстел-басы әңгіме» («Дөңгелек үстел» емес!) өткізді.

10 томды құрастырып, түсінік жазып, баспаға дайындаудай қыруар істі Ербол Іргебай атқарып, әдеби қауымды, Қакеңнің аруағын риза етті дей аламын.

Ал Қакеңмен көп жыл қарым-қатнаста болған ғалым Тұрсын Жұртбай сіңірген еңбек өз алдына мол. Десем де, Тұрсынның «құлағына алтын сырға» деп айтарым: ол 10-томның алғысөзі ретінде жазған «Орындалған аманатында» әке-ұстаз аманат еткен, өзі перзент-шәкірт ретінде қабылдап алған парызының бір қайырымы аяқталған сияқтыны шүкіршілікпен айтып, бұл 10-шыны «соңғы том» деп тұжырыпты. Дина ашқан Қор дербес жинақ құрастырып жатқанын мәлімдеп, онтомдықта қамтылмаған мұраларды солар толықтырар деп үміттеніпті. Әлбетте, «үміт» – жақсы сөз. Бірақ оның ақталуы оңай бола бермейді ғой. Мен Дина Қайымқызының Қорында сан қырлы талант иесі болған Қакеңнің қамтылмай қалған мұрасын Сенің Министрлігіңнің көмегінсіз игеруге мүмкіндік жоқ деп білем. Балаларының есебінше, Қайым ағаның мұрағатында әлі 5 том болар дүние жатыр. Қакеңмен жиырма жыл аралас-құралас болған інісі ретінде мен балаларының пікірін қостаймын. Мысалға жазысқан хаттарын алсақ, арнаулы 1 том болар ол әдеби еңбегі мейлінше құнды. «Әдеби еңбегі» дегенді әсіресөз етіп қолданып отырған жоқпын. Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Сәбит Мұқанов, Бейсембай Кенжебаев, Дмитрий Снегин, Бек Сүлейменов, Хамит Ерғалиев, Әзілхан Нұршайықов... сынды тұлғалармен (жиыны қырықтан асады), Мәскеулік әдебиетшілермен, заң орындарымен жазысхан хаттарының өзегі – қазақ әдебиетінің мүддесі. Ал Абайдың, Шәкәрімнің, Міржақып Дулатовтың және басқалардың ұрпақтарымен хабарласып, ақылдасып жүргендегі ойлары – қатпар-қатпар қазына. Соның бәрі бүгінгі де, кейінгі де ұрпақтарына жетуі керек. Қайталап айтайын: бұл қыруар да қасиетті жұмыс Мәдениет министрлігінің жәрдеміңсіз уақтылы арна таба алмайды.

Мен бұл пікірді Қайым ағаның бүкіл шығармашылығымен таныс болған соң, қаламынан туған ескірімес ой-толғамдары кәдемізге толық асса екен деген тілегім болған соң айтып отырмын.

Қайым ағаның аруағы алдындағы азды-көпті парызымды өтеу үшін мына 10 томға мен де хал-қадари үлес қостым. Қакеңнің «Тағдыр және Қарлаг – Судьба и Карлаг» кітабының қолжазбасын оқып, жауапты редактор міндетін атқардым. «Қайым туралы сөз – Слово о Каюме» деп аталған естеліктер жинағын да қолымнан өткізіп, жауапты редактор болдым.

Ғалым журналшы Алла Белякинаның «Человек-легенда» хикаятын қазақшаладым. «Шәкәрім мен Қайым тағдырлас – Шакарим и Каюм. Сплетение судеб» делінген жинақтың да жауапты редакторымын. Бұл жинақта Шәкәрімтанудың негізін қалаған Қакеңнің жанайқайы бар. Марқұм Шәкәрім Құдайбердіұлы «халық жауы» деген жаладан ақталған соң «Жазушы» баспасы 1988-жылы Таңдамалы шығармаларының біртөмдік жинағын шығарған. Шәкәрімнің өмірін, ақындығын сырттай білетін көпшілік қуанғанда Қайым аға қатты күйінген. Оны «Құдай» деген сөзден құдай сақтасын...» мақаласын оқыған адам анық сезіне алады. Ол мақаласы «Қазақ әдебиеті» гәзетінің 1989-жылғы 17-санында жарияланған. Қакең 1988-жылғы жинақты ақынның көзі тіріде шыққан «Қазақ айнасы» кітабымен салыстыра оқып, «жаңа» жинақта түпнұсқадағы: «құдай, алла, тағдыр, жазмыш, дін, мұсылман, ораза, намаз, азан...» сияқты діни сөздер түгел дерлік өшіріліп, орындарына «өзіміздің» сөздер қойылғанына күйінді. Өте өрескел «түзетуден» бір ғана мысал. Ақынның:

«...Ақ ісіңе **құдай** жақ,  
Адамнан тіпті шошыма», дегені  
«...Ақ ісіңе **адам** жақ,  
Адамнан тіпті шошыма», –

деп «жаңартылыпты». Түзеткіштер қазақта: «Аққа құдай жақ» деген көне мәтел барынан хабарсыз болса керек.

Қакеңнің жанайқайын жалғастыра Мұхтар Мағауин көлемді мақала жазып, жинақты шығарғандардың әсіресеуаттылықтарын қатты сынады. Гәзет-журналдарда басқа да бірнеше мақала жарияланды. Ал 2000-жылы мен «Шаһкәрім. Жол табалық ақылмен» деген қалың кітапты көріп, ақын шығармалары түпнұсқасы бойында шығарылған болар деп қуана алып оқысам, – 1988-жылғы жинақтың көшірмесі! Даярға маярлық! Қажы ақын «атеист» етілген қалпында! Мен де ашына дабыл қақтым. Республикалық гәзеттердің үшеуіне мақала, Семейдегі

«Шәкәрімтану ғылыми-зерттеу орталығына» хат жаздым. Жым-жырт. Назар аударарлық дәнеңе болмағандай. Шәкәрім шығармаларының сол «жарымжан» жинағы одан кейін де екі рет қайтадан басылды. Өкінішті ме? Әрине!

Қайым Мұхамедханұлының мұрағатжайында жатқан еңбектерін шығармасақ, онымыз да өкінішті болады.

05. 02. 2013 ж.

(05. 03. 2013 ж. Жауап келмеді.)

\* \* \*

### **Құрметті МҰХТАР!**

Құдай құрдас етіп жаратқан, қаламдас етіп табыстырған, алайда, өшпес өкінішімізге қарай, аты шулы «халық жауы» науқанында албасты ажал біреуін қалдырмастан бірге алып кеткен Үш Дос болды. Сәкен Сейфуллин, Илияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин. Қазақтың да басына қасіретті үйіп-төккен сол аласапыранда Сәкең мен Ілекеңнің дұзаққа іліккендері түсінікті: үлкен-кіші саяси жиындарға қатысып, айтысып-тартысып жүрді. Әсіресе Сәкең. Ол Кремльге, Сталинге дейін барған. Ал Би-аға өйтпеген: – Айқай-шуларыңа өздерің бара беріңдерші! – деп кеңседе қалып қоятын болған. Ию-қию жиналысқа барса айтар ой-пікірлерін оңашада, әдетінше сол қолының сұқсаусағымен шашын ширатып отырып, оң қолымен қағаз бетіне әзіл-сықақ өлең-әңгіме етіп түсіре берген.

Би-ағаның сол бір кезеңде, одан бұрынғы ашаршылық жылдары жазғандары кеңес кезінде шыққан жеке жинақтарына да, көптомдығына да енгізіле бермеген. Саясаттың сақасына айналған сауысқан баспагерлер бүгі мен шігін, омпысы мен томпысын түгендеп, дәуір мен өзіне дұрысын ғана алып отырған. Ал Би-ағаның анау жақ пен мынау жақтағы үлкен-кіші мұрағатжайларда, гәзет-журнал тігінділерінде шашылып жатқан әдеби дүниелерін жеңін түре түгендеп, Би-ағаның бірегей шәкірті Оспанхан Әубәкіровше айтқанда, «көз майын көжеқатық ете» айына, жылына сай сұрыптап, нағыз көптомдығын жасаған адам – әдебиетші ғалым, жазушы Бейісқұлов Тоқтар Әбдірахманұлы!

Тоқаң тұтас бір институттың жұмысын атқарды дей аламын. Оның мұқият құрастыруымен 2004–2009-жылдар аралығында Би-аға шығармаларының 10 томы «Қазығұрт» баспасынан жарық көрді.

Сол аса игілікті іс жайында әңгімелесіп жүрген сәттеріміздің бірінде Тоқаң:

– Би-ағаның жазғандары әлі 3-4 том болады. Аудармалары да бар екен, ол бір кітап шамасында. Баспаға тапсыруға дайындап қойдым. Апырым-ай десеңші, Би-аға ғажап еңбекшіл болыпты!» деді.

– Тоқа, Би-ағаның аруағы сізге риза десем, асылық айтқаным болмас. Сіздің еңбекшілігіңіз де ғажап! – дедім, шын сүйіне.

– Ол енді әрқайсысымыздың парызымыз іспеттес жұмыс қой. Мен Би-ағаның шығармашылығына ерте ден қойдым. Соның белестік бір қорытындысы – Мәскеудің Жоғары партия мектебін бітірердегі диплом жұмысымның тақырыбы «Бейімбет Майлиннің очерктері» болғаны. Марқұм ағамыздың «бір сыры мен сегіз қыры» айтып тауысқысыз. Ал біз соны толық біле алмай, жете бағаламай жүрміз. Мұны айтқан сайын көкейімде үлкен өкініш тұратынын білесің ғой. «Қостанай қаласында Бейімбет Майлин мұражайы болса екен!» дей-дей шаршадым, – деген Тоқаңның үнінен кең кеудесіне симауға айналған қалың қыжыл жатқанын аңғардым.

Әдебиетіміздің іргетасын қаласқан тарихи тұлға Бейімбет Майлиннің көптомдығын әзірлеуге кірісуді қарымды қаламгердің адами, жазушылық өмірін, тағдырын зерттеуден бастап, соның нәтижесінде әдеби-ғылыми сипатты бес кітап жазған Тоқаңның көкейіндегі қыжыл-өкініш көпшілікке мәлім шығар. Туып-өскен жерінде Би-ағаның мұражайын ашу жөнінде үлкен гәзеттерге әр тұрғыдан мақала жазды, тиісті министрлікке, үкіметке ашық хат жолдады. Бірақ, не шара, бәрі де ескерусіз қалды. Маңызды мәселеге мән бермейтін тоңмойындық кімнің жүйкесін шабақтамасын!

Би-ағаның мұражайын салу күрмеуі жұмбақ тың шаруа емес қой?! Үш достың екеуіне – Сәкен Сейфуллинге Астана қаласында (Ақмолада), ал Илияс Жансүгіровке Талдықорған қаласында мұражай ашылып, ескерткіш орнатылғалы қашан! Би-ағаның Қостанайының, үкіметіміздің басшылары Бейімбет Майлиннің кім болғанынан әлде хабарсыз ба?.. Әйтеуір, осы бір керенаулықтың мән-жайын біле алмай жүрміз.

*(30. 05. 2013 ж.)*

*(30. 06. 2013 ж. Жауап келмеді.)*

## **Бә-ре-кел-ді!!! БАҚЫТГҮЛ, лауреат атағын құтты болсын!!!**

Марқұм әнші апайымыздың әлгі анау «ақ бірдеңесі» сірдеңе болғандай әйбәт әсерге бөленіп, ән шырқағым келіп еді – дауыс жоқ; би билегім келіп еді – аяқ үшеу; күй тартқым келіп еді – құдай қарызға болса да қабілет бермеген... Содан кейін, сенаттың таңдаулы депутаттарының тізіміне бұйрықпен ілініп кетпей тұрғанымда байырғы қаламымды баяғы оң қолыма алдым: Уа, оқырман халайық! Тәуелсіз қаламгерлерге бұйыруға тиіс жақсы ат-атақтардың көшін біздің Бақытгүл МӘКІМБАЙ бастады-ау қасқып! Журналшылар одағымыздың төрағасы Сейілғазы МАТАЕВ мырза батыл да әділ таңдау жасады-ақ! Әлгі-әлгі, анау әлгі нелер:

Журналшылардың ассоциациясы,

Журналшылардың академиясы,

Журналшылардың университеті,

Журналшылардың тағынемесі бар, – солардың бәрінше жыл сайынғы атақ-жүлдесін биліктің етегінен айрылмайтындарға ғана беріп отырмады. Дұрыс! Дұрыс болғанда қандай! БАКЕ, қаламынды қайрай түс! Құдайдан сендерге құнарлы 100 жас тілеймін!!!

*2011 жыл, маусым.*

## **Тарихшы кімнің қызметшісі?**

**Қадірлі Қарлыға ИБРАГИМОВА!** «Қазақтың басындағы шешілмеген мәселелер» атты топсұхбатынды оқып шыққан соң («Жас алаш») осы бір сұрақ ойыма орала берді. Оған танымал тарихшымыз МәмбетҚойгелдімырзайтқанпікірлерсебепшіболды. Ендігіәңгіменің басын ашып алсақ, мен Мәкеңнің сен қойған сұрақтарға қайтарған жауаптарын түсіне алмадым. «Тарихшы кімнің қызметшісі?» деуім сондықтан. Мысалы, Монғол Ғылым академиясының президенті: «Сіздер, қазақтар, Жошы ұлысына жатпайсыздар ма? Біз бір-бірімізге бөтен халық емеспіз. Шыңғысхан туралы неге сонша үлкен дау туғыздыңыздар? Ол жайлы небір ауыр-ауыр сөздер айттыңыздар?», дегенде Мәкең: «Шыңғыс хан туралы дауласып жүргендер – ғалым тарихшылар емес, жазушылар. Сондықтан уәжіңіз бен назыңызды жазушыларға бағыттаңыз. Тарихшылардың арасында ондай дау жоқ...» депті.

Екінші мысал. Мәкең: «Тарихшылар бәрін таразыға салып,

өлшеп-пішіп, кесім айтсын деген дұрыс емес» деп, одан соң: «... Неге француздың бірде-бір тарихшысы, ақын-жазушысы Робеспьер туралы нақты тоқтам айтайық деп айтпайды? Өйткені, қоғамдағы түрлі деңгейдегі әлеуметтік топтардың көзқарасы әртүрлі болады. Демократиялық, өркениетті қоғамда бұл табиғи нәрсе, сондықтан тарихи тұлғаларға байланысты кесім-пішіп шешім қабылдап, халыққа қабылдатайық деген болмайды» деп тұжырыпты.

Сонымен, монғол ғалымының екі сауалы да нақты жауапсыз қалды. Біріншіден, бүкіл қазақ Жошының ұлысына жатпайды. Көне де жана тарихи оқиғалардың қайсысының болсын өмірбаяндық ертелі-кеш уақыты, күмәнсіз-күмәнді негізі, ұқсайтын-ұқсамайтын тірлігі, ортақ та ортақ емес өркендеу-тоқырау себеп-салдары бар. Жошы ұлысына қазақтың қаншасы жатты, қаншасы жатпады – осы сыңайдағы жәйт.

Иә, біз бір-бірімізге бөтен халық емеспіз. Алтай тіл тобынанбыз. Монғол тілінде қазақтың түпатасты көне түріктің сөздері баршылық. Ол – ерте заманнан аралас-құралас болғандығымыздың нышаны.

Шыңғыс хан десек, оны ортақ тұлғамыз деп танып отырған бүкіл қазақ емес. Зиялы қауым өкілдері бастаған топтардың бір парасы оны «көсем» дейді, бір парасы «көсеу» дейді. Бір білгір «оның тегі – қазақ» десе, екінші білгір «жоқ, монғол» дейді. Мұхтар Мағауин: «Шыңғыс хан – біздің бабамыз!» десе, Мұхтар Шаханов: «Ондай бабаңа – нәлет!» дегенді айтады. Ақын-жазушылар қауымына бұл екеуінің де дәлелі иланымды көрінеді, көпшілігі: «Сенікі дұрыс», «сенікі бұрыс» дей алмайды, өйткені бұлайша кесім айтуға тарихи сауаты, өресі жетпейді. Ал саяси сауаты, өресі жететін тарихшы ағайындар, олардың бірегейі Мәкең: Шыңғыс ханға қатысты дау-дамайдың шыққанына, өрістеп отырғанына журналшылар, жазушылар кінәлі, деп қарап отыр. Баяғы «пәледен аулақ». Менің түсіне алмағаным – осы.

Әлем мойындаған қолбасшы Шыңғыс хан хақындағы қазақы айтыс – бір ғана тұлғаның ататегі жөніндегі ішкі әңгіме емес, сол тұлға іске асырған саясат жайындағы тарихи мәселе. «Шыңғыс хан басқыншы болды ма, ыдыраған түрік мемлекетін біріктіруші болды ма?» Даудың басы, міне, осында. Бұл дауды ақын-жазушылар, журналшылар ешқашан шеше алмайды, ортақ мәмлеге келмейді. Егер тарихшылар арағайындық әділ сөзін батыл айтпас болса, бұл айтыс ертеңгі, одан арғы шахановтар мен мағауиндерге де «азық» болады.

Мәмбет мырзаның Шыңғыс ханды «...аса ірі әскери және мемлекет қайраткері, тұлға ретінде білеміз. Сол тұрғыдан мойындаймыз» деп, даудан сырттап: «Қоғамдағы түрлі деңгейдегі әлеуметтік топтардың көзқарасы әртүрлі болады. Демократиялық, өркениетті қоғамда бұл – табиғи нәрсе» деуі менің көкейіме қонбады. Демократия топқа бөлініп алып, әркім аузына келгенді айта беру, ойына келгенін істей беру емес қой? Өркениет орынды-орынсыз, ала-құла ой-пікірдің ашық-шашық ауласы емес қой? Қайталап айтайын: аса ауқымды тарихи құбылысқа (Шыңғыс хан саясаты – тарихи кезең оқиғасы) тарихшылар төрелік айтпайынша ол созыла береді. Меніңше, Шыңғыс хан дәуірін зерттеуші тарихшылардан, бүгінде Шыңғыс ханды бірі «кемеңгер болды» деп, екіншісі «ол кесапат болды» деп жүрген жазушылардан, журналшылардан екшеулі комиссия құрылып, Шыңғыс хан билігі саясатының тарихына терең бойлай жан-жақты зерттеу жүргізіп, ортақ шешімге келіп, бір қазақтың екідай пікірталасын асқындырмауы қажет. Беделді комиссияның әділ сөзі тоқтам болары анық. Бізге Робеспьердің хикаясы емес, ата-бабамыздың: жер дауын да, жесір дауын да, батырдың құнын да бір ауыз сөзбен шешкен тарихи дәстүрі қымбат.

Тарихшы да – халықтың қызметшісі. Халықтың өміріндегі үлкенді-кішілі кереғар-талас болжам-байламның төбе биі – тарихшы. Яғни біздің тарихшы ғалымдарымыз: – Ей, журналшы, жазушы мырзалар, біз Шыңғыс ханның кім болғанын білдік, анық-танығы былайша, ал сендер додаға сала беріндер, дау-дамайларыңда шаруамыз жоқ! – деп бір шетте бейтарап отыруға тиіс емес.

*(14. 06. 2011 ж.)*

## **УАЙЫМДЫ «ИТШЕ ҚЫҢСЫЛАТЫП» ҚУЫП ЖІБЕР!**

### **Ардақты інім АЙДАР!**

Орда бұзар жасында қиын халге тап болған екенсің, алайда уайымдама, ауруға: «Әй, саған атыспақ керек пе, шабыспақ керек пе?!» деп қарсы тұр! Әрине, бұлайша ақыл айта салу оңай, бірақ мұны сенің басыңда бар сырқатқа тап болған, онымен алты жыл алысып, ақырында екі бүйрегін де жаңарттырып, ел қатарына қосылып кеткен бір кісіні білетіндіктен айтып отырмын. Ол – біраздан бергі танысым. Ал оның бір қызығы: аты-жөнін атауға келісім бермеді. Маған: «Он

жылда сенен басқа бір ғана адамға айттым, ауыздарыңа ие бола алмайтын ақымақ еместеріңді білем ғой!», деп әзілдеп құтылды. Айтпау себебін сұрап едім: «Түсімде жарықтық әжем: – Құлыным, бұл сырқатыңды айтып шашыла берме! – деген. Не екенін білмеймін. Мүмкін сен білерсің?» – деп күлді.

Ол әуелі Мәскеуге барған екен, бірақ оған операция жасамақшы хирургті екінші күні көшеде мотоцикл қағып кетіп, аяғы сыныпты. Сол оқиғаны жаман ырым деп білген, Мәскеуде қалғысы келмеген танысымды жанында жүрген інісі үш күннен кейін Омбыға алып барыпты. Жолы болып, операция сәтті аяқталған. «Айқын» гәзетінен жұбайыңның – аты да, меніңше, заты да Меруерт келіннің (Шекенованың) хатын оқығанда сол есіме түсіп, сендерге ақ жол, Тәңірберген мен Темірландарыңа мол қуаныш тілеумен осы хатты жазып отырмын.

Сөзімнің әліпбиіне оралсам, Айдар інім, шамаңның келгенінше сырқатыңды ойламауға, уайымдамауға тырысайсың. Сен Азаматсың! Ендеше, адал жарың мен балаларың сенің жүзіңнен жылы шырайды көбірек көретін болсын. Ауру айналдырған адамның бірінші жауы – уайым. Бірде осы уайым деген пәле туралы сөз бола қалғанда біздің Осекеңнің – Оспанхан Әубәкіровтің – хы-хы-хылап күліп алып: «Ол атаңа нәлетті маңайыңнан итше қыңсылатып қуып жіберсең, ең қызығы сол!» дегені бар.

Осекеңнің кітаптарын оқыған шығарсың? Ол күлкінің туы еді! Өзіне де, өзгеге де қатысты қызық жәйтті айтқанда ішек-сілеңді қатыратын. Сондай ғажап қылықтарының біреуін айтып берейін.

Бір күні Осекең аутобустпен үйіне келе жатады. Жолортадағы аялдамада аутобуска бірінші сыныпта оқитын Бедел деген кіші ұлы мінеді. Мектебінің тұсы болса керек. Әкесін көре қойған бала қуанып, қолынан ұстай алып:

– Папа, сен қайдан келесің? – дейді. Осекең бір қулық ойлай қойып, бөгде біреу бола қалып, қабағын шытып, қолын тартып алады. Ұлы қайтадан ұстап:

– Папа, қайдан келесің деймін, – дейді арсалаңдап.

– Әй, шырағым, көрінгенге жабыспай тұрсаңшы! – дейді әкесі кейіп, қолын тағы тартып алып.

– Папа, айтшы енді! – дейді баласы, еркелей түсіп.



– Айтқанды ұқпайтын неткен ақпақұлақсың, ә? – дейді Осекен түсін суытып. Жанында тұрғандар екеуіне қарағыштай бастайды.

– Папа, қойшы енді, айтшы! – дейді Бедел де жаңылмай.

– «Папаң» не айтып тұрған? Қайдағы «папа»? Өзің бір қызық бала екесің?! – дейді әкесі, долданыңқырап.

– Папа, сен менің папамсың ғой? – деп баласы бағжия қарайды.

– Әй, балақай, менің әйелім жоқ, мен әлі әйел алмаған адаммын. Әйелі жоқтың баласы болушы ма еді? Соны да білмейсің бе? Мектеп сендерге не оқытады өзі? – деп Осекен кәдімгідей ренжиді.

– Папа, сен қызық екенсің, мен сені танып тұрмын ғой? – дейді баласы бұртиыңқырап.

– Әй, шырағым, есінде болсын: кісіге кісі ұқсай береді. Менің әйелім де, сен сияқты балам да жоқ, ұқтың ба? Так что тыныш тұр! – деп әкесі баласынан теріс айналады.

– Иә, кісіге кісі ұқсай береді, – дейді әлдекім.

– Өз әкесін өзі танымайтын бала да болады екен, – дейді екінші біреу. Бедел аңырып тұрып қалады. Ал Осекен келесі аялдамада аутобустан түсіп, бір мәшінді тоқтатып міне сала зымыратып үйіне жетіп барып, әйелі Нұрсұлуға: «Мен кіші ұлды қатырып келдім, дымың ішінде болсын, мені сұраса: «Папаң бүгін үйден әлі шыққан жоқ» дерсің дейді де, дереу шешініп, төсегіне жата қалады.

Сәлден соң келген Бедел шешесінен әкесінің үйде екенін біліп, төсегіне жүгіріп жетіп барып, «ұйықтап жатқан» Осекенді оятып:

– Папа, папа! Мен жаңа ғана аутобуста түрі сенен аумаған бір кісіні көрдім! Тұп-тура сен сияқты! Мен оны сен екен деп қалып, «папа, сен қайдан келесің?» десем... оның әйелі жоқ екен, – дейді абыржып. Әкесі:

– Ойбай, балам, ол иттің әйелі жоқ екенін шешене айта көрме! – деп баласын құшақтай алып сүйіпті.

Сенің балаларың сондағы Беделмен шамалас көрінеді. Бір қылығынан бір қылығы тәтті кездері. Меруерт екеуіңнің солардың қызығын көретіндеріңе ешкім шүбәланбайды деп ойлаймын, өзім де шүбәланбаймын! Ол үшін денсаулық керек десек, сенің Омбыдан сауығып, оналып, жадырап оралатынына сенімдімін!

«Қарлығаш қанатымен су сеуіпті» деген, мен де сондай әрекет жасауды ниет етіп, гәзетте көрсетілген есеп-шотқа біраз теңге

тапсырып келдім. Алла оны саған жақсылыққа жұмсауды нәсіп етсін!  
*11. 08. 2011-жыл.*

**НҰРТӨРЕ!**

*Баламдай Айдардың халі қабырғамды қайыстырып жіберді де, қаламақыны ұмытқан зейнеткердің шамасына қарай әрекет жасадым (50.000 теңге «Халық банкі», ордер №57084.000061 КБе 19). Гәзетті оқыған Айдар, Меруерт езу тартса екен деген оймен Осекеңнің хикаясын әдейі қостым. Жөн ғой?*

*Бұл – «Айқын» гәзетінің бас редакторы Н. Жүсіпке жолдаған хатым. Ал Айдарға арнаған мақалам гәзеттің 13. 08. 2010 ж. санында жарияланды.*

Меруерт хатын интернеттегі Abai.kz сайтына да жіберген екен, сонда өздеріне тілеуестік білдірген пікірлерді шола отырып, маған:

«Сәлеметсіз бе, Ғаббас аға?! Айтқан сөзіңізге көп рахмет!! Жіберген ақшаңызды алдық!!! Деніңіз сау болсын, балалардың, немерелердің қызығын көріп, көп жасаңыз! Айдар дені сау болып, Сіз сияқты жасқа келсе, мен ең бақытты әйел болар едім! Рахмет!!!!» деп жауап жазыпты. Көңілім босап, қолымды жайып: «Ей, Алла! Жаратқан жақсы иеміз! Айдар мен Меруерттің отбасына амандық бере гөр! Ұрпақтарына бақыт сила!» деп бетімді сипадым.

*22. 08. 2010 ж.*

***Президент әкімдігінің жетекшісі  
Аслан МУСИН мырзаға***

**Құрметті АСЕКЕ!**

Жаңаөзен оқиғасына байланысты тұтқынға алынған Серік Сапарғали сотты болатындай қылмыс жасаған жоқ. Ол мұнайшылар мен компания басшыларын өзара түсініске шақырып, бітімге келтірмек оймен ол жаққа үш рет барған. Онда не айтқанын гәзеттер жариялады. Ол: мәселені ушықтырмайық, тіл табысайық, деп шырылдады. Сөйткен Азаматты не үшін жауапқа тартпақсыздар? Ойланыңыздар, қиянат жасамаңыздар. Соколова мен Винявский босатылады да, Сапарғали босатылмайды, сонда ол қазақ болғаны үшін де кінәлі ме?

*16. 03. 2012 ж.*

\* \* \*

Иә, Асеке, Сізге жолдаған бірінші хатыма жауап келер деп сендім. Маған жауап бермесе де, хатым арқылы Серік Сапарғалидың нендей себеппен тұтқындалғанына сұрау салар, ақиқатқа көзін жеткізер деп ойлап едім, амал не, ол үмітім де үзіле бастаған соң, міне, екінші хатқа кезек беріп отырмын. Сіз анау-мынау шенеунік емес, Қазақстан президентінің оң қолысыз (егер іс жүзінде солай болса), яғни маған ашық жауап қайтарасыз деп ойлаймын. Бұл хатымның да айтары – Жаңаөзендегі қантөгіске себепші болмаған, керісінше: мұнайшылардың үкімет аяқасты еткен құқын қорғауға жанын салған азаматтардың жазықсыздан жазықсыз жауапқа тартылып отырғанына Сіздің назарыңызды аудару. Иә, егер біздің билік мұнайшылардың компания басшыларына талабын жіті ескерсе, жеті ай бойы күйзелтпесе, бүгінгідей масқара сот болмас еді. «Қоғамдық тәртіпті бұзған» кәрі-жас мұнайшыларға сот үкімі шығып, енді ереуілшілерге күш қолданған, оқ атқан полицейлер қолға алынды. «Масқара» деуім, сот мәжілістеріне қатысушы саясаткерлер, тәуелсіз журналшылар солақайлыққа жол беріліп жатқанын айғақтауда. Халыққа оқ атқандар табылған да, оқ атқызғандар «табылмаған»!

Меніңше, жалпы бұл сот болмауы керек еді, болуға тиіс сот еңбектері еш бола бастаған мұнайшылардың заңды талабына бірден құлақ қоймаған биліктік шенеуніктерді жазалау керектігі еді. Олай болмады, біздің билік, әрқашанғысынша, «сүттен ақ, судан таза», – ол өзінің бойкүйез, тонмойын шенеуніктерін қорғап қалды; мұнайшылардың мүддесін көздей ашынып сөйлеген, ақиқатты жазған азаматтарымызды айыптап, мысалы, Владимир Козлов пен Серік Сапарғалиды тұтқындатып, Ақтауға сотқа апарып отыр. Болат Атабаев пен Жанболат Мамайды да сондай халге душар етпекші. Бұларға сонау Шаңырақ оқиғасында «полицейді өлтірген» Азамат ақын Арон Атабектің аяғын құштырмақшы!

Аталған азаматтарымыз, қайталап айтайын, сотталатындай қылмыс жасаған жандар емес. Козлов пен Сапарғали да, Болат пен Жанболат та Жаңаөзендегі жағдайдың өздері көз жеткізген ақиқатын ашып, халықтың сөзін сөйледі. Бірақ, амал не, билікшілдер «бүйректен сирақ шығарып», жалған куәлар мен жалаң лақапты ұстанып, шымбайларына бататын шындықтан қорқатын әдетіне басып отыр.

Билік жазықсыз жазаламақ мына төрт азаматтың Жаңаөзен

жайында не айтқандары, не жазғандары жұртқа да, Сізге де аян, оны қайталамай қосарым:

Азаматтық ар-ожданының тазалығы, сана-сезімінің биіктігі, өнерге құштарлығы шетелдік әріптестеріне әбден белгілі, сол ретте, мәселен, Германия ресми марапаттаған театр режиссеріміз Болат Атабекті біздің билік қылмыскер етпекші, шетелдік көрнекті өнер қайраткерлері таныған талантын біздің билік тәрк етпекші! Не үшін? Алған бетінен қайтпас турашылдығы үшін!

Ал Владимир Козловқа тағылған айыптың, меніңше, екі астары бар. Біріншісі: ол жетекшілік ететін демократияшыл партияны бірнеше жыл бойы санатқа қостырмай келе жатқан билік оны мүлде жауып тастауды көздеуде деп білем. Екіншісі: бұдан бір жарым жыл бұрын «президент Н. Назарбаев Қытайда болып, оларға бір миллион гектар жер беруге келісіп қайтыпты» деген хабар тарағанда алғаш ашық та ресми қарсылық жасаған В. Козлов еді. Оның сол дұрыс әрекеті «бәрін қадағалаушы» тиісті орындардың кара дәптеріне «бұрыс!» деп жазылып қалғанға ұқсайды.

Сонымен, Аслан Мусин мырза, Сізден менің ашық хаттарым жарияланған осы «Жас алаш» арқылы ашық жауап күтемін. Алдыңғы хаттарымнан хабарсыз болуыңыз мүмкін емес. Олар поштамен де барды және, «отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге тарайды» дегендей, бұл гәзетті Астана шенеуніктерінің, парламент депутаттарының көбі «көрсетпей оқитынын» білемін, ең болмағанда солардың қайсыбірі Сізге жеткізген де шығар.

*06. 06. 2012 ж.*

(07. 07. 2012 ж. Жауап жоқ.)

*Редакции газеты «Правда».*

**Хочу помочь г-ну Радзинскому Э.**

Недавно на странице газеты «Взгляд» был опубликован интервью писателя Э. Радзинского, который начинал свое «всезнание» со словами: «Десталинизация произойдет, когда перестанет действовать любимый лозунг Сталина «кто не с нами, тот против нас». После еще сказал о Сталине: «Он же нарочно разговаривал матом, об этом и Светлана Аллилуева пишет».

Интересно?

У меня возникли вопросы:

1. Я что-то не слышал и не читал, что у Сталина был такой «любимый лозунг». Поэтому позволю себе подсказать г-ну писателю источник его «находки»: Это – слова Христа из Евангелии от Матфея «Кто не со Мною, тот против Меня», чего использовал В. Ленин в 1919 году, адресовав не поддерживавших пролетарскую революцию социал-демократам: «Кто не с нами, тот против нас».

2. Я читал мемуары политических, военных деятелей, которые лично были знакомы со Сталиным, работали вместе с ним или под его руководством, и никто из них не сказал, что Сталин разговаривал матом. О «дурных привычках» Сталина любят распространяться те, которые видели Иосифа Виссарионовича только с трибуны мавзолея или с телеэрана. У нас, у казахов есть поговорка: «Если хочешь быть всеми узнанным, пускай «красного петуха». То есть, – пожар. Этим, по-моему, занимались волкогоновы, занимаются резуны и прочие писаки.

3. Г-н писатель делал ссылку на слова С. Аллилуевой. Я очень сомневаюсь, что книгу полностью писала она. Я думаю, когда она просила у Хрущева разрешения выехать за границу со своим мужем-иностранцем на постоянное место жительства, ей помогли «написать» нужные «для партии детали» и она вынуждена была согласиться «редактированием» своей книги. А по поводу похорон Надежды Аллилуевой правду сказал Артем Сергеев, который вместе с Василием Сталиным поднимали гроб, и ясно видел страдания Иосифа Виссарионовича (*газета «Завтра», 26. 04. 2006 г.*). Пожалуй, г-н писатель знает ту правду, но не хочет ее вспоминать.

В последние годы много сплетни-легенды пишутся про мертвого Сталина. Идет что-то вроде соревнования между антисталинистами под флагом «Хрущев-Солженицын»! Их в прошлом году в интервью с корреспондентом газеты «Известия» вдохновлял президент РФ г-н Д. Медведев. Он сазал: «Сталин – преступник!». Кто преступник, кто нет, ведь определяет только суд? Этого неужели не знал человек с дипломом юриста? Или он считал и считает себя Верховным судом Российской Федерации?! Ну когда так поступает президент страны, что ждать-то от резунов, радзинских?!

Вот о чем я хотел сказать г-ну писателю Э. Радзинскому. В порядке

помощи любителя истории, я предлагал бы ему познакомиться с книгами: Е. Прудниковой, Ю. Мухина, С. Кремлева, О. Каратаева, А. Яковлева, Д. Голованова... Также Беседа И. Сталина с А. Коллонтай (1939 год).

*Алматы. Казахстан.*

16. 04. 2012 г.

**«Егемен Қазақстан» газеті редакциясының  
қызметкері, журналишы Ж. СҮЛЕЙМЕНГЕ**

**Құрметті Ініміз ЖАРАСБАЙ!**

«Ештен кеш жақсы» ретімен айтайын дегенім: «Зылиха» атты очеркіңді бүгін ғана оқи алып, риза болдым. Шыншыл жылы лебізіңе Жеңгеміздің аруағы бір риза болған шығар.

Менің де еңбегімді әділ атапсың, – рахмет, 100 жаса!

Енді бір ескертпем бар. Мұрат Әуезов: «...Олжас бар, бәріміз ақша жинап, Зылиха апайға Мағжанның өлендерін мәшіңкеге бастырып, түптеуге көмектестік» депті. Ал ақиқаты менің естелігімде жазылғандай, яғни Зылиха жеңгемізден Мағаңның өлендерін, фотосын алғанымды тірі жан білген жоқ. Ресми ақталуынан 10 жыл бұрында (1977-жылы) басқаларға айтып дабыра жасауға дәт қайда, өзімнің қоластымдағы кассир-машинистка қызға құпиялап тапсырып, ақысын төледім (басекең екенмін деп еңбегін қанауға болмайды ғой!). Баспаханадағы таныс жігітке апарып едім, ол үндемеу ақысын қоса 250 сом сұрады. Келісіп, 100 сом аванс бердім. Әдеби қордың директоры атағым үлкен болса да, айлығым кіші – 130 сом. Ары ойланып, бері ойланып, Әуезов Мұрат ініме «құда түстім». Сәлеміміз түзу еді. Шақырып алдым да, мән-жайда айтып: «Шығармашылық қауырт жұмыс үстінде едім, соны ескеріп, материалдық көмек көрсетулеріңізді өтінемін» деп менің атыма арыз жаза ғой да, бухгалтериядан алып, маған әкеліп бер» дедім. Келісті. Ондай баппен Қор мүшелеріне жылына бір рет көмек көрсете алатынбыз, бірақ шегі – 120 сом. Соны алып, қалтамнан 30 сом тағы шығарып, баспа жағындағы қызметкерім Тойболдыға тапсырдым, ол екітомдықтан 4 дана етіп жасатқан сегіз кітапты будырып алып келді.

Олжас Сүлейменов Зылиха жеңгеміздің айтуымен екітомдықтың

бір данасын апарып бергенімде бір-ақ білді. Оның басқа ешқандай қатысы болған жоқ. Көп кешікпей, Одақтан Кинематографияға бастық болып кеткенінде, оның кабинетінде қалған керексіз кітаптармен бірге подвалға түсіріліп тасталған жерінен Сабырхан Асанов екеуіміз тауып алдық. «Ұлы» ақын Олжастың Мағаңның аруағын «қадірлеген» сиқы солай. Неге екенін білмеймін, әйтеуір, Мұрат тым олжасшыл, тықпалап мақтайды да жүреді. Ол әдетін Мұхтардың өзіне айттым да. Демек, Жарасбай, очеркінді кейін жинағына енгізер болсаң, Мұраттың аталған жалған сөзін алып тастағын. Ақиқаттың үлкен-кішісі жоқ, тек оны өтірікке жем етпеу жөн болады ғой.

Тек жақсылығыңа тілектеспін!

11. 03. 2013 ж.

(Мағаңның фотосын жолдап отырмын, керек болар.)

***Шығыс Қазақстан облыстық  
«Дидар» гәзетінің редакциясына***

**Құрметті Қаламдастар!**

Бір таяқты тірек етіп, біріне бірі сүйенген бүкір үш қария іспеттес 1999-жыл өткен шаққа айналды да, үш шеңберін сүйреген қаз мойынды 2000-жыл келіп... құзғынданып, Мараттың дәмін тауысты. Қабанбайдың Маратының!..

Ол Алтайдың түлегі еді. Қанаты қатайғанын күтпестен Зайсаннан Алатауды бетке ала самғап, талықпай жетіп, қаламгерлер қауымына қосылған-ды. Оқиғасымен, ойымен, тілімен тартымды «Бақбақ басы толған күн», «Арыстан, мен, виоленчель және қасапхана», басқа да әңгіме-хикаяттарымен танылған жас талап «Көркем дәм», «Айшылық алыс жол» романдарын, «Қазақ, қайда барасың?» деп аталған мақалалар жинағын беріп, жұртшылыққа тез танылып, әдеби қазынамызды үстемелеуге еркін кіріскен. Балалар әдебиетінің ең шоқтықты туындысына берілер Х. К. Андерсен атындағы халықаралық силықты Қазақстанда бірінші иемденген. «Пысық болдым, мінеки!» жинағы үшін. Сол кітәбін маған жымия ұсынып: “Қадірлі Ғаб-аға! Кішкене дүниемді таудай көріп қабыл алыңыз” деп еді...

Мараттың басқа жинақтары да кітапханамның сөресінде. Сағыныш сазы жетектегенде барып алып, ыстық қолтанбаларына көз жүгіртіп,

беттерін аударыстырып, көңіліме ұялаған, қарындаш ұшы “тиген” сөйлемдерін, сөз тіркестерін қайталап оқимын.

Мараттың жазғандарын оқудан жалыққан емеспін. “Жұлдыз” журналының, “Ана тілі” гәзетінің редакцияларында қызмет істеген жылдары ерекше серпілісті болды. Әсіресе, “Солдат” гәзетін ашып, азаматтық ой-пікірін еркін ашып айтуда Әнуар Әлімжановтан кейінгі аралықта дізгін тартыңқырап қалған көсемсөзді (публицистиканы) қайтадан қуаттандырды. Әлі есімде, гәзетінің бірінші саны шыққанын айтып шақырған күні барып, құттықтап, редакция кітапханасына әңгімелер жинағымды силап, біраз шүйіркелестік. Әрқашанғысынша анық сөйлеп, мақсат-мүддесін жазулы хаттай жайып салды. Гәзеттің бірінші Бас редакторы парызын қалай орындағаны оқырманның көкейінде деп білем. Гәзет бірінші көшбасшысының оңды да орнықты, әділ де батыл бағыт-бағдарымен, қаламгерлік қатаң да адал талабымен, білімділігіне тәнті еткен биік талғамымен қалыптасты. Гәзет ұсақ-түйекті тергіштеген жоқ. Билік басындағыларды сынап беру керек деген арзан дақпыртқа бой ұрмады. Экономикамызды, мәдениетімізді, ғылымымызды дамытуға, өнеркәсібімізді, ауыл шаруашылығымызды әлсіретпеуге, мемлекеттік тілімізді құрметтей білуге, ішкі-сыртқы саясатымызды сындарлы етуге, заман кәдесіне, халық мүддесіне сай демократияны аяқтандыруға және дамытуға, т. б. келелі істерімізге кімдер, нелер бөгет болып келеді, – соның бәрін анық, дөп жазуды ұстанды.

...Батыл, арлы Азамат, қара қылды қақ жарған Қаламгер болған, шығармашылық өнері дәуірлей бастағанда жолы ерте тұйықталған Марат «баспасөзіміз атқаруға тиіс жұмыс қыруар» дегенді жиі айтатын және ол жұмыстардың жүйесін, жолын, пәрменін саралайтын.

Марат «мықтыларға» құл болмады, ар-ұятын кресло мен портфельге айырбастамады. Заманындағы зияндыға қарсы күресіп өтті. Тәуелсіздікті жан-дүниесімен аялап, қаламымен қорғап бақты.

Қоғамның әрбір арлы мүшесі қоғамымен бірге күлуге, қоғамымен бірге ренжуге тиіс; қоғамының күлкісі көп, уайымы аз болуы үшін күресуге тиіс. Осы тұрғыда Мараттың мақалаларына өзек болған мәселелер тізбегі ұзақ-ты. Мысалы: мектептің, жоғары оқу орындарының хал-ахуалы; анау ала дорбалы әйелдердің мұң-зары; 2010-жылы қазақстандықтардың санын 15 миллионға жеткізу жөніндегі



“кезекті міндет” мәселесі; шенеуніктің ар-ожданы... дейміз бе, әйтеуір, айтары аз емес-ті. Халықтың санын көбейту үшін жұмыссыздықты жойып, халықтың денсаулығын жақсарту керек; Әйел-Ананың жан тыныштығын қамтамасыз ету керек; сатып жіберілген балабақшаларын қайта ашу керек, – бұлар жүзеге аса ма, жоқ па? Ауыл шаруашылығын көтереміз деген игі мақсатқа қол жете ме?.. Міне, осы мәселелер де Мараттың қалам қуатымен ортақ әңгімеге айналғанына куәмін.

Өмірден ерте озған Марат інімнің аруағына істеген қызметім «Кеңсайдағы» кабірі басына: «Қара қылды қақ жарған қаламгер Марат Қабанбайұлы» деген жазуы бар құлпытас орнатқаным болғанына тәубә деп жүрмін. Қажет қаржыны сол кезде бизнесте болған дархан азамат Нұртай Сәбілиянов берді. Әдебиетіміздің айтулы жанашыры Нұртай – бүгінде парламентімізде депутат.

Содан бері 14 жыл өтті. Өкінішке қарай: Жазушылар одағының, облыстың, Зайсан ауданының басшылығы қазақ әдебиетінің көрнекті тұлғасы болған, мәңгі жасар шығармалары шет елдердің де оқырмандарын баураған Маратты ел есінде қалдыруды ойластырмай отыр. Мәселен, Зайсан мен Өскемен қалаларындағы көшелердің, кітапханалардың біріне атын қойса әбден дұрыс болар еді-ау! Бұл – бір менің емес, Марат Қабанбайдың қалам құдіретін танып-білген көпшіліктің көкейіндегі ой дей аламын.

*21. 03. 2014 ж.*

.....  
*Мұны «Ұмытуға бола ма, ойлаңдаршы!..» деген тақырыппен «Айқын» газетіне де жолдадым. Қозғау сала беруім керек.*

### **Редакция газеты «Взгляд. Ру»**

#### ***Если не знает, то зачем пишет?***

Не так давно на странице Вашей газеты выступил то ли журналист, то ли историк Сванидзе Н. Вот одно предложение из его «золотых слов»: «Мы не знаем, с кем на самом деле собирался воевать Сталин: он же ненавидел западные демократии, в конце концов, использовал свою машину для того, чтобы договариваться с Гитлером, присоединить страны Прибалтики». Во как?! Он даже не от своего имени говорит, да и не понятно от чьих имен, хотя подчеркивал «Мы не знаем». Если лично он ничего не знает, зачем же писать что-то наугад? Это сравнимо

тем, что зашел человек в продуктовый магазин, чтобы купить сапоги. Ну это не так уж важно, поэтому я ему предлагаю прочесть бредовое выступление Гитлера на секретном совещании 31 июля 1940 годв в городе Бергхоф, где он заявил, что пришло время уничтожить СССР, нападав на нее через Прибалтику.

...Вообще-то господин Сванидзе не слишком виноват, поскольку и у него ориентир ясный и сильный. Я имею ввиду президента РФ господина Медведева Д., который однажды гаркнул на весь мир: «Сталин – преступник!». Наверное он\* – не только президент, но и сам Верховный суд Российской Федерации.

Правители РФ равнодушно отнеслись, если я не ошибаюсь, к свежему термину: «сталинизм – это гитлеризм». Архинтересно, хотя архичушь? Фашист Гитлер готовился поставить на колени весь мир, а Сталин его самого уничтожил. Кем надо быть, чтобы поставить между ними знак равенства?

**Габбас КАБЫШУЛЫ, журналист-писатель.**

Алматы, Казахстан. 28. 06. 2011 г.

.....

*\*Дмитрий Анатольевич Медведев (шын аты-жөні – Давид Аронович Мендель; 23 жасында шоқынып, орыс болып шыққан) 2011-жылы ақпан айында, «Известия» газетінің тілшісімен сұхбатында: Кешегі Ұлы Отан соғысында Сталин мен оның генералдары жеңген жоқ, біздің халық жеңді, дегенді айтты. Оның ол сандырағына қарсы мақалам – «Есть у меня вопросы» – «Советская Россия» газетінде (19. 05. 2011 ж.) «Голос народа» деген айдармен, «Открытое письмо казахского писателя президенту Д.Медведеву» деген қосымша тақырыппен жарияланды. Газет сайтында пікір білдіргендер мені қолдады. Көп ұзамай, шілде айында, жұртшылық алдындағы бір сөзінде, Медведев: Ұлы Отан соғысындағы жеңісіміз Сталиннің, Бас штабтың ұйымдастыра білуі нәтижесінде мүмкін болды, деп мәлімдеді.*

**Редакции еженедельника «АиФ. Россия, Москва»**

**Привет Басилашвили О.**

В №20 газеты «АиФ.Казахстан» опубликован интервью С.Грачева с актером Басилашвили, где последний говорит: «...Если бы тем людям, которые сегодня воспевают Сталина, сказали, что вождь

всех народов воскрес и завтра возьмется за управление страной, они застыли бы в ужасе! Первыми, кто отправился бы в лагерь, стали бы как раз эти воспеватели».

Вай, вай, какие «золотые» слова! Какой «дорогой» человек этот самый Басилашвили! Вах-вах! Какой «смелый» мужик, не боялся мертвого Сталина! Вай-вай, он не человек, а самый «пророк», не простой, а герой! Он наверное №1 актер России?!. В бедной Грузии такой №1 актер нету, а?! Там есть только Вахтанг Кикабидзе, да?!

Я думаю, что господину Басилашвили не хватает что-то совсем малое, ну, как бы правильно сказать... ну, да, ему не хватает 60 минут, да, не больше 60 минут, чтобы он, совсем занятой человек, прочитал книгу, скажем, Елены Прудниковой «Хрущев. Творцы террора» или книгу Юрия Емельянова «Сталин перед судом пигмеев», или книгу Гровер Ферра «Антисталинская подлость», или Юрия Мухина «За что народ за Сталина». Да, «или», «или», если этот Басилашвили прочтет одну только из этих книг, если он, да, №1 актер России, то у него, я думаю, будет «все в порядке», как говорят американцы.

Да, чуть не забыл, я прошу господина Басилашвили передать мой «пламенный» привет Сванидзе, наверное он хорошо знает его, а я только знаю, что он, Сванидзе, тоже №1 актер... нет, не актер, вот забыл-то я его как зовут, он или журналист, или писатель, или историк, или кто-то еще, но тоже говорит «золотые» слова о Сталине, вай, вай, как он говорит?!

Если бы Хрущев ожил, послушал или прочитал «золотые» слова этих Басилашвили или Сванидзе, то он бы целый день рыдал от счастья! Вах-вах!.. Вай-вай!..

*Алматы, Казахстан.*

*19. 05. 2016 г.*

**Көкбөріге**

**«ТанымТВ» директоры Жұмаш КЕНЕБАЙҒА**

**Қадірлі Інім ЖҰМАШ!**

Пенденің дүниеге келуі – Ұлы Құбылыс десем, өзімді қабыл алған бұ дүниенің бүкіл тыныс-тірлігіне ортақ болып, «Адам болып туған соң, қайтіп надан болайын!» деп өтуге санам жетсе де, шамам жетті ме, жетпеді ме, оны анық білмеймін, тіпті соны, имандай шыным,

саусағымды бүгіп санап жүру ойыма келген емес, ертеңгі күнге иек артып кете бердім. Әйтеуір, ар-ұятымды басымнан жоғары ұстадым, кірлетпедім. Өке-шешем силаған табиғи қуат-күштің негізгі иесі – Құдай өзі әрқашан қолдап отырған болар, күштімсініп күпінгендерге күнім түскен сәттерде ешқашан ешбіріне жасқана қарамадым. Кінәсіз кіріптарлыққа душар болған, немесе қолтығынан демеп жіберуімді күткен пендеге қызметіне, ұлтына қарамай жәрдем жасап жүрдім.

Сені біраздан бері білетінімесайтыңнан кешелі-бері оқығандарымды түйіндей қосымша айтарым: екеуіміздің жаратылысымызда ұқсастық барына көзім жете түсті. Тек мен баяу қимылдаймын, сенде шапшаңдық бар, – айырмамыз осылайша әжептәуір. Балшығымыздың иленгеніне қарай-ау!

Пайғамбар жасына келгеніңмен құттықтай отырып, Отбасыңа амандық тілеймін! Ұрпақтарыңда сенің азаматтығыңды жалғастыратындар көп болсын! Ұрпағымызға біздің уақытымыздан әлдеқайда берекелі заман бұйырсын!

*05. 06. 2013 ж.*

***Жұмаштың немересі – Аттила Кенебайды (палуан, 2-сыныпта оқиды) Алматы қаласы шәкірттерінің біріншілігіндегі жеңісімен құттықтау:***

Қыраннан қыран туар аспандайтын,  
Қарғадан қарға туар қыр аспайтын.  
Жүйріктен жүйрік туар сүйінтетін,  
Шабаннан шабан туар күйінтетін.  
Балуаннан балуан туар дізе бүкпес,  
Болбырдан болбыр туар күрес білмес.  
Шешеннен шешен туар мүдірмейтін,  
Мақаудан мақау туар мінгірлейтін.  
Бөріден бөрі туар көкжал болып,  
Борсықтан борсық туар қоңыз қорып.  
Тектіден текті туар өкіндірмес,  
Тексізден тексіз туар жөнін білмес...  
Ай-хай, біздің АТТИЛА!  
Қыран да – өзі!  
Жүйрік те – өзі!  
Балуан да – өзі!

Шешен де – өзі!  
Бөрі де -өзі!  
Текті де – өзі!..

Аттила атын ақтап, Кенекен әулетінің, Қазағының мақтанышы болса екен деп тілек жолдаушы атасы – **Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ**. 22. 12. 2013 жыл.

**ҚР Мәдениет министрі Арыстанбек МҰХАМЕДИҰЛЫ,  
Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы, сенатор  
Нұрлан ОРАЗАЛИН мырзаларға  
Жазушы Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫНАН  
ӨТІНІШ-ХАТ**

Адамда жасын жасқана санайтын кез болады екен, былтыр сондай жағдайда ойланып отырсам... 2015-жылы жасым 80-ге толмақшы! Оу, ол жылы әйгілі түрік ағамыз, әзіл-сықақшылардың әлемдік бәйгесінде Бас жүлдені сегіз мәрте алған ӘЗИЗ НЕ-СИННІҢ туғанына 100 жыл толады емес пе?! Әрине! Әзекеңнің кітаптары жеткен елдер марқұмның аруағын құрметтеп (оның бақилық болғанына 20 жыл), тойлап атап өте ме? Әрине! Әзекеңнің шығармаларын жақсы білетін біз - қазақтар да шет қалмаспыз. Олай болса, 1981-жылы Мәскеуде кездесіп, біраз әңгімелескен Ұс-тазымды еске алуға үлес қосуды ойлап, бұрынғысы мен жаңасы бар аудармаларымды жинақтап едім, көлемі 35 баспатабақ болды. Соны шығару туралы әуелі өзімізге етене «Ан-арыс» баспасымен хабарласып едім, олар дереу құптап, алдын ала шарт жасасты! Ә. Несин кітаптары ерекше өтімді ғой!

Алайда, баспаның 2015-жылы шығаратын кітаптары тізіміне аудармам ілінбей қалғанын естіп, Сіздерге осы өтініш-хатты жолдауға мәжбүр болдым.

Елімізге, халқымызға қаламыммен азды-көпті еңбек сіңіріп келе жатқанымға 60 жыл. Оның 30 жылы Жазушылар одағымызда өткенін Нұрлан Оразалин мырза жақсы біледі деп ойлаймын. Осы еңбегімді ескеріп, аударма кітабымды 80 жылдығыма шығартып беруге бас-көз болатындарыңызға кәміл сенемін!

*22. 07. 2014 ж.*

## ЕКІ СӨЙЛЕУ ДЕ – «ӨНЕР!»

ҚР Мәдениет және спорт министрі А. МҰХАМЕДИҰЛЫ,  
ҚЖО басқармасының төрағасы  
сенатор Н. ОРАЗАЛИН мырзаларға

Құрметті Министр! Құрметті Төраға! Сіздерді, ұжымдарыңызды Наурыз мерекесімен құттықтап, мол табыс тілеймін! Екінші: Әлем әдебиетінде тарихи орны бар түрік сатиригі Әзиз Несиннің Екітомдығын қазақшалағаным жөнінде, биыл оның 100, аудармашысы менің 80 жылдығымыз екенін айтып бұдан бір жыл бұрын жазған өтініш хатыма, Министр мырза, Сіздің атыңыздан: Қажет құжаттары дайын болып өткізілгенде 2015-жылы шығарып береміз, деген жауап келген. «Ан-Арыс» баспасы талаптарыңызды уақтылы орындаған. Төраға мырза, Одақта жолыққанымызда сен: «Министрмен сөйлесем, реті келер» дедің. Ал кеше баспадан: «Аудармаңыз тендерден өтпейті, биылғы жоспарға енгізілмейті», дегенді естіп, Сіздерге осы хатты жолдап отырмын. Демек, жалпы әдеби стажы 63 жыл болып, оның 30 жылын Жазушылар одағының аппаратында өткізген, жасы 80-ге толар Ғаббас Қабышұлын Қазақстанның Мәдениет министрлігі, Жазушылар одағы: – Оның оқырман қазақ қауымына енді керегі жоқ! - дегендері ме? Егер солай ұйғарып, Тоқмағамбетов Асқар ағамыз жазғандай: «Акт жасап, мөр басып...» қойған болсаңыздар, – мейілдеріңіз!

Сәлеммен, – Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ.

21. 03. 2015 ж.

\* \* \*

**Оқырмандарыма.** Мен орынсыз өтініш жасаған жоқпын. Оған 1-хатымды оқығандарыңыз иландыңыздар деп білем. Сондай-ақ, тілегімді қабыл алуға, іске асыруға министр мен төрағаның тегеуіріні жетпеді дегенге сенбейтіндеріңіз де анық. Алайда, әркімнің бір ішкі есебі бар, атақтарынан өзгiс үркер екеудің де есеп-қисаптары іштерінде зой. Оның үстіне: екі сөйлеу - екiнiң бiрiнiң қолынан келе бермейтiн «өнep» екенiне көзiмiз жеткелi қашан!

## МАЗМҰНЫ

### *Бірінші бөлік:*

#### *АУДАРМАЛАР*

<b>Жюль Верн.</b> Патша шабарманы .....	3
<b>Антон Чехов.</b> Әйелімен ұрсысты .....	182
А. Чеховтың қанатты сөдерінен .....	194
А. Чеховтың көңілді күндері .....	197
У. Теккерейдің ғибратты сөздерінен .....	198
<b>Марк Твен.</b> Қорлап өлтіру Құрама Штаттары .....	200
<b>Чарли Чаплин.</b> 5 жасымда .....	203
«Аңыз адам» журналының сауалдарына .....	207
Н. Гогольдің қанатты сөздерінен .....	209
М.Салтыков-Щедриннің айтқандарынан .....	210
<b>Н.Габышев.</b> Ганнибал мен Улла .....	228
<b>М. Ефимов.</b> Көшен хикаялары .....	235
<b>Стоян Даскалов.</b> Димитров.....	241
<b>Ф. Юханссон.</b> Салық үстіне салық .....	244
<b>Ю. Никулин.</b> Тотықұс .....	246

### *Екінші бөлік:*

#### *ХАТТАР*

Әбіш Кекілбайұлына .....	249
Қырымбек Көшербаев мырзаға .....	251
Иманғали Тасмағамбетов мырзаға .....	255
Реплики .....	281
Ғалымжан Жақияновқа .....	284
Қарлығаш Қадесқызына .....	297
Ермұрат Бапиға .....	304
Жұмаш Сомжүрековке .....	311
«Тасжарғанды» табалау .....	314
Жалынды сәлем! .....	317
Розлана Таукинаға .....	318
1 құлаққағыс .....	319
М.Құл-Мұхаммед мырзаға .....	322
Бақытгүл Мәкімбайға .....	333

Қарлыға Ибрагимоваға .....	333
Айдар ініме .....	335
Аслан Мусин мырзаға .....	338
Э.Радзинскому .....	340
Жарасбай Сүлейменге .....	342
«Дидар» газетінің редакциясына .....	343
О.Басилашвилиге .....	346
Жұмаш Кенебайға .....	347
Екі сөйлеу де – “өнер”! А.Мұхамедиұлы мен Н.Оразалинға.....	350

**Ғаббас ҚАБЫШҰЛЫ**

## ***ӨЗГЕДЕН – ӨЗІМІЗГЕ***

*(Аудармалар, хаттар)*

## **ҮШБҮ СӘЛЕМ!**

*Редакторы*

**Т. АЙТБАЙҰЛЫ**

*Беттеген*

**Д. ТАЛҒАТ**

Басуға 23.01..2017 ж. қол қойылды.

Қалыбы 60x90 <sup>1</sup>/<sub>16</sub>. Шартты баспа табағы 22,5.

Есептік баспа табағы 22. Таралымы 50 дана.

«Тоғанай Т» баспасы: Алматы қ-сы, Қожамқұлов көшесі 128-39.

Тел.: +7 727 233 62 23, факс: +7 727 390 41 03.

e-mail: ToganayT@mail.ru